

**ЖҰМАҒҰЛ ШӨЖЕНОВ**

**АҚЖОЛТАЙДЫҢ АҚ ЖОЛЫ**

**Қарағанды 2017 жыл**

**УДК**

**ББК**

**Ш**

**Шөженов Ж.Н.**

Ш– Ақжолтайдың ақ жолы. – Қарағанды, 2015 ж. Болашақ-Баспа. 2017. – 514 бет.

**ISBN**

Көпшілікке ұсынылып отырған бұл кітап XIX ғасырда өмір сүрген, қазақ халқының ұлт-азаттық қаһармандары - Кенесары хан мен Ағыбай батыр өмірлері, Кенесары хандығының саяси құрылымы және ондағы Ақжолтай Ағыбай батырдың саяси қайраткер ретінде алатын орны, XIX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығы және оның өзегі мен бастаулары, Ағыбай батырдың жүргізген биліктері және сол кездегі қазақ игі жақсылары туралы сыр шертеді.

Кенесары хан бастаған халық көтерілісінің бас қолбасшысы, кезінде халықтың қамын ойлап, ел бірлігі үшін 40 жыл бойы жан аямай күрескен, Ақжолтай Ағыбай батырдың кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалған ерлік істері толығымен суреттеледі.

Кітапта жағрапиялық орналасу жағынан да, тарихи жағдайларға да, саяси салмағына да байланысты, қазақ елінің орталық аймағы, тіпті «Еуразия кіндігі» - Сарыарқаның бұрын да, тіпті бүгінгі күнге дейін Қытай мен Ресей, Орта Азияны байланыстыратын саяси-әкімшілік, сауда-саттық орталығы ретінде маңызы зор екені көрсетіледі.

«Еуразия кіндігі» - қасиетті Сарыарқа жері ежелден халқымыздың құтты қонысы болды, осы аймақ туралы осыдан бір жарым ғасыр бұрын және одан кейінгі кезеңдері хатқа түсіп, сақталып қалған ел, жер-су атаулары, ауылдар мен болыстар, сол кезде өмір сүрген атақты адамдардың нақты аты-жөндері, тұрмыс-тіршіліктері туралы толықтай мәлімет мұрағат құжаттары арқылы беріліп отыр және бұл құнды материалдардың көпшілігі тұңғыш рет жарық көріп отыр.

Кітап тарихшыларға, заңгерлерге, ғалымдарға, оқу орындарының оқытушылары мен студенттерге, жалпы оқырман қауымға арналған.

**УДК**

**ББК**

**Пікір білдірушілер:**

**з.ғ.к., доцент Алтай Божқараұлы**

**т.ғ.к., доцент Дәулет Құсайынұлы Әбенев**

ISBN © Шөженов Ж., 2017

Кең далалы, кең пейілді қазақпыз,

Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз.

Қас тағдырдың қиқанына көнбейміз,

Ел намысын кескілеспей, бермейміз.

Сертің осы азат жігіт, азат қыз!

**Қасым Аманжолұлы**



## МАЗМҰНЫ

<b>Алғы сөз</b>	<b>5-10</b>
<b>Кіріспе</b>	<b>11-26</b>
<b>I. Тарау. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамының саяси- құқықтық жағдайы</b>	
1. XIX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамындағы саяси-құқықтық хал-ахуалы	27-46
2. Кенесары хандығының саяси құрылымы және ондағы Ақжолтай Ағыбай батырдың саяси қайраткер ретінде алатын орны	47-68
3. Ақжолтай Ағыбай батырдың XIX ғасырдағы Ресей империясының қазақ қоғамында жүргізген әкімшілік-құқықтық өзгерістерге көзқарасы	69-81
<b>II. Тарау. Ақжолтай Ағыбай батырдың саяси-құқықтық, шешендік және билік қызметі</b>	
1. Ақжолтай Ағыбай батырдың саяси-құқықтық қызметі және тәуелсіз мемлекет идеялары	82-91
2. XIX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығы және оның өзегі мен бастаулары	92-109
3. Ақжолтай Ағыбайдың шешендігі мен жүргізген биліктері	110-122
4. Ақжолтай Ағыбай батыр – халық батыры	123-208
5. Ақжолтай Ағыбай батырдың замандастары, сол заманның қоғам қайраткерлері, әрі халқымыздың аяулы тұлғалары	209-210
6. Ақжолтай Ағыбай батырдың ақжолындағы атқарылған игі іс-шаралар	210-220
Қорытынды	221-250
<b>III. Тарау. Тарихи мұрағат құжаттары</b>	<b>251-440</b>
<b>IV. Тарау. Ағыбайдың Тасаралы туралы мәліметтер және жыр-дастандар</b>	
1. Тасарал туралы мәліметтер	<b>441-445</b>
2. Тасарал аралын археологиялық зерттеу мәліметтері	445-448
3. С. Бегалиннің Тасарал дастаны	449-473
4. К. Бекмағамбетовтың Тасаралға арнаған әндері	473-475
5. Н. Бейсекеевтің Тасаралға арнаған әндері	476-479
6. Арнау	480-480
<b>Пайдаланған әдебиеттер мен мұрағаттық қорлардың тізімі</b>	<b>481-483</b>
<b>Фотобейнелер</b>	<b>484-496</b>

## Алғы сөз

### Қадірменді халайық!



Сіздерге ұсынылып отырған бұл деректік, тарихи, шежірелік, әдеби және танымдылығы терең еңбек – заңгер ініміз Жұмағұл Шөженовтың бірнеше жыл үздіксіз ізденісінің жемісі. Кітап мазмұнын арттыратын шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер және қысқа қайырым тұжырымдар да өз оқырмандарын бейжай қалдырмайды деп ойлаймыз.

Кең байтақ өлкемізді қоныс еткен қазақ халқы басынан небір ауыр кезеңдерді өткізіп, тағдыры қыл үстінде тұрса да, өзінің ұлттық ұстанымын рухани келбетін жоғалтпады. «Еншіміз бөлінбеген қазақпыз» деп бірін-бірі туыс тұтты, жақын тартты. Өзге ұлттарға қарағанда қыз алысып, қыз берісудің жеті аталық үрдісін қатаң ұстанып келе жатқан қазақ дәстүрі – халқымыздың бірегей асыл салты. Ал қазіргі кездегі деректеріміз бойынша көптеген рулар 13-15 аталық буынға жетсе де, сол қасиетті дәстүр сабақтастығын әлі жалғастырып келе жатқандығы қуантады.

«Жеті атасын білген жан, жеті жұрттың қамын жер», «Жеті атасын білмеген - жетесіз» деген ұлт ұлағаттарының астарында қаншама салмақты ой жатқанын зерделі азаматтарымыздың барынша бағамдай алатындығына толық сенеміз.

Ағыбай батыр, Кенесары бастаған халықтың ұлт-азаттық көтерілісіне басынан аяғына дейін қатысып, неше қилы ерлік күрестерді бастан кешкен. Оның даңқының қалың елге жетуі, халықтың сүйікті батырларының біріне айналуы – осы тұс.

Тарихи деректерде де, халық жырларында да Ағыбай қайтпас, қайсар, ер жүрек, көтерілістің ең ауыр, азапты жүгін арқалап жүрген батыр болып көрінеді. Ағыбай батырдың өмірі – небір қиындыққа, қыспақ пен қиянатқа толы ғұмыр. Ұлы бабамыз – патшаның отарлау саясатына қарсы шығып, қол бастаған әйгілі батыр. Оның бүкіл өмірін, ерлікке толы іс-әрекетін ХІХ ғасырдың орта кезінде өткен әйгілі оқиға – Кенесары хан Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысынан бөліп алып қарауға болмайды. Ағыбай батыр - өз ғұмырында туған елінің тәуелсіздігі мен бостандығын, еркіндігі мен егемендігін армандап өткен аса ірі тарихи тұлға. Ол қазақтың соңғы ханы – Кенесары Қасымұлының сенімді серігі бола алды, хан әскерінің бас қолбасшысы болды. Ағыбай батыр тек жүрек жұтқан батыр, дарынды

қолбасшы болғандықтан ғана емес, парасат-пайымы, салиқалы сабыры, қиын сәттен жол тапқыш ақылдылығы мен алғырлығы арқа-сында «Ақжолтай» деген атқа ие болды. Сөз қадірін түсінетін халық қана өзінің мақтаныш тұтар перзентіне осындай ат берсе керек.

Ақжолтай Ағыбай батыр барша қазақ халқының сүйікті перзенті бола тұра, Кенесары хан заманындағы азаттық пен бостандық идеясын бүгінгі ұрпаққа жеткізді. Қазіргі тәуелсіз мемлеке-тіміздегі Қазақстандық патриотизм рухы өз бастауын осындай танымал перзенттердің ғұмы-рынан, өнегелі істері мен абыройлы тағылымынан алады, деп тұжырымдауға толық негіз бар.

Атақты Кенесары хан: «Сарыарқадай жер қайда, Ағыбайдай ер қайда?!» - деп толғанады екен. Кенесары, Наурызбай және Ағыбай, Иман (Амангелді Имановтың атасы), Құдайменде, Жанайдар сияқты батырларды туған халқы қолдады, олардың соңынан ерді. Ал, мұның өзі қазақ жеріндегі, әсіресе, Арқа еліндегі ерте заманнан бері үзілмей келе жатқан батырлық, тәуелсіздік үшін күрес идеясын көрсетсе керек.

XVIII ғасырдағы ең ірі оқиға – Жоңғар қалмақтарының қазақ жеріне басқыншылықпен баса-көктеп кірген соғысында атақты: Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Райымбек, Қарасай, Жарылғап, Сеңкібай, Жидебай, Байғозы, Аралбай, Таңыбай, Жаңыбай, Қойайдар, Деріпсалды және тағы басқа батырлар Абылай ханның туы астында жаудан ел-жұртын қорғады. Қаздауысты Қазыбек, Қараменде, Шабанбай, Шортанбай, Жақсы Жанғұтты, Бәйсейіт, Жайық, Бегалы, Есбер-ген және Көпбайлар өз елінің ақыл-ой деңгейіне бірден-бір жоғары көрсеткіші бола білді.

Тұтастай алғанда, аталған есімдер өз халқының ұзақ ғасырлық тарихына алтын әріптермен жазылғанын ерекше атап айтқымыз келеді. Басты назарда болатын, әрбір адам үшін ерекше қағида болып қалыптасқан мәселе – бүгінгі әр қазақтың, әр қазақстандықтың тәуелсіздік, дербес-тік жағдайында өмір сүруі, сол тәуелсіздіктің күні кешегі ата-бабаларымыздың төгілген қанымен, ғажайып әдеби, мәдени мұралармен келгендігі.

Ағыбай батыр туралы әдебиет оның көзсіз ерліктің ғана емес, үлкен адамгершіліктің, ақыл-парасаттың да иесі екендігін ашады, оның батырлығына, байсалдығына қоса, артына ұла-ғатты сөз қалдырған, қисынын тауып сөйлейтін шешен, елге белгілі би.

Алайда күні бүгінге дейін Ақжолтай Ағыбай батырдың адамдық болмысы, ерлік істері, биліктері мен шешендігі жайлы ертелі-кеш дүниеге келген рухани мұралар түбегейлі зерттеліп, саяси-құқықтық тарихы тұрғысынан біртұтас ғылыми еңбекке арқау бола қойған жоқ. Аталған еңбектердің бәрінде тек Ағыбайдың ерліктері ғана баяндалып, оның биліктері мен шешендігі туралы материалдар ешқандай да зерттелмеген. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, автордың аталған олқылықтың аз да болса толықтырмақ болған ниет-талпынысын, бұл тақырыптың көкей-лестілігі мен өзектілігін көрсетсе керек, өйткені елінің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін алысқан ер - Ақжолтай Ағыбай батырдың жау жүрек батырлығын, жүргізген әділ биліктері мен өсиет етіп, айтып кеткен шешендігін, бүгінгі және болашақтағы ұрпаққа насихаттау, елдің ертеңіне аманат етіп тапсыру Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға елеулі әсер етеді, деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде, халқымыз тағы бір жауапты тарихи кезеңге жетіп отыр. Дағдарыстан дамуға бет алған еліміз үшін бұл сындарлы сәттің жөні бөлек. Төрткүл әлемге өзін мойындатып, өрке-ниет көшінде өзгелермен терезесі тең болу асқарлары жаңа міндеттер жүктейді.

Олардың ең бастысы – ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізді, көздің қарашығындай сақтап, оны нығайтудың барлық мүмкіндіктерін іске қосу.

Заман жаңарса, адамның санасы да жаңғырады. Ел асыл еріңе арқа сүйейді, ал нағыз ер елін алға сүйрейді. Сан ғасыр бойы ел көкірегіне булыққан егемендік арманы, бір мезетте бұрқ етіп уысымызға ілікті. Ел жадында, ер жанында шарқ ұрған тәуелсіздік мақсат-мұрат шындыққа айналды. Барша қазақтың тәуелсіздік туы, өзінің қасиетті тұғырына қонды. Ер таңдауы, ел қолдауы жағрапиялық орналасу жағынан да, тарихи жағдайларға да, саяси салмағына да байланысты, қазақ елінің орталық аймағы, тіпті «Еуразия кіндігі» - Сарыарқаға ойысты. Ел кіндігінің бұрын да, тіпті бүгінгі күнге дейін Қытай мен Ресей, Орта Азияны байланыстыратын саяси-әкімшілік, сауда-саттық орталығы ретінде маңызы зор екені айқындалды. Қазақтың қанаты жайылып, халықтың ынта-жігері жаңа астана - арман қала, әсем қала Астанада тоғысып, елдің дүниежүзілік өркениетіне қосылуына жаңаша, тың серпін беріп, халықтың рухын көтерді.

«Еуразия кіндігі» - қасиетті Сарыарқа жері ежелден халқымыздың құтты қонысы болды. Сонау қилы-қилы замандардан бері қазақ халқының негізін құраған көне рулардың алтын қонысына айналып, бірнеше жұрт жайлаған тоғыз жолдың торабы да осы киелі жер болатын. Ғалымдарымыз да осы мәліметті растап, осы маңда өткен заманда дәулеті де, сәулеті де асқан бірнеше қалалар болғанын дәлелдеп отыр. Бұған тағы да, бір жағы түркі тектес халықтардың ата қонысы – өр Алтайдан, бір шеті киелі Ұлытауға ұласқан, екінші бір қиыры Ботай қорығынан, Ботығай қорғанына жалғасқан, бір тұсы Атбасар-Мұстафа хандығы мекенінен, Бегазы дәуірі қазбалары орнына ойысқан, одан әрі Балқаш пен Бетпақдалаға иек артқан иен даланың қойнауында қалған көне қалалар орындары, қорымдар мен мазарлар куә.

Сарыарқа атырабы, бірнеше ғасырлар бойы, сан тарау сұрапыл оқиғалардың бел ортасында болды. Шыңғысханның жорығында, Жоңғар жаулағанда, Шүршіт шошытқанда, Қокан қоқаңдағанда, Ресей отаршылары ойсыратқанда, Кеңес басшылары алты облысты қазақтардан аламыз деп күңіреткенде, халқымыздың небір асыл азаматтары бас көтеріп, қиын-қыстау қысталанда халқына қорған, ұлтына ұйытқы бола білді, өзегі талғанға нәр берді, өкпесі өшкенге дем берді, асылық жасағанның мысын басты, тәкаппарлық қылғанды тәубасына түсірді. Бұған дәлел, ел жадында сақталған ата-баба аңыздары да, талай аталардың тарамдары Сарыарқаның кең даласында ғасырлар бойы біте қайнасып, бірге өскен, ел жайлап, қоныс болған қыстақ-жайлаулары, мұрағат құжаттары молынан баяндалатын осы кітапқа енген мол материалдар да куә.

Қазақстанның жоғары халықаралық беделі, біздің елімізге Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға төраға болуға мүмкіндік берді. Бұл – біздің ел үшін үлкен абырой. Бұл - ЕҚЫҰ-ға адамзаттың жаңа тарихындағы аса күрделі кезеңде төрағалық етудің аса жоғарғы жауапкершілігі. ЕҚЫҰ оған қатысушылардың бірегей географиялық құрамымен – ал бұл үш құрлықта орналасқан 56 мемлекет, мемлекеттердің өзара ықпалдасуының бай тәжірибесімен халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың шешуші тетіктерінің бірі болып табылады.

Қазіргі тәуелсіз дамуымыздың бас құжаты - Қазақстан халқына арнаған биылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталған Жолдауында, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Халқымызда «Ынтымақты елде бақ тұрар» деген дана сөз бар. Бір қазығы берік, мемлекеттігі бекем, төрт құбыласы сай қазақ елінің айбынын асырып, атағын әлемге әйгіледік. Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты - еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен



мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндігін туғызу. Келер ұрпақтың жүзін жарқын ететін бұл мақсатқа біз асқан табандылықпен ел бірлігін сақтай отырып қана қол жеткізе аламыз және ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмыстарын жалғастырумыз қажет», - деп барша халыққа шегелеп айтты.

Осынау қастерлі сөз, қасиетті ұғым әрбір Қазақстандықтың жүрегіне мақтаныш, ертеңіне сенім, ар-ожданында азаматтық парыз болып қонақтаса, қойнауы кеңге, өрісі малға толып, сарабдал саясаты, көшелі іс-қимылымен әлемді мойындатып отырған еліміз үшін, алынбас қамал, шықпас биік жоқ екені белгілі.

«Мәңгілік Ел» мұратына жету - «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатының бес басты институттық реформаларды іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам – 30 дамыған мемлекеттердің қатарына кірудің және қазақ елінің ұлт жоспарының мақсаттарына қол жеткізудегі алғы шарттар екеніне тәуелсіз еліміздің әрбір азаматы сену қажет.

Президент өткен жылғы Тәуелсіздік мерекесіне арналған салтанатты жиында: «Ұлы далада күллі Еуразия құрлығын уысында ұстаған алып мемлекеттер болған. Алып кеңістікті ең жайлап, еркін билеп-төстеген айбарлы халықтар өмір сүрген. Бүгінгі Қазақстан – сол бабалардың заңды мұрагері. Ұлттық тарихымыз мен мәдениетіміздің маңызды датаны – Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын атап өтетін боламыз», - деген болатын.

Міне, кешеден келдік бүгінге деп, қазақтың арғы-бергі тарихын түгендеп жатқан биылғы жылдың салмағы, берер тағылымы да, көрсетер өнегесі де аз емес. Соның бастысы, жұртымыз жұтаң жерден шықпаған, арғы-тегі жер төсін шымырлатып шығып жататын таза бастаудай ата тарихымызды, оның ішінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынып, Отанымыз бойынша кең көлемде аталып жатқан Қазақ хандығының 550 жылдығы. Қазақ хандығының азулы мемлекет болғаны, қазақ жұртының іргелі ел екендігін көрсетеді. Әсіресе, жас ұрпақ өзінің кім екенін, қайдан шыққанын, кімнен тарағанын, кең-байтақ осы жерімізді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған даңқты ата-бабаларымыздың ерлігі мен еңбегі екенін түсініп, түйсінер өнегелі шара.

Қазақстан халқының алдында Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты бағдармалық мақаласын іске асыру кезеңі тұр. Әсіресе, қазақ тілін біртіндеп латынға ауыстыру, «Жаңа жаһандық жағдайдағы жаңғыртудың Қазақстандық моделі», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық жобасы», «Туған бер» бағдарламсы, «Қазақстанның қасиеттері жерлері», «Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның жаңа 100 тұлғасы» атты Елбасының қоғамдық сананы жаңғыртуға қатысты ұсынған жобалары қазіргі уақытта өте маңызды.

**Рахман Алшанов**

**Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық инженерлік Академияның академигі, «Туран» корпорациясының Президенті, Қазақстан Республикасының Жоғарғы оқу орындары Қауымдастығының Президенті, «КазРЕНА» Қазақстан ғылыми білім беру компьютерлік желісін пайдаланушылар қауымдастығының Президенті.**

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы егеменді тәуелсіз мемлекет.

Оның өз тәуелсіздігіне қол жеткізген күні 1991 жылғы 16 желтоқсан. Осы кезеңге дейін де бұл ұлан-ғайыр мекенде талай мемлекеттер шаңырақ көтеріп, өркендегеннен кейін тарих сахнасынан әр түрлі себептерден біржола өшкенін білеміз. Бұл мемлекеттік бірлестіктердің халқының басым бөлігі ежелгі түрік халықтары болды. Түрлі тарихи жағдайларға байланысты мемлекеттер пайда болып, жойылып отырды. Ал халық жаңа жағдайға әрқашан қарсылық көрсетіп өз әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, басты байлығы тілін өжеттігімен сақтай біліп, ұрпақтан ұрпаққа қымбат қазына ретінде жеткізіліп отырды. Ежелгі сақ тайпалары, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттері, түрік қағанаты, Дешті-Қыпшақ одақтастығы Шыңғыс хан мен Ақсақ Темір шапқыншылығынан кейін өмір сүрген көптеген мемлекеттер Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың мемлекеттері болды.

Қазақ халқының атауымен аталған Қазақ хандығы 400 жылдай өмір сүрді. Міне, осы мемлекеттердің бәрі де бүгінгі Қазақстан Республикасының байырғы халқы – қазақтардың әр кезеңдегі мемлекеттік бірлестіктері болған деп айта аламыз.

Қазақ хандығының шекарасы туралы құжат жүзіндегі мағлұматтар орыс патшасы IV Иванның 1552 жылғы жарлығы бойынша өз мемлекітінің шекарасын анықтауды көздейтін материалдар жинастырып, 1599 жыл шамасында Федор Ивановичтің тұсында жарық көрген «Большой чертеж» кітабында келтірілген. Бұл тарихи құжатты құрастырушылар «сол кездегі «Қазақ Ордасының» Хвалынск, яғни Каспий теңізінен Қарақұмға дейінгі жер мен географиялық нысандарына сипаттама береді. Қазақтардың атамекен жерлерінің этникалық қалыптасуы XVI-XVII ғасырлар барысында аяқталады.

Ресей Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты, Ресей Орталық мемлекеттік әскери-тарихи мұрағаты, Ресей Сыртқы саясаты мұрағаты, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеті мұрағаты негізінде зерттеу жүргізген ғалым-тарихшы М.С. Мұқанов XVIII ғасырдың бас кезінде, қазақтардың қазіргі Қазақстан аумағын тұтастай алып жатқандығын нақтылап берді.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматтары үшін, оның саяси-әлеуметтік дамуы үшін еліміздің территориясында өмір сүрген түрлі мемлекеттер мен олардың құқықтық жүйелерінің ерекшеліктерін оқып үйренудің маңызы үлкен. Осы орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», - деуінің мәні ерекше.

Қазақстан жерінде бұған дейін өмір сүрген мемлекеттік құрылымдардың бүгінгі тәуелсіз республикамызға тікелей қатысы бар. Оларды қазіргі қазақтардың ата-бабалары өмір сүрді және осы территорияны болашақ ұрпақтары үшін жан-тәнімен қорғап, үлкен өркениеттің іздерін қалдырды. Қазақстан жерінде өмір сүрген түрлі мемлекеттер белгілі бір заңдылықтарға сәйкес пайда болып, гүлденіп, сонан соң дағдарысқа ұшырап тарих қойнауына кетіп отырды. Олардың пайдаға асар тәжірибелері мен сабақ болар үлгілері ұрпақ үшін де қажетті нәрселер. Осы тұрғыдан алғанда тәуелсіз Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың, ата-бабаларымыздың саяси-құқықтық бай тәжірибесін зерттеп, іске асыру. «Біздің жасампаз жаңалығымыз тарихи бай тәжірибені тірек етуі керек», - деген Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сөзінде үлкен мән-мағына бар.

Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы, ғылымы, еліміздің территория-сында өмір сүрген түрлі мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы мен құқықтық қатынас-тарының даму ерекшеліктерін зерттейді. Бұл мемлекеттердің негізі бір қазақ халқы болған-дықтан, олардың саяси-құқықтық тарихы бүгінгі Қазақстан Республикасына тікелей байла-нысты болмақ.

Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы, тарихи және құқықтық ғылым болып табылады. Ол қоғам тарихының бір бөлігі болғандықтан мәдениет тарихы, әдебиет тарихы, техника тарихы т.б. салалық тарихи ғылымдармен қатар тұрады және тарих ғылымының жалпы заңдылықтарын басшылыққа алады.

Құқықтық ғылым ретінде ол Қазақстандағы мемлекет пен құқықтық тарихын, олардың әрбір тарихи кезеңдерге сәйкес заңдылықтары мен ерекшеліктерін, пайда болуы мен жойылуын хронологиялық реттілікпен зерттейді.

Қазақстан Республикасы саяси-құқықтық тарихы мемлекет және құқық теориясы, мемлекет пен құқықтың жалпы тарихы, Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы т.б. салалық заң ғылымдарымен тығыз байланысты. Заң ғылымының көрсетілген салалары тарихылық принципі тұрғысынан Қазақстан Республикасы саяси-құқықтық тарихынан бастау алады, әрі болашақта саяси-құқықтық тарихтың объектісіне айналады. Құқықтық қатынастар Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі қалыптасуымен бірге әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің өркендеу құбылыстарын реттеп, рәсімдеп отырады.

Адамзат тарихының түрлі кезеңдерінде әр өлке, әр елде өмір сүрген атақты ақылгөй даналар айтқан ұлағатты сөздер, толғаулар, адам өмірінің формуласына айналған нақылдары ұшан теңіз.

Қазақ халқы қай кезеңде де от ауызды, орақ тілді, сөздері нәрлі де, дәмді болған, қара қылды қақ жарған әділ билерін, шешендері мен жырауларын ел билеген хандарынан бетер қадір тұтқан. Олар айтқан бітімді, кесімді сөздер ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, тұтас бір халықтың даналық мектебіне айналған.

Қазақ - дүние жимаған, байлық қумаған бекзат, сақы халық. «Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес» деп, тапқанын тамағына, үстіне іліп алар киіміне жұмсап, «Бөрі азығы жолда, ер азығы елде» деп, жүре берген қанағатшыл, алдағы күнге нық сеніммен қарайтын (оптимист) халық. Тіпті «Ата дәулеті балаға дәулет болмайды, өлі разы болмай, тірі байымайды» деп, атадан қалған мал-мүлікті өзіне жаратқан, жұртқа таратқан, ал хан сайлауынан кейін «хан талапай» салтымен ханның барлық мал-мүлкін таратып әкеткен. Сөйтіп «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен ақыл сұра» деп, елінің туы болған, тіріде сыйлы болған, көненің хаты болған, артына ой қалдырған, ұрпаққа ой салған, асылдарына ас беріп, артын тойға айналдырған. Атап айтқанда, ашық далада ат жарыстырып, палуан күрестіріп, ақындар айтысып, шешендер өнерін сыннан өткізіп, шыңдалатын бейне бір форум болған.

Міне, осындай Ұлы даланың жайлауында «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей көп ішінен шыққан талай би-батырлар, ділмарлар, әншілер мен күйшілер, мың бұралған бишілер халық санасын оятып, өз заманының рухын көтерген, ел жадында сақталған дүлдүлдері мен тұлғалары ел аралап өнер таратқан, өздері де жетіле берген.

Осындай ерен тұлғалар арнайы мектепті бітірмесе де, өз ұлтының тарихы мен салт-дәстүр-лерін толық меңгерген, табиғат берген дарынға халқының өткен тәжірибесін жетік игеріп, ұштас-тыра білген тума дарындар еді.

Қай заманда, қай елде болмасын еліне жау шапқанда батылды тудырған, елдің басын біріктіріп, ортақ жауға соққы беріп, ел рухын жоғары көтерген әлеуметтік қайраткер ел өміріндегі елеулі ауыр кезеңдерде суырылып алға шығып, елін қиын-қыстаудан амалын тауып алып шығады.

Қоғам қайраткері, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың (1866-1937) сөзімен айтсақ: «Алыспаған, жұлыспаған, бостандық атына мінбейді, бұғаудан босанбайды, ері құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие бола болмайды. Дауыл болса ғана дария толқиды».

Аңызға айналған Аяз биден бастап, Абай мектебінің аралығында өмір сүрген әр заманның тұлғалары ел болашағын ойлап, еліне ой салып, халық болып қалыптасуына, елін тәрбиелеп, елінің рухына айналды. Мысалы, Төле би: «Би екеу болса, дау төртеу болады, үш ел үш жаққа тартып, дау бітімі ұзаққа созылып, ел берекесін кетірмеу үшін, ортамыздан төбе биді сайлауымыз керек», - деп ұсыныс жасайды. Жиналған қауым келіскенмен, төбе билікке талас туады. Ұлы жүз: «Біз боламыз, біздің жолымыз үлкен», - деп уәж айтады. Кіші жүз: «Біз боламыз, өйткені қара шаңырақтағы кенжелік жолымыз үлкен», - дейді. Сонда Орта жүз биі Қаздауысты Қазыбек: «Аға төреші болмайды алдында қаймығары жоқ, іні төреші болмайды артында қайырылары жоқ. Айбар қылар алдында ағасы бар, қаймығарлық артында інісі бар, екі жағынан да қауіп бар, сол себепті билікті әділ айтатын төбе билік ортаншы ұлға лайық!» - дейді. Сонда Төле би: «Қазыбек төбе биліктің абыройын саған бердік, айтқан сөздерінің бәрі жоба болсын», - деген екен.

Осындай бір сөзбен дауды бітірген, әділдігімен «Тура биде туған жоқ» деген ұғымды ел санасында қалдырған үш кемеңгер ел бірлігінің ұраны болды, кейінгі Ағыбай бастаған билер осы ұранды ту қылып көтерді.

Міне, қазақ халқының жадында сақталған, әр заманындағы ұрпақты тәрбиелеген ұлылардан қалған асыл сөздердің жұмбақ сұрақтарының жауаптары - ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан тәуелсіздік алған елдің асыл мұрасы.

Ел тарихындағы ерен тұлғалар Кенесары хан мен Ақжолтай Ағыбай батыр ғұмыр кешкен ХІХ ғасыр, қазақ халқы үшін күрделі оқиғаларға толы, тарихи тағдыры сынға түскен уақыт болды. Ел болып өзіндік болмысын саралау, мемлекет болып өз тағдырының тізгінін ұстау, іргелі көрші мемлекетке бодан болуы ауыртпалығы сияқты кесек-кесек, тарихи жүктер, осы жылдардың қазақ халқының тағдырындағы ең бір ауыр кезең екенін көрсетеді.

Халықты отарлаушыларға қарсы бастап шыққан ерлер - Кенесары, Ағыбай батырлар тағы басқа «елім» деп туған жеке тұлғалар тарих сахнасына осы қиын-қыстау кезде шыққан болатын. Кенесары бастаған халық көтерілісінің себептері мен маңызы, Кенесары хандығының саяси құрылымы және Ақжолтай Ағыбай батырдың қазақ әскерін басқаруы, шешендігі мен жүргізген биліктерінің қоғамдық-саяси және құқықтық болмысы тек өз заманының көкейкесті мәселелеріне ғана арналып қоймай, бүгінгі күн тәртібінде тұрған бірқатар өзекті мәселелерге де, өзінің нақтылы жауабын беретіндігіне таңданбасқа болмайды. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тәуелсіздікті мақсат тұтқан, саяси әрі тарихи мәні бар және ХІХ ғасырдағы аса ірі оқиға болып табылады. Ұлт-азаттық қозғалыс пен Кенесары хандығының саяси құрылымын, оның көсемдері Кенесары мен Ағыбайдай тарихи тұлғаларға кешенді зерттеулер жүргізу – ғалымдарымыздың алдындағы бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі.

Қазақ хандығы атты жаңа мемлекет Қазақстан территориясында ХV ғасырдың

ортасында пайда болды және мемлекеттің негізгі тұрғындары қазақ халқы, этнос ретінде қалыптасты. Қазақ хандығы да, қазақ халқы да шет жерден келіп қоныстанған жоқ. Қазақ хандығы бұған дейін осы өңірде өмір сүрген ежелгі ғұн, үйсін, қаңлы, қыпшақ мемлекеттерінен бастап, Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығына дейінгі мемлекеттердің заңды жалғасы ретінде дүниеге келді.

Қазақ хандығының негізін салушылар Керей мен Жәнібек (XV ғ. басы-1480 ж.) сұлтандар болды. 1460 жылдары оларға қараған 200 мыңдай адам Әбілқайыр хандығының іргесін бөліп, Моғолстанға қарасты Шу мен Қозыбасы өңіріне орда тікті.

Сол заманның данасы, ақылшы биі, әрі жыраушысы Асан қайғы (1361-1470) көрегендікпен былай деген:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,  
Заман азып, заң тозып жаман болар.  
Қарағайдың басына шортан шығып,  
Балалардың дәурені тәмам болар.  
Ол күнде қарындастан қайырым кетер,  
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.  
Ұлы, қызың орысқа бодан болып,  
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер?!  
Қазақ хандығы өзінің дамуында екі кезеңді басынан өткізді.

Бірінші кезең XV ғасырдың ортасы - XVIII ғасырдың 20-жылдары немесе біртұтас қазақ хандығының кезеңі.

Екінші кезең XVIII ғасырдың 20 жылдарынан 1874 жылға дейін қазақ хандықтарының және олардың жойылу кезеңі.

Бірінші кезеңде, қазақ хандығы мемлекет ретінде дүниеге келіп, оның территориясы анықталды. Қазақ халқы қалыптасып, оның түркі дүниесі негізінде пайда болған өзіндік тілі, мәдениеті, өнері, ғылымы, әдебиеті, тұрмысы, шаруашылығы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрып құқығы қалыптасты. Қазақ хандығы өзінің кемеліне келіп, бүкіл әлемге танылды.

Екінші кезеңде, біртұтас қазақ хандығы этникалық-территориялық негізде үшке - Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз деп аталатын формальды хандықтарға бөлінді. Тек, Абылай хан кезінде (1771-1781) бір тұтастыққа қайта қолы жетті. Осы Абылай заманынан кейін, қазақ мемлекеті өзінің тәуелсіздігінен бірте-бірте айырылып, Ресейдің басында алдау-арбау саясатынан бастап, кейіннен пәрменді әскери-әкімшілік шаралардың арқасында, 1874 жылдары толығымен Ресей империясының отарына айналды.

Осы тар заманды атақты Мөңке би 300 жыл бұрын болжап айтқан:

...Құрамалы, қорғанды үйің болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,

Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Ішінен шынтақ айналмайтын,  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыңнан кес - кестеп өтетін,  
Кекірей деген келінің болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді,  
Бірақ адам оған құмар болады.  
Домалақ - домалақ түймедей дәрің болады,  
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,  
Бетіңнен алып түсетін інің болады.  
Алашұбар тілің болады,  
Дүдәмалдау дінің болады.  
Әйелің базаршы болады,  
Еркегің қазаншы болады.  
Бұхараны құм алады,  
Төрткүлді су алады.  
Халықтың қанын сорған надандар болады,  
Қабағын түйіп қайыр тілейтін адамдар болады.  
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.  
Ит пен мысықтай ырылдасқан,  
Еркек пен қатының болады.  
Сарылып келіп тосасың,  
Құны жоқ қағазды судай шашасың.  
Соның бәрін көресің,  
Көріп барып өлесің...  
Бай құрып, бақсы азады,  
Кеп көбейіп, бейшара озады.

Қу моладан үйің болады,  
Қу баладан биің болады.  
Кебір жерге теңеледі,  
Әйел ерге теңеледі.  
Сиыр өгізге теңеледі,  
Көл теңізге теңеледі.  
Адам ақысыз жұмыс істемейді,  
Дүниені түрлеп кестелейді.  
Ащыны ащы демейді,  
Сағынып тамақ жемейді.  
Шапқанын олжа дейді,  
Әлһам білгенін **молла** дейді.  
Бір - біріне қарыз бермейді,  
Шақырмаса көрші - көршіге кірмейді.  
Үй ішінде неше жан болса,  
Бас - басына би болар.  
Тұтам ағаш ту бие болады.  
Бір жерде оншақты үй болса,  
Ата - анасы аталып,  
Бөлек - бөлек жүйе болар...  
...Шайдан басқа асы жоқ,  
Жақыннан басқа қасы жоқ.  
Лағынет қамыты мойнында,  
Жұмыстан қолының босы жоқ.  
Әрқашан да олардың көңілінің хошы жоқ.  
Бар шаруа түп - түгел,  
Енді мұның иесі жоқ.  
Бас қосылған жерде,  
Әйел жағы ден болар.  
Жаман - жақсы айтса да,  
Өзінікі жөн болар.

Орай салып бастарын,  
Жалпылдатып шаштарын,  
Тақымдары жалтылдап,  
Емшектері салпылдап,  
Ұят жағы кем болар.  
Орыс, қазақ қосылып,  
Бір - біріне үйір болар.  
Сүйткен заман кез болса,  
Түзелуі қиын болар.  
Жақсының атағы кетіп азабы қалар,  
Ақылы жоқ санасыздың заманы болар.  
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,  
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар...

Қазақстанға тәуелсіздік тек 1990 жылдары ғана қайта келді.

Қазақ хандығы далалық демократиялық сипатта болды. Мемлекет басшысын - ханды қазақ қоғамының игі жақсылары, бүкіл қазақстандық құрылтайда сайлады. Хандық билікке қазақтардың барлық әлеуметтік топтары қатысты. Біртұтас Қазақ ордасының тарихында, Керей ханнан Кенесары ханға дейінгі аралықта, бізге аты мағлұм жиырма бір хан өтіпті. Солардың бәрі де ашық сайлау жолымен, халықтың қалауы бойынша хан көтерілді.

Абылай ханнан кейін, орталық билік нашарлап, керісінше, аумақтарда жүзге бөліну күшейіп, Үш жүздің жеке-жеке хандықтарға айналуына, ақыр аяғында қазақтардың Ресейдің боданы болуына алып келді.

«Еуразия кіндігі» - қасиетті Сарыарқа жері ежелден халқымыздың құтты қонысы болды. Сонау қилы-қилы замандардан бері қазақ халқының негізін құраған көне рулардың алтын қонысына айналып, бірнеше жұрт жайлаған тоғыз жолдың торабы да осы киелі жер болатын. Ғалымдарымыз да осы мәліметті растап, осы маңда өткен заманда дәулеті де, сәулеті де асқан бірнеше қалалар болғанын дәлелдеп отыр. Бұған тағы да, бір жағы түркі тектес халықтардың ата қонысы – өр Алтайдан, бір шеті киелі Ұлытауға ұласқан, екінші бір қиыры Ботай қорығынан, Ботығай қорғанына жалғасқан, бір тұсы Атбасар-Мұстафа хандығы мекенінен, Бегазы дәуірі қазбалары орнына ойысқан, одан әрі Балқаш пен Бетпақдалаға иек артқан иен даланың қойнауында қалған көне қалалар орындары, қорымдар мен мазарлар куә.

Сарыарқаның төріндегі бірінші қала – Қарқаралы қаласының бірінші қазығы 1824 жылы қағылды және осы киелі қала 110 жыл бойы Орталық Қазақстанның биресми астанасы болды. Қала тез өсіп, білім-ғылымның және мәдениеттің орталығы болды. Қаланың іргесіндегі 80 жыл бойы (1848-1928 ж.ж.) сауда-саттық жүрген Қоянды жәрменкесі, сол кездегі қазақ халқының экономикалық дамуының нағыз қозғаушы күші - локомотиві болды. Осыған байланысты, сол уақытта нағыз байлар да осы Орталық Қазақстанда өмір сүріп жатты. «Алашорда» партиясының басшылары да және белсенді мүшелері де осы Қарқаралы дуанының азаматтары болды. 1905 жылдың шілде айында Дала аймағының генерал-



губернаторы Сухотин Мемлекеттік Думаға сайлауға қазақтардың қатысуына тыйым салады. Осыған байланысты, сол кездегі белгілі 42 қазақ зиялы қауымының өкілдері қол қойып, Ресей патшасы II Николайдың атына жазылған әйгілі Қоянды (Қарқаралы) петициясы да, Жақып Ақбаев бастаған Қарқаралы қаласының зиялы азаматтары дайындаған. Петиция 47 тармақтан тұрды. Петицияның талаптары қазақ қоғамының XX ғасырдың бас кезіндегі өмірлік маңызы бар күрделі проблемаларын толық қамтыды. Петицияда өлкені әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот ісін қазақ тілінде жүргізуді заңды түрде бекіту, отаршыл аппарат шенеуніктерін қысқарту, жоғары билік органдары мен Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын сайлауға қатыстыру талаптары қойылды. Онда мынандай жолдар бар еді: «Мал бағумен айналасқаны үшін қырғыздар сайлау құқығынан неге айырылу тиіс? Сауда-саттықпен, егіншілікпен, балық аулаумен және басқа да кәсіптің түрлерімен айналасушылар сайлау құқығынан айырылып отырған жоқ қой!». Қарқаралы петициясында жергілікті халықтың құқығы мен ар-абыройың аяқ асты етуге жол бермеу, патша әкімдерінің жүгенсіздігіне тыйым салу, халықтың ана тілінде білім алуын ұйымдастыру, қоныстандыру саясатын тоқтату, тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтару сияқты талаптар қойылды. Петицияның мәтіні Ресей патшасының атына ғана жолданып қойған жоқ, көшірмелері «Сын Отечества» және «Русские ведомости» сияқты орталық газеттерде жариялану үшін олардың редакцияларына да жіберді. Қарқаралы петициясы сол замандағы отаршыл өкімет билігінің атына жолданған ірі көлемде, әрі терең мазмұнды петициялардың бірі.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысы - қазақ халқы тарихындағы аса бір маңызды, іргелі оқиғалардың бірі. Қозғалыс 1822 жылы басталды десек, жеңіліс тапқан жылы 1847 жыл, яғни 25 жылға созылған. Ол жайдан-жай, кездейсоқ туа салмаған, Абылай бастаған қазақ елін тәуелсіз, дербес мемлекет ету идеясының заңды жалғасы, саясаттың күреспен, соғыспен жалғасқан көрінісі. Кенесары да атасы Абылай сияқты сыртқы жауға, отаршылдық езгіге қарсы күресті. XVIII-XIX ғасырда қазақ жерін Россияның әр түрлі әдіс, амал қолдана отырып жаулаушылыққа кіріскенін, жергілікті халықты аяусыз езгенін, шұрайлы жерлерін тартып алып, қазақтарды қырға айдап тастағанын, халықтың әлеуметтік құқығын тежегенін білетін адам Кенесары қозғалысының тарихи себептерін де түсіне алады. Сонымен бірге Кенесары, Ағыбай қозғалысын таза орысқа қарсылық деп бағалау да қате. Ол басқыншылық, отаршылдық атаулының бәріне де қарсы болған. Қазақстанның оңтүстік аудандарын бағындырып, аямай езген Орта Азия хандықтарына да қарсы саясат ұстанды. Олар Кенесары көтерілісінен сескенді. Әкесі - Қасым төре мен ағалары – Есенкелді, Саржанның қоқандықтардың қолынан қаза табуы соны аңғартады.

Кенесары қозғалысының халықтық сипаты мен қайшылықтары жайлы тарихи зерттеулер де аз емес. Қозғалыстың қозғаушы күштері, тек қана қарапайым қазақтар ғана емес, әр түрлі халық өкілдерінің, жерінен айрылған шаруалардың, патша әкімшілігі мен ел билеушілер тарапынан зорлық көрген, әлеуметтік теңдіктен айрылған халықтың басым көпшілігінің, олардың мүддесіне ортақ елім деп еңіреген талай ерлердің қозғалыстың негізгі күші болғаны белгілі. Кене хан тобындағы халық батырларының көбі - Ағыбай, Бұқарбай, Иман, Жәуке, Шәкір, Бұғыбай, Төлебей, Жанайдар, Дулат тағы басқалар өз бастарының тіршілігін күйттемеген, ел қамын жеген ерлер болған. Осылардың көш басында, Кененің оң қолы болып, Ағыбай батыр жүрді.

Тарихи деректер, Ағыбайдың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күреске араласуын тым ерте бастайды. 1824-1826 жылдары патша өкіметі орыс шаруаларына жерін тартып алып берген Қарқаралы округі қазақтарының көтерілісін басқарған Ағыбай батыр, жалғыз өзі бастаған қолдың патша әскеріне тойтарыс бере алмайтынын түсініп, елді бірлікке

үндеп, 1832 жылдан бастап Кенесарының ағалары - Есенкелді мен Саржан бастаған көтеріліске қосылған. Ол Саржан мен Есенкелдінің, Қоқан хандығы мен Россия империясына қарсы бірігіп күресу үшін жүргізген келіссөзінің ішінде болған. Қазақ хандарының батыр ұрпақтарының ел тәуелсіздігі жолындағы күресінен сескенген, өздері билеп отырған оңтүстік қазақтарынан айрылып қалу қаупінен секем алған қоқандықтар қазақ өкілдерін Ташкентте қырып салғанда, солардың ішінен тек Ағыбай мен Ержан төре ғана күш көрсетіп, соғысып аман құтылады. Мұнан кейін Ағыбай Кенесары бастаған халықтың ұлт-азаттық көтерілісіне басынан аяғына дейін қатысып, неше қилы ерлік күрестерді бастан кешкен. Оның даңқының қалың елге жетуі, халықтың сүйікті батырларының біріне айналуы - осы тұс болатын.

Кенесары Қасымов (1802-1847) тарих сахнасына Абылай ханның ісін жалғастырушы, ірі тұлға ретінде қадам басты. Ал, сол кездегі жағдайға келсек, патша әскерлерінің бастырмалатқан әрекеттер салдарынан, Сібір және Орынбор қазақтары туралы 1822-1824 жылдары уставтар қабылданғанына қарамай, саяси оқшауланушылығын әлі де сақтап келе жатқан Қазақстан аудандарының тәуелсіздігіне қатер төнген болатын. Сондықтан, Кенесарының басты мақсаты - Қазақстанның Абылай хан тұсындағы территориялық шептерінің тұтастығын қалпына келтіруге, округтерді жоюға, Ресей құрамына кірмеген жерлердің толық дербестігін сақтап қалуға арналды.

Кенесары, Ағыбай батырлардың негізгі талаптары император Николай I-ге, Орынбор генерал-губернаторлары: В.А. Перовскийге, В.А. Обручевке, Сібір генерал-губернаторы - кінәз В.Д. Горчаковқа, Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы А.Ф. Генске және басқа да орыс шенеуніктеріне жолдаған көптеген хаттарында нақты айқындалған.

«Епті, жаужүрек, өзіндік ерекшелігі бар саясатшы» деп, орыс тарихшылары атаған Кенесары хан, Ресей сияқты аса қуатты ірі мемлекетпен күресу, қазақтың үш жүзінің күштерін біріктіруді, тек әскери ғана емес, сонымен бірге дипломатиялық күш-жігерді де талап ететінін және бұл күресте едәуір адам шығыны болатынын да, ой таразысынан өткізеді.

Кенесары өзінің туы астында үш жүздегі қазақ руларының едәуір бөлігін топтастыра алды. Кей кездері оның сарбаздарының саны 20 мың адамға жетті. Қазақтардың бұл көтерілісі, бастапқы кезеңнің өзінде-ақ, кең құлаш жайған қарқын еді.

Көтерілісшілердің көсемдері Ағыбай батыр бастаған халық батырлары еді.

Кенесарымен күрес үшін, патша қазақ арасында қамалдар салып, оларда тұрақты әскери гарнизондар ұстауға көшті. 1845 жылы Ырғыз өзені жанындағы Жармола шатқалында Уральское (қазіргі Ырғыз қаласы) бекінісі, ал Торғай өзенінің жағалауында, Бесқопа шатқалының маңында Орынбор (қазіргі Торғай) бекінісі, 1847 жылы Аралда Раимское бекінісі, 1848 жылы Қарабұтақ форты салынды. Оларда Орынбор казактары мен солдаттар тұрақты орнықты.

Жазалаушы әскердің қорқытып, үркіткеніне қарамастан, Кенесары бастаған 1837-1847 жылдардағы азаттық қозғалысқа Орта жүздің би, батыр, сұлтандарының басты бөлігі қатысты. 1839 жылы Сібір казактарының шекаралық комиссиясының құжаттарында Кенесарыны қолдаушылар тізімінде Көкшетау округінің белді ақсүйектері, сұлтандар: Ниген, Қанқожа Уәлиевтер, ханша Айғаным Уәлиева, Тани Тортаевтар бар еді. Сонымен қатар осы тізімде Кенесарыны қолдаған басқа да 15 болыстық, ауылдық старшындар көрсетілген.

Көтерілісті қолдап қана қоймай, Кенесарымен бірге көшіп жүргендер ішінде

Кенжеғалы болысының старшыны - сұлтан Кенжалы Аспендияров, сұлтандар: Әбділда, Төрежан Абылаевтар, Ақмола округі бойынша сұлтандар: Күшік, Жанай, Жадай Айшуақовтар, билер: Аққошқар Кішкентаев, Сайдалы Жанмурзин, Амангелді, Айтай билердің балалары: Қойлыбай, Үмбетай. Баянауыл округі бойынша 18 сұлтан, 18 би, 7 старшын, соның ішінде сұлтандар: Мамай, Тоқтамыс, Таймақ, Таймас, Дүйсенбі Абылаевтар, ағайынды – Рүстемовтар, Жәнібек Абулфеизовтар болды. Жалпы, Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл округтері бойынша Кенесары қозғалысына 80-нен астам сұлтан, би, старшындар тізімге енгізілген.

Қорыта келгенде, Кенесары хан қазақ халқының саяси тәуелсіздігін және қазақ хандығының территориялық тұтастығын сақтап қалғысы келді.

Қазақ халқының осы аса ірі халық-азаттық көтерілісі жеңіліспен аяқталды, бірақ Ресей империясының байтақ жерінде өмір сүріп жатқан халықтарының есінде өшпес із қалдырды.

Кенесары, Ағыбай батырлардың күресі, олардың халық мүддесіне шын берілгендігі, қолбасшылық өнерлері, нәзік саясатшы ретіндегі сирек кездесетін қасиеттері, сол қиын кездің өзінде-ақ, империяның қатыгез идеологиясына қарамай, халық арасында қолдаушылық тауып, ал қазіргі ұрпаққа өнеге бола алады.

Кенесары, Ағыбай бастаған ұлт-азаттық күресінің жыршысы, әрі шежірешісі, сол көтеріліске басынан, аяғына дейін қатысқан Нысанбай жырау былай жырлаған еді:

Солтүстікте орыс бар,  
Жерің мен берсең малыңды,  
Балаңды берсең солдатқа,  
Отыратын оларға қоныс бар.  
Күншығыста шүршіт бар,  
Адам жейтін аюдай.  
Оңтүстікте Қоқан бар,  
Қатын қылып қызыңды,  
Қарсы келсең дарға асып,  
Күнде Қоқан қоқандар!

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамындағы саяси-құқықтық хал ахуалды, қазақтардың әлеуметтік-экономикалық қатынастарын мұқият зерттеу, қазақ қоғамының шаруашылық құрылысы мен таптық құрылымындағы өзгерістерді және осыдан туған себеп-салдарларды талдау ғана, осы сөз болып отырған дәуірдегі оқиғалардың алуан түрлі қырлары мен сырларын толығымен, жан-жақты түсіндіре алмақ. Солай бола тұра, нақ осы мәселелер бәрінен де аз зерттелген.

Қазақтар Ресейге үрке қарап, кейіннен ұлт-азаттық көтеріліске шығуы, Ресей самодержавиясының реакцияшыл, қатаң, зорлық-зомбылыққа толы, отарлау саясатының нәтижесі еді. Сол заманда Орта Азия хандықтары да, қазақ елінің әлсіздігін пайдаланып, оңтүстіктегі қазақ жерін жаулап алып, қазақ еліне қанқұйлы саясат жүргізіп отырғанды.

Ал, Кенесары хандығының саяси құрылымын зерттеу барысында, анықталғаны, Кенесары қазақ қоғамының сол кездегі алдыңғы қатарлы би-сұлтандарына және батырларына арқа сүйей отырып, сол кездегі прогресшіл сипаттағы бірқатар маңызды реформалар жасаған.

Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуы жолында құрбан болған Кенесары Қасымұлының тарихтағы орны әлі де толық сараланып, тиісті бағасын алған жоқ. Патшалық отарлау саясатына қарсы өмір бойы күрескен хан Кененің тағдыры да күрделі. Бір ғасыр бойы ол туралы қилы-қилы пікірлер айтылып, сан түрлі көзқарас қалыптасты. Соңғы жылдары Кенесары бастаған ұлт-азаттық күресі жөнінде көптеген тың деректер жарияланды. Кенесары ханның көп жыл бойы алға қойған мақсаты: Ресеймен тең дәрежеде келіссөз жүргізіп, бейбіт жолмен, қазақ елінің тәуелсіздігін сақтап қалу болды. Кенесарының сол жылдары орыс шенеуніктеріне жазған хаттары да осыған айғақ бола алады. Осы кезеңде Орынбор шекаралық комиссиясы Кенесарымен мәмілеге келуге тырысып, әр түрлі сипаттағы келісім жасап отырған. Алайда олардың бұл келісіміне Омбыдағы генерал-губернатор үнемі қарсы шығып, уағдаластықты бұзып отырған. Орыс саясаткерлерінің сол кездегі қазақ қоғамын жан-жақты, терең зерттеген бөлігі Кенесарымен келіссөз жүргізу керек десе, ал басқа бір бөлігі тек әскери күшпен ғана көтерілісті басу керек деген тұжырым жасаған. Бірақ, патша үкіметінің Қазақстан мен Орта Азия жерін тездетіп жаулап алу саясаты басым болып, жергілікті халықты қырып-жойып, әскердің күшімен бай өлкені жаулап алды.

Кенесары-Ағыбайдың болашақтағы алға қойған мақсат-мұраттары, осы замандағы дүниежүзі мемлекеттерінің бірігу идеясымен ұштасып жатқандығы Доскей Әлімбаевтың «Кенесары» атты еңбегіндегі жыр жолдары айқын дәлел бола алады:

Қырғыз-қазақ баласы,  
Отырған көрші ел едің.  
Басынды қосып бірінің,  
Ел қылайын деп едім.  
Салдырған патша қаласын,  
Жер қылайын деп едім.

Оққа көзін тестіріп,

Шел қылайын деп едім.  
Арқанын күйін келтіріп,  
Гүл жайнаған қонысын,  
Ел қылайын деп едім.

Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған үндеуінде өткен тарихқа былайша әділ баға берілген: «Ұлттық тарихымыздың соңғы бес ғасыры халқымыздың өмір сүретін кеңістік үшін арпалысының тарихы болып табылады. Біз өзіміздің өткендегі өмірімізге кілең бір кездейсоқ оқиғалар тізбегі деп қарауымыз керек. Ұлттың бойындағы қуат кернеуінің күштілігі сондай - біз сол «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұламаға» да төтеп бере алдық, сөйтіп жеңіп шықтық. Елді қос өкпеден қысқан қырсаудан халықтың басын қосқан айбынды ханымыз Абылайдың сөзі мен семсері құтқарып қалатыны да сол тұста болатын. Алайда ол жеңістің қызығын ұзақ көре алған жоқпыз.

Абылай ханның немересі Кенесарының қияпатты тұлғасы, тәуелсіздік үшін арпалысқан басқа да ерлердің бейнесі біздің жадымызда жатталып қалады.

Жиырманшы ғасырдың бас жағында біздің сан ғасырлық тарихымызда тұңғыш рет халықты әлемдік айдынға алып шығуға нақты мүмкіндік туды. Ол мүмкіндік туғызғандар «Алаштың» ардақты азаматтары еді. Алайда, енді басқа трагедия, тоталитаризм трагедиясы алдан шығып, тарихымыздың жүз жылға жуық белесін жапты да тастады».

Қазақстанның XIX ғасырдағы саяси тарихын, әлеуметтік-экономикалық қатынастар проблемаларын, қазақтардың әдет-ғұрып жөніндегі бағалы жазбалар сол кездегі орыс тарихшылары: Н. Аристов, В. Радлов, И. Завалишин, П. Небольсин, Л. Баллюзек, А. Мякутиннің, П. Маковецкийдің, Д. Самоквасовтың, И. Крафтың, М. Словцовтың, Н. Ядринцевтің, В. Усовтың, В.А. Потто және В. Наливкиннің еңбектерінде жан-жақты баяндалады. Сол кездері Бас штабта жауапты қызмет атқарған: М. Красовский, Л. Мейер, А. Левшин, А. Добросмыслов және М. Тереньтевтің еңбектері отарлау саясатын дәріптесе де, өте құнды болып есептеледі. Ал, Кенесары көтерілісі туралы Н. Середаның «Қырғыз сұлтаны Кенесары Қасымовтың бүлігі», Ахмет Кенесариннің «Султаны Кенесары и Сыздык», Жанұзақ Қасымбаевтың «Последний поход хана Кенесары и его гибель» деген тарихи кітаптар да нақты деректерге бай, көтеріліс анағұрлым толық жазылған еңбектер болып табылады.

XIX ғасырда жазылған сол кезде Патша отарлау аппаратында қызмет атқарған шенеуніктердің қолжазбалары: 1844 жылғы Дала ережесін әзірлеуге байланысты, Орынбор әскери губернаторы Обручевтің нұсқауымен айрықша тапсырмалар чиновнигі Андрениң сол кездегі сұлтандар мен билердің аузынан жазылып алынған «Қазақтардың тұрмысы мен әдеттегі құқығы» жазбалары, Орынбор Шекара Комиссиясы төрағасы, генерал Г.Ф. Генстің 9 томнан тұратын қол-жазбасы, 1845 жылдары Кенесары ордасында болып, келіссөздер жүргізген бас штаб офицері Долгов пен бас штабтың поручигі Герннің қолжазбалары, соғыс тұтқындары урядник Лобановтың, солдат Губиннің, Ивановтың басқа да көтерілісшілердің Кенесары хандығының саяси құрылысы туралы егжей-тегжейлі жауаптары бағалы деректер болып табылады. Одан басқа Кенесарының 1837-1847 жылдар арасындағы Ресей патшасына, Омбы, Орынбор генерал-губернаторларына, Орынбор шекаралық комиссиясына жазған көптеген хаттары да құнды деректер болып табылады.

Қазақтардың шаруашылық құрылысын, әлеуметтік қатынастарын, сондай-ақ Қазақстанның көрші мемлекеттермен және патша өкіметінің отарлау саясатымен сыртқы байланыстарын зерттеу үшін негізгі деректер архив материалдары болып табылады.

Әдеби және архив деректерінен басқа, фольклорлық деректер, оқиғаға қатысқандардың өлеңдері, әңгімелері, естеліктері және халықтан шыққан бірнеше ақын-жазушылардың Кенесары, Наурызбай және Ағыбай батырларға арналған аңыз-жырлары да көптеген мағлұмат береді.

Кеңес дәуірінде тарихшылар: В. Бартольд, А. Рязанов, М. Стеблин-Каменская, А. Якунин және М. Вяткиннің еңбектерінде, XIX ғасырдағы Қазақстандағы саяси хал-ахуал мен Кенесары көтерілісі әр қырынан зерттеліп жазылды. Ал, Алаш көсемі Ә. Бөкейханов 20 ғасырдың басында неміс Ф.А. Брокгауз (Лейпциг) бен орыс И.А. Ефрон (С.-Петербург) секілді баспашылардың көп томдық «Жаңа энциклопедиялық сөздігіндегі» қазақтың тарихы мен қазақтың көрнекті хан-көсемдері туралы, тағы басқа да қазақ халқына байланысты бөлімдерді әзірлеген. Одан басқа, ол 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан «Материалы к истории султана Кенесары Касимова» деген еңбек жазып шығарған.

Ең кең көлемде, жан-жақты зерттеліп жазылған ғылыми еңбек, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Е. Бекмахановтың (1915-1966) «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» деген кітабы. Бекмаханов Е. кеңестік катал идеологияға қарамай, батыл да, объективті ғылыми шындықтың жағындағы зерттеуші болған. Осы шығармасы үшін ол көп жыл бойы қудаланып, ақыр аяғында сотталып, еңбегі қаралы тізімге ілініп, жарыққа шығуына тыйым салынады. Қазақ әдебиетінің классигі, дүние жүзіне танымал жазушы М. Әуезов (1897-1961) 1928 жылы жазған «Хан Кене» драмасында, көтерілістің бүкілхалықтық сипатын көрсеткені үшін, көп зардап шеккен.

Кенесары, Ағыбай бастаған көтерілістің өте аз зерттелуі, басында патша саясаткерлерінің, одан кейін кеңес өкіметі кезіндегі марксистік-лениншіл идеологияның, коммунистік партияның зымияндық саясатынан деп түсінуге болады

Кенесары бастаған халық көтерілісін, тек қана орыс, кеңес тарихшылары ғана жазып қоймаған, сол кездегі шетел тарихшылары да зерттеп еңбектер жазған. Атап айтқанда, белгілі француз жазушысы Жюль Верннің «Курьер царя» (Патшаның жаушысы) деген кітабы 1876 жылы жарық көріп, театр сахнасына қойылады, орыс жазушысы И.С. Тургеневтің қолдауымен 1900 жылы орыс тіліне аударылады, бірақ, патшаның өзінің араласуымен, осы Кенесары көтерілісіне арналған кітап орыс оқырмандарының оқуына тыйым салынады.

Осы ұлт-азаттық көтерілісі, елім деп еңіреген, ұлтжанды, әрі отаншыл, шашақты найза қолға алған Ақжолтай Ағыбай бастаған халық батырларын тарих сахнасына шығарды.

Ақжолтай Ағыбай батырдың өмірі - небір қиындыққа, қыспақ пен қиянатқа толы ғұмыр. Ұлы бабамыз патшаның отарлау саясатына қарсы шығып, қол бастаған әйгілі батыр, белгілі би, әрі шешен. Оның бүкіл өмірін, ерлікке толы іс-әрекетін XIX ғасырдың орта кезінде өткен әйгілі оқиға - Кенесары хан Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысынан бөліп алып қарауға бол-майды.

Ағыбай батыр - өз ғұмырында туған елінің тәуелсіздігі мен бостандығын, еркіндігі мен егемендігін армандап өткен аса ірі тарихи тұлға. Ол қазақтың соңғы ханы - Кенесары Қасымұлының сенімді серігі, кеңесшісі, әрі хан әскерінің бас қолбасшысы болды.

Ағыбай батыр тек жүрек жұтқан батыр, дарынды қолбасшы болғандықтан ғана емес, парасат-пайымы, салиқалы сабырлы, қиын сәттен жол тапқыш ақылдылығы мен алғырлығы арқасында «Ақжолтай» деген атқа ие болады. Сөз қадірін түсінетін халық қана, мыңнан озған тұлпарына, әрі өзінің мақтаныш тұтар перзентіне осындай ат берсе керек.

Ақжолтай Ағыбай батыр барша қазақ халқының сүйікті перзенті бола тұра, Кенесары хан заманындағы азаттық пен бостандық идеясын бүгінгі ұрпаққа жеткізді. Қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздегі, қазақстандық патриотизм рухы өз бастауын осындай танымал перзенттердің ғұмырынан, өнегелі істері мен абыройлы тағылымынан алады деп, тұжырымдауға толық негіз бар.

Атақты хан, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты болған Кенесары: «Сарыарқадай жер қайда, Ағыбайдай ер қайда?!» - деп Ағыбайға деген өзінің сүйіспеншілігін көрсетеді.

Кенесары, Ағыбай, Наурызбай, Иман, Жоламан, Басығара, Жанайдар сияқты батырларды туған халқы қолдады, олардың соңынан ерді. Ал, мұнын өзі қазақ жеріндегі, әсіресе, Арқа еліндегі ерте заманнан бері үзілмей келе жатқан батырлық, тәуелсіздік үшін

күрес идеясын көрсетсе керек.

XVIII ғасырдағы ең ірі оқиға - Жоңғар қалмақтарының қазақ жеріне басқыншылықпен баса-көктеп кірген соғысында атақты: Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Райымбек, Қарасай, Жалаңтөс, Жарылғап, Жидебай, Байғозы, Сеңкібай, Аралбай, Таңыбай, Жаңыбай, Жайық және тағы басқа батырлар Абылай ханның туы астында жаудан ел-жұртын қорғады. Қаздауысты Қазыбек, Қараменде, Шабанбай, Шортанбай, Тәттімбет, Байсейіт, Есберген, Бегалы, Көпбай, Жақсы Жанғұттылар өз елінің ақыл-ой деңгейіне бірден-бір жоғары көрсеткіш бола білді.

Тұтастай алғанда, аталған есімдер өз халқының ұзақ ғасырлық тарихына, алтын әріптермен жазылғанын ерекше атап өткен жөн. Басты назарда болатын, әрбір адам үшін ерекше қағида болып қалыптасқан мәселе - бүгінгі әр қазақтың, әр қазақстандықтың тәуелсіздік, дербестік жағдайында өмір сүруі, сол тәуелсіздіктің күні кешегі ата-бабаларымыздың төгілген қаны-мен, ғажайып әдеби және мәдени мұраларымен келгендігі.

Қазақ халқы өзінің көп жылдық тарихында ұлт-азаттық күрестерге, халықтың құрметіне бөленген, өзінің батырлығымен көзге түскен «елім» деп еңіреген ерлерінің ғана соңынан ерген. Ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен бітірген, күміс көмей шешендерін, ел тағдырын, ұлт мүддесін жырға қосқан от тілді, орақ ауызды билерді халық пір тұтқан.

Бір айта кететін жайт, Жоңғар қалмақтары ежелгі моңғол әулетіне жатады және моңғолдар беске бөлінеді. Халқа моңғол, ішкі моңғол, қалмақ моңғол, буриад моңғол, ойрат моңғол (алтайлықтар) немесе жоңғарлар. Ал қазіргі Моңғолия – халқа моңғолдар. Сол халқа моңғолдардың 1921 жылғы революцияға дейін, небәрі 500 мың адамының 40 пайызы лама-монах болып, еркектері бала сүюден, әйелдері ерге шығып ұрпақ өсіруден қалған. Шыңғыс ханның кезіндегі моңғолы – түгелімен түрік болса. Қазіргі Моңғолияда тұрып жатқан моңғолдар - түрік, қидан, манжур, қытайдың қоспасы. Діні – Будда. Сол біз Шыңғыс ханның ұрпағымыз дейтін моңғол әулетінде Шыңғыс ханнан ешбір ұрпақ қалмаған. Ал қазақтың «төре» руынан Шыңғыстың – 23, ал Жошының 22 ұрпағы бар деген дерек бар. Қасиетті Ұлытауда 1226 жылы тұрғызылған Жошы хан ескерткіші, Қазақстанда Шыңғыс деген тау бар екені және Шыңғыс хан соңғы он жыл өмірін сол тауда өткізгенін және Шыңғыс ханның ұрпақтары Қазақстанда тұрып жатқанын, сол моңғолдар тек 1991 жылы Шот-Аман Уалиханов бастаған зиялылары Моңғолияға қонаққа келгенде ғана білген.

Сөз жоқ, Ағыбай батыр осы үш түрлі қасиеттерге ие, әмбебап тұлға. Оның біріншісі – батырлығы болса, екіншісі - шешендігі және үшіншісі - әділ билік айтқан би ретінде көрінуі.

Аталарымыз «Өнер алды қызыл тіл» деп бекер айтпаған және болашақ ұрпақтарға шешендік өнерді жас кезінен үйреткен. Шешендік тапқыр сөздер, атадан балаға мұра болып, асыл қазына ретінде сақталып, бізге дейін әдеби мұра ретінде жетіп отыр. Шешендердің билік сөздері, жеке-жеке алғанда бірде-бір баға жетпес құқылық қазына. Шешендік сөздер ұлтымыздың рухани қазынасының бір саласы - қазақ қоғамының әдет-ғұрып құқығының бастауларының бірі болып табылады. Шешендік сөздері мен билік сөздері бірін бірі толықтырып, қазақтың тілдік қазынасын байытып отырған.

Билік үшін, әдетте, шаршы топ, қалың қауым, биік мінбе мен алқалы жиынның болуы бірден-бір шарт. Билер сөзі белгілі бір дау, тартыс-таластың шеңберінен шықпайды. Ол үшін шешендік, табиғи тапқырлық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр құқығын жете білу, ақыл-парасат және мәдениеттілік керек. Өмірдің ащы-тұщысын көріп, оның барлық сатысынан өткен Ағыбай батырдың басынан, жоғарыда айтылған қасиеттердің бәрі табылады.

Бірнеше табиғи дарын-қасиеттерге ие болған, Ақжолтай Ағыбай батыр көп жылдай халық сүйіспеншілігіне бөленіп, оның батырлығы, шешендігі және жүргізген биліктері халқымыздың рухани қазынасына айналды. Оның айтқан ой-пікірін жетік меңгеріп, кәдемізге жарату - әлеуметтік-саяси тәжірибені байыту деген сөз. Бұған қоса, оның әр саладағы көзқарасын, рухани болмысын жан-жақты терең зерттеудің нәтижесінде, біз оның осы күнге дейін беймәлім болып келе жатқан биліктерін тауып, қазақ елінің сол замандағы, тіпті қазіргі кездегі қайшылықтарының себептерін біліп, бұларды жоюға орасан зор ықпал етеді.

Халықтан шыққан бірнеше ақын-жыршылардың, Ағыбай батырға арналған дастан-жырларының бізге дейін жетпегені өте өкінішті. Бізге белгілі шығармалар: фольклор жинаушы Жүсіпбек қожа Шайхисламұлының 1915 жылы Қазан баспасында жарық көрген «Қисса Наурызбай төре Абылайханов» шығармасы, Доскей Әлімбаевтың «Кенесары» жыры, Иманжан ақынның «Кенесары-Саржан» дастаны, Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» жыры, Иса Байзақовтың «Қойшының ертегісі» поэмасы, Хамит Жаманқұлұлының «Батырдың үш өкініші» дастаны, Сапарғали Бегалиннің «Тасарал» поэмасы. Одан басқа Қазан қаласында 1914 жылы басып шығарылған, қазақ даласында Ағыбай туралы бірінші жарық көрген Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың «Қызыл қайнар Тектұрмас» деген кітабы. Қазақ әдебиетінің классигі С. Сейфуллин 1930 жылдары «Ақжолтай батыр» атты роман жазған болатын. Бірақ, бұл шығарма бізге жетпей, қуғын-сүргін жылдары асыл ағамызбен бірге келмеске кетті. Батырдың тарихи тұлғасы 40-жылдары белгілі ғалым-тарихшы, профессор Е. Бекмаханов өзінің әйгілі еңбегі «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» деген ғылыми еңбегінде жазылған болатын. Ілияс Есенберлиннің Кенесары көтерілісіне арналған тарихи романы «Қаһар» кітабында Ағыбай батыр туралы көп тарихи деректер жазылған. Ағыбай жайында, еліміздің республикалық «Ара» журналының бас редакторы болған, сатирик-жазушы Ж. Алтайбаевтың «Ер Ағыбай» деген романында жазылған. Ағыбай батыр бейнесі, ұлы жазушы М. Әуезов тағы басқа ақын-жазушылар: М. Көпеев, Д. Әлімбаев, И. Байзақов, Ә. Қоңыратбаев, Қ. Жұмалиев, С. Мұқанов, Қ. Бекхожин және Ж. Қашқыновтардың шығармаларында әр қырынан танылып отырды. Осы айтылған шығармалардың бәрінде, Ағыбай батыр еліміздің тәуелсіздік туын жоғары ұстаған, сол идеясын кейінгі ұрпаққа өсиет етіп, тұмар қылып тағып кеткен.

Себебі, Ағыбайдың айтқан сөздері мен жүргізген биліктері халқымыздың өткен өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің бет-бейнесі болып табылады. Осы ретте Ағыбай батырдың биліктерінің зерттеудің айрықша маңызы бар. Тарихи материалдар мен фактілердің негізінде жасалған мұндай талдау қазақ қауымдастығында өзіндік орны бар саяси-әлеуметтік тұлғалар - билер мен шешендердің атқаратын ролімен танысуға мүмкіндік береді, олардың бүгінгі ұрпақ өтеміне де жарайтын ұлағатты сөздерінің қадір-қасиетін саралауға жол ашады.

Қазақ қоғамының даму барысында, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып нормалары да қоса дамыды. Әрине, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып нормаларының белгілі бір бөлігі мемлекет тарапынан қолдау тапты. Мемлекет басшылары қазақ қоғамының әр даму сатысында, мемлекеттің мақсат-мүддесі үшін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып заңдарын өзгертіп, жүйелеп жетілдіріп, қоғамның талаптарына сай өзгерістерге ұшыратып, ресми сипат беріп отырды.

Қасым ханның (1510-1523) кезіндегі «Қасым ханның қасқа жолы», Есім ханның (1598-1628) кезіндегі «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның (1680-1718) кезіндегі «Жеті жарғысы» осылардың айғағы.

Қазақтың әдет-ғұрып нормаларының кейбірі қоғамдық қолданыста белгілі



функциональдық қызмет атқарса, кейбіреулері өткеннің сарқыншағы іспетті, елдің ауыз екі әңгімесінде, иә болмаса моральдық құндылықтарға қатысты мақал-мәтел есебіне қолданылады. Қайткен күнде де, қазақтың әдет-ғұрып ережелері өзінің өміршендігін дәлелдеді. Ендігі осыған байланысты ғалым-дардың алдындағы зор міндет, қазақтың әдет-ғұрып заңдарының қайнар көздерін анықтау, оларды терең зерттеу.

Қазақтың әдет-ғұрып заңдарының білгір зерттеушісі, заңгер-ғалым, академик С. Зиманов: «Ғалымдардың алдындағы зор міндет - қазақтың әдет-ғұрып заңдарының қайнар көздерін анықтау, оларды терең зерттеу», - деп әдет-ғұрып ережелерінің зерттеушілер үшін құндылығын ерекше айтады.

Ежелгі ер түріктерден енші алып ғұн, қыпшақ, ноғай, өзбек деген тарихи атауларынан өтіп, қазақ атына жетіп, халық болып қалыптаса бастағанымызға бір мың жылдай уақыт өтті. Тарих өлшемімен алғанда бұл онша ұзақ та мерзім емес. Ұлт болып ұйып, атақты Керей мен Жәнібек заманынан бастап, Әз Тәуке, Абылай хандардың тұсында, әйгілі үш дала данышпандары - Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке билер заманында дәуірлеп, Ағыбай мен Кенесары заманында ерліктің үлгісін көрсеткен қазақ елі, дәл бүгін жер бетіндегі 216 тәуелсіз мемлекеттердің бірі.

Сонау XIX ғасырдың басынан бастап қазақ халқының бірлігі бұзыла бастады. Көшпелі өркениет кезінде сай-саланы паналады, өзен-көл айналасын жағалаған ел, енді жер дауы, жесір дауы, барымта мен қарымта қазақ елін аралады.

Тағдырдың талай теперіші мен тепкісіне төзген көнбіс қазақтың, бүгінде мызғымас мемлекет, еңселі ел дәрежесіне көтерілуі заңды құбылыс.

Бұл тарихи ұлы жеңістің түп тамыры тым тереңде жатыр. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» деп аталатын байырғы қазақ заңдарының мемлекет басқарудың, елді билеудің қағида-жосықтарына сүйенген ұлтымыздың кемеңгері Ағыбай батыр да сайын сахарада тату тірліктің, ынтымақты бірліктің өркен жаюына өрелі еңбек сіңірді. Бүтін елдің бүлінбеуін, ағайын арасының ірімеуін ойлап, жарғақ құлағы жастыққа тимей тағатсыз ғұмыр кешкен абыз Ақжолтай Ағыбай батыр, өз дәуірінде халқының қайсарлығы мен қаһармандығы, шешендігі мен көсемдегі, тапқырлығы тұла бойына туа дарыған текті батыр «Елден құт береке қашпасын деп, жердің шетін жау баспасын» деген Қаздауысты Қазыбек бабамыздың сөзін ту қылып жоғары көтеріп, ата-жұртын, ордалы Отанын көк найзаның ұшымен де, қызыл тілдің күшімен де қызғыштай қорғады. Алысса білегі бар, арбасса жүрегі бар, шарпысса ақылы мен жігері бар, сай-сүйегінді сырқыратар сөзі, болашақты болжар көзі бар, шалқар елдің шын иесі, шын киесі - Ақжолтай Ағыбай батырдың теңдессіз үлгісі, салиқалы қызметі мәңгі маздап тұрмақ.

Қай халық болмасын ел санатына, қатарға кемеңгер ұлдарының арқасында енеді. Бұл шындыққа әр елдің тарихын зерделей отырып, көз жеткізуге болады. «Елім» деп еңіреп туған ерлер, күнделікті пендешілік тіршіліктің тұсауын үзіп елінің қамын жейді, қан кешеді, жауымен арпалысады. Тарихты біле-білсек, осындай бір шоғыр асылзада ұлдар жасайды. Ел тағдыры таразыға түсіп тұрған сәтте халық қашанда өз азаматтарына қарайды. Нағыз ерлер осындай сын сағатта өздерін топ бастаған серкедей сезінеді.

XIX ғасырдың осындай сын сағатында, орыс империясының отарлау аппараты мен өз мүдделері үшін халқын сатқан бай-манап, би-сұлтандардың қыспағына түскен елдің ақыл іздегенде табатын нысанасы - Ақжолтай Ағыбай еді.

Ақжолтай Ағыбай батыр сөзден гөрі істің адамы. Тарихта ол айтты деген сөзден, ол

атқарды деген іс көп. Оның қомақты саласы - Қазақ хандығының ішкі саясаты: рулардың өзара қарым-қатынасы, үш жүздің арасындағы қам-қарекет, одан қалса хан мен қара арасындағы үйлесім, екінші саласы - Қазақ хандығының сыртқы саясаты: іргелес жатқан қырғыз, өзбек, қарақалпақ елдерімен, сол кездегі Орта Азия хандықтары - Хиуа, Бұқара және Қоқан хандықтарымен, айбары қатты Қытай мен Ресей сияқты алпауыт империялармен келіссөз-елшіліктер, одан қалса, көп жыл бойғы жаугершілік - соғыстар.

Біз Ақжолтай Ағыбай батырдың атқарған істерден үлкен көрегендікті, мемлекет мүддесін ойлаған ақыл мен жүректі көреміз. Ол ешқашан да албырттық, асығыстық жетегінде кетпей, барлық шешімін ақылға салып, он рет өлшеп бір рет пішіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып сөйлеген көсем.

Ақжолтай Ағыбай батыр аласапыран уақыттан, жан-жақтан анталаған жау ортасынан халқын аман алып шыққан қолбасшы - ер, би-шешен.

Ақжолтай Ағыбай батыр қазақ салт-дәстүрін, әдет-ғұрып дәстүрлерін жақсы игерген және сол мұраны ұрпақтарға өсиет етіп қалдырған.

Ақжолтай Ағыбай батыр халқының қысқы қонысын, жазғы жайылымын, жалпы шаруасының түзулігін жіті қадалаған, қамқор көшбасы. Саясат мәселесінде бүгінгі шаруасын ертеңге қалдырмайтын алғыр қыран болса, ел қарекетін де түбегейлеп тиянақтайтын ақылшы ру басы.

Қазақ тарихында жарқыраған жұлдыздар көп, олардың ішінде Ақжолтай Ағыбай батырдың жұлдызының орны да ерекше. Ол өз заманының шыңынан кейінгі ұрпақтарға болашаққа жол сілтеп кетті. Ол салған адамгершілік пен батырлықтың, әділдік пен тәуелсіздіктің үлгісі, тағдырдың талқысына көп түскен, кеш оянған қазақ халқын жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға бастай бермек. Қазақ тарихында небір кемеңгер ғұламалар, дүлділ жүйріктер болған. Сол мыңнан озған жүйрік - Ақжолтай Ағыбай батырдың арман-мұратын, өмірі мен күресін, шешендігі мен жүргізген биліктерін, мемлекет қайраткері ретіндегі қызметін қазіргі заманның талаптарына сай зерттеп, баға беруді қажет етеді.

Ақжолтай Ағыбай батыр секілді билер мен шешендер ата-бабаларымыз негізін қалаған далалық демократияның көрнекті өкілі болып табылады. Ресей патша үкіметінің қатыгез отаршылдық саясаты мен қызыл империяның коммунистерінің аяусыз қыспағы да олардың отаншылдық идеяларын, дербес мемлекетті, тәуелсіз, еркін халқымызды және әділетті теңдікті аңсаған армандарын тұншықтыра алмады.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт ретіндегі, мемлекет ретіндегі дербестігін сақтап қалуға бағытталған ұлт-азаттық қозғалысының кемеңгер басшысы, халқымыздың соңғы ханы Кенесары Қасымов пен бас қолбасшысы Ақжолтай Ағыбай Қоңырбайұлының ерліктері тарихи тұрғыдан азды-көпті зерттелсе де, тарихи-саяси құқықтық баға берілген жоқ.

Қазақ елінің бүгінгі қол жеткізген тәуелсіздігі биігінен көз салсақ, ұлттың руханият әлемінде тереңдеп зерттелмеген, әрі әділ бағасын ала алмаған талай «ақтандақтарды» көруге болады. Ал халықтың даму, өсіп-өркендеу тарихында «ақтандақтардың» болуы оны бұрмалауға, ұлттың мәйегі мол руханият мұраларының еленіп-ескерілуіне әкеп соғатыны белгілі. Сондықтан, Кенесары хан бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің негізгі себептері мен қозғаушы күштерін, қазақ хандығының саяси құрылысын саралап, қазіргі заман мен уақыттың биігінен, жаңаша көзқараспен зерделеу. Қазақ елінің тәуелсіздігі мен бостандығын сақтап қалуға бағытталған ұлт-азаттық қозғалыстың ұлттық санада тудырған

сілкінісі мен серпілісі, оның көсемдері, ұлттық болмысымыз бен бітіміміздің, қайсарлығымыз бен ерлігіміздің символы Ағыбай батырға саяси-құқықтық дәрежеде әділ бағасын беру.

Мемлекетіміздің саяси-құқықтық тарихы біз үшін тереңге кеткен тамыр сияқты: ол шыққан тегімізді, қоғамдық болмысымызды және жер бетіндегі тіршілік иелерінің алдындағы жауаптылығымызды сезіну үшін қажет. Тарих - адамзат баласының рухани тұғыры адам есебінде, ұлт ретінде бізді өзге тіршілік иелерінен жоғары қойып отырған қасиетті құбылыс.

Қазақ халқы - еуразиялық көнеден келе жатқан көшпелілер өркениетінің мұрагері. Көшпелілердің айтулы істері тарих сахнасынан баяғыда өшті, жарқын мәдениетін қалың шаң басты. Бірақ олардың ер, жасампаз рухы өлген жоқ. Ерте замандарда біздің көшпелі ата-бабаларымыз кеңістіктің шексіздігін, уақыттың жалғандығын алдымен сезінді, тарихи сана мен эпикалық рух туғызды, мемлекеттерді қаз тұрғызды, дүниенің төрт бұрышын теңгеріп тұрды. Осы іргетас, тәуелсіздігін жаңа бекітіп жатқан Қазақстанға берік тұғыр бола алады.

Бүкіл Орталық Азиялық мемлекеттер жүздеген жылдық отаршылдық бұғаудан босады, енді ұлан-ғайыр өзгерістер үстінде. Біздің тарихымыз да керемет жылдамдықпен алға тартып, он жылдың ішінде жүз жыл болмаған өзгерістер болып жатыр. Бірақ «Біз қайда бара жатырмыз» деген сұрақ туады.

Біздің еліміз дағдарыс кезеңнен шықты. Болашаққа болжам да жасап, көпжылдық өміріміздің жан-жағын қамтыған жоспар да қабылданды. Мемлекетіміз ұзақ жылға созылған ұйқыдан оянып, құлдық, бейжайлық санадан біздің реформалар алға шығарып, Еуразиялық геополитикалық кескінін өзгертіп келе жатыр.

Қазақ елі - өзінің 3000 жылдық тарихында ежелгі ұлан-байтақ жерінен айырылмай бес түлік малын өрбітіп, тілін, ділін, дінін, әдет-ғұрпын және салт-дәстүрін сақтаған әлемдегі аздаған елдердің бірі. Қазақтардың тағы бір ерекшелігін айтатын болсақ, Қытай елі 56 тілде сөйлесе, тіпті бір ханзу тілінің өзінде батысы мен шығысындағылар түсінісе алмайды. Үндістанда 72 тілде сөйлесе, Кавказдағы кішкентай ғана Дағыстанның халқы 6 тілде сөйлейтінін ескерсек, қандастарымыз жер жүзінің әр тараптарында тұрса да, қазақтардың тілінде ешбір айырмашылық жоқ.

Қазақ саяси-құқықтық тарихының бастауы алдымен көшпелі рулардың тарихы, ал көшпеліліктің өзегі азаматтық қоғам болады. Сонымен қатар, қазақ саяси-құқықтық тарихын зерттеу үшін, оның шежіресін пайдалану, шығыс, қытай, орыс және басқа да шетел деректеріне көңіл аудару қажет екендігі анық болар. Осы тарихқа қатысты мәселені тапшылыққа, отаршылдыққа, еуропоценрестік идеяларға бой ұрмай өз тарихымызға байсалдықпен қарағанымыз жөн. Өзіміздің тарихымызды және ата-бабаларымызды өзгеден биік қылып көрсетпек болып тыраштанудың да ғылым үшін зияны болмаса, пайдасы болмайды.

Ал, енді тәуелсіздік алғанымыздан бері Ақжолтай Ағыбай батырға байланысты игі іс-шараларды атап өтейік. 1998 жылы осы жолдардың авторының ұйтқы болуымен Балқаш қаласында «Ағыбай батыр қайырымдылық қоры» ашылды. Қордың алғашқы төрағасы болып С. Исабеков сайланып, 2003 жылы қайтыс болғанға дейін атқарды. Осы қордың ашылуына Балқаш қаласының тұрғындары Ақжолтай Ағыбай батырдың ұрпағы - Зәрукүл апай мен Балқаш өңіріне белгілі өзі сазгер, әрі ақын Көпболсын (Көбен) Бекмағанбетов көп еңбек сіңірді.

2003 жылдан бастап Балқаш қаласында «Ағыбай батыр қайырымдылық қорының» төрағасы, кезінде еліміздің еркін және қазақша күрестен чемпион Сағыжан Аманжолов қыруар жұмыстар атқарды.

1992 жылы Ақжолтай Ағыбай батырдың 190 жылдық мерейтойына арналған және 2002 жылы оның 200 жылдық мерейтойына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференциялар өткізіліп, елімізге белгілі академиктер: С. Қирабаев, З. Ахметов, С. Қасқабасов, Ж. Ақылбаевтар, профессорлар: Т. Кәкішев, С. Негимов, М. Хамзин, Ж. Артықбаев, А. Исмақовалар баяндама жасады. Аталмыш ғалымдардың баяндамалары кейінгі жылдары баспасөз бетінде жарық көрді. 2002 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары құрастырған «Ақжолтай Ағыбай батыр» жинағы және осы жолдар авторының «Ақжолтай Ағыбай батыр» атты кітабы жарыққа шықты.

Ақжолтай Ағыбай батырды зерттеуде елімізге белгілі «Ақжол» ақын, филология ғылым-дарының докторы Аманжол Әлтаев көп еңбек сіңірді. Атап айтқанда, осы азаматтың 2002 жылы «Шашақты найза» деген еңбегі жарық көріп, «Ағыбай батырдың халық жырларындағы бейнесі» деген тақырыппен, басында филология ғылымдарының кандидаты, ал 2009 жылы филология ғылымдарының докторы деген мәртебелі атаққа ие болды.

2003 жылдан бастап Балқаш қаласында «Ағыбай батыр қайырымдылық қорының» төрағасы, кезінде еліміздің еркін және қазақша күрестен чемпион Сағыжан Аманжолов қыруар жұмыстар атқарды. Атап айтқанда, Мәжіліс депутаты Ерлан Нығматуллиннің белсене араласуымен «Қазақмыс» Корпорациясынан қомақты қаржы бөлінді, «Түсті метал өңдеу зауыты» Акционерлік Қоғамының Президенті Ермек Хафизовтың көмегімен 6,5 тонна қола ешқандай да ақысыз босатылды, одан басқа «Алматықұрылыс» холдингінің және «Жарылғап батыр» қоғамдық қорының президенті, әйгілі меценат, ұлттық мәдениетіміздің шынайы жанашыры, белгілі қоғам қайраткері, бір туар азамат Амангелді Ермегияев, Астана қаласының провизорлар гильдиясының төрағасы Марат Смағұлов, Жоғарғы Оқу Мекемелер Ассоциациясының Президенті, академик Рақман Алшанов, Қазақстан ғылым-білім компьютер жүйесін пайдаланушылар ассоциациясының бас директоры Борис Жаппаров, Балқаш қаласының белгілі кәсіпкері, әрі меценат Арынов Берік және басқа да азаматтардың қаржылай көмегінің арқасында бюджеттен бір тиында жұмсалмай, ақшалай бағасы 250 мыңдай АҚШ доллары тұратын қоладан құйылған ескерткіш өте сәтті бітті. «Сый қылсаң сыпыра қыл» дегендей, сол кездегі Қарағанды облысының әкімі Нұрлан Нығматуллиннің тікелей қолдауымен және «Қазақмыс» Корпорациясының көмегімен Балқаш қаласындағы «Тәуелсіздік алаңы» тұрғындар демалатын, қонақтарды күтетін әдемі демалыс орнына айналды. Ақжолтай Ағыбай батырдың ескерткішін сомдаған, елімізге белгілі қарағандылық мүсінші, Қаздауысты Қазыбек бабамыздың қоладан құйылған ескерткішін дайындаған Жаубасар Қалиев және ерекше мақтанарлық жайт, себебі бұл мүсін мамандардың айтуынша, ТМД аймағындағы ең үлкен салт атты ескерткіш.

Ақжолтай Ағыбай батырдың ескерткіші Қарағанды қаласында құйылып, 2007 жылдың қыркүйек айында Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың өзі салтанатты түрде ашты.

Ақжолтай Ағыбай батырдың күмбезі де бюджеттен 15 млн. қаражат бөлініп, күрделі жөндеуден өтті. Басына ниет (тәуеп) қылып келген адамдар демалатын қонақ үй салынды. 2000 жылы Ақбақай кең байыту комбинатының бұрынғы Президенті, кейіннен Мойынқұм ауданының әкімі болған, елімізге белгілі меценат Төлеухан Оспанбеков сол жерге өзінің жеке қаражатымен қонақ үй салған болатын.

Бірақ, қынжылатын жайт, Құнанбай атамыздың: «Қазақ десем өзіме тиеді, соқыр десем көзіме тиеді», - дегеніндей, ескерткіш осы Балқаш қаласында қойылатын болса да, қаламыздың бірде бір қалталы азаматтары осы ескерткішке ешқандай да көмек жасамағаны. Тек, жалақылары өте төмен болса да, оқу орындарының мұғалімдері мен дәрігерлер өздерінің бір күндік жалақыларын қорға аударған. Ал, Балқаш гуманитарлық техникалық универси-тетінің ректоры, академик Айтқұлов Досмұрат қана қорға ақша аударып қана қоймай: «Ескерткіштің тез бітуіне қаржылай көмек көрсету керек!» - деп, қаланың ғана емес, еліміздің барлық зиялы қауымына үндеу жасады. Осы кезде Әйтеке бабамыздың: «Батыр болсаң жауыңа найзаң тисін, бай болсаң халқыңа пайдаң тисін!» - деген аталы сөзі еске келеді.

Осы Ақжолтай Ағыбай батырға арналған игі шараларға бір ауыздан қолдау жасаған азаматтарды атап өткен дұрыс болар еді, олар: Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің бастығы, белгілі қоғам қайраткері, біртуар, нар тұлға М.Б. Қасымбеков, Жоғарғы Соттың судьясы К.Ж. Жалмұханбетов, Қарағанды облысының әкімдері: К.Е. Мұхамеджанов, Н.З. Нығматтулин, С.Н. Ахметов, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары А.О. Қырықбаев, Қарағанды Экономикалық Университетінің ректоры, экономика ғылымының докторы, ХЭА академигі Е.Б. Аймағамбетов, Мәжіліс депутаты сенатор болған, кәсіпкер Е.З. Нығматтулин, кезінде Жоғарғы Кеңестің депутаты, сенатор, Конституциялық Кеңестің мүшесі болған, қазіргі кезде Бас Прокуратурада жауапты қызмет атқаратын Қ.Ә. Әбішев, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Е.Л. Тоғжанов, Бас Прокуратурада жауапты қызмет атқарған, қазіргі кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Ақмола облысы бойынша Департамент бастығы, генерал Н.Ә. Исаков, елімізге белгілі қаржыгер, һәм заңгер Жоғарғы Соттың Шаруашылық басқармасының директоры М.М. Балтышев, Жезқазған аймақаралық Халық Банкінің директоры М.Қ. Мусина, Қарағанды облысы қылмыстық-атқару жүйесі Департаментінің бастығы Дархан Қанатбеков, Елімізге белгілі боксер, Балқаш қаласының атақты кәсіпкері, әрі патриоты Тлеугерей Маканалин, Балқаш қаласының белгілі азаматы, жеке кәсіпкер Көбен Бакиров ағамыз, жас болса да, бас болған «Алпар Групп» ЖШС-нің бас директоры Қожахметов Ерқанат, Астана қаласының Алматы аудандық сотының төрағасы Б.Қ. Сыздықов, Мәжіліс депутаты Н.О. Дулатбеков, Қарағанды облыстық мәдениет департаментінің бастығы Р.К. Омарбекова, сол кезде осы мәдениет департаменті бастығының орынбасары болған, қазіргі кезде Көлік және коммуникация министрлігінде жауапты қызмет атқаратын Қ. Садуақасов, Қарағанды облыстық қаржылық бақылау инспекциясының бастығы К.Ш. Акишев, Қарағанды облыстық қаржылық бақылау инспекциясының бас бақылаушы-тексерушісі К. Түсіпханов, «Қазақмыс» Корпорациясының «Балқаш кен-металлургия комбинатының» директорлары: М.К. Әлипбергенев, Е.А. Оспанов, Б.Ч. Кошмағамбетов, А.М. Минигулов және тағы басқа да азаматтар.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дегендей, қазақтың бір туар, нар тұлғалы айтулы азаматы Махмут Әлипбергеневтың Балқаш қаласындағы Ағыбай батырға ескерткіш орнатуға көп еңбек сіңіргенін баса айта кету керек. «Қазақмыс» Корпорациясының «Балқаш кен-металлургия комбинатының» директорларығына қызметке кіріскен күннен бастап, М.К. Әлипбергенев батырға Балқаш қаласына қоладан құйылған ескерткіш орнатуға білек сыбанып, белсене кірісті. «Қазақмыс» Корпорациясының қомақты қаржы бөлуіне тікелей ықпал жасап, тіпті ескерткіштің постаментінде тұрған қоладан жасалған қалқаның өз қаражатына жасатты. Осы атқарған игі істерден кейін, Махмутты Ақжолтай Ағыбай батырдың аруағы қолдап, жолы ашылап, әрі бағы жанып «Қазақмыс» Корпорациясының бас директоры болып тағайындалды. Махмут Касланұлының Балқаш қаласы мен Ақтоғай

ауданына сіңірген еңбегі туралы жыр қылып айтып, бір роман жазуға болады. Тіпті, қара халыққа 70 жыл бойы Балқаш қаласының не бірінші хатшылары, не әкімдері жасамаған жақсылықты - жұмысшылар тұратын Балқаш қаласының алғашқы қазығы қағылған мекен-жайлар - Рабочий посёлок пен Балқаш станциясына жылу жүйесін жүргізіп беріп, жұмысшылардың қолын жылы суға жеткізгені нағыз ерлікпен тең еді. Махмуттын бұл еңбегін нағыз азаматқа тән ізгі шара деп ауыз толтырып айтуға болады. Артына із қалдырған осындай азаматтарды, тарих бетіне аттарын алтын әріппен жазып, нағыз қоғам қайраткері деп айта жүру керек. Міне, бұл барлық атқамінерлерге үлгі болатын патриоттық іс-шара! Бірақ, бір кем дүние, қазіргі біздің қоғамда осындай асыл азаматтар саусақпен санарлық.

Ағыбай батыр туралы архив деректері жұтаң болғанымен, халық ауыз әдебиетінде ол туралы жырлар мен аңыздар көптеп саналады. Батырдың елін сыртқы жаудан қорғағаны туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Орталық ғылыми кітап-ханасы қорының 140, 294, 521, 688, 1296, 1337, 1339-шы папкаларында және М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар орталығының 145, 242, 502, 643-ші папкаларында сақтаулы. «Ағыбай батыр» жырына байланысты осы қорлардағы: М. Тәттімбекұлының, Қ. Қаңтарбаевтың, М. Жиреншиннің, К. Нұрғалиевтің, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба және текстология орталығындағы Ә. Наурызбаевтың, М. Қармысовтың жинаған материалдары өз зерттеушілерін күтуде. Ағыбай туралы мұрағат (архив) құжаттары Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының 345-қорының 1-тізіміндегі істерде, 374-қорының 1-тізіміндегі істерде және де тағы басқа қорларда сақталған.

Тарих пен әдебиет - егіз. Олар бірін-бірі толықтырып, тарих сабағын кейінгі ұрпаққа қатар жеткізіп отырады. Тарих деректерге сүйенсе, әдебиет сол тарихи оқиғаларды суреттеп, бейнелеп жеткізеді. Сондықтан қазақ халқы бастан кешкен оқиғалардың көбі тарихи мәліметтерде ғана емес, халықтың ауызша шығарылған әдебиет үлгілері мен тарихи дастандарында, аңыз-әңгімелерінде, жырларында сақталған. Әдебиетін, жырын халықтың рухани серігі етіп сақтап келген қазақтар ең алдымен тарихи жырларға ерекше мән берген. Бұл тұрғыда: «Ата-бабаларының ерлігі туралы тарихи жыр-дастандарға дегенде, халықтың сүйіспеншілігінде шек жоқ, соншалықты мол мұраны ауыздан-ауызға, жазбасыз, баспасыз, алып даланың бір шетінен, екінші шетіне жеткізіп, ғасырлар бойы ойда сақтау, олардың суырып салма (импровизаторлық) ғажап қабілетінің көрінісі болса керек. Көне жыр-дастандардың сол бәз қалпында, ұшы-қиыры жоқ даланың бір шетінде айтылатын шығарманың оқиғасы боз даланың екінші бір шетінде айна-қатесіз қайталануы таңдандырмай қоймайды. Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда, өмірдің бар саласын қамтитын оқиғалармен байланысты адам аттары, жер-су аттары т.б. есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады. Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Осы тарихи мәні бар мол мұраны біреулер ауызша, домбырамен сүйемелдеп өңдетіп, суырып салма ақындар мен жыршылар жыр етеді, екінші біреулерінің атын кейінгі ұрпақ естерінде ұмытылмастай етіп белгілі бір сыбызғышы, не қобызшы музыканттар тастап кеткен, осылай өнерлі адамдардың аты ел-жұрттың есінде мәңгі қалып қоюына себепші болған...», - деген Шоқан сөзінің шындығына мойын ұсынуға болды.

Тарих деректерде де, халық жырларында да Ағыбай қайтпас, қайсар, ер жүрек, көтерілістің ең ауыр, азапты жүгін арқалап жүрген батыр болып көрінеді. Ол үнемі қиын-қыстау шақта, ерлердің тосылып, жаудан жүрегі шайлыққан тұста сахнаға шығады. Қайратпен жол тауып, ерлік пен қаһармандық рухтың туын биік ұстайды. Сол үшін де, халық та,

көтерісшілер де, оны аруақты санаған, «жолы болғыш Ақжолтай» атаған. Ағыбай жеңбейтін жау, ала алмайтын қамал болмаған. Оның есімі ұранға, ісі үлгіге айналған.

Ағыбай бар жерде - жеңіс бар. Ағыбай жоқ жерде - қапысыз жеңіліс. Дұшпанын бұрын жеңе алмай жүрген жас батырлар Ағыбайды іздеп келіп, соның аруағына сыйынып жеңеді. Шежіреші-тарихшы Мәшһүр Жүсіп «Жасауыл қырғыны» деген тарихи әңгімесінде, Ағыбайсыз барып, Наурызбай жігіттері қырғынға ұшырағанын, қырғыз соғысында, Кене хан Ағыбайдың кеңесіне құлақ аспай, оны бас қолбасшылықтан алып тастап, басындағы бағы тайып, қырғыздарда қолға түскенін, Ағыбайдың тілін алмай, Кенені құтқарамын деп, Наурызбайдың қамауда қалғанын жазады.

Қазақ әдебиет тарихының М. Әуезовтің басқаруымен жазылған бірінші кітабында «Ер Ағыбай» дастаны туралы арнаулы сөз болады. Бұл дастан 1935 жылы ел аузынан қағазға түсіріліп, Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталып келеді. Оның қысқаша мазмұны, Ағыбайдың ерлік, батырлық дәстүрді берік ұстап, елінің қамы үшін көп жыл бойы жауларымен қару ұстап соғысқаны былай сипатталады:

Ертеде болған екен ер Ағыбай,  
Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай.  
Кешегі Кенесары заманында,  
Ерлігін көрсетіпті елге талай.  
Атақты ер Ағыбай Шұбыртпалы,  
Белгілі сарбаздарын шұбыртқаны.  
Екеу ме сол күндегі ердің жаны.  
Ағыбай, Қошқарбай мен ер Бұқарбай,  
Атақты батыры сол Кене ханның.  
Мал үшін бұл сайран құрған емес,  
Салғаны жанды ортаға - елдің қамы.  
Ағыбайдың әр сапарда болған жолы,  
Тұрғаны сабырлық қып - қайрат молы.

Ал белгілі ақын Иса Байзақовтың «Қойшының ертегісі» деген тарихи поэмасы былай жырланады:

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,  
Тең келіп қарсыласар ер болмаған.  
Ағыбайдың үш жүзге даңқы кетіп,  
Ол кезіп, ол бармаған жер болмаған.  
Ағыбай ешбір жанға бас ұрмаған,  
Басынан дұшпан ісін асырмаған.  
Жалғыздық Ағыбайды бөгеген жоқ,

Қандай жау есіл ерге тор құрмаған.

Батырда бес жүз нөкер болған,

Соғысқа шеттерінен шебер болған.

Шықпай айтқанынан нояндары,

Ағыбай не қыл десе соны қылған.

Еліміз егемендікке жетіп, дербес мемлекет атанып отырған халқымыздың ұлттық бостандығы мен тәуелсіздігі жолында жан аямай атой салып күрес жүргізген ержүрек қаһарман Ағыбай батырдың қай ісі болса да, мадақтауға лайық, ұмытылмайтын өнеге. Туған елінің мәртебесі мен бүгінгі болашағы үшін соңғы демі қалғанша ат үстінен түспей айқасқан батыр рухын жаңғыртып, оның ерлік істеріне тағзым ету баршамыздың борышымыз болып табылады.

Елімізде соңғы жылдары іске асқан оң өзгерістер - жариялық пен демократия, республиканың ұлттық тәуелсіздік алуы қазақ халқының тарихи даму жолына жаңа көзқарастар туғызды. Бұл жаңа көзқарастардың негізі - жалпы халықтар мен мемлекеттердің қалыптасуының ортақ сипаттарына біздің қазақ қоғамы дамуының жолы да байланысты екендігінде. Қандай да болмасын мемлекет сыртқы басқыншылыққа қарсы күрес пен ұлттық тәуелсіздік үшін, әлеуметтік теңдік үшін күрес үстінде қалыптасады, туып жетіледі. Бұрынғы үйреншікті ұғымдар осы бір әлемдік тарихи шындықты мойындамайтын. Халықтың ұлттық тәуелсіздік үшін күресін, сыртқы басқыншылыққа қарсы наразылықтың бәрін ұлтшылдықтың тар шеңберіне сыйғызып, тарихи фактілер жайында теріс қорытындылар жасауға үйрендік. Өз еркімізбен отар болуға құлшынған ел болып көріндік. Ресейге қосылғанға шейін бұратана, надан, В.И. Ленин сөзімен айтқанда: «Жабайы, жартылай жабайы» қазақ халқы «Ұлы орыс халқының көмегімен ғана ел болды», көшпеліліктен отырықшылыққа көшті, бұрын екі проценті ғана хат танитын халық «Ұлы Октябрьден соң ғана жазу мәдениетіне ие болды», - дейтін жалған тұжырымдардың құны неге тұрғанын бүгін әркім-ақ көріп отыр.

Қазақтардың осы күні өмір сүріп отырған тарихи мекенінде көптеген ғасырлар бойы өз алдына мемлекет құрғанын, отырықшы қалалары болып, «Жібек жолы» тағы басқа жолдар арқылы Азия мен Еуропаның көптеген елдерімен байланыс жасағанын бүгін тарихтың өзі дәлелдеді. Содан бергі дәуірлердің бәрінде басқа халықтар сияқты қазақтар да дүниеден оқшау қалмай, қатар елдермен иық тіресе отырып дамыпты. Күштілердің табанында қалмай, тәуелсіздігіне қуанса, жеңілісіне қайғырып, жалпыға ортақ бұралаң, қайшылықты жолын өтіпті. «Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды» деп ата-бабаларымыз айтқандай, осындай жолдарда елін бастар, оған ұйытқы болар қазақ халқының да дана, көсем ұлдары, ел басшылары, жау жүрек батырлары, ақылгөй билері болған. Соңғы жылдардағы көп мерекелер, мүшел тойлар, ғылыми-практикалық конференциялар - бүгінгі қауымның кешегі ардагер ел басшыларына, батырлары мен билеріне құрметі, олардың аруағы алдында өткендегі қателіктері үшін сұраған кешірімі мен иілген басы, екінші жағынан, бүгінгі ұрпаққа жаңа тарих сабағын өтумен бірдей.

Халық өзінің ел бірлігі мен тәуелсіздік жолындағы күресінде қаншама ақылгөй даналар мен ер жүрек батырлар туғызған. Ағыбай сияқты ер бірлігінің сөзін сөйлеп, сыртқы жаумен дипломатиялық тартыстарға қатысса, басқыншылыққа, отаршылдыққа қарсы күресте қол бас-таған әйгілі батырлар қазақ қоғамы дамуының барлық кезеңінде де көп шыққан. Қытай мен Жоңғар, Қоқан мен Россия отаршыларына қарсы ұлт бостандығы жолындағы көтерілістердің қаһармандары мұны анық дәлелдейді.



Алайда күні бүгінге дейін Ақжолтай Ағыбай батырдың адамдық болмысы, ерлік істері, биліктері мен шешендігі жайлы ертелі-кеш дүниеге келген рухани мұралар түбегейлі зерттеліп, саяси-құқықтық тарихы тұрғысынан біртұтас ғылыми еңбекке арқау бола қойған жоқ. Аталған еңбектердің бәрінде тек Ағыбайдың ерліктері ғана баяндалып, оның биліктері мен шешендігі туралы материалдар ешқандай да зерттелмеген. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, аталған олқылықты аз да болса толықтырмақ болған ниет-талпынысымыз бұл тақырыптың көкейкестілігі мен өзектілігін көрсетсе керек, өйткені елінің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін алысқан ер - Ақжолтай Ағыбай батырдың жау жүрек батырлығын, жүргізген әділ биліктері мен өсиет етіп айтып кеткен шешендігін, бүгінгі және болашақтағы ұрпаққа насихаттау, елдің ертеңіне аманат етіп тапсыру қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға елеулі әсер етеді, деп ойлаймыз.

Ағыбайдың ата тарихымызда, дүниежүзілік тарихта алар орнын ғылыми дәлелдеу қазақ ғалымдарының өтелмек қарызы мен азаматтық парызы.

Зерттеу барысында Ағыбайдың жер дауы, жесір дауы, барымта таластарындағы айтқан биліктері, шешендік сөздері, қазақ қоғамындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып нормалары, саяси-құқықтық тарихы материалдары негізінде қаралып, алғаш рет аталған салада жан-жақты зерттеліп, құқылық тұжырым жасалып отыр.

«Әділ билердің қолында болған билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», - деп Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1937) айтқандай Ағыбай сияқты ел ішіндегі қазақ билерінің орны ерекше болды. Ол қай заманда да елге тұтқа, көптің сөзін сөйлеген, әділдік пен ақиқатты аттамаған, халық үшін ханға да қарсы тұрған, дау келгенде шешен, жау келгенде көсем, бүкіл жұрттың қамқоры, елдің айнымас алтын тұғыры, бір сөзбен айтқанда, ұлттың ұйтқысы бола білді. Сондықтан да беделді Ағыбайды хан да, қара да сыйлады. «Тура биде туған жоқ», «Бай құт емес, би құт» деген халық даналығын биік ұстаған Ағыбайдың ер бірлігін, адам тәрбиесін, ұлттық өнеге-үлгі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпты сақтай, әрі ұстай білудің сара жолын салып кеткен ұлағатты істері ғасырлар бойы өшпей келсе де, кешегі кеңестік кері кеткен санасыз саясат оның биік тұлғасына көлеңке түсірді. Сонда да Ағыбай сияқты аруақты ұлы тұлғалардың есімі естен шыққан жоқ. Көптеген би-шешендердің есімдері қайта аталып, тарихқа енді.

Өткен ғасырларда есімдері бүкіл қазақ даласында белгілі болған әйгілі билер мен шешендердің қасиетті рухына бас ие отырып, сол айбынды ата-бабаларымыздың аты-жөндерін атап, өнегелі биліктері мен ұлағатты сөздерін келер өскелең ұрпаққа жеткізу біздің азаматтық парызымыз.

Ағыбайдың шешендігі мен шығарған үкімдері, сонау көне заманнан бергі қазақ әдет-ғұрпының дамуының ғасырлар бойғы жемісі, соның жалғасы екенін, көшпелі халықтың құқылық заңдарының негізгі тарамдарынан шыққанын дәлелдедік. Сондықтан да, Ағыбайдың шешендігі мен биліктерінің ғылыми зерттеу өрісі кең. Оның қоғамдық мәні мен қызметі зор.

Ағыбай батырдың әскери өнері әлі жан-жақты, әрі терең зерттелмей келе жатыр. Патша өкіметінің жазалаушы қосыны сол заманның алдыңғы қатарлы қару-жарақпен қаруланғанын ескеріп, Ағыбай батыр әскери тілмен айтқанда «партизандық» күрес әдісін шыңдады. Әскерді тұрақты түрде соғыс өнеріне үйретіліп, барлау жұмыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Құла мергендер құм жоталарда жатып алып, ала погондары бар офицерлерді атып түсіріп, солдаттар арасында қобалжу тудырды. Атты әскерлер жазалаушы казак-орыс атты әскерін тосып алып, қапелімде бас салып, жауды мылтық атқызбай қоян-

қолтық, бетпе-бет кездесуге ұмтылды. Шабуылға кәдімгі әккі әскери оқудан өткен армиядай лек-легімен шапты. Мыңдап айдаған жылқылардың шаң-топырағының астына қалдырып, жазалаушыларды бүйірден ойып-ойып ойрандады. Әдейі шегіне қашып, шөл далаға жау әскерін, әбден шаршатып барып, өте шапшаңдықпен бұрыла сала, шабуылға шығып, түгелдей жойып жіберіп отырды. Табиғи қамалдар, қалқандар кең қолданылды. Бір жетілік қашықтықты, күндіз-түні ат үстінде болып, ойламаған жерден екі-үш күнде жетіп отырды. Ағыбай батыр отаршылармен соғыс кезінде бұдан басқа да көптеген сақтардан, ғұндардан және ата-бабаларымыздан қалған айла-тәсілдерді қолданған.

Кенесары әскерінің әскери құрылымын зерттегенде, орыс соғыс тарихшылары осы ортағасырлық атты әскердің құдіретіне таң қалып, Кенесары көтерілісшілерінің әскери ұйымдастыру өнері жоғары бағаланды.

Зерттеу нәтижелерін: мемлекетіміздің саяси-құқықтық қағидалары мен заң нормаларын жасауда, арнайы және жоғарғы оқу орындары үшін оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауда, сондай-ақ заң факультеттерінде, арнайы және әскери оқу орындарда арнайы курстар мен семи-нарлар жүргізуде кеңінен пайдалануға болады.

Бүгінгі қазақ жұрты жер жүзіндегі нағыз бақытты халықтардың бірі. Бабалардың ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігі кезеңінде, өз саясатын өзі жүргізіп, өз проблемаларын өзі шешіп, «Мәңгілік Елге» қарай нық қадаммен адымдап барамыз. Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жолы» Қазақ елі тарихының мәңгілік тарихына алтын әріппен жазылатынына кәміл сенеміз.

# **I тарау. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамының саяси - құқықтық жағдайы**

## **1. XIX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси-құқықтық хал-ахуалы**

Жұртқа мәлім, Қазақстанның патшалы Ресейге тәуелді болуының басы XVIII ғасырдың 30-жылдарына жатса да, бірақ патша өкіметі Қазақстанды тек XIX ғасырдың екінші жартысында ғана түпкілікті бағындыра алды.

Петр I-нің өзі кезінде, дәлірек айтсақ 1722 жылы Астрахань қаласында болып, Қазақ ор-дасы туралы көп мағлұматтар алып: «Қырғыз-қайсақ даласы, Орта Азияның есігін ашатын қақ-па», - деген болатын, сондықтан Шығыстағы байтақ даланы жаулап алуға ұмтылу орыс патша өкіметінің «дәстүрлі» саясаты болды. Орта Азиялық хандықтармен сауда айналымын кеңейтуге ұмтылу бұл саясаттың негізгі өзегі болды. 1731 жылы 19 ақпанда патша Анна Ионовна Кіші жүз-дің Ресейдің қол астына кіргені туралы грамотаға қол қойды. Онан соң қазақ даласына А.И. Тев-келев бастаған патшаның елшілігі шығып, 1731 жылдың 10 қазанында Әбілқайыр хан мен 27 рубасы сұлтан, батырлар Кіші жүздің Ресейге қосылуы туралы шарттық міндеттемелер қабылдап, ант береді. Қосылудың алғашқы жылдарында, Қазақстан Ресеймен протекторлық қарым-қаты-наста болды. Бұл қарым-қатынас бойынша, Қазақстан сыртқы саясаттан өзге мәселеде егемендігін сақтауға тиіс болды. Ресей қол астындағы елдің ішкі саясатына араласпауы тиіс еді. Шын-дығында, Ресей қазақтардың ішкі ісіне бірден-ақ араласа бастады. Сыртқы саясатта, соғысып жатқан қазақтарға әскер және қару-жарақ жағынан жәрдем бермеді. Сол кездегі деректерге қара-ғанда, қазақтарды өз қол астына тезірек кіргізу мақсатымен, Ресей сол кезде қазақтармен соғысып жатқан жоңғарлар әскеріне зеңбірек және тағы басқа сол кездегі алдыңғы қатардағы қару-жарақтармен жабдықтаған. Қазақтардың ішкі өмірінде өзін-өзі басқару да, Ресей шенеуніктерінің жасырын араласуынан бұзыла бастады. Қазақтың жерлеріне айналдыра әскери қамалдар орна-тылып, оларға әскер әкеліп қойылды. Қазақтар Ресейдің келісімінсіз хан сайлай алмады. Қазақ хандары балаларын аманатқа беруі тиіс болды. Жақсы жайылымдар тартып алынып, қазақтар ішкі жаққа ығыстырыла бастады.

Қазақтардың басым бөлігі бірден-ақ Ресейге қосылуға қарсы болды. А.Тевкелевтің елші-лігі келгенде, Әбілқайырдың өтірігі шығып, қазақтардың қарсы тобы дау көтеріп, хан мен Тев-келевті уақытша үй тұтқынына алады, тіпті Тевкелевті өлтірмек те болады. Оның қасындағы бір-неше башқұрт старшындары өлтіріледі. Осы даудың арты шиеленісіп, сол кездегі тек Қазақстан-дағы емес, Орта Азиядағы ең күшті билеушілердің бірі Барақ сұлтанның ықпалды қазақ ру билеу-шілеріне арқа сүйеп, Әбілқайыр ханды өлтіруімен тынады. 1943 жылғы «История Казахской ССР» атты еңбекте «Қазақтардың Ресей қол астына өтуі қазақ атқамінерлерінің бір тобының пат-ша үкіметімен ауыз жаласуының қорытындысы болды. Қол астына кіру халық бұқарасының еркінен тыс қабылданды» деп жазылды.

1734 жылы Сенаттың Обер секретары И.К. Кириловтың (1689-1734 ж.ж) Қазақстан мен Орта Азиядағы Ресей иеліктерін нығайту үшін, осы елдермен сауданы дамыту үшін қалалар мен қорғаныс шептерін салу жөніндегі ұсынысын Сенат және сыртқы істер коллегиясы қабылдады, 1734 жылдың 1 мамырында Сенат жарлығымен И.К. Кирилов басшылық еткен Орынбор экспе-диясы құрылды.

Экспедициясының мақсаты «Қазақстан, Башкирия, Қарақалпақстанның оңтүстік аудандары-ның шаруашылығын, олардың пайдалы табиғи қазбаларын пайдалануға дайындау» болды.

Бұл уақытта қазақ халқы жоңғарлармен соғыстың ауыр кезеңін бастан өткізген еді. Соны пайдаланып, Ресей империясы Ор (Тобылдың бір тармағы), Жайық өзендері құйылысында бекініс шептерін сала бастайды. Жайық өзенінің алдыңғы тұсында орыстың бекініс сауда орталығы - Орынбор (1735-1738 ж.ж.) қаласының іргесі қаланды. Хиуа, Бұқара, Ташкент бағытында орыстың сауда керуендері жүреді, қалаға қарай ағылған орыс көпестеріне үш жылға дейін алым алын-байтын сауда жүргізуге (1735-1738 ж.ж.) рұқсат етіледі.

XVIII ғасырдың өзінде Жайық өзені бойында 14 қамал салынды. Жайық қалашығынан бастап Звериноголовск бекінісінде 770 шақырымға созылған Уйск шебі (әскери линия) аяқталды. 1752 жылы тоғыз қамал, 58 бекіністен тұратын 840 шақырымға созылған Жаңа Есіл шебін, 950 шақырымға созылған Ертіс-Сібір шебімен жалғастырды.

Патшалық Ресейдің қазақ даласына кіруі, ашықтан ашық жаулап алумен емес, біртіндеп қазақ халқың Ресей мемлекетінің жағына тарту болды. Патша өкіметі өзінің жаулап алу саяса-тында, бір жағынан қарулы күшке, отарлау аппаратына, екінші жағынан, қазақ шонжарларының феодалдық басшы тобына сүйенді. Ресей қазақ жерімен экономикалық байланыстардың өсуімен, қазақ феодал шонжарларды өз жағына тарту мақсатында, патша өкіметі олардың Қазақстандағы пұрсатты жағдайын мойындаған еді.

Феодал шонжарларға жер меншігін бекітіп беру жолымен, олардың үстем жағдайын сақ-тап қалуға тырысу, қазақ кедейлерін сұлтандар мен билердің қыстақтары мен жайлауларына қол сұғуға мәжбүр еткен кезде, үкімет басындағылар әрдайым феодал шонжарларын қолдап отырды.

Үкімет феодал шонжарлардың Қазақстандағы үстем жағдайын бекітумен ғана шектелмеді, сонымен бірге оларды патшаға қызмет етуге тартты. Сөйтіп, қазақ шонжарлары, ел мүддесін са-тып, қара бастары үшін, орыс отаршыларының сыбайластарына бірден айналды. Осы жағдайды, орыс саясаткерлері тез түсініп, олардан шен-шекпенді аямады.

Орыс патша өкіметінің саясатының, Орта Азияда және сонымен бірге Қазақстанда жан-дандырылуы, XIX ғасырдың 1822 жылы шыққан «Сібір қырғыздары туралы жарғы» деген шеші-міне байланысты болды. Ресей әкімшілігі жүйесі, әуелі Орта, одан соң Кіші жүзге жеделдетіп ен-гізілді. Оның басты себебі: 1821 жылғы Лондон келісімі, Ресейдің Таяу Шығыс мәселесіндегі ірі дипломатиялық жеңілісі болды, яғни Ресей бұрынғыдай Түркиядағы үстемдігін сақтап қала ал-мады. Содан да, патша өкіметі Қазақстан мен Орта Азияда өз орнын нығайтуға көбірек күш жұм-сап, енді бұл аймақ ағылшын-орыс күресінің негізгі аймақтарының біріне айналды.

Ресей патшалық саясатының, Орта Азиялық хандықтар және Қытай аралығына орналасқан, Қазақстанның орасан зор стратегиялық маңызы, нақ осы жылдары неғұрлым айқын көрінді. Бұл елдерге және одан ары Ауғанстан мен Үндістанға баратын сауда жолдары, тек Қазақстан арқылы өтетін, сондықтан, осында ғана мықтап орналасып алып, содан соң Орта Азиялық хандықтарға қарсы жорықты іске асыруға болатын еді.

Бұдан басқа, Қазақстанға бекіну қажеттігі, өсіп келе жатқан орыс капитализмінің эконо-микалық мүддесінен туындағанды. Бүкіл Орта Азия сияқты Қазақстан да өнім өткізу және арзан шикізат базары ретінде, отарлық үстеме пайда көзі ретінде, патша өкіметінің

назарын өзіне бірден аударған.

XIX ғасырдың басында Қазақстан Ресейге тек сөз жүзінде ғана бағынды және онда да тұтас емес, өйткені, оның бір бөлігі Қоқан мен Қытайдың ықпал өрісінде болғандықтан, патша өкіметі бірінші кезекте қазақтардың саяси тәуелсіздігінің қалдықтарын жоюдан бастады. Осы мақсатпен, негізінен үш бағытта жүретін бірқатар шаралар жасалынды, олар:

1. Гарнизондарды қаптата отырып, тізілте және жекеленген бекіністер салуды жедел-детуден, осы бекіністерге жапсарластыра казактардың тұрақты елді мекендерін орнатудан, әскери тұрғыда бекініп алу бағыты.

2. Ең әуелі округтер мен округтік приказдар құрып, әкімшілік басқару реформаларын жа-сап, содан соң нәтижесінде қазақтардың саяси құқықтары күрт шектелетін, басқарудың дистан-циялық (бөліктік) жүйесін енгізіп, саяси тұрғыда орнығып алу бағыты.

Ең соңында, үшіншісі, қазақтардың жерін жаппай басып алудан, салық салуды және әр түрлі монополияларды (балық аулауға, ағаш кесуге т.б. монополия алу секілді) енгізіп, экономикалық тұрғыда бекініп алу бағыты.

Осындай шаралардың жиынтығы, сайып келгенде, патша өкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатының мазмұнын айқын көрсетеді. Өкіметтің кейбір өкілдері өздерінің пікірлерін ашықтан-ашық білдірді. Атап айтқанда, Орынбор өлкесіндегі бір белгілі шенеунік, Орынбор әскери губернаторы граф П.П. Сухтеленге былай деп жазған: «Мен қырғыздардың басына жұмақ орнатқысы, оларға білім бергісі, сөйтіп оларды Еуропа халықтары шыққан биікке көтергісі келе-тін филантроптарға еліктей алмаймын. Мен қырғыздардың ешқашан егін екпеуін, ғылым түгілі, тіпті қолөнерді де білмеуін бүкіл жан-тәніммен қалаймын, бірақ, сонымен бірге, оларды біздің нанды жеуге, біздің жай шұғаны, Ресейдің басқа да осындай қарадүрсін бұйымдарын пайдалануға үйреткім-ақ келер еді».

Одан басқа, Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы Ладыженский, Орынбор әскери губернаторы Обручевпен жазысқан хатында, Қазақстанда жүргізіп жатқан отарлау саясатының сипаты туралы ашық айтқан: «Азиялық комитет төрағасы мырзаның пікірі жалпы мынаған келіп саяды, ол үкіметтің қорғаншылық жасауынан Орда мүлде мақрұм қалып, өз надандығынан, түн-түнегінен мәңгі оралмаса екен, сөйтіп, бұл қырғыз халқының жабайы қарапайымдылығын пайда-ланудағы атамзаманнан бері тәсіл және оларды Шептің қол астындағы көз жұмып, бас шұлғитын алым-салық төлеушісі күйінде қалса екен деп тілейді».

Осы саясатты жүргізіп отырғандардың мойындағандай, патша өкіметінің отарлау саяса-тының шын мәні осындай еді.

Патша өкіметі өзінің жаулап алу саясатында, бір жағынан, қарулы күшке, отарлау аппа-ратына, екінші жағынан, қазақ шонжарларының феодалдық басшы тобына сүйенді. Соңғысы, әсі-ресе жаулап алынған орынды бекіту үшін маңызды болды.

Біріншіден, сұлтандар мен билерге жеке меншік құқығымен қыс қыстауларды және жаз жайлауды өздерінің жеке меншігі ретінде иеленуге рұқсат етілді. Онан соң, оларға үкімет қорғап тұрған жер мен мүлікті мұра ету құқығы бекітілді.

Екіншіден, сұлтандар мен билер аға сұлтан, болыс билеушісі т.б. ретінде әкімшілік қыз-метке тағайындалды. Қызметке орналасқан сұлтандар мен билерге дворяндар әулетінен деген атақ берілді.

Үшіншіден, сұлтандар мен билер салықтардан және басқа да міндеткерліктерден боса-тылды. Оларға үкімет пайдасына заттай төлем, түндік басынан және басқа да алым жинау құқығы берілді.

Ең соңында сұлтан мен билерге сот қызметін атқару жүктелді.

Сұлтандар мен билерге арқа сүйеу саясаты, бір жағынан, халық бұқарасын қанауды күшейтті, әрі қазақ қоғамының таптық саралану процесін тездетті.

Феодал шонжарларға жер меншігін бекітіп беру жолымен олардың үстем жағдайын сақтап қалуға тырысу, қазақ кедейлерін сұлтандар мен байлардың қыстақтары мен жайлауына қол сұғуға мәжбүр еткен кезде, үкімет басындағылар әрдайым феодал шонжарларын қолдап отырды.

Соны көрсететін бір мысал, 1831 жылы сұлтан Шама Абылхайханов Омбы облыстық бас-қармасының бастығына былай деп шағым еткен: «Осы жылы жер бөлу жөніндегі Қарқаралы округтік приказы біздің көшіп-қонуымызға жер бөлген еді, қазір ол жерден бізді ығыстырып, кім көрінген иемденуге ниеттенуде, соның салдарынан біздер тыныштықтан айырылды, сондықтан бұл жерлерді маған бекітіп беруді сұраймын». Сұлтан Шама Абылайхановтың өтініші қанағат-тандырылған. Омбы облыстық басқарманың бастығы Қарқаралы приказына: «Бұған көз жеткізіп, сұраушының өтінішін мүмкіндігінше қанағаттандырарсың», - деп жарлық беріпті.

Үкімет феодал шонжарлардың Қазақстандағы үстем тағдырын бекітумен ғана шектелмеді, сонымен бірге оларды патшаға қызмет етуге тартты.

Қазақтың сұлтандары мен билерін патша әкімшілігінің қызметіне қатыстыру М.М. Спе-ранский 1822 жылы жасаған «Сібір қырғыздары туралы жарғыда» көзделген. Жарғыны енгізуде көзделген негізгі міндет, жарғының соңғы бөлігінде төмендегіше тұжырымдалған: «Сібір шеп-тері, күзет мағынасында алғанда әрдайым уақытқа арналған мекемелер емес, бірақ өзіміз иеленген қырғыз жерлеріне орнатылған тәртіптің таралуына орай, бұл күзет ілгері жылжи береді де, ең ақырында, нақты мемлекеттік шекараға жеткен соң, тұрақты орын тебетін болады».

Басқаша айтқанда, міндет мынада еді: Қазақстандағы тәуелсіздіктің соңғы қалдықтарын жойып, қазақ даласын империя құрамына жымын білдірмей қосып алу керек еді. Осы мақсатпен Орта жүз жерлерінде сыртқы округтер ұйымдастырылып, олардың басына «округтік приказдар» қойылды. Приказдарды аға сұлтандар басқаруға тиіс болды. Оларға заседательдер ретінде 2 «құрметті қырғыз» және 2 орыс тағайындайды.

Аға сұлтан тек бір ғана сұлтандар жиналысында 2 жылға сайланды. Заседательдер де сол мерзімге сайланды. Аға сұлтанға «Ресей қызметінің майоры» деген әскери атақ беріледі. Үш жыл қызмет еткеннен кейін олардың «орыс дворянына лайық» деген диплом сұрауға құқығы болды.

Округ құрамына 15-тен 20-ға дейін болыс кірді. Әрбір округтің аумағы қатаң межеленген жері болды. Бұл округтік тұрғындары басқа округтің жеріне жергілікті бастықтың арнайы рұқ-сатынсыз өте алмайтын еді. Өз бетімен өтіп кетудің қандайы болсын қатаң жазаланды.

Болыстардың басында болыстық старшындар тұрды, олар да патша өкіметіне шын берілген сұлтандар мен билерден сайланды. Болыстарды басқаратын сұлтандар мен билер 12 класты чиновниктерге теңестірілді.

Ауылдарды селолық бастықтарға теңелетін старшын-билер басқарды.

Орта жүздегі хандық үкімет Жарғы бойынша таратылды. Жарғы шыққаннан кейін көп кешікпей Кіші жүздегі хандық үкімет те таратылып (1824 жыл), Батыс Қазақстан даласы билеуші сұлтандар басқарған үш алқапқа - батыс, орта және шығыс алқаптарға бөлінді.

Әрбір билеуші сұлтанның міндетіне Орданың тайпалардан тұратын тұтас бөлігін басқару да, сондай-ақ билер мен сұлтандардың ауылдарды және жекелеген тайпаларды басқаруына бақы-лау жасау да жатқызылды.

«Орданың көз алдында салмағын арттыру үшін» әрбір билеуші сұлтанға алтын қылыш, ту, қызмет дәрежесі көрсетілген грамота берілді.

Бұлардан басқа «Қырғыз старшындарының ұғымында бас сұлтандар атағын пайдалы да, тартымды етуге» тырысқан Азия комитеті билеуші сұлтандарға айына 100 сомнан күміс ақша, жылына 60 қанардан қара бидай ұнын беруді тағайындады.

Батыс және орта бөліктер арасындағы шекара Илецк қалашығынан бастап, Елек пен Үлкен Қобда өзендері арқылы, одан соң Темір өзенінен оңтүстікке бұрылып, Арал теңізіне дейін өтті. Орта және шығыс бөліктері арасында шекара Степная қамалынан басталып, Тоғызак және Тобыл өзен-дерінің жоғарғы жағын ала өтіп, оңтүстікте Сырдария өзеніне дейін жетті.

Қазақ даласында адамдар тағдырын шешетіндер - Орта жүзде аға сұлтандар, Кіші жүзде билеуші сұлтандар болды. Сұлтандар жанынан 200 адамдық орыс-казак отрядтары қосып берілді. Сұлтандарға мұндай отрядтар, қазақтарға «орыс рухында» ықпал ету үшін берілді деп ресми түрде айтылды. Ал шындығында, бұл отрядтар сұлтандарды күзетіп, әскери полициялық қызмет атқарды. Сонымен бірге, жергілікті өкімет солардың араласуымен, сұлтандар жұмысына өзіндік бақылау жүргізіп отырды, қажет болған жағдайда, оларды патша әкімшілігінің талабына орай әрекет етуге көндіріп отырды.

Жоғарыда айтқанымыздай, патша өкіметі сұлтандарды әр түрлі міндеткерліктер мен салық төлеуден босатты. Мәселен, Сібір корпусы штабының бастығы генерал-майор Броневский 1832 жылғы 17 ақпанда шекаралық өкіметке: «Көкшетау округтік приказының төрағасы болып істейтін сұлтан Абылай Габбасов пен Қарқаралы округтік приказының төрағасы сұлтан Тұрсын Шың-ғысов әрқайсысы мың бас жылқысы, 1500 өгізі және 100 бас қойы бола тұра заттай алым төлеуден біржола бос деп саналсын және олар қайтыс болғанда бұл құқық олардың аталас ұрпақтарына берілсін», - деп жазды.

1820 жылдардағы басқару жүйесін өзгертуге талдау жасағанда, феодалдық басшы топтың отарлау аппаратымен сіңісіп кету процесін айқын көруге болады. Патша өкіметіне қызмет етуге көшкен қазақ сұлтандары мен байлары Қазақстандағы феодалдық-отарлау езгіні бейнелейтін еді. Орта жүздегі аға сұлтандар мен Кіші жүздегі билеуші сұлтандарды шын мәнінде үкімет тағайын-дап отырды, лауазымды адамдарды жаңадан сайлау дегенің орыс әкімшілігінің шексіз бақылауы-мен ғана жүргізілді. Болыстық және ауылдық старшындардың істемейтіні жоқ еді. Патша қызме-тіне ауысқан қазақ феодалдары - аға сұлтандар, болыс билеушілері, ауылдық старшындар және дистанциялық бастықтар халықты феодалдық жаншудың бұрынғы формаларын сақтап қана қойған жоқ, сондай-ақ үкімет атынан салық жинады (түндік басынан алым, заттай төлем, жөндеу жүргізгені үшін алым, көшіп-қонғаны үшін ақша төлеу т.б.). Осындай алым-салықты жинау кезінде қазақ басқарушыларының қылмаған қиянаты жоқ. Орынбор өлкесіндегі Орданың шығыс бөлігінің билеуші сұлтаны Ахмет Жантөринді көптеген қазақ ру араларына қиянат жасағаны және

парақорлығы үшін айыптады. Орынбор Шекара Комиссиясы төрағасына Арғын, Қыпшақ рулары қазақтарының атынан 315 адам қол қойған арыз берілді. Ахмет Жантөриннің қылмысты ісін тексеру үшін комиссия құрылып, бұл іспен бір жылдай айналысты, бірақ ақыр соңында Ахмет Жантөрин кінәсіз деп табылды да, арыз аяқсыз қалды.

Сондықтан халық бұқарасының, бұл сұлтандарға соншалықты жек көрушілікпен қарауының бекер еместігін, жергілікті чиновниктер сан рет атап көрсетті. Мәселен, Орынбор өлкесінің тарихшысы С.Н. Севастьянов былай деп жазды: «Ресей тарапынан қолдау жасалғанына қара-мастан, билеуші сұлтандар қырғыздар арасында беделге ие бола алмады... Бүлікші қырғыздардың сұлтандар билігін сыйламағаны былай тұрсын, тіпті оларды өлтіріп тастап отырды. Мысалы, Жантөрин сұлтанға осылай істелді».

Даланы басқарудың жаңа жүйесі, әсіресе «Сібір қырғыздары туралы жарғы» далада ғасыр-лар бойы орнаған тәртіпті өзгерткені сонша, қарсыласудан сескенген үкімет, жаңа басқару жүйесін бірден енгізе алмады. Округтік приказдар құрылғанша, қазақтар арасында дайындық жұмыстары жүргізілді. Қазақтарды: «Приказдар мүмкін болатын шабуылдардан қорғау үшін құрылады, ал жер өздерінің мәңгілік пайдалануларына қалдырылды», - деп сендірілді. Шынында да, дайындалып жатқан қайта құру туралы алғашқы мәлімет, қазақ ауылдарында әжептәуір дүр-лігу туғызып, адамдарды сескендірді. Бұл тұрғыда Сыбан-Найман болысындағы бес қазақ рула-рының, 1824 жылғы қыркүйектегі үзілді-кесілді талап қойған хатын айту керек, олар бұл хатында төмендегі талаптар қабылданатын жағдайда ғана, приказдар құруға рұқсат ететінін жаз-ды:

1. Жаз жайлау мен қыстау орналасқан жерлер шекарасы бойынша осы арадағы алтын мен күмісі, басқа да кендері бар орындармен қоса, балық аулайтын көлдерімен, тағы сондай игілік-терімен аталған бес ру тармақтарының иелегіне мәңгілікке қалдырылатын болсын.

2. Біздерге, балаларымыз бен әйелдерімізге, мәңгі-бақи заттай төлем салығы салын-басын, солдатқа адамдарымызды алмасын және басқа да міндеткерліктер жүктелмесін. Егер алда-жалда бізден алым талап етілетін болса, алымның жеңіл түрлері сұралсын, мысалы, бізге бөлін-ген, біз тұрып жатқан жер үшін төлер едік, онан соң өнеркәсібіміз үшін жыл сайын 25 түндіктен бір түлкі беріп отырар едік.

3. Төбелес пен кісі өлімінен аулақ болу үшін ішімдік үйлерін ашпау керек.

4. Әскер жіберілмесін, өйткені нан жоқтығынан солдаттарды немен асырамақпыз.

5. Біздің халықтың арасында ұшырасатын кісі өлтіруден басқа барлық істі біздегі мұсылман талқысына берілісін. Біз күн көріп жатқан жерге ешкім де, тіпті мейірбандық іспен келушілерді қоса ешкім де араласпасын, тек оны бірден-бір билеуші генерал-губернаторға ғана бағындыру керек.

6. Біздің болыстан басқа болысқа қызметке адамдар жіберілмесін, себебі өз болысын өздері қорғау керек, ал егер осы үшін қажеттілік туа қалса, онда адамдарды жан санына қарай емес, түтін саны бойынша алатын болсын.

7. 3-5 жыл сайын патша ағзамға депутаттар жіберу құқығы берілетін болсын.

Бұл құжатта қазақтардың өмірлік мүддесіне қатысты мәселелер баяндалған еді. Ал бұл талаптарды үкіметтің қабылдамай тастағаны белгілі. Бұл арада мынаны атап өту маңызды: Кене-сары туы астында жиналып, ерлікпен күрескен, қазақтар да, осы талаптарды орыс отаршыларының алдына бірнеше рет қойып және осы талаптарға қол жеткізуді мақсат



тұтқан еді.

Приказдар ашудың дайындық жұмыстары, 1824 жылға дейін созылды. Осы жылы екі приказ: Қарқаралы және Көкшетау приказдары ашылды. Одан соң приказдарды ашу мынадай рет-пен жүргізілді: 1831 жылы - Аягөз, 1832 жылы - Ақмола, 1833 жылы - Баянауыл және Үшбұлақ, 1834 жылы - Қарағай, 1838 жылы - Көкпекті приказдары.

Округтердің төңірегінде тұратын қазақтардың бұрынғы жерлермен көшіп-қону құқығы шектеулі болды.

Кіші жүзде жаңа ірі әкімшілік реформасы 1831 жылы, «дистанциялық жүйе» деген енгізілген кезден бастап жүргізілді. Шекара Шебімен шектесіп, Атыраудың Зверинголов қамалына дейінгі аралықты алып жатқан барлық көші-қон жерлері 32 учаскеге - дистанцияға бөлінді. Дис-танция басына үкімет тағайындаған старшындар мен сұлтандардан бастықтар қойылды. Олар билеуші сұлтандарға бағынды және қазақ қауымын қазақ шонжарлары арасынан тағайындалған старшындар арқылы басқарды. Бұл реформа, шекаралық аудандарда қазақтар тәуелсіздігінің соң-ғы қалдықтарын жойды.

1834 жылы Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Қайдақ шығанағында Александров бе-кінісі салынды. 1840 жылы ол Манғышлақ түбегіне көшірілді. Сөйтіп, Арал мен Каспий теңіз-дерінің аралығында көшіп жүрген, әлі де болса өз тәуелсіздігін сақтап отырған, Адай руындағы қазақтарды бағындыру үшін бекініс база қалыптасты.

Кіші және Орта жүз қазақтарының саяси дербестігін жоюмен бір мезгілде, құнарлы жер-лерді тартып алып, оған орыс казактарын орналастыру жоспарлы түрде жүргізілді.

Мәселен, Орта жүзде Ертіс өзенін бойлай, Алтай өлкесін қамтыған жайылымға, балық ау-лайтын жерлерге, суға бай, ені он шақырымдық ұзынынан-ұзақ алқап казактардың қоныстануына берілді.

Әскери топограф Какулиннің есебі бойынша, тек 1829 жылы ғана орыс казактарына Ертіс бойынан, Өскеменнен Омбыға дейінгі 15000 шаршы шақырым жер алынып берілді.

Өз жерінен айырылған қазақтардың жағдайы туралы, өз көзімен көрген бір орыс шенеулігі былай деп жазған: «Казактар мен қырғыздар қоян-қолтық тұрады. Ертістен 10 шақырым бүкіл жағалау казактарға берілді, одан әрі далаға тереңдеп енген сайын олардың иелігіне көше береді, сөйтіп қырғыздар жиі-жиі Танталдың күйін кешті, су қақ жанында, бірақ ішуіне болмайды, сондай-ақ балық та аулай алмайды».

1831 жылы Новоилецк Шебі деп аталатын құрылысқа кірісу ұйғарылды. Соның салда-рынан, Елек пен Орал аралығындағы, су мен жайылымға бай жерлер, Кіші жүз қазақтарынан тар-тып алынды.

Қазақтардың Елек пен Орал арасындағы жерінен айрылғанына келіскісі келмеген, Табын руының старшыны Жоламан Тіленшиев жерді қайтаруды қайта-қайта талап етті. Бұған Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы жауап беріп: «Бұл жерлерде үйлер, бекіністер салынғанын, оларда тұз өндіруде жұмыс істейтін қоныстанушылар тұратынын және жерді қайтаруды талап етуден ештеңе шықпайтыны айтып», - жауап қайтарады.

1835 жылы «Жаңа» шеп құру басталды. Ол Ор және Троицк қамалдарының аралығымен тура бағытпен дерлік тартылды. Қазақтардың ата-қонысынан қуылған кезеңдерін көзімен көрген, колледж тіркеушісі Андреев былай деп жазды: «Ескі және жаңа Шептер аралығындағы жерді қырғыздардың екі руы, атап айтқанда, Қыпшақ пен

Жағалбайлы рулары мекендейтін, саны 12000 түгін шамасында, олар осындағы шабындықты пайдаланды әрі өздерінің тұрақты қыстақтары да бар. Қазір бұл жерлерді бастықтар, Орынбор қазақ әскерлерінің казактарын қоныстандыруға арнауы себепті мынадай сұрақ туады: Бұл аймақты мекендеуші қырғыздарды қайда орналастыру керек... Ескі және жаңа Шептер аралығындағы барлық кеңістікті шолып шығып, өз жолындағы кездескен ауылдарды мүмкіндігінше аралап көргенімде мен мынаған көз жеткіздім: бұл жерді бүкіл қырғыз даласындағы ең тәуір өңір деп атауға болады екен, жоғарыда айтылған қырғыздар оны атам заманнан бері қоныстанып, қыс қыстауларына, мал тебіндетуге ең қолайлы жер деп таныған. Бастықтар мұндай жерімізді тартып алғанда, орнына нақ осындай қолайлы жер бермейді дегенге олар сенбейді...».

Сонымен жерді тартып алу, приказдар құру, Жаңа және Елек Шептерін салу, қазақ бұқара халқының тіршілік ету жағдайына нұқсан келтірмей қоймады. Жақсы жерлер мен жайылымдар-дан айрылған соң, көшпелі мал шаруашылығы бұрынғы көлемінде жүргізіле алмақ емес. Қыс қыс-тауы мен жаз жайлауы тартып алынғаннан кейін, қоғамдық ұдайы өсу процесі елеулі түрде бұзылды.

Қазақ даласындағы жағдаймен танысу үшін, Орынбор өлкесіне арнайы келген Азия Департаментінің директоры К.К. Родофиникин сол кезеңнің жағдайына нақты баға береді: «Енді қыр-ғыздар, біріншіден: казактардың олардан қысқы кезде малдарын тебіндету үшін ішке өткізіп жібергеніне шамадан тыс төлем талап ететін және онан соң Шеп сыртында жатқан жерлерге осы маңның тұрғындарының орынсыз қожалық етіп, әр түрлі талап қоюларынан әбден жапа шегуде. Мұнымен қатар қыстауларға қатысты, айдалада жатқан көлдерден тұз өндіруге қатысты да қыр-ғыздарға әр түрлі қысым жасалады... Қырғыздар бұл сияқты қыспаққа Шепке таяу қыстақтарға қатысты да кездесіп отырады. Қысқы кезде далада мал үшін пана боларлық жердің аз кездесетіні белгілі. Сондықтан далалы жерді қоныстанған қырғыз рулары қыстау үшін кейде Сырдарияға және Орданың басқа да шалғай бөліктеріне дейін ұзап кетуге мәжбүр болады. Біздің Шепке таяу үнемі көшіп жүретін ордашылар үшін Шеп маңындағы өзендердің маңызы зор, өйткені бұл күнде далада сирек кездесетін тоғай мен қамыс өзендердің кей тұстарында бар, ондай жерлер қысқы ысқырған боранда қырғыздарға пана, суықта жылытатын отын әрі малға қорек берер еді».

Жекелеген округтерде қазақтар өздерінің қыс қыстауы мен жаз жайлауынан айрылуын аға сұлтандардан көрді. Атап айтқанда, Қарқаралы округінің аға сұлтаны Шама Абылайханов Омбы облысының бастығына былай деп жазады: «Мен өз тарапымнан Ресейге қызмет етуге әрдайым әзірмін, бірақ менің қарауымдағы қырғыздардың кәрі-жасы түгел мені кінәлап, орыс бастықтар біздерге ешқандай да көңіл бөлмейді деседі... Қазір де біздің жазғы және қысқы қонысымыз жайында өтініш жасапсың деп айыптап басымды қатыруда. Біздің жаз жайлау, қыс қыстауымызда орыстар қазір медресе және өзге де таулар төңірегінде шөп дайындауда, әрі қарауыл қойылған, сол жерімізде қыстауымызға батылымыз жетпейді, өйткені біздің малымыз шөпті жеп, таптап тастайды да орыстармен арада жанжал туады дейді... Сондықтан мен оларға не деп жауап берерімді білмеймін».

Қазақ даласын отарлау, жергілікті шекара үкіметі мен казак әскерлерінің шектен тыс қия-нат жасауы жағдайында жүргізілгенін атап айту керек. Жергілікті үкіметтің көбінесе пайдакү-немдікке салынуынан, орталық органдардың нұсқаулары әрі бұзылып, әрі бұрмаланып отырды. Азия Департаментінің нұсқауы бойынша қазақтарға шекаралық ауданға таяу жерлерде көшіп-қонуға және Орал өзенінен балық аулауға рұқсат етілген еді. Солай бола тұрса да, Оралдың әскери кеңсесі бұл жерді түгелдей өзіміздікі деп есептеп, оған қазақтарды жібермеді. Стат кеңес-шісінің толық мүшесі Родофиникин өзінің Орынборлық

үкіметке берген жарлығында былай деп жазды: «Үкімет ешқашанда Шеп сыртындағы жерді казактарға меншікке берген емес және олардың қырғыздарға қарсы өз әрекеттеріне ақтауға тырысқан бүкіл дәлелі негізсіз. Орталықтарға қатысты қаулының бірде-бірінде үкімет Шепке таяу, оның сырт жағындағы жерлерді қырғыз-дардың кедергісіз пайдалануға құқығын жоққа шығармады».

Жергілікті шекара үкіметінің зорлық-зомбылығы, орыс бодандығына өткен қазақтарға айуандықпен қарайтыны туралы мұны көзімен көрген біреу үрейлене жазды: «Ресейді қорғанышым болды деп сеніп, оған алым-салық төлеп тұруға көнген қырғыз-қайсақтарды бұл күнде генерал-губернатор казактардың шекаралық командаларының тепкісіне салып қойды, екеуара жанжалдасып қалатын болмашы іс үшін де қырғыз-қайсақтарды сап құрып таяққа жығады, тұт-қындайды, ал олардың әйелдерін адам құрлы көрмей қорлайды, осының бәрін бейне бір осы қыруар халықты Ресейден сырт айналдыруды көздеп әдейі істейтіндей әсер қалдырады».

Сонымен, патша өкіметінің отарлау басқыншылығы қазақтарды жақсы жерінен айырды. Қазақтардың көптеген жазғы жайлауы мен қыстауларының, патша өкіметінің қарамағына көшуі ғасырлар бойғы қалыптасқан көші-қонның дәстүрін бұзды. Бұл басып алулар, феодалдандыру процесінің жаппай тереңдеуімен байланысты, қазақтардың қалың бұқарасына одан бетер ауыр тиді, аталмыш басып алулар қауымдық жерді өз шонжарларының тартып алуы жағдайында жүргізілген еді.

Демек, қазақтардың ақыр аяғында, халықтық күреске айналған жер үшін күресуінің халық бұқарасы тұрмысында болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің бүкіл жүйесінде терең тамыры бар еді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында, жерді басып алу қазақтарға салық салуды енгізумен қатар жүргізілді.

Үкімет түтін басы салығының орнына, көбінесе халықтан қой, бидай, тары, арпа т.б. секіл-ді заттай алып отырды. Түтін басы салығын төлеу үшін, кейде әр үй 6-8 пұттан бидай беретін болды, өйткені, ол кезде ұнның бір пұты жәрмеңкеде 20-30 тиын тұратын. Алым жинаушылар, билеуші сұлтандар, дистанциялық бастықтар салық есебінен жиналған малды, астықты т.б. сатып, ал қазынаға ақшалай төлеп отырды. Сатудан түскен сома мен түтін басы алымының мөлшерлері арасындағы айырма, әлгілердің өз қалтасына түсті.

Орынбор Шекара Комиссиясының толық емес есебі бойынша 1837-1846 жылдарда тек Торғай облысынан ғана түтін басы алымынан 572 344 сом күміс ақша жиналды.

Үкімет қазақтардың түтін салығын жинауға наразы болуының себептерін анықтау үшін, Орынбор өлкесіне стат кеңесшісі Любимовты арнайы жол сапарға жіберді. Өлкедегі қазақтар жағдайымен нақты танысқаннан кейін Любимов былай деп жазды: «Енді сіңірі шыққан кедей қыр-ғыздардың өзі түтін басынан алынатын ақшаны шіріген бай адамдармен бірдей төлейді. Бұл салық біріншісіне мүлде ауыр тиетіндіктен ол талап етілген алымды төлеу үшін өзінің ең соңғы көрпе-жастығын сатады».

Шеп маңындағы жерде көшіп-қонатын Орта жүз қазақтары, әрбір 100 бас малға бір бастан жөндеу жүргізілгені үшін алым төледі, ал сосын бұл алым алыстағы қазақ ауылдарына да тарады. Бұдан басқа да, олар ясак деп алалатын тұрақты салық - заттай төлем төлеп тұратын.

Жерді, тұз кенін, Каспий теңізіндегі, Оралдағы, кейін Сырдария, Ырғыз, Торғай,

Тобыл және Арал теңізіндегі балық өндірісін оброктік күтімге бергені үшін ерекше алым тағайындалды. Үкімет орман байлығын, өзен тоғандарын және жер қойнауы байлығын монополиялап алып, оларды жергілікті қазақ халқын аяусыз қанаудың құралына айналды.

Орынбор Шекара Комиссиясы төрағасының жарлығымен 1837 жылы Шеп маңындағы жерлерде көшіп-қонған қазақтарға ақшалай алым енгізілді. Ол мал басына қарай жүргізілді, жыл-қыға - 9 тиын, мүйізді ірі қараға - 6 тиын, қой мен ешкіге - 3 тиыннан жиналды. Тек үш жылда, 1837-1839 жылдары ғана көшіп-қонғаны үшін 60 078 сом ақша жиналды.

«Әскери іздеу» деп аталатындар да қазақ ауылдарына бір сор болды. «Әскери іздеу» деп бейне бір қылмыстыларды іздеу үшін қырда жарақтанған жазалау экспедицияларын айтқан. Жаза-лау отрядтары ауылдарды ойрандап, малдарын айдап, мүлкін тартып алып отырған. Оларға билеуші сұлтандар белсене көмектескен. 1830 жылы тек тірі ғана Байбөрі болысында жазалау-шылар зорлық жасап, 12 мың қойды, 2 мың жылқыны, 1500 сиыр мен 700 түйені айдап алып кеткен.

Патша үкіметінің отарлау саясаты, қазақ қоғамының феодалдандыру процесінің одан әрі күшеюін тоқтата алмады, бірақ бұл саясат қазақ қоғамы басшы тобының отарлау аппаратымен сіңісуіне, қанаудың отарлау - феодалдық жүйесінің дәрежі түрінің тереңдей түсуіне әкеп соқ-тырды.

Қазақтың халық бұқарасы екі түрлі езгінің қыспағында қалды: өз шонжарлары бір жағынан және отарлық үкімет екінші жағынан.

Қазақстан жерін одан әрі жаулап алу және отарлау қазақтарды жақсы қонысы мен жайы-лымнан айырды.

1831 жылдан кейін, Кіші жүзде территориясында басқарудың дистанциялық жүйесі, қазақ-тардың рулық бөлінісін жоюға бағытталған шара еді.

Жүздің барлық үш бөлігі дистанцияларға бөлініп, бастықтарға қаратылды, ауылдарда старшындар басшылық жүргізді. Бұлардың бәрін патша үкіметі әкімшілігі тағайындап отырды. Осы арқылы қазақтардың территориясы мен өздері Ресейдің ішкі бағынысына көшірілді. 1837 жылы 1 сом 50 тиындық жаңа салық жүргізілді. Мұны бай-кедейіне қарамастан, әр отбасы жылы-на бір рет төлеуі керек еді. Салық жинау арқылы дистанциялық бастықтар мен ауыл стар-шын-дарды қазақтарды аяусыз қанады, ақшасы жоқтардың малдарын тартып алынды. Жыл сайын тұрғындардың 23 мың күміс сом жиналады екен. Бұлардан басқа, сондай-ақ, қазақтар жерді пайдаланғаны, малды жайылымға шығарғаны, тұзды алып өткені үшін де көптеген салықтар төледі. Орал арқылы малды өткізу үшін әр қойға 2 тиын, сиырға 5 тиын, жылқы мен түйеге 10 тиын төлем төленді, сонымен қатар казак станцияларында кепілдікке адам ұсталынып отырды. Бұл кірістердің бәрі Орынбор казак әскерлерінің қорына аударылып келді.

Қазақтардың жерлерін тартып алғаннан кейін, патшалық Ресей барлық шұрайлы аймақтарды иеленіп, жергілікті тұрғындарды осылайша қанауға кірісті. Жазалау отрядын ұйым-дастыру арқылы патша үкіметі барлық шығындарды қазақ халқының есебінен толтырып отырды.

Ал қазақтар бас көтермес үшін, 1837 жылдың 18 қарашасында Орынбор ведомствосының қазақтарды «орыстарды өлтіргені, ұрып-соққаны және құлдыққа сатқаны үшін» әскери сотқа беру туралы жарғысы шығарылды. Сөйтіп, патшаның езгісіне қарсы көтерілгендердің кез-келгені әскери губернатордың сотына берілді. Аталған шара

казактардан жаңа жерлер тартып алуға жағдай жасады.

Бірте-бірте патша жарлығымен 1840 жылы миллион гектардай алқап Орынбор казактарының иеліктеріне берілді. Соның нәтижесінде 3000-дай казак отбасы ол жерлерден қуандала-ларға қуылып тасталды. Деректерге сүйенсек, осы 1840 жылы Орынбор казак әскерлерінің құрамында 2 әскери округте 10 полкке бөлінген 63 мыңдай адам болған екен. Казактардың қол астында сол кезде казактардың шұрайлы деген 8 миллион десятин жері жатты.

Орынборлық казачество әскерлері туралы Ереже 1840 жылы қабылданды. Бұл құжатқа сәйкес, жаңа шекара шебіне казак әскерлерінің толық билігі бекітілді.

Казактардан патша ағзамға тек адал қызмет етуді ғана талап еткен үкімет оларға қай тұста, қай аймақта болсын өздері қалаған айрықша шұрайлы жерлерді бөліп беріп, өзендер мен көл-дердің суларын, оның байлықтарын алаңсыз, емін-еркін пайдалану құқығын сыйлады. Соның ішінде, әсіресе атаман-старшындар қауымына ерекше жомарттық пен мәрттік көрсетіліп, кейін олар ірі жер иеленушілерге айналып отырды. Жалпы, казак өлкесінің территориясында құрылған әскерлердегі жасы 17-ге толған казактың еншісіне 30 десятинадан, ал Орал өңіріндегілерге 80 десятинаға дейін жер үлестірілді.

Казачество мәртебесін сол кездегі император Александр II ресми түрде былай мәлімдеген: «Мемлекетке казак сословиесі жауласқан, қолайсыз тайпалардан империя шекарасын сақтау және оларды тартып алынған жерлерге қоныстандыру үшін қажет».

Шынында да, казактар армиясы, патшаның шет аймақтары - казак елін Ресей империясы құрамына түпкілікті қаратып, оны бағынышты ұстаушы негізгі күшке және басты тірекке айналды.

Казан төңкерісіне дейінгі орыс тарихшысы А. Рябинин: «Казактардың бітіспес жауы кыр-ғыздар (яғни, казактар. **-Автор**)», - деп жазды.

1822 жылғы Батыс Сібір губернаторы М.М. Сперанскийдің «Сібір қырғыздары туралы Уставы» әбден күшіне енген кезде, казачествоның казак даласына тереңдеп енуін жеңілдетте түсті. Енді көптеген казак елді мекендерінің орнына бекіністер салына бастады. Олар 1824 жылы бой көтерген Көкшетау мен Қарқаралы, 1826 жылы салынған Баянауыл, 1827 жылғы Ақмола, Көк-пекті, 1846 жылғы Атбасар әскери бекіністері.

Сонымен, аз уақытта казак жерінде: Көкшетау, Аягөз, Баянауыл, Ақмола бекініс қалалары пайда болды, осыдан соң Сібір шебі оңтүстікке - Қапалға (1847) және Верныйға (1854) жылжыды. Орынбор шебі Орск арқылы Сырдария бойына шығып, 1864 жылы бұрынғы Қоқан бекінісі Ақме-шіт алынған соң, Перовск порты, № 1 Қазалы, № 2 Қармақшы форттары салынды. Сол жылы Ал-маты мен Ақмешіт арасындағы таулы аймақтар жаулап алынғаннан кейін, ақыры Орынбор мен Сібір шептері қосылып, бүкіл казак жеріне «алқа» тағылды. Казак-орыс станциялары әскери шепте, бірінен-бірі алысқа ұзамай (арасы 96, 166, 22 шақырымнан), қаз-қатар орналасып, тізбегі үзілмеген шынжыр бұғау іспеттес болды. Елді мекендерде тұратын халықтың басым көпшілігі әскери адамдар еді.

Сонымен, патшалық Ресей өкіметі казактардың аяғы жеткен жерді иемденіп, жердің бұр-ынғы иелерін уысында ұстау үшін үлкен әскери-әкімшілік отарлау аппаратын құрды.

Олардың бар шығыны жергілікті халықты тонау есебінен жиналды. Қорыта келгенде, орыстар Қазақстанды XIX ғасырдың басында әскери күштерді қолданып, жоспарлы түрде ашықтан-ашық отарлай бастады. Бұл мақсатқа казачествоның шекара шебі негізгі соққы

беретін күш ретінде пайдаланып, XIX ғасырдың бірінші жартысында Жайық (Пугачев көтерілісінен кейін Орал деп аты өзгерген, Жайықтың атымен аталған) казачествосының шекара шебі Гурьев (қазіргі Атырау) қаласынан басталып, Орал өзенінің бойындағы толып жатқан бекіністер арқылы өтіп, Алабұта (қазіргі солтүстік Қазақстан облысындағы аудан орталығы Пресногорьковканың батыс жағы) отряды орналасқан жерге дейін созылды. Алабұтадан шығысқа қарай Орынбор казачест-восының шекара шебі, ал оның шығысына қарай бойлықтың 83 градусындағы Сибирский посел-кесінен бастап Омбы казачествосының шекара шебі жалғасып жатты. Мұның соңғысы Омбыға дейін жетіп, одан соң Ертіс өзенінің бойымен оңтүстік-шығысқа қарай күрт бұрылып, алты гео-графиялық ендікті басып өтеді де, Қытаймен шекаралас аймақтағы қазақтар көшіп-қонып жүретін Бұқтырма өзеніне дейін жетеді.

Міне, орыс империясы Қазақстанды солтүстік-батысынан, солтүстігінен және шығысынан осылай құрсаулы шеңберге алды, XIX ғасырдың орта кезінде Сырдария мен Жетісу казачество-сының шекара шептері құрылған кезде Қазақстанның төрт жағынан төрт казак армиясы бірдей бейне бір темір тордың қоршауында қалған сияқты болды.

Қазақтар мен казактар ара қатынасы тарихи өзара жаулық, соғыс, бірін-бірі тұтқынға алу, малдарын айдап кету көріністеріне толы. Күрестер ұдайы қиян-кескі жағдайда өтті. Онда жеңім-паздар да, жеңілушілер де болған жоқ. Екі жағы да аянбағандықтан, жеңіс жиі алмасып отырды.

Алайда, осы тұста жергілікті халықты көшіру бірден жүзеге асырыла қоймады. Өйткені, 1840 жылдары Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ ұлт-азаттық қозғалысы кең өріс алуынан жер-гілікті өкімет орындары сескенген еді.

Халықты наразы еткен мәселе - жаңа шекара шебінде тұрғызылатын станциялар мен пос-елкелерге құнарлы жерлер тандап алынды. Осы жердің байырғы тұрғындары қазақтардың иелі-гіндегі жайылымдар мен орманды алқаптар зорлықпен алынып, әскерлерге ережелік мөл-шерде көрсетілген жерден 1,5-2 есе артық берілді. Олардың қазақ жерлерін талан-таражға салуы, оны зорлықпен басып алуы ондаған жылдарға созылып, жергілікті тұрғындардың жерді өз қалауынша пайдалануына үлкен кедергі жасады, жағдайды шиеленістіре түсті.

Ресейдің өлкені отарлауды тездету мақсатында қолданылған шектен шыққан әскери-әкімшілік зорлық-зомбылықтары қазақ халқының үлкен бөлігінің көтеріліске ұласқан қарсылығын туғызды. Солардың арасындағы ең ірісі Абылай уақытындағы қазақ мемлекеттілігін қал-пына келтіруді өзіне мақсат етіп қойған, Кенесары Қасымов ханның қолбасшылығымен болған қозғалыс еді. Бұл көтеріліс Қазақстанды патша үкіметінің әскери күшпен бағындырушылығының ең кемі 40-45 жылға кері сырғытып тастады. Халық наразылығынан үрейленген патша үкіметі қазақтарды қоныс аудартуды кейінге қалдыра тұрды.

Орта жүздің үлкен бөлігі мен Оңтүстік Қазақстанның бірқатар аудандары, патша үкіметі әскери күштерінің қырып-жою әрекетімен қосылды. Бұл орайда патша үкіметі Империяның Кіндік Азиядағы алыстағыны көздейтін стратегиялық мақсатын басты назарда ұстап, Қазақстан халқының басым бөлігінің мүдделерімен есептеспей, бұл өлкелерді өзіне қосып алуды тездете түсуге тырысты. Қазақстанды, ал сонан соң Орта Азияны Ресейге қосу патша үкіметіне Британия империясымен бақталастықта жеңіп шығуға мүмкіндік берді.

1822 жылы басталған қазақ даласын басқару жүйесі, енді 1868 жылғы «Дала облыстарын басқарудың уақытша Ережесіне» сәйкес әкімшілік басқарудың жаңа жүйесіне

көшті. Осы Ереже бойынша Қазақ жері төрт облысқа бөлінді, олар: Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары. Аға сұлтандық жойылып, облысты енді тікелей генерал-губернатор басқаратын болды. Оған соғыс, әскери және азаматтық үкіметінің құқықтары берілді. Ал, 1882 жылы Батыс-Сібір, Семи-реченск және Семей облыстарының негізінде Дала Генерал-Губернаторлығы құрылып, олар Түркістан Генерал-Губернаторлығынан құрамынан шықты. 1889 жылы Семиреченск (Жетісу) облы-сы қайтадан Түркістан Генерал-Губернаторлығына қосылды. Осы өлкеде 1,5 миллион халық қоныстанды. Отырықшы халық 275 елді мекендерде орналасты. Атап айтқанда, 17 қала мен қала-шық, 169 Сібір казактары орналасқан поселкалар, 29 Жетісу казак-солдаттары орналасқан посел-калар және 60 шаруалар деревнясы болды. Сол кездегі ірі қалалар: Омск, Семей, Петропавловск, Павлодар, Ақмола, Өскемен және Қарқаралы. Осы өлкеде жалпы жер көлемі бір миллионнан артық шаршы метр болды және Россияның Европа жағының 1/5 бөлігіндей, бүкіл Германия мен Австро-Венгрияның жерінен үлкен болды. Әкімшілік басқаруды жақсарту үшін, әрбір облыс 5 уезге бөлінді және сол кезде 15 уезд болды. Атап айтқанда, Ақмола облысында: Омбы, Петро-павловск, Көкшетау, Атбасар және Ақмола уездері. Семей облысында: Қарқаралы, Павлодар, Семей, Өскемен және Зайсан уездері. Жетісу облысында: Лепсі, Қапал, Верный, Қарақол (Ыссық көлде), Пішпек және Жаркент уездері. Дала Генерал-Губернаторлығын генерал-губернатор бас-қарды. Ол ең жоғарғы дәрежедегі соғыс және азаматтық үкіметтің өкілі болып саналды. Облыс көлеміндегі мемлекеттік мүліктерге қожалық – генерал-губернаторға берілді. Дала өлкесін бас-қару қаулыларын шығару, Уставтарды енгізу, кеден бақылауының дұрыс жүргізілу тәртібін сақ-тау, шетел тауарларына баж салығын тағайындау, болыстардың құрылымына байланысты заң актілерін шығару, уездік бастықтарды тағайындау және орнынан босату, саяси сенімсіздерді жер аудару мәселелерін шешу және басқа да көптеген құқықтарға ие болды. Сондықтан жергілікті қазақтар оны «Жарты патша» деп атады. Дала Генерал-Губернаторының басқару құрамы мынадай болды: Канцелярия (екі бөлімнен тұрды), дипломатиялық, құпия бөлімдері, агрономия және шаруашылық бөлімдері.

Өзінің әкімшілік-саяси реформаларымен патша үкіметі басқарудың дәстүрлі жүйесін жойды. Қазақ өлкесіне көшпелілерді құнарсыз жерлерге ығыстырған орыс қоныс аударушыларын орналастыру үшін кең мүмкіндіктер ашты. Халықтың көп бөлігінің үстінен бақылаусыз билік жүргізуге ие болған Ресей барлық салада дерлік отарлау саясатын кеңейте түсті.

Осымен қатар, Қазақстанның Ресейге қосылуы арқылы қазақтар мен қоныс аударып кел-ген халықтар арасында шаруашылықтың айырбас пен әрекеттестік үшін жағдай жасалды. Сауат-тылықтың тарауы, сауданың жандануы, қазақ ауылдарын барлық кейінгі зардап–салдарымен бірге капиталистік өндірістік қатынастар кеңістігіне тарту үшін негіз қаланды.

## **2. Кенесары хандығының саяси құрылымы және ондағы Ақжолтай Ағыбай батырдың саяси қайраткер ретінде алатын орны**

Кенесарыға дейін, 1824-1836 жылдар аралығына, патша отарлаушыларына қарсы көтерілістерді, Кенесарының үлкен ағасы Саржан Қасымұлы бастады. 1836 жылы Саржан інісі Есен-гелді екеуі сатқындық кесірінен қаза табады. Көп ұзамай әкесі Қасым да қастандықпен қайтыс болып, Түркістанға жерленеді. Кенесары 1837 жылдан бастап, ағаларының отарлаушыларға қарсы күресін жалғастырып, өзі басқара бастады. Кенесары Қасымов та қазақ елінің қамы мен тәуелсіздігі үшін, кейінгі ұрпақтарын отарлаудың қанды шеңгеліне бермеу үшін алысты.

XIX ғасырдың 20-30 жылдарындағы патша үкіметінің ұлттық және отарлық саясатына қарсы бағытталған көтерілістер мен Кенесары қозғалысының түпкі мақсаттары бір. Ол қазақ жерін күшпен басып алуға қарсылық көрсетуден туған еді.

Орынборлық шекаралық комиссияның бастығы Г. Генске жазған хатында, Кенесары өзін казак отрядтары 1825, 1827, 1830, 1832, 1836 жылдары, 1837 жылы 2 рет, 1838 жылы 4 рет, 1840 жылы 3 рет ауылдарды тонап, бейбіт халықты қырып кеткендігін хабарлаған.

Кенесары хан патша үкіметімен барлық талас мәселелерді бейбіт жолмен, келіссөзбен шешуге тырысқан қайраткер болғанына көз жеткіземіз. Кенесарының тартыстан бас тартып, арадағы қайшылықтарды шынайы дипломатиялық жолмен шешуге ынтық болғанын бірқатар деректер дәлелдейді. 1838 жылы желтоқсан айында Үшбұлақ округтік приказы маңайында Кене-сары Қасымовтың Батыс Сібір генерал-губернаторы князь Горчаковқа, одан әрі І Николай патшаға арналған хаттарды тапсыру үшін жіберген бес өкілі қамауға алынып, Омбыға жіберілді. Олар Ақмола, Баянауыл округтерінде көтеріліске белсене қатысқан, Кенесарының сеніміне ие болған: Табылды Тохтин, Жүніс Жанкүшіков, Малберді Қонысбаев, Қасымбай Қазанғапов, Тай-ток Дәненов т.б. еді. Оларды Ресей жағы түрмеге отырғызып, келіссөзге бармайды.

Император Николайға жолдаған хатында: «Бұрынғы бүкіл Қазақ даласының иесі Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымовтан» ал, Батыс Сібір генерал-губернаторына арналған хатында: «Хан Абылайдың ұрпағы Кенесары Қасымовтан. Сіздің ата-бабаларыңыз бен, менің атам Абылай ханның кезінде біздің халқымыз тыныштықта өмір сүрді... енді бізден алым-салық жинай бастады. Бұрынғы бейбіт келісім бұзылды. Марқұм атамның жерінде қырылған сегіз дуан (округ) халқымыз үшін өте қолайсыз. Сізден сұрайтыным, округтік дуандарды жойсаңыз халық бақытты өмір сүрер еді», - делінген. Князь Горчаковқа жолдаған хатта патша шенеуніктерінің қазақ дала-сындағы озбырлықтары тарамдалып, тереңдетіліп, тізбектелінген.

Бірақ патша үкіметі келіссөздер жүргізу керек деп таппады, жүргізілген күнде патша гене-ралдарының ұғымы бойынша: «Азиаттармен келіссөз жүргізуде қорқынышты қоздыру маңызды тәсіл болып табылады», - деп санайды. (Батыс Сібір генерал-губернаторы князь Горчаковтың 1846 жылдың 24 шілде күнгі І Николайға жазған хатынан).

Жаулаушылардың басты мақсаты: елді өз дегеніне жібермеу, бас биліктен айыру, билеп-төстеу, қазақ даласына кеңірек кіру, барлық әрекетті күшпен, зорлық-зомбылықпен жасау болды.

Патша өкіметінің уәкілдеріне жазған хатында Кенесары Қасымов қазақ жеріне



бекіністер салуға қатты наразылық білдіреді. Сондай хаттарының бірінде ол былай деп жазады: «Біздің ата-бабамыз бізге мұра қылып тастап кеткен: Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жар-қайын, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Орқияқ, Тоғызақ төңірегі және Жайыққа дейінгі жерлер қазіргі патша тұсында бізден тартып алынып, оларға бекіністер салынды. Енді біздің жерімізді күн сайын басып алып, оған бекіністер орнатып жатыр, сөйтіп халықты ашындырып отыр. Бұл біздің болашағымызға ғана емес, тіпті қазіргі тіршілігімізге де үлкен қауіп туғызып отыр...».

Өзінің тағы бір хатында Кенесары патша өкіметі орындарына былай деп жазады: «1825 жылдан 1840 жылға дейін олар (жазалаушы отрядтар) біздің ауылымызды да он бес рет шауып кетті. Сондықтан біздер, қазақтар, мұндай қысымға және кісі өлтірушілікке шыдай алмай, лаж-сыздан басымыздың ауған жағына көшіп кетіп жүрдік. Бірақ олар сөйтсек те бізге тыныштық бермеді... Сондықтан да мен Кенесары Қасымов қаруланып алып, күресті бастауға аттандым».

Қазақ даласын отарлау: жергілікті шекара үкіметі, казак әскерлерінің шектен тыс қиянат жасауы және сұлтандардың зорлық-зомбылықтары халықтың ашу-ызасын тудырып, жаппай пат-ша өкіметінің саясатына қарсы көтеріліске шығарды.

Қазақтардың XIX ғасырда болған барлық басқа да ірі көтерілістерінен Кенесары көтерілісінің ерекшелігі, оған үш жүздің бұқара халқы түгел қатысуы. Олар күреске бірден, жұмыла қосылмағанымен, жекелеген облыстар қозғалысқа тартылған кезде өзге аудандардағы қозғалыс басылып қалып отырғанымен, Кенесары көтерілісі алғашқы жылдардың өзінде-ақ ғаламат кең құлаш жайып, бүкіл халық көтерілген қозғалысқа айналды.

Қозғалыстың бүкіл халықтық, кең қанат жаюы, айқын көрінген саяси сипаты Кенесары көтерілісініңөзіне тән ерекшелігі, осы көтеріліске қазақтың басты руларының бәрі қатысуы. Үш жақты езгіге: солтүстік-батыста патша өкіметінің отаршылық езгісіне, оңтүстікте Орта Азиялық хандықтардың езгісіне және сұлтандар мен билердің патриархалдық-феодалдық қанауына ұшы-раған қазақ халқының қалың бұқарасы Кенесарының соңынан ерді, оның жеңісі әбден титығы шыққан адам төзгісіз ауыр тұрмысты жеңілдетеді деп ойлады.

Енді Кенесары хандығының саяси құрылысын қарастырайық. Кенесарының Қазақ мемле-кеттілігін нығайтуға арналып қолданған шаралары, азаттық күрестің міндеттерімен тығыз байла-нысты болды. Кенесары, Ағыбай батырлар қазақтарды біріктіретін қуатты, бірыңғай орталықты мемлекетсіз Ресей мен Орта Азия хандықтарына қарсы ойдағыдай күресуге болмайтынын түсін-ген. Олар қазақтардың түбіне жететіні, олардың бытыраңқылығы, араларындағы ру араздығы және барымта деп талай рет ескерткен.

Кенесарының сол кездегі біртұтас мемлекетін құруға және оның әскери, сот, елшілік, қар-жы тағы басқа салаларда реформаларын жасауды ұйымдастыруда Ағыбай батыр көп еңбек сіңірді және оның тікелей қатысуымен іске асырылып отырды.

Оның бірнеше себептері бар еді: Біріншіден, Ағыбай батыр 13 жасынан атқа қонып, ба-сында Кенесарының әкесі Қасым хан мен халық көтерілісінің ең бірінші басшылары болған Кене-сарының ағалары Саржан мен Есенгелдінің жорықтарына қатысып, соғыс ісіне әбден шыныққан еді және олармен бірге Ресей, Қытай және Орт Азиялық хандармен болған барлық елшіліктеріне қатысып, көп тәжірибе жинаған болатын. Ресейдің және Орта Азиялық хандардың саяси және әскери құрамы мен олардың әскери тактикасын жақсы білген; Екіншіден, Кенесары әскерінің ұйтқысы және басым көпшілігі Орта жүзден шыққан

батырлар арасында Ағыбай зор құрметке ие болып және олар батырды қатты қолдаған, одан басқа Кенесары әскерінің мың басылары болған «Шұбыртпалының жеті бөрісі» аталған батырлар: Таңабай, Көлебе, Мендібай, Дулат, Жәуке, Толыбай, Шыңбай Ағыбайдың інілері болған; Үшіншіден, Кенесары мен Ағыбай құрдас болатын. Сондықтан, басында Ағыбай батыр Кенесарының бірінші әскери кеңесшісі болып, кейіннен Хан кеңесінде бас сардар болып тағайындалған; Төртіншіден, Кенесарының бас биі Ағыбайдың жақын туысы Ханаби Серкеұлы болған. Осы тарихи деректер Ағыбай батырдың жай батыр емес екенін, оның бірнеше табиғи дарын - қасиеттердің иесі, әрі саяси қайраткер екенін дәлелдейді.

Е. Бекмаханов өз еңбегінде: «Ағыбай Кенесарының ағалары Саржан мен Есенгелдінің пат-шаға қарсы күрестеріне басынан бастап қатынасқан. Кенесарының көтерілісіне ол қатал өмір мектебінен өткен, есейген батыр болып қосылды. Кенесарының құрдасы, әрі оның бірінші әскери кеңесшісі болды. Көтерілісшілер арасында ерекше құрметке ие болды. Ағыбай көтерілістің соңына дейін Кенесарыға деген адалдығынан айныған жоқ», - деп тарихи әділ баға береді.

Хорунжий Жаңбыршин Балқожаға жазған хатында Кенесары: «Қазақ өз жеріне өзі ие бола алмай, бір орталықтан басқаратын жеке мемлекет құрмай, ел болып жарытпайды», - деп орталық-тандырылған мемлекет туралы өз ойын ашық айтып, қазақтардың сол кездегі ру араздықтарын былай деп көрсетеді:

Ойда Қоқан, қырда орыс,

Хакім болды қаласы.

Кімнен таяқ жегендей

Біздің қазақ баласы,

Алдырып жүрген дұшпанға

Өзді-өзінің аласы.

Кенесары құрған мемлекет әскери-демократиялық мемлекет болды. Себебі, қазақ қоғамының өндірістік қатынастарының феодалдық негізі Кенесарының қайта құрушылық қызметінен өзгере қойған жоқ еді. Ол қазақ жерін өз хандығының меншігі деп қарап, бұл ойын бірнеше рет атап айтқан. Ол өзінің қызметінің алғашқы күндерінен-ақ патша үкіметімен қатынас орнатып, ортақ тіл табуға ұмтылды, сонымен қатар, Орта Азиялық хандықтарға бодан болудан үзілді-кесілді бас тартты. Қоқан хандығы Кенесарының ежелгі жауы еді, онымен Кенесары ешқандай келіс-сөзге барған емес.

Осы мәселе бойынша Ресей патшасына хат жазған билеуші сұлтан Ахмет Жантөрин былай деп жазды: «Кенесары жақтастарымен кеңескен соң, Хиуа және басқа хандықтардың қол астында болмауға нақты шешім қабылдады».

Кенесары өкіметпен өзінің дипломатиялық келіссөздерінде атасы Абылайдың тұсындағы қатынасты қалпына келтіруді талап етумен болды, ол Ресейдің қорғаушылығы астында болуға келісім бере отырып, қазақтардың саяси тәуелсіздігін және жерінің тұтастығын сақтауды талап етті. Кенесары Ресей елшілігін басқарып келген Бас штабтың поручигі Герн арқылы, үкіметтен өзінің «Ата-бабасынан қалған жерлерді» қайтарып беруді талап етті.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковқа: «Сіздер атамыз Абылай ханға тиісті жер-лерге округтік, дуандар құрдыңыздар, бұларыңыз заңсыз өйткені, ол жерлерде қазақтар

тұрып жатыр, олардың келісімі керек», - деп жазды.

Бірақ, патша шенеуліктері Кенесарының жіберген елшілерін тұтқынға алып, жазған хат-тарының біреуіне де жауап қайтарған жоқ. Николай I патшаның: «Бір патшалықтың ішінде екінші патшалықтың болуы мүмкін емес», - деген нұсқауынан кейін, Кенесарының талаптары орын-далмай қалады.

Бірақ, Кенесары феодалдық экономика шеңберінде оң нәтиже берген бірқатар реформалар жүргізді. Осы реформалар қазақ халқы күштерінің бірігуіне, Қазақ мемлекеттігінің күшеюіне алып келді. Хан билігінің әлеуметтік негізін, билердің орта тобы мен төре тұқымына жатпайтын батырлар мен басқа да тап өкілдерін құрады және қайта құрушылық қызметі ел билеуді ұйымдас-тырудың барлық жағын қамтыды.

Кенесарының қасындағы Ағыбай бастаған батырлар көтерілісте ерекше рөл атқаруымен қатар, қазақтардың біртұтас мемлекетін құруда белсенділік көрсетті. Батырлардың Хан кеңесінде басым көпшілік болғанын айтпағанның өзінде, олардың көпшілігі хандықтағы жеке істерді бас-қарды. Хан билігінің әлеуметтік негізін де батырлар құрады.

Қазақ мемлекетінің басында Кенесарының өзі тұрды. Оның жанында ең жақын серіктері-нен: батырлар, билер және ханның жақын туыстарынан құралған Кеңес жұмыс істеді. Халық арасында «Ереуіл кеңесі» деп аталған Хан кеңесі - кеңесуші орган болды. Кенесары Хан Кеңесінің құрамына бытыраңқылықты қолдайтын феодал шонжарларды кіргізбеді. Кеңеске азаттық күрес барысында халықтың құрметі мен сеніміне бөленген адамдар ғана мүше болды. Мәселен, Ақжолтай Ағыбай батыр, Иман және ханның інісі Наурызбай батырлар, өзінің елшілік табыс-тарымен атағы шыққан би - Шоқпар Бақтыбаев, Сайдақ қожа Оспанов т.б. Хан Кеңесінде елдің ішкі және сыртқы жағдайының аса маңызды мәселелері қаралды. Кенесары хандығының Жоғарғы орган - «Ереуіл кеңесі». Кенесары ханның кеңесі қалай өтетіні және ондағы Ағыбай батырдың ықпалының қандай екенін І. Есенберлиннің тарихи еңбегінен көреміз: «Кенесары мен Күнімжан тіркестіре тігілген «Ереуіл кеңес үйі» деп аталатын қос ақ боз үйге кіргенде, сұлтанның батыр-лары мен ақылгөй серіктері тегіс жиналған екен. Мұнда Ағыбай, Наурызбай, Құдайменді, Кіші жүздің Сыр бойындағы Табын тарауынан Бұқарбай, Атығай руынан Басықара, Алтай руы-ның атақты батырлары Жанайдар мен Төлебай, Кіші жүздің Есентемір руынан Байтабын батырлар бар еді, олардан басқа қарындасы Бопай, Кенесарының өзінің тетелес інісі Әбілғазы сұлтан, Нысанбай ақынмен тізелес есікке таман қойылған қазақы дөңгелек үстелдің жанында қолына қауырсын қалам ұстап бұқаралық Сидак қожа Оспанұлы, Польшада ереуілге қатысып жер аударылып келген, қазақтар Жүсіп деп атап кеткен ақсары, көгілдір көзді Иосиф Гербург деген ақын жігіт отыр. Соңғы екеуі Кенесарының хатшылары болып істейтін. Бұлардан жоғарырақ тұр-ған мыңбасы татар жігіті Ягудаұлы Әлім, төренің қырық адамнан құралған қарауыл жасағын басқа-ратын, ауыл Батырмұрат деп ат қойған, қазақтан әйел алып қазақ болып кеткен Мәлкет баласы Кішік пен Наурызбайдың шабарманы қашқын орыс солдатты Николай Губин тұр. Үйдегі адам-дардың ішінен Ереуіл Кеңесінің мүшесі емес, тек Жүсіп, Бопай, Батырмұрат және Николай. Бірақ, бұл төртеуі де ереуілге шын берілген адам болғандықтан Кенесары оларды мұндай үлкен мәжі-лістің біреуінен де қалдырмайды.

Кеңесте басты мәселе, Ақмола бекінісіне шабуыл жасауды шешкен соң, алда тұрған өзекті мәселелер мен жалпы жағдайды қарап, қанша жау әскері талқандалып, қолға түскен қару-жарақ-тардың және халқын сатқан, империяға қызмет еткен сұлтан мен байлардың аулынан, ұсталған керуендерден, патша қызметіндегі тілмәш, пристав, урядник секілді

шенеуніктерден түскен мал-мүлік санын, Кенесарының хатшысы Жүсіп тәмпіштеп баяндап береді. Сонда Ағыбай Кене-сарымен құрдастығын пайдаланып, еркін сөйлеп: «Жазығы жоқ орыс мұжықтарын шабудың қажеті қанша. Бұдан бізге зияннан басқа түсері жоқ, бұқараны босқа өшіктіріп аламыз», - деді. Оны отырған батырлар қолдап, Кенесары үндеген жоқ».

Осы үзіндіден көретініміз, кеңестің мүшелері тек қана әр рудың қазақтары ғана емес, басқа да ұлттардың өкілдері болғаны.

Кенесары мемлекетті сот, елшілік, қаржы, әскери іспен және азық-түлік жинау мәселелері-мен айналысатын жеке адамдар арқылы басқарды.

Ресейге жан-тәнімен қызмет істеген, Кенесарыға қарсы соғысқан қазақ сұлтандарының әскерін басқарған билеуші сұлтан Ахмет Жантөрин Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасына 1845 жылғы 19 маусымда жазған ресми хатында: «Кенесарының жақтастары оны ең батыл және ең ақылды хандарының бірі деп есептеді», - деп жазды.

Елшілік келіссөздерді өздерін осы істе танытып үлгерген Ағыбай батыр, Шоқпар Бақты-баев, Есенгелді Саржанов, Сайдақ қожа және татар Әлім Жағудин сияқты адамдар жүргізді. Олар патша әкімшілігімен, Қытаймен, Орта Азиялық хандармен және қырғыздармен болған бірнеше келіссөздердің барлығына қатысты. Ресей өкіметінің атынан келіссөзге келген поручик Герн Кенесарының елшілерді қабылдау рәсімін былай суреттейді: «Орынбор Шебінің орыс чиновнигі қасындағы серіктерімен Кенесары ауылдарына жақындаған кезде, сый-құрметпен қарсы алынды, чиновникке, сұлтан Кәрібайға және басқаларына арнап, өз аулынан екі шақырымдай жерге тік-кізген үш киіз үйлерде оларға азиаттарға тән ең жақсы тағамдар тартыла бастады, ертеңіне оған 100 құрметті жасауылдан тұратын өкілдік жіберді».

Қаржы мекемесі алым-салық жинаумен және керуендерден баж салығын алумен айналыс-қан. Бұл мекемені Кенесарының туысы Сейілхан басқарды. Өзінің бір хатында Кенесары былай деп жазды: «Рахымбайға, Әбілжапарға, Қажыбай, Шақғазыға, молда Арғынбайға және Бұқар иелігіндегі барлық көпестерге ескертемін, зекет жинау үшін сұлтан Сейілханды, Шоқпар биді және молда Ғабдусаттарды жіберіп отырмын, сіздер әр қостың оннан бір бөлігін беруге тиіссіз-дер».

Жоғарғы сот билігін Кенесары өз қолына шоғырландырды. Ру аралық сот істерін шешу үшін ол халық құрметіне бөленген бұрынғы билерді тағайындады.

Көтерілісшілерге көмектесуден бас тартқан ірі феодалдардың мал-мүлкі тартып алынып отырды. Күшпен тартып алардан бұрын мал-мүлік иелері алдын-ала хабарландырып отырған.

Сот ісін жүргізу тәртібін Кенесарының жеке рубасыларына берген нұсқауларынан байқауға болады: «Сіздерге белгілі болсын, сіздердің араларыңыздағы ұрыс-керіс пен жанжалды қарау, адам өлімі мәселесін де шешу Сейілхан сұлтан мен Шоқпар биге тапсырылған. Олардың қолдарында осы істерді жүргізуге рұқсат берілген жарлық бар».

Архив деректері жергілікті жерлердегі әкімшілік билікті «Кенесары эмиссарлары» деп аталған жасауылдардың жүргізгенін айғақтайды. Кенесары жасауылдары әр руға бекітіліп қой-ылды. Олар алым-салық жинау барысын, жоғарғы өкімет шешімдерінің орындалуын бақылап, кө-шіп-қону аудандарын белгіледі және Кенесарыға қосылған рулардың көңіл күйін бақылады т.б. жұмыстар атқарды. Олар ауыл-ауылға Кенесары үндеулерін таратып,

халықты көтеріліске шақыр-ды.

Маңызды тапсырмаларды орындау үшін төлеңгіттер де пайдаланылды, оларға әдетте кең құқық берілетін. Өзінің жауабында төлеңгіт Алданазар Жантаев былай дейді: «Кенесарының төлеңгіті болғандықтан мен өзім қалаған үйге кедергісіз қонып, керек кезінде, көлікті де пайдалана аламын, өткен күзде барлық бағаналылықтардың Кенесарыға өз еріктермен зекет төлеуі осының айғағы».

Кенесары иеленген аймақта оның айтқандары бұлжытпай орындалды. Орыс деректері де осыны айғақтайды: «Кенесары жақтастарының арасында қатаң тәртіп сақталған. Барлық бұй-рықтар бұлжытпай орындалады...».

Сөйтіп, Кенесары тұсында елді басқару белгілі бір жүйеге келтіріліп, мемлекеттік аппарат жеке салаларға бөлінді, әр атқарушы белгілі бір мемлекеттік қызметке (сот, әскери, елшілік т.б.) ие болды.

Кенесарының мемлекеттік аппаратты реформалауы, өкіметтің орталықтануына белгілі бір дәрежеде игі әсер етті.

Сот-құқықтық реформаның мақсаты, сот істерін қарауды жақсарту және барымта, өзара талас пен ру араздығын тоқтату еді.

Кенесары сот реформасын жасағанда, өзіне елеулі ықпал еткен қазақ әдет-құқық жинағы «Жеті жарғының» авторы ретінде белгілі, ірі сот реформаторы Тәуке хан (1680-1718) еді. Тәуке заңдары өзі құрған мемлекетті нығайтуға бағытталғанды.

Осы сот реформасы жасалғанда, Ағыбайдың тікелей қатысқанын мына архив қолжазбасынан көруге болады: «Кенесары, Ағыбай, Наурызбай, Бала би, Басықара және басқалар Хан кеңесінде жиналып отырғанда Ағыбай Кенесарыға айтты: «Біздің қолдың ішінде орнатылмаған бір жоба бар. Егерде бірін-бірі өлтірсе, соған құн сұрау керек еді» Сонда Кенесары айтты: «Ердің құны 30 түйе болсын». Ағыбай: «Иә, алдияр, қараша қазақтардың құны кесілді. Енді төренің құнын кесу керек». Кенесары Ағыбайдың бетіне жаман көзбен қарап үндемейді. Үшінші ретінде ашуланып қыран, суық түрмен қарап: «Ей, көсе, төренің құны 100 түйе, құныкер һәм таңдама қыз, қара кілем, қара нар болсын». Ағыбай: «Иә, төре, жақсы айттыңыз. Сіздің ағаңыз Бопының құны да осы ма?» - дейді. Кенесары ашуланып, түксиіп отырады. Осы кезде Досбол: «Ей, Ағаке, төрені өлтірейін деп жүр ме едің?» - дейді. Ағыбай: «Ажал келсе төресі не, қарашасы не? Реті біледі. Қолынан еш нәрсе келмейтін Бопы сықылданған төрені көрмесем екен. Әйелдің құны қандай?» Кенесары сонда: «Қалың мал қандай болса, құны да сондай. 47-37-27 басы жақсымен. Басы жақсы деген байлар 47 қара малдың үстіне 30-20-10-5 түйе артық төлейді. Бағзы бір байлар жүз-жүзден мал береді», - дейді...».

Әдеттегі құқық нормаларын, дамушы феодалдық қатынастар талабына сай бейімдей отырып, ол ру араздығына қарсы аянбай күресті және жеке сұлтандар мен старшындардың дербестігін шектеді. Сонымен қатар қазақтардың әдеттегі құқығына жаңалықтар енгізе отырып, ол сот би-лігін толық өз қолына шоғырландырды. Алғаш Тәуке заңдары бойынша сот құқығы мемлекеттік өкімет органдарына берілді. Орталықтандырған мемлекетке қарсы болған ру билері мен сұлтан-дардың мүддесіне осылайша елеулі соққы берілді.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы тағы бір ірі тұлға, Кенесарының заң шығарушылық қызметіне елеулі ықпал жасаған Арғынғазы сұлтан болды.

Оның реформаторлық қызметі Тәуке ханға қарағанда басқаша сипатталады. Соған

кара-мастан Арынғазының сот ісін құру қызметі хан билігін нығайтуға арналған еді. Оның біріктіруші саясаты феодалдық негізде құрылды. Арынғазы ру шонжарлары билердің сот құқығын шектеді. Рулар арасында дау-жанжал ол тағайындаған қазы арқылы шешілетін болды. Арынғазының заң шығарушылық қызметіндегі бір жаңалық - ол сот ісін қазақтардың әдеттегі құқығы бойынша емес, шарият дәстүрлі бойынша жүргізу. Бұл сөзсіз түрде оң қадам және қазақтардың құқықтық қатынастарының дамуындағы белгілі бір кезең болды. Арынғазының заң шығарушылық қызметі туралы Мейендорф былай деп жазды: «Өзіне халық ықыласын аудару үшін әділ сот жүргізуде, бірақ ол сот ісін аталар заңы бойынша емес, ешкім білмейтін бейтаныс Мұхаммед заңдары бойынша жүргізді».

Кенесарының қызметінде қазақтардың әдеттегі құқығын тура жоққа шығару байқалмаса да, оны бар уақытта қолдана қойған жоқ.

Сот-құқықтық реформаны Кенесары біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуына барынша қарсы болған ру басылармен аяусыз күресе отырып жүргізді.

Өзінің заң шығарушылық қызметін Кенесары әдеттегі құқықтарға өзгерістер енгізуден бастады, ол ру билерінің сотын таратып, сот ісін өзі тағайындаған билер мен жасауылдардың қол-ына берді. Мысалы, ол Төртқара руының құрметті билері етіп Байтен Бекмырзаев пен Қазанғап Өтебасовты бекітті. Шөмекей руында би атағын Тағбан Мәмбетбаев алды.

Қызметін жеке мүддесіне пайдаланған билерді Кенесары дереу орнынан алып, олардың орнына халық сеніміне ие болған адамдарды қойған және оларға «граф» атағын берген. Кенесары ордасында болып қайтқан хорунжий Құсияпғали Орманов Орынбор Шекара Комиссиясының төр-ағасы, генерал-майор Ладыженскийге: «Кенесары шөмекейліктердің құрметті биі етіп, граф атағын қоса беріп, Өтетілеу Кетебаевты тағайындады», - деп жазған. Құсияпғали Орманов хаты-ның соңында былай дейді: «Кенесары жоғарыда есімдерді аталған билерге «графтарға» деп хат жазған, одан басқа Кенесарының әйелі де менің моллам арқылы хат жолдап әлгілерді «графтар» деген».

Рулар арасындағы аса маңызды сот істерін, сондай-ақ өзінің қол астынан тыс жерлердегі рулардың бұларға талап қойған шағымдарын Кенесары тікелей өзі қарады немесе сол жерлерге арнайы жасауыл жіберіп қараттырды.

Талап қойылған сот ісін қарауды негізінен үш топқа бөлуге болады:

1. Кенесарының қарауындағы рулардың барымта және адам өліміне байланысты қара-латын сот істері;
2. Кенесарыға бағынышты емес рулардың арыздары қаралатын сот істері, олар бұған жиі арызданатын;
3. Кенесарыға қарасты қазақтар мен патша бодандары арасындағы дауды шешетін сот ісі.

Осы топтардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырып көрейік.

Рулар арасындағы жанжалды қарағанда, Кенесары араздықты тоқтатуға және өзінің жақ-тастарының арасында бірлікті сақтауға тырысты. Ол өзінің қарамағындағы қазақтардың малын рұқсатсыз тартып алуға қатаң тыйым салды және тартып алынған жағдайда малды бірден қай-тарып беріп отырды. Өзінің ағасы Көшек сұлтаннан да, ол айдап әкеткен жылқыны бір құлынын да қалдырмай қайтаруды талап етті.

Орыс деректері көрсеткендей: «Өзінің барымталауды және тонауды қолдамайтынын, қазақ халқын орыс езгісінен құтқару үшін келгенін» халық жиналғанда қайта-қайта айтып отырды.

Кенесарының жүргізген саясатының сол кездегі қазақ қауымына игі ықпал еткенін мына мысалдан көруге болады. Ақмола округінің Айтқожа-Қарпық болысының алғашқы билеушісі болып 1832 жылдың 3 қыркүйегінде 10 мың жылқы біткен атақты би Сапақ Тәңірбергенұлы сай-ланады. 1833 жылы 2 сәуірде Сапаққа капитан шені берілді. Алайда, Сапақ орыс патшалығының үмітін ақтамай, 1837 жылы Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді жақтаушысы болды. Сапақтың бастауымен Енең-Тұңғатар, Айтқожа-Қарпық, Тінәлі-Қарпық болыстары толы-ғымен көтеріліске шықты. Оларды және басқа да Кенесарыға қосылған қазақ руларын райдан қайтару үшін, 1837 жылдың соңында патша үкіметінің арнайы тапсырмасымен келген, Омбы мұс-ылман мешітінің имамы Мұхамбет Шәріп Әбдірахмановқа Сапақ жылы лебіз білдірмей, кейін қайтарады.

Сапақтың Кенесары көтерілісіне қосылғанын дәлелдеу үшін ҚР Орталық мұрағатында сақталған Сібір кеден округінің бастығының 1838 жылы 20 наурыздағы құпия хатынан үзінділер келтірейік: «...Кенесары и соучастник Сапак еще перед истреблением отряда Рытова (начальник Актауской крепости) сделали заговор, чтоб напасть на Акмолинский приказ, истребить его и весь тамошний казачьей отряд и потом атаковать самое укрепление Актау, лишенное таким образом помощи из Акмолов...».

...Сын Сапак набежал с шайкой киргиз на наш казачий пикет 3-й по линии от Акмоллов к Актау, где три казака ранены, но спаслись бегством, успев захватить одного киргизского маль-чика, который говорит, то шайка Сапака отдельна от той, которая находилась под предво-дительством Кенесары...».

Кенесарыға қарасты қазақтар өздерінің жанжалдарын шешуді өтініп, оған жиі келетін бол-ған, ол өзіне қарасты рулардың арасындағы барымта мен жайылым үшін болатын жанжалдарды өршітпей екі жақты бітістіріп отыруға барынша тырысып баққан және әділ шешкен, осыны есті-ген Кенесарының қол астынан сырт жердегі қазақтар да өздерінің даулы мәселелерін шешуді өтініп келетін болған. Мысалы, Арғын руының өкілдері Мыңбай, Талпақ, Байман Кенесарыға қыпшақтардың үстінен арыз айтып келеді, сонда ол өзінің жасауылдары Масақ пен Қажауға: «Сұраушыларды ертіп, бағаналы-қыпшақтарға барып, арғындардың арызын әділ шешіндер», - деп бұйырады. Жасауылдар Арғын руының өкілдерімен қыпшақтар ауылына келіп, билермен бірге істі қарап, әділ шешімін шығарып, екі жақты бітістіріп қайтады.

Өздерінің даулы мәселелерін шешуді өтініп, Кенесарыға оның қол астынан сырт жер-лердегі рулардың көптеген қазақтары да келетін болған, ал Кенесары олардың мәселесін қараудан ешуақытта бас тартпаған. Мысалы, төлеңгіт Есқара Қосқадамов былай деп көрсетеді: «Алшындар Кенесарыға келіп, ерте уақыттардан бері араздасып келген Бағаналы руымен татуластыруды өті-неді Кенесары бұған келісіп, өз атынан Қадыр биге, Жүзен биге және Басалқа сұлтанға хат жі-берді».

Оған алыстағы Адай және Шекті руларының өкілдері де жиі келіп отырған. Мысалы, Көті-бар батыр балалары Дәрібай және Есет келіп, төртқаралықтармен «Ертеден келе жатқан жер дау-ын» шешуді өтінеді. Кенесары «Одан бері 20 жылдан астам уақыт өткен ескі дау» болуы себепті мұны құп көрмеді. Кенесары оларға төртқаралықтармен татуласуды ұсынған еді, бірақ бұлар кел-іспей, өкпелеп өз аулына қайтып кетеді.

Ең күрделі мәселе - Кенесары жақтастары мен империяға «адал берілген» билерге қарасты ауылдар арасындағы сот істері. Мұндай жанжалдарды көп жағдайда өздерінің бодауындағы қазақтарды Кенесары қарамағындағы ауылдардың малдарын барымталауға айдап салып, патша тыңшылары туғызатын. Бұл секілді жанжалдарды басу үшін Кенесары өз жақтастарының малын барымталаған руларға өзінің өкілін жіберіп отырды. Егер бұдан нәтиже шықпаса, Кенесары билеуші сұлтандарға сөз салып, осы дауды шешуді өтінетін. Ал бұл табысты болмаса, Орынбор Шекара Комиссиясына немесе тікелей губернаторға хат жолдап, билеуші сұлтандардың бұл істі шешуге пайдасы болмағанын түсіндіретін.

Орынбор әскери губернаторы генерал Обручевке хатында Кенесары былай деп жазды: «Тілеукабақ, Назар, Шүрек рулары өздерінің бұрынғы жауыздықтарын қайталап, бастапқыда Жағалбайлы руының бірнеше ауылдарын тонап, малдарын айдап әкетті, сонан соң төрт қаралық-тардың жеті рет жылқысын айдап әкетті және үш рет ауылдарын тонады, ал шөмекейліктердің тоғыз рет малын ұрлады. Біз оларға адамдарымызды жіберіп, жылқы айдап кеткен істі қарағымыз келді, бірақ олар мүлде бет бақтырмай қойды. Бұл туралы билеуші сұлтандарға айтып едік, олар да біздің өтінішімізге көңіл аудармады».

Атап өтетін бір нәрсе, архивтердегі барлық деректерден, Кенесарының өзінде де және жалпы көтерісшілер арасында құл деген болмаған. Сол кездегі бай-манаптардың құлдарының ешқандай да құқығы болмағаны белгілі, тіпті иесі оны өлтіргені үшін де жауап бермеген. Темеш болысының қазағы Тілеген Кенетеєвтің заседатель Сердюковтың тергеуіне берген жауабы: «Ол белгілі бай Сейтен Азнабаевта 20 жылдай құлдықта болды. Қашпақшы болған әрекеті үшін Азна-баев оның анасы мен қарындасын өз үйлерінде өртеп жіберді және Кенесарыдан өз құлын өлтіруге рұқсат сұрады. Кенесары оны өлтіруге рұқсат етпеді, қайта оның ұзақ жыл еңбегі үшін 40 ұрғашы тай немесе 20 құлынды бие беруді, әрі Сейтен отқа өртеген анасы мен қарындасының құнын төлеп, өзіне бостандық беруге бұйырды». Кенесарының құлды еркіндікке босату туралы және оған басы бос қазақ құқығын (құн төлеу) беру туралы шешімі аса көңіл аударарлық.

Қазақ руларының сотқа жүгінгендегі негізгі дауы - барымта мен ру араздығына Кенесары-ның қалай қарағаны айтуға тұрарлық.

Кенесары жақтастарының кейбіреуінің жауабынан және патша жансыздарының көрсеткеніндей Кенесары барымтаға жаны қас болған. Мысалы, Кенесары тобының қазағы Дәнетеров тер-геуде былай деп жауап берген: «Кенесарымен бірге көшіп-қонамын, бірақ ол тонауға рұқсат етпеді, алайда біз, жолдасым екеуміз, өзіміз кеттік».

Кенесарыға барып қайтқан Қанжығалы болысының биі Ноғыр Таймасов өзінің жауабында былай деп хабарлайды: «Оның рұқсатынсыз жылқы айдап әкетіліпті, бірақ ол мұндай істі қол-дамады және кінәлілерден айып алды, ал жоқ іздеп келген адамға 40 жылқысын қайтарды».

Орыс шенеуліктері: «Кенесары өз жағындағы қырғыздарға барымтаны, ұрлықты тоқтатуға және тыныш өмір сүруге бұйрық берді, сонан кейін оның көшіп-қонған жерінде тыныштық орна-ды», - деп жазған.

Барымтаға байланысты пайда болатын руаралық жанжалды Кенесары қалай да шешуге тырысты, мысалы, ол Шөмекей және Төртқара руларының арасында барымтаның тыйылуына қол жеткізді. Осы жағдайда байланысты әскери старшын Лебедев былай деп жазды: «Кенесары атал-ған рулармен достасып алды және оларға барымтаны доғару жөнінде жақсы кеңес беруде».



Кенесары жауласушы руларды татуластыруға ерекше мән берді. Ол ру араздығы мен өзара жауласуды тоқтатпайынша, мемлекет бірлігін қамтамасыз етуге болмайтынын түсінген. Кенесары хан сайланған күні-ақ барымтаны тоқтатуды және жауласушы рулардың татуласуын бірінші кезекте талап етті.

Билеуші сұлтан Ахмет Жантөрин Патша шенеуніктеріне былай деп жазды: «Кенесары бей-біт көшіп-қонған қазақ тайпалары: Шөмекей, Төртқара және Шекті руларымен достасып алған, оның ақылына құлақ асқан аталмыш рулар барымтаны қойғаны өз алдына, сонымен бірге бұрын өздері айдап әкеткен малдарды иелеріне қайтарып берген».

Кенесары қызметінің осы жағына үкімет ерекше маңыз берді. Орынбор Шекара Комис-сиясының төрағасы Генстің хаты осыны көрсетеді: «Жаман жағы, Кенесарының татуластырушы, жарлық беруші рөлін орындауға кірісуі, яғни ол орда басшысына айналған, ал осылайша табысты қимылдаған сайын жақтастары көбейіп, Ордада ықпалы күшейеді де, бізге соншама қауіпті бола түседі».

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Кенесарының қызметі рулық араздықты жоюға және қазақтардың әдеттегі құқығына елеулі өзгерістер енгізу нәтижесінде оны жалпы мем-лекеттік құқық дәрежесіне көтеруге көмектесті деуге болады. Ал жауласушы руларды бітімге келтіру, феодалдық алауыздықтың тыйылуына жеткізді.

Салық саясатындағы негізгі өзгеріс - жекелеген феодалдар жинайтын алымды хан қазы-насына түсетін бірыңғай салықпен ауыстыруға Кенесарының талаптануы деу керек. Бұл фео-далдық алымды, мемлекеттік салықпен ауыстыру қадамы болды. Кенесары билігін мойындаған қазақтар Хиуа, не Бұқар хандарына салық төлеуден және орыс өкіметіне түтін салығын төлеуден құтылған еді. Бұл қазақтардың алым-салықтан біршама жеңілдеуіне әсер етті. Кенесары мал шаруашылығымен айналысатын аудандардан «зекет», ал егіншілерден «ұшыр» салығын сақтап қалды. Кенесары белгілі бір өлшемді сақтап отырды: 40 басқа дейінгі малдан салық мүлдем алын-байды, 40 бастан 100 басқа дейінгі малдан 1 бас, онан әрі әрбір 40 бастан 1 бас алынып отырды. Көптеген Кенесары жақтастарының жауабы және архив деректері осы өлшемді растайды. Жинал-ған зекет негізінен әскер қажетін өтеуге жұмсалды.

Архивтік құжаттардан зекетпен қатар қазақ рулары өз еріктерімен зекет көлемінен де асып түсетін жылу жинап отырғанын байқаймыз. Урядник Лобановтың хабарына қарағанда: «Хиуалық және Орынборлық алшындар Кенесарымен байланыс жасап, оны хан санаған, оған астық және мал беріп отырған». Кенесары өзінің бір хатында: «Бізден азық-түлік ал деп, Тінәлі-Қарпық-тардың өздері маған ұсыныс жасады», - дейді.

Зекетпен қатар «ұшыр» салығы да жиналды. «Ұшырды» тек егіншілікпен айналысатын рулар ғана төледі. Олар салық жинаушыларға қырмандағы астықтың 1/10 бөлігін беріп отырды. Бұл уақытта Кенесары жақтастарының біршама бөлігі Сырдария, Сарысу, Іле өзендерінің тармақ-тары бойында егіншілікпен айналысқан. Барлық жиналған салық әдетте жалпы мемлекеттік қазынаға түсті және көтерілісшілер мұқтажы мен әскерді ұстауға жұмсалды.

Кенесарының салық саясаты өзі құрған мемлекетінің нығаюына көмектесті. Бұрын әрбір ру феодалдары салық жинай алатын, мұның өзі мемлекеттік биліктің әлсіздігінің басты себеп-терінің бірі болған еді. Ал, енді салықты тек жоғарғы өкімет қана жинай алды және ол өкіметтің материалдық жағдайын нығайтып қана қоймай, қазақ мемлекетінің беріктігін күшейтті.

Кенесары өзінің реформаларымен қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуын тежеген патриархалдық-рулық институттардың ескі формасын жойып, шаруашылықтың егін-шілік, сауда сияқты неғұрлым алдыңғы қатарлы формаларын құруға алғышарт жасады және Қазақстанда қалалық орталықтарды салуды армандады, осының бәрі Тәуке ханнан кейін феодал-дық негізде қоғамдық құрылыстың анағұрлым оң формаларына негіз қалаған аса ірі мемлекеттік қайраткер екенін көрсетті.

Сол кездегі алдыңғы қатарлы, Ресей империясының ауыр зеңбіректі, оқ-дәрілі мұздай қаруланған, дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы армия саналатын қарулы күштеріне, 10 жылдан астам пәрменді тойтарыс бере алған, әскерді ұйымдастыру Ағыбай батырдың басшылығымен құрылды.

Кенесары, Ағыбайдың әскери күштерді ұйымдастырудағы олардың кейбір жаңалықтарына көңіл аударарлық.

Сол кездегі қазақ әскері жиырма мың жігіттен тұратын армия болды. Оның ұйтқысы батырлар бастаған жасақтар мен төлеңгіттер болды. Барлық шешім әскери кеңесте шешілді және соғыс жоспарлары жасалып, үлкен жорықтар алдындағы жауапты шешімдер қаралатын. Әскери кеңестің құрамында оның жақын сенген серіктері: Ағыбай, Таймас, Жоламан, Кенже, Жеке бат-ырлар, інісі Наурызбай және Сайдақ қожа Оспанов болды. Іс жүргізуді ұзақ уақыт Бұқарда тұрған өзбек Сайдақ қожа басқарды.

Оның жауынгерлері жорық шатырымен және азық-түлікпен әруақытта қамтамасыз етіліп отырды. Тіпті Кенесарының әскерімен бірге жүріп, азық-түлік сататын орскілік екі көпесі – Хұ-сайн және Мұса Бурнаевтар болды. Әскер жүріп өтетін жолда алдын ала жасақтар тынығуына тоқтайтын, керек кезінде аттарын ауыстыратын және азық-түлік пен жем алатын қоныстар дайын-далатын.

Қазақ әскері жүздікке және мыңдыққа бөлінді. Солармен қатар, асқан мергендерден құрылған ерекше отряд бастығы «мерген басы» қызметі болды.

Ағыбай батыр әскери іске жүйелі түрде үйретуді алғаш рет жолға қойды. Оның әскерлерінің бір бөлігі тұрақты түрде әскери өнерге үйретілді. Көтерілісшілерді әскери іске көтеріліске қосылған қашқын орыс солдаттары мен башқұрттар үйретті. Құсмұрын приказы Уақ болысының қазағы Бегалиннің көрсетуінде былай делінген: «Кенесары аулындағы орыстар мен башқұрттар оның жақтастарын зеңбіректен атуға, сап түзеуге және солдат әдістеріне үйретуде».

Кенесарының солдаттарды үйретуге арналған тұрақты қосыны болғанын онымен келіссөз жүргізуге келген қырғыз манаптарының өкілі Қалығұл да растайды. Ол: «Мыңға жуық жігіт мер-гендікке үйреніп жатты. Жігіттердің жеке топтары қылыштасу, ал бір тобы найзаласуға жаттығу өткізді», - деп жазды.

Қатаң әскери тәртіп орнатуға ерекше көңіл бөлінді. Тәртіпті бұзғандардың қайсысы бол-сын қатаң жазаланып отырған. Кенесары сатқындық үшін өлім жазасын қолданған. Оның қосыны әр уақытта толық әскери дайындықта тұрды. Кенесары әскерінің тәртіптілігін билеуші сұлтан Ахмет Жантөрин де мәлімдейді. 1845 жылы маусымда Обручевке жазған хабарында былай дейді: «Кенесары атқа қонып, тіл қатса болды, адамдары көз ілеспес жылдамдықпен жиналып, қарула-рымен ат үстінен табылады».

Кенесарының әскерлерінің қатаң тәртіп болғанын және сақадай сай, әр уақытта ұрысқа дайын болғанын, оның ордасында болған елшілік қана емес, барлау жұмыстарымен

арнайы кел-ген Ресей бас штаб қызметкері Долгов өз хабарламасында арнайы атап өткен: «Кенесарының бейқамсыз деуі жай сөз, бұл оның ұдайы сақтығы мен байқампаздығын байқатады. Оның ордасы әр минут сайын шабуылды не қуғынды күтіп, әзір тұрған уақытша қосынға ұқсайды».

Ағыбай батыр алғаш рет әскери айырым белгі енгізді. Оның әскерлерінің кеуделері мен иықтарында қызыл және көк матадан жапсырмалары болған. Сыйлы адамдар мен әскербасылар қызыл шұға қынапты қылыш асынған. Ал, Кенесарының өзі орыс полковнигінің эполетін таққан.

Белгілерді тағу тәртібі туралы Күрең Абылаев өзінің жауабында былай деді: «Бұл бүлік-шілердің бәрі кеуделеріне үш қатар қызыл бау тағып алған».

Кенесары шайқастарда ерекше көзге түскен жігіттерді әлеуметтік жағдайына қарамастан көтермелеп отырған. Кейде қарапайым қазақтардың өзін жасауылдыққа тағайындаған. Поручик Герннің мәліметіне қарағанда, Кенесары әскерінде «ерекше ерлігі үшін» бас сыйлық - үкімет қаруы берілген.

Сыйлық беру мынадай ретпен жүргізілген - әдеттегі таяқ не құрықтан кейін найза, сонан соң селебе пышақ, одан кейін қайқы қылыш, одан әрі жасауыл атағы, бас сыйлық «ерекше ерлігі үшін» үкімет қаруы берілген.

Көтерілісшілердің негізгі қаруы әлбетте суық қару болды. Сонымен бірге атылатын қарулар да болған. Мысалы, 1846 жылғы қырғыздармен болған соғыста Кенесарының 5 мыңдық атты жасағы қылышпен, найзамен, айбалтамен, біттелі мылтықпен және зеңбірекпен қаруланған.

Кенесарының негізгі күштерінің қару-жарағы мықты күзет қойылатын жылжымалы киіз үйлерде сақталды, 1845 жылы Кенесары ордасында мұндай жеті киіз үй болған. Әр жорыққа шығар кезде соған қатысатындарға әлгі киіз үйлерден қару-жарақ беріліп, ал жорықтан соң қазына мүлкі ретінде қайтарылып отырды. Қылыш, пышақ, найза сол жерлерде де соғылатын болған, бірақ көп бөлігі шайқастарда қолға түсірілді немесе сатып алынды.

Долгов былай деп жазды: «Кенесары ауылында бірнеше қашқын башқұрттар тұрады. Олар қырға татарлар әкеліп сататын орыс қаруынан жасырын түрде әр түрлі қару-жарақ жасайды. Кенесары оқ-дәріні Бұқардан алып тұрды».

Кенесары әскерлеріне сапқа тұрудың кейбір түрлері белгілі болған. Әдетте оның атты және жаяу отряды екі қатар сап түзеп тұрған. Шекті билері Кенесары ордасына келген кезде қыл-ышпен қаруланған, екі қатар сап түзеген құрметті қарауыл қарсы алған. Олар мұндай қарсы алуға таңырқап, бастапқыда бұл өздерін ұстау үшін істелген шара ма деп қорқып қалғанымен, кейіннен Кенесарыда осындай қарсы алу тәртібі бұрыннан бар екенін естіп көңілдері жайланады.

Кенесары ордасы әрдайым әскери қосын түрінде болды. Оның үйінде әр түрлі қару-жарақ ілулі тұрды және үйінен 200 метрдей қашықтықта тұрған күзетшілер ешкімді арнаулы рұқсатсыз табалдырықтан аттатпайтын болған, сонымен бірге Кенесары ауылдарын белгілі орындарға қойылған қарауылдармен күзетілген.

Әскери тұтқын урядник Лобанов былай деп жазды: «Кенесары әрдайым сақтану шараларын жүргізіп отырды. Қыста жолдарға күзет қойса, ал жазда жетекте аттары бар екі адамнан тұратын қарауылды дұшпан келуі мүмкін жақтарды бақылауға 50 және 100

шақырым жерлерге жіберіп отырған. Олар, әсіресе, өзен бойларына көп көңіл бөлген».

Ағыбай батыр басқарған қазақ армиясында әскери-далалық және агентуралық барлау бір-шама жақсы жолға қойды. Ол сенімді адамдардан арнайы түрде барлаушылар тағайындаған. Олар дұшпан туралы қажетті мәліметтер жеткізіп отырған, кейде жау әскерінің арасына да кіре алған. 1843 жылы Орынбор және Сібір әскерлерінің біріккен жорығы кезінде полковник Бизанов басқарған Орал казак отрядының құрамында барлаушы Төлебай болған, ол әскер саны, қару-жарағы және отряд бағдарлары туралы қажетті мәліметтерді жинап, дер кезінде Кенесарыға жеткізіп, оның тиісінше қорғаныш шараларын жасауына мүмкіндік береді. 1845 жылы Долгов бас-таған елшілігі тек қана елшілік үшін ғана емес, барлау жұмысын жүргізу мақсатында келген кезде Кенесарының барлау ісін жақсы жолға қойғанының арқасында олар көтерілісшілердің саны, Кенесарымен көшіп жүрген қазақтар мөлшері туралы ешқандай да мәлімет ала алмаған. Кенесары ордасынан қайтып оралған соң Долгов: «Кенесары ауылдарының саны туралы мәлімет жинай алмадым, себебі олармен байланыс жасау тіптен мүмкін болмады», - деп көрсетті.

Өзінің бір рапортында колледж регистраторы Немчинов былай деп жазды: «Кенесарының барлық қазақ руларында тыңшылары бар. Олар Кенесары үшін қажымай талмай және табысты қызмет етеді».

Қазақ армиясында әскери құпия өте қатаң сақталған. Тіпті, тәжірибелі патша жансызы Ханқожа Жаңбыршин Кенесарының болашақ жорық жоспарын білу үшін арнайы тапсырмамен Кенесары ордасында болғанымен жорық туралы ештеңе біле алмаған. Жаңбыршин өзінің сәтсіз-дігі туралы қапаланып патша чиновниктеріне былай деп хабарлайды: «Кенесарының кенеттен жолға шығуы себебін ауылда қалған адамдардан білуге қанша тырысқаныммен, ешкімнен қана-ғаттанарлық жауап ала алмадым».

Ағыбай батыр дұшпанды алдау әдісін де кеңінен пайдаланған. Ол әлдебір бағытқа бет алған болғанысып, дұшпанды теріс жолға салып жіберіп отырған. Мысалы, генерал-майор Жемчу-жников басқарған Сібір және Орынбор отрядтарының бірлескен шабуылы кезінде оларды осылай алдайды. Орыс чиновнигінің ресми бір хабарламасында былай деп айтылған: «Кенесары өзінің ауылдарымен тынымсыз көшіп-қонып және өз ізін жасыру үшін жалған көшіп отырды, күндіз бір жерге келіп тоқтаса, ал түнде сол жерден мүлде басқа жаққа көшіп кетеді».

Ағыбай батыр талантты қолбасшы ретінде соғыс кезінде әр түрлі соғыс тактикасын пайдаланған және табиғи бекіністерді (қамыс, бұта, төбе т.б.) де шебер пайдалана білген. Қазақстанның кең даласы оған жылжып орын ауыстыра соғыс жүргізу әдісін кеңінен қолдануға мүмкіндік берді. Жігіттер шебер шабандоз болғандықтан, жер жағдайын жақсы білгендіктен қуғыннан жиі құтылып кетіп отырған. Олар дұшпанды айналып өтіп, тұтқиылдан көкжелкеден соққы берген. Мысалы, 1844 жылы билеуші сұлтан Ахмет Жантөриннің отряды Ағыбай батыр бастаған әскердің ізіне түскен кезде, сыртынан қатты соққы алып, толық дерлік жойылып кетті.

Жеке қамалдар мен бекіністерге шабуыл жасаған кезінде Ағыбайдың жасағы шашыранды қатармен алға ұмытылып, артынша бәрі қосылып, қамалды жан-жағынан қоршаған. Бұл әдіс, әдетте, дұшпанды әбіржітіп, оның күштерін шашыратуға мәжбүр ететін еді. Қазақ армиясы шегінген кезде де ерекше тактика қолданған. Тосқауыл ретінде шекара Шегінде жақын жерлерде ұсақ партизан топтары қалдырылды. Олар бекеттерге, жол айырығындағы топтарға қарсы сәтті қимыл-дап, арбалы керуендерге шабуыл жасап отырған. Мысалы, В.А. Потто осыны айта отырып, былай деп жазды: «Қырғыздар ауылдарында сирек

қорғанады, әскер жақындаған кезде шөпсіз, сусыз далаға алдын ала шегініп кетуге тырысады. Қуғынды кідірту үшін олар құдықтарды бас-тырыпкетеді немесе қырға өрт қойып, жем-шөп пен суаттарды жояды».

Ағыбай батыр далалық соғыс жүргізудің өзіндік әдісін енгізді. Дұшпан ашық далада әлде-нені паналап қорғанатын болса, онда қазақ әскерлері оқ өтпейтін нәрселерді қалқалап шабуылға шыққан.

Ағыбайдың әскери тактикасында дұшпан қосынына елшілер жіберу әдісі ерекше орын алды. Елшілер келіссөз жүргізіп қана қойған жоқ, сонымен бірге қарсыластар арасында іріткі салып, үгіт-насихат жүргізді, олар, әсіресе, қазақтар арасында сөйтті. Бұл жағынан елші Салытан Әбілқайыровтың қызметі мысал бола алады: «Ол қазақтардың бір бөлігін, тіпті офицердің өзін бүлікшілер шайқасына қосып алу үшін неше түрлі айла-амал қолданды».

Осымен бірге, дәстүрлі күрес әдістері де пайдаланылған, қақтығыс кезінде шайқас батыр-лардың жекпе-жегімен басталып отырған. Архив материалдарына сүйене келіп, шайқас бас қол-басшы ретінде Ағыбай батырдың қарсы жақтың бас батырларымен жекпе-жегімен басталып отырған. Ағыбайдың Бөлтірік, Барақ сұлтан, қырғыз Кәрібоз манаппен және басқа да батырлар-мен болған жекпе-жектері осының дәлелі. Бір айта кететін факт, бұл жекпе-жектер, тек Ағыбай батырдың жеңісімен бітіп отырған. Осы Ағыбайдың Кәрібозбен болған жекпе-жегі былай сурет-теледі: «Начальники кара-киргизов манапы Карибоз, Урман, Джантай подстрекали народ, через особо разосланных людей к хищническим набегам на подданных Кенесары хана небольшими шайками в 30-40 человек для угона лошадей. Узнав о поведении кара-киргизов, Кенесары хан решил наказать их. Он выслал против них небольшое войско под начальством Алике батыра и Базар батыра, из колена буреме, Агыбай батыра из колена шубуртбалы и Бухарбай батыра из рода табын. Услышав об этом, манапы Карибоз, Джантай и Урман собрали кара-киргизов, вышли из своей земли и залегли в засаду в одном **ущелье...** Во время схватки Агыбай батыр в единоборстве с манапом Карибозом убил его, взял его лошадь, кольчугу и саблю и все это поднес в подарок своему хану...».

Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков Ақтау қамалына жақын Тіленші-Шет бекетіне Кенесары әскерінің шабуыл жасауына байланысты Ресей бас штаб бастығы генерал-майор Фон-дерсонға былай деп жазды: «Егер қамыстар мен бұта арасы және басқа таса жерлер алдын ала толық тексерілгенде, олардың төтеден шабуылы болмауы да мүмкін еді».

Сөйтіп, тәртіпті армия құрған Кенесары мен Ағыбай батыр оны сол уақыт талабына сай әскери өнерге үйретуге күш салды және әскери күштерді ұйымдастыруда қазақ армиясында бұрын болмаған жаңалықтар енгізді.

Кенесарының шаруашылық саласындағы шаралары ерекше көңіл қоюға тұрарлық.

Кенесарының отырықшылық пен егіншілікке көшу идеясы алдыңғы қатарлы көзқарас еді. Кенесарының қол астындағы қазақтар енді бұрынғыдай шекара маңындағы орыс тұрғындардан немесе Қокан мен Хиуадан астық сатып ала алмайтын. Кенесары үшін тұйықтан шығудың бір ғана жолы қазақтардың егіншілігін кеңейту болды. Орынбор әскери генерал-губернаторы Обручевке жазған бір хатында Кенесары былай деді: «Қайырымды генерал маған патшаның шапа-ғатын алуға көмектессе, онда мен тыныш өмір сүріп, өз қазақтарымды егіншілікпен, аң аулаумен және басқа бейбіт істермен айналысуға мәжбүр етер едім».

Алайда, генерал Перовский бастаған Орынбор өкімет орны қазақтардың отырықшылыққа және егіншілікке көшуіне қарсы болды. Перовский және басқалар айырбас

сауда үшін қазақтар-дың мал шаруашылығымен айналыса бергені дұрыс деп білді. Сондықтан да шекара Шебіне жақын жердегі отырықшы қоныстар граф Сухтеленнің, ал кейіннен генерал Перовскийдің бұйры-ғымен жойылып отырды. Перовский қазақтардың жерге ынтасына қарсы шара ретінде Орынбор тұрғындары мен орыс-казак әскерлеріне: «Сендер егіншілікпен айналысыңдар, қазақтарға лай-ықты бағасына астық сататын болыңдар»,- деп ұсыныс жасады. Осылай болса, қазақтарға егінші-лікпен айналысудың қажеттігі болмай қалады, сөйтіп қазақтар айырбас саудаға зияны тиетін істі қолға алуын тоқтатады, деп ойлады.

Кейіннен Орынбор губернаторы Катенин дәл осыны айтып, былай деп жазды: «Менің алдымдағы генерал-адъютант граф Перовский ордалықтар арасында байқалған егіншілікке деген ынталарының артуын және жеркепе салуға бет бұра бастағанын ұнатпай, қолынан келгенінше қарсы шаралар қолданып баққан. Оның басты себебі, қырғыздардың Ресейге бағыныштылығын арттыру ойы еді. Оларды астық қажет болғанда бізге жалынуға мәжбүр ету және өз күштерімен өндірулеріне тыйым салу».

Орынбор өкімет билігінің қарсылығына қарамастан, Кенесары өз ойын табандылықпен жүзеге асыра бастады. Егіншілікпен айналысқан руларға барынша көмектесті. Ал, бұл іспен айна-лыспаған руларды егін егуге үгіттеді.

Сол кездегі қазақтардың егіншілікке көшуі өз нәтижесін берді. Сол уақыттан бастап қазақ-тардың белгілі бір бөлігінің, негізінен кедейлердің, егіншілік басты кәсібіне айналды.

Орынбор даласындағы қазақтар арасында егіншіліктің таралуы туралы белгілі шығыс-танушы, Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы, кезінде қазақтардың егіншілікпен айналы-суына қарсы болған В.В. Григорьев былай деп жазды: «Батыс бөлікте барлық кедергілерге қара-мастан, егіншіліктің күшейгені сонша, енді қырғыздар тіпті Орал казактарын астықпен қамта-масыз ете бастады».

Кенесары көтеріліске қатысушылардың материалдық жағдайын жақсартудың жалғыз жолы егіншілік деп түсінді және «сендерді егіншілікпен байытамын» деп уәде берді.

Кенесарының егіншілік пен отырықшылыққа көшу туралы ойы, әскерлер жан-жағынан қысып, өз ордасын Ұлы жүзге көшіруге мәжбүр еткенде де есінен кетпеді. Осы жерде де ол өзінің жақтастарын дереу егіншілікпен айналысуға үгіттеді. Осыған байланысты Орынбор Шекара Комиссиясының есептерінде былай деп жазылған: «Ресей төңірегіне оралуға мүмкіндігі болма-ғандықтан, ол өзінің жақтастарына Іле мен оның тарауларының жағалауларында егіншілікпен айналысуға ақыл берді».

Кенесарының саудаға қатынасы да әңгімелеуге тұрарлық. Бастапқыда ол орыс саудасын патша өкіметінің отарлық саясатын жүзеге асырудың бір жолы ретінде санап, оған қарсы болды. Сондықтан да ол Петропавл, Орынбор және Троицкіден қазақ даласы арқылы Орта Азияға бет алған сауда керуендеріне шабуыл жасап, сауданы тыйып тастауға тырысты. Батыс Сібір генерал - губернаторының мәліметі бойынша, тек 1837-1838 жылдары Кенесары сауда керуендеріне шабуыл жасаудың нәтижесінде 277 550 сомға зиянын тигізді.

Кенесары Ресей, Орта Азиямен саудасын тоқтатса, онда өкімет қазақ жеріндегі бекініс-терін жойып, әскерлерін алып кетеді деп ойлап қателескен.

Кенесары ордасында болған көпес Мухсимов пен Ибрасовтың жауаптары растайды: «Кенесарының ойы біздің көпестердің Ташкентпен және соған жақын жерлермен, қырғыз дала-сымен сауда қатынастарын тоқтату болды. Ол сонымен Ресей үкіметінің шетелмен

сауда жасау-дан түсетін пайдасын болдырмай тастағысы келді. Ал, пайда түспейтін болса, онда Ресей үкіметі қырда құрған сыртқы округтері мен Ақтау қамалынан бас тартады деп ойлады».

Алайда өз ордасын Ырғыз бен Торғай маңына көшіргеннен кейін көп кешікпей Кенесары өз ойының қателігін түсінді және бөленің бәрі саудада емес, патша өкіметінің әскери - отарлау саясатында екендігіне көзі жетті.

Саудадан пайда түсетінін түсінген Кенесары енді керуендерге шабуыл жасаудың орнына оларға баж салығын сала бастады. Мұндай салық салғанда ол жекелеген керуенбасылардың көте-рісшілерге көзқарасы қандай екенін және олардың кімнің боданы болып табылатынын ескерді. Саудадан баж салығын өндіру тәртібі туралы билеуші сұлтан Ахмет Жантөрин мынаны хабар-лаған: «Жаппас руының кіреші қазақтарынан әр қостан - бір жылқы және 8 зат, ал бұқаралықтар-дың әр қосынан 9 зат алса, сол керуендегі Арғын руының кірешілерінен ештеңе алмады».

Орыс сауда керуендеріне де баж салығы өнебойы көп салына бермеген. Мысалы, 1841 жылы Орынбор өкіметімен жасалған уақытша бітім кезінде Кенесары олардың қазақ даласымен саудасын кеңейтуге жағдай жасап отырды. Кенесарының орыс саудасына көзқарасының өзгеруін, оның 1845 жылғы соңғы келіссөздерге дейін өкімет билігін қолына ұстаушылармен достық шарт жасасуға үміттенгенімен түсіндіруге болады. Сонда, - дейтін ол, - қазақтар Ресеймен тығыз эконо-микалық байланыс орната алады. Бұған оның Орынбор губернаторына мынадай өтінішпен хат жазуы дәлел: «Барлық сұлтандарды, дистанция бастықтарын және старшындарды, Орынбор Шебі бойындағы бөліктердің басқарушыларын орнынан алып, барлық ордаларды бүтіндей менің қарамағыма беріңіз, сонда мен патшаға адал қызмет ететін боламын да, тыныштық бұзыла қалса, барлық жауапкершілікті өз мойныма аламын... Сонымен қатар, Орынбор өлкесіне дейінгі кеңіс-тікте жол қатынасын жетілдіру, яғни қауіпсіз өнеркәсіп саудасын жасау қолдан келер іс болар еді».

Кенесары өз аймағындағы сауданы қолдап отырды. Өзіне қосылған руларда сауда жасаған көпестерді өз қасына ұстады, оларға баж салығын салмады және олардың мүддесін қорғады. Гене-рал Генске жазылған бір хабарламада былай деп айтылған: «Бүлікшілердің ауылдарында болған саудагерлер көп пайда табуда, себебі бұлардың ауылдарында сауда жасағандықтан және өздері келетін болғандықтан оларға тимеуге бұйрық берілген».

Кенесары өзіне қосылған рулардан біраз нәрселерді өзі де сатып алып отырған. Кенесары-ның қолдауының нәтижесінде қазақтардың орыс тұрғындармен сауда байланысы кеңейте түсті және шаруашылықтың натуралды негізінің ыдырауының алғы шарттары қалыптаса бастады, одан кейінгі жылдары қазақ даласындағы сауда онан әрі кең қанат жайды.

Сібір қазақтарының шекара бастығы хабарында: «Кенесары өзінің жақтастарымен Албан және Дулат рулары қазақтарынан қымбат бағамен сәйгүліктер сатып алды, сонымен қатар біраз азық-түлік қорын жасады», - делінген.

Бұл саясат, Шекара комиссиясы Кенесарының орталықтандырылған, біртұтас күшті мем-лекет құруға талаптануы халық мүддесіне сай келген. Осы мәселеге байланысты белгілі тарих-шы, сол кезде Орынбор Шекара Комиссиясында қызмет еткен Левшин А. былай деп жазды: «Хан бола алмайтын даңғой сұлтандар мен старшындардан басқа саналы қырғыздардың барлығы әр бастықтың жеке басшылығын талас пен өзара күрестің басы деп біледі. Біздің барлық ордаларды бір хан басқарған кезде біздер тыныш және бақытты өмір

сүрген едік дейді олар. Үш бастық билегелі жағдайымыз нашарлап кетті. Ал енді, билеушілер көбейе түссе, бізге бұдан да қиын болмақшы».

XIX ғасырда Қазақстанда қазақ халқының бұдан былайғы тағдырына және жалпы Орта Азияның тағдырына аса зор ықпал еткен оқиғалар болды. Ресей патша өкіметінің Орта Азияны жаулап алу жолында жеткен ең басты табыстарының бірі, Қазақстанды біржола бағындыруы және оны патша өкіметінің отарына айналдыруы дайындықтың толық аяқталғаны деу керек. Бұл істі жүзеге асыру бірте-бірте жүргізілді, оның қарқыны екі түрлі жайтқа байланысты еді, мұнда ағыл-шын - орыстың Орта Азиядағы бәсекелестігі негізгі рөл атқарды, ал екінші жайт - ішкі саясатқа байланысты болды, мұнда патша өкіметінің отарлау саясатына қазақ халқының қарсылық көрсетуі шешуші рөл атқарды. Егер патша өкіметі Кенесары көтерілісін басу үшін 10 жыл бойы әлектенбегенде, бұл өкімет Қазақстанды әлдеқайда қысқа мерзімде өзіне бағындырып алатын еді де, Орта Азия бағытындағы соңғы шебіне көп бұрын барып жететін еді, бұл айдан анық нәрсе. Ресей патшасының соғыс күштерін күшейтуі арқасында 1847 жылы Кенесары көтерілісі жеңіліске ұшырап, көтерілісшілерді қуғындаумен айналысқан күштердің қолын босатып, Қазақстанды бағындыру ісін бұрынғыдан да жеңілдетті. Осылардың нәтижесінде 1860 жылдардың басына таман бүкіл Қазақстанды іс жүзінде Патша өкіметі жаулап алды. Қазақстанды отарлау саясаты 1731 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Орыс патшалығының қол астына өтуіне ант беруден басталып, 1865 жылы Түркістан, Мерке, Әулиеата және Шымкент қалаларын алуымен, ал толық-ғымен жаулап алу 1881 жылы біткен болатын, яғни 150 жылға созылған. Осыдан соң патша өкіметі өзінің Орта Азиялық саясатының жаңа кезеңін бастап, Қоқанға, Бұқар мен Хиуаға шабуыл жасады да, толық табысқа жетті, атап айтқанда 1865 жылы Ташкентті, 1866 жылы Бұқарды, 1873 жылы Хиуаны, 1877 жылы Қоқанды алып, не бәрі 12 жылда барлық Орта Азиялық хандықтарды жаулап алды. Нақ осы жылдары Қазақстанның табиғи байлықтарын да зерттеу аса кең түрде жүргізілген. Атап айтқанда, Арал теңізі мен Балқаш көлі зерттеліп, тас көмір және басқа да кең орындары іздестірілген және жер бедері картаға түсірілген.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісі қазақ тарихындағы ең ірі көтеріліс болып, бар-лық үш жүз жұртшылығының көпшілігін патша өкіметіне қарсы күреске көтерді. Көтеріліс Қазақ-станды түгелдей дерлік қамтыды және қазақтардың неғұрлым ұзаққа созылған көтерілістерінің бірі болды. Бұқара халықтың отарлауға қарсы пиғылын айқын көрсеткен Кенесары көтерілісі қазақ халқының тарихында оңға бастар рөл атқарды және бұқараны саяси тәрбиелеудің тамаша мектебі болып табылды. Кенесары қозғалысы өз елінің азаттығы мен тәуелсіздігін қорғап қалу үшін жанын қиюға әзір қазақ халқының аса зор қарсыласу күшін көрсетіп берді. Бұл көтеріліс Кенесары алға тартқан саяси талаптар бойынша прогресшіл көтеріліс еді. Мұны ең әуелі Кене-сарының ру аралық жауласуды және феодалдық бытыраңқылықты жойып, орталықтандырылған біртұтас күшті мемлекет құруға талаптануынан көреміз және оны Ағыбай бастаған халықтан шыққан батырлар қолдаған еді.

Мұздай қаруланған Ресей және Орта Азия әскеріне қазақ әскері бас аяғы, 1822 жылдан бастап 1847 жылға дейін, яғни 25 жылдан аса төтеп берді.

Ағыбай батыр әр салада реформатор ретінде белгілі болды. Әсіресе, оның әскери-соғыс саласында, жасаған жаңалықтары айтарлық-тай. Ең алдымен қазақ жасақтарына әскери тәртіп енгізілді. Күн тәртібіне сарбаздарды тұрақты түрде соғыс өнеріне үйрету алға қойылды. Ат үстінен шауып келе жатып садақ, мылтық ату, қоян-қолтық соғысу, қылыштасу, найзаласу, мергендік әдістері үйретілді. Сонау бағзы заманнан келе жатқан атты әскердің соғыс тактикасы мен әдістеріне мән берілді, орыс-казак атты әскерінің амал-тактикасына



икемделіп өзгертілді. Әсіресе, ең даланы дүбірлетіп, лап қою, не болмаса дәл жау шебіне жеткенде үшке бөлініп, екі қапталдан қусыра қысып алып соғу, не болмаса жау әскерін мыңдап айдаған жылқының көтерген шаңына қақалтып, жау шетіне ойран салу, не болмаса төбе-төбенің басына мергендерді қойып, күнге шағылысқан сары ала погонды офицер-лерді атып түсіріп, жауға психологиялық нұқсан келтіріп, жау шебін содан кейін бұзу, не болмаса тие қашып соғысып, жауды шөл далаға әкету, шаршату, мұқату, қалжырату, жер рельефіне қарай тығырыққа тіреп, жау отрядын жойып жіберу сияқты соғыс әдістерін кеңінен үйрете бастады. Әсіресе, бірінші рет қазақ әскері арасында әскери-далалық, агентуралық-барлау жұмыстары өз жемістерін берді, бұл жаңалықтарды орыс әскері қатарында қазақ сарбаздарымен көп жыл бойы соғысқан, орыс әскери барлаушылары да жоғары бағалады.

Ағыбай батыр осылайша соғыс пен бітім, қоныс пен жайылым, дау-дамай мен, басқа халықтармен елшілік, келіссөз, сауда және дипломатиялық қарым-қатынас мәселелерінің бәріне қатысты. Ағыбайдың мемлекет қайраткері ретінде ата-бабаларымыздың жақсы қасиеттері: дана-лығы, көсемдігі, шешендігі, ел қорғаған батырлардың ерлігі мен өрлігін бір өзінің бойына сіңірді.

Ағыбай батыр қазақ хандығының билік пирамидасында аса бір ерекше миссия атқарды. Ең қиын, түйінді, түбегейлі іс шешімі мен жаулармен болған ауыр айқастарда батырлар мен сар-баздар Ағыбайға сеніп, оған арқа сүйеп табынды. Ағыбай «данамын» деп таспады, тығырыққа тірелгенде абыржып саспады. Ағыбай барша билікке қатысып, қауым мен ұлт тұтастығының біріккен мемлекеттіктің идеологиясын қалыптастырды. Ол ұлттық, халықтық ағынның ұйтқысы, ұлт санасының қайнар бұлағының бастауы бола білді. Дала демократиясының өкілі ретінде, қазақ мемлекеті қожырап, хан сымақтар отаршыл жүйеге сүйеніп, осы дала демократиясының қалып-тасқан қаймағын бұзған кезде, Абылай хан заманы мен сол сияқты күшті ханды көкседі. Билік пирамидасындағы халықтық, батырлық, билік арналардың жоғалып, олардың орнына империя-лық диктат, озбырлық, талау, таптық езу арнасы күш ала бастаған кезде, сол кездегі қазақ қауымының ұлтжанды - батырларды, билерді, бұқара қауымды Ағыбай батыр дабыл қағып, күрес алаңына шығарды. Соғыс алаңында болсын, жоғарғы орган - Хан кеңесінде де Ағыбай батыр көтерілістің басым көпшілігі батырлар мен жәй сарбаздардың қорғаушысы ретінде, көкейкесті ой-тілектерін жерге тастамай, олардың пікірлерін Кене ханның өзіне жеткізіп отырды. Ағыбай батыр халық көтерілісінің бір жағынан ел бастаған көсемі, екінші жағынан жаужүрек семсер ұстаған қолы болса, үшінші жағынан көреген сезімтал жүрегі болды. Осының арқасында қазақ халқы бір тұтас ел болып қауышып, ынтымақ, бірлік туы астында көп жыл бойы өмір сүріп, әскери жағ-дайда өжеттікпен жауларымен соғысты. Ағыбай батырдың даналығы осы бір дала демократиясы мен хандық диктатураның арасындағы көптеген қайшылықтарды біртіндеп жойып, бір жүйеге сала білді. Ақжолтай Ағыбай батырдың халық көтерілісіндегі және жалпы қазақ халқының тари-хындағы алатын орны осындай.

Ағыбай батыр Кенесары көтерілісінің басынан аяғына дейін қатысып және жай ғана қатар-дағы батыр емес, ол саяси қайраткер ретінде, осы көтерілістің көсемдерінің бірі болып, өз алдына қол бастап, бүкіл саналы өмірі бойында, отарлау саясатына қарсы елінің бақыты мен бостандығы үшін, қатыгез жауға қарсы бітіспес күрес жүргізді.

Кемеңгер, ақыл иесі Ағыбай батыр, әрине, сол уақытта дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы, саны жағынан да басым, қаруы да артық жауды жеңіп шығамын деп, бәлкім ойлаған жоқ та шығар. Бірақ, осы халық көтерілісі арқылы, отаршыл империяны қазақ жұртымен белгілі дәре-жеде есептесуге мәжбүр етуге болатынын білді. Сол қозғалыс, отаршылардың зорлық-зомбылы-ғын, жақсы қоныстарымызды, шұрайлы жерімізді, берекелі

жайылымымызды күштеп тартып алу-ды тоқтатты. Осы халық көтерілісінен кейін, Ресей империя саясаткерлері қазақ халқың басқа-рудың басқаша түрлерін іздестіріп, зорлық-зомбылық, күш көрсету принципінен бас тартты. Осы-ның айғағы, қысқа мерзімде халқымыздың тез өсіп, елдің әл-ауқатының түзелуі болды.

Осы кемеңгер Ақжолтай Ағыбай батыр туралы сөз қозғағанда, оның мемлекет қайраткер-лік қасиетіне байланысты мына бастауларды атауға болады:

Біріншіден, Ағыбай батыр қанды қырғын, жойпат жортуыл, жойқын шапқыншылық, даб-ылды шабуыл жылдарында өмір сүрді. Ол жай ғана қол бастаған батыр емес, тар жол, тайғақ кешу заманының ұлы ойшыл перзентті. Сонымен қатар, ол әрі би, әрі шешен, әрі дипломат, әрі Наурызбайдай батыр, Әлихандай, Әлімхан, Жақып сияқты көсемдерді тәрбиелеген ұстаз, әрі көреген мемлекет қайраткері, тек қана өз заманының зиялы қауымының көсемі емес, бүкіл қазақ қоғамының ақылға толы данасы болды. Алысса білегі бар, арбасса жүрегі бар, ақыл мен жігері бар, сай сүйегінді сырқыратар сөзі бар, болашақты болжар өткір көзі бар елдің киесі, әрі иесі еді.

Екіншіден, Ақжолтай Ағыбай батыр тек қана қазақ халқының, өз руының бірлігі емес, алты алаштың бірлігі үшін күрескен. Осындай қасиетінің арқасында ол көрші отырған өзбек, қырғыз, түркімен тағы басқа түркі тілдес елдерінде ықпалы зор болды.

Үшіншіден, қазақ сөз қадірін білген халық, сөзге тоқтаған халық. Қасиетті сөз - киелі сөз екенін білген халық: «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», - деп айтарын, ешкімнен тайсалмастан айтқан халық. Ағыбай айта білді, Кене хан мен елі оны тыңдай да, бағалай да білді.

Егер Ағыбайдың қара қылды қақ жарған әділдігі болмаса, елінің бүгіні мен ертеңіне ой салып болжай алмас, ақылымен парасаттылығы сай келмесе, елі соңынан «Аузын айға білеген» орыс арыстанына қарсы соғысқа аттанар ма еді, қазақ руларының бір тұтастығын сақтар ма еді, ел аманатын ақтар ма еді?!

Кенесары көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін де, тек Ағыбай батырға сеніп, артынан ерген әр түрлі рудың өкілдеріне осындай қиын-қыстау кезінде де «Тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қақтырмай» қорғап қалған. Азаматтықты, ерлікті, мәрттікті, тәуелсіздікті, туыстықты ту қылып көтерген, есімі тірісінде ұранға, аты аңызға айналған Ақжолтай Ағыбай батыр үлкен сабыр-лықпен, көп қиыншылықтармен, қазақтың сол кездегі зиялылардың қолдауы мен көмегімен Ресей патшасының өзінің жарлығымен, көтеріліс біткеннен кейін он жылдан кейін ғана толығымен ақталып, артына ерген еліне ата-қоныс пен бейбітшілік өмір алып берген. Оның артына ерген елді халық «Қырық ру» атап кеткен, яғни қазақтың түкпір-түкпірінен, әр рудың, әр әлеумет мен тап-тың өкілдері болған және бір үйдің баласындай, тату-тәтті өмір сүрген. Бір айта кететін жайт, қазіргі уақытқа дейін олар «Қырық ру» болып аталып, өздерін: «Біз Ағыбайдың ұрпағымыз», - деп, ұрандары «Ағыбай» болып қалған. Міне, Ағыбай батыр - тұтас бір халықтық құбылыс. Оның бүкіл өмірінің арқауы - ел бірлігі, ел тәуелсіздігі, қазақ халқының ертеңі болды. Ол Қаздауысты Қазыбек бабасының: «Сөз атасы - бірлік, анасы - шындық», «Бір дегеніміз - бірлігі кеткен ел жаман, екі дегеніміз - егесіп өткен ер жаман», - деген нақыл сөздерін ұран қылып өтті.

Әскери тарихшы Середа Н. «Бунт киргизского султана Кенесары Касимова» деген көтері-лісті жан-жақты зерттеген еңбегінде: «Кенесары өз жасағының мәртебелі әміршісі бола білді. Кенесарының қолы жорықтарда қамал алдында бөгелмейтін. Қайта бөгеттер оның қайтпас еркін қайрай түсетін, мақсаттарына жету жолында кездескен кедергілерді жайратып,

қаһарлы күшті тасқындататын. Көтеріліс қолбасшылары өз басына түскен небір қиыншылық, күйзеліс, қуғын-сүргінге қарамай, жауына бет қаратпай дауылдай тиюші еді. Кенесары осындай мықты болған, иә бұл адам, жалпы айтқанда, көрнекті тұлға болды және ол басқа жағдайда тәрбиеленсе, одан көр-некті мемлекет қайраткері шығатындығына да күмән жоқ», - деп Кенесарымен қоса, Ағыбай сияқты оның батырларына әділ бағасын береді.

Жаңа заманда, тәуелсіз мемлекетіміз қалыптасып жатқан кезде, халқымыздың зиялы қауымы, ұлттық санаға әлеуметтік негіз, одан қалды республикамызды мекендеген көпұлтты халық-тардың ұйтқысы боларлықтай дәрежеге көтерілуі күн тәртібінде тұрған мәселе. Ұлттық мем-лекетте ұлттық негіз болуын әлем тарихы әйгілеген шындық.

### **3. Ақжолтай Ағыбай батырдың XIX ғасырдағы Ресейимпериясының жүргізген әкімшілік-құқықтық өзгерістеріне көзқарасы**

Көне замандардан бері қазақ жері көшпелі елдердің құтты қонысы болып келді. Дүниежүзі үлкен өзгерістерге түсіп жатқан уақыттарда бұл өлке бір қалыпты ырғақпен ғасырдан ғасырға шығып отырды, не бір күрт даму, не бір әлеуметтік қайшылық бұл қоғамға тән емес еді. Тек таби-ғаттың әсері, ішкі демографиялық өсу, жер тапшылығы және рухани еркіндік, жауынгерлік дәс-түрлер оларды қозғалысқа итермелейтін. Өзінің көп жылдық тарихында, сәтін салғанда, көш-пелілер дүниежүзілік империялар құрып отырды, Батыс пен Шығысты судай сапырылыстырып, кезінде дүние жүзін уысына ұстаған Қытай, Рим, Византия, Құшан және Персия империяларының шаңырақтарын ортаға түсірді. Көшпелілердің жойқын шапқыншылығы, Қытайға дүние жүзін осы күнге дейін таң қалтыратын, 6000 шақырымнан асатын «Қытай қабырғасы» деген шекара қамал-ды салдыртқан. Бір айтып кететін жайт, Қытайдың империялық саясаткерлері кезінде: «Орал тауына дейін біздің жеріміз», - деп сырттан иемденіп келген. Бірақ, шындығында «Қытай қабыр-ғасы» олардың нағыз шекарасы болып табылады.

Осы үрдіс XVIII ғасырдың соңына дейін қазақ-жоңғар соғысымен өз жалғасын тауып, ақырында көп жылғы соғыстан кейін, Жоңғар мемлекетінің тарих сахнасынан біржола жоғалып кетуіне себеп болды.

Ал, енді, XIX ғасырдан бастап ол осы заңдылықтардың шеңберінен шықты. Оған басты себеп қазақ жерінің осы ғасырда Ресейдің нақты отарына айналуы деп білеміз. 1822-1824 жыл-дардағы «Жарғыларға» дейін қазақ бағыныштылығын «протекторат» деп атағанымыз дұрысырақ болады, өйткені Ресей империясының қамқорлығына көшіп, әлі де болса ішкі жағдайында тәуел-сіз болды. 1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережелерге» дейінгі бағыныштылық түрін «вас-салдық» деп атаған келіседі, себебі - ол белгілі дәрежеде алым-салығын төлеп, сыртқы және ішкі тәуелсіздіктен қол үзумен байланысты. Таза отарға (колонияға) айналу, сол аталған «Ереже-лерден» кейін болған жағдай. Оның бір белгісі қазақ жерінің иесі болып, Ресей империясының атануы, әкімшілік биліктен қазақтарды ығыстыру, әлеуметтік топтардың жойылуы, елдің тұтас боданға айналуы. Сонымен, XIX ғасыр, қазақ үшін неше ғасырдың жүгін көтеріп кетті. Қазақтың солтүстік өлкесінен бастаған Ресей империясының саясаты, ақыры қазақ даласында бұрын болмаған кең тараған қайыршылыққа әкеп тіреді. А.И. Левшиннің жазуынша, XIX ғасырдың бас-ында әр жылы қазақтар тек Ресейге ғана 1 млн. қой, 100 мың жылқы сатқан, осыншама малды Қытай, Бұқара, Хиуа елдеріне жөнелткен, яғни қазақ жері әлі де сол кездегі басты байлық - малды болған. Оның

бір айғағы Ресей империясының шенеуніктерінің санағы бойынша, сол кезде 10-20 мың жылқысы бар байлар көп болған. XIX ғасырдың екінші жартысында мал саны шектеле бастайды, егер дәстүрлі кезеңде малдың негізгі қоры орта шаруада болса, ғасырдың соңына қарай аз малдың өзі байлардың қолына жинақталғаны аян. Осыдан-ақ Қазақстандағы әлеуметтік ірі өзгерістердің басы, мал шаруашылығындағы дағдарыспен байланысты екенін аңғару қиын емес еді. Әрине, егіншілік пен басқа кәсіптер (мұжықтарға, орыс-казактарға жалдану, жәрмеңке сауда-сына араласу, өндірісте жұмыс істеу) мал шаруашылығының босаған жұмыс қолын өзіне сіңіріп жатты. Осы жылдары, қазақ өлкесі Ресейдің ішкі колониясына айналды. Бірақ, қазақ қоғамы бұндай өзгерістерге әлі дайын емес еді. Мындаған жылдар бойы еркін өмір сүрген қазақтардың, әлеуметтік-шаруашылық системасы шұғыл реформалармен бірге өзгеріске ұшырады. Қазақ қоғамы, жерге бөліну, алым салық, кәсіпке бейімдеу, әкімшілік жүйені т.б. бірден қабылдай алмады. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдің отарлық саясатының арқасында, қазақтар-дың ғасырлар бойы сыртқы жауларымен соғысып, қаншама ұрпақтың қаны төгіліп, «найзаның ұшымен, білектің күшімен» қорғап қалған халықтың ұжымдық жері, бір күннің ішінде патшаның жарлығымен мемлекеттің меншігіне айналды. Ендігі жерде Ресейдің ішкі аудандарынан орыс қара шекпендердің қоныс аударып, қаптап келуіне байланысты жер мәселесі ауырлады. Ең шұрайлы деген жерлер солардың үлесіне тиіп, бұл патша үкіметінің ең бір ауыр, қазақ халқының намысына тиер кесапатты саясаты болды.

1730 жылдың көктемінде қазақтардың әскері жоңғар - қалмақ әскерлерімен Аңырақайда болған айқаста ұлы жеңіске жетті. Бұл жеңіс бұның алдында Ордабасыдағы бүкіл қазақтық Құрылтайдың тоқетері: Абыздық пен нояндық, билік пен батырлық, ерлік пен бірліктің үндестігін іске асырудың жемісі еді.

Ал, сол жылы шілде айында Әбілқайырдың Ресейге жіберген елшілігі Уфаға жетті.

Сонда жоңғар-қалмақтарды ойсырата жеңіп тұрып, неге Әбілқайыр Ресейге жедел елші жібереді, деген заңды сауал туады.

Атақты орыс тарихшысы А. Левшин өзінің: «Описание киргиз-казацких или киргиз-кай-сацских орд и степей» (1832, ч.I) деген еңбегінде бұл мәселе туралы пікірін ашық түйіндейді: Аңырақай жеңісінен кейін үш жүздің ханы Болат өлді, таққа Кіші жүз ханы Әбілқайыр, Болаттың немере ағасы Сәмеке, Болаттың баласы Әбілмәмбет таласты. Таққа Әбілмәмбет отырды. Осыдан кейін Әбілқайыр орыс шекарасына жылжып, іргесін Орта жүзден аулақ салды және Ресеймен бодандық жөнінде келіссөз жүргізді.

Әбілмәмбет болса, Әбілқайырдан алыстап Түркістанға кетті. Әбілқайыр сонымен бірге Барақ және Абылай сұлтандарға жұлдызы қарсы болды. Әбілқайыр ішкі жаудан қорқып, орыстар-дан қорған қала салып беруін өтінді.

Әбілқайыр Ресеймен келіссөзді үш жүздің атынан жүргізуге тырысты. Анна Ивановнаға жазған грамотасында, ол Ұлы жүздің ханы Жолбарысты, Орта жүздің ханы Сәмекені өзіне тәуелді деп көрсетті, өзін «Қырғыз-қайсақ ханымын» деп атады. Сөз жоқ Аңырақай жеңісін баян-ды еткізбей, қазақ елінің бірлігін қайтадан тоздырған, егескен жаудың үстемдігін оздырған баяғы қазақшылық, бақ таласы, тақ таласы, осы саясаттың құрбаны Әбілқайыр болды.

Ресеймен келіссөзге барған, оның көмекейіндегісін өзі айтып, ап жыланның аузына өзі енген Әбілқайырдың да өзіндік жоспары жоқ еместі. Оның түпкі ойы Ресейге сүйеніп, Үш жүзге хан болу еді.

Ал, Әбілқайыр жалынып салдырған Орынбор (Орск) қорғаны оған да, қазаққа да пана бола алмады. 1762 жылы А. Тевкелев мырза: «Город в устье реки Оръ должен быть построен, чтобы положить на них (казахов) узду, чтобы они впредь всегда непоколебимо в верности и послушании были», - деп ашықтан-ашық орыс саясаткерлерінің ойын тұжырымдады.

Әбілқайыр орыс мемлекетін өз мүддесіне пайдаланамын деген мақсатынан түкте шықпа-ғанын кешікпей-ақ білді. Ол енді шығысқа бет бұрды. Патша өкіметі оның бұл қулығын тез түсінді де, оп-оңай Әбілқайырды Барақтың қолымен өлтіріп тынды.

Ресей қазақты бодан етуге экономикалық, дипломатиялық, географиялық, саяси және әске-ри факторлардың бәрінде қолданды.

Орыс мемлекеті болса, бұл акцияны орындау барысында, қазақ даласын отарлаудың шын мәніндегі бағдарламасын іске асырды. Ол қазақ сахарасын орыс тарихшысы П. Рычков айтқандай: «Петр I - хотел путь во всю полуденную Азию отворить».

Ал, академик В. Бартольд: «Петр I - тек Қиыр Шығыс ғана емес, бүкіл мұсылман әлеміне деген саясаттың жаңа дәуірін бастады», - деп тұжырымдайды.

Қазақ даласына қорғаныс шебін салып қоймай, башқұрт пен қазақ арасына орыс казак-тарын сыналады, казак жасағының қолымен қазақ және башқұрт ұлт-азаттық қозғалыстарын қан жоса қылды.

Дәл осы арада, патшаның отарлық саясатын іске асырушы И. Кириловтың Анна Иванов-наға жазған мына мәлімдемесі дәлел бола алады: «Понеже калмыки давно поданные, а также и башкирцы, в к тому ныне прибыл третий народ киргиз-кайсацкий, а один за другим весьма несог-ласные, да и впредь всегда их в том содержать надобно и, ежели калмыки какую противность покажут, то можно на них киргизцев обратить..., в напротив того, буде многие кайсаки что сделают, то на них калмык и башкирцев послать и тако друг друга смирять и к лучшему послу-шанию приводить, без движения российских войск».

Патша өкіметінің: «Бөлшекте де, билей бер», - деген сол сұмырай саясаты, отаршылдық бұғауы қазақ мойнына түсер-түспестен-ақ іске асып жатты.

Алғашқы кезде қазақ жерін отарлау екі бағытта жүргізілді: Қазақстанның батыс бөлігінде (Кіші жүзде), солтүстік пен шығыста (Орта жүзде). Бұл бөліктің барлығында да Ресейдің казак әскерлері бекіністі шептер, яғни қамалдар тұрғызды. XVIII ғасырдың екінші жартысында ұзындығы 1780 шақырымды қамтитын Гурьев қалашығынан бастап, Жайықтың бойымен Алабұға шебіне дейін жеткен Жайық бекіністі шебі салынды. Содан Омбы (1715 ж.), Семей (1718 ж.), Өскемен (1720 ж.), Орск (1735 ж.), Есіл (1735 ж.), Верхне-Уральск (1745 ж.) т.б. бекіністерінің іргесі қаланды. Сөйтіп, Жайық, Орынбор және Сібір шептерінің бойында қазақ қоныстарын салу көшпенді қазақ елі пайдаланып келген жерлерді орыстардың тартып алуына мүмкіндік тудырды. Соның салдарынан қазақтың дәстүрлі көшіп-қону жолдары бұзылды.

Ал 1738 жылы салынған Ертіс линиясы, Жаңа Сібір және Есіл, Орынбор линиясы тірекке (форпостқа) дейін жалғастырылды. 1745 жылы Ертіс шебіне генерал-майор Киндерманның бас-шылық етуімен екі жаяу және үш атты әскер полктары орналастырылды.

Сенат жарлығы бойынша 1752 жылы Қазақстанның солтүстік жағында тағы бір нығай-тылған Пресногорьковск линиясын (шебін) салу басталды.

1752 жылы 4 шілдеде Омбыдан 546 шақырым қашықтықта Звениоголовск бекінісінің

ірге-тасы қаланған еді. Оған қоса Нашебурск және Вологодск полктерінің солдаттары мен драгундері Қызылжар сайында Луцк драгун полкінің әскери күзетімен әулие Петр, болашақ Петропавловск қамалын салды.

Оны Ешім өзенінің еңселі биігіне тұрғызып, екі қатар ағаш қабырғаларымен қоршап тастады. 1753 жылы шеп салынып бітті. Оның құрамына 10 қамал, 30 редут және 40 маяк енді.

Горький шебіне (Ащы көлдер) екі жылға Орал және Дон әскерлерінің 2 мың казактары жіберілді. Үкімет қазақ жерін отарлау саясатының әскери тірегі ретінде қараған Сібір әскерлері күшейтілді. 1770 жылы казактар сословиесіне Железняк пен Жвачконың қылмысты топтарынан тұтқындалған 138 Запорожецті әкеліп қосты. «Елеусіз қылмыскерлер» және тіптен тұтқындағы полк конфедераттары казактарға айналдырылды. Осындай шаралардың бәрі жергілікті казачест-воның санын 1801 жылға қарай 6 мың ер адамға жеткізді.

XVIII ғасырдың 50 жылдарында, Сібірде - қазақ жерінде жаңадан тұрғызылған бекіністер жағдайы төмендегідей еді. Ертіс пен Алтай аралығында үш бекініс шебі тұрғызылды. Біріншісі Сібір редутынан Омбы бекінісіне дейінгі жерлерді алып жатты. Ұзындығы 553 шақырым (1 шақырым - 1,0668 км) шептің бойында тұзды көлдердің көптігінен Ащы шебі (Горькая линия) деп аталып кеткен, екіншісі Омбы бекінісінен Алтай тауларының батысын бойлай, Малонарм бекінісіне дейін, ұзындығы 1664 шақырым. Ол Ертіс шебі деп аталып кетті. Өскемен бекінісінен Алтай тауларының батысын бойлай Колыван шебі деп аталып кетті. 1752 жылы Петропавл бекінісінің бой көтеруі - Есіл өзені бойында көшіп-қонып жүрген қазақ руларын бақылауға, осы өлкені отарлауға негіз салды. Кейіннен бірнеше басқа да бекіністермен жалғастырылған, Жаңа Есіл шебі 9 қосалқы бекіністен, 53 редуттан тұрды және 540 шақырым бойында Солтүстік, Батыс Қазақстанда асығыс салына бастаған бекіністерді Ертіс шебімен байланыстырды. Қазақтардың наразылығын басу үшін патша үкіметі, Жаңа Есіл шебіне 2518 башқұрт, 2 драгун (соғыс кезінде аттан түсіп те соғысатын атты әскерлердің бір түрі) полкін, 800 казак әскерін, бір эскадрон тұрақты топты шоғырландырылды. Осы кездерде Красноргорская дистанциясы құрылды (Красно-горская, Верхно-озерная, Ильинская, Губерлинская бекіністері және Орск әскери шебі), Орская, Таналыцкая, Уртамышская бекіністері қанат жайды.

Бекіністер шебі, қазақтардың ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген жайылымдарына шек қойды. Жерден қысым көрген рулар бір-бірімен бәсекелесіп, өзара қырқысты. Жердің иесі қазақ-тарды қыспаққа алу, енді ғана жоспарлы түрде іске аса бастады. Бір жағынан қазақтардың құнарлы, шұрайлы жерлерді тартып алды. Екінші жағынан жаңа бекіністерді және маңайындағы қоныс тебе бастаған орыс шаруаларын, қамал гарнизондарын азық-түлікпен, әсіресе астықпен қамтамасыз ету мақсатымен, Сібірден, Ресейдің ішкі түбірінен шаруаларды қоныстандыру бас-талды. 1760 жылы заң шығарушы Сенат Өскемен бекінісінен Бұқтырма өзені аңғарына, одан әрі Төлеуіт көліне дейінгі өңірді, сонымен қатар Ульба, Березовка, Глубокая және басқа да Ертіске құятын өзендер аңғарын орыстармен қоныстандыру туралы арнайы шешім қабылдады. 1762 жылы бір кезде діни нанымдар бойынша қудалауға түсіп, Ресейден Польшаға қашқан ескі діннің жақтастарына (Русские староверы) қоныстануға рұқсат берді. 1764 жылы алтайлық «поляктар-дың» алғашқы қоныстары пайда болды. Лосиха, Секисовка, Шемонаиха, Вовровка, кейіннен Малая Улбинка, Черемшанка, Тарханка т.б. поселкелер осы күнге дейін топонимикалық аттарын сақтаған.

Осы жерлерге қоныстанған Абулфаиз сұлтанға бағынышты: сыбан, керей, қаракерей, най-ман, бура найман, белгілі Орта жүз сұлтаны - кейіннен хан болған Абылайдың туынын астында көшіп жүрген уақ, қыпшақ және басқа рулар бекіністердің қыспағына қарамай, өздерінің негізгі иеліктерін сақтап қала алды. XIX ғасырдың басында Алтай мен Ертіс маңайына казактарды, түрмеде отырған қылмыскерлерді қоныстандырды. Осы бай өлкеде орыстардың санын көбейту үшін тіпті Шығыс және Солтүстік Қазақстанды жер ауғандарды қоныстандыратын өлкеге айналдыра бастады. Отаршылдарға мұның өзі аз болып көрінді.

Қазақ жерлерін біртіндеп орыс қонысшыларымен толтырып, әсіресе түсті металдармен аты шыққан Шығыс Қазақстанды тікелей өзінің иелігіне айналдыруға тырысты. Түсті металдар қорытатын кендерге көздері алақтап, тіпті 1747 жылы белгілі зауыт иелері Демидовтардың кәсіп-орындарын «Ресей императорларының меншігі» деп жариялады. Шығыс Қазақстан, Алтай, Тар-бағатай өңірінде, өз жерінде көшіп-қонып жүрген қазақ ру араларына қысым көрсете бастады.

Орыс шенеуніктерінің жасаған заңсыз әрекеттерін, Ресей патшасының өзі де қолдады. «Бөліп ал да, билей бер» деген саясатпен, 1835 жылы 5 наурызда Орынбор губернаторы В. Перов-скийдің басшылығымен дайындаған Азиялық комитет жөніндегі Ережені І Николай патшаның өзі шынайы қанағаттанып бекітті. Бұл құжаттың қысқаша мазмұны: Орскіден Троицкіге дейінгі қазақ жерімен өтетін жаңа шекаралық бекініс шебін тез арада тұрғызу және қазақтарды атамекенінен кетіру болатын. Жаңа шекара шебі Орскіден Троицкіге дейін тікелей қазақ жерлері арқылы тар-тылды. Сөйтіп, бұрынғы және шекаралық бекініс шебі өткен Ресейлік ауданға тағы да 4 миллион 313 мың десятина қазақ жері қосылды. Азиялық комитет ережесі бойынша, Орынбор басшы-ларының ендігі міндеті, жаңа шекаралық шеп бойындағы қазақтарды өз иеліктерінен бірте-бірте кетіру және осыған жергілікті тұрғындарды алдын ала дайындау болды.

Орынбордың одан кейінгі губернаторы Крыжановский: «Жерді пайдалануда жаңа шекара шебі өтетін аудандар бойындағы қазақтар жағдайы бұрынғы қалпында қалып отырды, олар белгісіздік жағдайда тұрмыс кешуде», - жеп жазған.

XIX ғасырдың 50-жылдары қарсаңында, жаңа шекара шебі маңында мүлдем жерсіз қалып, байларға жалданып немесе орыс станциялары мен поселкелеріне барып кірішпестік болған қазақтар саны күннен күнге өсе берді. Олардың бірқатары енді алтын, басқа да қазба кендерінде қара жұмысқа өз күштерін салып күн көрушілер қатарын толықтырды.

Архивтік құжаттар мәліметі бойынша, 1891 жылы осындай саны 1000 түтінге жеткен.

Тартып алынған жерлер алдымен казачество офицерлеріне, одан қалғандары станициялық атаман үкімімен урядниктерге жалға берілген. Әскери офицерлерді үлестік жермен қамтамасыз ету үшін, жердің көптеп алынғанына Торғай облысы губернаторының ақпараты да дәлел. Соны-мен, келтірілген құжатты материал бойынша, қазақтар жерлерінің басып алынуы ең алдымен, кең көлемде жүргізіліп отырған отаршылдық саясаттың іске асырылуының нақты көрінісі еді. Ал Орал, Орынбор казактар армиясы болса, патшалықтың шет аймақтары - қазақ елін Ресей империясы құрамына түпкілікті қаратып, оны бағынышта ұстаушы негізгі күшке және басты тірекке айналды.

Сонымен, патшалық Ресей әскердің күшімен, олардың аяғы жеткен жерді иемденіп, жердің бұрынғы иелері - қазақтарды уысында ұстау үшін үлкен әскери-әкімшілік отарлау аппаратын құрды.

Ресей үкіметінің енгізген жаңа заңдары, қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарына да

көп нұқсан келтіріп, көп жыл бойы қазақ бұқарасының қорғаушылары болған және жергілікті бай - сұлтандардың зорлық-зомбылықтарын тежеген билер институтын әлсіретті. Қай ел үшін болма-сын, отар болу үлкен бақытсыздық, соның ішінде еркін көшпелі ел үшін бодандықтан асқан сор-лылық жоқ. Қандай ел болмасын, өз бостандығын өз еркімен бермейді.

Сондықтан, XIX ғасырда қазақ жерінде Ресей империясына қарсы бірнеше көтерілістер болды. Сол болған көтерілістердің ішіндегі Кенесары бастаған 25 жылдық күресті «Ұлт-азаттық» деп атауға барлық негіз бар.

Себебі, басқа көтеріліске қарағанда, Кенесары мен Ағыбай бастаған және соларды қоршаған әлеуметтік топтардың өз бағдарламасы, ұлт-азаттық және мемлекеттік мұраттары болды. Олардың ең басты талабы - Абылай хан тұсындағы еркіндікті сақтау, сыртқы және ішкі жағдайында тәуелсіз болу, Ресейді тек сырттай ғана мойындау саясаты. Осыған байланысты, Ресей-мен олар көп жыл бойы дербес, әрі тең мемлекет ретінде келіссөз жүргізіп келді.

XIX ғасыр қазақ тарихындағы ең бір ауыр кезеңге жатады. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты ғасырдың орта кезінде өзінің шырқау шыңына жетті. Халықтың меншігі болып табылатын жердің отаршылардың иелігіне көшуі, басқару қызметтерді (аға сұлтандық, болыс, билер) бай-манаптардың сатып алуы, орасан үлкен мөлшерде алым-салық салынуы, патша үкіметінің зұлымдық саясатын жергілікті билеушілердің қолдауы - осылардың жарқын дәлелі. Отарлау саясаты ұлттың тарихына балта шауып, өз идеологиясын жүргізді. Міне, осындай жағдайда Кенесары хан Қасымұлының бастаған ұлт-азаттық қозғалысының басталуы, оған қазақ жерінің барлық өңірінен Ағыбай батыр бастаған азаттық сүйгіш азаматтардың жаппай қатысуы, әсіресе, Арқа өңірінің көтеріліске айрықша белсенділікпен қатысуы көп жайтты аңғартса керек.

XIX ғасырдың бірінші ширегі қым-қиғаш уақиғаларға толы еді.

1824 жылы қазақ даласында алғашқы приказдарды (дуандарды) құру үшін екі экспедиция жасақталды, бірі - Омбы облысын басқарушы полковник Броневскийдің бастауымен Қарқаралы-лыға, екіншісі - Григоровскийдің басқарумен Көкшетауға жіберілді. Орыс саясаткерлері Қарқаралы мен Көкшетау екеуі де хан ордасы болған жер, жаңа биліктің жүйесін орнатуға икемді болады деп ойлады, бірақ олар қателесіп, осы жерге отарлау аппараты тек 25-30 жылдан кейін ғана толығымен орнады.

Шоқан Уалиханов Абылай ханға арналған зерттеу еңбегінде XVIII ғасырды «Век казах-ского рыцарства» деп атайды. Қазақ хандығы Еуразияда бірнеше мың жыл үстемдік еткен көшпелі өркениеттің, мәдениеттің, далалық демократиялық мемлекеттің соңғы үлгісі еді. Ресей патшасының отарлау саясатынан кейін, XIX ғасырдың басында ол да аяқталды.

Кең қазақ жерінде бірін-бірі мойындамайтын, әр түрлі мемлекеттердің, патша-хандықтардың боданы болып ұсақ иелік қалды, бұрынға біртұтас мемлекеттік жүйе тарих кұшағына сіңіп кетті. Осындай хандықтардың бірі - Орталық Қазақстанда Қарқаралы жерінде XIX ғасырдың бас-ында пайда болған Бөкей хандығы еді (1816-1819), Ресей үкіметінің Абылай баласы Уәлидің (1737-1820), Орта жүзге тұтас билігін жою үшін жасаған қуыршақ хандығы еді. Екінші жағынан, Уалиді Орта жүздің басым бөлігі хан ретінде мойындамады.

Бөкейдің ата қонысы, Түркістан маңындағы Иқан қаласы болатын, XIX ғасырға дейін 200-дей үйі бар шағын қоныс еді. Бөкей ханның әкесі «Қырық сан» деп аталатын



батырлығымен аты шыққан Барақ сұлтан еді. Ол 1748 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырды: «Қазақ жерін Ресей патша-сына елдің келісімінсіз сатып кеттің», - деген айыппен өлтірген ісімен аты аңызға айналған еді. Ол кездегі жайлаған жерлері жаз жайлауы Арқа, қысқы қонысы, саяси орталығы Түркістан маңын-дағы - Иқан, Қарнақ қалалары еді. Барақ сұлтан Абылай және тағы басқа да қазақ би-батыр-ларымен көп жыл бойы сыртқы жауларымен ерлікпен соғысып, қазақтардың бір тұтастығына және тәуелсіздігіне көп еңбек сіңірген. Ол, әсіресе, Ресей және Орта Азия хандықтарының сыртқы мәселесімен тығыз араласқан. 1751 жылы Қарнақ қаласында қазақ жаулары қастандықпен у беріп өлтіреді. Оған у беруші адамдар, не Ресейдің, не Қоқанның, не Жоңғардың тапсырмасын орын-даған. Кейіннен, Барақ сұлтан қайтыс болғаннан кейін, оның қонысын түгелдей Қоқан хандығы иемденіп алады. Сол Барақ сұлтан қайтыс болғаннан кейін, Қоқан бектерінен көп қысымшылық көрген жас Бөкейді: «Біздің елге хан боласын», - деп Қаракесектің Шекшек руының Нұралы деген биі тайға мінгізіп, Қарқаралы жеріне жетелеп келген, дейді қазақ шежіресі.

Бір айта кететін жайт, сол атасы Барақ сұлтанның жолын қуған, атағы кезінде жер жарған Әлихан Бөкейханов еді. Ол жүз жылдан аса Ресейлік және Орта Азиялық отарлық құлдықпен ар-палысқан қазақ халқын, XX ғасырдың басында қанатымен су сепкендей қамқор болып, елге үлгі көрсетіп, оқыған азаматтарын бастап, Алаш мемлекетін құрған еді. Алаш Орда үкіметі тек қазақ емес, бүкіл көшпелі түркі-мұңғыл қауымының бірнеше жылдық тарихының нәтижесі еді. Бірақ Кеңес империясының саясаткерлері, басында Алаш Орда мемлекетін мойындап, бірақ кейіннен күшпен таратып, сол үкіметтің мүшелерін қуғын-сүргінге ұшыратады.

Бөкей хандығы, Қазақстанның нағыз жер ортасы, қазіргі Қарағанды облысының жер көлемі түгелдей сиятын, хандыққа тұтас кірді. Бұл иеліктің құрамына Орта жүздің ірі-ірі 13 руы (қаракесек, төртуыл, бәсентин, найман т.б.) енді. Бірақ, ол кезде әр рудың өз би-батырлары мен төрелері болды және Бөкейдің билігін шартты түрде ғана мойындады. Мәселен, хандықтың құра-мындағы қуандық рулары Әбілмәмбет ханның, Сәмеке ханның балаларын қолдаса, төртуыл ода-ғының биі Торайғыр Уәли баласы Ғұбайдолланы хан көтерем, деп Қытайдан елшілік шақырып, орыстармен соғысып жүрді, ал оның ағасы Шоң мен Қарқаралыдағы Қаракесек Қаздауысты Қазы-бектің ұрпағы Алшынбай билер орыстың да, төренің де бізге керегі жоқ, қарамағымыздағы елге «өзіміз қожа, өзіміз би» деген принципті ұстады.

Міне, XIX ғасырдың басында, Ақжолтай Ағыбай батыр өмір сүрген Орта жүз жерінде қал-ыптасқан саяси хал-ахуал осындай еді. Біртіндеп бір жағы Ресейдің әсері, бір жағы тарихи объек-тивті себептерге байланысты, хандық биліктің қадірі қашып, әркім өз қамын ойлауға көшті. Мем-лекетсіздік, қоғамдық іске жауапсыздық, ұсақтық қазақ ханына осылай сіңе бастаған еді. Осындай өтпелі кезеңде, елдің жан-жағынан қамалап келіп ақылдасатыны, етегінен ұстайтыны өз ортала-рындағы би-батырлар еді. Ақжолтай Ағыбай батыр да осындай заман тудырған, өз халқының ішінде ел билігін жүргізген кемеңгері, қазақ қоғамының өмірінің ірі қайраткері бола-тын.

Ресей мемлекеті құжат түрінде Орта жүзді бодандыққа алуы 1740 жылдан басталады. Орынбор қаласына Әбілмәмбет пен Абылай хандар, белгілі батырлар Шақшақ Жәнібек, Нияз келіп генерал Урусовпен кездесіп бодандық туралы шартқа қол қойған. Бірақ, кейіннен қазақ халқы қалмақпен, қытаймен соғысып, жан кешіп жүргенде Ресей өзінің боданына көмектесудің орнына, шекарадан ентелеп жер алып, бекініс салуға өз қамын ойлап кетті. Осы себептен Қазақ хандығы мен Ресей арасы суыған болатын. Абылай хан Ресейге қарсы Қытайды салып, екеуін өшіктіру саясатын қолданды да, соның арқасында Орта жүз баласы

ешкімге де тәуелді болған жоқ.

Абылай хан өлгеннен кейін Орта жүз, Кіші жүздің кебін кейіп, ел бет-бетімен кетті, өзара жаугершілік, барымта көбейді. Осындай берекесіздіктің кесірінен, көршілерімен де сыртқы қаты-настар ушыға түсті. Орта жүздің жылқысын Абылай заманында Ертістен әрі айдап, Құлындының даласына қыстататын, Ресей үкіметі оны көп жыл бойы амалсыздан мойындап келген болатын. Енді келіп, Ресей қазақтарды Ертістен әрі асыртпайтын болды, осыған байланысты шекаралық соғыс көбейді. Ол соғысқа Орта жүздің қазақтарының бәрі қатысты. 1762 жылы Қаздауысты Қазыбектің өз баласы Сырымбетті елші қылып, Сібір орыстарына жұмсауы да, елшіліктер де шекара мәселесін шешуге арналған.

Уәли мен Бөкей хандар өлген соң, хандық билікті жойып, Ресей Орта жүзді басқару тура-лы жарғыны дайындады. Қазақстан Сібір Шығыс пен Батысқа бөлініп, Батыстың құрамына Омбы облысы құрылды, Орта жүздің қазағы осы Омбы облысына бағынатын болды.

1822 жылы Ресей Сенатының бекітуімен жарияланған «Сібір қазақтары туралы жарғы», 1824 жылдан бастап іске аса бастады. «Жарғының» негізгі идеялары, Ресей патшасымен өте жақын болған, сол кездегі Батыс Сібір губернаторы М.М. Сперанскийдікі болғанымен, нақты іске асыруды Омбы облысының генерал-губернаторы Броневский С.Б. және Батыс-Сібір генерал-губ-ернаторы П.М. Капцевич үлкен үлес қосты.

«Сібір қазақтары бойынша жарғы» Орта жүз бірнеше округтерге бөлінетін болып шешті. Әр округте 15-20 болыс болмақ, әр болыста 10-12 ауыл, әр ауылда 50-70 шаңырақ. Округтің бас-шылығына сұлтандар өз іштерінен аға сұлтан сайлап, ал болыстарды - сұлтан, ауылдарды - би (старшын) басқарсын, деп ұйғарылды.

«Жарғы» Сібір басшыларының Орта жүзді ондаған жылдар бойы бақылап, зерттеуінің арқасында дүниеге келді және қазақтың өз билігін бірқатар сақтағанымен түбі Ресейге нақты қосудың тура амалын жасады. Оның бір мысалы, мынада - ерте уақытта қазақ баласы билікті хан-сұлтанға беретін, бірақ қатаң бақылап отыратын, шектен шығармайтын. Енді келіп «Жарғы» сұлтан билігін қазақтың қолынан алып, өзіне берді. Осы себептен төрелер мен қазақтың бай-манаптарының арасындағы ұзақ жылдарға созылған күрес басталды да кетті. Оның айқын көріністерін Қарқаралы округінен де көреміз, мысалы, ешқандай да патшалық отарлау аппа-ратында жұмыс істеуден бас тартқан, Алшынбай бидің ұйымдастыруымен, патша шенеуніктеріне қосылып алып елге көп зорлық-зомбылық көрсеткен, XIX ғасырдың қыркыншы жылдары Қар-қаралы округінде аға сұлтан болған Бөкей тұқымы Құсбек төрені (1843-1848) елдің назарлығы-нан кейін және бірауыздан қолдануынан кейін, аға сұлтандықтан алып, елді «әділ билейді» деп Құнанбайды сайлауы. Осымен көп жылдық төрелердің үстемдігіне балта шабылады.

1824 жылы ерте көктемде Қарқаралы бағытында Семияр форпостынан 300 адамдық отряд аттанды. Оның құрамында князь Даданов, сотниктер: Карбышев, Чириков, Кинжицев, Копей-кин, дәрігер Зильберштейн, топограф Кошелев, бірнеше тілмәш, 250 орыс-казак әскері және құрылғалы тұрған Қарқаралы округінің болашақ екі заседателі - Бубенов пен Налабердин болды. Бұл отрядты Қарқаралы округі қарайтын Омбы губернаторы полковник С.Б. Броневскийдің өзі басқарып келген.

Сібір отрядының тоқтағаны Тұрсын (Жамантай) және Әбілғазы сұлтандар ауылы болды. Ең бірінші өтініш білдіріп шақырғаны, сол кездегі Ағыбай батыр шыққан рулардың (Өлтеке- Сарым, Кәрсен-Керней, Қояншы-Тағай, Шұбыртпалы) арасында өмір сүрген

Сұлтанғазы сұлтан. Архив деректері бойынша: «Сұлтанғазыға қос атпен шақырушы жіберілсін, ол өзінің сұлтан-дарымен және билерімен аға сұлтанды және болыс сұлтандарын сайлауға Қарқаралыға келсін»,- делінген.

С.Б. Броневский сол кезде: «Елдің тыныштығын сақтайды, сайлауды ұйымшыл өткізеді»,- деп, тек төрелерге ғана арқа сүйеген. Сол кездегі халықтан шыққан және олардың қорғаушылары беделді би-батырлардың біреуі де сайлауға қатыспаған.

1824 жылдың 8 сәуір күні билеуші сұлтандар - Тұрсын Шыңғысұлы, Ағадай Маманұлы, Шама Абылайхан ұлы, Әбілғазы Бөкейұлының қатысуымен және Броневскийдің қолдауымен, Тұрсын Шыңғысұлы аға сұлтан болып сайланады.

Тұрсын ел ішінде «Жамантай төре» деген лақап атпен белгілі, Бөкейдің немересі, Шыңғыс төренің баласы еді. Қазақ ішінен заседатель болып Елдебай Ортауұлы мен Жаманбай Нұралыұлы тағайындалады. Ресей империясына адалдықтарын мәлімдеп, өз қызметтеріне кіріседі.

Сөйтіп, Қарқаралыны 1824 жылдан 1868 жылға дейін 44 жыл аға сұлтандар басқарды. 21-ші қазан 1868 жылы патша үкіметі аға сұлтандықты жойып, уездік губернаторлық штат құруды белгіледі. Ал, Қарқаралы 1869 жылдан бастап уезд орталығына айналды.

1824 жылдың басында С.Б. Броневскийдің отряды, округ ашылуға керекті жабдықты түгел Қарқаралыға жеткізген болатын, оған қоса қазақтарға сыйға немесе арзан бағаға сатылады, деп алып келген көптеген тұрмыстық-өнеркәсіп заттары болды.

1824 жылы жаз бойы ел ішінде болыстарды ұйымдастыру біртіндеп жүрді. Аға сұлтандық құрылғанымен, оны ел тез мойындай қойған жоқ.

1824 жылы Қарқаралы округінде болыс саны - 18, ауыл - 147, барлығы - 18320 мың шаң-ырақ. Еркек саны - 39067, әйел саны - 33839 болған. Бұл сыртқы округтер аластатылған Омбы об-лысына кірген қазақ елінің 1/10 бөлігі еді.

Қарқаралы қазақтарының орысқа салық төлей бастаған уақыты - 1832 жыл. Егер ақшамен төлесе бір жылқының құны - 35 руб., өгіздің құны - 20 руб., қой - 2 руб. болып белгіленді. Әр қазақтың от басы 100 малдың біреуін үкіметке тапсыру керек болды.

Полковник Броневский экспедициясының Қарқаралыда көрінуінің өзі, қазақ бұқарасының күреске шығуына жеткілікті болды. Осы экспедиция Ресей отарлау саясатының бастамасы екенін түсінген Ағыбай батыр Қарқаралы аймақтары қазақтарын басын қосып жинай бастады.

Ақжолтай Ағыбай батыр бастаған қазақтың сол кездегі алдыңғы қатарлы адамдары, Қар-қаралы басында орыстардың бекініс салуы (сол кездегі округ орталығы) көшпелі мал шаруашы-лығының, түбінде қазақтың тәуелсіздігін жоятынын, бірден түсінді.

Ағыбай батырдың ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында көтерілісшілердің саны күн сайын өсіп, ұдайы толығып отырды. Қазақтарға өзінің күші жетпейтінін білген соң, Броневский жергілікті сұлтандар мен ірі феодал байлардан Патша Жарғысын іске асыруға көмектесулерін сұрады. Күткеніндей-ақ, сұлтандар мен байлар Броневскийге шынында көмек көрсетті. Олар халық атынан сөйлеген болып, өздерінің кеңестерінде приказдардың ашылуын келісім берді: «Бірінші округтік приказдың ашылу орнына жиналған аса беделді сұлтандар мен халық старшын-дары, жаңа құрылыстың қабылдануына келісімдерін білдіруге асықты. Сөйтіп, 1824 жылы 8 ақ-панда Қарқаралы округі ашылды, оның құрамына шамамен

20 мыңдай үй кірді», - деп жазды Кра-совский.

Сонымен 1824 жылы 8 ақпанда сұлтандар мен билердің белсене қатысуымен патша өкі-меті бірінші Қарқаралы приказын құрды. Бұл приказдар патша өкіметінің Қазақстанды одан әрі бұғаулау ісінің басталуы ролін атқарды. Патшаның осы жарлығынан кейін халық өздерінің арасынан шыққан, халық арасына құрметке бөленген көсемдері - бұрын да қазақ жауларына қар-сы қол бастап жүрген батырлардың қасына жиналып, азаттық көтеріліске шығуға бел буды.

Қиын-қыстау заманда халықтық болмысы тарих сахнасына шығып, оның бүгінгісі мен ертеңі сарапқа түскенде ел өз ортасынан елі үшін, Отаны үшін, ар намысы үшін, ел намысын ер намысына ұштастырған ерлер шығарады. Замана деген ұста ерлерді тудырады, олардың атын өшпес іспен нұрландырады. Ел басына ауыр күн туды. Бейбіт халық егілді, жазықсыз жандардың қаны төгілді, халық тағдыры, ойдан қырға қашты, тау тасты паналады.

Міне, бұл тұста қазақ халқы бірліктің керегін түсінді. «Дауға барсаң бірің бар, жауға барсаң бәрің бар» деген мәтел сол бір кезде айтылса керек. Топ ішінен суырылып сөйлейтін шешендер, көпті көрген көсемдер, ту ұстар батырлар сол тарихи кезеңде айбынды елдің айдынды азаматын іздеді, ал ол болса «Жыртылғанға жамау, шаршағанға демеу», «Қалың елдің ары», «Жау - дұшпанның кәрі», «Ауырғанға дәрі, өз елінің нәрі» болуы шарт еді.

Дәл осындай ел тілегінен шыққан елдің елеулісі, халықтың қалаулысы, жасынан жаулары-мен соғысып, әскери тәрбие жинаған, әр түрлі айқастарға қатысып, әбден шыныққан, қалың бұқараның қорғаушысы, әрі қолдаушысы жас та болса қалың елге бас болған Ағыбай батыр еді.

Ағыбай батыр қазақ сахарасының даналығын, күш-қайратын бойына сіңірді. Елмен, халықпен біте қайнасып оның сырын да мұңын да түсінді.

Ағыбай бастаған көтерісшілердің негізгі тобы, Қарқаралы дуанының Бұғылы мен Тағылы өңірінен, Ағыбай өзі шыққан Қаракесек руларынан болатын. Бір айта кететін жайт, Ағыбай батыр осы империяға қарсы соғысты 40 жылдан астам тоқтатпаған.

Қарқаралы округінің приказы Броневскийдің 1826 жылғы 14 маусымда хабарында былай делінген: «Бүлікшілер бас көтерді. Олар Ордадағы тыныштықты бұзып, қарсылық танытуда. Жер-гілікті жерге Ресейлік империяның тәртібін орнатуға кедергі келтіруде. Мына соңғылары, 1000-ға жуық жиналған адамымен болыстарды төңіректеп, оларға өздерінің салық жинаушыларын жібер-ді, бағынбағандарға шабуыл жасап, тонап кетеді».

1826 жылғы тамыз айында Ағыбай батыр қолы Қарқаралы бекінісіне шабуыл жасады. Бат-ырдың көтерілісті дұрыс ұйымдастыра білуі үлкен нәтиже беріп, отарлаушылар тарапынан бар-ымталанған мал қайтарылып, азапталып тұтқында жатқан адамдар азаттық алады.

Осыдан кейін Ресейден көп әскер шақыртылып, көтерілісті жаншу басталады. 1827 жылы жүзбасы Карбышев пен сұлтан Тұрсын Шыңғысовтың басқаруымен құрамында 200 әскері бар қарулы қол Ағыбай батыр ауылына баса-көктеп кіріп, қанды-қырғын соғыс ашады. Сойыл, найза, шоқпармен ғана қаруланған Ағыбай бастаған топ мылтықты жаулардан өз ауылын қорғау жолында табандылық таныта білді, бірақ осы шайқаста ол 58 адамынан айырылады.

Бекіністегі казак-орыстармен ірі-ұсақты қақтығыстар үнемі өтіп туратын болды. Солар-дың ішіндегі бір есте қаларлығы, 1832 жылы қазақ қолының Қарқаралыға шабуылы

сәтті аяқ-талды. Өне бойы қазақ ауылдарына шауып алып отырған казак-орыстары, бұл жолы өз мал-жанынан айырылады. Бұл жорыққа Ағыбаймен бірге Қаракесек руының, Шет өңіріндегі Бесата жұртының Қашқынбай, Бодық, Баубек сияқты батырлары да қатысты.

Ағыбай батыр 1832 жылы наурызда жалғыз өзі бастаған қолдың Патша әскеріне тойтарыс бере алмайтынын түсініп, Саржан мен Есенкелді Қасымовтардың әскерімен бірігеді.

Осы жылы олар біріккен әскермен Қарқаралы округіндегі Ресейге бағынған байлардың ауылдарына шабуыл жасап, 1600 жылқы айдап әкетеді. Осындай азды-көпті жеңістерге қол жет-кізе жүріп, әділет үшін көтеріліске шығушылардың саны біртіндеп, күн сайын көбейе береді. Енді Саржан Қасымұлы Ресеймен соғысуға Ташкенттік құсбегімен одақтастар іздей бастайды.

1826 жылы осындай мақсатпен Саржан ағасы Есенгелді және Ағыбай батырмен бірігіп, Ташкентке жол тартады. Осы жағдайға байланысты барон У-р былай деп жазды: «Құсбегіге Сар-жан өзінің әкесі және бауырларымен бірге барады және бұлар өте жақсы қарсы алды.

Бірақ, Саржан мен олардың қасында келген қазақтардың тәуелсіз мемлекет құрғысы келе-тін ойын және өз жағына Ташкент құсбегісінің қарамағындағы қазақтарды өз жағына тартқысы келетінін біліп, айламен қолға түсіріп жауыздықпен өлтіреді. Тек, Ағыбай батыр мен Ержан төре ғана соғыса жүріп, құтылып кетеді. Кейіннен Түркістанға барған Кенесарының әкесін де өлтіреді.

Осыдан кейін, Ағыбай батыр қол жинап, Шу өзенінің бойындағы Бесқұлан деген жерде өзбек әскерін тас-талқан етеді.

Орта жүздің Патша үкіметінің саясатын мойындамай, Кенесарыны хан көтеріп (Ұлытау маңында) хандықты қайта жаңғыртпақ ойлары Ресей үкіметін қатты ойландырып, өз позициясын бекіту үшін Орта жүздің ішінен әскери бекініс желісін салу туралы шешімге алып келеді. Қар-қаралы, Ақмола, Ақтау бекінісі, Ұлытау пикеті сол заманның жемісі. Орыстар Ақтауды үлкен бе-кініс қыламыз деп, басында тіпті шіркеу де сала бастаған. 1837 жылы «Ақтау бекінісіне бір свя-щенник, 2 причетчик және 1 күзетші белгіленді. Көтеріліс кезінде Ақтауда әскери госпиталь да салынды, 2 унтер-офицент, 38 солдаты болды. Әскердің басым көбі орыс-казактары еді».

Бір жағы Ресейдің отарлау саясаты, жердің тарылуы, жазалаушы отрядтардың, орыс-казак-тардың шектен шыққан қорлық-зорлығы, алым салық; екіншіден, 1836 жылғы жұтта, округте 25968 жылқы, 5890 сиыр, 17237 қой өледі. Міне, осының бәрі Қарқаралы округінде қазақ рулары-ның Кенесары бастаған тәуелсіздік үшін күрес қатарына қосты. Қарқаралы өңіріне шыққан Ресей солдаттарын, шенеуніктерін тұтқындап, өлтіріп, қуып, алым-салықтан бас тартып, ереуілге шықты.

1837-1844 жылдары патша шенеуніктерінің жасаған тізімінде Ақжолтай Ағыбай батыр бастаған: Қояншы-Тағай, Жалықпас, Надан Тобықты, Алтай, Темеш, Төлеңгіт, Керей, Кәрсөн— Керней, Шұбыртпалы, Қара-Айтымбет, Дүйсенбай-Шекшек, Байбөрі, Әлтеке-Сарым сияқты Қар-қаралы округінің басты руларының үкіметке қарсы қозғалысы белсене шыққаны туралы көрсетілген. Ақтау бекінісіне жасалған шабуылшылардың ішінде Кәрсөн-Кернейлердің үлкен бөлігі жүрген.

Қарқаралыда округ ашылып, қазақ дуан деп атады, енді төрелер орыс отарлау

аппаратына арқа сүйеп, тағы да болыстыққа тек сұлтандарды сайлай бастайды.

Мысалы, құжат қорында Қаракесек-Сарым руында болысты қалай сайлағаны туралы жөнінде акт бар: «1824 жыл 13 шілде. Біз, төменде қол қойғандар, әр ауылдан жинала отырып бір ауыздан майор Сұлтанғазы Бөкейхановты қазаққа және Ресейге берілген деп таныдық. Сол себеп-тен оны Сарым-Қаракесек болысының басшысы қылып бір ауыздан сайладық. Мөр болмаған-дықтан бұл приговорға таңбамызды бастық.

Би Қабанбай Тоқабаев, Ботантай Шуашбаев, Баланбай Жаманбаев және Әлтеке-Қаракесек болысының билері Есенаман Жетібаев, Қоғанбаев».

XIX ғасырдың 40-шы жылдары жасаған Омбыға қарасты сыртқы Қарқаралы округінде ол кезде барлығы 19 болыс: Дүйсенбай-Шекшек, Қырғыз, Қара-Айтымбет, Әлтөбет, Қарауыл, Қоян-шы-Тағай, Кәрсөн-Керней, Алтеке-Сарым, Надан Тобықты, Төлеңгіт, Керей, Тарақты, Көшім, Жалықпас, Байбөрі, Айбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар, Қамбар, Тобықты. Барлығы 19 болыс ел, 314 ауылға бөлінген, әрине, ауыл дегеніміз - бір атаның баласы (бір старшын ел). Әкімшілік жағынан бір ауыл атанғанымен көшіп-қонатын жері, малы т.б. бөлек болған.

1837 жылдың жазында Кенесарыны халық Орта жүздің ханы етіп сайлайды, ал Ағыбай батыр бас сардар болып тағайындалады. Осыдан кейін. Ағыбай батыр қазақ әскерін бір жыл бойы соғыс өнеріне үйретеді. Сол жылдар Патша үкіметі Ақтау, Ақмола және Көкшетау қамалдарын салып болып қалған еді.

Ақтау бекінісі арқылы Троицк пен Петропавлдан шығып, Ташкент пен Бұқарға баратын сауда керуендері жиі өтетін еді. Қазақтардың көтерілісінің басталуына байланысты енді сауда керуендері орыстардың қарулы отрядтарымен қорғауымен жүретін болды. 1838 жылы сол Ақтау бекінісін қорғайтын қарулы Рытовтың әскерін Ағыбайдың орыстардың арасына жіберген жан-сызы Қашқынбай батыр Бетпақдаланың шөліне адастырып, көп күндер сусыз, шөпсіз қатырып, Ағыбай бастаған әскерлер келісілген жерде тосып алып, орыс әскерін толығымен жойып жібереді. Осыдан кейін әскерсіз қалған Ақтау бекінісіне шабуыл жасап, бекіністі толығымен құртып жібереді.

Ағыбай басшылық еткен қол Ақтау бекінісіне шабуыл жасағанда, көп мылтықпен қаруланған орыстың оғы өтпес үшін, қараған тобылғыдан бума-бума оққағар дайындап, шабуылға шыққан қазақ қолы, ашық далада айқас салып, садақ оғын жаңбырша жаудырып, бекініс ішінде өрт шығарады.

Ақтау бекінісін талқан ету даланың халқын дүр сілкіндірді. Ресейліктерден қорлық көрген дала халқы Кенесарының туының астына ағылды.

Сол жылы Ағыбай батыр басшылық еткен Кенесары ханның қолы Ақмола қамалына шабуыл жасайды. Қала қолдан қолға өтіп, қиян-кескі ұрыста қазақ жасағы ерлік пен табандылық көрсетіп орыс әскерін талқандап, Ақмола приказының аға сұлтаны, подполковник Қоңырқұлжа Құд-аймендин аздаған серіктерімен әрең қашып құтылады. Осы Ақмола үшін болған ұрысты халық былай деп жырлаған:

Қапыда шыға келген қалың жаумен,

Болыпты жан таласқан қырғын майдан.

«Қаш, Себет, жау қоршады» дегендерге,

Ер Себет жауап тапты: «Қашудан ұяламын Ағыбайдан».

Сол Ақмола соғысында оққа ұшқан Себет батыр 30-ақ жаста екен. Ағыбай батыр үшін басын ажалға тіккен бұл ерлік ісі, Ағыбайдың халық арасындағы беделінің шексіз екенінің куәсі.

Кенесары Көкшетау шайқасында жеңіске жеткені және шынай ержүректік көрсеткені үшін Ағыбай батырға Абылай хан атасынан қалған күмістелген қанжарды тарту етеді. Осы қантөгісте Ағыбай батырдың қолына тұтқынға патша офицері, аға сұлтан Маман Аблаев қолға түседі. Өлсіз-дік көрсетіп жеңіліске ұшырағаны, әрі тұтқынға түсіп қалғаны үшін Патша үкіметі Аблаевты қызметінен қуып, орнына Боштай Тұрсыновты тағайындайды. Осы жылдары Ағыбайдың сарбаз-дары Ресей империясының әскерлеріне дүркін-дүркін шабуыл жасап, бірде ойсырата жеңумен, енді бірде сәтсіздікке ұшыраумен болды. Осы жылдары ауыр зеңбірек, оқты мылтықпен қару-ланған Патша әскеріне қарсы «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» қазақ жерін қорғаған Ағыбай бастаған батырларымыздың даңқы шықты, сол батырлардың ерліктері халқымыздың еңсесін көтерді де.

Ал, Кенесары қолдарының қырғыз соғысына келсек. Ағыбай батыр қырғыздармен соғыс-ты басынан қолдамаған. Оны тарихи деректер мен сол кездегі әңгіме-шежірелерден де көреміз. Қырғыздармен болатын шайқастан бұрын, Хан кеңесінде, Ағыбай батыр өзінің ешкімнен тайсалмай шындықты бетке айтатын мінезімен: «Хан Кене, біз жер жағдайын білмейміз, біздің әскерлер бұрын тауда соғыспаған және қырғыз халқы қазақпен бір туысқан ел, бәріміз мұсылман халықпыз, енді соғысуды тоқтатайық, бекерге көп қан төгіледі», - дегенде. Кенесары хан: «Ия, Ағыбай, сен ешқашанда соғысудан тайсалмаушы едің, қартайғаныңа болсын», - деп, оны бас сардарлық-тан алып тастайды. Соңғы қырғыз соғысында Ағыбай батыр көп қайрат көрсеткенімен жай батыр ретінде соғысады. Кенесары көтерілісінің жыршысы, сол соғысқа басынан аяғына дейін қатысқан Нысанбай мен Кенесары көтерілісін қатысқан адамдардан деректер жинап, жазып алған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) да осыны дәлелдейді. Алатауда Бұғыбай батырға және сол жергі-лікті рулардың әскеріне сенген Кенесары қырғыздың қолына түседі. Осыдан кейін ғана, Ағыбай батыр бұрынғыдай бас билікті өз қолына алып, қалған әскерді құрап, майдан ашып, жеті қабат Алатауды айнала қоршаған жауды жарып өтеді.

Қалың қоршаудан шыққан қазақ батырлары арасында болған көтерілістің шежірешісі Нысанбай жырау еліне қайтып, бара жатып:

«А-Құдайлап», «Абылайлап»,

Қалыңға тиіп қалдық андағайлап.

Басына түссе нәубет қиын екен,

Ақыры әрең құтылды «Ағыбайлап», -

деп қайғырыпты.

Неміс ғалымы Радлов жинаған Кенесары туралы жырда былай делінген:

Кенеге тігілмеді торғын шатыр,

Топалаң тиген қойдай қазақ жатыр.

Басы екен шұбыртпалы ер Ағыбай,

Құтылды бұзып жарып сексен батыр.

Ағыбай батыр көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін де, орыстармен соғысуды қоймайды.

1847-1849 жылдар қол жинап орыс отаршыларымен қанды майданда тайсалмай соғысады. 1864 жылы Черняевтың әскерімен соғысып жатқан, Кенесарының батыр ұлы Сыздық сұлтанның шақы-руымен егде тартып қалғанына қарамастан Түркістанға сарбаздарымен келіп, орыс отаршыларына қарсы соғысады.

Кенесарының қырғыз жеріне келуінің басты мақсаты – қазақтар мен Алатау қырғыздарының ортақ жауы Қоқан үстемдігінің және Қоқан бектерінің сенімді одақтастары - қырғыз манаптарына қарсы күресу еді. Сондықтан ол қырғыздарға қарсы жорықты Қоқан жағына шығып кеткен манаптар сатқындығына жауап ретінде қарады. Ол қырғыздардың сол кездегі белді екі манабы – Ормон мен Жантайға жазған хатында ол қырғыздарға ешқандайда жамандық ойламайтынын түсіндіріп, былай деп жазды: «Менің осында келуімнің себебі, жауласып, қан төгу емес, қазақ пен қырғыздардың күшін біріктіріп, оларды Қоқаннан бөлу және жалпы қоқандықтардың қыспағынан құтқару. Осы хатты алған соң қауіптеріңізді сейілтіп, менің алдыма келіп, сөзіме құлақ асу рәсімін жасаңыздар да көңілдеріңізді жайландырыңыздар. Егер бұл ұсынысты қабыл алмасаңыздар және жауласудан бас тартасаңыздар онда өз обалдарыңыз өздеріңізге». Қырғыздардың сол кезеңдегі негізгі жауы, қазіргі Қырғызстанның барлық жерін билеп-төстеген Қоқан ханы еді. Кенесарының хатын алған соң, Ормон мен Жантай хатты манаптардың мәжілісінде талқылап, Кенесарының ұсынысын қабылдауға шешім шығарды. Олар хаттың Қоқанға қарсы бірігіп күресейік деген тұсына емес, қазақ-қырғыз бірге болсын деген тұсына назар аударған және Кенесарының түпкі мақсаты - қырғыз манаптарын биліктен айыру деп білді. Халық бұқарасына үстемдік жүргізетін биліктен айыру, олар үшін Қоқанға бағынудан да үлкен қорқыныш тудырды және билік мүдде жалпыхалықтық ұлттық мүддеден жоғары қойылды. Екінші жағынан, Ресей Патша үкіметі Кенесарының Ұлы Жүз бен қырғыздардың арасындағы беделінен қорқып, қырғыздармен келіссөз жүргізіп, Кенесарымен бірлесіп соғысуға шақырды. Осы келіссөздердің нәтижесінде, қырғыз манаптары Батыс Сібір генерал-губернаторы Капцевичке Кенесарыға қарсы бірлесіп күресуге уәде берді.

Кенесары бар уақытта да қырғыздармен әскери қақтығысты тоқтатуға тырысты. Мұны Ресей жазалаушы әскерінің жүзбашысы Абакумов та растады және ол өз рапортында былай деп жазған: «Кенесары барлық шараларды қолданып, қырғыздармен бітімге келуді ойластыруда».

Келіссөздің нәтижесінде қырғыз манаптары Кенесарыға қарсы бірлесіп күресуге өкіметке уәде берді Орынбор Шекара Комиссиясының есебінде көрсетілгендей, "қырғыз манаптары Кенесарыға қарсы күресте не өздері өлуге, не жауды құртуға шешім қабылдады".

Қырғыз манаптарында болып қайтқан өзбек Жақып та осыны айтады. Ол былай дейді: "Сол өлкелерде болғанымда, тастай тағы қырғыздардың басшы билері, генерал-губернатор Капцевичтің кезінде Омбыда болған Боранбай мен Кішкене Пірназаровтың Кенесарыға қарсы соғысуға және оны талқандауға дайын екенін естідім" .

Үкімет Кенесары көтеріліске Ұлы жүз қазақтарын көтере ме деп қорыққан. Генерал-майор Вишневскийдің қарамағына жасауылдар Ньюхаловтың, Абакумовтың және Карбышевтың отрядтары берілді. Вишневский Батыс Сібір генерал-губернаторына: «Бүлікші сұлтан Кене-сарыны қырғыздар сеніміне ие болғызбауға және оны жақтастарымен қоса сол жерлерден қууға, ал мүмкіндік бола қалса, оның өзін ұстауға қолымнан келетін шаралардың бәрін қолданамын», - деп уәде берді.

Вишневский Орта жүздің Аягөз, Қарқаралы, Көкпекті округтерінің аға сұлтандарын және патша өкіметіне берілген қазақтарын Кенесарымен күреске тартты және сонымен бір



мезгілде Ұлы жүздің ықпалды сұлтандарын Кенесарыға қарсы қоюға тырысты. Оларды көңілдендіріп қою үшін ордендермен наградтап, шенін өсірді. Мысалы, сұлтан Әли Әділов полковник шенін және Андреев лентасына тағылған алтын медаль алды, сұлтан Хәкім де осындай медальмен наградталды. "Үкіметке ерекше адал" баска да қазақтарға наградалар берілді.

Ұлы жүздің сұлтандары өз кезегінде өздерінің патша өкіметіне берілгендігі және Кенесарыға қарсы бірігіп күресуге дайын екендігі туралы жазбаша былайша сендірді: «Біздің мекенімізге келген Кенесары мен оның жақтастарына" халық тыныштығын бұзушы ретінде қарап, оны өзіміздің дұшпанымыз деп есептейміз және Кенесарының да, оның жақтастарының да біздің мекенімізде болмауы үшін онымен ешқандай мәмлеге келмейміз. Егер де қазір немесе бізден алыстап кеткеннің өзінде, оның Орта орданың, әсіресе жақын маңдағы округтердің қырғыздарына қарсы қимылы туралы ести қалсақ немесе байқасақ, онда бүлікшінің аюандық қастандығын болдырмау үшін өздеріңізге дереу хабарлауға уәде береміз»

Генерал-майор Вишневский жасауыл Нюхаловтың отрядын Кенесарыны Алатау етегіндегі қазақтармен біріктірмеу үшін Қапал мен Қараталға аттандырды. Сонымен бірге ол сұлтандарға хат жолдап, Нюхалов отрядтарына көмектесуді өтінді. Көп кешікпей-ақ Нюхаловқа аға султан Бөлен Шанхаевтың отряды қосылды, ал Әли Әділов пен Сүйік Абылайханов сұлтандар қарулы көмек көрсетуге уәде берді

Осындай жағдайда Кенесарыға өз сарбаздарын жинау үшін және халықты біріктіру үшін көп жұмыс істеуге тура келді. Кенесары Ұлы жүз сұлтандарының көмегі мен қолдауына сене алатын еді, олардың кейбірімен, тіпті туыстық қатынаста болатын (Мысалы, сұлтандар: Рүстем, Сүйік Абылайхановтар).

Бірақ күресті жалғастыру үшін тек қана Ұлы жүз қазақтарының көмегі аздық ететінін түсінген ол, енді Алатау қырғыздары мен қазақтардың күшін біріктіруді ойлады. Кенесарыға шынында қырғыз халқының көмегі қажет еді. Ұлы жүзге өту кезінде оның әскерінің құрамын толықтыратын және материалдық көмек беретін өз қарамағындағы ауылдардың бір бөлігінен айрылған болатын. Бұл ауылдар бірқатар жағдайғ байланысты (жазалаушы отрядтардың қуғынынан және жаңадан баратын жерде жайылымның жоқтығынан қорқып) бәрі бірдей Кенесарыға ере алмады. Сонымен бірге шегінген кезінде Кенесары өз әскерінің бір бөлігінен айырылғанды. Оның күресінің ең соңғы күніне дейін Кенесарының қасында болған ақын Нысанбай өзінің дастанында туысқан қырғыз халқынан көмек сұраған Кенесары былайша толғанып еді дейді:

Солтүстікте орыс бар,  
Жерің мен берсең малыңды,  
Балаңды берсең солдатқа,  
Отыратын қоныс бар.  
Күн шығыста шүршіт бар,  
Адам жейтін аюдай.  
Оңтүстікте қокан бар,  
Қатын кылып қызыңды,

Қарсы келсең дарға асып,

Күнде Қоқан қоқандар.

Қоқанның билеп-төстеуіне қарсы бірлесіп күресуге шақырып, қырғыз халқына Кенесарының үндеу тастағаны туралы өзінің "Қырғызстан тарихы" кітабында қызғыз ғалымы Сыдықов та айтады. Ол былай деп жазады: «Қазақ ханы Кенесары Ормонға өзінің өкілін жіберіп, ортақ жауга қарсы бірлесіп күресу үшін қырғыз, қазақ болып күш қосуды өтінді».

Кенесары сонымен бірге, Ұлы жүзде жүрген өзіне басқа да жүздерден адамдар келіп қосылады деп ойлады.

Ол ең алыстағы қазақ руларына дейін үндеулер жіберіп көтеріліске қосылуға шақырды. Орынбор мекемесіне қарасты руларға арналған үндеуінде Кенесары былай деп жазды: «Жаратқан иеміздің еркінен, кәпірлердің қыспағынан біздің Орта жүз бен Кіші жүздегі жақсы заманымыз бастан өтті, сондықтан біз Ұлы жүздегі Шу мен Іле бойына қоныс тептік... Егер сіздер бізге деген сенімдеріңізге және адалдықтарыңызға байланысты бізге көшпек болсаңыздар, онда бізді Қоқы деп аталатын жерден табасыздар. Бұл хат сіздер балашағаларыңызбен кәпірлердің тепкісіне түспесін деген ниетпен жазылып отыр».

Екінші бір үндеуінде былай деп жазылған: «Біз сұлтанымыздың інісі Сейілхан мен Шоқпар биді Кіші және Орта жүздерге жіберіп отырмыз. Бұл екеуіне ондағы бізге іш тартатын бауырларымызға Ұлы жүздің жері мен суы туралы хабарлау және кімде кім балашағасымен кәпірлердің құлдығында қалғысы келмесе, солардың бәрін осында бастап алып келу міндеттеледі».

Осындай «бүлікшіл хаттар» туралы Орынбор әскери губернаторы былай деп жазды: «Кенесары қырғыздарды орыс езгісінен құтылу үшін Орынбор даласынан кетіп өзінің жаңа қонысы Шу маңына жиналуға шақырды».

Амал не, бұл үндеуден ойлағандай нәтиже шықпады. Кенесарының жаңа жерде Кіші және Орта жүз қазақтарын біріктіру арманы орындалмады. Орта жүзден өзінің жігіттерімен тек сұлтан ҚұдаймендіҒазин Қарқаралыдан келіп қосылды. Ал, Ұлы жүз аймағында Кенесарының отрядтары жүріп өткен жердің бәрінде жергілікті қазақтар оларға қосылып отырды. Кенесарыға Ұлы жүздің Дулат, Үйсін, Жалайыр руларының батырлары қосылды. Жамбыл өзінің естеліктерінде былай дейді:

Жетіп келді қасына Саурық пенен Сыпатай,

Жас та болса Байсейіт жүрген еді қалыспай.

Сұраншы батыр ол дағы,

Кенесары қасына бәрі келіп жиналды.

Келген батырлардың арасындағы ең жасы — Байсейіт болды. Ол Дулат руының Ботбай тармағынан еді. Оның әкесі Тойшыбек өзінің бауыры Керіммен бірге халық арасында "қос батыр" атанған екен. Жамбыл Байсейіт батырға байланысты қызықты бір оқиғаны баяндайды. Кенесарының Дулаттарға келгенін естіген соң, Байсейіт оның әскеріне қосылуға тілек білдірген, бірақ ол алдын ала сұлтанмен кездесіп алмақшы болады. Бірде Байсейіт ешкімге құлақ аспастан, Кенесарының ордасына кіріп бармақшы болғанда, әкесі Тойшыбек

есік алдында тоқтатып: «Әй, көргенсіз бала, ханға рұқсатсыз кіруге бола ма екен?» - дейді. Сонда Байсейіт әкесіне былай деп жауап беріпті: «Мен оған хан деп келіп отырған жоқпын, батыр деп келіп отырмын, ал батырлар бір-бірінен қорықпас болар!»- депті. Үйге кіргенде, Кенесары оны қуана қарсы алады. Аталған батырлармен қатар Кенесарыға Тойшыбек, Байзақ және тағы басқа да батырлар қосылған. Онымен әпкесі Болай бұрынғысынша байланыс жасап тұрды. Ол өзінің 500 жігітімен Үйсін руынан зекет жинауға қатысады.

Жасауыл Нюхалов генерал Вишневскийге былай деп хабарлаған: «Кенесарыға Үлкен орданың Шымыр, Жаныс, Сары үйсін және Сикым руларының қазақтары қосылды, енді олардың жалпы саны 20 мың шаңырақ болып қалар».

Шынында, Ұлы жүздің біршама бөлігінің қазақтары қосылғаннан кейін Кенесары қайтадан елеулі күш - 20 мың адамдық әскер жасақтай алды. Шу өзені бойына ол енді қамал сала бастаған, бірақ соғыстың басталуына байланысты құрылыс тоқтап қалады.

Кенесары үшін қырғыздармен қатынас біршама қиындық туғызған. Ол Сайдақ қожа, Шоқпар би, Есенгелді Саржанов бастаған елшілерін қырғыз манаптарына жіберіп, Қоқан хандығына қарсы бірігіп күресуге шақырды. Осы хабар генерал Вишневскийді қатты абыржытқаны сонша, ол Кенесарының Алатау қырғыздарымен байланысын тоқтату үшін Қапал ауданына дереу жүзбасы Абакумовтың отрядын аттандырды.

Кенесарының қырғыздармен келіссөзі нәтижесіз аяқталды. Сарыбағыш руының Ормон мен Жантай бастаған манаптары Кенесары ұсынысын қабыл алмады. Сонымен бірге, олар өздерінің тумаларын қазақ ауылдарына шабуыл жасауға үгіттей бастады.

Қырғыздармен қатынасын шиеленістермеу үшін Кенесары өзінің ауылдарына шабуыл жасаған кезде тұтқындалған Қалша би бастаған 200 жігітті 1846 жылы тұтқыннан босатты. Сол жылы Ормон мен Жантайға арнап жазған хатында ол қырғыздарға ешқандай жамандық ойламайтынын түсіндірген болатын.

«Менің осында келуімнің себебі,- деп жазды ол, -жауласып, қан төгу емес, қазақ пен қырғыздардың күшін біріктіріп, оларды Қоқаннан бөлу және жалпы қоқандықтардың қыспағынан құтқару. Солай бола тұрса да кейбір ыңғайсыз істерге жол берілді, ал қазір арамызда болып өткен жайлардың бәріне мен салауат айтамын және сіздердің түсінбестіктеріңізді кешіремін. Менің жаулық ойламайтынымды Қалша биді 200 жігітімен титтей де жәбірлемей босатқанымнан көре аласыздар. Осы хатты алған соң қауіптеріңізді сейілтп, менің алдыма келіп, сөзіме құлақ асу рәсімін жасаңыздар да көңілдеріңізді жайландырыңыздар. Егер бұл ұсынысты қабыл алмасаңыздар және жауласудан бас тартпасаңыздар онда өз обалдарыңыз өздеріңізге».

Қырғыздардың сол кезеңдегі негізгі жауы - қазіргі Қырғызстанның барлық жерін билеп-төстеген Қоқан ханы болатын.

Алайда Ұлы жүзбен қоныстары шекаралас және өздерінің сыртқа саясаттағы әрекеттерінде Қоқан мен патшалы Ресейдің арасында жалтақтап күнкөруге мәжбүр болған Ормон және Жантай манаптар, әлбетте, Кенесарыны қолдай алмады. Бірақ ең бастысы бұл да емес еді. Қырғыз тарихшысы Сыдықовтың жазғанына қарағанда, Ормон Кенесары елшілерімен келіссөздерде бір жолы былай депті: "Ол (Кенесары - Автор) екі халыққа билігін жүргізетін хан етіп мені сайласын, өзі менің келісіміммен ғана қимыл жасасын". Бұған сенуге де болады, себебі Ормон барлық қырғыздарды өз қол астына біріктіргісі келген адам.

Кенесарының хатын алған соң, Ормон мен Жантай оны манаптардың мәжілісінде талқылап, Кенесарының ұсынысын қабылдамауға шешім алды. Олар хаттын Қоқанға қарсы бірігіп күресейік деген тұсына емес, олар өздерін, яғни ол қырғыздарды бағындырып алады деп қорықты. Жамғыршиновтың жазғанындай: «Қырғыз манаптары Кенесарының түпкі ойы Ормоннан бастап қырғыздың феодалдық-рулық шонжарларының барлық өкілдерін биліктен айыру деп білді». Халық бұқарасына үстемдік жүргізетін биліктен айыру олар үшін Қоқанға бағынудан да үлкен қорқыныш туғызды және таптық мүдде жалпыхалықтық - ұлттық мүддеден жоғары қойылды.

Кенесарының қырғыз манаптарына жазған хаты уақытында қазақ пен қырғыз арасында кең тараған сияқты. Оған бұл хаттың мазмұнын әр түрлі нұсқада жырға қосқан көптеген фольклорлық материалдар дәлел бола алады.

Сөйтіп, Алатау қырғыздарының ішкі саяси жағдайына, сондай-ақ олардың Орта Азия хандықтарымен және патшалы Ресеймен өзара қарым-қатынасына талдау жасай келе, Патша өкіметі мен қырғыз манаптарының Кенесарыға қарсы бірігіп күресуінің кездейсоқ емес екендігіне көз жеткіземіз.

Балқаш пен Іле аймағынан ығыстырылған Кенесары 1846 жылы Қоқанға қарсы күресіп, одақтастарсыз, тек өзіне қосылған Ұлы жүз қазақтарының күшімен бастауға мәжбүр болды. 1846 жылы ол Әулиеата (қазіргі Тараз қаласы) ауданына басып кіріп, Мерке қамалын қоршауға алды. Сәл ғана қарсылықтан соң "датқа" (қамал коменданты) өзінің гарнизонымен берілді және соның белгісі ретінде өзінің "Қызыл ауыз" атты сәйгүлігін Кенесарыға сыйға тартты. Датқа сонымен бірге Пішпек құсбегімен, және қырғыз манаптарымен уақытша бітім туралы келіссөз жүргізуге де уәде берді.

Ахмет Кенесарин: «Меркені алған соң, Кенесары датқаны аластап, Меркенің билеушісі өзі болды», - деп жазады. Мерке құлаған соң, қырғыз манаптары Әлішер мен Ормон манап қырғыздарға елдің ішкі жағына көшуге кеңес берді, ал өздері әскерімен Кенесарыға қарсы аттанады. Жер жағдайын жақсы білгендіктен, олар Кекілі тауларындағы ыңғайлы орынға бекініп алды.

Алатау тауларындағы алғашқы қарулы қақтығыстарда екі жақтан да көп шығын болды.

1846 жылдың орта шеніне қарай біршама тыныштық орнады да екі жақ әскери қимылдарды тоқтатуға және уақытша бітім жасасуға келісе бастады. Алдағы келіссөздер туралы Сібір қырғыздарының шекара бастығы былай деп жазды: «Тастай тағы қырғыздарға Кенесары өзінің және Ғали сұлтанның атынан бітім туралы келісуге елшілер жіберіп еді, бірақ олар әлі оралған жоқ». Кенесары бар уақытта да қырғыздармен әскери қақтығысты тоқтатуға тырысты. Мұны жүзбасы Абакумов та растайды, ол: «Кенесары барлық шараларды қолданып, қырғыздармен бітімге келуді ойластыруда», - деп жазған.

Қырғыздар жағынан елші болып белгілі манап Қалығұл келді, кейіннен ол Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковқа Кенесарыныңбасын жеткізгені үшін алтын медаль алды. Кенесары Қалығұлды қабылдап, бірнеше күн ордасында күтті, тіпті оған Наурызбай да қонақасы берді. Наурызбайдың кескін келбетін Қалығұлдың былай деп суреттеген: «Барқыт қамзол киген, мұрты енді тебіндеп келе жатқан, ұзын бойлы жас жігіт қонаққа шақырды. Кейіннен оның Наурызбай төре екенін білдім».

Кенесары Қалығұлмен қазақтар мен қырғыздар бұдан былай достық, тату көршілік қатынаста болады және қырғыздар Кенесарының кеңесіне құлақ асады деп

келісті. Қалығұл қырғыз халқының атынан: «Қырғыздар мен қазақтар достық қатынастағы дербес ел болады және барлық маңызды істер бойынша Кенесарымен ақылдасып отырады және оның сөзіне құлақ асады,-деп уәде берді. Сонымен бірге тұтқындар алмасуға да келісті. Кенесары Қалығұлдың өтініші бойынша, қазақтардың қолынан қаза тапқан қырғыз батыры Тастанбектің найзасы мен болат қылышын қайтарды да,Қалығұл Кенесарының қолға түскен жігіттерін төлемін төлесе, қайтаруға уәде берді. Кенесарының тұтқынға түскен екі сүйікті батырын (бірі қайын ағасы, Орынборда тұтқында отырған әйелі Күнімжанның ағасы) босату туралы келіссөз кезінде қырғыздар біреуіне 64 қара баран жылқы, ал екіншісіне - 10 түлкі ішік, 10 тоқыма шапан, 10 құндыз, 10 құла ат, 10 түйе төлем төлеуді белгіледі.

Уақытша бітімді көп кешікпей қырғыздардың өздері бұзды. Манаптар қырғыз батыры Жаманқараны өлтіргені үшін Ұлы жүздің батыры Саурықтың ізін аңдып жүріп, Саурық дем алып жатқан кезде, оның жасағына 70-80 қырғыз шабуыл жасап, жігіттерін өлтіріп, 700-дей жылқысын айдап әкетеді. Саурық қуғынға шыққан кезінде торуылға түсіп, қырғыздар қолынан қапылыста қаза табады. Қырғыз манаптарының Саурыққа шабуылы, жылқыны айдап әкетуі, келісім шарттың бұзылуына, қарулы қақтығыстың қайта басталуына және Кенесары мен оның серіктерінің қазасына алып келді.

1847 жылы Кенесары қырғыздар жеріне басып кірді. Бұл күресте Кенесарының көздеген негізі мақсаты - қазақтар мен Алатау қырғыздарының ортақ жауы Қоқан үстемдігіне және Қоқан бектерінің сенімді одақтастары қырғыз манаптарына қарсы күресу еді. Сондықтан ол қырғыздарға қарсы жорықты Қоқан жағына шығып кеткен манаптар сатқындығына жауап ретінде қарады.

Кенесарының Қырғызстандағы іс-қимылдарының аз зерттелгені сонша, ондағы оқиға барысын толық қалпына келтіру қиын. Тек Ормон хан қолданған Кенесарыны алдау тәсілдерін атап өту керек, онысы қақтығыстың немен аяқталуында белгілі рөл атқарды.

Кенесарының қырғыз әскерлерімен соңғы шайқасы Тоқмақ селосының шығыс жағында, Пішпек қаласына жақын Кекілі тауларында болды. Кенесары әскерлері Шу өзенінен 1-2шақырым жердегі Майтөбе деген таулы үстіртке орналысты. Қырғыздар ғасырлар бойы Майтөбені "қанды жер" деп атайды екен.

Майтөбеге солтүстік-шығыс жағынан Кекілі тауы жалғасып жатады, жергілікті халық оны "қасиетті төбе" деп атаған. Осы төбенің батысында Шу өзеніне дейін созылған Қара қоныс аңғары жатыр. Осы аңғар екіге бөлінеді: бірі "Алмалы сай" деп, ал онымен шектесетін аңғар "Саулман" деп аталады. Бұл аңғарлар орманға бай, ортасынан асау өзен ағып жатыр. Кенесарыны қырғыз манаптарының тұтқындаған жері осы "Алмалы сай" еді. Кенесары штабы Майтөбеде орналасқан болатын. Ондағы Кенесары жақтастары салған уақытша бекіністің: таулы үстірттің шығыс жағынан қазылған ордың және тас үйіндінің қалдықтары осы күнге дейін сақталған.

Кенесарының қырғыздармен шайқасының тағдыры қырғыздар жеңісімен аяқталатыны алдын ала белгілі еді. Біріншіден, патша отрядтарының басшылары манаптармен әскери қимыл жоспарын кеңесіп, әскери көмек, басқа қолдау көрсетіп бақты. Генерал-майор Вишневскийге рапортында жасауыл Нюхалов былай деп жазды: «Мен аса белгілі билерге - Бұғы руының биі Борамбай Бекмұратовқа және Әжібай Сералинге, Сарыбағыш биі Ормон Ниязбековке, Солты руының биі Жаңғараш Есхожинге хат жолдап, сендердің де, орыс үкіметінің де жауы Кенесарының көзін құртайық деп шақырдым".

Екіншіден, қазақ сұлтаны Рүстем және Сыпатай би Кенесары қозғалысына тоналудан қорқып қосылған адамдар еді. Шайқас болардың алдындағы түнде олар Кенесары жасақтарынан қашып кетті. Ол туралы Мәдбек Бекқожаев былай дейді: «Сыпатай мен Рүстем төре түнде өз әскерлерін бөліп алып, Шу өзенінің арғы жағына өтіп кетті».

Сыпатай мен Рүстем көрсеткен қызмет ұмыт қалған жоқ. Кейіннен манап Жантай Қарабеков Сібір қырғыздары шекара бастығынан сұлтан Рүстемді наградтауды сұрай отырып, былай деп жазды: «Рүстем сұлтан мен Сыпатай Әлібеков би әскерлерін алып, кетіп қалды да менің Кенесарыны жеңуіме жағдай жасалды».

Үшіншіден, Қоқан бектері өз әскерлерін Ормон манаптың қарамағына бергенді.

Төртіншіден, Кенесарының әскерін көп жыл бойы басқарған Ағыбай батырдың қазақ әскерінің арасында беделі өте жоғары және ол қырғыздармен соғысқа қарсы болған еді. Кенесары хан Ағыбай батырға ашуланып, оны бас қолбасшылықтан алып тастап, орнына Бұғыбай батырды қояды. Кенесарының осы шешіміне ренжіген көптеген әскер басшылары, арттарына ерген әскерлерін алып, қазақ жеріне қайтып кетеді. Соңғы шайқаста қазақ қолы 8-10 мың болса, соның 7-8 мыңы жергілікті батырлардың әскері еді. Одан сорақысы, шешуші шайқаста жергілікті батырлар өз әскерін ұрыс даласынан алып кетіп, Кенесарының қасында тек көп жыл бойы қасында жүрген және өзіне сенімді деген 3 мыңдай ғана әскер қалады.

Бесіншіден, Кенесарының әскерінің жеңілуінің басты себептерінің бірі, оның қолбасшыларының соңғы шайқас болатын жер жағдайын мүлдем білмейтіні және бұрын таулы жерде соғысу тәжірибелері жоқтығы. Осы жағдайды ұтымды пайдаланған сатқын жолбасшылар, қазақ әскерін алдап, әдейі Алатаудың соғысуға ең қолайсыз жеріне апарып орналастырады. Қазақ әскерінің орналасқан жерінің бір жағы адам өтпес құз, екінші жағы қалың батпақты ну орман, үшінші жағы тау басынан ағып жатқан ағысы өте қатты өзен еді. Осы өзенді қырғыздар тоғандап, екі-үш күннен кейін ішетін су таусылып, адамдар мен аттарды шөл қысып, қатты қиналады.

Жағдайдың үмітсіз екендігін түсінген Кенесары әскери кеңес шақырып, қоршаудан шығу жолдарын қарастырды. Наурызбай Кенесарыға мынадай ұсыныс жасады: «Маған Тама руынан Құрман батыр және Ағыбай батыр бастаған, ұрысқа жарамды 200 жігіт беріңіз, мен сол жігіттермен қырғыздар шебіне шабуыл жасап, бұзып өтемін», - деді. Бұл ұсынысты барлығы қолдағанымен, Кенесары келіспеді. «Егер біз бұзып өтсек, онда тоқтамай қашамыз. Кімнің аты жүйрік болса, сол құтылады. Ал халықтың басым көпшілігі қырылып қалады. Егер мен, әскер басшысы бола тұра қашып кетсем, онда мен бұдан былай халыққа хан бола алмаймын».

Кенесары барлық аттарды сойып, тек азық-түлік артатын 30 ат қана қалдырып, қолға найза алып жаяу сытылып шығуды ұсынды. Бірақ оның ұсынысын ешкім қолдамады. Соғыс кезінде атынан айрылу қазақтар үшін жаман ырым болатын. Көмек келеді-ау деген оймен келесі күнге дейін күтуге шешім қабылданды. Бірақ көмекке ешкім келмеді.

Кенесары, Наурызбай және Ағыбай батыр әрқайсысы өз отрядтарын басқарып, қоршауды бұзып өтуге ұйғарды.

Кенесары өзінің отрядымен Қарасуық деген батпақты өзен арқылы қоршаудан шықпақшы болды. Өзеннен өту кезінде көп адам суға кетті, осыған қарамастан жауынгерлер Кенесарыны аман алып қалу үшін әрекет жасады. Осы оқиғаны көтеріліске қатысқан адам былай суреттейді: «Кенесарының жүздеген адамдары желкеден төнген қара қырғыздардың соққысынан суға кетті, бірақ өліп бара жатып өздерінің сүйікті ханы Кенесарыны құтқаруға

тырысты. Өздерін құрбан ете отырып, олар ханды суға батып бара жатқан атынан ауыстырып, өз аттарын беріп отырды».

Қоршаудан шығуға тырысу сәтсіз аяқталды. Өзеннің шығар жерінде, қырғыз әскерінің басым тобы судан шыққан қазақ әскерін тосып отырған еді. Осылай Кенесарыны манаптар қолға түсірді.

Өзін өлтірер алдында Кенесары қырғыз манаптарына тағы да өз ойын айтты, яғни жауласуды қойып, ортақ жау Қоқанға қарсы бірлесіп күресу үшін қазақтар мен қырғыздардың күшін біріктірейік, деп ұсыныс жасады. Алайда, қырғыз манаптары бұл жолы да оның ұсынысын қабылдамады. Бір айта кететін жайт, Кенесары тұтқын бола тұра, өле-өлгенше өзін ханға лайық ұстады және қырғыздар оны қанша азаптап, қинаса да оларға тізесін бүгіп, басын имей кетті. Тіпті, қырғыздар Кенесары мен Наурызбайды өлтіруге көпге дейін батылдары бармайды. Кенесары қолға түскеннен кейін, қырғыздардың манаптары жиналған кеңесте, сол кездегі қырғыздардың бас манабы, өзін-өзі хан санап жүрген Ормон : «Мен хан емеспін, тек манаппын, ал Кенесары хан. Сондықтан мен ханды өлтір деп үкім шығаруға құқығым жоқ», - деп - Кенесарыны өлтіріңдер, - деп бұйрық беруден тайсалады.

Кенесары өзін өлтірер алдында, иін тірескен халық жиналып тұрған сол бір шақта өлеңдетіп қоя берді. Өлеңінде (жоқтауда - Автор) өз елінің еркіндігі мен тәуелсіздігі жолында өзі жүргізген аса ауыр күрестің бүкіл өткен жолын баяндады. Сарыарқаның кең даласын, шайқаста қаза тапқан серіктерін еске алды. Кенесары өлтірілер алдындағы соңғы сәт былайша суреттелген: «Кенесары жиналған жұртқа, алыстағы тауларға, күн шуағы төгілген биік аспанға, онан соң жан-жағына қарап алып, ән бастады. Ән ұзақ айтылып, жиналғандар ұйып тыңдады. Ән сөздері тыңдаушының бойын билеп, жүрегін баурап, қатты толқытқан. Ол өзінің өлеңінде туып өскен кең даласында, кіндік кескен ауылында өткен бар өмірін есіне алған еді».

Кенесары өлімі оның серіктері үшін, әскери достары үшін ауыр соққы болды.

Ресейде 1904 жылы шыққан «Исторический вестник» журналында» Я.Палферов «Алатау тауларында» (Кенесары Қасымовтың 1843-1847 жылдардағы күресі тарихынан) деген мақаласында, көтеріліске қатысқан Нысанбай ақынның сөздері арқылы көсемінен айырылған қазақтардың терең қайғысын былай деп білдіреді: «Кенет шатқал тыныштығын ғажап домбыра үні бұзды, оған қосыла Нысанбайдың: «Е... е... ее... Алла-ай!» - деп басталып, сол жерде шығарылған жоқтауы айнала жұрттың жүрегін мұңға бөлеп, жанын тебіrentті:

Кенекем менің кеткен соң,

Заманым қалды тарылып.

Халық иесі Хандардан,

Жетім қалдық айырылып.

Екі бірдей қанатым,

Топшыдан сынды қайырылып.

Балдағы алтын ақ берен,

Тасқа тиді майрылып.

Кемшілік түсті басыма,

Көрінгеннен қаймығып...

Кенесары кеткен соң,

Иесіз қалды тағымыз.

Наурызбай төре кеткен соң,

Бастан тайды бағымыз.

Бұлбұлдай сайрап жүр едік,

Байланды тіл мен жағымыз.

Жоқтау ұзақ айтылып, шатқал-шатқалды, сай-сайды қуалап, кең далаға Кенесары батырдың өлімін естіртіп кете барды. Зар еңіреген домбыра үні барлық дүниені булықтырды. Тыңдаушылардың қара торы жүзін ағыл-тегіл жас жуды, кейде олар өксіп-өксіп алады. Бүкіл табиғат осы жоқтау әніне бой алдырып, жылап тұрған сияқты».

Кенесарының, өлімі туралы хабар жетісімен Орынбор Шекара Комиссиясы жан-жаққа жарлық жіберіп, онда: «Орынбордың карауындағы қырғыздарға: біздің бәріміздің ортақ жауымыз өлді деп хабарлады».

Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков осы соғыста көзге түскен қырғыз манаптарын түгел өзіне шақыруға шешім қабылдады және оларды ордендермен наградтауға ұсынды. Кейіннен бұл шаралар жүзеге асырылды. Кенесарыны өлтірген Қалығұл Әлібековқа Горчаков арнаулы хат жолдады, онда былай делінген: «Құрметті қырғыз Қалығұл Әлібековке бүлікші Кенесары Қасымовтың ісінде көрсеткен ерлігіңіз бен қызметіңіз үшін, өзіме император тақсыр берген билікке сай, Сізге Георгиев лентасына түйреп мойынға тағатын күміс медаль жіберіп отырмын. Сіздің осы жоғары сыйлықты дұрыс бағалайтыныңызға және өзіңіздің қасиетті императорға берілгендігіңізбен үкіметтің сенімін ақтайды деп сенемін».

Соңғы шайқаста, Сібір қырғыздарының шекара бастығы Вишневскийдің мәліметіне қарағанда, Ормон манаптың қолынан Кенесарыдан басқа, Кенесарының інісі Наурызбай, оның екі баласы және басқа да 15 сұлтан қаза тапқан. Сонымен бірге көптеген қатардағы қазақтар өлтірілген, мыңға жуық адам тұтқындалған.

Қырғыз манаптары Ормон мен Жантай өздерінің риза болғандығын және достығының белгісі ретінде, өлтірілген қазақтардың бастарын Қокан ханына сыйлыққа жіберді. Бұл туралы капитан Рыльцовка берген жауабында бір керуенбасы былайша еске түсіреді: «Мен Ташкентте тастай тағы қырғыздардың басшыларға сыйлыққа жіберген Кенесары адамдарының екі арбаға тиелген бастарын өз көзіммен көрдім. Бастарды ұзын сырыққа іліп, Ташкент базарына тізіп қойған. Жергілікті басшылар бұл іске риза болып, тастай тағы қырғыздарға сыйлықтар берді».

Өкімет қырғыз манаптарын Кенесары көтерілісін басуда көрсеткен көмегін жоғары бағалап, осы туралы генерал-майор Гасфорд өзінің Сыртқы істер министрінен басқарушы Л. Г. Сенявинге жазған хатында Ормон Ниязбековтің қызметін бағалай отырып, былай депті: «Оның осы істе септігі тимесе, Кенесарыны өлтірмесе, онда біздің ісіміз ол кезде бізге тиімсіздеу басқаша сипат алары сөзсіз еді!».

Қапал уезінің қазақтары Кенесары үшін кек алу мақсатында қырғыз манаптарына қарсы жорыққа аттанған. Олар өлімге қатыса бар бірнеше манапты аяусыз жазалады. Соның бірі - Төрегелді манаптың ауылы тоналып, өзі тұтқынға алынды.



Кенесары қазасынан кейін, іле XIX ғасырдың 50-жылдары Қырғыз елінде сол Ормон бастаған өзара тонаушылық, феодалдық қырғын соғыс басталды. Сарыбағыштықтарды бастаған Ормон Бұғы руының Ыстықкөл жағалауындағы бай жайылымдарын басып алып, өзі иемденгісі келді. Осы соғыстың барысында, 1855 жылы Ормон қаза тапты. Кенесарыны өлтірген жендеттің бірі - Жантайдың қазақтар тұрсын, қырғыздардың өздеріне де қандайлық жек көрінішті болғанын, оның өзінің хаты да айтып тұр: «Менің дұшпаным көп, досым аз, қазақтардың немесе тастай тағы қырғыздардың Сізге мені жамандауы оп-оңай, оларға сенбеңіз. Мен баяғы жуас қалпымдамын, айтқанына көніп, айдауында жүретінімді айтып патшаға хат жазып өз адамдарымды жібергеніме де көп болды. Қырғыздарға сенгенше маған сеніңіз».

Жамбыл өзінің "Сұраншы батыр" дастанында Жантайды екіжүзді, ішмерез ретінде суреттейді.

Құдияр хан қағынды,  
Тағы қанды сағынды.  
Алатын орыс қазақсың,  
Аламын деді, бәріңді...  
Қырғызды ханға батырған,  
Өркімге бір сатылған.  
Ормон хан бар қолында,  
Қазақты барып талайық,  
Патшадан бұрын алайық,  
Деген мақсат ойында.

Кенесары қазасынан кейін, қырғыз манаптарына және олармен астыртын келіссөз жүргізген және әскери көмек берген, басқа көп жағдай жасаған орыс жазалаушы отрядтарының басшыларына үкімет тарапынан оларға марапат беруге ынта көрсетіп, бастамашылдық жасаған Ресей жағы болатын. Осыдан кейін қырғыздардың Батыс-Сібір генерал-губернаторының белгілі құрылымдарымен астыртын байланыстары құпия болудан қалды. Шындығында, бұл сый-сияпаттарды алып жатқан қырғыз манаптары Ресей азаматтары емес, олар Қоқан хандығының азаматтары еді. 1847 жылдың 19 мамырында князь П. Горчаков Ресей империясының әскери министрі А. Чернышевке: «Қырғыздарды марапаттауға келсек, оларға тапсыру үшін жоғарғы басшылыққа өтініш жасап, маған 6 алтын және осыншама күміс медаль жіберсеңіз», - деп жазған. Қырғыз манаптары, билері, және батырлары барлығы 12 адам «ыждағат көрсеткені үшін» (за усердие) алтын медальмен мараптталды. Тіпті Ормон манапқа Орыс армиясының подполковнигі деген шен берілді.

Ресей тарапынан, қырғыздардың бетке ұстар әскери элитасына алтын, күміс медальдар, қымбат шапандар, тіпті оларға әскери шендердің берілуі оларды Ресейге іш тартып, тіл алғыш одақтастарға айналдырады деп ойлады.

Өкініштісі сол, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы шығып, сатқындық көрсеткен, сол үшін ақ патша үкіметінің «ыстық ықыласына» бөленген өз қандастарымыз да аз болған жоқ.

Қырғыз манаптары қолға түскен қазақ батырларын, оның ішінде Кенесары хан мен Наурызбай сұлтанды да өте айуандықпен, бірнеше күн бойы жан түршігерлік азаптап барып қана оларды өлтірген. Тұтқынға түскен батырларға жасалған бұндай қатыгездік, адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген десе де болады. Бірақ, қырғыздардың өздері Кенесары хан мен Наурызбай сұлтандар қасиетті адамдар екенін сол кездің өзінде мойындаған. Өйткені, қырғыз зерттеушілері өздерінің еңбектерінде, олардың өліміне қатысқан барлық қырғыз манаптары бар-жоғы 10-15 жылдың ішінде өздері де өліп, олардың үрім-бұтақтары да көп қиыншылықтар көрді деп жазған.

Қырғыз елінің қазіргі де дейін мемлекет ретінде алға дамымай, жыл сайын көтеріліс ұйымдастырып, Президенттерін ел ішінен қуып шығып отыруы және дүние жүзіне тұрақсыз, берекесіз, әрі тәртіпсіз мемлекет ретінде танылып отырғаны, сол «Кенесары ханның киесі» деген пікір халық арасында кең тараған.

Сөзіміз дәлелді болу үшін елімізге белгілі ғалым-зерттеуші, тарих ғылымдарының докторы Жанұзақ Қасымбаевтың Ресей, қазақ және қырғыздардың мұрағат құжаттары мен зерттеушілердің тарихи жазбаларынан алынған кітабынан үзінді келтірейік: «... Со времени гибели Кенесары прошло почти 155 лет. До сих пор не утихают споры о месте гибели и обстоятельствах его казни. Многие исследователи XIX в. и советского времени придерживались линии, что казнили и похоронили его останки на месте гибели. Многие исследователи, да и представители общественности, настолько были убеждены в его захоронении именно в том месте, где произошла последняя битва хана, что в 1992 г. это послужило причиной проведения археологических раскопок в районе Май Тобе - Кеклик-Сенгир. Однако документально еще не доказано конкретное место захоронения тела хана. Безрезультатно закончились археологические работы, произведенные по инициативе института истории, этнологии им. Ш.Ш. Уалиханова АН РК осенью 1992 года. В них участвовали и историки, и археологи АН Кыргызстана. Как и следовало ожидать, попытка не удалась. Да и удастся ли когда-нибудь найти останки великого хана ввиду массы захоронения в одном месте казненных 19 султанов? Тем более, что почти все султаны были обезглавлены.

А потому с самого начала следует оговорить, что найти тело без головы задача одна из сложнейших. Ведь особенно его близкое окружение, угодившее в плен, первоначально было отвезено в одну из ставок Ормон хана. Затем его еще живым передали в руки манапу Жантаю. Документально подтвержден факт, что несколько дней его продолжали держать закованным в цепи в одном из аулов Жантая Карабекова.

Таким образом, начиная наш рассказ об обстоятельствах казни Кенесары, следует отметить, что данные, в т.ч. архивные, в которых мы выявляли сведения на сей счет, по крупицам восстанавливали детали этого трагического события, упорно молчат о месте казни. Итак, приходится констатировать - место умерщвления Кенесары до сих пор не удастся выяснить конкретно.

Хан Кенесары оказался в плену. Могли ли манапы оставить его в живых? Чтобы продлить его мучения, они таскали его по кыргызским аулам, совершая над ним издевательства, как, например, поступил в свое время узбекский полководец Темир, возя в железной клетке своего пленника Баязита Молниеносного. Имел ли какие-либо беседы со своим славным пленником Ормон хан? Ни архивные источники или какие-либо рукописные материалы по этому поводу не содержат никаких упоминаний. Доподлинно известно, что прежде чем предать мучительной казни, его подвергали нечеловеческим истязаниям. Это

подтверждают многие авторы. Сначала казни подверглись рядовые султаны, которых “живыми варили в котле”. Видимо, это соответствует истине. Султан Камбар Асланов, который первым сообщил сотнику Ньюхалову о “совершенном” поражении Кенесары и удостоверял, что “это известие мое справедливо”. Оно было написано им собственной рукою с приложением тамги. Некоторым “отрезывали сперва руки и после умерщвляли”. О “зверском убийстве” пленных казахов “хищным народом — дикокаменными киргизами” в свое время писал и Ш. Уалиханов, которого трудно заподозрить в какой-либо симпатии к Кенесары, хотя, как правнук Абылая, он приходился родственником не только Кене хану, но и многим другим султанам, окончившим жизнь на плахе в Тянь-Шанских горах.

Однако Кенесары как казахский хан, признанный, по крайней мере, населением Младшего и Среднего жузов, политический вождь, не мог быть наказанным как обычный пленник. Судьба его зависела от милости кыргызского предводителя Ормон хана, который, как писал об этом М. Венюков, при своей юрте возил виселицу. Во время битвы Ормон хан и Кенесары не встречались. Судя по донесению другого главного манапа Жантая Карабекова, “Урман его не видел. Справедливо это потому, что остался позади мятежника...”

В том, что хану отсекали голову после долгого глумления над ним, нет сомнений.

В кыргызских материалах содержится следующий рассказ о том, как поступили с его головой. Одна из пожилых женщин, у которой несколько сыновей погибли в войне с Кенесары, услышав, что казахский хан будет обезглавлен, испросила разрешения сварить его голову, отделив мясо (куйка) от черепа. Рассказывали, что через некоторое время она потеряла рассудок. Н.Я. Маев в своих путевых заметках также говорит, что хана живым сварили в котле.

Страшная весть о “разбитии” Кенесары и “совершенном его поражении” быстро распространилась по всем казахским жузам, среднеазиатским ханствам.

Вся степь покрылась трауром. Нет более Кенесары. Пройдет еще некоторое время, пока Нысамбай и другие сподвижники хана, оторвавшись от преследователей, достигнут родных степных просторов, укрывших своих славных воинов.

*Камни рыдайте! Потухни заря!*

*Рухните, гордые скалы отвесные!*

*Смолкни веселая песня ручья!*

*Нет Кенесары, посланника неба -*

*Мертвый он... теперь поруганье*

*Над трупом свершают алхеды.*

*Стихнул, ветер свободный!*

*Свои песни забудьте акыны...*

*Слышится плачь и тишь надгробный,*

*Степь потеряла лучшего сына.*

Так с грустью и печалью «извещала двуструнная домбра Нысамбая».

О гибели хана среди кочевников впоследствии разошлось множество рассказов и легенд. Одну из таких притчей записал известный исследователь XIX в. А.И. Добросмыслов: “Прежде чем предать его мучительной смерти, кыргызы в течение сорока ночей клали с ним лучших красивых девушек в надежде получить от него таким путем не уступающих по дикой отваге, хотя их злейшему врагу их богатырю Кенисары Касимову. Кенисара будто бы не пожелал иметь сношений ни с одной из девиц, и таким образом, каракиргизам не удалось приобрести его потомков...”. Затем его предали самой позорной и мучительной смерти. Кыргызские женщины живого потрошили его тело, как барана, потом изрезали на мелкие куски .

До того, как голову хана доставили в Омск, некоторое время она продолжала находиться у кыргызских манапов. В течение месяца голову Кенесары возили по аулам и отдавали на поругание озверевшей толпе. Однако многие из сохранившихся в изданиях минувшей эпохи сведений по этому поводу носили легендарный характер, хотя элементы реальности в них непременно присутствовали.

Приведем один из таких эпизодов. “Долина Терекли (Теректы). Посреди долины поставлена богато убранная коврами и вышитыми кошмами кибитка (киргизского) Агида. К тундуку (тунлук) ее прикреплен высокий тонкий шест, на свободном конце которого торчала голова батыра Кенисары... Она была выставлена специально, чтобы совершенствовать боевое искусство по меткости стрельбы, проверяя свои навыки ориентира на мишень. Джигиты, гарцуя на своих быстроногих аргамаках, с наскоку ударяли нагайками по шесту и плевали по направлению головы, причем, каждый раз слышался злобный смех толпы...»

Стойкость и невероятная выдержка Кенесары, которую он проявил в момент телесных мучений еще до казни, поразили его врагов. Впоследствии народ создал замечательные по духу легенды, появившиеся в печати в конце XIX в. Вот одна из них. Фрагменты ее в советское время нашли отражение в известной монографии Е.Б. Бекмаханова. Мы предлагаем нашим читателям полный текст одной из них. (О Кенесары, легенда о казни Наурызбай батыра). “Первым вывели на казнь Кенисару. Взглянул он тогда на собравшийся народ, на далекие горы, на высокое небо, откуда лишь ласковые лучи веселого солнца — взглянул кругом себя и запел песню. Долго длилась его песня среди собравшейся толпы и словам его она долго вникала, не имея ни сил, ни желания оторваться от властных слов его песни, что западало в душу каждого, кто слушал их. И в песне своей вспомнил он всю свою жизнь в родных и привольных степях, в кругу родного аула, вспомнил про свои славные молодецкие подвиги, про свои разбойничьи набеги и грабежи, вспомнил про жертвы замученных или про мучения, что придумывал он им, и затосковало его сердце, заговорила в нем совесть, стала она его терзать и пред собравшейся толпой поведал он про свои грехи, уговаривая всех стоявших перед ним не гневить Великого кудая (бога), так как он его прогневал, чтоб не заслужил ни за свои грехи такой же тяжелой кары, что теперь постигла его. Кончил свою песнь. Палач приступил к делу. Привычной рукой, длинным ножом одним взмахом руки распорол он Кенесары живот. Внутренности вывалились, и Кенисара замертво упал, испустив последнее дыхание. Враги взяли его труп и долго над ним издевались. Затем, распоров ему грудь, вынули они сердце его и с благоговением отступились от него. Сердце Кенисары, как гласит о том предание, все было покрыто густыми волосами, а сердце такое бывает лишь только у храбрых людей”.

Примерно такого же содержания притча о гибели брата хана Наурызбая, которого все ласково называли - Науан. Его имя наряду с именами множества славных сардаров навечно осталось в памяти народной и не случайно и в момент восстания и после их гибели в Тянь-

шанских горах братьев ставили в один ряд Кенесары-Наурызбай. Поэт, воин Нысамбай назвал свою поэму их именами.

Ахмет Кенесарин своего старшего брата Наурызбая называл самым значительным из сподвижников хана. Его связывала с ханом не только и не столько кровнородственное ханское происхождение. Их сближало стремление вернуть народу независимость, которую казахи имели при Абылай хане. Наурызбай был предан Кенесары и как своему старшему брату, хотя они родились от разных жен хана. Наурызбай постоянно восхищался им, его твердостью, умом, прозорливостью. Он не мыслил своей жизни без Кенесары. Рассказывали, “когда битва была проиграна и Наурызбая советовали спасти свою жизнь бегством, что хана уже не вызволить из плена, Наурызбай, воскликнул: “Либо, сражаясь, спасу брата, либо с ним погибну вместе”.

Как сложилась судьба сестры Кенесары, султанши Бопай? Она также всегда плечом к плечу сражалась с ханом, сопровождая его во многих походах. Не хуже мужчин переносила все тяготы походной жизни, восхищаясь братом, безгранично верила его делу. Ее нежное, чувствительное сердце подсказывало - пока не поздно уговорить брата - хана от похода на кыргызскую землю. “Откажитесь от нападения на кыргыз”, - пыталась она удержать Кенесары от пагубных последствий, уже начавшихся налетов на кыргызов.

Хан, как-то чувствовал себя виноватым в том, что Бопай не успела устроить свою личную жизнь. Десять лет на коне, с саблей в руках, она не знала усталости, пока судьба благосклонно относилась к ней. Но время проходило неумолимо, быстрее, чем она предполагала. Конца войне не было видно. И только последняя битва с кыргызами положила конец бесчисленным ее разъездам, походной жизни. Рассказывали, что перед казнью Жантай Карабеков спросил у хана: «Есть ли у него мечта?». «Да, - ответил хан мужественно. - Не успел объединить силы казахов и кыргызов для борьбы с царизмом на берегах рек Едил (Волга) и Жайык (Орал); Ханская казна в районе Улытауских гор осталась нераскрытой; Третья - не успел или не смог устроить личную жизнь своей сестры – Бопай выдать замуж». «Тогда ты можешь унести свои мечты в могилу», - ответил жаждущий кровавой развязки кыргызский манап].

Многие видели главную причину трагического исхода столь удачно начавшейся и продолжавшейся победоносной антиколониальной войны в том, что он покинул степные просторы Среднего и Младшего жузов. В этом, как многие поэты-импровизаторы утверждали, кроились основные мотивы его неудач. Такого мнения придерживался и жыршы-поэт Доскожа, по мнению А.И. Добросмыслова, родственник Кенесары.

*О хан! Летовавший,*

*Не будучи ни от такого зависимый,*

*На реках Идиля и Исиля,*

*Гонявший табуны тысячу за тысячей,*

*Подобно дереву, растущему на болоте ...*

*Теперь по уходу с этой стоянки*

*Ты лишился ума и хитрости...*

Таким образом, казнь хана произошла с неслыханной жестокостью. Кыргызы как победители применили в отношении казахского хана самые беспощадные меры, невзирая на

то, что Кенесары являлся общепризнанным легитимным правителем соседнего тюркского владения. Если в некоторой степени все же в отношении крайней жестокости победителей можно было найти какое-то оправдание, то это можно было бы применить и в отношении ханской судьбы. Вспомним, как он неоднократно обращался с мирными предложениями. Вряд ли кто-либо из исследователей может отрицать готовность хана к компромиссу. Конечно, известное оправдание его жестокости в отношении кыргызов, порожденной как акт противодействия отказу местных манапов, можно было бы объяснить, по сути, наличием актов устрашения с его стороны.

Спустя более полутора веков после казни хана и его близких сподвижников, нам, потомкам, и легко, и сложно судить об этом. Легко ввиду удаленности тех трагических моментов от нашей эпохи. Сложно, любая попытка обелить одну, очернить другую сторону может повлечь за собой некоторые нюансы болезненности в восприятии трагических и без того противоречивых аспектов финала этой борьбы. Но отмалчиваться по сему случаю, отмахнуться от правды, как эти события складывались, обострялись и имели весьма печальный конец, мы также не вправе. Лучше горькая правда, чем гнусная ложь...» (Касымбаев Ж.К. Последний поход хана Кенесары и его гибель. – Алматы, 2007.).

Мұрағат құжаттарының деректері бойынша, Кенесары ханды кыргыз манаптары өлтірді деген хабарды естіп, 10 мыңнан аса қол жиналып, Ташкент манайындағы қыпшақтар: «Кенесары ханның кегін аламыз!» - деп, кыргыз елін шаппақшы болып көтеріледі. Бұл жағдай кыргыз манаптарын қатты састырып, тіпті олар Ресей жағынан көмек сұрайды. Тек, кыргыз манаптары қыпшақтарға көп құн беріп, бітімге келеді.

Бір айта кететін жайт, Кенесарының көтерілісін сол замандағы қазақтан шыққан алдыңғы қатарлы зиялы деген жақсы-жайсандарының басым көпшілігі қолдады, тіпті көбі Кенесарымен бірге көп жыл бойы көшіп-қонып жүрді.

Өкініштісі сол, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы шығып, сатқындық көрсеткен, сол үшін ақ патша үкіметінің «ыстық ықыласына» бөленген өз қандастарымыз да аз болған жоқ.

Ресей үкіметі Кенесары бастаған халық көтерілісін басу үшін, сол кездегі қазақ атқа мінерлерінің арасында белсенділік көрсеткен бірнеше бай-манаптарды марапаттайды. Олардың еңбектерін Ресей патшасының жоғарғы лауазымды басшылары жоғары бағалап, оларға тек ақшалай-заттай сый-сияпат жасап қоймай, тіпті бірнеше адамды сол кездегі қазақ даласындағы ең жоғарғы лауазымдар - болыс (волостной управитель), аға сұлтандыққа тағайындайды.

Біз Ресей Империясының саясатын белсенді түрде қолдаған азаматтардың атақ-даңқтарына ешқандай да шүбә келтіре алмаймыз және мақсатымыз олардың сіңірген еңбектеріне нұқсан келтіру емес, тек қазіргі жария жағдайында тарихи шындықты оқырманға жеткізу. Сөзіміз дәлелді болу үшін елімізге белгілі ғалым-зерттеуші, тарих ғылымдарының докторы Жанұзақ Қасымбаевтың Ресей, қазақ және кыргыздардың мұрағат құжаттары мен зерттеушілердің тарихи жазбаларынан алынған кітабынан үзінді келтірейік: «... Ситуация в Семиречье заметно покачнулась в пользу России. Достаточно было вмешательства империи, чтобы активнее перетянуть на свою сторону влиятельных родоначальников. Сохранение же подобного положения, когда Кенесары, обладавший немалым опытом в распутывании аналогичных нюансов в свою пользу, усложняло бы реализацию правительственных планов. Вице-директор Азиатского департамента Н.И. Любимов, совершивший поездку в восточные районы империи, следующим образом обрисовал положение в Семиречье в ту пору.

“Киргизы Большой Орды не зависят ни от кого. Но, когда их кто теснит (русские ли, кокандцы ли, китайцы ли), то они называют себя смотря по обстоятельствам, находящимся в подданстве или у китайцев, или у русских, или у кокандцев”. В этом наблюдении высокопоставленного русского чиновника есть резон.

Действительно, разлад в позициях местных чингизидов дошел до такой степени, что маньчжуро-цинские правители и русские прилагали энергичные усилия, чтобы воспользоваться случаем для переманивания на свою сторону видных местных владельцев, таким образом изменить обстановку в желаемом направлении.

Не собирались поступаться своими интересами и кокандские беки, значительно влиявшие на аульные общины Семиречья. Они действовали в регионе посредством датка, одного из высших титулов в среднеазиатских ханствах, четвертое лицо в ханстве.

Пребывание же Н.И. Любимова в регионе помимо ознакомительных целей имело в виду и выяснение обстоятельств в связи с восстанием и определение позиции местных родов к подданству России. “Из сведений, собранных на месте посетившим Восточную часть Сибирской степи Вице-директором Азиатского департамента, без сомнения Вашему сиятельству уже представленных быть известны о приятном расположении к России многих племен Большой Киргизской Орды, склонности их сближения с нами и даже поступать в подданство Его имперского величества...”.

Вступление их в российское подданство происходило в то время, когда Кенесары со своими аулами кочевал в районе р. Коксу, приглашал представителей главных объединений Семиречья на Кенес (совещание). Курылтай состоялся 10 мая 1846 г. Хану было предложено покинуть Семиречье, на что, по мнению А. Янушкевича, он ответил решительным отказом, отвергая всякие домогательства по его выдворению из региона. Первый Курылтай длился целую неделю, хотя оказался безрезультатным.

Чувствуя за собой негласную поддержку со стороны старших султанов Аягузского, Каркаралинского и Баян-Аульского округов, часть элиты Старшего жуза все более склонялась к мысли не подчиняться Кенесары. Среди названных особо выделялся старший султан Аягузского (Сергиопольского) округа правнук султана Абульфаиза Барак. “Щедрая природа наделила этого степного Геркулеса рядом с выдающимися умственными способностями и сильным характером и неустрашимым мужеством”, - характеристика знаменитому предводителю принадлежит тому же А. Янушкевичу, который в течение нескольких дней близко общался со старшим султаном Аягузского округа, учрежденного еще в 1831 г. на стыке Среднего и Старшего жузов.

Генерал-майор Н.Ф. Вишневский возлагал на него большие надежды, рассчитывая с его помощью заручиться поддержкой родов, населявших этот приграничный с Цинской империей край. Не без его поддержки Н.Ф. Вишневскому удалось еще до съезда на берегу р. Лепсы в конце июня 1846 г. стянуть на сторону правительства ряд других известных в регионе лиц. Одним из них являлся в то время волостной тобыктинцев, отец великого Абая — Кунанбай, за советом к коему обращались казахи не только Среднего жуза. Кунанбай, будучи убежденным противником Кенесары, считавший, что рано или поздно весь край окажется в составе России, благосклонно принял приглашение генерала и вскоре оказался в Семиречье “... Кунанбай - большая знаменитость в степи, сын простого киргиза, одаренный природой здравым рассудком, удивительной памятью и даром речи... большой знаток степного права, предписаний Алкорана (Корана) и российского устава...”,- так писал о нем тот же тонкий наблюдатель Адольф Янушкевич.

Тогда же с Омским начальством была достигнута договоренность созвать съезд (Курылтай) на берегу р. Лепсы. Официально цель его заключалась в проведении переписи скота и местных номадов, принявших российское подданство. В действительности главным назначенцем предполагаемой экспедиции было вытеснение Кенесары из Семиречья, разгром его сил, разорение аулов повстанцев. Бассейн р. Лепсы был выбран вовсе не случайно. На Курылтай решено было пригласить пророссийски настроенных старших султанов и волостных Среднего жуза.

Район, близко расположенный к Аягузскому округу, откуда ожидалось прибытие старшего султана Барака, как нельзя подходил к реализации намеченных целей. С другой стороны, учитывалось достаточно сильное влияние султана Сюка, давнего сторонника России, одного из противников Кенесары. Первоначально предполагалось выбрать местом встречи побережье р. Каратал. Но тут вспомнили печальный опыт прошлого. В 1825 г. туда был направлен казачий отряд для устройства “русского поста”. Однако ввиду протеста китайской стороны, начальство Области сибирских казахов воздержалось от первоначального намерения.

Документ также еще четче определил главную цель Курылтая — координация усилий родоначальников в борьбе с ханом.

Причем, князь посчитал в качестве одного из радикальных мер противодействия ему местных владельцев всяческое поощрение тех, кто стоял на позиции России. “Из отчета моего, Ваше сиятельство, изволите усмотреть, что первым условием поставил я удаление Кенесары... пожелают ли они и будут ли в состоянии его изгнать (из Семиречья — Ж.К.) мне неизвестно. Но во всяком случае наипаче в сих обстоятельствах, почитал бы я необходимым поощрить славные лица в оказываемой нам преданности”.

Различного рода действия морального стимулирования, отчасти награждения производились и в отношении семиреченских родоправителей, уже состоявших в русском подданстве. Борьба с Кенесары потребовала от начальства Пограничного управления Сибирскими казаками более значимых поощрительных мер. Повышенное внимание полагалось оказывать наиболее влиятельным. Султаны Сюк, Али, как не вызывавшие сколько-нибудь сомнений, по-прежнему выражали готовность оказывать России всяческие услуги. Теперь оставалось обратить внимание и на других местных чингизидов. “Султан там самое значительное ныне в Большой Орде лицо, и казалось бы мне полезным исходатайствовать ему в знак всемилостивейшего благоговения чина подполковника и золотую медаль на Андреевской ленте, каковыми на разных лентах для успеха сего дела (борьбы с Кенесары — Ж.К.), по моему мнению, можно наградить и несколько других старшин. ...”.

С нетерпением ожидали прибытия генерала Н.Ф. Вишневого на берегу р. Лепсы. В условленном месте уже находились старший султан Барак, волостной Кунанбай. Они приглашались не для обсуждения и подписания “политических соглашений”. И тот, и другой довольно ясно сознавали ту роль, которая была уготована как представителями Среднего жуза поддержать усилия Пограничного начальства по борьбе с Кенесары и “для изгнания... султана Кенесары, играющего, по крайней мере, роль нового Югурты”. Кроме них заблаговременно прибыли родоначальники пяти главных родов Семиречья — султан Гали, главный предводитель Дулатовского рода, Хаким — Албанов, Адамсат -Сыбанов, Толекшапырашты, Сюк-Жалаирского.



Мы будем пользоваться оригиналом текста документа из фонда 161 — Ф. Главный архив АВПРИ, копия же его хранится в фонде 374 — Пограничное управление сибирскими казахами.

Прежде чем прокомментировать архивные документы, нелишне акцентировать внимание читателей на личности весьма незаурядного человека, благодаря записям которого мы можем воссоздать более или менее полную картину, детали этого съезда степной элиты. Более того, наш рассказ, хотя и не в полной мере, может восполнить подробности, которые отражают работу Курылтае в отношении организации борьбы против Кенесары.

Адольф Янушкевич, активный участник польского восстания 1830 г., сосланный в Казахстан, еще в 1843 г. первый раз посетил казахскую степь, в 1846 г. он вновь побывал в степи, теперь в составе генерала Н.Ф. Вишневого. В формулярном списке его отражен ряд ценных материалов автобиографического порядка, представляющий несомненный интерес для исследователей. Правда, и в формулярном списке службы А. Янушкевича, и в его записках почти отсутствует личная его оценка восстания или его вождя. При отражении эпизодов этого грандиозного события, он, как правило, обращается к высказываниям других, так или иначе вовлеченных в это событие. Как деятельный участник “польского мятежа”, лишенный дворянского звания, сосланный в Сибирь, он понимал, какую для него таит опасность превосходная характеристика “храброго и победоносного” хана.

Курылтае открылся 23 июня 1846 г. в присутствии генерала Н.Ф. Вишневого, чиновника Пограничного управления Сибирскими казахами В. Ивашевича, так же, как и А. Янушкевич, поляка по национальности, бывшего польского ссыльного, на которого возложена задача руководства переписью скота и людей. Но главной темой обсуждения на Курылтае было принятие Российского подданства правителями пяти упомянутых родов. С самого начала работы Курылтае становилось отчетливым, что оформление подданства, а также подтверждение этого акта теми, кто вступил в него еще в 20-х годах XIX в., весь ход съезда был направлен против Кенесары.

Главным представителем родов Семиречья, на которого Н.Ф. Вишневский делал ставку, был султан Али Адилов. Его выступление как потомка Абылая должно было произвести на присутствующих то влияние, которое в последующем могло бы ускорить консолидацию политических оппонентов Кенесары на почве общеизвестной платформы России. “Мы происходим от Абылая, Кенесары родился от одной из его жен и является нашим кровным родственником. Но нам хорошо известен его характер. Это голодный волк, который и сейчас, если бы пришел к нам, ограбил сто аулов. Можем ли мы его любить и держаться с ним вместе? Нет!”.

Но в то же время умный Али сознавал возможные последствия резкости его выступления и открыто призывал видного султана соединиться и сообща начать вооруженную борьбу с вождем восстания. “Но в то же время никто из нас не поднимет на него руку... мы обязались быть верными России, но не сражаться со своим кровным родственником”. Подытоживая свою речь, хотя и несколько уклончиво, он, по существу, отразил позицию большинства султанской верхушки Семиречья, хотя под явным давлением “жандарала” (генерала), и выразил готовность одобрить совместный документ. Тем не менее, они в достаточной степени представляли себе вероятные последствия гнева Кенесары и не исключали возможности опустошительных налетов его сарбазов на их аулы. Тем более, тысячи рядовых номадов края одобряли цель прихода Кенесары, готовы были

присоединиться к борьбе против царских отрядов, с разных сторон двигавшихся в Семиречье.

А. Янушкевич, непосредственный свидетель тех событий, следующим образом охарактеризовал обстановку на Курылтае. “Крик и шум здесь невозможно описать; там, наоборот, почтенное собрание султанов и биев, словно сенаторы Древнего Рима, сидели они с подобающими своему возрасту и значению в народе достоинством...”.

Военное преимущество еще до прихода царских отрядов оставалось на стороне Кенесары. Он по-прежнему обладал довольно солидным опытом, накопившимся во многих кровопролитных сражениях. В этой атмосфере он вовсе не желал обнажить меч против своих соплеменников. До Курылтая на берегу р. Лепсы не было ни одного факта применения им силы против своих казахов Семиречья.

Даже в условиях крайнего обострения противостояния сил престиж Кенесары как народного предводителя по-прежнему был велик. Как мы неоднократно отмечали, дело не доходило до откровенных стычек между враждующими группами. Немало его сторонников явно симпатизировали его делу. Противостояние среди номадов настолько широко охватывало все слои общества, что борьба проявлялась во многих сферах жизни, даже в поэтических состязаниях. А. Янушкевич записал в своем дневнике. На его вопрос, не споет ли она нам о Кенесары, слепая и обиженная поэтесса отвечала, еще не сложила о нем ни одной песни. “Но, кажется, она солгала, так как было ясно, что киргизские старшины предостерегают ее тихонько, чтобы она не очень-то распространялась со всеми своими песнями... даже вызвали ее из юрты и что-то ей там говорили... Он же передает: “доносились песни и музыка Кожемсугура. Пела она со страстью, и что-то политическое. До наших ушей часто долетало “Кенесары, Кенесары – Саржан...”. (Касымбаев Ж.К. Последний поход хана Кенесары и его гибель. – Алматы, 2007.).

Одан басқа, тарихшы-ғалымдар Г.Т. Төлегенова мен Н.Ж. Рахисhevаның «Кенесары хан Жетісуда. Лепсі келісімі» деген ғылыми мақаларында былай делінеді: «... Кенесары хан Жетісу жеріне келетін болыпты деген сөз Омбы әкімшілігіне 1842 жылы жеткен болатын. Бұл хабар оған өте жайсыз тиюінің мынадай бірнеше себептері бартын. Біріншіден, орыс әкімшілігінің әлі де болса Ресейге қосылып үлгермеген Ұлы жүз қазақтарының Кене хан соңынан еріп кетуі мүмкін-ау деген қауіп күшейе түсті. Бұл жағдай сөзсіз Ресейдің Орталық Азияға тереңдеп ену мүмкіндігін тарылта түсетін еді; Екіншіден, Жетісудың Кене хан қолына көшуі енді ғана Ресей үшін қолайлы сипат ала бастаған орыс-қырғыз қатынасына да жағымсыз ықпал етуі ықтимал болатын; Үшіншіден, бұл жағдай Ресейдің Қытай және Орталық Азия хандықтарымен сауда қатынасына айтарлықтай нұқсан келтіреті айқын еді. Міне, осы баяндалған жағдайларды ескере отырып, Сібір әкімшілігі осы 1842 жылдан бастап-ақ Жетісу мен қырғыз елі арасында Кенесары ханға қарсы түрлі айла-шарғыға кірісіп кеткен болатын.

... Полковник Вишневский араға екі күн салып Аягөз округтік приказіне жолдаған хатында "Құпия бақылаулар орнату арқылы Кенесарының Ұлы жүзге дәл қандай уақытта келетіндігі, қалай қарсы алатындығы, сондай-ақ оның бұдан былайғы пиғылы" жөнінде ақпар жинауды тапсыра келіп, ол "Ұлы жүз қазақтарының бізге деген жаулық ниетін сезе отырып Кенесарының оларды бізге қарсы айдап салуы ықтимал" деген тұжырым жасап, көктем шыға Лепсі мен Қаратал арасындағы Ресейге қарайтын қазақтарды қорғауға арнайы әскер бөлімшесі шығарылатындығын хабарлайды. Қазақ қоғамының ішкі өзара қатынасынан жақсы хабардар полковник Вишневскийдің бұл арада халықты "біздікі" және "өзгеге" бөліп,

олардың алғашқысын "достық", ал соңғысын "жаулық" ниеттегілерге жатқызуы, әрине, жайдан-жай еместін. Келесі құжаттан полковниктің мұндай сұрқия ойынға білек түріне кіріскендігі анық байқалады. Шекара бастығы Вишневскийдің қолынан шыққан бұл құжаттан хат иесінің Кене ханның "Екі жүз рулары арасындағы алауыздықты пайдаланып кетуі ықтимал деп" қауіптенуін, астарында шын мәнінде олардың арасындағы жер және мал үшін болып тұратын өзара талас-тартысты ушықтыра түсу бар екендігін аңғару қиынға түспейді. "Ұлы жүз қазақтары онсыз да біздің болыстарымызды мазалауда", әсіресе "Лепсі мен Қаратал арасындағы біздің болыстарға абай болуды ескертіп, өздерін басындырмайтындай шаралар қарастыруды" тапсырады, "Көктемге қарай көмекке үлкен отряд 25 шығарып, өзіміздің болыстарды Ұлы жүз қазақтары тарапынан болуы мүмкін қастандықтан қорғайтын" жағдай туғызуға уәде береді. Сондай-ақ бұл хатта полковник Вишневский Кене хан және Ұлы жүзбен "күресте" өзінің кімдерге иек артатындығын да ашық білдіреді. Ол, әрине, аға сұлтанның өзі мен болашақ оның орнын басатын шекаралық Орта жүз болыстарының "қамқоршысы" сұлтан Барақ Солтыбаев. Бір ескерерлік жай осы хатта және басқа құжаттарда Вишневский сұлтан Б. Солтыбаевты өзіне аса сенімді адам ретінде атайды. Бараққа және басқа "үкімет пен халық мүддесіне" қызмет жасағандарға басшылардан лайықты сыйлықтар сұрайтындығын да ескертеді. Оқиға көп күттірген жоқ. Араға бар болғаны бір айға жетер-жетпес уақыт салып Лепсі мен Қаратал арасындағы күзетте жүрген Вишневскийдің әскер бөлімшесінің қолдауына сүйенген Барақ Солтыбаев сұлтан қараша мен желтоқсан аралығында Қаратал бойындағы Сөк Абылайханов билеуіндегі үйсін болысына барып ойран салды. Жоғарыда баяндалғандай, сұлтанның қанды жорығына мыңға жуық адам қатынасты. Билік орындары тарапынан қоштау болмаса, мұнша адамның атқа қонуы, әрине, мүмкін еместін. Жәбір көргендердің арыз-хатында баяндалғандай, олардың ауылдары орналасқан жер үстін өліктер жапты. Бұл, әрине, билік орындарының қолдауына сүйенген содырлардың еркінсуі еді. Құжаттарда берілген фактілерді талдай отырып, Сөк Абылайханов қарауындағы ауылдарда орын алған бұл трагедияның бір ұшы шекара қазақтарының бастығы полковник Вишневскийге келіп тірелетіндігін байқауға болады. Орыс әкімі бұл шараны, белгілі дәрежеде, бір жағынан орыс билігіндегі қазақ руларының қандай күшке ие болатындығын көрсетуі үшін, екінші жағынан әлсіреген, сынған үйсіндер тайпасының орыс билігінс үрейлене қарап, қолтығына кіре түсуі үшін ұйымдастыруы да әбден ықтимал еді. Біз қарастырып отырған мезгілде Вишневский сияқты шекара бастықтарының бағындыру арсеналында мұндай әдіс-айланың болуы мүмкін екендігін ең жоғарғы шенеуніктердің қолынан шыққан құжаттардан да байқауға болады. Сондай құжаттардың бірінде 1846-жылы 9-тамызда (2312) канцлер граф Нессельдорд Соғыс министріне Жетісудағы саяси жағдайға байланысты: "...Вообще усиление средств в местах, ближайших к кочевьям киргизов Большой Орды, тем необходимее, что с одной стороны служат к вашему обеспечению наших округов Средней орды, а с другой могут благотворно действовать и на умы киргизов Большой орды, которые видя наши средства и достаточную силу, чтобы отразить всякие злонамеренные покушения, через это самое более будут держать себя в границах должного повиновения и избавят правительство от дальнейших действий..." – деп жазды. Ресми құжаттарда қазақ, жеріндегі берекесіздікті жойып, әділеттік орнаттым деп масаттанатын орыс билігі жоғарыда баяндалған трагедияны тексерусіз қалдырды, ал оны ұйымдастырушылар мен орындаушылар жауапқа тартылудың орнына қызмет бабымен өсті. Вишневский келесі жылы жоғарғы биліктен генерал-майор атағын алып, Кенесары ханға қарсы Сібір әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылған шараларға тікелей басшылық жасады. Генерал-майор Вишневский өзінің сыбайласы сұлтан Барақ Солтыбаевты да "қамқорсыз" қалдырған жоқ. Ресми құжаттарда қазақ, жеріндегі берекесіздікті жойып, әділеттік орнаттым деп масаттанатын орыс билігі жоғарыда

баяндалған трагедияны тексерусіз қалдырды, ал оны ұйымдастырушылар мен орындаушылар жауапқа тартылудың орнына қызмет бабымен өсті. Вишневский келесі жылы жоғарғы биліктен генерал-майор атағын алып, Кенесары ханға қарсы Сібір әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылған шараларға тікелей басшылық жасады.

Генерал-майор Вишневский өзінің сыбайласы сұлтан Барақ Солтыбаевты да "қамқорсыз" қалдырған жоқ. Өз ретінде ол түрлі "ерліктері" үшін хорунжий әскери атағын алып, Аягөз приказының аға сұлтаны дәрежесіне көтерілді.

... Жетісу жұрты Кене ханды қалай қарсы алды? Осы мәселеге қысқаша тоқталып өтейік. Бұл сауалға біржақты жауап беру оңайға түспейді. Дегенмен, тарихи деректерді тексере отырып, мынаны байқауға болады. Жетісуға келгенге шейін-ақ Кене хан мен оның әскері, жанына ерген батырлары жөніндегі хабар, барлық қазақ даласына кең тарап, аңызға айналып үлгірген еді. Соған байланысты халық арасындағы оның беделі аса жоғары болғандығы еш күмән туғызбайды. Ал ел билеген төрелер мен малды байлар жөнінде оны айту қиын. Олар Кене хан әскері келсе, малымнан, тыныштығымнан айырыламын деп қорықты. Бұл ретте Жамбыл ақынның естелігіндегі: "Ол етекпен алған "иттерден" жеңілді ғой. Қазақтың алауыздығы оңған ба? Кенесарының тілеуіндемін деп жүрген байлардың, төрелердің барлығы да патша әскеріне болысып кетті, елдің ішіне іріткі салды",- деген пікірдің шындықтан тым алшак еместігін байқауға болады. Қара халықтың көңілі Кене хан жағында екендігін орыс әскер адамдары да жақсы білген. Мәселен, Жетісудағы Кенесары қимылын бақылау үшін қойылған есауыл Нюхалов өзінің басшыларына берген есебінде: "Әли мен Сөк сұлтандар көмекке қанша қарулы қазақ бере алатындығы белгісіз, олардың сөзі бұлыңғыр, менің өзім де олардан мүмкін болғанша аз адам алмақ ниеттемін, өйткені бұл халық біз үшін жаңа болғандықтан әлі бейтаныс, сенімсіз, сондай-ақ бұлардың арасында Кенесары сұлтанға деген ықыласы жақсылары көп екендігі маған мәлім",- деп жазды.

1847 жылы сәуірде Кенесары жасақтарымен қырғыз жеріне басып кірді. Қырғыздармен соғыс Ыстықкөлдің тау шатқалы қойнауында, Шу өзенінің жоғарғы ағысында өтті. Кенесарыны Тоқмақтың маңында Кекілік-Сенгір тауындағы Майтөбе деген жерде қырғыздар мен генерал Вишневский жасағы, Қоқан хандығы әскері қоршауға алып, тұтқынға түсірді де, айуандықпен өлтірді...». (Тараз мемлекеттік Педагогикалық институтының хабаршысы, 2011, № 6).

Халық көтерілісі жеңіліс тапты. Жеңілу себебі ханның дарынсыздығынан, батырлардың әлсіздігінен емес еді. Бар қазақтың түйілген жұдырықтай бастары қосылмауы, қазақ хандығының күшеюінен қорқып, Кенесарының: «Бірігіп соғысайық!» - деген үндеуіне қарсы шығып, ақырында Орта Азия хандықтарының бәрі жойылып, Кенесарыны өлтіруіне әкеліп соқты. Бірақ та қазақтардың басына түскен жағдай кешікпей, 10-15 жылдан кейін сол елдердің өздерінің басына түсіп, Ресей оларды тез арада отарлап алды. Алайда кеш еді.

Кенесарының құрдасы, әрі жан аямас серігі, қазақ әскерінің бас қолбасшысы Ақжолтай Ағыбай батыр көтерілістің басынан бастап, аяғына дейін дарындылығымен, азаттық ісіне шынайы берілгендігімен айрықша көзге түсті. Қазақ жұрты батыр бабамыздың бірден-бір қолдаушысы, әрі демеушісі болды. Қандай халық болса да тегіннен-тегін қан төгу сияқты әрекетке бара бермеген. Ондай әрекетке тек бостандық, азаттық идеясы ғана өзек болған.

Міне, Ағыбай батыр, жәй ғана батыр емес, ол саясаткер, қоғам қайраткері ретінде, жеке-леген адамдар, ру мен ру, тайпа мен тайпа арасындағы дау-жанжалды шешумен ғана шектелме-гені баршаға мәлім. Ол ел мен ел арасындағы қоғамдық мәні зор саяси

мәселелерде де жәй халық-тың негізгі тірегі, кеңесшісі болған.

Ағыбай ұлттық сананы оята алатын, ұлттық туды көтере алатын, ұлттық мүддені жоқтай алатын, ұлттық мақсатты асқар шыңға көтеріп, халықтың бірлігі мен тірлігін қорғай алатын қай-раткер боп ерте қалыптасты.

Сол заманда қазақ халқының алдына бірнеше миссияны тартты:

1) тәуелсіз елдігін сақтау, өзін-өзі меңгеру; 2) ата-қонысы, ата-мекені, кіндік жұрт - Отанын іргелі ел ету, экономикасын шалқыту, мәдениетін дамыту; 3) біртұтас, ынтымақта болу, Отанын қорғау.

Міне, осылай ел басына күн туып «Халық», «Ел», «Отан» болу, болмау, проблемаға айналған кезде қазақ елінің басын біріктіретін күш кім еді?!

Дәл осы кезде елін қасқая қарсы шығып қорғаған Ағыбай бастаған жаужүрек батырлар алғы шепке шықты.

Ұлы идея ұлы күшті тудырды. Дәл осы кезде елді басқару, меңгеру өнері шыңдалды.

Дала демократиясының негізгі киелі иелері - еліне елеулі, топ ішінен суырылып сөйлеген шешен, көпті бастар көсем, айбынды елдің айдынды ту ұстар перзенттері - батырлар болды. Осындай халықтың арасынан суырылып шыққан Ағыбай батыр 14-15 жасынан елін, жерін қорғауға аттанып, көз жұмғанша ереуіл аттан түспеді. Ол сол қиын-қыстау кездегі жорықтардың бәріне қатысып, қазақ рухын көтерген жекпе-жекке шығар батыры болды. Ол қол бастаса жолы кие-лі болды, ел бастаса сөзі иелі болды. Батырлықты нояндыққа, ерлікті абыздыққа жалғастырған Ағыбай батыр тек қана ормандай көп Орта жүздің емес, бүкіл қазақ халқының ту ұстар көсемі болды, бірі болса бірегейіне айналды.

Қаһары ханнан асқан, өткір сөзінен, сермеген болат семсерінен жаудың құты қашқан, парасаты жан баласынан асқан, елдің батасы мен тілегіне бөленіп, бағы тасқан, бір өзі батыр, би-шешен, білімді де, білекті де - Ағыбай батыр, Ағыбай шешен, Ағыбай биді айтқанда көз алды-мызға айбынды, айдынды, тек қана жер үшін емес, бүкіл қазақ қауымының өркениетін қорғау-шысы - Кенесары ханды бірдей елестетеді.

Кенесары, Ағыбай ұлт-азаттық қозғалысы сол кездегі Ресей патшасының саясатының ұлт-тық, әлеуметтік, экономикалық, саяси діни мәдени-тұрмыс әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің қай-шылығы. Осы отаршылық саясат ұлттың бір тұтастығына, ғасырлар бойы қалыптасқан ата заңын, көшіп-қону маршруттары, қоныстары шектелді, тұйықталды, мемлекеттік басқару жүйесін бұзды. Дәл тарихтың осы кезеңінде көшпелі ел өркениетінің тамырына балта шабылды. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өркениет өзінің өрісінен айырылды, қанаты қайырылды. Ресейлік әкімшілік - саяси жүйе қазақ елінің дәстүрлік әлеуметтік байланысын үзді, көшпенді елдің әлеуметтік тұтас организмі дағдарысқа ұшырады. Кенесары, Ағыбай осы шиеленіскен түйінді шешпекші болып талпынды. Ұлттық сана-сезім осы сәтте өз дәрменсіздігін сезді, ұлт ретінде жойылып кету қаупі туды, ел тағдыры, жер тағдыры ойландырды.

Сондықтан, Кенесары, Ағыбай қозғалысы қазақ қоғамының болашағын түп қазық еткен бүкілхалықтық көтеріліс еді.

Кенесары, Ағыбай қазақ мемлекеттігі туралы мәселені Ресей патшасының алдына нақты қойды. Олар Ресейден біржола азат бола алмайтынын түсінді, сондықтан да қазақ елі Абылай хан тұсындағы империяның көлеңкесінде, өз еркімен ішкі бостандығын, халықтық

болмысын, хандық құрылысты сақтаған ел қылуды армандады.

Көтеріліске қатысқан халық, жерді, суды, өз ата-бабасынан қалған дәулет санады. Патша өкіметі болса барша қазақ жерін империя жариялап, әркімге бөліп бере бастады. Ағыбай батыр қазақ елінде халықтың біртұтастығы, оның ата заңының өмір салтының, қаракетінің бұзылуы, жер мәселесі, халық салт-санатының жойылып кету қаупі қатты толғандырды. Хан Кене қозғалысының тағы бір ерекшелігі оның көсемінің заңды ел билеуші болып танылуында. Қазақ елі - отар ел болып, Ресей империясы - метрополия болып бетпе-бет кездесті. Олар бірі күш пен билік жүргізгісі келсе, екіншісі күшке күшті қарсы қойды. Екі арадағы соғыс, елшіліктер арқылы, жүйелі түрде келіссөздермен жалғасып отырды. Патша өкіметі Кенесары ханмен қайраткер, мәмлелер ел басшысы ретінде санасуға мәжбүр болды. Бірақ, патша өкімет саясаткерлері жүздік пси-хологияны жақсы игерді, қазақ-қырғыз, қазақ-өзбек қайшылықтарын пайдалана білді. Кенесары ханның көтерілісі осындай көп қайрат көрсеткенімен, қатпар-қатпар, шытырман оқиғаға толы болып, Ресей мен Қоқан хандығының қыспағына түсіп, аяғында трагедиялық мәреге әкеп соқты.

Тарихи деректерде, Ағыбай батыр айбарлы батыр, ерен қолбасшы, көреген дипломат дәре-жесінде де көрсетіледі, келіссөз барысында Ресей, Орта Азия әскерінің де қыр-сырымен таныс-тығын аңғартады.

Кемеңгер жазушымыз Мұхтар Әуезов (1897-1961) азаматтың батыр болып қалыптасуын болат алмасты шындаумен теңепті: «Жалыннан шыға су жұтып, судан шыға жалын құшып, көк болат шымырлап алмас болады. Әуел шыққан сәтінде оның өткір өктем жүзінде көкшіл-қошқыл даты бар, ыстық суық тегі, ыстық суық майдан үшін берген салқын қайрат лебі сол. Сарапқа түсіп, сын кеше жүріп, қаттыны тіліп, қалыңды жарып, толқымай өтіп барып, бір замандарда жар-қырап жүзі, жалтырап алмас бойы ашылады. Айдыны басқа ақ алмас сонда анық аңғарылады». Осы бір философиялық теңеуде тек айдыны басқа ақ алмастың өткен жолы ғана емес, ел алма-сының, тарих алмасының - қазақ батырларының елден, ерек, көптен бөлек болмысы да анық көрінеді. Олардың қай-қайсысы да болмасын «Сарапқа түсіп, сын кеше жүріп, қаттыны тіліп, қалыңды жарып, толқымай өтіп барып», «Жарқырап жүзі, жалтырап алмас бойы» ашылған жан-дар. «Ел іші - кең» дейді халық. Қиын-қыстау заманда халықтық болмысы тарих сахнасына шығып, оның бүгінгісі мен ертеңі сарапқа түскенде өз ортасынан елі және замана деген ұста Отаны үшін, тәуелсіздік үшін ел намысын ер намысына ұштастырған Ағыбай сияқты ерлерді ірік-теп, сомдап шығарады.

Сондықтан, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі өркениетті елдер қауымдастығына танымал болуы, сол әйгілі ата-бабаларымыздың сіңірген еңбегі.

Билік пирамидасындағы халықтық, батырлық билік арналардың жоғалып, олардың орнына империялық диктат, озбырлық, талау, таптық езу арнасы күш ала бастаған кезде Ағыбай бастаған батырлар халықты дабыл қағым, күрес алаңына шықты. Ағыбайдың көп жылғы тарихи ғылы-мындағы тағдыры, басында империялық, сонан империялық саясаттың жалғасы социалистік (ве-ликоросский шовинизм) көзқарасымен қаралып келді. Көреген қоғам қайраткерінің ұлттық мүд-дені қорғағаны империя мен кеңестік салтқа жат, ал ол болса тек империя әміріне құлшынған тарихи кейіпкерлерді дәріптеді. Ағыбай сияқты дана саяси қайраткер, ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, болашақты болжап, өз халқын егемендікке жеткізген қазақ тарих қаһармандары, кешегі әр түрлі жеке басқа табыну, одан қалды әкімшіл-әміршіл жүйе, мифқа айналдырған идеология зама-нында тарих табалдырығында қалдырылды.

Жаңа ойлану, толғану заманасы Ағыбайдай дананы өз халқына қайтарды, тарих төрінен орын беріп, оның атағын асқар шыңға көтерді. Қазақ халқы қанша жасаса аруақты Ағыбай аты, оның даңқы сонша жасай бермек.

Енді міне, егемендік алуымызға орай туындаған мүмкіндік көп нәрсеге жаңаша көзқарас жасап, пікір айтуға жағдай жасалып отырғандықтан, ғылыми түрде қорытынды жасауды талап етеді.

## **II ТАРАУ. Ақжолтай Ағыбай батырдың саяси-құқықтық, шешендік және билік қызметі**

### **1. Ақжолтай Ағыбай батырдың саяси-құқықтық қызметі және оның тәуелсіз мемлекет идеялары**

Қазақ халқы елінің тәуелсіздігін, бас бостандығын, ата мекенін, жері мен малын өмір бақи қорғаған халық. Ата-бабаларымыз: «Малым жанымның садағасы, ал жаным арымның садағасы», - деп арын, адамгершілік қасиетін бәрінен де жоғары ұстаған. Халықтың жоғалып кету қаупі бір сәт толастамаған сол бір кездерде күнделікті қаракеті де, тұрмыс салты да, өмірге көзқарасы да отанын, елін, жерін, арын қорғауға бағындырылған. Тіпті сол бірнеше ғасырға ұласқан жаугершілік заманында да хандық құру, ел билеу, қол бастау мәселелері де халқымыздың бірлігі мен тірлігіне келіп тірелген.

Қазақ халқы Еуразияның орталық даласында қалыптасты. Байтақ жерді көшіп-қонып, өмір қаракетіне жаратты. Қысы қатты, жазы аңызақ, желді, шөлді далада емін-еркін көшіп, сулы, нулы, панасы бар таулы өлкелердің мүмкіншілігін пайдаланған халық барынша жомарт, ақпейіл, дарқан болып дамыды. Бірақ оның пешенесіне күші тасқан, бағы асқан, жері аз, демографиялық өсуі қолайлы болып, халқы тез өсіп кеткен: қытай, орыс, парсы, монғол сияқты алпауыттарды (елтаңбалары - айдахар, екі басты самұрық, жолбарыс мен бүркіт) көрші қылыпты. Жаугершілік бір сәт толастай қалса, түрік тайпаларының хандары мен феодалдары өзара үстемдік үшін қыр-қысты, біріне-бірі бас салып, халық қанын судай төкті. Мысалы, түркі тілдес, барлас тайпасынан шыққан Ақсақ Темірдің (1336-1405) өзі Шыңғыс пен Бату хандардың істемегенін жасап, сауда-саттығы қызып тұрған, халқы көп шоғырланған Жібек жолында орналасқан Дешті-Қыпшақтың 30-дан астам қаласын жермен-жексен етіп, халқын жазықсыздан-жазықсыз аяусыз қырып-жойды. Қазіргі батыс пен орыс тарихшыларының жазып жүргеніндей, түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақтарды көп шығынға ұшыратып, даласын қаң сасытып, ел-жұртын тоз-тоз қылып, қаңғытып, мәдени, экономикалық және демографиялық өсуін 100-150 жылға тежеп кетті және Шығыс пен Батысты жалғап тұрған, елдің экономикасын алға сүйреп келген, сауда-саттықтың қайнар көзі - Жібек жолы біржола жабылды. Сөйтіп, егескен жау бір ұрпақ бойы елдің өсуін күшпен тоқтатып отырған. Өзін өлтіріп, әйелін - күң, ұлын - құл ғып айдап кетті және Батыстың тез арада күшейіп, жан-жақты өркендеуіне жол ашып берді.

Міне, осындай қилы-қилы замандарда қазақ халқы тәуелсіз ел болуды аңсады. Бірлік бар жерде, тірлік барын жақсы білді. Тоқсан тоғыз қырылып, тоқсан тоғыз тірілген ол халықтың асыл тұқымын қалай сақтау заңын игерді. Жеті атаға дейін, өзара қан араластыруға болмайтынын, барша түрік тайпаларының ішінде ең алдымен түсінді.

Халық ел болудың, өсудің, өнудің жолдарын іздеген. Жесірін қорлатпай, жетімін жылат-пай ұстаған. Қазақ ел болудың жолын көп іздеген дана халық. Топты жарған шешен, көпті бастаған көсем, қамал бұзар батыр, қайрат, қасиет жинаған халық болуын аңсаған.

«Батыр», «Ер» дегенде ең алдымен бізге Отанын қорғаған сәтте жау шебін бұзып, қамал алған қайрат-жігер иесінің бейнесі оралады. Ағыбай сияқты қамал бұзар ерді: «Арыстандай жүректі еді, жолбарыстай білекті», «Халықтың алтынқазығы», - деп ханнан бастап жәй бұқараға дейін құрметтеген.



Шын мәнінде де, халық батырларының басым көпшілігі халқымыздың көсемдері, асқар асыл тегі бар, байтақ арқа сүйер елі бар дарынды қолбасшылар болған.

Ақжолтай Ағыбай да тәуелсіздіктің ауыр жолында, жүрегі от болып лаулаған, ғажайып пат-риот қаһарман батыр ретінде, еңкейсе еліне, шалқайса асқар шыңына сүйенді. Халықтың басына күн туғанда елдің тірлігін, елдігін, бірлігін, оның еркіндік туын биік ұстаған еді.

Ақжолтай Ағыбай батыр секілді батыр, билер мен шешендер, ата-бабаларымыз негізін қала-ған далалық демократияның көрнекті өкілі болып табылады. Ресей патша үкіметінің қатыгез отаршылдық саясаты мен қызыл империяның коммунистерінің аяусыз қыспағы да, олардың отан-шылдық идеяларын, дербес мемлекетті, тәуелсіз, еркін халқымызды және әділетті теңдікті аңса-ған армандарын тұншықтыра алмады.

Еліміз тәуелсіздік алды. Жаңа заман басталды. Қазақ қауымы көп жыл бойы аңсаған тәуел-сіздік дәуірі басталды.

Тәуелсіздік ұлттық сананы оятты, баршаны ата-баба жолына үңілдірді. Ол «Отан», «Бос-тандық», «Тәуелсіздік», «Егемендік», «Ұлтжандық», «Отаншыл» деген ұғымдарды тәуелсіздік биігінен қайта қарауды түсінді.

Тәуелсіздік халқымызға аспаннан түскен құдіреттің сыйы емес. Ол ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының, дабылды-дауылды күресінің заңды жалғасы. Жатса түсінен, тұрса есінен бір сәт кетпеген бабалардың ғасырлық арманы. Жүректерін батпандаған мұң, қатпарлаған қасірет тоң болып қатып, шер болып басып жатпады ма?!

Қаншама елдің ардагер перзенттері осы тәуелсіздіктің өзі емес, тек сәулесі үшін қанын төкті, жанын пидә етті десеңші! Тәуелсіздік емес-ау, сол Ресей империясының құрамды бөлігі – территориялық автономия алудың өзіне қанағат еткен бір ғана алаштың реформаторлар ұрпа-ғының тағдыры не болды?

Тереңнен ойлап, тебірене толғансаң - халқымыздың барша тарихы осы тәуелсіздік үшін, елдік үшін, халықтың бас бостандығы үшін күрес.

Қазақ жері - Отанымыз. Ал халқымыз Ресейге тәуелді болған шақта, ол өгей Отанға ие болды, тоқалдан туған баладай, «Ұлы ұлттын», «Кіші ұлттын» деген кеңестік принциппен өмір сүрдік. Жатқа бағындық, неше түрлі өгей әкеге табындық. Сөйтіп мәнгүрт болып, ғасырлар бойы бас еркіндігінен айырылып, қанатымыз қайырылды.

Тәуелсіздік үшін сан ұрпақ алысты, арпалысты. «Аттан қазақ» деп жар салып атқа мінді. «Отан» деп қанды майданға кірді. «Құлдың елі - тойған жер, ердің елі - туған жер» екенін естен шығармады. Отан - жан азығы, пенденің түп қазығы екендігі қазаққа қанымен дарыды. Отансыз адам - суалған өзен, құлазыған дала екендігін көз жеткізді. Тәуелсіз отансыз өмір, бықсыған көмірдей сан ұрпақты ащы түтінге қамады. «Отан» деп жауын жермен жексен етті, не жан аямай, өз қанын сел етті. «Тәуелсіз Отаным» деп талай ата-бабаларымыз арманға бөленді.

Тәуелсіздіктің жолы - ұзақ жол, ғасырлық жол, ата-бабаларымыздың жолы, ерлік батыр-лық жолы. «Жат қолында сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болуды» қалаған қазақ өр халық екендігін, басқаны сыйлай білсе, өзін де сыйлата алатын халық екендігін танытты.

Қазақ халқы ұлының ұлылығын түсіне де, оларды таныта да білетін халық. Айтулы азамат-тарын даралап көрсету үшін, олардың заманындағы тұлғасы мен тұғырын айқындап,

келер ұрпаққа біліп, түсініп жүрсін деген мақсатпен есімдерінің өзін ерекше ілтипатпен айтқан, алдына айқындауыш мүше қосып отырған. Мәселен, үні мен шешендігі үйлесім тапқан Қазыбекті – Қаз-дауысты Қазыбек деп, жауынан жеңіліп көрмеген, жолбарыстай қайратты, арыстандай айбатты болған Ағыбайды - Ақжолтай Ағыбай батыр деп атағандығын білеміз. Ел ішінен шыққан елеулі-леріміз баршылық. Бірақ, барлығына бірдей мұндай айрықша құрмет көрсетіле бермеген. Көсемнің де көсемі, батырдың да батыры, бидің де биі, шешеннің де шешені болған. Биіктер көп, шыңдар санаулы. Міне, осындай өз заманының дара тұлғалы азаматы - Ағыбай батырын, халық қадірлеп «Ақжолтай» атап кеткен. Күні бүгінге дейін біз Ағыбайды тек батыр тұрғысынан қарап келдік. Бірақ, мәселенің түпкі төркіні бұдан әлдеқайда әріде жатқан сияқты. Кез-келген жағдай-дың бағасын білетін де, беретін де халық. Жеке адам баға бермейді, ұсыныс жасайды. Оны көп-шілік қабылдаса орынды, қабылдамаса орынсыз болғаны. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген нақыл бар. Яғни, сөздің соңғы түйіні - елдің пікірі. Біз соған жүгінуіміз керек. Ағыбайға «Ақжол-тай» атауын берген халық. Осы «Ақжолтай» атауы адамгершілікке тән бірнеше жақсы қасиеттерден тұрады. Солардың алғашқысы - діндарлық, яғни ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық тәрізді тағы да басқа адамгершіліктің барлық қағидалары осы қасиетке топтасқан. Келесі тармағы - кеменгерлік, яғни тереңнен ойлау, болашақты болжау, сындарлы пікір айтып, тұжырымдар жасау осыған жатады. Тағы бір тармағы - білімділік, яғни тарихи шежіресі мол, оқығаны да, тоқығаны да көп, өмір тәжірибесі толымды, ісі орынды, сөзі қонымды болуы осының айғағы. Ендігі бір көрінісі - көсемдік, яғни даналықтың адам бойындағы кескінделуі деп бір сөзбен пайымдауға да болады. Келесі тарау - шешендік, яғни бұл дарындылықтың арқасында сөз өнері-нің әлемін толық игеру. Енді біреуі - билік, яғни халықты ақылмен басқару деген сөз. Соңғысы - ұстаздық, яғни бұл үлгі көрсету, өсиет айту, өнеге болу, тәлім-тәрбие беру. Ал осы айтылған жолдардың басын тоғыстырып, тоқайластырған қазық - әділдік. Міне, ел құрметіне бөленген Ақжолтай Ағыбайдың тарихтағы тұлғасы осындай тек жақсы қасиеттерімен көрінеді. Осы қасиеттерді ол өмір бойы жоғары ұстап өткен, халқымыздың тәуелсіздігі үшін жанын пидә етіп қол бастап, жауларымен өле-өлгенше соғысып, сол егемендік идеясын ұрпақтарына өсиет етіп кеткен.

Елдің еркіндігі үшін «Ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып» халқын ұрыс дала-сына бастап шыққан Ағыбай батыр, 1802 жылы қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен, халық батыры болған Қоңырбай батырдың отбасында дүниеге келген, анасы Қойсана да атақты Тарақты Байғозы батырдың ұрпағы. Ерлігіне ақылы сай батыр бастаған іс қашанда халық тілегінен шығып, жақсылықпен бітіп отырған, сондықтан да ел оны «Ақжолтай батыр» атап кеткен. Ал жауға шапқан Кенесары сарбаздары Абылаймен бірге Ағыбай атын ұранға айналдырған.

Кеңес империясының қылышынан қан тамып тұрған кезеңнің өзінде де, Ағыбай батырға тарихшы-ғалымдар да әділ бағасын берген, атап айтқанда 1972 жылы жарық көрген Қазақ Совет Энциклопедиясында мынадай мәлімет берілген: «Ағыбай (1802-1885) Арғынның Шұбыртпалы руынан шыққан атақты батыр. Орта жүз сұлтаны Кенесары Қасымұлының қолбасшыларының бірі болған. Халық Ағыбайдың батырлығын, ақылын, тапқырлығын, көрегендігін жоғары бағалаған. Ел аузында оның көзі өткірлігі, жітілігі, жершілдігі, сапарда жолы болғыш, жұмыста тындырым-дылығы аңыз түрінде айтылады. Осы себепті халық оны «Ақжолтай» деп атап кеткен. Омбы губернаторы Ағыбайды патша өкіметіне қызмет етуге шақырады, бірақ ол бұған көнбейді. Ағыбай өмірінің соңғы жылдарын Балқаш көлінің солтүстік бетіндегі Ақтау, Қызылтау, Тайатқан-Шұнақ бөктерінде өткізген».

Жалпы Кенесары хан мен Ақжолтай Ағыбай батырдың басты армандары - Қазақ мемлекетінің Абылай заманындай тәуелсіз ел болу, территориялық тұтастық және көрші елдермен тең дәрежеде дипломатиялық қарым-қатынас орнату болғаны тарихи шындық.

Қазақстан тарихының айрықша көңіл аударарлық кезеңдерінің бірі - XIX ғасырдың бірінші жартысында болған тарихи оқиғаларды алғаш жан-жақты және терең зерттеген, тұңғыш кеңес тарихшыларының әрі бірегейі, кеңес тарих ғылымында доктор атағына алғаш ие болған, халқымыздың мақтанышы профессор, Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі Ермұхан Бекмаханов өзінің басты еңбегі «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» деген ғылыми еңбегінде сол кезеңдегі тарихи-әлеуметтік, саяси жағдайды, ұлт-азаттық көтерілісінің, оның көсемдері: Кенесары, Ағыбайлардың ұстанған мақсаттары мен мұраттарын әр қырынан зерттеп толығымен ашып көрсеткен.

Е. Бекмахановтың: «Кенесары қазақтардың саяси тәуелсіздігін және территориялық тұтас-тығын сақтауды талап етті», - деп тарихи шындықты айтқан тұжырымы үшін, сталинизмнің құр-баны болып «ұлтшыл» деген айыппен 1952 жылы сотталып, 25 жылға ГУЛАГ лагеріне айда-лады. Бұл қазақ тарихына субъективті, сыңар езу көзқарас екенін, Бекмаханов жайлы пікір айтқан кеңес тарих ғылымын жасаушы ұлы тұлғалар - академиктер: Греков, Панкратова, Дружининдер Бекма-хановты сол қиын кезеңде қолдап және өз пікірлерін ешуақытта да өзгертпеген, тіпті ең жоғарғы партия басшылары алдында да жасырмаған. Әсіресе, академик А.М. Панкратова былай деп жаза-ды: «Біздің тарихшылардың арасында әрдайым қазақ халқының тарихын, тарихи шындыққа қарамастан төмендеткісі келетін бағытты ұстанатындар бар. Мен өзімнің түсінбейтінім, неге грузин патшалары мен өзбек хандары сол бірдей тарихи жағдайда алдыңғы қатарлы тұлғалар болып саналады, ал қазақтар Абылай мен Кенесары Қасымовты қаралау керек? Мен бұл қазақ тарихын-дағы көрнекті тұлғаларға тарихқа қарсы баға беретін жолға ешқашан да түсе алмаймын, өйткені біздің сыншылар өздерінің қорытындыларын ешқандай да шешуші құжаттар мен тарихи факті-лермен тұжырымдамайды».

Осы академик А.М. Панкратованың сол кездегі Кеңес өкіметінің басшысы Н. Хрущевтің жеке қабылдауында болып, Е. Бекмахановты ақтап алуы, ерлікпен тең еді.

1864 жылы Омбы қаласында Сібір қазақтарының Шекаралық басқармасында жауапты қызмет атқарған, белгілі ғалым Ш.Уалиханов (1835-1865) қазақ заңдарының жинағын құрасты-руға қатысып, Ресей патшасының әкімшілік және сот реформаларын қатты сынға алып «Сот реформасы жайында хат» деген еңбегінде: «Реформа жөніндегі мәселе терең ойды, байыпты тұжырымды қажет етеді, өйткені халықтың «өмір сүруі, сүрмеуі» соған байланысты.

Ресей Империясының құрамына еніп отырған барлық бұратана тайпалардың ішінде халқы-ның санының көптігінен, байлығы жөнінен біз бірінші орын аламыз. Меніңше алдағы өркендеу де бізге - қазақтардың үлесіне тиеді», - деп көрегендігімен тұжырымдаған.

Бірнеше табиғи дарын-қасиеттерге ие болған Ақжолтай Ағыбай батыр көп жылдай халық сүйіспеншілігіне бөленіп, оның батырлығы, шешендігі және жүргізген биліктері халқымыздың рухани қазынасына айналды. Оның айтқан ой-пікірін жетік меңгеріп, кәдемізге жарату әлеу-меттік-саяси тәжірибені байыту деген сөз. Бұған қоса, оның әр саладағы көзқарасын, рухани болмысын жан-жақты терең зерттеудің нәтижесінде, біз оның осы күнге дейін беймәлім болып келе жатқан биліктерін тауып, қазақ елінің сол замандағы, тіпті қазіргі кездегі қайшылықтарының себептерін біліп, бұларды жоюға орасан зор ықпал етеді.

Е. Бекмаханов өз еңбегінде: «Ағыбай Кенесарының ағалары Саржан мен Есенгелдінің пат-шаға қарсы күрестеріне басынан бастап қатынасқан. Кенесарының көтерілісіне ол қатал өмір мектебінен өткен, есейген батыр болып қосылды. Кенесарының құрдасы, әрі оның бірінші әскери кеңесшісі болды. Көтерісшілер арасында ерекше құрметке ие болды. Ағыбай көтерілістің соңына дейін Кенесарыға деген адалдығынан айныған жоқ», - деп тарихи әділ баға береді.

Ресей отарынан бұрын батырлар қауымы қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінде көрнекті рөл атқарды. Әлеуметтік категория ретінде батырлар институтының қалыптасуы, әскери-феодал шонжарлардың пайда болуының тығыз байланысты дамыды. Ал «батыр» терминінің өзі қазақ-тарда өте ерте заманда пайда болды.

Батыр деген сөз «бағадүр» және «бакхатур» деген түрік сөздерінен шыққан. Қазақ халқы тарихының сонау алғашқы дәуірінде-ақ қазақ даласы сыртқы жаулардың шапқыншылығына ұшы-раған кезде, оларға қарсы күресу үшін өздерінің қолбасшылары бар арнаулы жасақтар құрыла бастады. Осы жасақтардың шайқастарда ерекше көзге түскен жетекшілерін қазақтар «батыр» деп атады. Қазақ және басқа түркі тілдерінде «батыр» сөзі «күрескер», «қаһарман», «ер», «ержүрек», «жаужүрек» деген мағынаны білдіреді.

Тарих деректері бойынша, алғашқы Жәнібек пен Керейдің қазақ қауымын Әбілхайырдан бөліп алып жеке мемлекет құруы да осы батырларға байланысты жанжалдан туған. Ал, дәлірек айтсақ, шамамен 1450 жылдары Орта жүз Арғын руынан шыққан Қотанның баласы Дайырқожа Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы, әрі батыры екен. Әділ болғандықтан, халыққа өте сыйлы болып, «Ақжол» атаныпты. Қарақыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырдың жақсы көретін батыры екен. Екеуі іштей жауласып жүреді екен, бір күні аң аулап жүрген Дайырқожаны Қобыланды батыр өлтіріп кетеді. Жәнібек пен Керей осыдан кейін, Әбілқайырдан Қобыландыны сол кездегі қазақ әдет-ғұрып заңдарын бұзғандықтан, шарият бойынша «қысас қылып» өлтіруді сұрапты. Әбілқайыр хан Қобыландыны берейін десе, көп Қыпшақ бұзылатын болған соң, бере алмай: «Үш кісінің құнын алып бітім жасайық», - деген соң, Жәнібек пен Керей сол кездегі Әбілқайырдың қарамағындағы көп қазақ руларын алып кетіп, жеке Қазақ хандығын құрған.

Ал, қазақтардың жоңғар-қалмақтармен болған көп жылдық соғыста да, батырлар қазақ мемлекетін сақтап қалуға көп еңбек сіңіріп, сол қазақ мемлекеті тарих сахнасынан біржола құрып кету қаупі туған кезде, қазақ қауымының басында болып, қазақтарды басқыншыларға қарсы ұйымдастыра білді. Сол кездегі халық батырлары: Бөгенбай, Жәнібек, Қабанбай, Қарасай, Райым-бек, Наурызбай, Жалаңтөс, Жидебай, Жарылғап, Көтібар, Аралбай, Таңыбай, Жаңыбай, Жайық батырлар тарих сахнасына шығып, алдыңғы қатарлы әскер ұйымдастырып, өздері ерекше батыр-лықтарымен көзге түсіп, қазақ мемлекетінің егемендігін қорғап қалады.

Ал, ел берекесі, ырысы мен ынтымағы қашанда билерінің қолында болған. Аузын айға би-леген жаудың өзіне қарсы тұру үшін де, тек жеңін жинақы, бес қаруың сенімді, бала-шағаң күтімді болуы шарт.

Мысалы, Шоқан Уалихановтың деректері бойынша, Қаздауысты Қазыбек (1667-1764) бабамыз 14 жасында Жоңғар Қонтайджісі Цеван Рабданға елшілікке барғанда:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,

Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.

Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,  
Найзаға үкі таққан елміз.  
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,  
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.  
Досымызды сақтай білген елміз.  
Дәм-тұзын сақтай білген елміз.  
Асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптай білген елміз.  
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,  
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды.  
Ел мен қызды қаматып,  
Отыра алмайтын елміз.  
Сен қалмақ та, біз қазақ,  
Қарпысқалы келгенбіз.  
Сен темір де, біз көмір,  
Еріткелі келгенбіз.  
Екі еліктің лағын,  
Теліткелі келгенбіз.  
Танымайтын жат елге,  
Танысқалы келгенбіз.  
Қазақ - қалмақ баласы,  
Табысқалы келгенбіз,  
Танысуға келмесең,  
Шабысқалы келгенбіз.  
Сен қабылан да, біз арыстан,  
Алысқалы келгенбіз.  
Жаңа үйреткен жас тұлпар,  
Жарысқалы келгенбіз.  
Тұтқыр сары желімбіз,  
Жабысқалы келгенбіз.

Берсең жөндеп бітімңді айт,

Бермесен дірілдемей жөніңді айт.

Не тұрысатын жеріңді айт! -

деген екен. «Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан» дегендей, сөзден ұтылған Жоңғар Қоңтайджісі, қазақ елінен шауып әкеткен мал-жанын түп-түгел қайтарып, жас Қазыбектің өжет-тігі мен шешендігіне сүйсініп, «Қаздауысты» деген ат берген екен. Сол дуалы ауыз Қаздауысты Қазыбек би 1742 жылы, Жоңғар Қоңтайджісі Галдан-Цэренмен келіссөз жүргізіп, Абылай сұл-танды тұтқыннан босатып алады.

Қазақ халқының көсемдерінің бірі, кемеңгер Қаздауысты Қазыбек би де, ат үстінде жүрген 70 жылда, ел тыныштығын, сән-салтанатын ұстаған, азулыларын тұзақтап, әлсізін сүйеп, ханда-рына ақыл-кеңестерін айтып отырған. Оны пір тұтып, баба жолын жалғастырушылар, оның руластары: Жидебай, Шабанбай, Сенкібай, Жалаңтөс, Аралбай, Таңыбай, Жаңыбай, Бекболат, Жайық, Алшынбай, Байсейіт, Жанғұтты, Есберген, Сарбас, Көпбай, Ағыбай және тағы басқалар.

Міне, аталарымыздың, қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат деген сөзі шындық. Халықтан шық-қан би-батырлар: жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, мылтықпен дәлдеп атып жығуға да болады, сөзбен дәлдеп айтып жығуға болады деген принципті көп жыл бойы берік ұстаған.

Бұдан кейінгі жылдары тәуелсіздік үшін болған азаттық көтерілістер де нақ осыны айғақ-тайды. Халықты орыс отаршыларына қарсы бастап шыққан халық батырлары: Сырым, Исатай, Махамбет, Жанқожа, Таймас, Есет, Ағыбай тағы да басқа батырлар. Демек, сыртқы жаулармен болған ірі қақтығыстар кезінде өздерінің ержүректігімен көзге түскен ерлерді «батыр» деп атаған. Қазақ халқы өздерінің қаһармандық қиссаларында жыр етіп, батырлардың бейнелерін ғасырлар бойы қастерлеп келді. Батырлар белгілі бір билеуші әлеуметтік таптардың мүддесі емес, олар қай уақытта болса да халықтың қорғаушысы болған. Сондықтан, олар өздеріне бағынышты руларда толық билік жүргізді. Олар салық жинады, айыпты болған тумаластарын жазалады, басқа қазақ руларымен келіссөз жүргізді. Сол кездегі қазақ қауымындағы жоғарғы орган - Хан кеңесінің басым көпшілігі батырлар болып, елеулі ықпалға ие болды. Хан сайлауынан бастап, барлық мемлекеттік шешімдер, тек батырлардың қолдауымен ғана іске асырылып отырды. Сөйтіп, батыр-лар көп жылдық тарихы бар Қазақ мемлекетінің даму барысы мен қоғамдық өмірінде жетекші тұлғалар болды.

Бұл туралы ғұлама ғалым Шоқан Уалиханов былай деп жазған болатын: «Батыр – қазақ-тарда ру басы сұлтаннан кейінгі ең маңызды, әрі көрнекті тұлға. Ол - ең беделді адам, оның ақыл-кеңесімен халық әрқашан есептесіп отырған».

Қазақ халқы түркі тегінен шығып, XIV ғасырда құрылған түрлі тайпалық одақтар негізінде қалыптасты. Алғаш одақ тек соғыс уақытында ғана құрылатын, ру басшыларының ақсақалдары - үлкендер кеңесімен басқарылатын.

Қазақ жерінде шамамен 1456 жылдары хандық билік орнады. Керей мен Жәнібек өзінің жанына қазақ одағының 200 000 қаруланған әскерлерін біріктірді және бұл ерікті одақ аз уақытта даланың орталық және шығыс бөлігін жаулап алды. XVI ғасырдың басында, Ресейдің архивтік материаларында, Қасым хан тұсында «Қазақ одағында 1 миллионнан

астам адам болды» деп көр-сетілген.

Қазақ хандығы ұлан-байтақ жерді қамтыған әскери-феодалдық мемлекет болды. Басқару жүйесінде, әкімшілік бөліктерін айыруда, көшпелі қазақ қоғамында бұрыннан қалыптасқан ру- тайпалық тәртіп сақталып отырды. Туыстығы жақын он шақты түтін - бір ауыл, жеті атадан тараған туыстығы жақын бірнеше ауыл бір ата (аймақ) болып есептелді. 13-15 атадан қосылатын аймақтар бір ру болды. Осы рулардан тайпа құрылды. Жалпы, қазақ қауымы жерге иелік жағынан үш жүзге бөлінді. Үш жүздің қазағы бір Қазақ хандығына бағынды. Үш жүзді билеген Қазақ ханы - «Ұлы хан» болды. Қазақ хандығының азаматтық, әскери, әкімшілік және сот құқығын қолына ұстаған хан - жеке дара билеуші атанды.

Хандар мұрагерлік жолымен қойылды: хан өлсе, оның орнына үлкен баласы, болмаса, аға, інілері отырды. Бірақ, хан мұрагерлерінің таққа отыруы, сұлтандар мен ру-тайпа шонжарлары өкілдерінің жиналысындағы «хан көтеру» деп аталатын сайлаудан өтуге тиісті болды. Олар оны хан болуға лайық деп ұйғарып, дәстүр бойынша ақ киізге отырғызып, хан көтеру салты сақталды.

Орта ғасыр деректерінде, қоғамдағы Ұлы хандық билік жалпы былай сипатталады: хан өзінің қол астындағыларына «анасының балаларына» қарағанындай қарауы тиіс, ал қол астындағылар ханды «өз әкесі» ретінде көруі керек және оған шын ниетімен берілуі тиіс. Ханда бұл саладағы құқықтар мен қызметтердің кем дегенде бесеуі болды:

1. Хан үстем рудың басшысы және бар қазақ тайпаларының жоғарғы қолбасшысы ретінде хандықтың бүкіл жер аумағында билік жүргізе алды, елді сыртқы жаулардан қорғау - оның негізгі қызметі мен басты міндеті;
2. Оның жоғары қолбасшылық қызметінің нәтижесінде, ханға соғыс ашу мен бейбітшілікті жариялау құқығы берілді;
3. Мемлекеттің сыртқы саяси істерін анықтау қызметінің нәтижесі болып табылатын - ханның шет мемлекеттермен келіссөз жүргізу құқығы болды;
4. Оның жоғарғы сот қызметінің нәтижесі болып табылатын - бағыныштысын өлтіруге, не тірі қалдыруға құқығы болды;
5. Оған өмір сүріп отырған қоғамның құрылысы мен тәртібін сақтау қызметінің нәтижесі болып табылатын - қоғамның барлық мүшесіне міндетті бұйрықтар мен заңдар шығару құқығы берілді;

Әкімшілік тұрғысынан қазақ хандығы ұлыстарға бөлінді, оларды сұлтандар басқарды, ұлыстар руға бөлінді, оларды ру басшылары басқарды, бұлар ұлыс және ру арасындағы шиеленіскен қайшылықтарды шешіп отырды.

Хандардың көмекшілері, кеңесшілері, әскер басшылары, сонымен бірге жасағы (оның отбасының, мал-мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әскер) және қызметіндегі адамдары (ханға күнделікті тұрмыста қызмет ететіндер), лауазымды қызметшілері болған. Хан жыл сайын ұлыстарды тұрақты аралап тұруы, оның жоғары сот, халықтың қорғаушысы ретінде жұмыс-тарының орындалуы және Қазақ хандығының қол астындағылардың, яғни халықтың өмір жағдайын біліп тұруы дағдылы ісі болды.

Қазақ мемлекеті құрылғаннан бері қазақ қауымының дамуына хандық билік игі ықпалын тигізді. Оның бірнеше себептері бар еді:

1. Біріншіден, барлық жағдайда хан үш жүздің өкілдерінің жиналған құрылтайында

олардың келісімімен ғана сайланатын еді. Хан төре тұқымынан, сирек кездесетін ақыл-парасаты және қоғамға нақты саяси ықпалы бар адам сайланды;

2. Екіншіден, жоғарғы өкімет дәрежесіндегі саяси басқару қызметтерін тек ханның ең жақын туыстары ғана емес, басқа да таптың өкілдері би - батырлар орындады. Мысалы, Өз Тәуке мен Абылай тұсында, іс жүзінде Ұлы жүзді Төле би (1663-1756), Орта жүзді Қаздауысты Қазыбек би (1667-1764) және Кіші жүзді Әйтеке би (1688-1748) басқарды. Ал, Кенесары хандығының басқару органында батырлар басым болды;

3. Үшіншіден, қазақтардың саяси, экономикалық өмірінің күнделікті мәселелерін бірлесе отырып талқылап, шешіп отыруымен бірге, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының неғұрлым маңызды проблемалары бойынша шешім тек Хан кеңесінде шешілді. Хандық кеңес сұлтандардан, барлық жүздердің ықпалды билері мен батырларынан құрылды;

Кенесары ханда қазақ хандығының басына келіп, қазақ жерін азат ету жолындағы күресін бұрынғысына қарағанда едеуір табандылықпен жалғастырды. Кенесарының хандығы қазақтардың уақытша тәуелсіздігін қалпына келтірген соңғы тәуелсіз мемлекеті болды. Кенесары бір орта-лыққа бағынған, қатаң тәртіпке негізделген хандық құрды. Көтеріліске қазақтың үш жүзінің барлық өкілдері қатысты. Бұл хандық үнемі соғыс жағдайында өмір сүрді және әскери-демо-кратиялық мемлекет болды. Кенесары хандығының әлеуметтік негізі көтеріліске шыққан қазақ шаруалары, билер мен батырлардың үлкен тобы болды. Ағыбай бастаған батырлардың орны бөлек болып, Хан кеңесінде де, би - батырлардың ықпалы зор болды. Кенесары, Ағыбай бастаған ұлт-азаттық күресі қазақ тарихының ерекше кезеңдерінің бірі.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары, 1998 жылы жарық көрген «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының» дайындаушылардың бірі, сол энциклопедияға Ақжолтай Ағыбай туралы мағлұматтар дайындап жазған Серікқазы Қорабай былай дейді: «Қазақ халқының XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының бас батыры Ағыбай Қоңырбайұлы (1802-1885) Кенесарының үзеңгілес кілең көкжал серіктері арасында ерекше беделге ие болған. Кене ханның сенімді серігі, талантты қолбасшыларының бірі болумен қатар ересен ерлігіне - ақыл парасаты, құралайды көзге атқан мергендігіне қысыл-таяң шақта сөз тауып айтар шешендігі мен тапқырлығы, көріпкелдігі мен болжағыштық қасиеттері де сай ерен байланысты оны халық «Ақжолтай Ағыбай батыр» деп атаған, атын ұранға айналдырған...

Еліміз егемендікке жетіп, дербес мемлекет атанып отырған тұста халқымыздың ұлттық бостандығы мен тәуелсіздігі жолында жан аямай атой салып күрес жүргізген ержүрек қаһарман Ағыбай батырдың қай ісі болса да, мадақтауға лайық, ұмытылмайтын өнеге. Туған елінің мәрте-бесі мен бүгінгі болашағы үшін соңғы демі қалғанша ат үстінен түспей айқасқан батыр рухын жаңғыртып, оның ерлік істеріне тағзым ету баршамыздың борышымыз болып табылады».

Ендігі жерде, Ресей империясының Қазақстан аймағындағы мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, жаңа шараларды жүзеге асыру үшін, әскери-саяси күштермен нығайтылған өз құрылым-дарының билік жүргізуін заңдастырды. Осының нәтижесінде, көшпелілер қоғамының дәстүрлі саяси институттары, яғни хан өкіметі, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының тепе-тендігін қамтамасыз ететін, төменнен жоғары қарайғы әлеуметтік байланыстар дәреже-сіндегі, дербес құрылымдық рөлдерінен бірте-бірте айырыла бастады, сол арқылы аталмыш әлеу-меттік құрылымдағы өз орындарын жоғалтты.



Орыс өкіметі құрған сұлтандардың, әкімдердің, болыс басқарушыларының, ауыл атқамі-нерлердің, жаңа заңдық институттары, қазақ қоғамының табиғи өзін-өзі реттеу механизміне дәл келе бермеді. Одан сорақысы, Ресей заңдары бақылаушы және реттеуші қызметіне де көп жағдайда кері әсерін тигізді. Бұл көшпелілер қоғамының, әлеуметтік механизміндегі дағды-рыстық ахуал туғызды. Сөйтіп, осыдан кейін әр түрлі әлеуметтік топтар тарапынан қысым көрушілікке қарсы, табиғи сезімдері ояна бастады. Осы жағдайлардың бәрі, қазақ халқын көп жылға созылған халық көтерілісіне ұшыратты және бұл отаршыларға қарсы соғыс көп жыл бойы тоқтамай, 1773 жылы Сырым батырдан бастап, 1916 жылғы Амангелді Имановтың басшылығымен болған көтеріліске дейін, одан әрі Қазан (Кенес) төңкерісіне әкеліп соқты, яғни аздаған үзілістермен 143 жылға созылды.

Қазақ жерінде әкімшілік реформасын жүзеге асыру, осымен бірге патша шенеуніктеріне, көшпелілер қауымының ішіндегі саяси өзгерістерге, неғұрлым белсенділікпен ықпал жасауға және зорлық-зомбылықпен іске асып отырды. Осы арқылы, Ресей мемлекетінің қазақ қоғамы әлеуметтік институттарын, бірте-бірте саяси-экономикалық жолмен жұтып қою процесі басталды.

Белгілі қоғам қайраткері, Петербург университетінің заң факультетін бітіріп, қазақ арасынан заң ғылым магистрінің мәртебесін алғашқы алған, әрі ірі тарихшы, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін өмірінің ақырына дейін күрескен Жұмыртқасұл Ақбаев (1877-1934) Ресей империя-сының сенаторы, граф Паленге жазған әйгілі хатында, Ресей империясының үкіметінің Қазақстан халқына ұстанған отарлау саясатын былай: «Экономикалық мүдделері мен саяси мұраттары қаншалықты өзгеше болғанымен, қалың бұқара да, ақсүйектер де мемлекет идеясын жоғары қойған... Мемлекет идеясын ту етіп көтерген және заңдарды күшпен орындату ие болып отырған үкімет пулеметтердің, зеңбіректердің, фугастар мен шрапнельден және басқа да соғыс қарула-рының көмегімен өз адамдарын басып-жаншуға қабілеті бар екені рас. Бірақ мұндай үкімет қара түнек пен парықсыздық жайлаған елде қаулап өсіп келе жатқан, жай өзге көрінбейтін жұқпалы әрі тез таралатын бактериялармен, бациллалармен күресуге дәрменсіз. Осынау қатерлі бацилла-лардың (тырысқақ, сүзек, оба) қатері күшті екендігі сонша, олармен санаспауға болмайды. Мұндай қауіпті жауға ашық соғыс жариялауға бола ма? Әрине, жоқ!

Жан-жануардың аяушылық білдірмейтін мұндай жауларына қарсы кім күресе алады? Ол - езгіден азат елдің, қандай да саяси партиялардың ықпалына түспеген, кісен мен бұғаудан азат елдің білімі ғана.

Міне, біз сондықтан саяси бостандық пен заңдылық үшін күрестік және күресіп келеміз...»,- деп сынап, халық азаттығы мен мемлекеттің тәуелсіздігі үшін, отарлау тәртіпке қарсы күрестің кезеңдерін толығымен көрсетеді.

1837-1847 жылдар аралығындағы азаттық жолындағы күресте Кенесары ханның сарбаз-дары талай көзсіз ерліктер көрсетіп, ел есінде ұмытылмай мәңгі қалды. Сол сұрапыл шайқастың ортасында жүріп, қол бастаған Ағыбай батыр неше қилы ерліктің үлгісін көрсетіп, тек өзі өмір сүрген дәуірінің ғана емес, қазірге дейін де даңқты тұлға болып қалды. Соңына ерген сайып-қырандары Ағыбайды өнеге тұтты. Оның жасаған ерліктерін аңызға айналдырып, ұрпақтан-ұрпаққа таралып, халықтың мақтанышы болып, бізге дейін жетіп отыр.

Қазақ халқы - ғасырлар бойы еркіндікті, бостандық пен тәуелсіздікті мойнына таққан тұмардай қастерлеген халық. Халқы үшін қанды қасапқа ер жүрек азамат, әрі елінің атақты азаматы қол бастаса ғана ойланбай-ақ бара берген. Және ру тартысы немесе ауыл-үй

арасындағы ұсақ кикілжіңге бола, қалың қазақ атқа мініп, қол жинамаған. Сондықтан да, патша отаршы-ларының ең жымысқы саясатының ар жағында, қазақтың жерін тартып алу, мал-мүлкін, қазба байлықтарын иемдену болды. Ол үшін орыстың қалың әскерін орналастырып, түрлі бекіністер салу арқылы, ішкі Ресейден миллиондаған өз жерлері жоқ орыс мұжықтарын, әр түрлі қылмыс жасаған қылмыскерлерді көшіріп алып, қоныстандыру екенін сұңғыла Ағыбай батыр бірден сезген. Ешқашан да түрме ұстамаған қазақ қоғамына, сол кезден бастап қазақ жерін ашық түрмеге айналдырды. Кеңес үкіметінің ұлы державалық шовинизмі, осы саясаттың жалғасын тауып, қазақ даласы әр түрлі мемлекеттік дәрежедегі лагерлерге айналды. Үлкен империяның түкпір-түкпірінен, «сенімсіздік білдіретін ұлт» деген халықтардың бәрін, осы Қазақстанға қоныстандырумен болды. Осының салдарынан, жарты ғасырдың ішінде елімізде 100-ден аса ұлттың өкілдері тұрып жатты. 2000-шы жылдардың басында, Қазақстан АҚШ пен Россиядан кейін, түрмеде отырған қылмыскерлер санымен үшінші орында болуы сол уақыттың жемісі. Соңғы дәл мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 17 миллионнан аса халық, оның ішінде 130 ұлт өкілдері тұрып жатыр. Осы жүзден аса ұлт өкілдерінің ішінде саны жағынан 7 ұлт өкілі (этнос) ерекшеленеді. Атап айтсақ, қазақтар - 65%, орыстар - 24%, украиндықтар - 3%, өзбектер - 3%, ұйғырлар - 1,5%, татарлар - 1,5%, және немістер - 1,5%. Ал, Алаштың көсемі, әрі өзі зерттеуші-ғалым Алихан Бөкейханов: «1917 жылы қазақтар 6 миллионға жетті», - деп жазған болатын және қазақтар сол кездегі тұрып жатқан ұлттардың 90%-ын құрайтын еді. Осыдан демографиялық проблемалардан басқа да, тіл, экологиялық т. б. проблемаларды шешу қазіргі ұрпақтардың үлесіне өте ауыр тиіп отыр.

Қоғам қайраткері, Алаш көсемі Ә. Бөкейханов (1866-1937) былай деген: «Халық ісін орны-на салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылғы шебер істеген әдіс керек. Тіршілік-ғұмыр белгісі алыс-тартыс, арбау, әдіс. Кім шебер болса, жалықпай, талмай ізденсе, бірігіп тізе қосып әдіс қылса, ғұмыр бәйгесі соныкі. Торғайдың ақ үрпек балапанынша ауызды ашып, біреуге жалынып-жалпая берсе, мұнан түк өнбейді. Ашыққа шығып, жүріске салатын заманы жоқ, бұғып жүріп жазған соң аз көпке айналып, хат кестесі бұзылып тұр. Түзу қалам қисайған, өткір қалам мүжілген заман. Ғұмыр өзгерілді. Ат ұрлаған адамды тышқандай өлтіретін орыс мұжығымен ауылдас болдық. Бөтен кісі қазаққа ешқандай жақсылық артып әкеліп бермейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бәйге алмайды. Біреуге телмірген адам мен халықтан қосақ түрткен жетім лақ бақытты».

Жер - қазақ үшін ең қымбат ұғым. Жер - қазақ үшін ана. Кім өз анасын өзгеге қимақ? Сондықтан, ұлы қозғалысқа қазақтың үш жүзінен ержүрек сарбаздар бір кісідей келіп қосылғанын айтуымыз керек және азаттық аңсаған өзге ұлттар өкілдерінің де бастары да қосылған іс-әрекет аймағы болатын.

Кенесары, Ағыбай бастаған ұлы қозғалыс қазақ халқын бостандыққа, тәуелсіздік пен дербестікке, еркіндікке ұмтылған ерен іс-қимылы болатын және қазақ мемлекетін сақтап қалуға бағытталған жанкешті оқиға болғанына толық негіз бар. Себебі, сол ғасырдағы Ресейдің күш-қуатын Ағыбай батыр білмеді деу ақымақтық. Біле тұра, халқы үшін күреске шықты. Кенесары қозғалысы тоқтаса да, ол өле-өлгенше империяның қолшоқпарларымен күресіп өтіп, бұқара халықтың қорғаушысы болды. Оған архив деректері мен патшаның әскери тыңшыларының (жансыздарының) мәліметтері айғақ.

Аталмыш қозғалыс - ұлы қозғалыс қазақтың ұлттық санасының түлеуі, әрі серпілуі еді, сонымен бірге Ресейдің көп жылдық зорлық-зомбылығына қарсы күштердің сілкінісінің нәтижесі еді. Басын қатерге байлап, атқа мінген қазақ жігіттеріне жігерін жанитын ұлы тұлғалар, көреген көсем, айтулы шешен, жүрек жұтқан ерлер болуы керек еді. Міне, осындай

ұлы тұлғалардың бірі - Ақжолтай атанып кеткен Ағыбай батыр болатын. Ағыбай батыр тек жүрек жұтқан батыр, көзсіз ер, ел-жұртының тәуелсіздігі үшін басын өлімге қиған жанкешті тұлға ғана емес, сонымен қатар, сал-қын сабырдың, асыл мінездің биік парасат пайымның иесі болатын. Кісілік келбеті мен азаматтық ары, имандылығы мен инабаттылығы, шебер ұштасқан, отаншыл, әрі ұлтжанды тұлға болатын. Ағыбай батырға тілектес боп, ұлттық батыр, дана аға деңгейіне көтерілуіне себепкер болған қоғамдық-әлеуметтік орта өте тиімді қалыптасқан еді. Қоғамдық орта болмаса, шешеннің өзі де, сөзі де жетім болар еді. Шашақты найза қолға алып, атойлап жауға шапқанда, соңынан ерер жан болмаса, батырдың ісі жетім болар еді. Әділ билік айтарда қара қылды қақ жарған тура бидің үкімі орындалмаса, бидің жетім болғаны. Осынау айтылған ұлтымызға сіңген қасиеттер отаршылдықтың тепіршінің қаншама көріп бақты дегенімізбен, Ағыбай өскен ортада жоғала қоймаған еді. Ата-бабаларымыздың тарихи көрсетіп кеткен ерлік істері, айтып кеткен өнегелі сөздері көмескілене қоймаған болатын. Ағыбайдың отаршыларға қарсы күресіне, өз елінің бірден қосылуы осынау ұлттық ұлы мұрат-мүддеден туған болатын. Ағыбайдың азаттық идеясы бодан-дық қамытынан құтылу ниеті осы уақытқа да дейін өз жалғасын тапты.

Патша да, оның қанқұйлы генералдары Кенесары, Ағыбайдай дарынды қолбасшылар тұр-ғанда қазақ жерін бірден жаулап алу, сол кездегі дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы, әрі саны бірнеше есе көп, қаншама мұздай қаруланған әскерін болса да мүмкін емесін кейіннен ғана түсінді. Сөйтіп, енді бірден әскери жаулап алу саясатын өзгертіп, тек қана әскердің күшімен емес, әр түрлі әдіс-айлаға көшіп, қазақтың ішіне іріткі салуды бастады. 1822 жылғы «Устав» бойынша хандық билік жойылып, елді орыс шенеуніктерінің бақылауымен аға сұлтан билейтін болды. Болыс, старшын және би деген лауазым иелері пайда болды. Осы аталған лауазымдар, аға сұлтан-дықтан бастап, көбінесе патша шенеуніктеріне пара берумен ғана «сайланатын» болды. Бұл қазақ қауымын басқару үшін патша үкіметіне өте қолайлы еді және көп жылдық дайындықтан: қазақ қоғамын шенеуніктердің ұзақ жылдық зерттеу, барлау жұмыстарынан, әр түрлі саясаткерлердің қызу пікір таласынан кейін қабылданды.

Аға сұлтандыққа, би-болыс, старшындық лауазымдар тек қана Сібір шекара басқармасы мен генерал-губернатордың алдын ала келісуімен тағайындалды. Бұл лауазымдарға орасан мал-мүлік иелері, дарынсыз және халық арасында құрметке бөленбеген, тек патша үкіметіне адал қызмет жасаймын деген антымен және көп пара берумен тағайындалып отырды. Осының дәлелі, сол кездегі тек Қазақстанда ғана емес, Ресей империясындағы алдыңғы қатарлы ғалымдар, бір-неше табиғи дарын иелері Шоқан Уалихановтың аға сұлтандыққа және Абай Құнанбаевтың бір-неше рет болыстыққа өте алмауы айғақ. Осыны көріп отырған, қазақ қоғамының әлеуметтік ор-тасы, құлдыққа мойын ұсынбаған Ағыбай батырларға дем берушісі болды, оған белсенді түрде қатысушы болды. Ақиқатын айту керек, қарулануы жағынан да, әскерінің саны жағынан да әлдеқайда басым Ресей сияқты алып империяны өз дегеніне жүргізе қоям деп Кенесары, Ағыбай батырлар ойлаған жоқ, бірақ отарлау саясатының өзгеретінің олар нық сенді. Ағыбай батыр осы соғыс барысында: «Әттең, жүз жыл бұрын туып, мына басқыншы орыстармен соғысқанда, бірін қалмай қырушы едім. Тек, бұларға мына зеңбірек пен оқ-дәрімен атылатын қару-жарақ дем беріп тұр ғой!» - деген екен.

Ағыбай батырдың қазақ елінің тәуелсіздігі үшін, сол кездегі патша отарлау аппаратының қолшоқпарлары, өз мүдделері үшін елінің дербестігін сатқан билеуші сұлтандар - Ақмола округі-нің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин мен Қарқаралы округінің аға сұлтаны Тұрсын (Жа-мантай) Шыңғысовтармен, «Үлкен лауазым иелері, төре екен» деп тайсалмай күрескенін және халық арасындағы беделін, атақты жазушы І.

Есенберлиннің Кенесары көтерілісіне арнап жазған «Қаһар» романында былай суреттеледі: «Ақмола, Ақтау, Ортау бекіністерін алғаннан бері Кене-сарының көңілі көтеріңкі тәрізді еді. Оның үстіне асығы алшысынан түсіп, Ағыбай мен Байтабын батырлар қас жауы Қоңырқұлжаның ең соңғы үш мың жылқысын айдап әкелді. Ескі кек қайт-қандай... Ат құлағында ойнаған екі жігіт таң сыза беріп келе жатқандатүбектегі аға сұлтан Қоңырқұлжаның жылқысына тиді. Ақылағын ағызған Ағыбай мен Серкесаның секірткен Байта-бынға кім шыдасын, қос батыр алғашқы айқасқанда-ақ сойылды оңды-солды сілтеп, қарсы шап-қан Қоңырқұлжаның жүз нөкерінен он шақтысын бірден түсіріп кетті. Сөйткенше, шұбатыла артындағы елу жігіт те жетті. Бетпе-бет қарсы шапқанда Ағыбайдың мысы жеңді де, көп кешікпей аға сұлтан әскерлері тым-тырақай қаша жөнелді. Кенесарының ұрысқа әбден шыныққан жігіттеріне жеме-жемге келгенде аға сұлтандардың нөкерлері шыдап көрген емес. Жасынан аға сұлтан Жамантайға өшпенді Ағыбай бұл жолы Қарқаралыны шаба алмайтынын біліп, амалсыздан Байтабын жасағымен бірге кейін қайтты.

Бар малынан айырылған Қоңырқұлжа жаман қиналды. Оңашада ат жалын құшып жылап та алды. Малсыз аға сұлтан боп ұзақ отыра ала ма, әсіресе осы қауіп жүрегін удай ашырды...

Орынбордағы оқуды тамамдап, енді оқуын Петерборда жалғастырмақ болған Есіркеген жас та болса да санасы ерте оянған жігіт еді. Қалада орысша оқып, хат танып, көзі әжептәуір ашылып қалған. Өзімен бір мектептегі кей балалардың: «Жайлауымызға биыл солдаттар бекініс салыпты, енді ауылымыз әрі қарай құмға көшетін шығар», - деген сөздерін естіп, түбі патша отар-шылық саясаты еліне қолайлы тимейтінін түсіне бастаған. Оның үстіне Кенесары мен оның батырлары жайында естіген ерлік әңгімелері де бала жігіттің көңілін еліктіретін. Әсіресе, Шұб-ыртпалы Ағыбай батыр жайындағы аңыздар кәдімгідей қанын қыздырып, қиялына от тастайтын. Ағыбайдың сондай жау жүрек батырлығын мақтаныш ететін, өйткені Шұбыртпалы оған аталас ру...».

Бір айта кететін жайт, сол кездегі Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймен-динде 10 мың жылқы болған екен, әкесі Құдайменде сұлтанға 20 мың жылқы, ал атасы Сәмеке ханға 40 мың жылқы бітіпті, олардың хан ордасы қазіргі Қазақстанның Астанасының қасындағы Қызылжар (Күйгенжар) деген жер болған.

Ағыбайдың батырлығы, ақыл-парасаты, көрегендігі мен шешендік тапқырлығы қалайда Кенесары ханмен бөлектенбей, онымен бірге айтылатын тек халық аңыз-жырларында ғана емес, сол кездегі орыс-шетел ғалым-тарихшылардың ғылыми еңбектерінің өзегіне де айналып кеткенін көреміз. Сол кездің ғалым-тарихшылары: Т. Аткинсон, Н. Середа, Г. Дотон, Л. Мейер, Н. Коншин т.б. шындықты көп бұрмаластан ағынан жарыла айтты. Айталық, ағылшын Томас Аткинсон қазақ сахарасында болған жеті жылға қатысты еңбектерінде бұл көтерілісті қалыс қалдырмаған. Ол былай дейді: «Кенесары қазақтардан тамаша жауынгерлер даярлайтын, найза мен айбалтаны ғажайып игерген, шапшаңдықтары көз ілестірмейтін Кенесары жігіттері өздерінен көп жаудың күштерімен жеңісті соғыса беретінін мен талайлардан естідім. Егер білікті офицерлері болса, қазақтар әлемдегі ең әйгілі атты әскерлерін құрар еді. Оларға тарихты даңққа бөлеген Шыңғыс хан жиһангерлерінің барлық тамаша қасиеттері тән болатын».

Орыстың әскери тарихшысы Н.Н. Середа былай деп жазды: «Даланың құйынындай тегеу-рінді, екпінді Кенесарының қолы жортуылдарда да, қамал алдын да бөгелмейтін. Қайта, ондай бөгеттер оның қайтпас еркін қайрай түсетін, оның шұғыл қимылын қиянға көтеретін, мақсатына жету жолында кездескен кедергілерді жайрататын, қаһарлы күші

тасқындайтын. Біздің көшпенділер Кенесары бойындағы осындай қасиеттерді қастерлейтін, оған деген сүйіспеншілікпен, жанын пидә етуге адалдықпен жүректерін лүпілдететін».

Семей округтік сотының мүшесі болған, үлкен оқымысты, озық ойлы азамат Н.Я. Коншин Кенесары туралы былай деп жазады: «Это был выдающийся во всех отношениях человек, далеко стоявший выше таких вождей волновавшихся киргиз, как Худайменды Газин, Сиванкул Ханхо-жин и др. Все они не были способны выйти из узкой сферы родовых киргизских отношений, и только в лице Кенесары Касымова мы встречаем в истинном смысле народного киргизского героя, мечтавшего о политическом единстве всех киргиз без различия племен и даже орд...».

Міне, сырт көздің сыншылдығын ескерсек, азаттық көтерілісі туралы белгілі тарихшылар-дың өзі қазақ батырларына осылайша әділ бағасын берген.

Халқымыздың тәуелсіздігі үшін жарты ғасырдай күрескен халқымыздың тарихында алтын әріппен жазылуға тиіс Ағыбай батырдың биік тұлғасы, ерлік істері, халық ақын-жыршыларынан бастап, қазақ классиктері мен қаламгерлері де әрқашан үлкен ілтипатпен назар аударып отырған. Бірақ, бұл ізгі ниет, басында Ресей патша үкіметі мен Кеңес үкіметі кезінде толығымен жойылып отырды. Бұған батыр туралы жазылған шығармалардың осы уақытқа дейін кең қолдау таппай, жарыққа шықпай келгендігі айғақ..

Қырғыз Алатауынан қайтқан Ағыбайдың қолын Черняев пен Абакумовтың әскері қоршап алып, зеңбіректермен атқылайды. Қоршауды бұзып шығып, 1847-1849 жылдары аралығында Ағыбай батыр нағыз «партизан» соғысын ашып, орыс отаршыларымен қанды майданда тайсалмай соғысады. Арқадан қол жинап, «Кенесары, Наурызбай тағы да басқа да жандары майданда пидә болған қазақ батырларының кегі» деп, қырғыз әскерін екі рет шабады. Бірақ, Қоқан хандығы өзінің жансыздарын жіберіп, Ағыбай батырдың бұрынғы Қоқан хандығына жасаған жорықтарын кешіріп, Ташкент маңайына көшіп-қонуға рұқсат ететінін және одан ешқандай да алым-салық алынбайтынын жеткізеді. Ол кезде, Кенесары көтерілісіне қатынасқан қазақ батырлары мен сар-баздарды патша әскері өте қатыгездікпен жазалап жатқан болатын, еріксізден Ағыбай батыр Қоқан хандығының ұсынған талаптарын қабылдап Ташкент қаласы маңына одан пана іздеп, бірге көшіп-қонып жүрген өзінің қарамағындағы әр түрлі рудан жиналған 200-ге тарта түндік елмен қоныстанады. Бірақ, Ағыбай батыр Қоқан ханының негізгі арам ойы, оны қазақ халқына қарсы пайдаланғысы келген ойын кейіннен түсінеді.

Ағыбай батыр бастаған қазақ әскерлерінің жауларына қалай қарсылық көрсеткені жөнінде, профессор С.М. Середонин былай деп жазды: «Қазақтарға қарсы тек қазақтар ғана сәтті әрекет ете алды, ал тұрақты солдаттар, әскер, тіпті драгундардың өзі де қазақтардан біршама әлсіз болды. Осы өлкелерде олар жауларын өте жылдам қудалауға үлгере алмады... қайсақ-қырғыздар тыным-сыз және сенімсіз бодан болып, олармен әрдайым партизандық күрес жүргізіп тұруға тура келді».

1849 жылдан бастап Ресей үкіметінің саясаткерлері өздерінің жансыздары арқылы, Ағы-бай батырдың қазақ қауымының арасындағы зор ықпалы мен құрметке ие болуына байланысты, өзінің қалауы бойынша Арқадан қоныс алуға, көтеріліске қатысқаны үшін ешқандай да жазалан-байтынын және басқа да жеңілдіктер беретінін айтып, оны мойынсынуға әрекет жасайды. Өйткені, Ресей үкіметі, енді Қоқан, Хиуа және Бұқар хандығына қарсы соғысқа дайындалып жатқан болатын және орыс әскерінің соғысу тактикасының қыр-сырын жақсы білетін Ағыбай батыр оларға көп кедергі болатын еді. Сол кезде Ташкент маңайында көшіп жүрген Ағыбай батыр, Қоқан хандығының оны қазақтарға

қарсы соғыстыру әрекетінен бас тартып, «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дегендей, патша үкіметінің талаптарына көніп, сол кездегі қазақ игі жақсыларының қолдауымен, Омбыда генерал-губернатордың өзі қабылдаған. Осыдан кейін, Қарқаралы дуанының, Өлтеке-Сарым болысының болыстық басқарушылары: Жарылғап батыр-дың ұрпағы Байсейіттің (1795-1875) және Жанғұтты Ботантаевтың қамқорлығымен, Тоқырауын бойына қоныс аударады. Ағыбай батыр осы өңірге келген соң, «байлық басы егіншілік» деп, сол жерде тоған қаздырып, егін егіп, көп астық алады. Сол жер қазір де «Ағыбай тоғаны» деп аталады. Ағыбайдың егіншілікпен айналысқаны, сол кездегі патшаның қолшоқпарларына ұна-майды. Одан басқа, Ағыбай батырдың өзінің қарамағындағы елге дербес билік жүргізіп, жақсы қаруланған әскер ұстағаны, Қарқаралы округінің шенеуніктері де жақтырмайды.

Кенесары көтерілісі жеңіліс тапқан соң, Арқаға Ағыбай батырдың соңынан ерген, әр рулардың өкілдері бір жерде мекендеп, тұрақтап қалуы да оңайға түспеген. Батырдың басында ат басын тіреген Кежек деген жерге орналасуы орыс ұлықтарына жақпады. Қарқаралыдан тікелей тартса 100 шақырымға жетпейтін жерде, Кенесары көтерілісінің қолбасшысының тұруынан, Қар-қаралының казак-орысы шошыды. Енді ояздар қазақтарды бір-бірімен жер үшін араздастыру саясатына көшті.

Осы, Ағыбайға қарсы патша шенеуніктерінің және олардың жансыздарының әрекеттерін, сол кездегі жүргізген құпия бақылау мәліметтерінен көреміз.

Сол кездегі патша үкіметінің архив деректеріне мынадай мәліметтер бар: «1854 жылғы 20 желтоқсанында Қарқаралы сыртқы округтік приказдың аға сұлтанының Сібір облыстық генерал-губернаторына жазған № 5959 арнаулы құжатында, патшадан сыйлық алған қазақтан шыққан 8 құрметті азаматтар сұлтандар мен болыстардың ішінде Ағыбай батыр 1949 жылы Қоқан хандығы, Ташкент жерінен Шұбыртпалы елін көшіріп әкеліп, Өлтеке-Сарым болысына тіркегені үшін пат-шадан алтын жіппен тігілген суконный халат (шапан, шекпен) сыйға алғаны» көрсетілген.

Ал енді, патшалық шенеуніктерінің Ағыбайға қарсы жүргізілген құпия хабарлары былай баяндалады:

### **1. «Секретно»**

Его Превосходительству Управляющему Должность Военного Губернатора области Сибирских Киргиз Господину Генерал-майору и Кавалеру Фон-Фридриху от Заседателя Каркара-линского Внешнего Окружного приказа Трусова

#### **Рапорт**

Из Тобыктинских волостей, где я производил следствие о противозаконных поступках бывшего Старшего Султана Кунанбая Ускенбаева, Окружным приказом вызван в Каркаралы для производства следствия о найденном мертвым близ речки Джарлы, в 20 верстах от Каркаралов, мещанина Репина. В Каркаралах, я 13-го числа получил сведения, что бию Чубуртпалинского рода Агыбаю Конурбаеву, бывшему прежде приверженным мятежного султана Кенесары ив 1849 году вступившему в числе 200 кибиток на подданство России и причисленному к Алтеке-Сарымовскому волости Каркаралинского округа, приехали лазутчики от сына Кенесары Касымова с предложением, чтобы Агыбай отложился из округа и присоединился к Кенесарину для возобновления набегов и грабежей.

Разведывая, от кого именно вышли слухи, я узнал что 5-го числа сего месяца приехали в Каркаралы в нескольких человек киригизы Надан-Тобуктинской волости 6-го числа утром

из них бий Манжигул Чегыров и киргиз Байсары Джаныкулов предъявили заседателю Свирщескому, что к Агыбаю Конурбаеву приехали от сына Кенесары три человека с подарками и приглашают его прикочевать в Каратау, и что г. Свирщевский к захвату лазутчиков не сделал никакого распоряжения, и спустя четыре дня, ограничился посылкою к Агыбаю аульного старшину Альтеке-Сарымовской волости Узак Куланова, за вызовом в Каркаралы его Агыбая. Как слухи о приезде посланных от сына Кенесары частично распространились между киргизами, кое-что об этом знал и Узак Куланов, который состоит в сватовстве с Чубурпалинцами, а потому я смело заключил, что Узак вызвал Агыбая, сообщит ему, что в приказе известно о приезде из Каратава людей, в потому они будут немедленно выпровожены из пределов наших и тем укрыты от преследования.

Из-за таковых действий хотя должно считать потерянным случай захватить посланных от Кенесарина людей, но я не останавливался разведывать о справедливости слухов, отыскал в Надан-Тобыктинской волости би Манжигула Чегырова и киргиза Байсары Джаныкулова, спрашивал их о приехавших от Кенесарина людей и они объяснили мне:

а) в первых числах октября месяца с караваном, вышедших из Ташкении, где в числе других находился присланный в Семиз-Найманской волости Аягузского округа чалаказак Абды Насыров, торгующий нынче в Надан-Тобыктинской волости, приехал из Каратава от сына Кенесары ходжа по имени Джанходжа, с давних лет служивший Кенесары, а потом семейству его, привез к Агыбаю в подарок пистолет с серебряной наческой, собственно принадлежавший Касымову, в знак того, что сын Кенесары... желает жить с ним так, как жил отец и просит со всем Чубуртпалинским родом присоединиться к нему. Этот ходжа Джанходжа в сумке привез к Агыбаю какие-то бумаги и между тем разглашает, что сын Кенесары в Ташкении, ныне имея большой вес, из Акмолинского округа угнал уже 2. 000 лошадей. По приезду упомянутого ходжи Агыбай со всеми Чубурпалинцами, тотчас уководил на озеро Балхаш к урочищу Аккум и Сарыкум, в удаление от прочих волостей

б) До приезда помянутого ходжи из Чубурпалинского рода бий Еже... в числе 19-ти человек был Агыбаем послан в Каратав для осведомления о выгодах и состоянии тамошних волостей, кочующих с детьми Кенесары, которые возвратились тоже в октябре и с ними приехал от сына Кенесары человек по имени Сары, с русыми волосами, привез подарки к Агыбаю, брату его Танабаю и некоторым другим, почетным в Чубуртпалинском роду киргизам, по халату, сарачинского пшена и муки, а также сговаривает их отложению.

в) Не многим ранее упомянутых выше Ходжи и Сары, приехал к Чубуртпалинцам от сына же Кенесары человек смуглый, с небольшой черной боро-дой и такими же усами. Имя неизвестно, привез ли какие подарки не знают, только также сговаривает чубурпалинцев к отложению в Каратав. 30 октября при отъезде Манжигула Чегырова и Байсары Джаныкулова из кочевьев в Каркаралы, прибывшие из Каратава от сына Кенесары люди проживали у Агыбая с братом и не собирались возвращаться. Из них Сары даже высватал за себя дочь у Чубуртпалинского киргиза Дулата.

Бий Манджигул Чегыров и киргиз Байсары Джаныкулов объявившие все изложенное мною выше просили, чтобы имена их остались в тайне, потому что они не имеют большого состояния, не считаются в народе людьми очень значительными и будучи совершенно преданы правительству опасаются, что за открытие этой тайны навлекут на себя негодование и гонение от своих однороднее.

Полученные мною от Чегырова и Джаныкулова сведения я даю полное подтверждение, потому что верность подданства Агыбая Конурбаева с его однородцами,

привыкшими к набегам и хищнической жизни очень сомнительна, каково сомнение, как и удостоверения ныне разделяют многие киргизы...

Я принял смелость о всем этом донести прямо Вашему Превосходительству, изложить свое мнение, что для удержания Чубуртпалинцев в подданстве необходимо поместить их на кочевки внутри, а не самый край округа, что сделать можно даже теперь, несмотря на зимнее время. Ибо киргизы эти не имеют большого скотоводства, а находясь при Кенесары вели хищническую жизнь и из опасения преследования не могли не долго останавливаться на одном месте, от чего привыкли кочевать во всякое время года.

Поместить их можно: часть между Каркаралами и Кувскими горами и часть на Керегетас и Желдытау. Последние места даже назначены были им для зимовок, но Керегетас произвольно занят, проживающим в Каркаралах татарин Хамитом Яхиным о чем я доносил приказу, но на это должного распоряжения не последовало. При этом считаю обязанностью доносить Вашему Превосходительству, что бий Чегыров и киргиз Джаныкулов сего числа отправились из Каркаралов в волость и по просьбе моей именем Правительства, обязались разведать: возвратились ли посланные от сына Кенесары люди, или сверх всякого чаяния, не скрываются ли еще в пределах округа у Агыбая, или кого иного и немедленно не подавая никому о том никакого вида известить меня. И, если окажется, что означенные люди еще в округе, то я намерен немедленно выехать для захвата их. Впрочем, захватить в Чубуртпалинцам без значительного числа казаков будет делом трудным, ибо киргизы эти не привыкли еще к повиновению и воинственнее всех прочих, почти всякий имеет пику и у многих есть огнестрельное оружие.

Заседатель Трусов Ноября 14 дня 1855 года, Каркаралы.

## **2. «Секретно»**

Его Высокопревосходительству господину Генералу Губернатору Западной Сибири Заседатель Каркаралинского окружного Приказа Свирщевский, письмом от 11-го сего ноября, донес мне, что он получил сведения, что киргизы Чубуртпалинского рода, кочующие в Алтеке-Сарымовской волости, намерены отложиться в пределы Ташкении. С этой целью весь аул их, состоящий из 260 кибиток, отсанился на урочище Таргыл, верстах в 70-ти от полуострова Бертыс, на пути ташкентским владениям, говорят будто сын Кенесары прислал Чубуртпалинцам подарки и приглашает их себе на кочевку.

Не знаю до какой степени справедливы слухи заседатель Свирщевский не доносит официально, не просит меня снабдить его или приказ инструкцией как поступать с Чубуртпалинцами, если они действительно намерены будут отложиться и какие принять против этого меры? До получения приказаний моих, г. Свирщевский велел управителю и толмачу употребить все средства к присоединению Чубуртпалинцев, а главных родовичей выслать под каким либо предлогом в округ. Далее в письме этом упоминает о происшествиях, о которых мною уже донесено Вашему Высокопревосходительству сего же числа. Вследствие этого письма я секретно предписал г-ну Свирщевскому:

При содействии старшего султана или других преданных правительству киргиз, разузнать подробно о причинах, возбудивших в Чубуртпалинцах неудовольствие и если это не будет превышать власть приказа, принять меры к устранению этих причин, в противном случае донести мне немедленно.

Если неудовольствие этого киргизского рода происходит от неприязненного расположения от других лиц, возмущивших его, то стараться убеждениями, а если этого



недействительно, то захватом зачинщиком пресечь корень зла.

Если же, наконец, все эти меры окажутся недостаточными для удержания Чубуртпалинцев, то объявить им открыто, что по отложении они уже никогда не будут приняты в подданство и лишатся всех мест ими прежде занимаемых.

Доводя об этом до сведения Вашего Высокопревосходительства, я имею честь доложить, что по моему мнению трудно и опасно принять открытые и насильственные меры к удержанию Чубуртпалинцев по причине зимы, отдаленности их кочевок и недостаточности военных сил в Каркаралах, а более всего, чтобы не возбудить неудовольствие и опасение в других родах.

Господин Генерал-майор Фон Фридрих

19 ноября 1855 года, г. Омск.

Осы тарихи құжаттарға көз салсақ, Ағыбай батырдың қазақ қоғамындағы құрметі мен ықпалын білген Қоқан хандығы мен Ресей үкіметі, оны екеуі бірдей өз жағына тарту әрекеттерін әр түрлі айла-шаралармен күшейткен.

Осы құжаттарда көрсетілген Кенесарының баласы Сыздық төре жас кезінде Ағыбайдың қолында тәрбиеленіп, одан әскери өнерді үйренген еді. Абылай ханның отыз ұлдарының бірі Қасым төренің ұлы Кенесарының, атасы Абылайдың жолын қуған соңғы көкжал ұрпағы, Сыздық төре 1864 жылдан 1877 жылға дейін Ресей отаршыларына қарсы күрескен.

Ал, Сыздық туралы Сырдария облысының статистика комитетінің мүшесі, 1889 жылы «Султаны Кенесары и Сыздық» деген кітапты баспаға дайындап, сілтемелер жазған Смирнов Е.Т. былай деп жазады: «Султан Садык (правильно по казахски Сыздық), сын знаменитого в кир-гизских степях султана Кенесары Касимова, был в свое время очень известен в Туркестанском крае как энергичный предводитель партии киргизских и туркменских наездников, бившихся с русскими войсками при завоевании Средней Азии. Враждебная деятельность Садыка против нас прекратилась вскоре после хивинского похода, а в 1877 году этот последний боец за независимость киргизского народа перешел на наши пределы вместе с кашгарскими ханом Беккульбеком после взятия г. Кашкара китайскими войсками и уничтожения мусульманского государства, основанного в бассейне Тарим известным Якупбеком. Деятельность Садыка, обнимающая период времен с 1864 до 1876 года, должна представлять интересный и ценный материал для истории покорения нами Кокандского и Хивинского ханства, войн с Бухарою и сношений с нами Кашкаром...»

Міне, осы Ресей патшасына адал қызметкер атқарған орыс офицер тарихшыларының сол кездегі шындықты бұрмалады деп ешкімде айта алмас.

Ресей патшасына мойынсұнбаған Ағыбай батыр, 1856-1864 жылдары Кенесарының ұлы Сыздық төремен бірге Түркістанды қорғаса, Арқада Ақтау дуанына қайта орналасқан казак-орыс-тарға қарсы елді ұйымдастырып, ара-тұра шабуылдар жасатып, маза бермеді. Ақыры, орыстар Ақтау дуаның тастап кетуге мәжбүр болады.

Тарихи деректер мен архив құжаттары, Кенесары мен Ағыбай батыр бастаған тәуелсіздік үшін көтеріліске, Үш жүздің руларының басым бөлігінің қазақтары қатысқанын көреміз. Атап айтқанда І. Есенберлин өзінің Кенесары көтерілісіне арнап жазған тарихи романында былай деп жазған: «Орынбор әскери губернаторы граф В.А.Перовскийдің Кенесарының қарамағындағы елдің қайсысы қай жерде деген сұрағына, Орынбор шекара

Комиссиясының бастығы генерал-майор В.Ф. Генс: «Бұл жаққа Кенесарының соңынан көшіп келген Ақмола және Қарқаралы округтерінің Әлке-Байдалы, Тыналы-Қарпық, Алшын-Жағалбайлы, Қаракесек, Айтқожа-Қарпық, Төбе-Темеш болыстары Қарақұм мен Аққұмның төңірегіндегі мына жайылымдар мен Жыланшық өзенінің Торғайға құятын сағасына орналасты. Ал, Баянауыл округінен келген Қозған, Қойлыбай-Шағыр, Қаржас, Малай-Қалқаман болыстарының қалған ауылдары Бағаналы руымен қосыла, мына Қара Торғай өзені бойына жайласты. Осы Қара Торғайдың жоғарғы тұсында, жұрт «Орда тіккен» деп атай бастаған Кенесарының өзінің аулы тұр. Отыз сегізінші жылы Кенесарымен бірге көтерілген Орта жүздің Атбасар дуанына жататын мына Арғынаты, Ұлытау, Терісаққан, Қай-рақты, Шойынды көл, Ақ көл маңын жайлаған қалың Алтай-Әлке, Алтай-Байдәлі, Төбет-Темеш, Тыналы-Қарпық, Айтқожа-Қарпық, Қойлыбай-Алтай, Алшын-Жағалбайлы рулары біздің жері-міздегі Алшынмен бірігіп кетіп отыр. Міне көрдіңіз бе, қанша жер екенін? - деп Генс картаның дәл ортасын қомақты етіп бір ойып өтті, бұған мына Жайықтың күншығыс жағындағы Жем, Елек, Ырғыз өзендері мен Жыланды, Мұғажар тауларының бауырын қоныс еткен кіші жүздің Табын, Тама, Шықылық, Шөмекей, Шекті Төртқара руларын қоссаңыз, ереуілшіл сұлтан қарамағындағы Франция мен Италияға пара-пар бір хандық ел болады... Кенесарының күші де осында емес пе? Ол Россия империясының отаршылық саясатын өмір бойы бытырап жүрген қазақ руларының басын қосуға пайдалана біліп отыр...», - деп жауап беріп, сөзін аяқтады.

Кенесарының көтерілісі дами бастағаннан-ақ, оған дәт беріп, отырған жер-суынан айыр-ылған қалың елдің қаһарынан сескеніп, шын көңілмен қосылған Азнабай балаларынан басқа да Едігенің Шоңы, Күшіктің Шорманы, Шорманның Мұсасы, Сандыбайдың Ердені, Дүзені, Сайда-лының Аққошқары сияқты Арқаның мыңды айдаған бірнеше шынжыр балақ, шұбар төс байлары Кенесарыға: «Біз сендердің жағындамыз», - деп ниет білдірген. Тіпті, сол патша отаршылығына мойын ұсынып, шен алып, шекпен киген сұлтан тұқымдарының кейбіреулері Кенесарыға қосы-лып кеткендей болды. Уәлиханның екінші баласы Әбілмәмбет Кенесарыға еріп, жорықта қаза тапты. Тұрсынханның Сарманы «Қара қазақтан шыққан Көшеннің Тұрлыбегін аға сұлтан қойдың» деп ақ патшаға қарсы көтеріліп, Қасым балаларына келіп қосылған. Абылайдың туған ағасы Жолбарыстың баласы Қошай, Уәлиханның туған інісі Шыңғыстың баласы Сартай секілді Абылай тұқымынан шыққан бірнеше сұлтандар Кенесары жағына бірден ауған...».

Кенесары хан сол кездегі қазақ қауымының арасындағы ықпалды бай-манаптардың көтері-ліске қандай үлкен үлес қосқаны туралы былай деген: «Мен мақсатыма жету үшін құдайдан Орта жүзді бер деп сұрадым, екінші, жау-жүрек батырларды сұрадым, үшінші Аққошқар мен Алда-жұманды, Азнабайдың Сейтенің, Тайжанын сұрадым. Құдай бұл тілегімді берді. Бұлардың жыл-қысы менің әскеріме мінетін ат болды, ішетін ас болды... Сондықтан бұлар менің досым, мен бұлардың досымын. Өздерін білесіңдер, бұлар құдай еркелеткен адамдар. Құдай еркелеткен адамдарды мен де еркелетуім керек, мен құдайдан үлкен емеспін».

XIX ғасырдың 20-70 жылдары Орта жүз қазақтары үшін ең бір ауыр кезең болды, ондаған жылғы көтеріліс, арпалыс еш нәтиже бермеді. Бір жағы Ресей, екінші жағы Қоқан, қазақ екі айдаһардың арасында қалып, ата-баба қонысынан, қолындағы малынан айырылды, кедейшілік пен қайыршылыққа ұшырады. Кенесары көтерілісі кезінде, одан кейін де орыстың жазалаушы әскері ел арасына шығып, қолына түскенді атып-асып, елді бықпырт тигендей қылды. Қазақтың рухы жасыды, құлдық қамытына үйрене бастады. Қазақ мемлекеттілігінен айрылған соң, ішкі тәртіп босады, бір-біріне қамқорлығы азайды,

шоқынып кеткендер көбейді, отырықшы–жатақ-тардың саны артты, орыс отарлау аппаратына сүйенген, бай-манаптар, төрелер күшейіп, ешкімнен тыйым көрмеді. Осының бәрі келіп халықтың сағын сындырды.

Міне, осы шақта ел жүгі өз ішінен суырылып шыққан Ақжолтай Ағыбай сияқты би-бат-ырларға түсті. Ағыбай бастаған сол кездегі халық көсемдері үлкен қайрат-жігер, күш жұмсап, қаз-ақты құл қылып тентіретіп жібермей, шоқындырмай, мәңгүрттендірмей зар-заманнан алып шық-ты.

Ақжолтай Ағыбай батыр, жасы егде тартқан уақытында да, орыс шенеуніктерінен тайсал-май, өзінің ер, әрі өр мінезімен де халқына әрқашан үлгі болған.

1870 жылдары, Қарқаралы дуанында Шалғынбай төре аға сұлтан болып тұрғанда, Қарқа-ралыға генерал-губернатор келетін болып, дуанның 20 болысы және сол дуанның құрметті аза-маттары жиналады. Осы жиынға Ағыбай батыр да қатысады. Осы оқиғаның куәсі Мұсылманқұл Жиреншеұлының айтуы бойынша: «Ағыбай батырдың қартайған кезі еді, сақалы аппақ, астында ақ боз аты бар, жанында қанжары мен қылышы, қолында қамшысы болған. Жиналған неше мың кісіден иығы асып көрініп тұрған. Осы кезде, бір казак-орыс келіп: «Атыңды мінемін», - деп Ағыбайдың атының тізгінінен ұстай алады. Ағыбайдың: «Қой, менің атыма тиме!» - деген сөзіне казак-орыс құлақ аспай, оның тізгінінен жібермейді. Осыдан кейін, Ағыбай батыр казак-орысты қамшымен екі тартып жібереді де, казак-орыс етпетінен түседі. Біраз уақыттан кейін, тұра сала дуанбасы майордың үйіне жылап кіріп келіп, майорға шағымданып: «Қазақтың шалының оны қамшымен сабағаның», - айтады. Майор ашуланып, Ағыбай батырды шақырып: «Неге ұрдың?» - деп сұрағанда, Ағыбай: «Өзі тәртіпсіз өскен қандай орыс еді, осында неше мың жиналған кісі-лердің атын сұрамай, менің атыма келіп жармасты», - дейді. Майордың қасында отырған аға сұлтан Шалғынбай төре дауға араласып: «Тақсыр, бұл жанжалды мен бітірейін», - дейді. Майор оған көніп: «Ну, жарайды», - деп келіседі. Шалғынбай төре қалтасынан, бір уыс ақша алып казак-орысқа беріп: «Кешке тағы кел, риза қыламын», - дейді. Ал, Ағыбай батыр, егер майор бірдеңе десе, қанжарын салып алатындай болып, тайсалмай, шұқшиып тұрады. Осы оқиғаның куәсі болған қалың жұрт: «Ағыбай батыр ерлік көрсетті», - деп шулады...».

Орыс жер беріп, батырды тыныштандырған болса да, Ағыбай орыс билігіне мойынсұнбай өткен. Батыр қазақ қауымына сол кездегі орыс отарлау аппараты бекіткен салықтардың бірде-бірін төлемеген.

Сол кезде Кәрсөн-Шұбыртпалы еліне болыс болған Көпбайды орыс ояз ұлықтары қысып, Көпбай Ағыбайға келіп: «Ағаке, орыс ояздары сізге салық төлесін деп, мені қысып жатыр», - дегенде. «Орыс елімізді, жерімізді басып алып, енді салық сұрайма, орысқа салық төлейтін, сен мені кім деп отырсың?!» - деген батырдың тілінен қорқып, Көпбай есіктен шыға жөнелгенде, батырдың сілтеген қанжары жабықты тесіп өтіп, есік алдындағы томарға шаншылған екен.

Қазақ халқының тәуелсіз қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру мақсатындағы аса ірі халық-азаттық көтеріліс жеңіліспен аяқталды. Бірақ, еркіндікті аңсаған, ерлікке толы күресті Қазақстан, Орта Азия және Ресей империясының халықтарының есінде өшпес із қалдырды. Кене-сары, Ағыбай күрестері, оның халық мүддесіне шын берілгендігі, қолбасшылық өнерлері, саясат-шы және қоғам қайраткерлері ретінде бүкіл халықтық сүйіспеншілікке ие болды.

Патша үкіметі құласа да, Ресей империясының саясатын жалғастырушылар Кеңестік

заманда да, Ағыбай және оның ұрпақтарына деген дұшпандығын жалғастыра берді. 1922 жылы Қарқаралыдан шыққан 25 кісілік қарулы отряд батыр ұрпақтарының аулына келіп, ойына кел-генін істеп, батырдан қалған жалғыз мұра наркескен қылышты тартып әкетті. Наркескен 1931 жылға дейін Шет аудандық ГПУ-дің қолында болды. Онан кейінгі тағдыры белгісіз. Қай заманда болмасын дұшпан Ақжолтай Ағыбай батыр атын ұмыттыруға тырысса да, оның есімі өзінің нар-кескеніндей жарқырап шыға берді.

Халқымыз тәуелсіздікке қолы жетіп, өз тарихына өзі үңіле бастағанына көп уақыт өткен жоқ. Осы ондаған жылдар ішінде: жоңғар-қалмақ шапқыншылығына, отаршыл Ресей империя-сына қарсы, басқа да азаттық күрес тарихына ден қойып, ғасырлар бойы ескерусіз қалған асыл арыстарға арналған арнайы зерттеулер мен ізденістер көбейіп келе жатыр.

Тәуелсіздіктің қомақты саласы - рухани тәуелсіздік. Ғасырлар бойы отаршылдарға табы-нып үйренген халық үрейден жаңа-жаңа ес жиғандай. Ата-баба салтын, ата-баба даңқын еске алып, ата-баба жолын іздеген халық. Есеңгіреп қалған ел қалың ұйқыдан жаңа ояғандай тарихын таразылап, ескірген жолдың, өшкен сүрлеудің, атойлаған жорықтың, жоғалып кеткен салтын, ұмыт бола бастаған тілін, дінін жаңғырта бастады. Әрине, бұл да оңайлықпен келіп жатқан іс емес. Атасын іздеген ұрпақ, тарихын іздеген халық, өткен күнді армандаған дүбәрә тұқым - оның бәрі сан-сапалақ өмір сүріп, ескі мен жаңа сана алысып жатқанына куәміз бәріміз. Анадан шыққан тілімізді, атадан өрбіген тарихымызды бір ізгілікке салып, халықтың ана тілін, тарихи санасын, ата-бабаларымыздың ерлік, билік-шешендік істерін қайтару, қаз қалпына келтіру - бұдан артық игі тілек, игі мақсат болуы мүмкін емес.

Тәуелсіздіктің негізі - елімізді іргелі ел қылу, халқын серпілтіп, тұрмысын шалқыту, экономикасымен мәдениетін көтеру.

Тәуелсіздік жолы - қасиетті жол. Оған шығар алдында адам баласы арын да, жанын да тазарту керек, рухани сілкініс керек. Сапарға шыққанда ата-бабамыз мойнына тұмар салғандай, біздің бойтұмарымыз, имандай құранымыз - еліміздің негізгі заңы, оның принциптерін сақтауы-мыз - бәріміздің азаматтық парызымыз. Ал сол принциптердің негізгі бастауы - тәуелсіздік. Ел бостандығы, халық бостандығы, ар бостандығы үшін жан пида деген ата-баба өсиетін, өзіміз де берік ұстап, болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек.

Тәуелсіздік жолы - күрес жолы. Тәуелсіздік келді, енді бәрі болады, бәрі өзінен өзі толады деп, жігерге құм құюға болмайды. Өзімізді де, болашақ ұрпақты да жасампаздыққа үйретуіміз керек. Жасампаздық жолы - білім мен өнер арқылы болады. Тәуелсіздік жол - азаматтық жол, яғни тәуелсіз елдің азаматы - арлы, зейінді, пейілді, әділ, патриот болу керек. Қазақ елінің әр перзенті өз Отанын қорғауға әрқашан дайын болу керек. Күшті, осы уақытта сай, жан-жақты әскерсіз тәуелсіз мемлекеттің шекарасы берік болмайды.

Тәуелсіздік жолы - қазақ елін өз Отанына айналдырған халықтармен тіл табысу, жарасымды, үйлесімді өмір сүру жолы. «Мен қазақпын, ел менікі, жер менікі» деп, босқа даурықпай, үлкен сабырлықпен оларға өзіміздің тілімізді үйретіп, тарихымызды оқытудың арқасында ғана татулыққа қол жеткіземіз. Қазақстандық патриотизм, көпұлтты халықтың жарасымды өмір сүруі, мәдениетке, өнерге, ғылымға, мемлекеттік серпін беру принциптері, болашақ идеялық өмірдің арқауы болып, әртүрлі саяси көзқарастағы, діні, тілі әртүрлі халықтардың үйлесімділігін арттыру жолы болуы керек.

Тәуелсіздік жолы - үміт жолы. Біз бостандық алған елден күтеріміз көп. Біз тәуелсіздіктен ең алдымен балаларымызға жарқын болашақ күтеміз, орта буынға - ата-баба

аңсаған дербестікке сусындап, игі мақсаттарымыздың орындалуын күтеміз. Біз тәуелсіздікті кешегі социализм тек жариялап, толық іске асыра алмаған теңдікті, бостандықты, еркіндікті, баршаға білім, денсау-лығына қорған, кәрілігіне сая күтеміз. Біз тәуелсіздіктен ұлтаралық үйлесімді, татулықты, халық-аралық бейбітшілікті күтеміз.

Аяулы дана ағамыз, ұлы философ Мұхтар Әуезов: «Ерлік - бірдің үлгісі емес, бардың үлгісі, осы ерлік жайшылықта күнде сыналып, сәт сайын сарапқа түсе бермейді. Ер екені белгісіз кәдімгі көптің бірі болып жүрген адам күндердің күнінде жетеді де, қатарынан қара үзіп, самғап ұшады. Көп ішінен көлбең етеді де, жарқ беріп, бірақ бой көрсетеді. Мұны осылай ететін өзгеше күндер, көпке жайылған өзгеше күйлер. Замана деген ұста бар, адам алмасын сол дарқан шыға-рады. Ең ардақты саналатын қасиет - Отан, тәуелсіздік жолындағы ерлік», - деп тұжырымдайды.

Сол кездегі Кенесары хандығының жоғарғы органы - Хан кеңесі, халық арасында «Ереуіл кеңесі» деп аталып, далалық демократияның парламенті іспеттес болды. Әр түрлі әлеумет, тап бен ұлттардың өкілдері, бір адамдай, тең құқық пен дауысқа ие болып, өз пікірлерін ашық айта алды.

Осылайша соғыс пен бітім, қоныс пен жайылым, дау мен дамай, басқа халықтармен сауда мен дипломатиялық қарым-қатынас мәселелері көп талқысынан өтіп, шешіліп жатты. Жиындарда рулардың, тайпалардың, жүздердің көкейкесті ой-тілектері барша халықтық болып қауышып, ынтымақ-бірлік туы астында табысты. Қарадан шыққан әскери элита - батырлар, елге билік айтқан шешендер мен халық арасынан шыққан көсемдер хан тірегіне айналды. Хандық билік жүйесі мен ақыл-күштің тетігі батырлар мен билер билігіне осылай ұласты. Батырлар мен билер әкелген қара халықтың рухы хандық өктемдікті шектей білді. Бүкіл қазақтық парламент «Ереуіл кеңесі», үш жүздің бірлігінің жеңісі болып, бүкіл қазақтық ынтымақ осылай туындады, ұлттық сана осылай халық көңіліне ұялады.

Осы жаугершілік заманда, көп жыл бойы қазақ елін басқарған төрелер – Шыңғыс әулетінің берекесі кете бастады. Өйткені билікті атадан балаға бере салатын күн өткенді. Басында отарлау аппараты арқа сүйеген төрелер - аға сұлтандар, іс жүзінде халық арасындағы беделінен айыры-лып, арттары тез ашылып қалды. Сондықтан, қара халықтан шыққан, Қарқаралы дуанындағы Құнанбай, Ақмола дуанындағы Ыбырай, Баянауыл дуанында Мұсаның аға сұлтандыққа сайлануы осының айғағы. Бір кездегі Әйтеке би мен Қожаберген жыраудың айтқандары дәл келді. «Хан, сұлтан, төре күні өткен деді. Олардан ақыл-айла кеткен деді. Қазағым өзінді-өзің тұтас ел қып, басқарар енді уақыт жеткен деді. Хан сұлтан, төре, қожа өңкей құзғын, оларға енді тізгінін жұрт бермесін», - деп, жырлап өткен бабалардың үндеулерін сол кездегі халықтан шыққан би-батырлар, осы бір қиын-қыстау кезде еске алды.

Міне, осылай дала демократиясының негізгі киелі иелерінің - еліне елеулі, халқына қалау-лы бола алған, топ ішінен суырылып сөйлеген шешен, көпті бастар көсем билер, айбынды елдің ту ұстар перзенттері - Ағыбай бастаған батырлар болды. «Дауға барсаң бірің бар, жауға барсаң бәрің бар» деген халық даналығы, халықтың қаһарлы күші мен өктемді үні есепке алынды. Сөй-тіп, сайын қазақ сахарасындағы дала демократиясы, қазақ мемлекеті көп жыл бойы шайқалмас-тан, осы тіректерге негізделді. Айбарлы хан, үш жүздің билері, айбынды батырлар бастаған қару-лы күш, малын да, жанын да, отан жолына, жеңіс жолына бағыштаған қаһарман халық біріккен күш-жігерін бір мүддеге жұмсады. Ол мүдде - Отан мүддесі, халық мүддесі, ұлт мүддесі, тәу-елсіздік мүддесі.

Қалай болғанда, қазақ халқының ұлттық санасының қайнар басында айбарлы хан

Абылай, халқымыздың үш кемеңгер билері: Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке билер мен аузын айға білеген, бірнеше қазақ хандарының мемлекеттік кеңесшісі болған «дүлдүл», әрі «көмекей әулие» Бұқар жыраудың тұрғаны хақ. Осы бір дәуір ішінде олардың өкшесін басқан, даналығы тасқан, шешендігі асқан, бір өзі дала академиясы болған шалқар, өзі батыр, өзі би, өзі шешен, өзі дипломат, өзі ұстаз, өзі мемлекет қайраткері, қазақ мемлекетін бүкіл еуроазиялық биікке көтеруге қомақты үлес қосқан «Ақыны көп елдің - ары бар, батыры көп елдің - бағы бар» деген халық даналығын дәлелдейтін «еменнің иір бұтағындай» қаһарлы да, қайсар Ақжолтай атанған Ағыбай батыр болды.

Шын мәнінде халық батырларының басым көпшілігі іргелі бір елдің көсемдері, асқар асыл тегі бар, байтақ арқа сүйер елі бар жандар еді.

Осындай Ақжолтай Ағыбай сияқты батырларымыз заманында қалыптаса бастаған ұлттық мемлекеттік бітіміміз, бір тұтастығымыздың үрдісін, кешегі отаршылдық кезеңінде, елімізді, тілімізді, дінімізді жоғалып кетуден, ұрпақтарымызды мәңгірттіктен сақтап қалды. Керей мен Жәнібек, Асан қайғы, Жиренше шешендер бастаған арыстар бірінші арна, Әз Тәуке мен Бұқар жырау бастаған екінші арна, Абылай мен Қаздауысты Қазыбек, Төле би, Әйтеке билер бастаған үшінші арна, Кенесары мен Ақжолтай Ағыбай бастаған төртінші арна, Әлихан мен Боранқұл, Амангелді бастаған бесінші арна, енді міне Президентіміз бастаған алтыншы арна - ортақ бүкіл-халықтық тәуелсіздік арнаға айналды. Міне, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсап өткен елдің біртұтастығын, бірлігін, ынтымағын, тәуелсіздігін әкелген арналар, мемлекетіміз бен халқы-мызды болашақ бейбіт, бақыт, молшылық-тіршілік заманына жеткізеді.

Кенесары, Ағыбай бастап кеткен ұлт-азаттық қозғалысы, қазақ даласында ұлттық сананы оятып, тәуелсіздік жолындағы күресті жаңа сатыға көтеріп кетті. Ұлт-азаттық қарулы күресті ағартушылар қозғалысының туын ұстаған Абай, Ыбырай, Шоқан жалғастырып, халқымыздың арасынан жаңа реформаторлар ұрпағын тудырды. Реформаторлар көсемі Әлихан Бөкейханов мен оның серіктері Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Әлихан Ермеков, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов тағы басқа көзі ашық, білімді қайраткерлер ұлт-азаттық көтерілістің азиялық бағытын еуропалық, өркениеттік ізге салуға талпынды. Басында тәуелсіздік қазақ мемлекетін құрмақ болған, бірақ қолы ұзын, тоқпағы жуан, шынжыр бұғаулы Ресейден қол үзе алмайтынын сезген олар, Ресей империясының демократиялық жолға түскен сәтінде автономиялы билігі бар мемлекет болуын мақсат тұтты. Міне, осы аталған азаматтардың тәуелсіздік үшін төккен еңбектері зая кетпей, Қазақстан деген тәуелді мемлекетке қолымыз жетті.

Қазақ қауымының ел тәуелсіз болған кездегі негізгі парызының бірі - елін қорғайтын, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу, ата-баба салтын, отаншылдықты, патриотизмді ана сүтімен дарыту, мектеп қабырғасында үлкен жауапкершілікпен білім мен тәрбие беру.

Сондықтан да Кенесары, Ағыбай бастаған халықтың ұлы қозғалысы - ұлттық сананың озықтығын, адам баласының еркіндік пен тәуелсіздікке ұмтылысының символы болды. Халықтың рухани қажеттілігін бір жарым ғасыр бойы өтеп, аталмыш ірі құбылыс қазіргі қазақтың ұлттық руханият мұраларын туғызады.

## **2. XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығы және оның негізгі өзегі мен бастаулары.**

Қазақ қоғамының көшпенді өмірі мен феодалдық құрылысының жалпы ықпалы әдет-ғұрып құқығына тікелей әсер еткені даусыз. Мұны біз «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім хан-ның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» секілді ірі қазақ заңдарынан көреміз.

Қазақтардың құқықтық жүйесін әдет-ғұрып құқығы құрайды. Бұл жүйені «адат» деп атайды. Адат заңдастырылған әдет-ғұрып нормалары. Бұл нормалар қазақ қоғамының барлық жақтарын реттеп отырады. «Адат» араб тілінде әдет-ғұрып деген мағынаны білдіреді. «Адат» өте ерте кезден басталып, көптеген өзгерістермен және толықтырулармен қазақ қоғамындағы негізгі реттеуші нормалар ретінде 1917 жылға дейін созылды.

Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы мынадай ерекше белгілермен сипатталады:

1. Рулық патриархалдық әдет-ғұрыптардың ұзақ сақталуынан көрінетін консерватизмі. Мұндай ерекшеліктердің сақталуы заңды нәрсе. Ру қазақ қоғамының негізі болды. Ал рудың негізі патриархалдық отбасы болды. Қазақ отбасының басшысы немесе отағасы отбасындағы шешуші фигура болды. Бұл ерекшеліктердің бәрі де көшпелі экономикалық қатынастардың бей-нелері болып табылады.

2. Қазақ әдет-ғұрып құқығы барымта, қанға-қан, жанға-жан, әмеңгерлік, өз бетімен сот ұйымдастыру сияқты өтпелі институттардың сақталуын қамтамасыз етті. Бұл институттар қазақ қоғамында және оның құқықтық жүйесінде ерекше орын алды. Қоғамдық пікір бұл институт-тарды айыптамады.

3. Әдет-ғұрып құқығы бойынша қылмыстық істер мен азаматтық істердің арасындағы айырмашылықтарға ерекше мән бере берілмеді.

4. Жерге жеке меншік құқының болмауы, қоғам мүшелерінің құқықтық жағынан теңдігі қазақ аристократиясының артықшылығымен ұштастырылды. Ел билеу ісі тек сұлтандардың үлесі ретінде рәсімделді. Мұндай тәртіпті қоғамдық пікір де мойындады.

5. Жазаның түрлері салыстырмалы түрде гуманистік сипатта болды.

6. Құқықтық жүйе мен оның нормалары демократиялық және компромистік сипатта болды.

7. Әдет-ғұрып құқығының партикулярлық сипаты, әдет-ғұрып нормаларындағы басты нәрсе, ол нормалардың өздерінен гөрі олардың ішкі мәні еді, олардың негізінде жатқан принциптері еді. Ең басты нәрсе сол принциптердің өз мәнін, мазмұнын жоймай іске асуы болатын. Әдет-ғұрып құқығы құқықтық әдеттер жинағы ғана емес, ол қағида, көзқарас, ой түсінік жүйесі де болып табылады.

Әрине, әдет-ғұрып нормаларының белгілі бір бөлігі мемлекет тарапынан қолдау тапты. Мемлекет оларға баса көңіл бөліп, өз мақсат-мүддесі тұрғысынан әсер етуге, жинастырып, жүйе-леп, өз атынан жариялап өз қызметіне жаратуға әрекет жасады. Бірақ әдет-ғұрып нормалары оның ішінде Ереже жарғылары да, одан мемлекет заңына айналған жоқ, өзіндік өмір сүру мәнін де жоғалтқан жоқ. Қоғамдық тәртіп, демек, әдет-ғұрып нормаларын сақтап орындау да көшпелі-лердің автономиялығына, дербестігіне, өздерін өздері басқаруға негізделген еді.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы мынадай бастаулар негізінде қалыптасты: а/ әдет – ғұрыптар - адат; б/ билер сотының практикасы; в/ билер съездерінің ережелері; г/ шарифат нормалары.

Ауызша әдет-ғұрыптар ең көне заманнан, рулық қауымның қалыптасуынан бастау алады. Құқықтың бұл түрі қазақ қоғамының талаптары мен ерекшеліктеріне сай келді. Көшпелі қоғам жағдайында ұзақ уақыт сақталып қалған рулық қатынастар, патриархалдық отбасы, көшпелі мал шаруашылығы т.б. қатынастарды реттеудің бірден-бір тиімді жолы әдет-ғұрып құқығы болып табылады.

Қазақ хандары әдет-ғұрып құқығының нормаларын жүйелеп жетілдіріп, қоғамның талап-тарына орай өзгерістерге ұшыратып, оларға ресми сипат беріп отырды. Қасым ханның кезіндегі (1510-1523) «Қасым ханның қасқа жолы», Есім ханның кезіндегі (1598-1628) «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның кезіндегі (1680-1718) «Жеті жарғы» атты заңдар жинағы.

Оларда негізінен мынадай қылмыстарға зор мән беріледі: кісі өлтіру, ұрлық жасау, тонау, бүлік шығару, зинақорлық, денеге, адам мүшелеріне зақым келтіру, әйел зорлау, әйел алып қашу, діннен безу, біреудің қонысын иелену т.б.

Қазақта «қылмыскер» деген сөз болмаған. Халық ондай адамдарды «жаман іс істеуші», «пері соққан» деп атаған.

Бірнеше мың жыл бойы Еуразия көшпелілерінің жуан ортасында Алаш туының астында болған қазақ руларының өз бетімен мемлекет құрған уақыты 15 ғасырдың ортасы. Керей мен Жәнібек хандардың кезінде мемлекеттік идеяның өміршеңдігі үшін күрескен қазақ рулары Жәнібек баласы Қасым хан кезінде мемлекетті нығайту, заң ережелерін бір қалыпқа келтіру, ішкі және сыртқы саяси ахуалға заңдарды ыңғайлау мәселесіне кіріскенге ұқсайды.

Әдет-ғұрып заңдарын алғашқы жүйелеуші Қасым хан болды. Қазақ шежіресінде бұл кезең: «Әз Жәнібектің тоғыз ұлы болыпты. Оның бір ұлы - Қасым хан. Бұл тақты Сарайшықтан көшіріп Ұлытауға орнатыпты. Қазақты қосып кеткен осы Қасым хан. Қазақ ортасында «Қасым ханның қасқа жолы» делінетін сөз үлгі, қасиет болып қалды», - деп айтылады.

Академик Ә. Марғұлан (1904-1985): «Қасым ханның қасқа жолы» заңдарын орта ғасыр-ларда Қыпшақ, Шағатай ұлыстарында қолданылған «Ярғу» заңынан алынған, қазақша «Жарғы» деген ұғым. Бұл ұғымның түбі «жару» деген сөзден, яғни нәрсенің салмағын бір жағына аудар-май, дәл, әділ айтудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық бұқарасы ардақтап «қара қылды қақ жарған» деп мақтаған. Өзінің мазмұны бойынша, бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери-демократия арнасына барып тіреледі. 15 ғасырдың соңында 16 ғасырдың басында Бұқар-дың ишан қазылары қазақ өлкесіне діни үгіт таратып, ежелгі: «Жарғы заңын қалдырыңдар. Ол көкке табынған дінсіздіктің ісі, оның орнына шарифат қағидасына ауысыңдар. Ант бергенде «көк соқсын» деп айтпаңдар, «кұран соқсын» деп, құранды бастарына көтеріңдер», - деп үгіттейді. Бірақ, халық бұқарасы оған селқос қарап, көп заман шарифат қағидасына ойыса қоймайды. Уақыт-тың көбін мал бағумен өткізген халық бұқарасы шарифат қағидаларын өте қиын деп ойлады», - деп жазады.

Ә. Марғұланның айтуы бойынша саяси жағдайдың шиеленіскен кезінде қалың қазақтың, оның басшылары от ауызды, орақ тілді, ел сыйлы билердің, ықпалымен Қасым хан ерте заманнан бері көшпелілер мойындап келген «Жарғы» заңын күшейтті. Осындай себепке байланысы халық Қасымның шарифатты алмай, ежелден қалыптасқан билер заңы -



«Жарғыны» жаңадан көтергенін қатты ұнатып «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кетті.

Қасым хан заманында қазақ елі хан ордасын Еуразия көшпелілерінің ежелгі саяси-этни-калық орталығы Ұлытауға көшіріп, Алаша хан атын қайта жаңғыртты. Тек қана, қазақ елінің ұлт-тық идеясының мықты ірге тасы, бүкіл қазақ қауымының біріккен сан алуан тайпалардың басын құрап отырған ортақ тамыр Алаша ханға арнап Ұлытауда Қасым хан биік күмбез орнатты. Олай болса «Қасым ханның қасқа жолы» тек құқықтық көзқарастардың жинағы ғана емес, ол ең алды-мен қазақтың ел болу үшін, жұрт болу үшін күрес жолы.

Оның заңдары бес бөлімнен тұрды. Бірінші бөлім - мүліктік және жер қатынастарын реттеуші нормалардан тұрды. Екінші бөлім - қылмыс пен жазаға қатысты құқық нормаларын жинақтады. Үшінші бөлім - әскери міндеттілік және оны орындау, сондай-ақ әскери тәртіпті бұзғандағы жазаларға байланысты құқықтық нормаларды қарастырды. Төртінші бөлім - елшілік жораларға қатысты, елшілерді тағайындау және қабылдау тәртібі, шетел өкілдерімен келіссөздер жүргізу, дипломатиялық этикет мәселелері туралы нормалардан тұрды. Бесінші бөлім - қайтыс болғандарды жерлеу, еске алу, мерекелер өткізу т.б. рәсімдерге арналды.

Қасым ханнан соң шамамен жүз жылдан кейін әдет-ғұрып құқықтары Есім ханның тұсын-да қайта жүйеленді. Жоңғар қалмақтармен және де басқа да көршілес жатқан елдермен соғыстар-дың күшеюіне байланысты Есім хан әскери міндеткерлікті күшейтіп, әскери тәртіпті бұзғаны үшін жазаларды қатайтты. Есім хан негізінен бұрынғы Қасым хан тұсындағы құқықтық ере-желерді қайталады. Сондықтан оны ескі жолды жалғастырушы ретінде «Есім ханның ескі жолы» деп атап кетті. Билікті күшейтудің басты жолы мемлекеттік құқықтық негізін бекіту екенін жақсы түсінген Есім хан әдет-ғұрып «Жарғы» заңдарына қатал ережелер енгізіп, бейтарап ережелерді азайтуға кіріскен болатын. Заңгер-ғалым З.Ж. Кенжалиевтің пікірінше: «Жолдар - көшпелі қоғам-дағы орталық мемлекеттік биліктің жеке-дара дербестенуінің бір көрінісі, оның қалыптасқан құқықтық мәдениеті жаугершілік, әскери заманға сай бейімдеп пайдалануға талпыныс жасауының нышаны».

Өз Тәуке хан атанған Тәуке хан Есім ханнан соң шамамен 80-90 жылдан соң дала заңдарына өзгерістер мен толықтырулар ендіріп оны «Жеті жарғы» деген атаумен қайта қабылдады. Тәуке хан әдет-ғұрып заңдарын қайта жүйелеуге көп еңбек сіңірді. Аты аңызға айналған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің басшылығымен қазақтың белгілі би, шешен, білгірлері бір-неше рет жиналып «Жеті жарғының» нормаларын талқылаған «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сөз сол кезден қалған. Бұл жиында қазақ елінің басты мәселелері қай жерде қыстау, қай жерді жайлау, елдің тыныштылығын қалай ұстау, қалай соғысу, сыртқы мәселелер тағы басқа бүкіл ел болып ақылдасатын мәселелер талқыға түсті.

Ақырында жан-жақты сұрыпталған «Жеті жарғы» заңдар жинағы дүниеге келген. Жоңғар-Қалмақ тайпалары дәуірлеп күшейген уақытта жаңа саясат жүргізу керек еді. Оның нақты амалы Өз Тәуке ойынша әр жүздің орда биін сайлау, оларға ішкі саясаттың тізгінін беру. Еуразия көшпе-лілерінің үштік жүйесінің тамыры өте ерте замандарға бастайды, үштік қашанда нығыз, мығым, орнықты жүйе. Ал үш жүзді ұлыс есебінде әкімшілік жүйеге келтіру және оның ішкі мәселелерін орда билеріне тапсыру ру басшыларының жауаптылығын күшейткені хақ.

Өз Тәуке заманында билік құрамы бірнеше сатыға жүйеленгенге ұқсайды. Көшпелілердің әуел бастан бар демократиялық тәртіптерді де қайта жанданып, жалпы халықтық мәслихат, жиындар жыл сайын өткізіліп отырылатын болды. Бұл жиындарға тек қарулы ер азаматтар ғана қатысуға құқықты еді. Оның тәртібі «Жеті жарғыда» нақты бекітілді. Оның биік сатысы орда билерінен, Түркістан мен Ташкент маңындағы отырықшы

халықтың өкілдерінен, қазаққа жақтас кыргыз, қарақалпақ сияқты халықтың басшыларынан құралған.

Түркістан генерал-губернаторы қызметіне байланысты қазақ әдет-ғұрып, заң ережелеріне қатысты деректерді мол жинаған Н.И. Гродековтың жазбасы бойынша: «Хан Тауке собрал на урочище Культобе (в Сырдарьинской области) семь биев, и эти бии соединили старинные обычаи ханов Касыма и Ишима (Касым ханның каска жолы, Есім ханның ескі жолы. -**Автор**) в новые обычаи, называемые - «Жеты жарга». В числе их было три знатных бия, по каждому из каждой орды: Из Великой - Туле, из Средней - Каздауысты Казыбек, т.е. Казыбек с голосом гуся (звучным), из Малой - Айтеке»

«Жеті жарғы жайлы» деп аталатын еңбегінде академик С. Зиманов пен Н. Өсеров: «Біздің пікірімізше» «Жеті жарғы», «Жеті жарлық», «Жеті дау», «Жеті шешім» деген ұғымды білдіреді. Оларға жер дауы, құн дауы, барымта, айып-жаза, алым-салық т.б. кірген», - деп жазады.

«Жеті жарғының» алғашқы толық қағазға түскен нұсқасы атақты тарихшы А. Левшиннің 1832 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Писание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацских, орд и степей» атты кітабында көрсетіледі. Бұл нұсқа 34 фрагменттен тұрады. А. Левшиннің кіта-бы бойынша жеткен «Жеті жарғы» нормалары мына төмендегідей:

1. Қанға қан алу, яғни біреудің кісісі өлтірілсе, оған ердің құнын төлеу (ер адамға - 1000 қой, әйелге - 500 қой);
2. Ұрлық, қарақшылық, зорлық-зомбылық жасаған адам өлім жазасына кесіледі, жазаны ердің құнын төлеу арқылы жеңілдетуге болады (денеге зақым келтірілсе, соған сәйкес құн төленеді, бас бармақ - 100 қой, шынашақ - 20 қой);
3. Төре мен қожаның құны қарашадан 7 есе артық төленеді;
4. Егер әйелі ерін өлтірсе, өлім жазасына кесіледі (егер ағайындары кешірім жасаса, құн төлеумен ғана құтылады, мұндай қылмысты екі қабат әйел жасаса, жазадан босатылады);
5. Егер ері әйелін өлтірсе, ол әйелінің құнын төлейді;
6. Ата-анасы өз баласының өлімі үшін жауапқа тартылмайды, ал анасы баласын қасақана өлтірсе, өлім жазасына кесіледі;
7. Өзіне-өзі қол салғандар бөлек жерленеді;
8. Егер екі қабат әйелді атты кісі қағып кетіп, одан өлі бала туса: бес айлық бала үшін - бес ат, 5 айдан 9 айға дейінгі балаға - әр айына 1 түйеден (анықтама үшін: 100 түйе - 300 атқа не-месе 1000 қойға тең);
9. Әйел зорлау кісі өлтірумен бірдей қылмыс болып есептеледі. Мұндай қылмыс үшін еріне немесе қыздың ата-анасына құн төлеуге тиіс, егер жігіт өзі зорлаған қызға қалың төлеп үйленсе, жазадан босатылады;
10. Әйелі ерінің көзіне шөп салу үстінде ұсталса, ері оны өлтіруге хақылы, бірақ қылмысты сол сәтінде жария етуге тиіс, әйелінен сезіктенген еркектің сөзін 4 сенімді адам дәлел-деп беру керек. Егер олар теріске шығарса, әйел күнәсіз деп табылып, жазадан босатылады;
11. Біреудің әйелін күйеуінің келісімінсіз алып қашқан адам өлімге бұйы-рылады

немесе ердің құнын төлейді, егер әйелдің келісімімен әкетсе, күйеуіне қалың төлеп, қосымшасына қалыңсыз қыз беруге тиіс;

12. Әйелді ренжіткен адам, одан кешірім сұрауға тиіс, сұрамаса, арсыздығы үшін айып салынады;

13. Қан алмастыру (7 ата ішінде) өлімге немесе ағайындар белгіленген жазаға бұйырылады, мұндай қылмыс бөтендердің қарауына берілмейді;

14. Құдайға тіл тигізген (7 адам куәлік берсе) таспен атып өлтіріледі;

15. Кәпір болған адам мал-мүлкімен айдалады;

16. Құл өмірі құнсыз, ол қожайынның билігінде (қазақ құлдарды жалшы, малшы ретінде ұстап, кейін бөлек шығарып отырған);

17. Ата-анасына тіл тигізген ұлды мойнында құрым байлаған күйе қара сиырға теріс мінгізіп, өзін қамшымен сабап, ауылды айнала шапқылатады, ал қыз қол-аяғы байланып, анасы-ның билігіне беріледі;

18. Ұрлық жасаған адам үш тоғызымен қайтаруға тиіс;

19. Ұрлық пен кісі өлтіруді қоса жасаған адам екі бірдей жазаға тартылады;

20. Ерінің ұрлығын біле тұра хабарламаған әйелі мен баласы жазаға тартылмайды, өйткені үлкеннің үстінен шағым айту әбестік саналады;

21. Өсиет ағайындар мен молданың қатысуы арқылы жасалады;

22. Барымтадан қайтқан мал төлімен қайтарылуға тиіс;

23. Дауды шешу билер мен ақсақалдарға жүктеледі;

24. Куәлікке кемінде екі немесе үш адам жүреді.

«Жеті жарғыда» әкімшілік, қылмыстық азаматтық құқық мәселелерімен қатар отбасы-неке, салық, дін, тәрбие т.б. сияқты қоғамның жан-жақты мәселелері көрініс тапқан. Осыған қарағанда «Жеті жарғы» Тәуке ханның тұсында да, одан кейін де қазақ қоғамының барлық жақтарын түгел қамтыған әмбебап кодификацияланған заң жүйесі болған деп қорытындылауға болады. «Жеті жарғының» қағида ережелері барлық қазақ жүздерінің территориясында түгелдей қолда-нылған.

Әдет-ғұрыптардың бұл жинағын жазуға бастамашы болған би-батырлар тобы болды. Олар ерекше экономикалық және саяси мақсаттарын заңдастыруды ойлады. Би-батырлар тобы хандық билікті шектеуді заңдастырды, сонымен қатар олар жүзаралық және руаралық қатынас-тарға құқықтық реттеушілік роль беруге тырысты. «Жеті жарғы» нормалары рубасы - билердің жүргі-зетін бүкіл сот билігін толығымен бекітті.

Әдет-ғұрып құқығының ережелері, соның ішінде «Жеті жарғының» қағидалары да билер сотының практикасымен байытылып отырды.

Осы құқықтық заң қағидаларын зерттей келе, «Қазақ Хандығы құқықтық мемлекет болды» деп толығымен айтуға болады.

Қазақта бірнеше ауыр дауларды оңай шешкен билер болды. Әсіресе мұндай шешімдерді Майқы би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Ағыбай т.б. билердің практикасынан

көбірек кездес-тіруге болады. Қазақтың басқа билері оларға еліктеді, олардың практикасын басшылыққа алып, ұқсас істерді шешіп отырды. Тіпті атақты билердің биліктері (үкімдері) ұқсас істерді қарағанда міндетті басшылыққа алынатын кездер де болған. Билер соты практикасының мұндай сот пре-цеденті әдет-ғұрып құқығының бастауларының біріне айналды.

Қазақ билері құқықтық шығармашылықпен де терең айналысты. Олардың құқықтық шығармашылығының айқын көріністерінің бірі билер съездерінің және билердің құқықтық шығармашылығының жемісі. Билер съездері әдет-ғұрып құқығының негізгі қағидаларын заман талабына қарай өзгертіп, байытып отырды.

Әсіресе Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңіндегі билер съездерінің ережелері бізге көбірек жетті. Олардың біршамасы белгілі заңгер-ғалым, академик С. Зимановтың басшылығымен құрастырылған «Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары» атты жинақта берілген.

Ережелер міндетті түрде басшылыққа алынатын нормативтік құқықтық сипатқа ие болған.

Билер съезінің ережелері өмір талабына сай жылдам қайта қаралып отырған.

Әдет-ғұрып құқығының тағы да бір бастауы шарифат болды. «Жеті жарғыда» шарифатқа байланысты бірнеше қағидалар болды. Мәселен, онда «Құдайға тіл тигізген адам (7 адам куәлік берсе) таспен атып өлтіріледі, өзге дінге өтіп кәпір болған адам мал-мүлкімен айдалады» деген ережелер болды және олардың орындалуы қатаң бақыланып отырды. Туыс адамдардың арасындағы ерлі-зайыптық қатынастар да шарифат негізінде жазаға тартылған. Дін өкілдеріне артықшылық құқықтар берілді. Дегенмен де шарифаттың нормалары қазақ қоғамында ерекше артықшылық жағдайға жете алмады. Шарифаттың нормалары белгілі бір мөлшерде отбасы-неке, қылмыстық құқықтық қатынастарды реттеп отырды.

Билікке қолы жеткен жан енді оның қадірін біліп, халық игілігі үшін жұмыс істеген. Өйткені халық - биліктің негізі және тірегі, оның қайнар көзі. Сондықтан билік игілігі халыққа бағышталуы керек. «Халық қаһарланса ханды да тақтан тайдырады» дейді қазақ. Көшпенділердегі ежелден келе жатқан «ханды қылғындыру», «хан көтеру», «хан талапай» рәсім-дәстүрлері мемлекеттік биліктің басты тұғыры халық екендігін көрсететін ұғымның көрінісі.

Қазақ қоғамына «билікті және билік иелерін сыйлау керек, оларға қорқа, үрке қарауға болмайды» деген ой-әуен тән еді. Себебі, билік елге қызмет етеді, ал билік иесі - ел қызметшісі. Сондықтан оларды «құрметтеп, мәпелеп ұстау керек, қадірін біліп, қасиетінің парқына жету керек» деп түйіндейтін дала тұрғындары.

Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігі мемлекеттік биліктің ең кең тараған, халыққа барынша жақын әрі түсінікті, оның құрметіне бөленген және соған арқа сүйеген, сондықтан да мейлінше пәрменді әрі қуатты салалардың бірі еді. Оның үстіне бұл сала мемлекеттік биліктің басқа арналарына қарағанда шырқай дамыған, өз мүмкіндігін және қасиетін барынша мол ашып көрсете алған, ал кей-кейде жалпы мемлекеттік билікті тұтастай қамтып, оны жеке-дара өзіне саюға талпыныс жасаған «құдыреттердің» бірі болатын.

Белгілі ғалым-заңгер, академик С. Зиманов сахара жұртындағы сот билігі туралы: «Қазақ патрихальды-феодалдық қоғамында негізгі билік - хандық билік әдетте шарықтау кезеңнің өзінде де әлсіз болған, бейбітшілік уақытта тек оған арызданған дауларды шешу

және өзінің қарауын-дағы орданы басқару ғана функциялары болды», - деуі тегіннен-тегін емес болатын.

Сот билігі далалықтардың мемлекеттік өмірінің символы іспеттес еді және ондағы мем-лекеттік биліктің жалпы көрінісі, оның қолдануының және іске асуының ең қолайлы да ұтымды, жедел де арзан, тіптен әмбебап десе де болғандай формасы еді. Сот билігі мемлекеттік биліктің белгілі бір саласы болып қана қоймай, сонымен бірге оның іске асуының белгілі бір көрінісі, әрі құралы болды. Сот билігінің көшпенділер қоғамындағы орнының биіктігі сонша, ол кейбір кез-дері хан билігінен де жоғары тұрған. Әрине хан билігі қазақ қоғамындағы ең жоғарғы мемлекеттік билік боп есептелді және ол солай болды да. Бірақ ол өзінің осы дәрежесін қамтамасыз ету үшін сот билігімен әрдайым санасып отыруға мәжбүр болатын, соған әр кез арқа сүйейтін. Ал көп жағдайда хандық билік сот билігін өзінің құрамдас бөлігі немесе жалғасы не туа біткен бір қыры деп санайтын да өзінен бөле-жарып айырып қарамайтын. Бірақ сот билігі хан билігінен гөрі халыққа жақын тұратын және сот билігі әрдайым халық жанашыры, соның қамқоршысы рөлін ойнайтын.

Халық ұғымында хан билігі мен сот билігін салыстыра салмақтағанда әдетте, сот билігіне басымдылық беріледі. Би ханның ақылгөй кеңесшісі, рухани тірегі әрі ұстазы есебінде қаралды. Би әр кез халық атынан сөйлейді, сондықтан да болар би хан алдында тайсалмайды, тіптен керекті жерінде өктемдік де көрсете алады. Қазақи түсінік бойынша би ханға жол көрсетеді (хан биге емес), би ханның кемшіліктерін бетіне басып сынайды, дұрыс жолдан таймауына бас-көз болып қадағалайды, қателіктерінен арылуға шақырады. Би ханға қатты айтуға, халық қамы үшін керекті жерінде сөуге, ел атынан сұс көрсетіп қаһарлануға хақылы (хан биге емес). Себебі, ұлттық санада сот билігі халыққа ең жақын тұрған билік саласы болып есептеледі. Би (сот) - ел қамқоры, халық жанашыры әрі ақылшысы деген ой-әуен. көңіл-күй қоғамда кең тараған еді.

Сондықтан хан билігі мен халық мүддесі арасында қарама-қайшылық туындап, ол асқына бастаған сәттерде сот билігінің дәрежесі өсіп, хан билігімен тайталаса бастайды. Ал егер сот билігі хан мен халық арасына төрелікке жүретіндей жағдайға жетсе, онда оның беделі хан билігінен де асып кететін. Осыған байланысты зерттеуші В.В. Бельяминов-Зерновтың айтуы бойынша: «Әбілқайыр ханды өлтіргеннен кейін ханға бергісіз бедел мен күшке ие болған Барақ сұлтанның өзі, халықтың қаһарынан қорқып, билер сотының алдында ғана бас июге мәжбүр бол-ған. «Тек билер сотына бағынамын, соның шешіміне көнемін», - деп өз тағдырын сот билігіне берген кезде ғана Барақ сұлтан халық алдындағы өз беделін қайта көтеріп, баяғы күш-қуатқа ие болған».

Көшпелілер сот билігін мемлекеттік биліктің басқа салаларынан бөле-жара қарайды, оны өзіне жақын тартады. Олардың ұғымы бойынша, адам үшін ең негізгі сот - ол адамның өз соты, ішкі соты, ар соты. Сыртқы сот, яғни, билер соты ар сотының көрінісі және салтанаты боп елес-тейтін. Көшпелілердің құқықтық өмірінің рухани түп қазығы олардың құқықтық танымына «Малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген дүниетанымдық мәні бар ұла-ғатты сөзбен айшықталған еді және халқымыздың құқықтық өмір саласының басты принципі, айнымас асыл өзегі болды. Кез келген құқықтық құбылыс пен оқиға, талас-тартыс пен дау-дамай олардың пайда болуынан бастап өшіп-сөнуіне дейінгі аралықта осы принцип негізінде қаралып бағалануы керек еді және солай болды да. Бұл принцип сот саласында да басты бағдар бола білді және оның мақсат-мұраттарын айқындауда шешуші рөл ойнады.

Қазақ қоғамындағы сот процесінің басты мақсаты - бітім еді. Яғни дауласушы, не

араз-дасушы жақтарды жұрт алдында келістіріп, бітімдестіру. Бұл - көшпелі қазақ қоғамындағы сот процесінің негізінде жатқан басты принциптің бірі және оның айшықты да әсем көмкерілген нұсқасы. Бірақ бұл сөзді жалаң түсінуге болмайды.

Сахара жұртының сот саласындағы тағы бір белді қағидасы: «Жасына қарай отырып, жағына қарай сөйлеу», - деп аталады. Бұл принцип сот процесіндегі пікір таластың, сөз жарысы-ның шектелмеуіне, оның мейлінше еркін және жан-жақты болуына, дауласушылардың өз мүд-делерін қорғау барысында бар мүмкіндікті пайдалануына бағытталған еді. Сот процесі дау бойынша ақиқатты ашуды мақсат тұтады. Сондықтан бұл мақсатқа жетуге ешкім және ешнәрсе кедергі болмауы керек. Сот алдында әркім өз ойын, көргенін, білгенін және естігенін ашық та анық, тіке де тура, ешкімнен қаймықпай айтуға ерікті әрі міндетті.

Көшпелілердегі сот билігінің жалпы сипатына байланысты тағы бір қомақты мәселе ол сот билігінің шешендік өнерімен байланыстылығы. Сөз өнері (шешендік өнер) көшпелілердің сот мәдениетінің негізгі тірегі, мәйегі әрі құралы болды. Тек бұрынғыдан қалған өлмес мұра - сөз өнерін бойына сіңіріп, халық арасында ділмәр, шешен атанған жандар ғана билікке жіберілген. Өйткені, сөз өнерін игерді, шешен болды деген сөз сонымен бірге әдет-ғұрып құқығының нормаларын оқып-үйренді, соларға қанық болды дегенмен парапар еді. Бұларды білмей, жаттап, жадында сақтамай халық мәдениетін игеру, қазіргіше айтқанда, мәдениеттің шыңы болып есептелетін - шешендік өнердің иесі боп, шешен, би атануға жол берілмес еді.

Қазақ қоғамында болып тұратын талас-тартыс, дау-жанжалдарды ежелден-ақ көпшілік алдында билер шешіп отырған. Талай-талай от ауызды, орақ тілді билер туралы бізге жеткен деректер көп. Осы деректерге зер салсақ, әрбір рудың өз намысын жыртар билері болғаны даусыз. Билік тұқым қуаламаған. Билерді ешкім сайлап қоймаған, ел ақсақалдарының ұйғарымы, өзара келісімі мен шешімі бойынша билік құқық беріліп төрелік жүргізген. Олар билікті өнер деп таныған, туа біткен талантты, шешен, пайымы мол, әрі халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін мықты білген майталмандар. Билер бұларға қоса өз елінің тарихын, шежіресін жетік білген заңгер ғана емес, сонымен бірге әрі ақын, әрі жырау болған, сонымен қатар аузы дуалы, шаруасы түзу, ата-тегі белгілі және елге белгілі, әрі елге сыйлы адам болған. Би - табиғи қабілет пен терең білімді ұштастырған адам болуы шарт. Би - терең білімділігімен қатар, өзіне тартпайтын адам. Ол турашыл - «қара қылды қақ жарған», «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы берік ұстаған. Би - өз өмірінде өз басына дау келтірмеуі шарт, елге күмән, күмәнді сөзге себеп бермеуі шарт.

Олар қазақ қоғамындағы ішкі тәртіптерден бастап, адамдардың өзара мәмілесінің бұзылуына, бір сөзбен айтқанда қылмыстың түр-түрінің бәрін қараған. Билердің билік айту тәжірибесі қараған істерінің саны өсіп, сапасы жақсарған сайын арта түскен. Бұл тәжірибе қорытындыларын бір жерде бас қосқан билер мәжіліс жасап, талқылаған сайын қоғамға ең қажетті деген шешімдерді үлгіге алып, жалпы ереже ретінде қабылдап отырған. Атақты билердің шешімдері басқаларына үлгі-өнеге қызметін атқарған. Маңызды да әділ төрелігі берілген шешімдер ауыздан ауызға тарап, халық жадында ұзақ сақталған.

Сот билігінің негізгі бөлігі билер қолында болды. Қазақ хандығы дәуірінде билерді ешкім сайламаған және тағайындамаған. Билер өз білімі және тәжірибесі арқасында мойындалып, оларға билік сұрап халықтың өзі келетін. Билер ешкімге бағынбайды, тек өзінің арының алдында жауапты. Билер адат нормаларының білгірі болды. Би сондай-ақ қазидың (шариғат жолымен іс жүргізуші) жұмысын да атқарады.

Би өзіне келген істі қарауға міндетті болды, қарамай тастауға құқығы болмады. Биді таңдау талапкердің қолында болды.

Адат бойынша бидің қарауынан бас тарту құқығы да болды. Бидің беделін түсіретін мұндай оқиғаға нақты дәлел болмаса бас тартушыға үлкен айып салумен аяқталатын.

Сотқа би жан-жақты дайындалатын. Талапкер мен жауапкер бидің алдына қамшыларын тастап, істі қарауға келісім беріп отырады. Қамшы тастаудың үлкен процессуальдық маңызы болды. Одан кейін екі жақта биден бас тарта алмайтын. Сотқа кері әсер етіп, кесір жасау жауап-кершілікке тартылуға жатты.

Сот ашық түрде екі жақты, куәлерді тыңдау арқылы жүрді. Сотқа келмей қалған жақтың өкілін бидің зорлап алдыруға құқығы болды.

Сотқа куәлар тартылды. Ерлі-зайыптылардың бір-бірінің көзіне шөп салғандығын дәлел-деу үшін 4 куә, қалған істерге 2 куә қажет болды. Куәлер бидің алдында ант беруі тиіс болды. Әйелдер, 15-ке толмағандар, шарифаттан хабары жоқтар, бұрын айыпты, ақыл-есі кемдер, қыл-мысты болғандар куә бола алмаған.

Куәлері болмаған күрделі істерде ант беру институты қолданылған. Антты талапкер мен жауапкер емес, олар үшін олардың беделді әрі белгілі туыстары берді. Егер айыпталушы үшін ешкім ант бермесе, ол жауапты ретінде жазаға тартылған.

Билер сотының шешімі ауызша түрде көпшіліктің алдында жарияланатын. Сот талқылауы екі жақты «ала жіпті үзу» деген дәстүрмен аяқталатын. Кім шешімді бұзса, осы ала жіптей кесілсін деген мағынаны білдіреді. Онан соң айып талапкерге алынып беріледі. Талапкер ол айыпқа кірген мал-мүліктерді түгел таратып жіберіп отырған. Бірақ оны туыстарына таратуға болмайтын.

Айыптың оннан бір бөлігі билігі үшін, еңбекақысы үшін биге берілді. Бидің шешімі өте сирек қайта қаралатын. Себебі басқа соттар оның шешімін бұзбауға тырысатын және талапкерді бидің шешіміне күмән келтіргені үшін дүреге салатын.

Билер сотының шешімін орындау рубасыларға, старшындарға, талапкерге және оның туыстарына жүктелді. Сот шешімі тез арада орындалуға тиіс болды. Сотың шешімін орындамау жаңа жауапкершілік тудырды.

Қазақта нешеме ауыр дауларды оңай шешкен: Майқы би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Ағыбай би т.б. билердің практикасынан алуға болады. Қазақтың басқа билері оларға еліктеді, олардың практикасын басшылыққа ала отырып, ұқсас істерді шешіп отырды. Тіпті атақты билердің биліктері ұқсас істерді қарағанда міндетті басшылыққа алынатын кездері болған. Билер сотының практикасының мұндай сот прецеденті әдет-ғұрып құқығының бастауларының біріне айналды.

Әдет-ғұрып құқығының ережелері билер сотының практикасымен және билер съездерінің ережелерімен байытылып отырды.

Әсіресе Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңіндегі билер съездерінің ережелері бізге көбі-рек жеткен. Олардың біршамасы белгілі заңгер, академик С. Зимановтың басқарумен жарық көрген «Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары» деген жинақта топтастырылған.

Сайып келгенде «Билер кеңесі», «ақсақалдар мәжілісі» заң шығарушы қызметін атқарған. Бұл кеңес, мәжілістерде әрбір шешім бүкіл халық қуаттайтын жол-жораларға,

Құран мен Шариат талаптарына сүйене отырып қабылданған.

Мұндай шешімдер есте сақтауға жеңіл, өлең секілді төгіліп тұратын, бірақ айтар ойы шымыр болып келеді, тоқсан ауыз сөздің тобықтай мәнін табатын, айтқан сөзінің салмағы қорға-сындай болуы шарт. Би - ердің құны, нардың пұлы болса да екі ауыз сөзбен шешілетін болған.

Қазақ сөз қадырын өз қадырым деп ұққан. Кез келген қазақ сөзге тоқтаған. Өз тарихын да, тағдырын да, тәлім-тәрбиесін де, заңын да, даналығын да, қайғысын да, қуанышын да осы сөзге сыйғызған. Би халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін білген. Оны байлық та, барлық та қызықтырмаған. Би таразы басын тең ұстап, қара қылды қақ жарушы. Қоғамда би араласпаған ешнәрсе болмаған. Олар: мал мен жан дауы, ар мен намыс дауы, азалы қазаны естірту, көңіл айту, жылағанды жұбату, тілек айту, бата беру, береке тілеу, қиын мен жеңілді, қымбат пен арзанды, жақын мен алысты, жақсы мен жаманды, обал мен сауапты ажыратушы, дәлелді де қисынды уәж айтушы. Билердің айтып кеткен сөздерінің мәні терең, рухани өресі биік. Мұнан асқан кемел ой, терең ақыл болмаса керек. Мұның жалпы адамгершілік тұрғысынан да қарағанда әділеттігіне күмән жоқ.

Әлбетте, билер қасақана кісі өлтіру мен абайсызда кісі өлтіруді, кездейсоқ кісі өлтіруді, асау аттан құлаған кісі өлімін, бір жаққа жұмсап жіберген кісінің өлімін егжей-тегжейлі тексеріп, себеп-салдарын анықтап алған. Кісі өлімінің себептері мен жағдайлары әбден анықталған соң, әркім қылмысына қарай өлім жазасына, құн төлеу не жарты құн төлеу жазасына, тіпті ат-тон айыппен құтылатын жазаға да кесілген. Ал кісінің өлтірілу себебі мен жағдайына қарай, жаза да ауырлай түскен. Мысалы, өлген адамның сүйегі табылмаса, не болмаса адам асқан жауыздықпен азаптап өлтірілсе, әлбетте қылмыскер жазасының да ауыр болатыны сөзсіз. Сол секілді қыл-мыстың жасалған орны мен уақытының да маңызы зор. Әдетте күндіз істеген қылмыстан түнде істеген қылмыстың жазасы ауыр болады. Өйткені, күндіз ел көмекке келгенімен, түнде ұйқыдағы жұрт қол ұшын бере алмайды деген ұғым ескерілген. Он бесте отау иесі болғандықтан, қазақтың әдет-ғұрып заңы бойынша әркім сол жастан бастап істеген ісі мен қылмысына өзі жауап берген. Қазақтың әдет-ғұрып заңдары бойынша әркім жасаған қылмысына сай жазасын тартқан. Мәселен, қылмыс тым ауыр болса, қанға-қан, жанға-жан қағидасымен жазалауды, ал онан гөрі жеңілдеу болса, қанға-қан, жанға-жан қағидасының орнына құн талап ете алған. Құнды қылмыс-кердің бүкіл руластары болып төлеген. Басқа қылмыстар үшін тоғыздардан тұратын айыптар тартқан.

Қазақта кісі өлтіру, зинақорлық, біреудің отбасына бүлік салу, діннен безу, ата-анасын ұру, өкіметке қарсы көтеріліс жасау т.б. ең ауыр қылмыстар болып табылады.

Жазалау түрлері: өлім жазасына кесу, атқыланған тас астында ұстау, масқаралау, дүрелеу т.б.

Жазалау басымен тартатын жаза, малымен тартатын жаза болып екіге бөлінеді.

Басымен тарту: дүре, масқаралау, атқыланған тас астында ұстау, өлім жазасына кесу т.б. Малымен тартатын жаза: айып, тоғыз айып, ат-тон, құн т.б.

Қылмыскер жазаға оның қылмысы анықталып, мойнына қойылғаннан кейін ғана тартылады. Қылмыстық айып қылмыскер өзі мойындағанда немесе куәлар бұлтартпас дәлел-дермен мойнына қойып бергенде ғана дәлелденеді деп есептеледі.

Куәлардың болған оқиғаны нақты да анық, оқиға болған уақыт пен оқиға болған орынды дәл көрсете алуы тиіс. Өтірік куәлік берушілер жазаланады.



Жазалануға жататын адам кәмелетке толған, ақыл-есі бүтін, өз әрекетіне өзі жауап бере алатын адам болуы тиіс.

Қазақ ұғымында кек қайтару ғұрпы айыпталған емес, керісінше әлдеқалай бұзыққа, не келімсекке қандас туысының өшін жіберсе, не өз басының намысын қорғай алмаса, ондай аза-матты халық қор санаған. Қанды кек - қазақтың әдет-ғұрып заңдарының ішінде бірінші орын алады. «Жеті Жарғы» бойынша өлген адамның туыстары қанішерді өлтіруге хақы бар, егер дене мүшелерінің бірі жазым болған жағдайда қылмыскердің аталған дене мүшелеріне зақым келтіруге қанды кек тәртібі рұқсат береді. Егер талапкер жағы келіссе, билердің ұйғарымы бойынша жұм-сартылатын да жағдай болады. Онда қанды кектің орнына талапкер жақ қылмыскерден алынған төлеммен қанағаттанады. Кісі өлтірушінің өмірін сақтау үшін руластары төлейтін төлемді «құн» деп атайды. Ер адамның құны - 1000 қой, әйелдікі - 500 қой. Сол сияқты билердің ұйғарымы бойынша, адамның дене мүшелеріне келген зақымды малмен төлеуге мүмкіндігі болады. Үлкен бармақтың төлемі - 100 қой, шынашақ - 20 т.б.

Әдет-ғұрып заңдарының бір тармағы есебінде әртүрлі қылмысқа қатысты жазалардың ішіндегі ең ауыры - өлім жазасы, өлім жазасынан кем соқпайтын түрлері де баршылық.

Қазақ арасында жиі кездесетін жазаның түрі - қылмыскер адамның мойнына құрым іліп, бетіне күйе жағып, ауыл айналдыру. Әсіресе, бұл жазалар ауыл ішіндегі тәртіп пен имандылықты бұзғанда қолданылады.

Нәсіпқорлыққа байланысты айтып кететін бір мәселе: қолға түскен еркектің атының құй-рығын кесу, онымен ұсталған қыздың, не күйеуі бар әйелдің бұрымдарын кесу. Бұл да ауыр жаза қатарында, себебі ат құйрығын кесу тек өлімде, не жаугершілікте кездесетін нәрсе. Бұл қылмыс-керге енді аяушылықтың болмайтындығын көрсетсе керек.

Ата-анасына қарсылық жасаған, ел ақсақалына тілі тиген, не өз ауылын қорлайтындай, ағайынның намысына келгендей жаман іс істеген адамды мойнына қыл шылбыр іліп, қолын артына байлап, жалаңаш қылып шешіндіріп, ауылды айналдыра қамшымен ұрып жүргізеді және ұрып қана қоймай, неге ұратынын жұрт айтып, балағаттап отырады. Тағы бір түрі аттың құйры-ғына шылбыр байлап, соны қылмыскерге тістетіп, екі жігіт екі жағынан қамшылап жүгірту.

Ел арасынан шыққан бұзақыларға қарсы қолданылған жазалардың ішінде айтып өтуге тұратыны, ол қылмыскердің дене мүшесіне зақым келтіру, құлағын кесу, ернін, танауын жұлу сияқтылар. Бұлар шектен шыққан қылмыскерге, не әлеуметтік сатыда төмен тұрған құлдарға қолданылған.

Қазақтың жаугершілік уақытта көп қолданылған жазалардың бірі қылмыскерге кісен салу, босаға күзеттіру.

Ертерек уақытта жазаның ең көп қолданылған түрі - ел алдында үш бақанның, не уықтың астына отырғызу, ол үшін қылмыскерді жүресінен отырғызып, бастыра ағашпен нығырлап, жоғарғы бастарын қосып, байлап тастайды. Жеңіл-желпі аталатын қылмыстарды да билер елге үлгі болсын деген ниетпен осындай жазаға кесіп отырған. Осы жазаның бір түрі керегені жалаңаштап, кигізін алып, соның ішіне отырғызып қою. Бұл да ел алдында істелетін жаза. Екі жағдайда да қылмыскердің жанында қылышын жалаңаштап алған жасауыл тұру керек.

Жеті атаға толмай көңіл қосқан адамдарды өлім жазасына кеседі. Соның бірі жағын (сада-ғын) кезеніп тұрған туыстарының алдынан шауып өту. Өлсе өз жазасы, өлмесе салауат

делінеді.

Жазаның ең көп қолданылған түрі - ел алдында кінәлі адамды сол ауылдың үлкені, немесе ағайынның біреуінің сабауы. Бұзау тіс қамшыны алып, кінәсін бетіне айтып, екінші рет қайта-ламайтындай қылып сабау.

Қазақ әдет-ғұрып заңдары бойынша өлім жазасына адам өлтірген, ұрлық жасаған, ел тонаған, әйел зорлаған, ойнас қылғандар кесілген. Сонымен бірге өлім жазасына жеті ата дәстүрін бұзғандар немесе некесіз туған баласын жұрттың сөзінен арланып өлтірген әйелдер кесілген. Егер қыз атастырмаған болып зорлаушы қалыңмал төлеп үйленсе, онда қыздың туыстарының шешімі, келісімі арқылы құн төлеуден де, өлімнен де босатылады.

Әйелін ойнас үстінде ұстаған күйеу, осы сәтте өлтіруге және жазасыз қалуға мүмкіндігі бар. Егер қылмыс дәлелденген (4 куә) жағдайда көзіне шөп салғаны үшін әйелі мен ойнасын билер кеңесінің өлім жазасына кесуге хақы бар.

Құдайға тіл тигізген адамдар, жеті кісі куәлік етсе, таспен ұрып өлтіруі керек.

Егер кімде-кім басқа дінге көшсе, оның туыстары, не кезкелген қазақ мал-мүлкін талап алуға, қатын-баласын алып кетуге ерікті, құны сұраусыз.

Өзіне-өзі қол көтергендер ортақ қорымға қойылмай, жеке жерленеді және жаназасын шығармайды.

Өлім жазасы 13 жастан асқандарға қолданылған, себебі «он үште отау иесі» деп, балалар үлкендер қатарына қосылады. Он үшке толмағандар «сәби» саналып жазаға тартылмаған. Өлім жазасын жеңілдетуге жастығынан басқа, ақыл-есі, психологиялық жағдайы, оқиғаның кездейсоқ-тығы т.б. жағдайлар ескеріледі.

Билердің ұйғарымы, халықтың келісімі бойынша өлім жазасының бірнеше түрі қолданылды. Мысалы: ат құйрығына байлау, таспен ұру, асу, буындыру.

Айыптың ең жоғарғы сатысынан кейінгі салынатын төлем, яғни үш тоғыздан асатын төлемді «Құн» деп атайды. Қылмыстың түріне қарай: толық құн, яғни 500 қойдан 2000-ға дейін, 50 жылқыдан 200-ге дейін, 25 түйеден 100-ге дейін. Одан кейін жарты және ширек құндар болған. Құн - қазақ әдет-ғұрып заңдарының ертеден келе жатқан ежелгі тәртіптерінің бірі.

«Жеті жарғы» бойынша құн төлеудің шарты және шығыны төмендегідей; негізінен құнға қылған кесімді үш түрге бөледі:

- а) қара құн - 100 жылқы, он екі жақсы
- ә) сүйек құны - 50 жылқы, алты жақсы
- б) өнер құны - тоғыз жақсы

Егер өлген кісі ел ортасында танымал адам болса, билер кеңесі қылмыскерден осы үш құнды толық талап етуге хақылы. Өнер құны деп тілді, шешен адамға, ақын-жырауға қатысты болады. Құнның кең тараған түрі 100 жылқы, алты жақсы. Алты жақсының құрамы: 1) Жетім (құл, не күн); 2) Қара нар; 3) Ақ сауыт; 4) Түзу мылтық; 5) Қара шолақ ат; 6) Қалың кілем. Әйел құны 50 жылқы, үш жақсы: Қара нар, қара шолақ ат, қалың кілем; 50 жылқының ішінен үшеуі - «ілу» деп қымбат затпен (кездеме, аң терісі, киім) беріледі, сонда мал саны 47. Қазақтар тақ саны дұрыс деп есептейді. Өлген адамның денесі табылмаған жағдайда 1,5 есе құн төленеді.

Құн алушы жақтың билері құнға берілген мал мен дүниені екіге бөледі. Бір бөлігі марқұмның туыстарына, отбасына беріледі, ал қалғаны ру ақсақалдарының, билердің босағасына байланады.

Қазақ билігінде ең көп қолданылатын жаза - айып. Өйткені қандай болсын қылмысты, қоғам тәртібін, адамдар арасындағы қатынас нормасын реттейтін, алдын алатын шара.

Айыптың ең жеңілі болып «ат-тон айып», яғни ат-шапан айып саналады. Ат-тон айып кез-келген жағдайда қолдануы мүмкін. Ат-тон айып отбасы, ағайын арасының қарым-қатынасында, үлкен мен жас арасындағы сыйластықты сақтау үшін қолданылады.

Айыптың ауыры «тоғыз» деп аталады, ал ең ауыр түрі «үйірімен үш тоғыз» деп аталады, яғни бас-аяғы 27 малға жететін көлемде.

Қазақ ішінде жазаның бір түрі сабау екені белгілі.

Айыпты төлеуге ру болып көмектеседі. Руы көмектесе алмаса жазалы адам (айыпкер) айыпты еңбегімен ақтайды. Бірақ қазақтар намыстанып «сүйекке таңба» деп құнды ру болып бірігіп толығымен төлеп отырған.

Әр айып әрдайым өзінің тиесілі орнында қолданылып отырған.

Барымта - қылмысқа қарсы қолданылатын ұжымдық шара. Егер қылмыс жасаған жақ би үкіміне көнбесе, немесе кешіктірсе, даугер жақ өз тарапынан барымта ұйымдастырады. Барымта - ең алдымен малды айдап алу, оның талабы - белгіленген көлемнен (бидің алдында кесілген) шықпау. Осы тұрғыдан барымта қоғамдық қатынастардағы реттегіш деп есептеуге болады. Зәбір шегуші жақ ең алдымен ақсақал, билердің алдынан өтіп, ал малды айдап келгеннен кейін қанша мал әкелгенін баяндайды. Айдап әкелінген мал үкіммен берілген айыпқа немесе құнға сәйкес келуі керек. Барымта ашық түрде жасалады. Барымтаға қатысқан адам жорықта өлетін болса, зәбір шеккен жақ құн төлеуді талап етуге хақылы.

Барымтаның түрлері - ұрлық жасалып, ұры малды сіңіріп алса, біреудің кісісі өліп, өлтіруші жақ тез арада алты жақсысын алып алдарына жығылмаса, біреудің қорық жеріне өзгенің малы жайылып, істен шығарса. Сонымен қатар неке мен отбасы мәселелерінен өрбитін: қалың малын төлемей қыз алып қашу, біреудің заңды некесін бұзу, ортаға түскен олжадан сыбаға бермеу, қонақасы дәстүрін бұзу.

Ш. Уалиханов өзінің еңбегінде: «Біз барымтаны қазақтың өз ұғымымен түсіндіріп көрейік. Қазақта барымтаға кейде заң жүзінде рұқсат етіледі. Ұрлыққа, тонауға, мал айдап кеткенге айып төленеді, ал барымтаға ештеңе төленбейді. Барымта дегеніміз - қайтарылатын қалың мал, төле-нетін құн үшін, құныкер адамның малын, немесе затын, жалпы өзгенің жеке меншігін тартып алу. Ертеде былай да болғанды, күшті рулы қазақ өзінен әлсіз қазаққа кісі өлімі үшін, құн немесе тіл тигізіп қорлағаны үшін айып төлемеген, кісі өлтіріп құныкер бола тұра немесе кешірілмес қастық жасай отырып, сотқа шақырғанда келмеген де. Сонда ру мәжілісінің ұйғарымы бойынша, қор-ланған, зәбірленген адам барымта алуға аттанып, ауылын шауып, менменсіген өр көкіректі бас идіреді. Екі жақ келісімге келгеннен соң, ешқандай айыпсыз, барымталанған малының шырқы бұзылмай қайтарылады...», - деп тұжырымдайды.

Көшпелі тіршіліктің жемісін сақтау, мәдени этникалық жағдай, қоғамдық қатынас, жас пен кәрі, әйел мен еркек арасындағы тәртіптің баршасы айып түрлерінің қолдануымен реттеліп отырған.

Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы бойынша қазақ қоғамындағы сот, отбасы азаматтық, қылмыстық істер өз шешімін тауып отырды. Әдет-ғұрып құқығы нормалары баяу дамыды. «Қасым ханның қасқа жолынан» «Жеті жарғыға» дейін адатқа көптеген қосымшалар енгізілді. Адаттың белгілері және орындаушылары билер әдет-ғұрып нормалары негізінде сот билігін жүргізіп отырды. Зерттеуші Д'Андренің айтуынша: «Ордадағы сот және сот шешімдерін орын-дауды талап етуші барлық жұмыстарды халықтық құқықтың негізгі орындаушылары ретінде билер жүргізді».

Адат қоғамдағы үстем тап өкілдерінің мүддесін көздесе де, қатардағы ру мүшелерінің құқығын да жерде қалдырмады.

Адаттың нормалары адамгершілік, гуманитарлық ізгілікті де қорғады. Қоғамның бірлігі мен топтасуын сақтау адаттың басты міндеттерінің бірі болды. Үлкенді, лауазым иесін, отбасы басшысын, ата-ананы сыйлау да адат нормаларынан орын алды. Мұның өзі қоғамдағы тәртіп-сіздік пен құқық бұзушылықтың жолын кесті. Шариғат нормалары адатты байытты. Бірақ адат нормалары шариғат нормаларына басымдылық бермеді.

Адаттың көптеген нормаларының бүгінгі күн үшін де маңызы үлкен.

Қазақстанның Ресей империясының отарлау саясатына байланысты, әдет-ғұрып құқы-ғының шеңберін тарылтты, оған елеулі өзгерістер енгізілді.

Отаршылдық жүйе арқылы, Ресей империясының заңдары Қазақстанда қолданыла бастады. Патша үкіметі Қазақстанды басқару үшін бірнеше үлкен актілер қабылдады. Олардың қатарында 1822, 1824 жылдардағы «Уставтар», 1854 жылғы заң, 1867-1868 жылдардағы Уақытша ережелер, 1886, 1891 жылдардағы Ережелер бар. Бұлар өлкенің ерекшеліктеріне сай жаңа отар-шылдық жүйені заңдастырған құқықтық қатынастардың негізін қалады.

Ең алдымен жерге қатысты меншік құқығы өзгерді. Бұрын жер рулық-тайпалық қауымның немесе қоғамның меншігі болып есептелді. Патша өкіметі 1868 жылғы «Уақытша ереженің» 210 параграфы бойынша қазақ жерлері мемлекет меншігі ретінде бекітілді. Қазақ жерлері тартып алынып, казак әскерлеріне, бекіністер салуға, келімсек орыс шаруалары - қарашекпенділерге, шет ел капиталистеріне, шіркеулерге беріле бастады.

Сот құқығы саласында негізгі бағыт қазақтардың билер сотын шектеу, патша өкіметінің заңдарын тереңдеп енгізу болды. Сот билігі патша өкіметінің әкімшілік аппаратының жазалау бөлігі болды. Осы бағытта ол күшейе берді.

Патша өкіметінің отарлау саясаты қазақ даласына енуі ашықтан-ашық жаулап алу емес, бір жағынан, қарулы күшке, отарлау аппаратына сүйеніп, екінші жағынан, олар қазақ шонжар-ларын феодалдық тобын өз жағына тарту арқылы жүзеге асырып отырды.

Үкімет феодал шонжарлардың Қазақстандағы үстем жағдайын бекітумен ғана шектелмеді, сонымен бірге оларды патшаға қызмет етуге тартты.

Болыстық сайлауда болыстармен бірге билер де үш жылға сайланды. Билер де әскери губернатордың бекітілуіне жатты. Әр болыста ауылдардың санына қарай 4-8 би болды. Бірақ, әр ауылда бір биден артық болмады.

Билер соты үш сатыдан тұрды: а) жалғыз биден тұратын 300 сомға дейінгі азаматтық талап араздарын қарайтын, 100 сомға дейінгі шешімдерді түпкілікті шешуге құқықты соттар; б) болыс-тық билер съезі бірінші сатылы сот ретінде шектеусіз мөлшердегі азаматтық істерді

қарады және 500 сомға дейінгі дауларды түпкілікті шешуге құқылы, сондай-ақ екінші сатылы сот ретінде жалғыз билер сотының шешімдерін қарады; в) билердің төтенше съезі әр түрлі болыстардың ауылдары арасындағы дауларды қарады, екінші сатылы сот ретінде болыстық билер съезі шешімдерін қарады.

Билер соты мынадай қылмыстық мәселелерді: жеке басқа қарсы қылмыстар (кісі өлімінен басқа); меншікке қарсы (тонау мен талқандаудан өзге); отбасы-некеге қарсы; болыс, би мен старшындарға қарсы істерді қарады.

Бұл реформаларға сол кездегі қазақ қоғамын жақсы білген патша үкіметінің шенеуніктерінің өздері де көптеген қарсы пікір білдірді. Әсіресе, қазақ қоғамында бұрын болмаған билерді болыстармен қоса сайлап, патша генерал-губернатордың жарлығымен бекітілетіні сынға алынды. Сол кезде Батыс Сібір облыстық Сібір қазақтарын басқару аппаратында жауапты қызмет атқарған Ш. Уалиханов Патшаның империялық саясатын өзінің «Сот реформасы жайында хат» деген еңбе-гінде әділ баға берген.

Бұрынғы беделді билер сот сайлауына қатыспады, бірақ халық арасындағы олардың беделі одан сайын өсіп, оларға шағыммен келген істерді әділ қарап, ел арасында құрметке бөлене берді.

1867-1867 жылғы Ережелер бойынша Қазақстанда үш түрлі сот: әскери сот, империяның жалпы заңдар негізінде қызмет ететін сот және халық (билер) соттары болды. Әскери соттар мемлекетке опасыздық, үкіметке қарсы үгіт, почта мен транспортқа шабуыл, христиандарды және христиан дініне кіргісі келгендерді өлтіру, лауазымды адамдарды өлтіру, тонау, талқандау, өртеу, жалған ақша жасауды қараумен айналысты. Осындай сот жүйесі Қазақстанда кішігірім өзгеріс-термен 1917 жылға дейін қолданылды.

### **3. Ақжолтай Ағыбай батырдың шешендігі мен жүргізген биліктері**

Ағыбайдың айтқан сөздері мен жүргізген биліктері, халқымыздың өткен өмірі мен тұр-мыс-тіршілігінің бет-бейнесі болып табылады. Осы ретте Ағыбай батырдың биліктерінің зерт-теудің айрықша маңызы бар. Тарихи материалдар мен фактілердің негізінде жасалған мұндай тал-дау, қазақ қауымдастығында өзіндік орны бар, саяси-әлеуметтік тұлғалар - билер мен шешен-дердің атқаратын рөлімен танысуға мүмкіндік береді, олардың бүгінгі ұрпақ өтеміне де жарайтын ұлағатты сөздерінің қадір-қасиетін саралауға жол ашады.

Ағыбай батырдың бір қасиеті - шешендігі еді. Әдетте ертеден келе жатқан шешендік сөз-дердің көпшілігі ердің құнын, не нардың пұлын даулаудан немесе үлгілі би, ердің арысы, елдің намысы сөз болатын айтыс-даулардан туған. Мәселен, атағы алты алашқа әйгілі болған Ағыбай батырдың тапқырлық сөздері әр түрлі әлеуметтік ситуацияларға байланысты болған.

Өнердің көптеген өзге түрлері сияқты, шешендік те адам баласымен ежелден бірге жасасып келе жатқан, қоғамдық-рухани мәні зор, қадірлі де қасиетті өнер.

Ол әсіресе, біздің халқымыз үшін тіпті ерекше бағалы.

Ж. Аймауытовтың (1889-1931) сөзімен айтқанда: «Қазақ жұрты кең далада, еркін әуеде сайран салып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, дүниенің бір бұлғақтап жүрген ерке баласы болды. Сондықтан оның сүйегінде ақындығы бар».

Демек, шешендік өнер ақындыққа ағайын, бұларды сонау халу фәләдан-ақ жүрегімізге тағдыр сыйлаған нұр, қанымызға дарыған қасиет деп тануымыз әбден орын-ды.

Қазақтың шешендік өнері - барша руханият әлеміміздің алтын бастауы. Кезінде орыс және шетелден келген ғалымдардың өзі таңқалып, тамсанған таза поэзияның, кәусар өлеңнің, өзінің байлығы мен жанры жағынан дүние жүзінде ешқандай да елдің әдеби-мәдениет мұрасы тең келмейтін ғажайып фольклордың алтын өзегі табиғи еркін, ешкімге бас ие қоймайтын өршіл, еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқаятын, мінезі жомарт, көңілі мәрт қазақ ұлты ғасырлар бойы ұлы даланы өзгеге таныта білді.

Ұлттық руханият мұрасында кеңдікті, ерлікті, береке мен бірлікті, еркіндік пен өрлікті ту етіп көтерген қазақ халқы барша болмысын бір ғана тұлғасына сыйғыза алатын - шешенді дүниеге әкелді. Шешенді әулиедей сыйлаған жұрт оған піріндей табынды. Міне, осыдан барып шешеннің би атына, батыр атағына, көріпкел атына ие болуы заңды құбылыс болды.

Халқымыздың мұндай қабілет дарынның өзге жұрттың білімпаз өкілдері және белгілі түркологтары де айқын байқаған. Мәселен, айтулы зерттеуші В.В. Радлов: «Қазақ тілі - исламның бүлдіргіштік әсеріне ұшырамай, түптік таза түрін, түркі сипатын сақтап қалған тіл. Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ көп таралғандығы бұл тілдегі мұраларды менің көбірек жинап, оған әдебиет нұсқаларынан құрастырылған жинақтардың толық бір томын арнауыма себеп болды. Оның үстіне қазақтың өзге бауырластарынан гөрі сөзге тапқырлығы мен шешендігі маған айрықша әсер етті», - десе, М.П. Мелиоранский: «Қазақтар - көркем, жатық сөйлеуге өте шебер де құмар халық. Бұларды тыңдау - жанға ләззат», - дейді. Ал, С.Е. Малов: «Қазақтардың тілдері түркі тілдері ішінде өзінің бейнелілігімен де, суреттілігімен де үнемі ерекшеленіп отырады. Қазақтардың даңқы өзінің халықтық ауыз екі тілімен, мәнерлі ауыз әдебиетімен де шықты», - дейді. 1830-1831 жылдардағы Польша ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, Сібірде айдау-да жүргенінде, ұзақ уақыт қазақ даласында болып, халқымыздың өмірін, дәстүрін және мәдениет-тің зерттеген А. Янушкевич інісі Януарийге 1848 жылдың 22 мамырында жазған хатында өзі куә болған бір даудағы шешендер айтысы туралы: «Бұл іске біздің бірнеше күніміз кетті, өштескен екі жақ күреске барып түсті. Шешендер алма-кезек сөз таластырды. Қайсы біреулерінің желпіне, айшықты сөйлегені соншалық, мен қайран қалдым! Ежелгі Грецияда немесе Римде болса, стар-шина Тоқымбай мен Бейсекелер лаврдың астында қалған болар еді», - деп жазды.

Бірде: «Қазына қайда?» - деген Абылай ханға, көмекей әулие, дана Бұқар Жырау: «Басы жеткен жігіттің екі езуі қазына: бір езуі - алтын, бір езуі - күміс, аузы - қазына!» - деп көреген-дікпен жауап беріпті.

Міне, осындай қазына - шешендік өнер дүлділ Ағыбай батырға табиғатпен дарып, өле-өлгенше Ағыбаймен бірге өшпес-өлмес қазына ретінде жасасып өтеді.

Шешендік өнерді үйренген Ағыбайдың ұстазы - халық, яғни халық ішіндегі ұлт жанды батырлар мен би-шешендер. Ағыбай батыр өз заманында белгілі дәрежеде білім де алған. Басында Арқадағы белгілі ұстаз Смайыл қожадан оқып, кейіннен Түркістан медіресесінде білім алған. Ағыбай батыр үлгі алып, сөз үйренген би-шешен, батырлардың көпшілігі - Жоңғар, Орта Азиялық хандардың шапқыншылықтарына қарсы күрестерде аттары шыққан, хан-сұлтандар мен орыс жазалаушы отрядтарына қарсы талай жорықтарға қатысқан белгілі адамдар. Олар жайында да архивтерде, ел аузында сақталған деректер пен аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар аз емес. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген халық даналығына сүйенген Ағыбай күндей күркіреген қайсар қаһарымен, айырықша дараланады,

сонысымен де бұқара халыққа қадірлі, сонысымен ардақты. Хан екен деп қаймықпай, мансап, тақ, бақ, байлық үшін елін, жерін, ата-баба аруағын сатқан, хан, сұлтан, бай манаптарға шындықты ешкімнен тайсалмай айта алатын ер көңілді, от ауызды, орақ тісті салқам адам болған.

Мысалы, жәй күндері Ағыбай батырды еліндегі байлары: «Ол да кісі, біз де кісі, осы Ағыбайда не тұр, біз сияқты мыңдап айдаған малы да жоқ....», - дейді екен. Бір күні күндеп көре алмайтын байлардың малдарын ұрылар айдап әкетіп, өздерін соққыға жығады. Жаудан беті қайтқан олар батырға келіп көмек сұрайды. Ағыбай батыр белдеудегі атына міне салып, ұры-ларды қуып жетіп шетінен ұрып жығып, жылқыны ауылға айдап әкеліп, байларға:

Мал да кісі, бай да кісі,

Соның бәрі жайда кісі.

Есін білмес ерді күндер,

Жау келгенде қайда кісі?! -

деген екен.

Ағыбайды сыртынан ғайбаттайтындар, одан кешірім сұрап, ат-шапан айыбын беріпті.

Кезінде батырлығымен атағы жер жарған Көтібар батыр өлерінде балаларына өсиет айтып: «Менің асыма үш жүзді түгел шақырындар, кімнің аты бәйгеден келсе, аттың бас бәйгесінен бөлек, менің бәйге күренімнің жабуы мен өзімнің қара шолақ наркескенімді сол ат иесіне ерекке беріңдер, өзі де кем кісіге кез болмас, менің аруағым қоса жебейді», - деген екен. Кенесары баста-ған Арғын елі асқа барып, Ағыбай батыр «Көкбесті» деген атын қосып, ол ат 300 аттың алдында жеке келген екен. Бір айғыр үйірімен қысырық, масаты кілем жапқан тайтұяқ жамбы, мойнында тұмары бар қара бұйра нар, тағы-тағы асыл заттар бар, аттың бас бәйгесін Ағыбай батыр Кене-сарыға: «Елге өзін бөл», - деп беріпті. Ал, Көтібардың баласы Есет батыр әкесінің өсиеті бойынша бәйге күрең аттың жабуы мен наркескен қарашолақ қылышты Ағыбай батырға берген екен. Бұған қызыққан Кенесары Ағыбайдан ерегінің бірін сұрайды. Сонда Ағыбай батыр: «Бас бәйге қолында, бір желдік пен бір кездік Ағыбайдың қойыны мен қонышына симайды деп отырсың ба?!» - депті. Сөзден тосылған Кенесары жерге қарапты.

Алатаудың төсінде кең жайлап жүрген Үйсін елінен Кенесары хан жылқы айдап алады. Таң ата Үйсін елінің қуғыншылары көз көрім жерге келіп қалған екен. Бұлардан жеке қара біреу озып шығады. Кенесары жан-жағына қарап: «Ағыбай қайда, дәуде болса осы Бөлтірік шығар, сен бар да оны жайратып кел!» - деп әмір беріп, өзі бастап жылқыны айдап кете барады. Хан жарлығы екі бола ма, Ағыбай ақ желең тоғыз қазықтан қиған найзаны оң қолына, қылышты сол қолына алып, Көкбестіні ор текедей орғытып, қарсы шабады. Бөлтірік (1771-1854) ұрандап, қамданып, бұл да тайсалмай қарсыласуға ыңғайланып, астындағы тор жорғаға қамшы басып ұмтылады. Най-заны Бөлтірік сала бергенде, Ағыбай қағып жіберіп, найзасының ұшымен киімінен үш түйреп, жерге түсіреді. Құлап жатып Бөлтірік: «Ей, Ағыбай, ханың Кенесары жүзге келмес, сен мыңға келмессің. Енді елімді жетім-жесір қылғызба, жанымды саған тапсырдым», - депті. Сонда Ағыбай: «Ей, әз аға, жауды аяған жаралы болады деген қайда? Қарсыласқан екеуміз де, өлімдеміз «Сіздей әз аға табылмас» деп бұл менің сізді аяғаным», - деп тор жорғаны ұстап әкеп алдына тартады. Сонда риза болған Бөлтірік: «Жарайды, Ағыбай, жауың да, дұшпаның да, досың да ер болсын!» - деп батасын беріп, атының басын бұрып қайтып кетеді. Ағыбай аман-есен оралғанда Кенесары:

«Неге Бөлтірікті өлтірмедің?» - дегенде, Ағыбай: «Арпа ішінде бір бидай, Бөлтірік өлсе, Үйсінде бас көтерер кісі жоқ. Мен Бөлтірікке осы сапар еліне тимеске, жетім-жесір қалдырмасқа уәде беріп келдім», - дейді. Кенесары үш күн бойы ашуланып не қыларын білмей, Ағыбайға үш мезгіл: «Жайратып салсаң не қылады?» - деп айта береді. Сонда Ағыбай:

Иә, Кене хан!

Ер жігіт екі сөйлесе өлгені,

Қара жерге тірідей өзін-өзі көмгені.

Ұзын жатқан Алатаудың төсінде,

Алыс-берісіміз жоқ еді Үйсінде.

Арғын-Үйсін, бір қазақтың баласымыз,

Қазақтың арын төгіп не қыламыз.

Бөлтірікті өлтірсем, Үйсіннің белі сынар,

Ерді намыс, қоянды қамыс өлтірер, -

деген екен.

Ағыбайдың сөзін қалың қолдың бәрі мақұлдапты.

Бір жылдары Кенесары мен батырдың арасы ушығып, екеуінің арасында суық сөз жүгі-реді. Сөз жүгіртуші ханның әйелі екен. Кене хан қаһарына мінеді. Батырды шақыртады бармайды, тағы шақыртады, бара қоймайды. Үшінші рет шақырғанда Ағыбай бір тықырдың таян-ғанын сезеді де, қанжарын қойнына тағып, ордаға беттейді. Кенесарының оқ қағары Қараүлек пен тағы бір күзетшісі батырға суық қарайды. «Алдияр тақсыр», - деп кіріп барғанда, Кене хан: «Әй, Көсе, сен де бұзылайын дедің-ау, шақырғанда неге шіренесің?!» - депті түгі сыртына шығып. Сонда Ағыбай саспастан:

Ханның тілін алдық па,

Қатынның тілін алдық па?! -

депті.

Хан батырдың астарлап айтқан сөзіне түсініп, ушыққалы тұрған дауды аяқсыз тастаған екен.

Соңғы қырғызбен болған соғыстың алдында, Кенесары ханның жарлығымен, қазақ әскері Алатаудың бауырында тұрған қырғыздың Есқожа, һәм Қанай деген кісілердің сопы қорған бейіт-терін бұза бастайды. Мұны Ағыбай көріп: «Бұлардың бейітін бұзған дұрыс емес, біздің жолымыз болмайды. Есқожа, һәм Қанай - әулие кісілер деуші еді, бұзбаңдар!» - деген сөзін тыңдамай, әрі қарай бұза бастағанда, Ағыбай ашуланып: «Қырғыздан бұрын мен сендермен соғысамын!» - деген-нін естіп, Кенесары хан Ағыбайға: «Ағыбай, кеше ғана қырғыздар Андас бабаңның күмбезін бұзып тастады, сен енді мына бейіттерді неге бұзбайсың?» - дегенде. Ағыбай Кенесарыға: «Хан екі жарлық бермес болар. Сен батырларға қазақтың жауымен соғыс деп жарлық бердің, мен соғы-сып келемін, әлі де соғысамын. Батырға бейіт бұзған жараспас болар», - дегенде, Кенесары сөзден тосылып, бұрылып кетіп қалыпты.



Осы әңгімелерден Ағыбай батырдың Кенесары ханнан да тайсалмай, өз ойын, өзінің сөз өнері - шешендігімен жеткізгендігін көреміз. Ол қаһарлы хан демейді, шен-шекпенді лауазым иесі демейді, жолынан тайғанды тапжылтпай бас салады, жұлдыздай ағады, найзағай оғындай қақ жарады. Айтпайды, айтса қайтпайды, мәймөңкелеуді, жалтаң мақтауды сүймейді, орынсыз ақтау-ды білмейді. Оның қаруы - шындық, азаматтық, ерлік. Ұлттық санаға сүйенген шешендік, азамат-тыққа негізделген әділдік. Ағыбайға Кенесары ханның оң тізесін баса отыратын құқықты әкелген де, осы табиғи өнер, осы ерен жаратылыс.

Ағыбай батыр Қаздауысты Қазыбек бабасының: «Ел - ебелек емес, ер - кебенек емес», - деген сөзін жадында ұстап, өзінің азаматтылығынан, турашылдығынан Кенесары көтерілісі жеңіліс тауып, өзі патшалық Ресейдің үкіметінен қуғын-сүргінде жүрсе де, берген уәдесінен таймаған.

Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен Кенесары хан өлгеннен соң, оның бас батыры болған Ағыбайды соттамақ болып, Омбы генерал-губернаторы тергеу жұмыстарын жүргізу үшін патшаға жан-тәнімен берілген, он жыл Ақмола округінің аға сұлтаны болған Ыбырай Жайық-баевты жұмсайды. Ыбырай өте тәкәппар, өркөкірек адам екен. Аңыз бойынша ата-бабаларының түбі қыпшақтарға сіңген естек (башқұрт) екен. Аға сұлтан Ыбырай отырған үйге Ағыбай батыр кіріп келгенде, үй толы би-болыс, байлар батырға өре түрегеліп сәлем береді. Тек аға сұлтан Ыбырай:

Сен көсембісің, көсеумісің,

Елді қырған есермісің.

Патша ағзамға қарсы шыққан,

Елден шыққан безермісің?! -

деп таяғымен есік жақты меңзейді.

Сонда Ағыбай қанжарын суырып алып:

Момын қазақты бігеудей жеп,

Бүйрегіңе май қонды ма?

Кісі танудан кеткен екенсің,

Басына бақ қонды ма?

Басыңа бақ қонған соң,

Тәкәппарлық ішіңе толды ма?

Бүйіріңді тесіп,

Бүйрегіңді алайын ба?!

Басыңды кесіп,

Табаныма салайын ба?! -

деп, Ыбырайға тап беріпті. Көпшілік араша жасап, Ағыбай батырға басу айтып, ашуын басады. Сол жиынға қатысушы, Қаракесек руының Әлтеке-Сарым болысының басқарушы (волостной управитель) Жақсы Жанқұтты би Ыбырайға:

Су жығылса жарға сүйенеді,  
Жар жығылса суға сүйенеді.  
Мен жығылсам бес атаға сүйенемін,  
Сен жығылсаң, бес үй естек, кімге сүйенесің?!  
Өзі үшін істесе ақтама,  
Бес күндік қызметке мақтанба,  
Ел үшін туған ерді даттама.  
Тарт батырдан қолыңды,  
Тарат мына тобырыңды! -

деген екен.

Сөзден тосылып, халықтың қаһарынан қаймыққан Ыбырай, Ағыбайға ешқандай да кінә таға алмай Омбыға қайтқан екен.

Көтерілістен кейін Қарқаралы дуанының аға сұлтаны Құнанбай Өскенбайұлы Ағыбай батырды Қарқаралыға шақыртады. Қарқаралыға келген Ағыбай Ақбай Жандеркеұлының (өткен ғасырда өмір сүрген халқымыздың зиялы азаматы, Қарқаралы оязы, Берікқара болысының 20 жылдай болысы болған, қазақтан шыққан тұңғыш заң ғылымының магистрі, белгілі заңгер, қайраткері Жақып Ақбаевтың әкесі) үйіне түседі. Ақбайдың үйінде Баянауыл дуанының аға сұл-таны, қоғам қайраткері Мұса Шорманов (1819-1885) пен Құнанбай бар екен. Ағыбай батырға Ақбай мен Мұса мырза сәлем беріп: «Төрге шығыңыз», - дегенде, төрде жатқан Құнанбай Ағы-баймен қол берісіп амандаспай: «Мұса мырза, қол қусырып құрмет көрсетердей, мына тондың кім?» - депті.

Сонда Ағыбай батыр жұлып алғандай:

Кемсітерің тонды ма?

Тондың саған оңай болды ма?

Жөнін тауып сөйлесең,

Тоқтамас кім бар жолында?

Кедейдің пірі пайғамбар,

Әзелде осал болды ма?

Өзін-өзі зор тұтқан,

Басқаларды қор тұтқан,

Тәкапарлық қылам деп,

Әзәзіл-шайтан оңды ма?! -

деп өлеңдетіп, үйден шығып жүре беріпті. Ақбай Құнанбайға: «Сіз, Ағыбай батырды білмеуші ме едіңіз?» - депті. Сонда Құнанбай: «Қап, білмей қалдым, бұрын көрмеген адамым еді», - деп артынан адам шаптырып, өзі де барып, ат-шапан айыбын төлепті.

Сондағы Құнанбайдың Ағыбайдан кешірім сұрағандағы айтқаны:

Ассалаумағалейкум, қолыңды бер, ағажан,

Бір сөзіңіз, бір сөзбен, асып кетті шамадан.

Әсер етті, сөзіңіз, кетпестей қолым жағадан,

Қолыңды бер, өтініш, лаж жоқ басқа тобадан,-

деп Ағыбайдың қолын алып кешірім сұраған екен. Құнанбай Өскенбаев (1804-1888) Қарқаралы дуанының аға сұлтаны (қазіргі облыстың әкіміне пара-пар қызмет), өте үлкен дәрежедегі лауазым (ұлық, шен) иесі, әрі құрдас бола тұра Ағыбайды аға деп сыйлағаны, оның сол кездегі қазақ даласындағы зор құрметін көрсетеді.

Кенесарының әскеріне қырғыз соғысында көмектеспей, екі жақтың шешуші шайқасында, белгісіз себептермен қалың қолын алып кеткен Сыпатайға, Ағыбай батыр қатты ренжіп, қапа болған. Осының арты барып, қарулы қақтығысқа айналған. 1862 жылғы архив деректері бойынша, осындай бір қарулы қақтығыста, Қарқаралы дуанында тұрып жатқан Ағыбай батыр, Сыпатай батырдың баласы Пірімқұлды тұтқындап, алып кетеді. Сол қағазға түскен ресми құжаттарда Сыпатай баласын босатып алу үшін, орыс ұлықтарынан көмек сұрағанға ұқсайды. Бірақ орыс ұлықтары, Сыпатайдың баласын босатуға көмектесе алмайтынын, оның себебі сол уақытта Ағыбай батырдың Ресейдің азаматы еместігін, осыған байланысты оған ықпал жасай алмайтындықтарын, сондықтан халық дипломатиясы арқылы әрекет жасау керек, деп жауап қай-тарады. Ағыбай батыр Пірімқұлға ешкімді тиіскізбей, астына ат беріп, өз балаларымен бірге еркін жүріп-тұруына рұқсат етеді. Осылайша, біраз уақыт өткенде, Ағыбай батыр Пірімқұлға: «Пірімқұл, менің қолымда балаларыммен бірге бала болдың. Енді менің балаларымның ішінен жақсы көргенінің қолын алып, достықтың басын сен баста!» - дейді. Сонда Пірімқұл Ағыбайдың бес баласының бірі - Аманжолдың қолын алып, екеуі аңдас болуға серт беріседі. Осыдан кейін Ағыбай Пірімқұлға Арғынның бір қызын жасауымен алып беріп, қасына бірнеше адам қосып, еліне қайтарады. Ағыбайдың жігіттері Сыпатайдың ауылында бірнеше күн қонақ болып, құрметке бөленеді. Жігіттер қайтарда, Сыпатай олардың алдына: «Ағыбай батыр сауып ішсін», - деп екі жүзден астам бие салып береді және «Ағыбайға ризалық сәлемімді жеткіз!» - деп, Дулат еліне белгілі биін қоса аттандырады. Осымен, Ағыбай мен Сыпатайдың ақыл тара-зысына салып, пара-сатпен шешкен өте күрделі істері, Арғын мен Үйсін елінің арасындағы көп жылғы қырғи-қабақ қатынасты, дос-жаран, туысқандық қатынасқа айналдырады.

Сыпатай батыр (1781-1868) сырқаттанып қалғанда, емшілер оның сырқатына ем болатын бір сирек кездесетін дәріні атайды. Дәріні іздестіргенде, оның Ағыбай батырда бары белгілі бола-ды. Сыпатай батырдың бір адамы астына тұлпар мініп, Ағыбайға шабады. Сыпатай ауылынан суып жеткен жолаушыны көргенде, Ағыбай оны: «Сыпатай аман ба?!» - деп қарсы алған екен. Батырдың әйелі бұған таңырқап: «Сыпатайың құрысын, Сыпатайың құрысын», - деп отырушы едің, мұның қалай?» - депті. Сонда Ағыбай батыр: «Менің басым жетпей жатыр ма, малым жетпей жатыр ма? Сыпатайдай ер табыла ма маған? Екеумізді тірестіріп жүрген елдің дауы емес пе?!» - деген екен. Ағыбай батыр келген кісінің қолына Сыпатай сұратқан дәріні табыс етіп, астына тың тұлпар мінгізіп, оны дереу кері қайтарады. Өзі қатты сырқаттанып жатқанда, сұратқан дәрінің бар-жоғын білудің орнына, дәріні алып келген адам үйге кіргенде, Сыпатай батырдың алғашқы сөзі: «Ағыбай аман ба?» - болыпты. Ағыбайдың амандығын сұраған Сыпатайға қасын-дағы кісілер таңырқай қарап: «Сен Ағыбаймен атысып, шабысып жүруші едің, мұның қалай?» - деседі. Сыпатай батыр сонда

айналасындағыларға: «Е, менің басым жетпей ме, малым жетпей ме? Ағыбайдай ерді қайдан табам? Екеумізді тірестіріп жүрген ел дауы емес пе?!» - деп ашылыпты.

Сыпатай батыр тамақ өтпейтін дертке ұшырап, қатты науқастанып жатқанда, көңіл-күйін сұрай, Арқадан Ағыбай батыр келеді. Амандасып болғаннан кейін, Ағыбай батыр: «Иә, Сыпатай, қал-жағдайың қалай?» - дегенде, Сыпатай: «Ден-саулығым өте нашар, бір тостаған қымыз ішуге зар болып қалдым», - дегенде, Ағыбай батыр: «Кәне, аузыңды аш», - депті. |Сыпа-тай батыр аузын ашқанда, Ағыбай батыр қолындағы қамшының сабын өте жылдамдықпен Сыпатайдың тамағына салып жібергенде, ол ірің араласқан, кесек-кесек қан құсыпты. Осы кезде Ағыбай батыр: «Сыпатайдың аузын әбден таза сумен шайып, бір тостаған қымыз әке-ліңдер, ал Сыпатай мына қымызды сіміріп ал!» - депті. Сыпатай бір тостаған қымызды дем алмастан тартып алып: «Енді қазір өлсемде де, бұл дүниеде арманым жоқ», - деген екен.

Сыпатай батыр өлгенде, ауылының жанындағы төбе басында отырған Ағыбайға біреу: «Сүйінші, сүйінші!» - деп келеді. Келген адамнан: «Сүйіншісінің» мәнін сұрағанда, ол: «Сыпатай өлді», - депті. Сонда Ағыбай екі қолымен жер таянып, жылап жіберген екен. «Егессем, егесуіме жараған, жаулассам, жауласуыма жараған, жарассам, жарасуыма жараған Сыпатай менің белім емес пе еді?! Сыпатай өлді, белің үзілді», - деп сүйінші сұрағаның не? Шеш бөркіңді, міне, саған сүйінші!» - деп, Ағыбай батыр сүйінші сұрап келген адамның басын қамшысымен үш тартқан екен.

Міне, Сыпатай мен Ағыбай арасындағы, қарым-қатынас, ел арасындағы дау сипатына қарай түрліше бағыт алып отырған. Екі арада қанша дау, барымта болғанымен, өкпеге қиса да, өлімге қимай, екі батыр бір-бірін қатты құрмет тұтқан.

Ағыбайдың сексенге келіп, әбден қартайған кезінде, қыс өте қатты болып, елдегі бар мал жұттан, одан кейін жұқпалы ауру шығып қырылып қалады. Өзі де қатты сырқаттанып қалады. Бір күні: «Атаға сәлем беріп, батасын аламыз», - деп, алты-жеті салт атты келіп Ағыбайдың аулына келіп түседі. Оларды көрген батырдың әйелі сасқанынан: «Аталарың үйде жоқ еді десем қайтер еді?» - депті. Сонда төсек тартып жатқан Ағыбай батыр: «Уа, бар болғыр, мені тірідей жоқ дегенің асыққаның ба? Өзім түсіріп аламын оларды», - деп далаға шығып, меймандарға:

Уағаләйкүмүссәлем, балаларым,  
Қартайған алдында тұр бабаларың.  
Көп болды меймандарды көрмегелі,  
Қуандым көрінгеннен қараларың.  
Уа, бар болса бір қойды әкеп сояр едім,  
Басын сап алдарыңа қояр едім.  
Қосылып сіздерменен рахаттанып,  
Өзім де, үй-ішіммен тояр едім.  
Бағым да барлай бермей, тынып қалды,  
Сағым да самғай бермей, сынып қалды.  
Келгендей кемеліне ауру мен жұт,

Желігіп желкеге кеп мініп алды.  
Жоқтық сұм жомарт ердің қолын байлап.  
Келді де кеңірдекті іліп қалды.  
Айызы ақымақтардың қанғандай боп,  
Күншілдер көре алмаған күліп қалды.  
Кешегі «Ақаң» дейтін ардақтаулар,  
Тұғырдан түскеннен соң тұйықталды.  
Көп болды қысқы дәмнен тазарғанбыз,  
Тоқтыдан кеше сойған жілік қалды.  
Сол сойған тоқтымыздан жілік жейсің,  
Ескі еттің жоқ екенін біліп жейсің.  
Шеңгелдеп асайтұғын көп етім жоқ,  
Ақырын қос саусақпен іліп жейсің.  
Бұрында қонақ күткен бабаларың,  
Ренжімей түсе бергін, балаларым  
Пейіліме тоярсың, бөрі құрсак,  
Тойғызар менің берген баталарым, -  
деген екен.

Ағыбайды жастай сөзге тартып ойлантқан, іштей түлеткен қазақтың ащылы-тұщылы өмірі, өскен ортасы. Ағыбай батыр елінің сүйіктісіне айналып, оның ерен тұлғасы алдымен аңыз жыр-ларда - фольклорда жасалып, одан кейін көркем әдебиеттің қаһарманына айналды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, академик С. Қирабаевтың М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдарының дайындап шығарған «Ақжолтай Ағыбай батыр» жинақ кітабына жазған алғы сөзінде: «Тарихи деректерде де, халық жырларында да Ағыбай қайтпас қайсар, ер жүрек, көтерілістің ең ауыр, азапты жүгін арқалап жүрген батыр болып көрінеді. Ағыбайдың жең-бейтін жау, ала алмайтын қамал болмаған. Оның есімі ұранға, ісі үлгіге айналған.

Ағыбай туралы тарихи әдебиет туындылары оның көзсіз ерліктің ғана емес, үлкен адамгершіліктің, ақыл-парасаттың да иесі екендігін ашады. Жөнсіз қырып-жою, «Шаш ал десе, бас алу» Ағыбайдың табиғатына мүлдем жат... Халық аңыздарына қарағанда, Ағыбай – батыр-лығына, байсалдылығына қоса, артына ұлағатты сөз қалдырған, қисынын тауып сөйлейтін шешен. Әлихан Бөкейхановтың үш сұрағына берген жауаптарында да Ағыбайдың ойлылығы аңғарылады. Бұлардың бәрі Ағыбайдың әдебиеттегі бейнесін толықтыра түседі...», - деп тұжырым жасайды.

«Ат сүрінгенше» ақыл тапқан қазақ, сөлді сөз бойын сергіткен қазақ сөздің асылдығын қасиеттей білген. Ұтымды сөзге ұтымды жауап беру оңай емес екендігін әрдайым есте ұстаған. Жалпы тіл жалпақ елге ортақ болғанымен, тіл дарыған адам ғана,

ақпа-төкпе шешен ғана, көріп-кел көсем ғана оны сәнімен, ойлы мәнімен, оңтайлы орнымен пайдалана алған. Сондықтан да кемеңгер Бұқар жыраудың да (1668-1781):

Көш бастау қиын емес,  
Қонатын жерде су бар.  
Қол бастау қиын емес,  
Шабатын жерде жау бар.  
Шаршы топта сөз бастау қиын,  
Шешімін адам таппас дау бар.  
Ұнаса үлгі қылады,  
Ұнамаса күлкі қылады,-

деп айтуында халық алдында сөз бастап, әділ билік айтудың үлкен жауапкершілігі бар екенін байқаймыз.

Өйткенмен, әр заманда бүтін ел болып кемел ой, терең ақыл күтетін сын сағаттар болады. Сол мезгілде топ жарып, толғанша сөз айтып, тағлымды ой қосып, тосыннан жол тауып, тығы-рықтан шығынсыз шығаратын ділмар шешендерін күткен, оларға Отан тағдырын сеніп, орасан үміт артқан. Осындай тұтқиыл шешім қабылдау арқылы ер елдің намысын қорғайтын тұста көсемдік жауапкершіліктен бейтарап қалмайтын, ауыздыға су бермейтін, қаусырма жақ, қызыл тілге келгенде алдына жан салмайтын шешен-билер ортаға шыққан.

Қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін арнайы зерттеген Шоқан Уалиханов «Сот реформасы жайында хат» атты еңбегінде шешендік өнер өкілдері - билерге байланысты былай дейді: «Қазақ қауымында би атағын алу үшін олардың тектілігі, байлығы емес, халықтық әдет-ғұрыпты жете білуі және шешендік қабілеті болуы қажет...».

Осынау айтылғандардан шығатын қорытынды: қазақтың сөз өнерін мойнына тұмар етіп таққан ұлтымыздың билері, ғасырлар бойғы ұлттық қазынаны терең меңгеріп, аса үлкен мәртебеге ие болған.

Сондықтан, сахараның түкпір-түкпіріне аты жайылған, Үш жүзге атағы мәлім болған Ағы-байдың әрі философ, әрі ұстаз, әрі батыр, әрі би, әрі кеңесші, әрі билік иесі, әрі ділмар шешен болып келуі, тарихи заңдылық жүйенің белді-белді алғы шарттары болатын.

Міне, Ағыбай сияқты би-шешендерді сөз еткенде, басты назарда ұстайтын мәселе - ұлттық сөз өнерінің жалпы адамзаттық құндылықтар қатарына қосылатындығы және ұлтымыздың барша болмысын айқара ашып, көп жұртты өзіне тәнті ететіндігі болса керек

Халықта: «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы - Майқы би» деген қанатты сөз бар. Мұның өзі биге жүгіну салтының тарихы тым әріде жатқанын көрсетеді. Майқы би (б.з.д 178-89 ж.ж.) дәстүрінің мұрагері Қаздауысты Қазыбек бидің, руластары өздері батыр, әрі би болған: Жидебай, Шабанбай, Жалаңтөс, Аралбай, Таңыбай, Жаңыбай, Сеңкібайлардың ізбасары болып табылатын Ағыбай батыр да, топты жарып, таразы басын тең ұстап, қара қылды қажарған әділ би және басты мақсаты қазақтың теңдігі мен бірлігі болған.

Ағыбайдың ең үлкен мектебі өз ауылы, от басы, ата-бабасының, ел үлкендерінің, ақсақал-дарының үлгісі болатын. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей,

Ағыбайды әулие қылған, алдымен сол ұядан алған тәлім-тәрбие болса керек. Көшпелі қазақ тұрмысы адамды ерте есейтеді, әрі әлеумет өміріне ерте араластырады.

Бес Мейрам балалары қашанда бір-бірімен көршілес, қатар қоныстанған. Ағыбай шыққан Қаракесек руы да, Орта жүз Арғын тобының үлкен бұтағы Мейрамға жатады. Абылай хан: «Осы «бес мейрамның баласы» деген ел пайғамбар мен шадияр тумады демесендер, адамның бұлбұлы мен дүлділі түгел туған ел. Батыры көп жаудан қорықпайтын, шетінен шешен туады да даудан қорықпайтын, қара құрттай құжынаған Қаракесегі бар. «Ә» десе, «мә» деп, едірейе туған Қуан-дығы бар, оның өмірінше үзілмейтін жуандығы бар. Жылым құртша жегенін білдірмей жеп қоятын Сүйіндігі бар!» - деп, екі сөзінің бірінде айтып отырады екен. Абылайдың тағы бір: «Бес мейрамның баласына қамшы бер де дауға қой!» - деп, дәл тауып айтқан сөзі бар.

Ағыбайдың да алғашқы танысып-біліскені, араласқаны осы Мейрам елінің жақсылары, би-батырлары. Ол кезде ұлым ел танысын, жер танысын деген әке амалын тауып, баласын белгілі бір аты шыққан би-батырларға жіберіп, одан тәжірибе жинатып, билікке қатыстырып, әбден ысыл-тып, бата сұратады. «Жауынменен жер көгереді, батаменен ел көгереді» деген қағиданы тұмар ғып ұстаған немесе бір жақсының соңына «жаныңызда атқосшыңыз болсын» деп ертіп жібереді. Ағыбайдың ата-анасы да осы тәжірибені пайдаланған. Билік ел алдында айтылады, халық мақұл-даса іске асады, би қанша жерден шешен болса да патуасыз сылдыр сөзге, не қоғам мүддесіне келмейтін шешімге ел құламайды және ол орындалмайды. Ел басшылары мәжіліс құратын, қыз-мет атқаратын ғимарат-сарайы жоқ жерде халықтан оқшаулануға болмайды. Ауызы дуалы болса «сен жассың, сен баласың» деп үлкендер де өзінен кішінің аузынан қақпайды. «Қой асығы демеңіз, қолайыңа жақса сақа қой» деп сыртқа теппеген. «Би» деген мәртебелі атақты өмір бойы тұмардай сақтап, ешқандай да кір жұқпауын халық та қадағалап отырған.

Ауыл ақсақалынан алған білімінен, әке-атадан көрген тәрбиемен шектеліп қалмай Ағыбай үлкен өмір мектебіне асықты. Топқа түсіп сыналмай, жауға түсіп шыңдалмай ел басы болу, шар-шы топтың алдына түсіп, әділ үкім шығармай, билік жолын игеру мүмкін емес екенін жас кезінен түсінген.

Бұрынғы қадым заманнан бері билер бір тайпа елдің ішкі-сыртқы саясатын ұстап, шаршы топқа шығып отырған.

Қазақ қоғамының ерекшелігі демократиялық сипатта болуы. Қазақ хандығы әкімшілік-тер-риторияларға емес, ру-тайпаларға бөлініп өмір сүрді. Рудың негізгі ұйытқысы - туыстық, ағайын-дық қатынастар болғандықтан әр ру мүшесі, бүкіл ру, әсіресе, бай ру мүшелері кедей, жағдайы төмен ру мүшелеріне «жәрдем етуге міндетті» деп есептелді. Жәрдем берді де, ұйым ретінде рудың өз басшысы болды, өзінің көшіп қону бағыты немесе жайылымдары мен суаты болды. Әр рудың өз таңбасы мен жауынгерлік ұраны болды. Әр ру белгілі тайпаға жатып сол арқылы белгілі жүздерге кірді. Әр ру мүшесі рудың шежіресін және жеті атасын жақсы білді. Ру туыстық ұйым және қоғамын ерекше бөлігі ретінде өз мүшелерін қорғауға міндетті. Тіпті өз мүшелері айып-қарыздарын да бірігіп өтеді. Құн, қалыңмал мәселесінде де бір-біріне жәрдем етті. Барымта мен қаза жағдайында да бірігіп әрекет етті, мүшелердің жөнсіз қылығы үшін де ұятты болды. Осының бәрі қазақ руының бекем, консервативті ұйым болғанын көрсетеді.

Президентіміз, елбасы Назарбаев Н.Ә.: «Ру шежіресін білу - сахара төсі де көшіп-қонған қазақтар үшін өмірлік қажеттілік. Қазақ халқының ру-тайпалық, жүздік қауымдастық біртұтас ғажайып бітімі, ғасырлар бойы бүкіл қазақ - бір атаның ұрпағы, бір тамырдың

бұтағы ұстаным бойынша өсіп өркендеп отырған... Мұндай біртұтастық тек қана рулық жүйе арқылы жүзеге асқан», - деп ой түйіндейді.

Қоғамдық өмірін өзінің қисынды тұжырымымен, шешімді уәжімен басқару тәжірибесімен реттеп отыратын беделді ру басы немесе ел басы. Телі мен тентегін тезге салу да, теңдесіне тең сөз айту да шын шешен, сөзі өтімді, беделі берік адамның ғана қолынан келмек. «Елдестіркемек – елшіден, жауластырмақ - жаушыдан» дегендей, қажет кезінде билер тек қана ру аралық емес, жүз аралық, ер аралық мәселелерді шешуде мәмілегер, елшілік қызметін де атқарған. Аталар басын имеген жерге, тізесін бүкпеуді мақсұт еткен қайраткер болған. Сондықтан да, олардың арасынан оқшауланып шыққан санаттағы шешен, асқан ділмар азамат қана би бола алады.

Осы қазақтан шыққан билердің тарихын сол уақытта қазақ даласында болған орыс, шетел тарихшы-ғалымдары да зерттеген.

Атап айтқанда, Рычков П.И. былай дейді: «Би дегеніміз - кішігірім князь, бұл атақ азиялық халықтарда дворяндар қатарлас таңдаулы, текті адамдарға беріледі», - деп жазады. Ал, А. Тим-ковский Қытай деректеріне сүйеніп: «Қазақтарда ру басшысын би (князь) деп атайды», - дей келіп, би атағы көбінесе мирасқорлық жолмен де беріліп отырған деген тұжырым жасайды. Осы жоғары айтылған пікірлерді П.П. Паллас пен И.Г. Георгии қоштайды.

Ал, 1888 жылы Омбы қаласындағы қазақ тіліндегі тұңғыш шыққан «Дала уәлаяты» газетінде, сол газеттің редакторы, Қарқаралы дуанының тумасы, белгілі ғалым, ол Санкт-Петербург университетінің шығыстану және заң факультеттерін - екі мамандық бойынша универси-теттік білім алған тұңғыш қазақ, 7 тілде еркін сөйлеген, ірі қоғам қайраткері Сұлтанғазин Д. (1867-1918) өзінің «Бұрынғы замандағы қазақтардың билік қылуы» деген мақаласында былай деп жазады: «Бұрынғы уақытта биді сайламай, білімді ақсақалдар болып, көбінесе тұқымына кетеді екен... Солар көп уақыт билік қылып әбден ысылып, халық арасында бір атақты би аталып, ешкім қарсы тұрмайтынын ойлағандарымен әділеттікпен іс кеседі екен, һәм солардың бітірген жұмысын әуелі хандар да ешқашан бұзбайды екен, һәм солардың біліміне іс жұмысына кіріспей, һәм қылған биліктерін бұзбайды екен. Бұл халық сол билер тұрасында қазақтың мақалы да бар, батыр мен биді салыстырғанда қатты артық көретінін білдіретін. Сол мақал мынау: «Батыр деген бір барақ ит - екі қатынның бірі табатын, би деген ақсары ат - бүтін елде біреу ғана табатын».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың пікіріне сүйенсек: «Біздің де ойлағанымыз - бірлік. Еліміздің көсегесінің көгергені, дәулет де сәулетті өмір сүргені. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би замандарынан басты мақсат - бар қазақтың бірлігі болса, бүгінгі басты мақсат та дәл сол».

Келешегін ойлаған Ағыбай батыр да ел тарихынан тағылым алды. Керей. Жәнібек сұлтан-дардың бастауымен Көк орданың құрамынан бөлініп шыққан қазақ хандығының құрылғанынан бастап, қазақ елі әр уақытта бірде озып, бірде тозып жүдеген кездері де болды. Үдеудің сыры бірлікте, жүдеудің сыры - алауыздықта екенін Ағыбай бастаған халық көсемдері де түсінген.

Ағыбайдың замандасы, әрі сырласы, жақсы істерімен бар қазаққа аты шығып, жас Шоқан мен Абайға бата берген, Ағыбайды патша отаршыларының қудалануынан арашалап, ақтап алуға көп еңбек сіңірген Жақсы Жанғұтты би (1810-1873) көрегендігімен: «Бақыт-дәулет келерде ырыс қонады, ынтымағы елдің дұрыс болады», - деп, тек бірлік қана елге



береке әкелерін өсиет қылған.

Ағыбайға байланысты аңыз-жырлар, архив документтері оның батырлығымен қоса, әрі шешен, әрі әділ би болғанын көрсетеді. Әсіресе, орыс архивтерінің бәрінде Ағыбайды би деп көрсетеді. Ағыбай беліне бес қаруын іліп жау тоқтатар батылдығымен ғана емес, қаһарлы өктем тіліменен және шыншылдығымен де батыр атанған адам. Оның ел басқару әдісі мен ұйымдас-тырушылық талантты жастайынан-ақ ерекше танылды. Ел арасындағы қадір-беделі де осы қасиеттеріне байланысты болатын. Қара халықты патша да, сұлтан да, қара ниет билер де билеп, төстеп зәбір көрсетті. Ағыбай оларға теңдік әперуге талап қылып, елдің басын біріктіргісі келді. Өйткені, патша әкімшілігі жергілікті бай-манаптарға сүйеніп, қазақ даласын игерудің сорақы түр-лерін шығарып, байырғы әкімшілік жүйені бөлшектеп, рулардың арасына іріткі салып, бір-бірімен жауластырумен айналысып жатқан. Ресей патшасының «бөлшекте де, билей бер» деген саясаты қазақ даласында кеңінен қолданылды. Ағыбай ханнан да, сұлтандар мен патша қол шоқпарларынан да қорықпаған, қайта өзінің көзсіз батылдығымен, сөз тапқырлығы мен зерек-тігімен ықтырып отырған. Кенесары хан алдында да шындықты тайсалмай айтатын бірден-бір адам болған, оған қатысты аңыз-шежірелер мен архив материалдары куә. Көтеріліс жеңіліс тауып, Ағыбайдың өзі қуғында жүрсе де, ешкімнен тайсалмаған. Оның сол кездегі үлкен лауазым иелері: Ақмола және Қарқаралы дуандарының аға сұлтандары - Ыбырай, Құнанбайлармен болған кезде-сулердегі батыл сөздері айғақ..

Ағыбайдың халық арасындағы беделі, қазақтың сол кездегі игі-жақсылардың 1858 жылы Қарқаралыда бүкіл қазақтық съез ашып, 65 болыс пен 112 билердің патша ағзамға хат жазып, оны ақтап алуы дәлелдейді.

Ағыбай батырдың өмір сүрген уақыты, Патша үкіметі Қазақстандағы отарлауды тереңдете түсу үшін бірнеше реформалар жасаған кезең еді. Атап айтқанда: 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Устав» және «Бұратана халықтарды басқару туралы Устав», 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы устав», 1838 жылғы «Сібір қазақтарын басқару туралы ереже», 1844 жылғы Орынбор қазақтарын басқару ережелері», 1867 жылғы «Жетісу және Сырдария облыстарын бас-қару уақытша ережесі», 1868 жылғы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару уақытша ережелері».

Ресей үкіметінің, енді «бөліп ал да, билей бер» деген саясатпен, қазақ даласы, губернияға, округке және ұсақ болыстарға бағынышты болды. Осындай болыстар мен бұрын көсемдігімен, шешендігімен танылғанда ғана, халықтың өз би атайтын билерді, енді халық сайлап, Ресей патшасының ерекше құқықты өкілдері бекітетін болды. Бұл ғасырлар бойы қызмет етіп келген, қоғамның қалыптасуында зор рөл атқарған билер институтын, тума таланттарды біржола жою болатын. Олай дейтініміз, енді болыстыққа, би, қазылыққа өзінің табиғи қасиеттерімен би атанғандар емес, пара беру арқылы, халықтың емес, қара басының құлқынын ойлайтын, Ресей патшасы өкілдерінің айтқанын істеп, айдағанымен жүретін дарынсыз, мансапқорлар сайланды.

Ұлы Абайдың (1845-1904) сол кездегі: «Бас-басына би болған өңшең қиқым», - деп қынжылуы осы кездің көрінісіне айқын куә.

Ал, жоғарыда айтқанымыздай, Ресей отаршыларының бұрынғы жүйені жойып, старшина сайын ешқандай да көсемдікте, шешендікте, еш жақсы қасиеттері жоқ, пара берген, бай адамдар-дың би болуы, сол кездегі халықтың арасындағы кең таралған «аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» деген мақал осы сорақылықтың дәлелі еді. Бұл Ресей саясаткерлерінің, халық арасында құрметке ие, кеменгер билердің орнына, ешқандай да

дайындықсыз, білімсіз, табиғи дарыны жоқ адамдарды отырғызып, тұтас бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ел басқару дәстүрінің бәрін түгелдей жойып, елді бытыраңқы жағдайда ұстау мақсатынан туған еді.

Сол кездегі патша отарлау аппаратына мәнсап үшін қызмет жасап, пара беріп, би деген лауазым алғандарды қоғам қайраткері Ө. Бөкейханов былай деп сынаған: «Ұят біздің белгіміз емес пе? Осы жалғыз белгіден айырылып, ана төрт аяғына сыйынған аталарымыздың ауылына қайтқанымыз ба? Қанша жоғары тартса да біз тырысып шыға қашқан түйедей, төрт аяқтының ауылына қашып жатырмыз-ау деймін. Біздің Ресейде абақтыда жатпаған жақсы адам кемде кем. Наполеонның Шульман атты тыңшысы болған, ол адам санатына іліккен соң Наполеоннан почетный легион орденін сұраған. Сонда Наполеон: «Сендей кісілігі жоқ оңбағанға қазына берсем де, орден бермеймін», - депті...».

Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін, сот билігі даму бағыты, негізінен билердің қылмыс-тық және азаматтық істерді қарау рөлі төмендетіліп, керісінше сот билігінің рөлі патшалық отар-лық әкімшілік аппараттың басып-жаншудың бөлігі ретінде өсті және осы бағытта ол күшейе берді. Бұл өзгеріс қазақ қоғамының билеуші топтары мен орыс отаршыларының – шенеуніктері-нің, капиталистердің, помещиктердің, әскерилердің және тағы басқа билік топтарының мақсат-тарының бір жерден шыққаны арқылы іске асты.

Ресей өкіметінің осы әкімшілік және сот ісін қайта құру шараларын Ш. Уалиханов сол кез-де Ағыбай өмір сүрген Қарқаралы дуанының орталығы Қарқаралы қаласына 2 рет келіп, осы при-казға жататын болыстардың жер қонысын белгілеп, қыс-қыстағы, жаз жайлауларының атын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жан-жақты зерттеп, былай деп жазады: «Соңғы кезде біздің әкімшілік және сот ісін қайта құрумен жіті айналысып, халық ағарту ісіне де ерекше назар аударды.

Россия тумаларының ішінде байырғы орыс тұрғындарының өмір тірлігіне қарама-қарсы тіршілік ететін, әдет-ғұрпы, әрісі славян тайпасының әдет-ғұрпынан өзгеше, кереғар келетін діні, тегі өзге халықтар аз емес. Бұл жәйтке жүгінгенде, жоғарыда келтірілген себептерді ескергенде христиандарға, отырықшы орыс тұрғындарына арналып жобаланған әкімшілік өзгеріс, егер Россияның Европалық, Азиялық бөлігінде көшіп-қонып жүрген бұратана халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, онда мұндай өзгерістен ешқандай да пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді...

Азаматтық дамудан қалтқысыз үміткер адамдардың өздерін орыстармен отандас бауыр санап, орыстың қол астында өз еркімен қосылған миллиондаған адамдардың тағдыры меніңше үлкен қамқорлықты қажет етері даусыз, яғни мұндай үзілді-кесілді мәселеде Шекспирдің не өлім, не тірлік деген ойы туады. Мешеулігіне байланысты өзін-өзі қорғау жолын дұрыс игере білмей, енжарлық, селқостық ұялауы патша үкіметі тарапынан біздерге аса сергектікпен, өте сақтықпен қарауды қажет етеді... Сібір қазақтарының облысындағы сот реформасы жайындағы біздің жұмы-сымыздың жоғарыда келтірілген деректеріне қарап, жалпы халықтың қалың көпшілігі, билер сотының ежелгі тәртібінде қалуын қалаған, ал шенді, мәнсапты, ауқатты қазақтар керісінше, билер сотына сол негізде өзгеріс енгізу жағында болғаны аңғарылады... Комитет бұл пікірлерге қарап, беделді ордалықтардың айтуымен жасалған сот реформасымен, билер сотын қайта құру ережесі бүгінгі қазақ халқының әлеуметтік өсу жолын толық қанағаттандыра алмайтыны бай-қалды, ал өзімізге келсек бұл іске тікелей араласып, өз көзімізбен көргендіктен бұл пікірлердің қаскүнемдік пен балан ниетті, бір жағынан селқостық пен енжарлықты, енді бір қырынан білімсіздік пен тағылықты аңғардық».

Белгілі заңгер-ғалым, академик С. Зиманов: «Отарлау органдары ұзақ уақыт неліктен жа-надан сайланған билер жергілікті халықтың арасынан қолдау таппау себептерін түсіне алмай арнайы зерттеген.

Билік қызметке көптеген дайындықсыз, таланты жоқ адамдар кетуі, халықтың арасына кеңінен тарап кеткен мақал-мәтелдері: «Жеті атасы би болған - жеті жұрттың қамын жер, кенет-тен би болған - құлақ-миын жағын жер», «мал бақпаған мал бақса, жайламаған тай қоймас, би болмаған би болса, билемеген ел қоймас», «соқырдан қарауыл қойсаң, еліңді жауға алдырар, білмес наданды би қойсаң, жұртыңды дауға алдырар», «жаңа биден билік сұрама, жаңа байы-ғаннан қарыз сұрама». Бұл мақал-мәтелдерде халықтың арасындағы патшалық үкіметтің кіргізген жаңа билерге қарсы наразылығы көрініп тұр. Сонымен бірге бұрынғы билерді қошеметтейді. Өздерінің байлығымен би болған билер орыс өкіметінің көп жылдық ықпалына қарамастан, тек әкімшілік қызмет атқарып, халықтың арасында қолдау таппай жұмыссыз отырған, ал халық бұрынғы халық құрметіне ие болған билердің төрелігіне жүгінген. Билер рулық әдет-ғұрыптың заңына байланысты бір рудың адамдары бір семьяның мүшелері сияқты болған да, тек өз руларының арасындағы ғана емес, басқа рулармен дауласқанда тек қана билік жүргізіп қоймай, сол рулардың рубасы да болған. Билер сұлтандар сияқты рулардан бөлек өмір сүрген жоқ, сол рулардың ішінен шықты. Одан басқа өз руластары, өзге рудың адамдарымен дау шешкенде, билік сұрағанда, ол процесте билік жүргізбей, руласына қорғаушылық та қызмет атқарған. Қазақтың рулық әдет-ғұрпының бұл ерекшелігі - кез-келген адам қазақ даласындағы би атаулының, іске қатысы жоғының қайсысын қалаймын десе де, толық құқығы болған. Осы жағдайлар билердің халық арасындағы ықпалын арттырды».

Байырғы қазақ қоғамында, қылмыс пен жазаға қатысты бірқатар қағидалар болған және қандай да қиын қылмыс болмасын билерге жүгініп, солардың шығарған үкімдеріне құлақ асқан. Ағыбай батырда да қазақ билерінің жақсы дәстүрін берік ұстап, оны жалғастырған, салт-дәстүр ережелерін қатаң сақтаған.

Сол Ресей үкіметінің билеуші сұлтандарды қолдауына қарамай, бұрынғы билер бұқара халықтың құрметіне ие болып, іс жүзінде әлі де болса өз руларын басқарып отырған.

1840 жылы бір орыс шенеулігі Шекара басқармасына былай деп хабарлама жібереді: «Қар-қаралы округінің аға сұлтаны Шама Абылайханов халықтың арасында ешқандай да беделге ие емес және ықпалы жоқ. Жергілікті билік іс жүзінде ол емес, екі бұрынғы билер: Алшынбай Тіленшинмен (Айбике-Шаншар тобы) және Қазанғап Мүшекиннің қолында (Нұрбике-Шаншар тобы)».

Ш. Уалиханов: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолы-мен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітумен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттық істегі патентке Европадағы ақындар, ғалымдар, адвокаттар сияқты билердің де маңызы жеке беделге негізделген. Шекспир мен Гетені әлейім халық ұлы ақын санайды, бірақ олардың ұлылығы туралы пікір үкіметтің декретімен немесе хат сайлауына сәйкес негізделмеген. Халық қалағанда ғана би билік жүргізе алады. Билер тек оған жеке адамдардың билікке жүгінгенде ғана іс қарауға кіріседі және өз шешімінің орындауына қатыспайды. Өз ұйғарымымен іс бастау қазақ биіне қолайсыздық туғызады. Мұндай право қазақ биін сотқа, полицей

тыңшысына айналдырып, олар «би ақыны» көбірек алу үшін жұрттың қытығына тигіш, тым міншіл қазымыр болса, ал би шешімін орындатуға қатысу белгілі жағдайда олардың қолына билік те береді. Соның салдарынан ол адал жеке сот практикантынан полицейдің тыңшысына айналып кетер еді. Осындай жалған жағдай да соттың негізгі мақсатына тікелей қайшы келеді», - деп елдің арасынан шығып, халық беделіне ие болып би атанған Ағыбай сияқты шешен билердің бұрынғы өткен билердің жақсы дәстүрін жалғастырушылар екенін түйіндейді.

Көп жылдық халық көтерілісінен кейін, сол кездегі алдыңғы қатарлы қазақ азаматтарының көп еңбек сіңіріп, Ағыбай батырды патша үкіметінің қуғындауынан ақтап алғаннан кейін, халық әр түрлі шағымдарымен билікке жүгініп Ағыбай батырға ағылып келіп жатты. Өйткені, Ағыбай өзінің шешендігімен, әділдігімен, қара қылды қақ жаратын турашылдығымен Үш жүзге мәлім еді, әрі халық бұқарасы арасында аса құрметке ие және өте ықпалды еді. Шындығында да, Ағыбай батыр әрі дәстүрлі қазақ билерінің беделді жалғастырушысы, әрі халық қорғаушысы еді. Аңыз-әңгімелер және архив материалдары да осыны айғақтайды. Ағыбай батырдың шығарған билік-теріне шағымданушы екі жақта риза болып, оның шығарған үкімдері сөзсіз орындалып отырған. Ағыбай батыр атақты Қаздауысты Қазыбектің руласы еді және сол киелі биді ұстаз санап, өмір бойы пір тұтып өткен. Сол Қаздауысты Қазыбек билік мектебінен тәлім алды. Қаздауысты Қазы-бектің ұрпағы атақты Алшынбай би де, ешқандай да отарлау аппаратының лауазым шеніне қызықпай, биді сайлау арқылы тағайындауға қарсы шығып, ешқандай да сайлауға қатыспай, өз ойын ашық айтатын әділдігімен атағы шыққан, бірақ ол халық арасындағы беделі арқасында «Төбе би» аталынып, орыс шенеуліктері қазақ қоғамына байланысты барлық күрделі шешімдерді тек Алшынбаймен ғана ақыл-дасып, аға сұлтандыққа сайланатын кандидаттарды Алшынбаймен алдын-ала келісіп, осыдан кейін ғана сайлауға жіберіп отырған. Ағыбайды ақтап алуға да көп еңбек сіңірген болатын.

Қазақ елінде тұңғыш рет ана тілінде баспа бетін көрген құқықтық құжат 1885 жылы ма-мыр айында Семей облысының Қарамола дейтін жерінде бес дуан елінің билері мен құрметті адамдары бас қосқан съезде қабылданған 13 баптан тұратын «Ережені» дайындаған, белгілі ғұла-ма-ойшыл Абай сол кездегі би-болыстар туралы былай дейді: «Болыс болғандар өзі қулық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп.

Осы күнде қазақ ішінде «Ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «Ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлағынан жетерсің» деген сөз... Уа және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайлағандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолын», Өз Тәуке ханның «Күл төбе-нің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек... Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп. Оның мәнісі - тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз...».

Ағыбай батыр мейлінше сабырлы, ақылға бай адам болған. Оның Ақжолтай атануының сыры осында. Тым қантөгіске бармай, ел мен елді бітістіруге құлшынған. Даңғойлық оған жат. Ұзақ жасаған қарт батыр, кейін халық оған ағылып келіп, би ретінде жүгінген соң, ел ішінің дау-дамайына араласуына тура келіп, әділ билік айтқан. Ердің құнын, нардың пұлын екі ауыз сөзбен шешкен.

Бір жолы атақты баукеспе ұрыны өз-жұрты, ұрлығын қойғыза алмай, батырдың алдына алып барады: «Өзіңіз мына ұрыға үкім шығарып, ұрлықты қой», - деп айтыңыз», - дейді. Сонда батыр: «Бұл мен айтқанға, ескі кәсібін тастар деймісің, одан да «ұрлығыңды азайт десеңші!» - депті. Осы сөзден кейін әлгі баукеспе ұры, Ағыбайдың ықпалы мен тапқыр сөзіне бола, жаман-жырынды әдет-ұрлығын тастапты. Бұл қазақтың: «Ауру қалса да, әдет қалмайды», - деген мақалы-ның жаңсақ айтылғанынын куәсі.

Қазақтардың ежелдегі әдет-ғұрып құқығының ерекше бір саласы - барымта мәселесі. Қазақтардың әдет құқығы жәдігерліктерінде барымтаны қарақшылық пен ұрлықтан ерекшелен-діретін өзіндік түрі, белгілері бар. Тәуке ханның жарғысы бойынша айыпталушы сот үкімін орын-дамағанда немесе ауыл ақсақалы бұл билікті әділ шешуден бас тартып, қылмыстыны қанатының астына алған жағдайда жәбірленушінің амалсыздан барымтаға баратын құқығы болған. Барым-таның алуан түрлі себептері бар. Біреудің ақ баталы жесірі яки әйелі кетсе, біреу кісі өлтіріп, кісі өлтірген жақ күн төлеуден бас тартса, біреудің қорық жеріне малы жайылып, бүлдірсе, қыс қыс-тауына, жаз жайлауына біреулер қонса, ортаға түскен олжадан тиісті төлем-сыбаға берілмесе, тойға шақырмай елеусіз қалдырса, арнап келіп түскен қонаққа тиісті қонақасы берілмесе т.б. салт-сана, әдет-ғұрып қағидалары бойынша барымталаушы ісі заңды деп саналатын. Әсіресе, кісі өлімі үстінде тиесілі құны мөлшерінде барымталап, мал қуып алса да ерсі болмайтын. Бұл заңның шексіз, ретсіз қолданылуына «Жеті жарғы» бірталай тыйым салды. Әдет-ғұрыпқа енген «Құн төлеу» институтын нығайтты. Құн мөлшері қарапайым ерлер үшін 1000 қой болуын заңға айналдырды.

Ағыбай бидің заманында, орыс отаршыларына арқа сүйеген билеуші сұлтандар өзара соғыстар мен рулық қақтығыстарға, барымтаға, көбінесе сұлтандар мен байлардың өздері аран-датып отырған. Мұндай қақтығыстар кезінде қарапайым қазақтар шығынға ұшырап, көп жағдайда қазаға ұшырап отырған. Бұл жөнінде қазақ даласында болып, өз көзімен көрген орыс публицисті Шахматов Г. сол кездегі Батыс-Сібір губернаторы Сперанскиймен бірігіп дайындаған мақала-сында, былай деп жазады: «Жылпос қырғыздар судьялармен, сұлтандармен, билермен келісе отырып, екі жақтың да арам пиғылына оңай олжа табу үшін қасақана жауыздық істердің отын тұтады, бұдан біреулері байып, екіншілері кедейлік пен қайыршылыққа ұшырайды».

Ал, Орынбор Шекара Комиссиясында қызмет еткен және 1839 жылы Хиуа экспедиция-сына қатысқан белгілі жазушы, орыс сөздігінің түсініктемелерін жазған, В.И. Даль барымтаның қазақтарға бүкіл зияндылығын былай суреттейді: «Барымталар және мұның үстіне біреудің қолымен от көсейтін сұлтандар қолдап отырған өзара қырқысулар шексіз көбейіп кетті. Барымта апатқа, күйзеліске ұшырататын кәсіпке айналды. Барлық рулар мен тайпалардың өзара араздасып, өштесіп кеткені соншалық қайсысының қайсысында ақысы кеткенін шатасқан олар шапқын-шылық жасау үшін тиімді әр сәтті пайдаланып қалуға тырысады».

Сондықтан да, қарапайым халық Ағыбай сияқты ел қорғаушысы, әрі қара қылды қажаратын билерге жүгініп отырған.

Ағыбай би де барымта секілді күрделі іске билік айтқанда, көнекөз ақсақалдар мен қартаң тартқан билерден ақыл-кеңес алып, әрдайым халықтың бірлігі мен ынтымағын нығайтуды көздей-тін адамгершілік пен парасаттылықты алдыңғы кезекке қойып, ата-бабаның салт-дәстүрін сақ-тауға маңыз берген. Ұрлық пен қарлыққа, барымта мен барымтасырымтаға кедергі қойып, бұқараны адалдыққа шақырып, еңбекпен күнелтуге бейімдеуді

мақсат тұтқан. «Арам жемейік, адал өлейік» деген пікірді ел ішінде қалыптастырған.

Мәселен, Кіші жүз Адай руының батыры мен Адай елімен көп жыл бойы барымталасып жүрген түркімен елінің батырына айтқан билігі куә бола алады. Ағыбай адай батыры мен түркімен батырын мал барымтасына байланысты, айқас үстінде кездестіріп, екеуі әділ билік айтуға аты Алты Алашқа белгілі Ағыбайға жүгінеді. Ағыбай екі батырды екі жағына отырғызып, айтқан әңгімелерін тыңдап, өткендердің өнегелі сөзін айтып: «Екеуің екі елдің батыры екенсіңдер, түбіміз бір туғанбыз, бүйтіп жауласа бермей тату болыңдар!» - деп, әділ шешімін шығарады. Екі батыр Ағыбайдың шешіміне риза болып, қол алысып, құшақтасып, төстерін соғы-сып «Дос болдық!» - десіпті. Сол жерде үш батыр қоштасып, айырылмақшы болып, екі батыр ақылдасып, жылқыны үшке бөліп: «Әділ билікті айтып, екі елді татуластырғаны үшін», - деп Ағыбайға бір бөлігін беріпті, одан басқа түркімен батыры астындағы «Ақалтеке» тұлпарын да Ағыбайға сыйлапты. Түркімен батырын шығарып салған соң, адай батыры: «Уа, алты алашқа атағын шыққан аруақты батырым, саған түркімен батыры астындағы атын сыйлады, менен мына жылқының бәрін ал, менің өз олжам аз емес: біріншіден, ажалдан жаным қалды; екіншіден ата жауымен қол алысып, дос болдым; үшіншіден, өмірімде бір көрсем деп жүруші едім, міне тар жерде кездесіп шарапатың тиді. Халық «Ақжолды Ағыбай» деп тауып қойған екен, аруағыңнан айналайын!» - деп ризалығын білдіріп, қоштасыпты.

Атақты Наурызбайдың «Ақауыз» аты - сол түркімен батырдың Ағыбайға берген аты екен.

Ағыбай батыр өзінің жер дауын шешу жөніндегі биліктерінде де «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» секілді ежелгі әдет-ғұрып заңдарының жалғасы болып табылатын «Жеті жарғы» қағидаларына арқа сүйеген. Қыс қыстау, жаз жайлау, қоныс, құдық - мал баққан елдің атадан балаға мирас боп қалдыратын еншісі. Өйткені, жер - атамекен, кіндік жұрт, отан. Жер - тіршілік етер ортасы, ата-баба моласы, кіндік байлар қасиетті тұрағы. Сондықтан, көшпелілер үшін жерден киелі ештеңе жоқ. Жер дауынан қиын дау да жоқ, әсіресе әр жүздің ру аралық даулары, көбіне кісі өлімімен бітіп отырған. Ынтымақтық тілеген ел дауды білекпен емес, біліммен, бітіммен көздегені ақиқат. Сондықтан, бұл тармақтың қазақ даласы үшін де, қазақ баласы үшін де мәні зор екені даусыз еді.

Ағыбай би де осы дәстүрді дамытып, жер дауын, жайылым, қоныс дауын әрдайым әділ шешіп отырған. Бұған, Арғын мен Үйсін руларының жерге таласын шешудегі шеберлігі мысал бола алады.

Шу бойында Арғын мен Үйсіннің арасында жер дауы болып, ел тыныштықтан айырылған екен. Бұл іс татулықпен бітпеген соң, екі жақ бітімге Ағыбай батырға келеді. Сонда Ағыбай екі жақтың кісілерін тыңдап алып, айтқан екен:

Жаугершілік заманда,

Қорғаған соң елімді.

Патшаларға бағынбай,

Жолым болып жорықта,

«Ақжолтай батыр» атандым.

Астында жүрген азаптың,

Көптеген батыр болды ғой,  
Діні ислам қазақтың.  
Соның бірі мен болып,  
Қорғап қалдық қазақты,  
Ішінде күйіп тозақтың.  
Арғын деп Үйсін бөлмедім,  
Бәрін де жауға бермедім.  
Арғын-Үйсін бәріңіз,  
Бір атаның баласы.  
Бөлері жоқ үш жүздің,  
Ешкімнің жоқ таласы.  
Біріңді-бірің сыйландар,  
Жәрдемдесіп қиында.  
Ұйымшыл бол бірігіп,  
Осындай іс жайында,-

деп, өзінің әділ шешімін айтыпты. Ағыбайдың шешіміне екі жақ риза болып, бір-бірімен келісіп, қыз алысып, қыз берісіп, татуласып қайтқан екен.

Қазақ салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында қасақана кісі өлімі ауыр қылмыс болып саналады, даулы істе билік айту 8-ден 24-ке дейін қатысатын «би кеңесі» шешеді. Төбе биді даугер мен жауапкер жақ өзара келісіп таңдайды. Төбе би таңдауы бойынша алдын-ала «кеңеске» билерді, ақсақалдарды шақырады. Даугер мен жауапкердің «кеңес» мүшелеріне қатысты пікірі ескеріледі. Қазақ әдет-ғұрып заңдары бойынша өлім жазасына адам өлтірген, ұрлық жасаған, ел тонаған, әйел зорлаған, ойнас қылғандар кесіледі. Ең ауыр жаза «өлім» кісі өлтірушіге қолданылған. Қазақ ұғымындағы кек қайтару ғұрпы айыпталған емес, керісінше әлдеқалай бұзыққа, не келімсекке қандас туысының өшін жіберсе, не басының намысын қорғай алмаса, ондай азаматты халық қор санаған. Туысын өлтірген қылмыскердің өз қанын, не ағайынның қанын ішпей жіберу, кешірілмес күнә саналып, ондай еркектер жұрттың көзіне шыққан сүйелдей болып, онымен бір дастарханға отыруға өзгелер арланған және бүкіл руға тағылған «таңба» деп түсінген.

Алаштың азаматына қас жауының кеңірдегін қанжармен орып жіберіп, қанын ішу ата жолына кіретін, әдет-ғұрып алдындағы абыройлы міндет. Ер жігіт түгілі қазақтың бойжеткен қызы да беліндегі кездігін тастамаған

Қазақтардың XVIII-XIX ғасырдағы кек қайтарудағы катал мінезі туралы А.И. Левшин былай деп жазады: «Өзіне жасаған қорлыққа кек қайтара алмаған қазақ, ашу-ыза үстінде құтырған қасқырға ұқсас. 1821 жылы Антонов Бекінісінде сол маңда көшіп жүрген бір ордалық қазақ менің көзімше өзін пышақпен бірнеше рет тілгілеп тастады, себебі оның төбелесіп жатқан бір орысын бірнеше Жайық орыс-казактары арашалап алып қалып, әбден шерін тарқатуға мүмкіндік берген жоқ...

Егерде талай кедергіден өтіп, көптен бері іздеп, ақырында өзінің кегі кеткен жауын тап-қанда, ол тіпті нағыз жолбарысқа ұқсап кетеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын Кіші жүздің Байұлы елінің ішіндегі Беріш руының қазақтары, өз туыстарының кегін қуып Әлімұлына шабуыл жасады және бірнеше жауларын қолға түсірді. Қолға түскен бақытсыз жандардың, басына түскен тағды-рын адам қиялы елестетуі неғайбыл. Жеңімпаздар оларды бейіт басына, өздерінің өлген туыста-рының қабіріне алып келіп, бір-бірлеп, сол жерде-ақ өлтіреді...».

А. Левшиннің жазып отырған уақыты, ханда билік, билерде бәтуә жоқ кезде, қазақтың ру-лары өзара да қанды кек қуысатын болған, мүмкін сондай жан кешкілік заманда өзін-өзі сақтау, халық болып қалу да оңай болмаған болар, намысты жоғары қойған «қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» дейтін қазақ үшін қалыпты жағдай болған.

Бірақ, сөзге түсінген, биге жүгінген ел болғандықтан, қазақ руларының өзара дау жанжал-дарын от тілді, орақ ауызды би-шешендерді ушықтырмай, әділ шешіп отырған.

Қазақ «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» деп, сөз өтетін жерде, шоқпарын ыңғайламаған, сөзбен қағысып барып, ештеңе шықпайтын болғанда ғана іске кіріскен, әйтпесе көшпелі, ыдырап жүрген елді, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратындай ұйымдасып, ынтымақтастырып отыру оңай болмаса керек. Кемеңгер билер ғана, екі ру қазақтарын қанды қырғынға барғызбай бітімге күн төлетіп келістірген.

Қанды кек егер талапкер жақ келіссе, билердің ұйғарымы бойынша жұмсартылатын да жағдай болады. Ондай қанды кектің орнына талапкер жақ қылмыскерден алынған төлеммен қана-ғаттанады. Кісі өлтірушінің өмірін сақтау үшін руластардың төлейтін төлемді «Құн» деп аталады. Құнның ең ауыры «Үйірімен үш тоғыз».

Күдікті адамды кектен қайтару үшін, оның руластарының ішіндегі ең сыйлы, қадірлі, елге беделді ағайындарының бірі жұрт алдында кепілдік беріп, ант ету керек. Осы ғұрыпты қазақ «Жан беру» деп атап, істің шешімін тауып, келісімге келеді.

Ағыбай батыр тек өз дәуірінде елін, жерін отарлаушы жаудан қорғап қалу ғана емес, би ретінде - ол адамгершілік, парасаттылық, ата-баба намысын, дәстүр-салтын сақтау, әсіресе халық-тың бірлігі мен ынтымағын нығайту үшін көп еңбек сіңірді.

Қазақ халқында бітімге қатысты бірнеше құқықтық ұғымдар қолданылады. Олардың ішінде жиі кездесетіні: төрелік айту, кесім айту, бітім айту, немесе істі бітіру, үкім шығару. Бұлардың көпшілігі айшықты, әдемі мақал түрінде айтылады, немесе билік айтушы шешен өзіне дейін осын-дай іске байланысты қалыптасқан шешімді (мақал түрінде) қайталайды.

Төрелік айту (төресін беру) - бұл хан, не сұлтан алдында біткен дауларда айтылатын ұғым. Кейде халық даудың қандай түріне болсын қолдана береді, бірақ түпкі негізі Шыңғыс тұқымынан тарайтын төрелердің алдына барып шешімін тапқан мәселеге қатысты. «Төре» сөзі ерте уақыттан бері билікке тікелей қатысты қолданылады және билікке қатысты әлеуметтік топқа айтылады, бұлар ел басында, билік басында қызмет істейтін жандар. «Төре» монғол тілінде билеуші, немесе жоғарғы мансаптағы шенеунік деген мағынаны білдіреді. XIX ғасырдың ортасына дейін, бұл ұғым тек Шыңғыс тұқымына қатысты қолданылып келіп, XIX ғасырдың ортасынан бастап орыс-тың да, қазақтың да оқыған қызметкері адамдарына қатысты қолданылды. Төреден гөрі енді «ұлық» деген сөз көптеп қолданыла бастады. Мәселен XIX ғасырдағы отарлау әкімшілігінің шенеуліктері (губернатор, әскери адамдар, тілмаштар, салық жинаушы, санақ алушы т.б.) «ұлық» деп аталды. «Төре» атауы, енді адамдардың тек Шыңғыс тұқымынан шыққаны туралы ғана ай-тылды.



Бітім айту (бітімін беру) - кез келген даулы мәселеден айтылатын шешім. Бұл сөздің түбірі «біту» істі аяқтау мағынасында айтылады. Кейде «даудың бітімі», кейде «істің бітімі» деп айтыла береді. Егер даугер жақтың айғағы жоқ болып, бопса дәлелмен дауға түсіп шешім алатын болса, онда «бітім алды» деп те айтылады.

Кесім айту (кестіру) - бұл сөздің түбі «кесу» дауды бітіру мағынасында. Бұл енді дау жалғаспайтындай қылып, біржолата шешіп-пішіп дауды бітіру үлгісі. Қазақ билігінің соңында ала жіп кесіледі, ол дау осымен бітті, енді қайта бұл мәселеге айналып соқпаймыз деген емеурін.

Кесім сөзді билер айтады, бірақ кесім белгілі бір ұсынысты, төрелікті, жаңалықты бекіту үшін де айтылуы мүмкін. Бұрынғы уақытта хандар мен сұлтандар өз тарапынан төрелік бере отырып, өз сөзінің салмағын бекіту үшін билерге кесім кестіреді. Билік дәстүрінде құқықтың, тәртіптің қайнар көздері қатарына белгілі бір шешім үлгілері жатады. Бұл үлгілердің қатарына билердің қолданысындағы әдет-ғұрып ережелерінің көпшілігін, билікке қатысты мақал-мәтел-дерді жатқызуға болады, сонымен қатар төрелердің, атақты билердің айтқан сөзін, шешімін сол қалпында, сол жерде құқықтық ереже есебінде бекітетін дәстүр ретінде (прецедент) кесілді деп айта береді.

Қазақ тарихында XVII - XVIII ғасырларда өте беделді, ықпалды, әруақты болған хандар Әз Тәуке мен Абылай өмірбаянынан олардың өздері айтқан шешімді, ұсыныстарын билердің кеңе-сінде кестіретін болған. Бұдан әрі бүкіл ел билігін, төрелігін жасаушы би қызметіндегі осы шешімді заң ережесі есебінде пайдаланды.

Үкім шығару (үкім айту) - билік істерінде көбінесе ауыр қылмысқа байланысты айтылады. Үкімді хан да, сұлтан да, билер кеңесі де айта береді, тіпті жеке билердің өзі де (ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін билер) ел ішінде өте ықпалды болса үкім айта алады. Ол тек бітім мәселесін ғана шешпейді, үкім тікелей жаза тағайындауға байланысты айтылады.

Үкімге жататын істердің ішінде ең ауыр қылмыс саналатын - адам өлтіру, ел тонау, әйел зорлау т.б. жазаның ең ауыр түрін талап етеді. Сұраушы мен жауапкер жақ, өзара келісіп құнды малға, дүниеге т.б. салған күннің өзінде де жаза қолданылады. Мысалы, адам өлтірген жақ, құн төлеуге келіскен күннің өзінде де, өлген адамның туыстары қылмыс жасаушының ауылына ат қойып, қолдарындағы қаруларымен үйлерді бір-бір салып өтеді.

Үкім айтылатын істердің ішінде өте күрделі де, өте жеңіл де болады. Соңғы айғағы бар, кінәлінің мойнына нақты қойылып отырған қылмыс. Ал енді күрделісі бұрын соңды билердің ал-дына келмеген ала бөтен, үлгісіз, тәжірибеге түспеген істер.

Кейбір кезде, екі жақты бірдей жазалау арқылы болашақта қылмысты болғызбаудың бірден - бір кепілі.

Қазақ дауларының көпшілігі «ала жіпті» кесумен аяқталады. Егер сұраушы мен жауапкер билердің шешіміне риза болса екі жақ «ала жіпті» шорт кесіп бігіседі. Бұл мәселе толық шешілді, енді қайтып дау көтерілмейді дегеннің белгісі. Дау барысында билердің шешімімен ала жіпті қарт әйелдердің бірі дайындайды, ол сонысына бола өз жолын алады. Бітім айтылып екі жақта өз риза-шылығын білдірген уақытта жаңағы қарт әйел ала киініп (міндетті түрде) ала жіпті кеседі. Егер жаңағы әйел кеспей басқа адам кессе, онда дау әлі де жалғасып кетуі мүмкін деп есептелді.

Ағайын арасындағы, ел ішіндегі даулардың көпшілігі осы «ала жіпті» кесумен

аяқталған-дықтан, қазақтың ішінде «біреудің ала жібін аттамады» деп те айтылады. Ол адам ақ, таза, ұрлыққа т.б. қылмысқа қатысы жоқ деген сөз. Қазақ халқы ала жіпті аса құрметтейді, оның басты бір себебі түпкі ұлттық бірлік идеясы алаға (Алашаға) байланысты болуымен тікелей қатысты. «Ала» ұлттық, рулық, ағайындық бірліктің нышаны.

Ірі ру-тайпалар арасындағы дау-жанжал бітімін тапса құрбандыққа мал шалады. Құрбан-дыққа шалынатын малдың қасқа болуы басты шарттардың бірі. Сол себепті не ақ қасқа, не көк қасқа деп айтылады. Құрбандық малдың «ақ (ақшыл)» түсті болуы да басты шарттардың бірі болып табылады (ақсарыбас). Сойылған малдың бауыздау қанына екі жақ қолдарын малып, дұға оқыса бітім аяқталды деп есептеледі. Қолдарын құрбандыққа малдың қанына батыру, одан кейін қан болған қолдарын көкке көтеру ертеден қалған, егер бұдан кейін уағда, ант бұзылса «көк соқсын» деген. Тәңірге арналған дұғамен біткен. Кейінгі уақытта мұсылмандық тәртіп бойынша Құран оқылып, ел тарқасады.

Қазақ ішіндегі бітім-кесіммен бірге жүретін бірге жүретін бір түсінік «салауат» деп аталады. Оның мағынасы ел арасындағы ағайындық шарттармен тікелей байланысты, егер дау «қарындасқа» бітсе, аяғы салауатқа жалғасады. Екі жақ та бұл жағдайда «өткенге салауат» айтып енді бұдан былай бұл істі қумайтын болады. «Қарындас» болып біту көбінесе дауласушы жақ-тардың бір-бірінен қыз алысып, құда болып жарасумен тікелей байланысты. Қазақ құн даулаған уақытта, ірі барымтаның кезінде, жер дауы, жесір дауының кезінде даудың соңын осылай «қарындас» болып аяқталғанда дұрыс көреді. Жеме-жеме келгенде ел басшылары «жан беру», «ант беруден» қашып «қарындасты» оңай жол, елдің басын қосып, ынтымағын күшейтетін бітім, деп білген.

Бітімге оңайшылықпен келмейтін дауларды қазақ «қасаң дау» деп атайды. Бұған байла-нысты Қаздауысты Қазыбек би жас кезінде Әнет бабадан (1626-1723) сұраған екен деген, мына-дай әңгіме бар: «Әнет баба заманында көп оқыған. Бұқарада он екі фән ғылымын бітіріп келген адам екен. Қазыбектің жас кезі Әнет бабадан қазақтың ескі жолын, әрі «шариғаттың» тәртібін үйренейін, деп әдейілеп келіп бір жаз қоныстас болыпты. Күзде еліне кетерде Әнет бабамен қоштасып тұрып мына сөзді сұрапты:

- Баба! Дүниені не бұзады? Күнә неден шығады?

Сонда бабаң ойланып отырып айтыпты:

- Шырағым, «әкім» деген сөзде арабша үш әріп бар, соны екі рет айтсаң алты әріп (акм, акм). Сол алты әріп: әйел (әйел) мен алтын, кек пен кежір, мақтан мен мансап. Адам осы алтауына қызығып дүниені де бұзады, ардан да, адамшылықтан да айырылады, күнәға да ұшырайды,- депті.

- Айғақсыз, қасаң дауға неге бұрынғылар бір түйін шешім айтпаған? - деп Қазыбек Бабадан сұрағанда, Әнет бабаң: «Қазақ жолы - қанағат, ол да жолдан адаспас, қасаң даудың емі - шариғат, бұған ешкім таласпас»,- деген екен».

Бұл өте маңызды анықтама. Ең алдымен қазақ жолының, әдет-құқығының тәртібінің негіз-гі мақсаты айқын көрініп тұр, ол жоғарыда айтылған «қарындас», «салауат» ұғымдарымен тікелей байланысты «қанағат». Қазақтың дауындағы басты мәселе тіпті біреуден бірдеме өндіріп алу да емес, әділдік, ел ішінде өзінің адамшылығын, абыройын, азаматтығын сақтап қалу. Бұл жердегі басты мәселе намыс жолы.

Көшпелілердің ішінде егер бітім тең дәрежеде болмай, екі жақтың біреуі үстем болса, онда оның шарттары басқаша болады. Мәселен, егер бір жағы үстем, бір жағы бағынышты

болатын болса, жоғарыдағы сипатталған жағдайлардан басқа «аманат» ауысады. Ел аралық аманатты тыныштылығының кепілі деп есептейді. Бағынышты жақ өзінің ішіндегі таңдамалы адамдарының (ханы, сұлтаны, би-манаптары) жас отау тіккен балаларын ақ отауымен бірге үстем жаққа тапсырады. Қарсы жақ сол мал-жанға, дүниеге кепілдік береді. Осыған байланысты, қазақта «аманат сақтау» деген бар, бұл сөз қазақтың аманатқа өте жауапты қарағандығын көрсетеді.

Жаугершілік уақытта көрші елдердің арасында жиі кездесетін салт-бітімнің бірі - серттесіп біту. Бұл ұрыс-жанжалды уақытша тоқтатуға қажетті амалдың бірі. Серттескенде екі жақ жалаң қылышты орталарына алып, кеудесін тигізіп құшақтасады (басшылары), немесе садақ оғын төбе-леріне қояды немесе қанжардың жүзін жалайды. Екі жақ та мұндайда мал сойып, оның қанына қолдарын малады, бірақ қаруды сертке пайдалану көбірек. Мұндай сертке, антқа қатысы бар адамдар сол елге қарсы жаугершілікке қайта шықпауға күш салады. Егер, сертке, уағдаға тұрмаса «Ант соғады» деп ырымдайды.

Отырықшы халықтармен болатын бітім-кесімдер көбінесе қағаз арқылы, не мұсылман молдаларын араға салу арқылы жүрген (Ресей, Қытай және Парсы елдері), олардың қағазға қойған қолтаңбасы, мөрі қазақ ұғымында қолдарын қанға малып, қаруды құшақтап, ала жіпті кесіп жасаған бітімнен күшті емес.

Қазақта хан ежелден елдің сыртқы мәселесімен айналысса, ел арасындағы дау-дамайға төрелік ету, билік жасау билердің үлесіне тиіп отырған. Ал, ел арасындағы ауыр істердің түйінді шешімін «Төбе би» айтатын болған.

Міне, Ағыбай би де сол төбе би дәрежесіне көтерілген. Асылы, билерді халық сайламаған, олар ел арасынан шыққан ақыл-ойға жүйрік, сөзге шешен, істе адал, білгір де, алғыр ойлы жан-дар. Сондықтан, олар ру-руға бөлмей, өзара келісімге, ынтымақ пен жарастыққа шақырып, өздерінің көсемдігі арқылы халықтық саясатты қалыптастыруға күш салған. Халық арасындағы «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қанатты сөздің тууына себепкер болған да осы Ағыбай сияқты билер. Сол кездегі қазақ еліндегі өте ықпалды билердің бірі болған. Ағыбай би де, қазақ әдет-құқығы заңдары бойынша ең ауыр қылмыс - қасақана кісі өлтіруге байланысты үкім шығарғанда да даудың мұраты - жауласқан екі елді татуластыру, ел ынтымағын нығайту екенін алға қойған.

Абылай заманында Шұбыртпалы елі Түркістан маңын мекендепті. Сол кезде елді жас кезінен аты шыққан Бекежан деген би басқарыпты, атақты ақын Нартай осы Бекежанның ұрпағы. Шұбыртпалы елін Бекежан 15 жылдай басқарып, дүниеден ерте кетіп, артында бес жасар Әйеке деген баласы қалады. Әйекенің нағашысы Қаракерей Қабанбай батыр екен. Атақты Шортанбай ақын:

Бекежандай ұл тумас,

Қайны болмас Қабандай.

Балам бар деп мақтанба,

Өзіңнің болса аяңда,-

деген шумақтары осы орайда айтылған.

Жаугершілік заманда, Шұбыртпалы екі бөлініп, көпшілігі Арқаға - Балқаш көліне қарай, азшылығы Ақмешіт жағына көшеді. Бекежанның баласы Әйеке де он жасында Ақмешітке кетеді. Кейіннен, ата жолын қуған әділдігімен, өзінің пысықтығымен Әйекенің

(1839-1880) аты шығып, жас кезінен, сол жердегі елді басқарады. Бірнеше жыл бойы Ақмешіт өңіріндегі Шиелі болысын-да, болыс басқарушысы болып қызмет атқарады. 1880 жылы болыс сайлауы кезінде, сайлауда жеңе алмайтынын білген, оның бәсекелесі Қыпшақ руының Әлмәнбет Тұрсынбаев (1829-1909) деген қаскүнемі Әйекені атып өлтіріп кетеді. Мұның аяғы, Қыпшақ пен Арғын руларының ара-сындағы үлкен дауға айналып, зор бүліншілікке әкеп соғады. Сол уақытта, Үш жүздің билері жиналып, екі жақтың - даугер мен жауапкердің келісіп таңдауы бойынша, Ағыбай батыр осы өте ауыр дауда Төбе би болып сайланады. Бұл билік Ағыбай үшін өте ауыр еді, өйткені Әйеке болыс оның аталас туысы еді, ал қылмыскерге үкім шығарылып, өлім жазасына кесу керек еді. «Тура биде туған жоқ» деген алтынға айырбастағысыз асыл да, ақиқат сөз болғандықтан, «Жақыным едің», - деп жалтақтамай, «Жатым едің», - деп ту сыртын бермей тура сөйлеген биді, халық пір тұтқан, сондықтан да осындай ауыр істі әділ, қара қылды қақ жарған Ағыбайға тапсырған.

Ал енді, жауапкер Әлмәнбеттің «жан берушісі» қыпшақ руының белгілі ақыны Бұдабай Қабылов (1848 - 1911) еді. Билердің алдына кіріп келген Бұдабай ақын әйгілі «Әйекенің жоқтауы» деген атпен белгілі жырды бие сауым уақыт жырлапты:

Ағайынның арасы,  
Ажырасса осылай.  
Басымыз бір қосылмай,  
Білмедім немен тынарын.  
Арғын, Қыпшақ, құлақ сал,  
Бұдабайдың сөзіне.  
Сабырға кел бір ауық,  
Сана болса өзінде...,-

деп басталатын Бұдабайдың жоқтауының өзегі - әкесі Бекежан мен Әйекенің көп жыл бойы халыққа адал қызмет еткенін, ел арасындағы беделін, ата жолын құған әділдігін жырлағанда, жиынға қатыс-қан адамдардың бәрінің көздерінен еріксіз жасы аққан екен.

Бұдабай ақынның жоқтауын тыңдап болғаннан кейін, сәл ойланып Ағыбай би: «Әйекені бір қыпшақ өлтірсе, екінші қыпшақ тірілтті ғой, осымен дау бітті, қыпшақ жағы үш тоғыз құн төлесін, енді жауласуды доғарайық!» - деп тарихи үкім шығарыпты және осы тарихи шешім «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қанатты сөздің айғағы. Осы шешімге дауласушы екі жақта риза болып, қыз алып, қыз берісіп құда болып қайтыпты. XX ғасырдағы қазақ өнері мен мәдениетінің аса көрнекті өкілі – майталман өнерпаз: әнші, жыршы, ақын, әрі сазгер Нартай Бекеженұлы (1890-1954) осы Әйеке болыстың немересі.

Міне, биліктің қандай деңгейінде болсын басты мұраты - бітім екенін осы Ағыбайдың шешімінен көреміз.

Осы тарихи билік Ж. Боранбаевтың «Ағыбай батырдың соңғы жорығы» деген жырында былай айтылады:

... Айырып мезгіл, мекенін,  
Арнайы жоқтау екенін.  
Ағыбай сонда түсінді,

Емессің мұның жеке мұң.  
Қалмаған ешбір иманы,  
Сәскеде елді жинады.  
Естідім, деді бір жоқтау:  
Жауһар мен жақұт жиғаны.  
Өлтірген екен бір Қыпшақ,  
Тірілткен екен бір Қыпшақ.  
Райдан қайттым, халайық,  
Болмайық енді қырық пышақ!  
Болайық дос-жар Құдайдай,  
Тиялық жасты, жыламай.  
Өлтірсе оны Әлмәнбет,  
Тірілткен екен Бұдабай!  
Жұмақты жұмбақ ел дейді,  
Ескені жұпар жел дейді.  
Жырменен жоқтау айтылған,  
Әйекем енді өлмейді.  
...Жүрекке түссін жай тіпті,  
Ағыбай солай айтыпты.  
Қазақтың ескі жолымен,  
Құн алып қана қайтыпты.  
Еліртпей тентек, тәйтікті,  
Ырысын елдің байытыпты.  
Ағыбай батыр Арқаға,  
Жыр алып қана қайтыпты...

Міне, каталдық пен қатыгездікті жұмсартып, қазақтың сол кездегі онсыз да оңай желпіл-деген түндігіне одан сайын жер үрлемей, жаттан емес, жақыннан жай тапқызатын қатқылдықты иітуге барын салған Ағыбайдың мәмлегер даналығы, өлімді өліммен көбейтпей, осылай, ізгілік тілекпен өмірді арашалап, ел бірлігін сақтап қалған.

Қазақта, Ресей отаршыларымен 1783-1797 жылдары соғысқан, өзінің ақыл-ойымен, шешендігімен, ұрыстағы ерліктерімен халық сүйіспеншілігіне бөленген Сырым батыр (1742-1802) айтты дейтін бір сөз бар. Ертеде Сырым батыр Үргеніш ханына сәлем бере барған екен. Сырым-ның батырлығын, шешендігін жақсы білетін хан өзінің қарамағындағы елдің ең бір айтулы биін шақырып Сырыммен айтыстырады. Сонда Үргеніштің шешені

Сырым батырға мынадай сұрақ қояды:

Дау мұраты не?

Саудагер мұраты не?

Қыз мұраты не?

Жол мұраты не?

Сырым батыр сәл ойланып:

Дау мұраты - біту,

Саудагер мұраты - ұту,

Қыз мұраты - кету,

Жол мұраты - жету,-

деген екен. Сырым батырдың сөзінің мәніне, тапқырлығына риза болған Үргеніш (Хиуа) ханы оны жақсылап қонақ етіп, шапан кигізіп, ат мінгізіп шығарып салыпты.

Қазақ қоғамының негізі ру болса, рудың негізі отбасы болды. Туыстық есеп өзегі атадан бастау алып, қарым-қатынастың барлық саласын баурайды. Қоғамдық және қауымдық тіршіліктің әр саласында түрлі туыстық ұғымдар қолданылады: ұру (ру), сүйек, үрім-бұтақ (ұрқы), жұрағат, ағайын, ел-жамағайын, жеті ата, ата баласы, аталас, топ тармақ, арыс, төбе, тайпа т.б.

Осылардың ішінде қандас туыстық жеті атаға дейін ерекше сақталады: «жеті атасын білген ер - жеті жұрттың қамын жер», «жеті атасын білмеген - жетесіз» т.б.

Қазақ ішінде «үш жұрт» ұғымы қолданылады. Біріншісі - ер адамның әкесі жағынан туысатын өз жұрты, әйелдің - төркін жұрты деп аталады. Екіншісі - шешесі жағынан туысатын наға-шы жұрты. Үшіншісі - әйелі немесе күйеу жағынан туысатын қайын жұрты. Қазақ ата намысына қанша тартса да «ердің жақсы болмағы нағашыдан» деп нағашы жұртына аса үлкен маңыз береді.

Белгілі заңгер-ғалым, құқық магистрі, Жақып мырза Ақбаев, Семей округтік сотының мүшесі болып жұмыс істеген уақытында, қазақтардың әдет-ғұрып заңдарын зерттеп «Қазақтар-дың әдет-құқығы, оның ішінде неке құқығы туралы жазбалар» деген еңбегінде былай дейді: «Қазақтардың әдет-құқығын зерттеу үстінде дұрыс түсінсеңіз заңдық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік мәні бар сөздер, мен ұғымдарға кезігіп отырасыз. Қазақтардың әдет-құқығын баяндау-шылар әдет-құқықтық принциптерге (нормаларға) тікелей байланысты бұл ұғымдарды ауызға да алмайды, сол ұғымдардың астарында жатқан маңызды түсініктердің сырын ашуға талпынбайды. Әлбетте, зерттеушілердің көбі-ақ бұл ұғымдармен санасады, бірақ қазақтың тілін білмегендіктен, сол мағлұматты бергендердің көмегі нашар болғандықтан, бұл ұғымдардың тегіне тереңірек үңілмей, зерттеуден бас тартуға мәжбүр болған. Қыр адамдары әлденеше ұрпақтардың сынынан өтіп, кәдесіне жарап келе жатқан әдеттік-құқық тәртібінің әбден қалыптасқан түрлері туралы зерттеушілерге айтып бергеннің өзінде, өздері өз арасында келтіріп тұрған ұғымдардың мәнін түсінбейді. Міне, осындай себептермен «қарғы бау», «құйрық-бауыр», «талақ» және басқа сөздер-дің мағынасы осы уақытқа дейін шешілмеген жұмбақ болып қалған.

Біздің қазіргі міндетіміз - қазақтардың әдет құқығын, оның ішінде неке құқығын

зерттеуде кездесетін ұғымдарды анықтап, ғылым мүддесіне қызмет етушілерге көмек беру болып табылады. Алдымен, қазақтардың құқық түсініктерін қалай айтатынын білдіреміз де, содан кейін неке құқығы саласындағы сөздер мен ұғымдарды саралаймыз...».

Ағыбай бидің отбасы және неке шешімдері «Жеті жарғыдан» бастау алады. Өйткені, сол кездегі билер де ежелден қалыптасқан салт-дәстүр ережелері қатаң сақталған. Бұған кемдікте, қорлықта күн өткізіп, жазықсыз жапа шегіп жүрген бейбақ қыз-келіншектердің: «Ағыбай ағама сәлем айт», - деп жолаушы-жүргіншілерден хабар жолдайтыны, Ағыбай батырдың басын қатерге тігіп, арнайы барып оларға бостандық алып беретіні жайлы ел жадында сақталған аңыз-жырлар куә. Ағыбай батыр жөніндегі бұл билік сөздерінде де қарапайым адамдардың жақтаушысы, халық қамқоры, әділдікті, теңдікті жақтаушы ретіндегі абзал қасиетінен айнымайды.

Бір кезде қазақтар әлсіреп тұрғанда, өзбектер қазақпен көп шабысып, ері - құл, қызы - күң боп, қазақ-өзбек арасы теңдіксіз екен. Ағыбай батырдың Найман руына берген бір қарындасы да бір шапқыншылықта, тұтқындалып кеткен көп қазақ қыз-келіншектерімен бірге өзбектерге еріксіз айдалып кетеді. Осы жағдайды естігеннен кейін: «Қазақтың қыз-келіншектері күң, қарындастың жаудың қолында қалғаны жарамайды!» - деп, 40 кісіні қасына алып бітімге барады. Өзбектің сол кездегі Әлімқұл деген ханы бар екен. «Қазақтың Ағыбай батыры бітімге келе жатыр дейді, оған кім теңдік береді. Мені сейілге кетті деп қайырып жіберіңдер», - деп Әлімқұл үйінен кетіп қал-ыпты. Ағыбай барған соң, Әлімқұлдың адамдары шатыр тігіп: «Осында түсесіз», - деген екен. Ағыбай батыр: «Хан ордасынан басқа жерге түспеймін», - деп Әлімқұлдың ордасына түседі. Ордаға кіріп келгенде есікті ашқан бір аппақ әйел Ағыбайға жалт қарайды. Бұл Әлімқұлдың ақ тоқалы екен және назары Ағыбайға ауыпты. Кейіннен, бұл әйелді, көпті көрген, көп жорытып, көп жасаған Ағыбайдың: «Өмірімде көрген сұлу әйел», - деген екен. Сол жерде, Ағыбайдың басына сұлу әйелді көргенде әр түрлі ой келеді. Бірақ сабырға салып: «Қой, басқа жұмысымды тастап, бір әйелге қызығып басымның айналғаны болмас», - деп, Әлімқұлды шақыртады. Әлімқұл: «Бұл маңқа қазақ, сонау Арқадан не іздеп жүр?» - деп үйге кіре береді. Сол сәтте Ағыбай батыр: «Мә, саған маңқа қазақ, Әлімқұлдың басын шапқалы келдім!» - деп, Әлімқұлға қылышын ала ұмтылады. Сонда Әлімқұл: «Ер шекіспей бекіспес, достыққа - төсім», - деп құшағын жая ұмты-лады. Сонымен, екі жақ келісімге келіп, билікті Ағыбай батыр айтып: «Қазақ-өзбек мал шабысса да, адамды тұтқын қып, ұлы - құл, қызы - күң болу бұдан былай тоқтасын!» - деп билік айтып, содан бері қолға түскен адам болса, өзбек қазаққа, қазақ өзбекке қайтаратын болып, билікке екі жақ бірдей риза болып, тарихи бітімге келеді.

Тарихи деректер және архив құжаттары осы бітімді растайды. Осы бітім мен достықтың арқасында 1864 жылы Әлімқұл мен Кенесарының баласы Сыздық төренің шақыруымен Ағыбай батыр орыс отарлаушы әскерінің басшылары Веревкин мен Черняевтің әскерінің шабуылынан Қоқан (өзбек) иелігіндегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесін қорғайды. Атап айтқанда, А. Кенесариннің кітабында былай айтылады: «Одновременное наступление в июне 1864 г. отрядов полковника Веревкина со стороны Сырдаринской линии и полковника Черняева со сто-роны Алатауского округа начало выполнения плана, необходимость которого сознавалась еще в эпоху крымской войны... Описание осады взятия гор. Туркестана изложено общих чертах в доне-сении самого Веревкина от 19 июня 1864 года: «Еще несколько дней тому назад ходили до-вольно достоверные слухи о намерении Сузака и Ташкента помогать против нас Туркестану. 10 числа слухи эти отчасти вступлением в Туркестан Садыка со 120-го кольчужниками, составляю-щими соединенные гарнизоны Сузака и Чулак-Кургана. Вследствие таких обстоятельств решено было вести

атаку как можно энергичнее и быстрее...».

Пять дней спустя аксакал Джанги рано утром сам отворил ворота русским и впустил их в Туркестан. После этого Садык султан вместе с туркестанскими хакимом мурзой Даулетом удалился в Чимкент.

Неделю спустя занимавший ханский престол в Коканде мулла Алимкул пришел в Чимкент с большим войском. В то же время со стороны Сибири двинулся генерал Черняев и взял Аулие-Ату... Будучи известен мулле Алимкулу, султан Садык получил от него прежнее звание пансата (кокандский военный чин, начальник 500 чел.)...».

Міне, Ағыбай ел-жұртының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, шежіресін, тарихын, қоғамның даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың сан-алуан қасиеттері мен құпияларын білетін, адам-дардың көкірек-көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, қырлы-қырлы мінез-құлықтарды айтқызбай-ақ тап басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде қасиеті бар, жан-жақты бір тума жан болған.

Ақжолтай Ағыбай батырдың ұлт-азаттық көтерілістің басшыларының бірі болып алдына қойған мақсаттарының бірі - Орыс және Орта Азиялық отаршыларының қазақтың ең шұрайлы суы мол жерлеріне рұқсатсыз қала тұрғызып, бекіністер орнатып халықты байырғы мекендерінен ығыстыру саясатына тосқауыл қою еді. Туған елінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, болашақ ұрпақтың қамын ойлаған. Ол үш мәселені шешуді арман етіп өткен. Атап айтқанда: мемлекеті-міздің тұтастығын және дербестігін сақтау, жер мәселесін шешіп, жерді бүкіл халықтың игілігіне айналдыру, туған жеріміздің топырағын келімсектерге тапталпау мақсаты болған.

Ағыбай батыр осы мақсатын орындау жолында қолынан келгенше әрекет жасап, патша әкімшілігіне, ел мүддесінен өз мүдделерін жоғары қойған сатқын хан-сұлтандарға, би-болыстар-ға өле-өлгенше қарсы ымырасыз күрес жүргізіп, оларға бас имей өтті.

Ш. Уалиханов өзінің «Қазақ шежіресі» деген әйгілі еңбегінде: «Қазақтардың әрбір ру ба-сылары өз ру-тайпасының шежіресін - шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып заңдарын, ескі жарлық-тарын, халықтың басынан өткен тарихи жайларды көп жасаған ақсақалдардан ижаһатпен үйре-ніп, өзінің шешендік өнерін шыңдауда көптеген аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайды. Сондай дайындығы бар билердің аузынан шыққан сөздерді халық ұйып тыңдайды, ол нақыл сөздердің мәні өмірдің бар саласын қамтитындай өсиет-өнерге, тәлім-тәрбиелік, патриоттық мазмұнда болып келеді», - деп, сол кездегі ел басқарған тұлғалар тек рубасы ғана емес, ол бүкіл халықтық құрметке ие болған би болғанын дәлелдейді.

Халық арасындағы кең тараған, 1862 жылғы Атбасар дуаны бойынша аға сұлтандыққа сайлауға түскен Шоқан Уалихановты Найман елінің Бағаналы руының болысы Ерден Сандыбаевтың (1808-1862) жеңіп шыққаны туралы жаңсақ мағлұмат бар, ал шындығында Шоқан сай-лауда басым дауыспен жеңіп тұрса да, өзінің денсаулығына байланысты аға сұлтандықтан бас тартады да, осы себеппен Ерден аға сұлтан болып тағайындалады. Омбыдағы мемлекеттік архив-тегі мына құжат соның дәлелі (Мем. Архив, 374 қор, 1-тізбе, №389 іс), 1862 жылдың 10-шы қара-шасында Батыс Сібір генерал-губернаторы А. И. Дюгамель қол қойған №54 санды бұйрығының мазмұны мынадай: «...О переменах по службе. Приказ генерал-губернатора Западной Сибири. 10 ноября 1862 года №54 по области Сибирских киргизов. Утверждаются в должности: По избранию Атбасарского округа, хорунжий Ерден Сандыбаев - старшим султаном того округа, вместо штабс-ротмистра



Чокана Валиханова, избранного на эту должность большинством голосов, но отказав-шегося от принятия оной за болезнью, и султан Кочек Джадаев - кандидатом старшего султана, оба на 3-х летие с 1862 года...».

Ақжолтай Ағыбай тек, батыр, шешен, би ғана емес, ол қазақ еліне кең танылған халық ағартушысы, әрі дана тәрбиеші болды. Ресей патшасымен көп жылдық соғысынан кейін ол кейін-гі ұрпаққа көрегендікпен: «Орыс империясын соғысып жеңе алмаймыз, тек оқу мен ақылменен жеңе аламыз», - деген екен. Арқада медіресе ашып, әр жерден, атап айтқанда, Түркістаннан, Қазаннан және Омбыдан ұстаздар шақырып, балаларды оқытқан. Ол жер сол үш ұстаздың құрметіне «Үш Абыз» деп аталып кеткен.

Ағыбай көзінде оты бар, талантты, әрі талабы бар жастарды танып, тәрбиелеп, баулап, оқытқан. Болашақта Ағыбайға ұқсап, ел мүддесін қорғаймын, ел басқарған көсем боламын деген жастар, Ағыбайды өздері іздеп келіп, ақ батасын алып отырған. Үміт етіп, сенім артқан, ондай жастарға батасын берумен бірге, өзі өмір бойы жинақтаған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін құлақтарына құядан жалықпаған. Осының айғағы, кейіннен, қазақ елінің көсемі болып, ел басқарған, өзі құрған Алашорда мемлекетінің басшысы болған Әлихан Бөкейхановтың Ағыбай-дың ақ батасын алып, жата-жастанып, Ағыбайдың өз аузынан оның ерліктері туралы әңгімелерді қағазға жазып алуы. 1914 жылы Қазан қаласында, Әлихан Бөкейханов Ағыбай туралы «Қызыл Қайнар Тектұрмас» деген кітапты жарыққа шығарған.

Сол ғалым Әлихан Бөкейханов «Би һәм билік» деген зерттеу мақаласында былай деп жазады: «Би әділ болмай, жұрт оңбақ емес. Қайда ілгері басқан жұртқа қарасақ, биі әділ... Бізде әділ би, әділ билік ресім болса, біз күн астындағы бізді білген жұртқа күлкі болар ма екенбіз.

Қазақ орысқа қараған соң бәйге аттай, жақсы жорғадай тумысынан болатын шешен озған би жоғалды. Кім орысқа жағымтал болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы жүйрік шешен билерден келе жатқаны аз, әділ билік жорасы жаман қарапайым тұғыр би парасына аяқ-асты болды. Пара беріп ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды. Қазақ жақсысы орыс етегінен жем жегенді зор өнер көрді. Осы күнгі қазақтың биіне қарап отырып біз жұрт болмай-мыз, бұл адасқан би, қаңғырған билікті тура жолға бастауға жұрт азаматы болып әдіс қылу мақ-сұд. Азбын, жалғызбын, білмеймін демей халық азаматы болып жиылып, ауыл-ауылға қонаққа жиылмайсыңдар ма: Сөз қылып, кеңесіп, жаманын аршып тастап жақсыны алса, би һәм билік жолы өзі қасқайып шығады. Біз ақылсыз жаман жұрт емеспіз, ақ пен қараны салыстырса, қисық пен түзуді салыстырса, ақ та, қара да, түзу де, қисық та жақсы таза көрінеді. Жақсы би, жақсы билік болғанын жаздым. Жаман би, қисық билік өзіңде. Жұртқа қызмет қылатын ер болсаң, міне кез болдың жақсы іске...».

Ақжолтай Ағыбай батыр кең байтақ қазақ елінің қай түкпірінде де елге кеңінен танымал, әрі соншалықты үлкен құрметке ие болды. Мұның себебі Ағыбайдың бір басына бірнеше дарын-қасиеттердің қонғаны болса керек. Ол кең дария ақыл иесі, даланың қаһарманы, өзі көріпкел, көзі тірісінде аты ұранға айналып, әулие атанған батыр. Халықтың қасіреті мен шерін көзімен көріп, кемел ой толғап, кемеңгер түйін түйіп, артына өлмейтұғын сөз қалдырған айтулы шешен, ел бас-қарып, әділ билік айтқан көсем, ел-жұрттың қамы үшін жасақ ұйымдастырып, ата жауларына қарсы ұрыс салған талантты қолбасшы.

«Қазақтар туралы, олар көне түрік әлемінің бүкіл соларға тән әдет-ғұрпымен, ойын-тойы-мен, тарихи жырлардың орасан зор қорымен, әр заманда өмір сүрген ақындардың өлеңдерімен, музыка мен ойын-сауыққа әуестігімен, құқықтық ел ұрпақтарының үлкен кодекстерімен жазба - билік жолыменен сақталып қалған қазынасы деп кесіп-пішіп айтуға

болады», - деп Шоқан Уали-ханов қазақ билері туралы ойын тұжырымдаған.

Кенесары заманында сардарбек болған өзі батыр, өзі би әскери элитаны басқарған Ағыбай батыр, Ресей отарлау аппаратына арқа сүйеген сол кездегі билеуші бай-манаптардың кезінде де, ол бастаған кемеңгер билер ата дәстүрін жалғастырды, қазақ халқының мұңын мұңдап, мүддесін қорғаған ұлы перзенттері екендігін танытты, халық санасын мемлекеттік дәрежеге көтерді. Би-батырлар қазақ елінің, жерінің біртұтастығының, мемлекеттігінің символына осылай айналды. Осы бір ұлы билер ұлтжанды, ұлтқанды, отаншыл сананы қалыптастырды.

Дана елді көсемдер: Керей, Жәнібек, Қасым. Есім, Ақназар, Жәңгір, Тәуке, Абылай, Кене-сары хандар кезінде елді бірлікке, ұлдарын ерлікке, азаттық аңсаған халықты ынтымаққа, азаттық күреске шақырған шешен билердің статусы биік тұғырға көтерілді. Еліміздің атақты билері халық санасын қалыптастыруға үлес қосқан кемеңгер замана саясаткерлеріне айналды. Бар араздық, ру таласы, іштей арбасу, аяқтан шалу, шоқ тастап, өрт тұтату, барымта-қарымта, ұрлық-қорлық, зор-лық-зомбылық, өсек-аяң басқа да талас-тартыс, дау-дамайларды олар адалдық, әділет, адамгер-шілік аясында шешіп отырды. «Елге бай құт емес, би құт екендігін» іс жүзінде дәлелдеді.

Дана жазушы Мұқтар Әуезов айтып кеткендей: «Тыныштық заманда қиюы қашып, арасы ашылған қарындасты табыстырып, қызылшаң заманда сасқан елге жол табатын, бет нұсқайтын, кемеңгер, көрегені болған» Ағыбай сияқты билер халқымыздың мақтанышы бола алды. Ол еңіреген елінің бел баласы болғандықтан көсіліп кетсе көсемдігін, шешіліп кетсе шешендігін, қандастарының мұңын мұңдай, жоғын жоқтап, қайғысын жеп, қамын ойлағандығын замана өзі дәлелдеп берді. Ағыбай дала перзентінің: ақындық пен жыраулық, тапқырлық пен шешендік, ерлік пен өрлік сияқты төл қасиеттерінің бәрін бойына сіңірген.

Осы кезде сол Ағыбай заманында қазақ жеріне жер аударып келген, поляк революционері, 1846 жылы Ағыбай өмір сүрген Қарқаралы дуанында болып, Қарқаралы округтік-приказ кеңсесін, қаланың басты көшелерін белгілеп, қазақ әдет-ғұрыптарын зерттеген Адольф Янушкевич сол кездегі Ағыбай сияқты қазақ би-шешендері туралы былай: «Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жау-ласқан екі топ арасындағы қақтығыстың куәгері болдым. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры ешнәрсе есітпеген шешендерге таңқалып, қол соқтым. Ал бүгін, оқи да, жаза да білмейтін ақындар менің алдыма өнерін жайып салды. Олардың жыры жаныма майдай жағып, жүрек қылын қозғады. Сонысымен мені тәнті етті. Сонда бұлар тағы жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған, маңдайына түкке тұрғысыз бақташылықтан өзге ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым! Жаратқан бойына осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жар-қырай сәуле шашатын болады... Өзіне жоғарыдан қарайтын халықтар арасынан бұл көшпелілер-дің де құрметті орын алатын кезі келеді!...» - деп, шешен-билердің орнымен, осы қазіргі тәуелсіз қазақтардың әлемдегі алатын орнын көрегендікпен тұжырымдайды.

Азаматтық, тәуелсіздік, шындықты ту етіп көтерген Ағыбай: «Әділ бидің елін дау арала-майды, әділ патшаның елін жау араламайды», - дегендей тек әділдікке жүгінді. Ағыбай сияқты батырлар мен билер әкелген қара халықтың рухы, басында хандық, одан кейін отарлау аппара-тының өктемдігін тежей, шектей білді.

Міне, Ақжолтай Ағыбай - осындай бізді халық қылып қалдырған, ел қылып, бақытын жан-дырған, сан қамалды алдырған, бүгінгі заманға тәуелсіз ел қылып, әлем тарихына жаздырған ата-бабалар өкілі, қайран да қазақ халқының ұлы батыры, дана көсемі, би-шешені,

атақты қолбас-шысы, белгілі мәмлегері, әрі мемлекет қайраткері.

Ақжолтай Ағыбай батырдың өнегелі өмірі бүгінгі және болашақ ұрпақтарға үлгі және біздің рухани байлығымыз.

### **Ақжолтай Ағыбай батыр -халық батыры**

**Ертеде болған екен ер Ағыбай,**

**Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай.**

**Кешегі Кенесары заманында,**

**Ерлігін көрсетіпті елге талай.**

Ақжолтай Ағыбай батыр Арғын-Қаракесек ішіндегі, Шұбыртпалы руының, Күйелі тармағынан болады. Үлкен атасы Олжабай батыр, өз әкесі Қоңырбай да қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен халық батырлары.

Ағыбай батырдың шешесі Қойсана Арғын-Тарақты руынан шыққан, бірнеше қазақтан шыққан хас батырларының нағашысы, Абылай ханның ту ұстаушысы Байғозы батырдың ұрпағы екен.

Тарақтыдан Байғозы,

Бұл да асқан ер еді.

Наймантайдың қамшысы,

Сойылдан қатты дер еді,-

деген өлең жолдары осы ерлерге сүйінішпен арналса керек.

Ағыбайға екі қабат күнінде, көшіп келе жатқанда алты қарақшы көшіне тиіп, жалғыз Қой-сана ұрыс қылып, қолындағы бақанмен алтауын да ұрып түсіреді. Жау бір-бірін сүйеп, әйелдің екі қабат екенін көрген соң: «Қояйық, бұл әйелдің күші емес, ішіндегі баласы – арыстанның күші ғой?!»- деп жөндерімен жүріп кетіпті.

Ағыбай батырдың жас кезінде әкесі Қоңырбай қайтыс болады. Сол әкесінен қалған «Қара-бесті» деген атақты атын, Шұбыртпалыны сол кезде басқарып, Қасым сұлтанға арқа сүйеген, ел жегіш, немерелес туысы Наубай күш көрсетіп тартып алып, Қасым сұлтанға тарту етеді. Осыдан кейін Қойсана: «Қой Ағыбай ерегісіп Наубаймен соғысар, ол жас мерт болып кетер, баламның аманында төркініме жетейін», - деп, ел жатқан соң түнде жүгін артып көшкен екен. Көшіп келе жатып, бұл екі күннен кейін, көп қоңсысы бар бір ақ ауылдың үстінен тап болады. Бұл ауыл Қасым сұлтанның ауылы екен. Ауылға тоқтап, анадай жерге қонған соң, құдыққа суға барса, кешегі Наубай тартып әкеткен Қарабесті ат құдық басындағы шалғында арқандаулы тұр екен. Қойсана хан ордасына барып, есігінен ізет етіп,

тізе бүгеді. Қасым шаруасын сұрайды. Сонда Қойсана: «Баламның жалғыз атын, кеше Наубай тартып әкетіп еді, сізге тарту етіп беріп кетіпті, соны сізден сұрай келіп едім», - дейді. Қасымға Наубай аттың мақтауын жеткізсе керек. «Атты ерттеп мінгенде бір кісіге жүгендетіп міндірмейді. Ол үшін мықты екі жігіт керек», - десе керек. Осы сөз есінде қалған Қасым әйелдің көңілін аулап: «Атың ана жерде тұр, атыңды барып жүгендеп ал, ала алмасаң арқаннан қозғама, солай тұрсын», - дейді. Онысы ат әйелге әл бермейді деген ойы еді. Қасым: «Өзім көремін», - деп үйдің ішінде есікті шалқасынан аштырып, шынтақтап жатып қарап отырыпты. Қойсананың орамалының арты желмен желп еткенде, асау ат ышқынып үріккенде қазығын жұлып кетіпті. Сол кезде Қойсананың қолына қазық тиіп, тартып тұрып жіберіп қалғанда, ат шалқасынан түсіпті. Бірден жүгендеп, үстіне мініп алып, екі аяғын екі қолтығына салып алып басқа-артқа басып шауып ала жөнеліпті. Асау ат пен әйелдің алысып, әйелдің қайраты асқанын көрген Қасым қайран болып: «Мына дүзқарадан туған бала тегін бол-мас!» - деген екен.

Ағыбай елдің елдігі мен еркіндігі үшін атқа жас кезінен бастап мінген. Ал алғашқы рет, 1822 жылдары, 18-20 жасында Кенесары сұлтанмен жекпе-жек шығып, даңқы қазақ даласына тарай бастаған.

Атап айтқанда, 1822 жылы Қасым сұлтанның тоқалы ұл туып, Көкшетауда ол ұлан асыр той жасап, үш жүздің атақты билері, ру басылары, батырлары жиналған еді. Жиналған ел, баланың атын Наурыз айында туған соң ырым қылып, атын Наурызбай деп қояды. Осы кезде, баяғыда Абылай заманында ерлік көрсеткен қарт батырлар айтқан екен: «Ей, Қасым сұлтан, нәрестең бізді бір қуантса, бір ұлын өзінің батырлық тұлғасымен көзге түсіп отыр. Осы жерде қазір үш жүздің ең мықты, қазақтың бетке ұстайтын, намыс жібермейтін жас батырлары жиналған екен. Баяғыдай Бурабай көлінің жағасында, Абылай алаңында батырлар сайысын өткізіп, Кенесарыны сыннан өткізбейміз бе? Кезінде ұлы бабаң бізге, яғни бес қарулы ер жігітке он талап қоюшы еді олар: «Күресте жеңу, аударыспақта басым түсу, садақ тартқанда құралай көзіне тигізу, құрықпен, шоқ-пармен өнер көрсету, асау атты үйрету, бүркітпен түлкі алу, атжарыста мәреге алғаш жету, қыл-ышта көзге түсу, найзалауда жауын қаңбақша ұшыру, найза атуда нысанаға дөп тигізу», - депті. Содан Қасымхан оны құптап, Абылай алаңында Ұлы, Орта және Кіші жүздің саңлақтары іріктеліп, ең жаужүрек, найзагер батырлар топтанады. Бірінші болған атжарыста, жиырма жасар Кенесарының аты бірінші келіп, Қасым сұлтанның мерейі үстем болады.

Қарт батырлар кеңесінен кейін, әр жүзден бір-бір батыр Кенесарымен сайысқа түсуге шығады. Бірінші күні Кенесары «Абылайлап» Ұлы жүздің батырымен найзаласып жеңіп, Қасым сұлтанның қуанышына бөленеді. Екінші күні топты жарып шыққан Кіші жүздің батырымен сайысқа түскенде, Кенесары тағы да Абылайдың аруағын шақырып жеңіске жетеді. Үшінші күні Орта жүзден қарт Бөгенбайдың, Қабанбайдың, Олжабайдың, Малайсарының, Шақшақ Жәнібектің, батыр Баянның, Байғозы, Жарылғап, Аралбай және Таңыбай батырлардың ұрпақтары шығады!» - дегенді естігеннен кейін, халық есепсіз көп жиналып: «Ой, тоба!» - деп күтіседі. Сайыс өтетін уақыт келеді. Кенесары мазаланып, қарама-қарсы беттегі топтанып тұрған батырларға қарай береді. Бірақ бір себептермен батырлар сайысқа шыға қоймайды. Біраз уақыт өткеннен кейін, Кенесары қараса, астында бір шұбар аты бар, аяғы салақтап жерге дейін жеткен, ал қолында найзаның орнына ұстаған құрығы бар бір жігіт ортаға шығады. Осыны көрген Кенесары мырс етіп күліп, әкесінің алдына барып: «Әкежан, алдымда тұрған жын ба, пері ме, не дулығысы жоқ, не найзасы жоқ, аты да тым қораш екен, соны батыр деп қалай сайысқа түсем?» - деген екен. Сонда Қасым:

«Ей, балам, ердің кебін ішінен таны деген, не болса да оны жайпап кел!»- деп сайысқа жібереді.

Кенесары атын таудағы лақтай секіртіп-секіртіп алып, «Абылай, Абылай!» деп ұран салып қарсыласына ұмтылады. Абылай алаңына жиналған ел «Абылай, Абылай!» деп қоштап, шыққан дауыстары Оқжетпестің қиясында отырған құстарды дүрліктіреді. Бұл кезде Кенесарының қарсыласы да желіп келе жатады. Қызыққан ел: «Ұраны қандай екен», - деп құлағын салуда. Бір кезде ол да: «Ақжол, Ақжол!» - деп ұран салады. Бұл Арғынның ұраны болатын. Батырдың «Ақжол!» деп шақырған аруағынан Бурабайдың толқыны шымырлап кетіпті. Қарап отырған Қасымбармағын шайнап жіберіп: «Өттеген-ай, Кенесары құлады ғой, құлады ғой», - дей беріпті. Қасында отырған бәйбішесі: «Тәйт, бұл не сандырағың?» - дегенде Қасымхан: «Кенекем «Абылай» деп ұран шақырса, анау бейтаныс жігіт біздің Абылай бабамыздың «Ақжол» деген аруағың ұранға қосты ғой», - деген екен.

Қасым сұлтан болжағандай, бейтаныс батыр жақындағанда, Кенесарыдан құрығын бұрын жұмсап, оны аттан төңкеріп кетеді. Осымен сайыс бітеді.

Қасым сұлтан бейтаныс батырды шақырып жөнін сұраған екен. Сонда батыр: «Менің атым Ағыбай, Арғын-Қаракесектің ішінде Шұбыртпалы руынан боламын», - дейді. Қасым сұлтан отырып: «Кенесарыға жолдас болатын ер екенсің, не тілеуің бар?» - деп сұрайды. Ағыбай: «Біз алпыс үй шұбыртпалылар, ағайынның алакөздігінен жәбір көріп, Арқаны тастап Сыр бойын паналап жүрміз», - депті. Сонда Қасым сұлтан: «Осындай ер туғызған Шұбыртпалы руына!» - деп, қоныс әперуге әмір беріпті. Осыдан бастап халық Ағыбайдың батырлығын, ақылын, тапқырлығын, көрегендігін, сапарда, жорықтарда жолы болғыштығын және жұмыста тынымдылығын жоғары бағалап «Ақжолтай» деп атап кеткен. Ағыбай халық көтерілісінің басынан аяғына дейін қатысқан, басында Кенесарының ағалары Есенгелді мен Саржанның жорықтарына, елшіліктеріне қатысып, өмірдің қатал талқысынан өтіп, пісіп, мол тәжірибе жинаған болатын.

Кенесары хан, өзінің көзсіз батырлығымен көзге түсе бастаған Наурызбайды тек Ағыбай батырға сеніп, манызды тапсырмаларға және аса қауіпті жорықтарға Ақжолтай Ағыбай батырмен ғана жіберетін болатын. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында былай деп жазылады: «Ағыбайдың ен сүйікті қаруы тоғыз буынды, жез сақиналы жуан қайын найза. Атқа мінгенде құлан терісінен бұзау тіс етіп өрілген қайыспен қанжығасына байлап алады. Ал жай жүргенде қолына ұстап жүреді. Бұл найзаны Ағыбайдың жақсы көретіні соншалық, ол күндіз қолынан бір түсірмейді, түнде басына жастанып жатады. Батырдың денелігі соншалық, биіктігі кішігірім түйедей, атақты Ақылағына мінгенде, есекке мінген өзбектей, тізесі атының қолтық тұсын соғып тұрады. Ағыбайдың түсі суық, сонау шүнет көздері қайтпас отындай жанады. Қандай жүректі жан болса да Ағыбайды алғаш көргенінде алпамсадай ызбарлы түрінен сескенбей қалған емес. Ал әлдеқалай түнде кездескенде адам ертегінің дәуін көргендей жүрегі жарылып кете жаздайтын. Оның есінде батыр түн ұйқысынан шошып оятар бір құбыжық секілді өмірбақи қалады...

Қасында ақылшы Ағыбай жоқ Наурызбай, бұл жолы қателесіп еді. «Наурызбай да көзсіз ер екен, без жүз адаммен бес мың қолға шапты» деген жұрт таң қалар сөзге ілігу ниеті де жоқ емес еді. Ерлікті мақсат, атақты арман ете бастаған Наурызбайға айқас жеңіл тимеді, жауынан құтылса да, алған жарақатынан келесі жылға дейін аттанысқа шығуға жарамай, төсек тартып жатып алды...».

Кенесары ханның әскерінің бас қолбасшысы Ағыбай батыр болса, сол Шұбыртпалы руынан Ағыбайдың жақын туысы Ханаби Серкеұлы бас биі болған. Бір айта кететін жайт,

сол Шұбыртпалы руынан Ағыбайдың жақын туысы Ханаби Серкеұлы Түркістан қаласында жерленген. Одан басқа Ағыбайдың туыстары «Шұбыртпалының жеті бөрісі» деп халық атап кеткен: Таңабай, Көлебе, Меңдібай, Дулат, Жәуке, Толыбай, Шыңбай. Олар Кенесарының мыңбасылары ретінде, он жыл орыс отаршыларымен аяу-сыз соғысқанда қазақтың жері мен бостандығы үшін «Ағыбайлап» кіріскен есіл ерлер болған. Алғашқы уақытта Кенесары әскері «Абылайлап» шабады екен. Бір күні орыс әскерімен қырғын соғыс болып бірінші жауға «Абылайлап» кірген төрелер, екінші топ жаумен «Бөгенбайлап», «Қабанбайлап», «Қарқабаттап» сабаласқан қазақ әскері ортақ шегініп оралған екен. Осы кезде жаудың ортасында жүрген Ағыбай батыр «А, құдайлап» оған ерген әскерлері «Ағыбайлап» жауды екі бөліп қуып жеңген екен. Соғыс біткен соң Кенесары хан: «Осыдан кейін Алаш әскері жауға екі ұранмен, бірінші қатары «Абылайлап», екінші легі «Ағыбайлап» шабатын болсын!» - деп бұй-рық берген екен. Сонымен, Ағыбай батырдың аты, өзі көзі тірісінде қазақ әскеріне ұран болып қалған.

Атағы аңызға айнала бастаған Наурызбай батыр, жас кезінен осы Ағыбай батырдың тәрбиесінде болып, сырлас болған. Наурызбай өз сырын тек Ағыбайға ғана айтып, оның ақыл-кеңесіне құлақ асқан. Кенесары хан Наурызбайды тек Ағыбай батырға сеніп, жорықтарға бірге аттандырған. Наурызбай қанша көзсіз батырлығымен, қатігездігімен аты шықса да, Ағыбайды атымен атамай «Ағеке» деп кеткен. Сол Наурызбай бір күні: «Ағеке, Кіші жүздің Алшын елінде жігіт сынайтын қария бар дейді, мені соған апарып сынат», - дейді. Бұл Абыз деген көп жасаған дана адам екен. Ағыбай мен Наурызбай барса, Абыз қария мамық төсекте жатыр екен. Бұлар сәлемдескен соң, бүркеніп жатып қалады. Жағын торғынмен таңып қойыпты, өйтпесе иегі төмен түсіп кетіп, сөйлей алмайды екен. Бұлар қонып шығады, ертеңінде түске дейін, одан соң бесінге дейін қария тұрмайды. Ағыбай батыр: «Науанжан, бұл кісі сені сынамайтын болды, қайтайық», - дейді. Бірақ Наурызбай: «Жоқ, бұл кісі ажалың ертең кешке десе де сынатпай кетпеймін», - деп отырып алады. Бұл сөзді естіп жатқан қария басын көтеріп: «Жол болсын, балалар», - дейді. Сонда Ағыбай тұрып: «Қария, мына бала Қасымның кенжесі, Кене ханның інісі Наурызбай деген, сізге көрінемін деп келіп еді, балаға не айтасыз? Ал мен Ағыбай деген баламын, шаруа осы», - дейді. Сол кезде Абыз: «Ия, Ағыбайым, сенің атың ұран болып артыңда қалады, өз ұраныңды өзің естірсің. Бағыңның табы желкенде екен. Ал, Наурызбай, менің жасым 120-ға келіп отыр, осы жастың ішінде сенен артық ер көрмедім. Үш нәрсенің сырттаны бар: иттің, қасқырдың және жігіттің. Сен жігіттің сырттаны екенсің. Бірақ, адам баласына мейірімің жоқ екен, бағың мандайыңда ғана екен, ғұмырың қысқа 20-25 тен аспассың, дүниеден арманда қалма!» - дейді. Осы сөзден кейін, Наурызбайдың көңілі түсіп, бұлар қайтады. Ауылға келгеннен соң, Кенесары «Ия, Ағыбай, Абыз Науанжанды қалай деді?» - деп сұрайды. Сонда Ағыбай батыр: «Науанжанға жігіттің сырттаны екенсің, 120 жастың ішінде сенен артық жігіт көрмедім», - деді деп, басқасын айтпайды. Сонда Кенесары отырып: «Е, Ағыбай, Абыз білмейді дейсің бе, бірақ айтпаған ғой, атам Абылайдың түсі есінде ме?» - дейді. Онысы, бірде Абылай түс көріпті, астында жалын құйрық жирен аты бар келе жатса, алдынан бір жолбарыс қашады, жолбарысты соғып ішін жарғанда көкжал қасқыр қашады, қасқырдың ішін жарғанда қызыл алтайы түлкі қашады, түлкінің ішін жарған екен, бақа-шаян аяғынан басына дейін қаптап кетеді. Осыдан соң: «Менің артым көптің бірі болып кетеді ғой», - деген екен. Осы түсті есіне алған Кенесары: «Менің Сыздығымнан кейін, солай боламыз ғой», - дейді.

«Мен бір түс көрдім – деп Кенесары сөзін жалғайды. - Түсімде Ағыбай сен екеуміз арқаласайық, қайсымыздың бағымыз жеңер екен деймін. Әуелі кім арқалайды десем. «Сіз ел ағасы хансыз, сіз арқалаңыз», - дейсің. Мен сені арқаламай алдыммен көтерем, кезек саған келгенде мені сен қаптағы тезекше иіріп арқаңа салып алдың, мен үш жүзге хан болсам да, сенің

бағың артында қалады. Сен де батыр адамсың, алдыммен сені көтеруім біздің маңдайымызда, артымызда қала-тын бақ жоқ. Өзімізбен бірге кетеді, болмаса сені мен де арқама салып алмас па еді?!» - деген екен.

Кенесарының айтқаны келіп, Ағыбай бағын өз құлағымен естіп, өз көзімен көрді. Бір жорықта он мыңдай әскермен келе жатқанда, бір боз торғай әскерді айналып ұшып жүреді, сонда Кенесары хан: «Тоқтаңдар, дәулет құсы деген болушы еді, біреумізге қонайын деп жүрген шығар», - дейді. Сонда торғай ұшып-ұшып, келіп Ағыбай батырдың басына қонады. Кенесары: «Хан болса маған қонбай ма, төре болса Наурызбай саған қонбай ма, Ағыбайға келіп қонды ғой!» - деп батасын беріпті.

Ақжолтай Ағыбай батыр өлерінің алдында, кешке таман туысы Жұман молламен төбенің басында отырса, бір кішкентай бозторғай шырылдап ұшып келіп, батырдың басына қоныпты, тор-ғайдың төбесінде шошайған екі тал айдары бар екен дейді. Осы кезде, Ағыбай батыр, Кенесарының сөзін есіне алып: «Енді, міне, бозторғай тағы басыма қонып отыр, орда бұзатын уақытым өтті, бәлкім дүниеден қош айтысатын уақыт таяп қалған шығар, мына жерде бесін намазын оқымай, үйге барып оқиын, Аманжол мен Аманбайға және басқа да туған-туыстарға хабар беріңдер», - деген екен. Айтқанындай, Ағыбай батыр көп ұзамай қайтыс болыпты.

Ағыбай батырдың Еже деген биі, Дүйсембай деген палуаны және Сәтқозы деген серісі болған екен.

Ағыбай батыр екі әйел алған адам, бірінші әйелі – Талшыбықтан 2 ұл: Аманжол мен Аманбай туады. Екінші әйелі – Шөкежаннан 4 ұл туады: Дуана, Сопы, Сыздық, Қашқынбай. Сыздық пен Қашқынбай жас кездерінде қайтыс болған, олардан тұқым жоқ. Аманжол әкесіне тартып батыр болып, Кенесарының жорықтарының бәріне қатысқан. Аманбай дәулетті бай болады, мұра-ғат құжаттарына сәйкес, екеуі де Қарқаралы дуанына қарасты Сарыбұлақ болысы ашылғанда, ел билігіне араласып, кезектесіп болыс (волостной управитель) болған. Ұлы Абайдың «Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ, мүмін болсаң үйреніп, сен де ұқсап бақ» дегеніндей, ел басқарып, болыс болып отырған Сопы: «Әкемнің бір арманы Меккеге қажылыққа бару еді, бірақ патша өкіметі рұқсат етпей, бара алмады. Мен сол кісінің арманын орындап Меккеге барам», - деп жиналып, кетерінде: «Мен Меккеден қайтпаймын», - деп өз асын өзі беріп, елімен қош айтысып кетіпті. Айтқанындай, Меккеге қажылыққа барғанда қайтыс болыпты.

**Аманжолдың** бәйбішесінен 2 ұл - Тәти мен Тырым, ал тоқалынан 4 ұл – Омарбек, Рүстембек, Кәдірбек және Төлеубек туады. **Тәти** Аманжолұлынан 4 ұл - Өскенбек, Дәулетбай, Қанатбай және Райымқұл. **Өскенбек** Тәтиұлынан 4 ұл – Тарғын, Ілікбай, Кесікбай және Бидәулет. Бір айта кететін жайт, марқұм **Зәрукүл Тарғынқызы** (1937-2013) 1990 жылдардың қиын-қыстау кезінде, осы жолдардың авторының қолдауымен Балқаш қаласында «Ақжолтай Ағыбай батыр қайырымдылық қорын» құрып, өле-өлгенше батыр бабасына қызмет атқарып өтті. Енді бір өкініштісі, батырдың басқа ұрпақтарынан, игі жұмыстарды атқару барысында ешқандай да қолдау болған жоқ.

Аманжолдың **Тырымынан** 7 ұл – Мұсабек, Исабек, Арыстанбек, Төлеген, Бөлеген, Хасен, Нүркей туады. **Исабек** Тырымұлынан 5 ұл – Құсайын, Өнуарбек, Зейнелқабыл, Нөкербек, Өмірзақ. **Қасен** Тырымұлынан 2 ұл: Секербек, Борантай.

Аманжолдың балаларының «Ағыбайдың Тасаралы» деп аталып кеткен, Ағыбайдың қыстағы болған аралда бірнеше тастан қаланған үйлері болған. 1928 жылғы қуғын-сүргіннен кейін, олар бас сауғалап, еліміздің әр жеріне үдіре көшіп кеткен.

Ағыбайдың **Аманбайынан** 5 ұл: Сейіткамал, Ыбыш, Ахмет, Түсіпбек және Әбдірахман туады. **Сейіткамалдан** - Әлімқұл, Дәрменқұл, Оспанқұл. **Ыбыштан** – Мәулен, Кәріғұл. **Ахметтен** – Жақан, Уфаш, Бәкен. **Түсіпбектен** – Кәдірқұл, Исағұл, Иманқұл. **Әбдірахманнан**– Қасен, Құсайын, Әбілқасым.

Аманбайдың балалары Кеңес үкіметінің 1928 жылғы «байлардың мал-мүлкін конфискациялау» саясатына дейін, Тасарал селосынан 10 шақырым жердегі «Соқырқой» қыстағында сәулетті де, дәулетті өмір сүріп, екіқабатты бірнеше тастан өрілген үйлері және зәулім қоймалары болған. Осы жерде 1960 жылдарға дейін елу шақты отбасы өмір сүріп, мектеп болған.

Ағыбайдың **Дуана** ұлынан Мұстапа, одан Каскен туады.

Ағыбайдың **Сопысынан** 3 ұл: Мәуке, Жұмажан және Мақажан туады. Бұл кісілерден, ұрпақты жалғастыратын ұлдары қалмаған.

Ағыбай батырдың ұрпақтары, қызыл империяның қолшоқпарларынан көп қиыншылықтар көріп, қуғыншылыққа ұшырап, репрессия және конфискациядан кейін, еліміздің әр түкпірін бас сауғалап, көптеген жерлерді шарлап, тіптен көбі шетел асып кеткен. Қазіргі кезге дейін, көптеген ұрпақтары Қырғыз елінде тұрып жатыр. Бұл репрессия 1920 жыл-дары басталып, 1980 жылдардың аяғына дейін созылған.

Атап айтсақ, батырдың тікелей ұрпағы (шөбересі) Өскенбеков Бидәулет Жаңаарқа ауданында, партия-кеңес орындарын көп жыл бойы басшы қызметтер атқарып, аудандық халық оқу-ағарту бөлімінің бастығы болып қызмет істеп жүргенде, Москваға жазылған Ағыбай батырдың ұрпағы деген «домалақ» арыздан кейін, ешқандай да себепсіз жұмыстан босатылған.

Ағыбай батырдың тұлғасы тарихи аңыз-жырларда, жазба деректерде де, оның ақылдылық, шешендік, көрегендік қасиеттері толығымен, жан-жақты сомдалады. Халық арасында «Ақжол-тай» атанып, жолы болғыштығымен Кенесары хан «Ақжолым» дейді екен.

Атақты Тама Көтібар батыр, өлерінде балаларына өсиет айтып: «Менің асыма Үш жүзді түгел шақырыңдар, кімнің аты бәйгеден келсе, аттың бас бәйгесінен бөлек менің бәйге күреңімнің жабуы мен өзімнің қарашолақ наркескенімді сол ат иесіне беріңдер», - деген екен. Кенесары бастаған Арғын елі асқа барып, Ағыбай Көкбесті атын бәйгеге қосып, 300 аттың алдында жеке келген екен. Әкесінің өсиеті бойынша «Пірдің соңы - Бекет, ердің соңы - Есет» деген, Есет батыр күрең аттың жабуы мен наркескен қарашолақ қылышты Ағыбай батырға берген екен. Көтібар батыр еректі алған адамды: «Менің аруағым қоса жебейді, өзі де кем кісіге кез болмас!» - депті. Сөйтіп Ағыбай батырға екі ердің аруағы қонып «Ақжолтай» атанады, Үш жүзге аты жайылған ер болады.

Ағыбай батыр талай сыннан өтіп шыныққан, Кенесары жасағының сенімді қолбасшысы, ханның сенімді серігі, айнымас досы, үлкен қозғалыс-күреске дайындық жасаудағы ақылшы, әскери кеңесші, жас Наурызбайды және де басқа да батырларды ерлікке баулып жүрген, аға батыр және де тек қара күштің иесі ғана емес, ақыл парасаттың, терең ойдың да иесі. Тарихи деректерден Ағыбайдың хан Кенесарының ішкі, сыртқы мәселелеріне үнемі араласып, Кеңес алқасының маң-ызды тұлғалардың бірі болғанын жақсы білеміз.



Бір қырғын соғыста, аз ғана жігіттермен бөлек қалған Кенесары ханды жау қоршап алады. Қостан бөлек жатқан Ағыбай батыр мен Жанайдар батыр соғыс салып, жауды тықсырып шығып, Ағыбай батыр: «Тақсыр, сыпайгершілік қылыш үстінде жүрмейді, жүріңіз», - деп атының шылбы-рын тақымына салып, жетектеп топтан алып шығыпты. Түн екен, ай қараңғы, астында қара қасқа ат бар, еңгезердей қара жігіт, артынан жетіп келіп, Жанайдарға найза салады. Оның найзасы Жан-айдардың кеңірдегінен сұғылады. Осы кезде Ағыбай батыр, Жанайдар батырға найза салған қарақасқа аттыны найзаның ұшына шанышып, ол жігітсол жерде қаза табады. Жауынгерлер жаудың бетін қайтарған соң, Кене хан: «Шақпақ шағып, киіз күйдіріп білте қылыңдар, аттың терлігінен білте қып күйдіріңдер», - деп бір мықты жігітке -Жағына табаныңды тіреп тұрып, кеңірдектегі найзаның ұңқысын тартып ал!»- дейді. Осыдан кейін, найзаны кеңірдекпен өңештің арасынан суырып алғанда қан саулап, орны қорық ете түседі. Сол найзаның ұңқысы қалған тесігіне, күйдір-ген құрым білтені тығады. Кенесары хан қолды тоқтатып: «Ертең көшпейсіңдер, 14 мың қолдан 14 ту бие сойылсын, Жанайдар мен Ағыбайдың құдайға айтқан боз қасқасы бар. Екеуіне де бата беремін!» - дейді. Күллі халық ет жеп болған соң, халық тегіс қолын жайып, Кенесары хан: «Ағы-бай батыр, камал бұзған ерсін, екеуіңе екі дүниенің байлығың берсін!» - деп екі батырға батасын беріпті.

Бірде, Ұлытау соғысында, Кенесары төлеңгіттерінің қолына, орыс экспедиясының құрамында жүрген Арыстан ақын түседі. Қапада отырған Арыстан ақын өз мұңын былай жырлапты:

Ауылым Қорғалжыңнан асып кетті,

Сарғайтар қайғы түссе ақша бетті.

Өлеңді бір-екі ауыз жібергенде,

Үстімнен төлеңгіттер басып кетті.

Жылқымды айдап салдым терең сайға,

Көп міндім кішкенемнен жорға тайға.

Бір айла шыбын жанға бола ма деп,

Жалындым Шұбыртпалы Ағыбайға.

Осыдан кейін, төлеңгіттердің тұтқынынан босатып алған Ағыбай батыр, Арыстан ақынды Кенесары хан алдына әкеледі. Сонда Арыстан ақын:

Кене хан жақсы көрсең қарашыңмын,

Жек көрсең де өзіңнің алашыңмын.

Атаңа алты қатын алып берген,

Атығай-Қарауылдың баласымын! -

деген екен.

Осы сөзден кейін Кенесары ойланып, Арыстан ақынды еліне жіберген екен.

Ақжолтай Ағыбай батыр Кенесары ханның сенімді серігі, адал досы болуымен қатар, ханға шындықты тура айта алатын бірден бір адам болған. Кенесарының қолы қырғыз еліне келген соң, Орман манаптың бұйрығымен, Андас әулиенің күмбезін қырғыздың әскері бұзып жермен жер еткен соң, сол Шу бойында тұрған қырғыздың Қанай деген адамының күмбезін,

Кенесары хан бұзуға жарлық береді. Кенесары хан әскері күмбезді бұзып жатқанда, Ағыбай батыр бұзушыларға араласпай жеке тұрған екен. Осыны көріп Кенесары хан: «Ағыбай, бабаның күмбезін қырғыздар бұзып кетті, сен неге мынау қырғыздың күмбезін бұзбайсың?» - деген екен. Сонда Ағыбай батыр: «Хан екі бұйрық бермейді ғой, сен маған жауларыммен соғыс, деп бұйрық бердің, мен қаншама жыл соғысып келемін, әлі де қазақ жауларымен соғысамын, бірақ батырға там бұзу жараспас!» - деген екен.

Сол күні Ағыбай батыр: «Бүгін Абылайдың ақ бұрасы, осы күмбезді бұзып жатқанда, батыс-қа кетіп қалды. Кенесарыдан бақ тайды, біз қырғыздардан жеңілеміз. Енді соғыспай елге қай-тайық», - деп Кенесары мен батырлардың алдында «Хан Кеңесінде» айтқан екен.

Соңғы қырғыз соғысында да, Наурызбай Ағыбай батырмен бірге болып, қырғыздар Наурызбайдың астындағы атақты Ақауыз атын атып жығып, «Қамап ұстаймыз», - деп тұрғанда, Ағыбай батыр өзінің сенімді жігіттерімен көп ерлік көрсетіп, жаудың қалың әскерін бұзып-жарып, Наурызбайды қоршаудан аман-есен шығарып алған екен.

Наурызбаймен бірге аздаған батырлармен жау қоршауынан шыққан соң, Орыс, Қоқан және қырғыздардың біріккен әскеріне, дәрмені болмайтынына көз жеткен Ағыбай, сол жерде Наурызбайға былай дейді:

Айналайын, Науанжан,  
Ақылға дархан зерегім.  
Салса да тастан қайтпайтын,  
Жетесі құрыш беренім.  
Бақытың баста жүрсе де,  
Асқар таумен тең едің.  
Неше күндей ізденіп,  
Білмедім Кене ханның дерегін.  
Айналайын, сұлтаным,  
Жолдас болып жасымнан,  
Көзімнің майын жеп едім.  
Хақ ісіне амал жоқ,  
Қазам жетіп өлгенше,  
Айырылмаспын деп едім.  
Алатауға барғанда,  
Жер шарасын көздедім.  
Көмек қылған көп Дулат,  
Қайда екен деп іздедім.  
Байзақ бар да Дулаттың,  
Тілегі бөтен болмас деп,

Күдерімді үзбедім.  
Дулаттан тағы түңілдім,  
Көрген соң анық көзбенен.  
Қалмастан тегіс кетіпті,  
Байқадым оны ізбенен.  
Қоқиланған қырғыздан,  
Дулат қылған қауіпті.  
Айналайын, Науанжан,  
Дулаттың беті ауыпты.  
Орыс пенен Қоқанға,  
Құл болып антын беруге,  
Дулатың жөнін тауыпты.

Осыдан кейін, қан майданнан қалған қазақ әскерін, Ағыбай батыр Арқаға бастап бара жатып:

Кенесары құрдасым,  
Бірге туған сырласым.  
Арыздаспай айырылыстық,  
Ақыретке қимасым.  
Наурызбай ер беренім,  
Қайратты туған ер едің.  
Маңдайыңнан иіскеп,  
Қош, Наурызжан, дегенім,-  
деп егіліп қайғырыпты.

Қырғыз соғысынан кейін, «Ағыбай батырды ұстаймыз» деп бірнеше орыс жазалаушы отряды жорыққа шыққан екен. Ағыбай батыр, азғана өзіне сенген батырлармен «партизан» соғы-сын ұйымдастырып, Балқаш көлінің солтүстігінде орналасқан Тасарал аралына амалын тауып, өтіп кетеді. Ағыбайды іздеп шыққан орыс әскерлері көп іздеп таба алмай, кейіннен тарап кетіпті. Тасарал Ағыбайдың қыстағы құтты мекен болып, қазірге дейін «Ағыбайдың Тас-аралы» деп ата-лады. Елімізге белгілі жазушы С. Бегалиннің 1940 жылы жарық көрген Ағыбай батырға арналған «Тасарал» деген дастан-поэмасы бар.

Кенесары бастаған көтеріліс жеңіліс тапқан соң: «Ағыбай батырды соғысып жеңіп, ауылын жаулап, атымызды шығарамыз!» - деп, бұрынғы жаулары оған қарсы бірнеше рет жорыққа шыққан.

Соның бірі, Семей-Аягөз өңірлеріне белгілі өзі батыр, өзі балуан Барақ сұлтан екен. «Барақ сұлтан Ағыбай аулын шаппақ боп жорыққа шықты» дегенін естіп, Ағыбай батыр Көкбестісін

ерттеп, бес қаруын алып, жалғыз өзі Барақ сұлтанға қарсы шыққан екен. Жекпе-жекте Ағыбай батыр, шауып келе жатқан Барақ сұлтанды екі жеңінен қоса түйреп, ат үстінен көтеріп жерге тастағанда, Барақ орнынан тұрып, шауып келе жатқан жігіттеріне: «Тоқтаңдар!» - деп белгі береді. Екі батыр жөн сөзге келіп: «Ағыбай ерекше найзагер дегенге, менен артық дейсің бе деп едім? енді арман бітті», - дейді Барақ. Ағыбай: «Жарайды, Барақ батыр, енді ауылға жүріп, мейман боп кет», - дейді. Барақ күліп: «Найзаның ұшында жығылып жатып, қайдан барып төріңе жата қалайын, достың түбін қыз айырады, деп еді. Не қыз ал, не қыз бер», - дейді. Ағыбай: «Қызым жоқ еді, қыз алайын», - деп Барақтың туысы Үкілі Аманжолдың Кұнайым деген қызын немересі Тәтиге әпереді.

Ағыбай батырдың жоқтауын сол Кұнайым шешей айтқан екен.

Ұлт-азаттық көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін, Ағыбай батыр Сарыарқа жаққа көшеді. Мұны Үйсін Бөлтірік батыр естіп: «Ағыбайдан кегімді алып, бала-шағасын жетім-жесір қыла-мын!» - деп әскерімен Ағыбайдың көшінің артынан түседі. Көш Сарысу өзеніне жеткенде, Қуан-дық елінің көріпкелі Бала бақсыға жолығады. Бала бақсы сөз бастап: «Иә, Ағеке, ат-көлік аман ба? Сізді күтіп жатқаныма екі күн болды. Менің атым Бала бақсы, руым Куандық, бірақ жасым-нан Үйсін еліне сіңіп кеткем, қасымда Үйсін елінен алған әйелім бар. Бақсылар биыл өлесің дейді, бірақ мен өзім қара жерге биыл жерленетіме күмәндімін», - деген екен. Сонда Ағыбай: «Олай болса, қара қобызыңды тарт, кейінде мені қуған адам бар ма екен?» - депті. Сонда Бала бақсы қара қобызың тарта отырып: «Ойпырмай, Ағеке-ай, көп кісі Шудан өтіп, шауып келеді. Ішінде бір бурыл сақал адам бар екен. Соған бәрі «Бөке, Бөке» деп тағзым етеді», - дегенде. Ағыбай батыр: «Е, бұл қуғыншы Бөлтірік болды ғой», - деп, өз әскеріне соғысуға дайын болыңдар, деп бұйрық берді. Сол күні, Сарысудың бойына, екі қос саудагер сарттар келіп қонады. Сарттар Ағыбай батырдың қонып жатқанын естіп, қатты қорқады. Керуен басы өзі келіп, Ағыбайға сәлем береді. Ағыбай батыр: «Сендерге ешкім тимейді, қорықпай қона беріңдер», - дейді. Таң атқан соң, керуен басы келіп, Ағыбайға көптеген силық тарту етеді. Ағыбай батыр, керуен басшыға хат тапсырып тұрып: «Мына хатты Бөлтірік батырға бересің. Бұрын оған айтқан уәдем бар еді, ер кезегі үшке дейін деген, оны екі рет ажалдан аман қалдырып едім. Мен қазір мал-мүлік, қатын-балаларды Сарыарқаға көшіремін. Өзім сенімді 50-60 жігітпен ғана, Бөлтірікті үш күн осы жерде күтемін. Бетпақтың даласында Бөлтірікпен емін-еркін соғысып, шер-құмардан шығайын. Дүние екі келмес, не Бөлтіріктің, не менің ажалым. Хатта да осылай жазылған, ауызша да осылай жеткізіндер. Хатта сендерге тиіспендер дедім, енді осы жолда, менің атымды атасаңдар, сендерге ешкім жола-майды», - депті. Бөлтірік сарттармен екінші күні кездесіп: «Көшіп бара жатқан ел көрдіңдер ме?» - деп сұрапты. Сонда сарттар, Ағыбайдың хатын Бөлтірікке бере тұра: «Иә, Ағыбай батыр бала-шағасын Сарыарқаға көшіріп, сізді екінші суда тосып жатыр. Ағыбай батырды жай адамға ұқсата алмадық. Өте ашулы, шер-құмарың шығарамын деп, соғысқа қатты дайындалып жатыр. Егер де тіл алсаңыз, Ағыбай батырмен соғыспай, қайтыңыз», - депті. Бөлтірік батыр ойлана отыра: «Мұнысының бәрі рас. Кенесары сынды ханынан, Наурызбай сынды сұңқарынан айырылып, ашу-қаһармен көзіне қан толып отыр. Алдымен мені мерт қылады. Қой, енді кері қайтайық», - деп, әскеріне бұйрық беріп, кері қайтып кетіпті. Үш күн жатып, төртінші күні Бала бақсы қобызын тартып жіберіп: «Ей, Ағеке, Бөлтірік кері қайтып кетті», - деген екен. Ағыбай батыр Бала бақсыны еліне жеткізіп салып, екі құлынды бие, бір сауатын түйе беріп кетіпті. Сол жылы елде қатты жұт болып, қыстың қақаған аязында Бала бақсы қайтыс болады. Осыған байланысты, оны жерлеуге ешқандай мүмкіншілік болмай, оның мүрдесін сүрелеп, мамыр айында ғана жерлепті.

1870 жылдары, Қарқаралы дуанында аға сұлтан Шалғынбай төренің кезінде, сол Қарқаралыға жандарал (генерал-губернатор) келеді деп, 20 болыс ел жиналады. Осы жиынға қартайып қалған Ағыбай батыр да келеді. Сол оқиғаның куәсі Мұсылманкүл Жиреншеұлының әңгімесі бойынша, Ағыбай батырдың сақалы аппақ, астында ақ боз аты бар, жанында қанжары бар, қолында қылышы болған. Жиналған неше мың кісіден иығы асып көрініп тұрған. Бір кезде бір казак-орыс келіп: «Атыңды мінемін», - деп Ағыбайдың тізгінінен ұстай алады. «Қой, менің атыма тиме», - деген Ағыбай батырдың сөзіне құлақ аспай, казак-орыс болмай тізгінін жібермейді. Осыдан кейін Ағыбай батыр казак-орысты қамшымен екі тартып жібереді де, казак-орыс етпе-тінен түсіп, тұра сала дуанбасы майордың үйіне жылап кіріп кетеді. Майорға шағымданып: «Өзін қазақтың шалының қамшымен сабағанын», - айтады. Майор ашуланып, Ағыбай батырды шақы-рып: «Неге ұрдың?» - деп сұрағанда Ағыбай: «Өзі тәртіпсіз өскен қандай орыс еді, осында неше мың жиналған кісілердің атын сұрамай, менің атыма жармасты», - дейді. Майордың қасында отырған аға сұлтан Шалғынбай төре: «Тақсыр, мұны мен бітіремін», - дейді. Майор оған: «Ну, жарайды», - деп, көніпті. Шалғынбай төре қалтасынан ақша алып, әлгі казак-орысқа береді де: «Кешке тағы маған кел, риза қыламын», - дейді. Егер майор бірдеңе десе, Ағыбай қанжарын салып алайын деп, шұқшиып тұр екен. Жиналған халық «Ағыбай батыр ерлік көрсетті» деп шулапты.

Атағы жер жарған Тобықты Құнанбай, әкесі - Өскенбайға Қарқаралы дуанына қарасты, Қаракесек-Қамбар елінің Көкшетау деген жеріне ас беремін деп, Үш жүзге сауын айтып, хабар айтады. Ағыбай батыр да ел-жұртпен танысам деп, жолға шығады. Күндік жерден, Ағыбай батырды Құнанбай өзі бас болып тосып алады. Оның түскен үйіне халық: «Ақжолтай Ағыбай батырды көреміз», - деп, күндіз-түні, ағылып келіп жатады. Ел басшылары келісіп, аттар бәйгеге шаппай, бәйгенің жол-жобасы, ат қосқан ауылдарға таратылып, берілетін болып шешілді. Осыдан кейін, балуандар күрестіrmек болады. Тобықты елінде, жауырыны жерге тимеген, Көтен деген атақты түйе балуан бар екен. Оның күштілігі сондай, білектей жуан жас қайыңды екі басынан ұстап, иіп қосады екен және оның осы жасағанын, неше түрлі күштімін дегендер де, қайталай алмайды екен. Жиналған халық, осы Көтенді бір жықса Ағыбай батыр ғана жығар деп, екеуін күрестіrmек болыпты. Ағыбай батыр: «Ал, халқым, мен ешкіммен күресіп көрген жоқпын. Халықтың сағы сынбасын. Егер шын керек қылсаңдар, ат үстінде тартысып, қайратымды көрсетейін», - депті. Халық осы айтқанды құп көріпті, Көтен балуан да келісіпті. Осыдан кейін, Көтен балуанды ортаға үкілеп, төрт кісі алып шығады. Қаракесек игі жақсылары да, Ағыбай батырды құрметтеп, алып шықпақшы болады. Осы кезде: «Ешбір адам ермеңіздер, қырық жыл қырғын қан соғыста да, бір Алла сақтаған. Бас-аяғы бір тұтам Көтен болмақ, түп-түгел шек-қарын болса да, өзім барамын!» - деп, оң жақ жеңін сыба-нып, тақымын қысып, мінген атын қамшылап, Көтенге қарсы, тұра шауыпты. Осы кезде, Көтен-нің өңі қашып, тақымы ашылып кетіп: «Мен ат үстінде тартысып көргенім жоқ еді, тартыса алмаспын», - деп, атынан түсіп, теріс қарай жаяу жүріп кетіпті. Күрес бәйгесін Ағыбай алып, Қаракесек ортасына, тегістей бөліп беріпті.

Ағыбай батыр өлерінде баласы Аманжол: «Әке, сізде патшадан рұқсат қағаз бар, Түркіс-танға апарып қоямыз ба?» - десе, Ағыбай: «Жоқ, елімнің тілеуін тілеп жатайын, жайлауым болған Тайатқан-Шұнаққа жерлендер», - дейді. Осыдан кейін: «Сіздің күмбезіңізді қалай салайық?» - десе, батыр: «Темірқазықтан екі «әпенді» келер, бет-аузы, төсі толған жүн, өздері қалай сала-тынын біледі», - деген екен.

Батырды қойғанда, асқа жиырма мыңнан аса адам жиналыпты. Ұлы жүз бен Кіші жүзге Орта жүз табақ тартыпты. Үш жүзден үш би шығып, ақылдасып: «Бәйгені бес жүз атқа бөліп берейік», - деп шешіп, батырдың асы тоғызыншы күні, ат шаппай тарапты. Асқа, елден жиналған 90 жылқы, 33 түйе, 10 сиыр, 100 қой, 17 құнды ішік, тағы да басқа жиналған барлық дүние-мүлік-тер, толығымен елге таратылып беріліпті. Батырдың үстіне жауып шығарғаны, Кенесары хан батырға айыпқа берген, алтын-күмісті, оқа мен жібекке тіккен шапан екен. Бейіт басында жиналғандар, күнмен шағылысып, неше түрлі түске құбылған, оқалы шапанды көріп, таң қалыпты. Бәтима деген Аманбайдың бәйбішесі туыстарына: «Дала толған жылқы, қора толған қой мен түйе – бұның бәрінің керегі жоқ, тек шапанға ие болыңдар!» - деген екен.

Бір жыл өтіп, батырдың асын беріп болғаннан кейін, балалары енді батырдың бейігін бастайық деп, Ұлы жүздегі Үйсін елінде Құлтума деген атақты тамшыға, екі кісіні үш атпен жібермекші болып, дайындалып жатқанда: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас!» - деп ұлы Абай айтқандай, темірқазық жақтан екі кісі жаяу келеді. Үстерінде ала шапан, бастарында топы, аяқтарында байпақ, бет-аузы, төстері жүн, баяғы батыр айтып кеткен «Әпенделері» сияқты еді. Сөзге келместен, үйге кіріп ас ішіп, күмбез салатын жерге барып іске кіріседі. Әлгі «Әпенділер» тамның қасынан кетпейді, түнде сонда жатады, тамақ берсең ішеді, бермесең ішпейді. Там біткеннен кейін, 6-7 күннен соң екеуі жоқ болып кетіпті. Олар кімдер екенін, қайдан келіп, қайда кеткенін ешкім білмейді.

Ағыбай батырдың күмбезі Қарағанды облысы, Шет ауданының, Киікті станциясынан 40-45 шақырым жерде, Тайатқан-Шұнақ тауларының бөктерінде орналасқан. Ағыбай батыр кесенесі, шамамен XIX ғасырдың 80 жылдары қаланған. Архитектуралық жобасы, шаршы үстіне қаланған күмбез ретінде қалыптасқан. Төрт қабырғадан сегіз бөлікке ауысып, көтерілген күмбез кесене-сінің негізгі құрылымын құрайды. Кесененің төрт бұрышына колонна тұрғызылған. Бұл ғимарат ауқымды, бір жағынан төрт құбылаға бағытталған бекініс іспетті қаланған.

Кесене саман кірпіштен қаланған, олардың аумағы 30 м x 15 м. Сыртқы өлшемі 9,80 м x 10,15 м, биіктігі 8 м, ғимараттың күмбезінің биіктігі 3,10 м. Кіре беріс есігі 1,45 м x 0,7 м. Ішкі аумағы 6,85 м x 6,85 м. Кесененің алдыңғы қосымша бөліктің жоспары 2,70 м x 4 м, биіктігі 2,70 м, бұл бөліктің қабырғасының қалыңдығы 1 м.

Кезінде, Кеңес үкіметінің қыспағына қарамай, Қаныш Сәтпаев пен *Әлкей* Марғұланның қолдауымен, 1949 жылдан бастап Ақжолтай Ағыбайдың кесенесі халқымыздың мәдени мұрасы ретінде мемлекетіміздің қарауына алынған (Памятник культовой архитектуры и истории. Памятник республиканского значения. Пост. Сов. Мин. Казахской ССР №133 от 17. 02. 1949 г.). Өкінішке орай, Кеңес дәуірі кезінде, белгілі-белгісіз себептермен 40 жылдан астам, осы тәуелсіздік алған 12-13 жылдың ішінде оған ешқандайда жөндеу жұмыстары жүргізілмей, сонау 1992-1993 жылдары «Қазрестравакция» ғылыми жобалау институты кесенені қайта қалпына келтіру-жөндеу жұмыстарының жобасын жасаған болса да (авторлары: Т. Төреқұлов, Н. Төреқұлова), көп жыл бойы өз шешімін таппаған болатын.

Қаржыландару мәселесінің шешілуіне байланысты, 2002-2005 жылдары күмбез-кесенені қайтадан жан-жақты зерттеу барысында, жаңадан жоба жасалып, оның құны 15 млн. теңгеге бағаланды. Қарағанды облыстық мәдени Департаментінің басшыларының ұйғарымы бойынша, күмбез-кесенені күрделі жөндеу, алматылық «Күмбез» (директоры Т. Төреқұлов) фирмасына тапсырылады.

Өкінішке орай, осы «Күмбез» фирмасы, кесененің күрделі жөндеуіне тыңғылықты дайындалмай, қалай болса солай, өте сапасыз құрылыс жүргізген. Осыған байланысты, күрделі жөндеу бітті деген уақыттан бір жылға жетер-жетпестен, кесененің сыртқы сылақтары түсе бастап, ішкі жағына су кіріп, ол жердің де сылақтары түсе бастады. Осы Ағыбай кесенесінің құрылысының сапасыз жасалып жатқандығы туралы, республикамыздың түкпір-түкпірінен зиялы қауым, батырдың ұрпақтары және ақын-жазушылар бірнеше жыл бойы дабыл қақты. Атап айт-қанда, осы мәселе бойынша Айтбай Сәулебектегі, Кемел Жүністегі тағы басқа да жазушы-жур-налистер, республикамыздың газет-журналдарына бірнеше сын мақалалар жариялады. Одан бас-қа, 2010 жылдың 23 маусымында Айқын газетінің №111-де, елімізге белгілі ақын, қоғам қайрат-кері Несіпбек Айтұлының «Ағыбай батырдың кесенесі құлағалы тұр» деген ауқымды мақаласы жарық көрді. Осы мақаладан кейін, республикамыздың зиялы қауымы дүр сілкінді және «Аруақ риза болмай, тірі байымайды» дегендей, Қарағанды облысының әкімі Серік Нығметұлы Ахметов осы мәселеге өзі белсене кірісіп, Ағыбай батырдың кесенесінің күрделі жөндеуіне 2011 жылдың облыстық қаржы көзінен 10 млн. ақша бөлінді. «Казрестраврация» құрылысшылары, күрделі жөндеуді 2011 жылдың қазан айында бітірді. Осы Ағыбай батырдың күмбез-кесенесін күрделі жөндеу кезінде араб әрпімен жазылған 12 (он екі) кірпіш табылған.



Бір үлкен жиында: «Ақжолтай аға, осы өміріңізде істеген ерліктеріңізді айта отырыңыз», - деп қазақтың игі жақсылары тілек білдіреді. Сонда батыр: «Бетпе-бет айкаста, жекпе-жекте күші асқан бірін-бірі алып жатады, бұл белгілі жайт, ондайдың, әрине талайы бастан өтті. Ал енді бұлардан бөгде ерлікті айтар болсақ, олар мыналар», - деп әңгімесін бастайды. «Біріншісі, сегіз ай бойы қотыр болуым, сонда денеме бір рет де тырнақ тигізбедім. Екіншісі, бір жорықтан жалғыз шаршап, аздап тыныстанып аламын деп бір бұлақтың басына, тынығып алуға жаттым. Бір заматта ояна келсем, білектей бір қарашұбар жылан ұйықтағанда, ашылып қалған аузыма басын сұққалы төніп тұр екен, осы кезде жыланды екі қолыммен ұстап, күшпен қатты тартқанда, екіге бөлініп, лақтырып жібердім. Үшіншісі, бір жорықтан қайтып келе жатып, Шуға таяу Балқаш көлінің жағасында орналасқан бір ауылға жігіттеріммен түстендім. Тамақ ішіп болғанша кеш батып кетті, таңға жақын жол жүру керек болатын. Бір кезде осы ауылдың бәйбішесі: «Сен, Ақжолтай Ағыбай болсаң, ерлік істеріңмен атағын жер жарады, біздің ауылда малдан мал қалмады, енді адамдарымызға шабатын шығар, бір тажал жолбарыс пайда болды, біздің ауылдың еркектері жолбарысқа шығуға бата алмай отыр, батыр болсаң сол жолбарысты өлтір!» - деп өтініш айтты. Осыдан кейін бес қаруымды алып көл жағасындағы қамыс ішіне, жолбарыс жүр деген жерге келдім. Осы кезде ұзындығы есік пен төрдей, үлкендігі тайдай бір жолбарыс тасадан маған атылды, мен де сақ келе жатқандықтан, найзамен жолбарысты шаншып өлтірдім», - деген екен.

Ағыбай батыр сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Ол өнерден де құралақан болмай, елге танымал сырнайшы да болған. Атақты Құнанбай әкесі Өскенбайға, Қаракесекке жататын Қамбар еліндегі Көкшетау жерінде Үш жүздің басын қосып, ас береді. Асқа нөкерімен келе

жатқан Ағыбайдың сырнайының дауысы күндік жерден естіліп, Құнанбайдың өзі алдынан шығып тосып алады. Асқа келген дүйім жұрт Ағыбай батыр түскен киіз үйде жиналып, батыр отырып сырнай тартқанда, киіз үйдің туырлығы жел соққандай желпілдеп кеткен, дейді көзімен көргендер.

Ағыбай батырға емшілік қасиет де дарыған. Ағыбаймен замандас болған менің атам Қожабай дәулетті өмір сүріп, мыңғырған малдың иесі болыпты және жүз жасаған кісі екен. Бір жылы Арқада қыс қатты болып, жұттың аяғы қойларға белгісіз ауру жабысып, қойлар қырыла бастайды. Бір күні қыстақ басына астында есік пен төрдей аты бар, еңгезердей бір кісі түсіп, қойшылармен жөн сұрасып: «Бір қойды бері әкеліңдер», - деп, өзі Құранның бір сүресін оқып, қойға өзінше ем жасапты. Осыдан кейін: «Енді қойларың аурудан таза жазылады», - деп атына мініп кетіп қалыпты. Бірақ, бейтаныс адам өзінің кім екенін айтпай кетіпті. Шындығында да, қойлар белгісіз аурудан таза айығыпты. Қойшылар Қожабай атаға келіп, болған жағдайды тәмпіштеп айтып беріпті. Қожабай ата ойланып отырып: «Бұл бейтаныс емші, атақты Ағыбай батыр болды ғой», - депті де, бір жігітін сый-сияпатымен Ағыбай батырға аттандырыпты. Ағыбай батырға сый-сияпатын бере тұра былай ол жігіт: «Қожабай атам сізге ризашылығын білдірді. Бірақ жүз жасап атырған маған сәлем бермей, қойлы ауылға түскені несі?» - деп айтқан сәлемдесін жеткізіпті. Сонда Ағыбай батыр: «Бір шұғыл жорыққа аттанып бара жатыр едім. Атаның айтқаны заңды, менен ағаттық кетті, қалай болса да жүз жасап отырған қарияға сәлем беруім керек еді», - деп өзінің жіберген қателігін мойындапты. Осыдан кейін, өзі Қожабай атаға арнайы келіп сәлем бере келіпті. Қожабай атаның ауылында бірнеше күн қонақ болып, бір-біріне қыз берісіп, қыз алысып, құдандал болып тарасыпты.

Кенесары хан бастаған халық көтерілісін, өте мұқият зерттеген ғалым-тарихшы Е. Бекмаханов өз еңбегінде: «Көтерілісшілердің Ағыбайға деген ерекше құрметі туралы оның әйелдерінің бірімен Кенесарының әңгімесінен байқауға болады... Ағыбай көтерілістің соңына дейін Кене-сарыға деген адалдығынан айныған жоқ...», - деп тарихи шындықты тұжырымдайды. (Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, Санат, 1994).

2004 жылы Москва қаласында «Молодая гвардия» баспасында «Жизнь замечательных людей» биографиялық сериясында жарық көрген Эдиге Валиханов «Кенесары» деген кітабында былай деп жазады : «Самая важная роль в движении Кенесары принадлежала его батырам, которые как раз и вознесли на самый высокий пьедестал военную славу и военные доблести Кенесары. В то время каждый из них сам обладал этой военной доблестью и мужеством. Удалые бойцы, наиболее самоотверженные борцы движения, они как раз и сплачивали все движение в единое целое, являясь тем самым цементирующим составом, который держал это движение до последнего. Необходимо отметить и еще одно важнейшее качество батыров – многие из них были замечательными духовными наставниками молодежи. Проникшись идеями Кенесары Касымова, батыры всегда оказывались в гуще самых разных событий, как военных, как политических, так и дипломатических. И каждому из них вменялось то или иное поручение. Кроме того, каждый из них обладал достаточным запасом физических сил, чтобы стать доблестным богатырем эпических сказаний. И потому движение Кенесары стало легендой уже при его жизни. В самых эпических поэмах, которые постоянно сопутствовали движению Кенесары, указывалось на доблесть, мужество и физическую силу этих людей. Многие из них при жизни стали легендами, а именами некоторых из них народ даже называл отдельные горные вершины и урочища.



Назовем имена батыров Кенесары: Агыбай из рода Шубуртпалы, Жанайдар батыр из рода Суюндук, Иман Дулатов из рода Кипчаков – он был дедом Амангельды, знаменитого борца в 1916 году, Жоламан Тленши из рода Табын, Бугубай батыр из рода Дулат, Ангал батыр из рода Атыгай, Баскара батыр из рода Кипчаков, Жеке батыр из рода Аргын – именем его названа гора в Боровом, Джайке, Суранши и Байсеит – батыры из рода Дулат. Некоторые из этих батыров имели огромный материальный достаток и фактически являлись родоуправителями. Например, Жоламан Тленши Табынского рода, который управлял значительными родовыми подразделениями. Но многие другие, в том числе и Агыбай батыр, были людьми среднего, а порой ниже среднего достатка. Несмотря на это, все они прониклись идеей Кенесары. И имущественное их положение никак не определяло их социальный статус, статус политических деятелей и героев.

Один из самых значительных героев, любимый батыр Кенесары – Агыбай батыр родился в замечательных по красоте предгорьях Улутау. В различных документах и казахских народных произведениях он описывается как один из самых талантливых, смелых воинов. Еще юношей он сопровождал старших братьев Кенесары – Саржана и Есенгелди к Кокандскому хану. Им удалось тогда избежать беды, потому что Агыбай батыр спас их. Агыбай батыр особенно прославился тем, что всегда брал на себя самые сложные задачи военного характера. Он был одним из самых главных батыров, которые устремились на Акмолинский приказ, и фактически приказ был ликвидирован. Вместе тем Агыбай батыр был единственным из батыров, который прорвался из окружения и сумел вынести из этого последнего боя легенду о Кенесары, до конца дней руководствовался идеями Кенесары. Потомки этого батыра живут и ныне на степных просторах Казахстана, некоторые из них достигли значительных высот в науке, в творческой работе. В шутку Кенесары прозвал Агыбая – Косе, то есть безбородым. И это шутовское прозвище говорило о том, что Кенесары расположен к нему более, чем к другим военачальникам. Посылая с поручениями своего брата Наурызбая, он всегда отправлял с ним и Агыбай батыра, который проявлял всегда отеческую заботу о нем. При этом Кенесары приговаривал: «Поручаю Наурызбая твоим заботам, тебя поручаю Богу Всевышнему».

Вот как описана внешность Агыбай батыра: «У Агыбая была реденькая жидкая борода, начинавшаяся прямо с подбородка. Он был высок ростом, широкоплеч, с глубоко сидящими глазами. Он был длиннорук, и любимыми его оружием была девятиузловая пика, красиво украшенная кольцами, она висела у него на кожаном ремне из кожи кулана, на спине у него круглый щит, а на боку ярко блестела на солнце сабля и кривой короткий меч».

Исключительность Агыбай батыра подтверждается и другими моментами. Так, однажды одна из его жен спросила Кенесары: «Вы в своих войсках некоторым присвоили воинские звания Мынбасы, Бесжүзбасы, почему не присвоите какого-либо воинского звания Косе, то есть Агыбаю?». На это Кенесары ответил ей: «Если авангард моих войск бросается в бой с лозунгом «Аблай!», то следующие за ним воины выступают с именем Агыбая. Вот почему я не присваиваю ему воинское звание»...

Асқар таудың өлгені,

Басын бұлттың шалғаны.

Көктегі бұлттың өлгені,

Аса алмай таудан қалғаны.

Дүниеде не өлмейді?

Жақсының аты өлмейді.

Ғалымның хаты өлмейді,-

деп аузы дуалы, әулие Бұхар жырау айтқандай, Ақжолтай Ағыбай батырдың жақсы аты қазіргі ұрпаққа үлгі және біздің рухани байлығымыз.

Сол Ақжолтай Ағыбай батырмен замандас, қазақ халқының игі жақсылары, ел басқарған қоғам қайраткерлері, ел арасының бірлігін нығайтуға көп еңбек сіңірген, көтерілістен кейін Ағыбай батырдың басына түскен қуғын-сүргін, қиын-қыстау кезде қолдау жасап, кейіннен ақтап алуға көп еңбек сіңірген, халық қалаулылары жайында тарихи деректер мен ел аузындағы шежі-релерге тоқталып өтейік.

1858 жылы, Қарқаралы қаласында өткен халық съезінің шешімімен, өздерінің өтініштері бойынша, Ағыбай батыр бастаған Шұбыртпалылар 188 киіз үймен Кәрсөн-Керней болысына қо-ныс аударады. Басында Кәрсөн болысының санағында болады, одан кейін Мойынты болысына, кейіннен халықтың өсуіне байланысты, Кәрсөн болысы Мойынты және Сарыбұлақ болыстары болып екіге бөлінеді. Сарыбұлақ болысының басым көпшілігі Шұбыртпалылар болған және бол-ыстықты Ағыбайдың балалары - Аманжол мен Аманбай кезектесіп басқарған. Атап айтқанда, Аманжол 1878 жылдан 1883 жылға дейін, 1887 жылдан 1892 жылға дейін Мойынты болысының 13 ауылының биі болып сайланады. 1892 жылы 13 ауыл жаңадан ашылған Шу болысына қарайды, болыс болып Аманбай, ал оның орынбасары болып інісі Сопы сайланады. Олар болысты 1899 жылға дейін басқарған. Семей Далалық губернаторы 1896 жылы Аманбайды Мақтау грамотасы-мен, ал 1898 жылы Сопыны Мақтау грамотасымен және 1899 жылы күміс шынжыры бар күміс сағатпен марапаттаған. Сол кезде Шұбыртпалы елінде 9 ауыл, 1614 киіз үй және 6998 адам болған. 1899 жылдың 10 шілдесінен бастап Шұбыртпалы елі қайтадан Сарыбұлақ болысына қара-тылған және болыстық қызметті Аманбайдың балалары - Ахмет, Ыбыш және Әбдірахман атқар-ған. Атап айтқанда, Ахмет – 1899-1905 жылдары, екі мерзім, Ыбыш – 1905-1911 жылдары, екі мерзім, Әбдірахман – 1911-1917 жылдары, екі мерзім болыстық қызмет атқарған. 1847 жылы туған, Сопы Ағыбаев 1906 жылы Мемлекеттік Думаға депутат (мүше) сайлауда Қарқаралы дуа-нының сайлаушысы болған.

1896 жылы Нижний Новгород қаласында Бүкілресейлік көрме өтеді, осы көрмеге Ағыбай батырдың баласы Аманжол әкесі Ағыбай батырдың күмістелген қанжарын әкеліп, марапатқа ие болған. Бұл құнды қаруды, 1837 жылы Ақмола бекінісін алғанда көрсеткен ерлігі үшін, Кенесары Абылай хан атасынан қалған күмістелген қанжарды Ағыбай батырға сыйлайды. Одан басқа, Кенесарының күмістелген мылтығы көрменің келушілерінің қызығуын тудырған және құнды жәдігер ретінде марапатталған. Бұл мылтықты Кенесарыны өлтірген қырғыз манаптары генерал-губернатор Г.А. Колпаковскиге сыйға тартады, ал ол Омск қаласындағы Батыс-Сібір Император-лық Орыс Географиялық қоғамының мұражайына тапсырады. Бір айта кететін жайт, осы мылтық осы күнге дейін сол мұражайда сақтаулы және Кенесары ханнан қалған бірден-бір заттай жәдігер. Айта кететін жайт, осы көрмеге Қарқаралы уезінен 25 адам қатысқан, оның 20 қазақтар болған және 7 адам, оның ішінде 5 қазақ марапатқа ие болған.

1858 жылы сол кездегі қазақтың көзі ашық игі жақсылары мен білімді би-болыстары Қарқаралы қаласында ісі аңызға, аты ұранға айналған, қазақ халқының азаттығы үшін 40 жылдан астам бел шешпей жанын пиде еткен Ағыбай батырдың тағдырын шешкен болатын. Осы жиында (сиез) Қаракесектің Кәрсөн-Керней болысының атқа мінерлерінің Шұбыртпалы руына жерімізден жер бөліп береміз деген шешімдерін құптап және Ресей патшасынан халық

батыры ретінде, Ағыбай батырға рахымшылық жасауын өтініп, Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфортқа хат жолдайды. Осы хатты алып, Ағыбай батыр Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфортқа өзі келеді. Г.Х. Гасфорттың адъютанты Ағыбай батырдан: «Кім боласыз, қандай сұрақпен келдіңіз?» - деп сұрайды. Сонда батыр: «Мен Ағыбай батырмын, генерал мырзамен жолығуым керек», - дейді. Таң қалған адъютант: «Сіз шынымен бунтарь Ағыбайсыз ба?» - деп сұрайды. Осыдан кейін батырды Г.Х. Гасфорттың өзі қабылдап, Ағыбаймен көп уақыт сөйлеседі және Патшадан кешірім алу үшін тосу керек екенін түсіндіреді. Сол уақытта генерал-губернатор, өзінің суретшілеріне Ағыбай батырдың суретін салғызып, Ресейдің сол кездегі астанасы Петербор қаласындағы әлемге әйгілі Эрмитаж көрме-мұражайға жібереді.

Біраз уақыттан кейін, Патшаның Ағыбай батырды кешірген құжатын алып, Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфорт Ағыбай батырдың жаңа қонысын картаға түсіріп, мөрін басып, үлкен құрметпен шығарып салады. Ресей Патшасы Орта Азия мен Кавказ халықтарының отаршыларға қарсы белсенді күрескен, кезінде «Империя жауы» атанған батырлардың арасынан Ағыбай батыр мен Кавказдағы Шәмілге ғана рахымшылық жасаған. Сол Шәміл батыр 63 жасында Меккеге қажылыққа барғанда қайтыс болады.

Шынымен де, қазіргі кезде халыққа кең таралған Ақжолтай Ағыбай батырдың суреті Санкт-Петербургтағы (Ленинградтағы) Эрмитажда сақтаулы.

Кезінде «Малшылардың Маршалы» атанған, Еңбек Ері атағына екі мәрте ие болған Жазылбек Қуанышбаевтың даңқын тек Мойынқұм ауданы емес, Кеңестер Одағының барлық халқы білген. Атақты шопанның жаз жайлауы Сарыарқадағы Тайатқан-Шұнақ таулары, яғни Ағыбай батырдың жайлауы, һәм сол кісінің мазары орналасқан жер болатын. Жазата Ағыбай батырды өмір бойы пір тұтып өткен екен. Сол Ж. Қуанышбаев Ленинград (Санкт-Петербург) қаласына Қазақстаннан барған халық қалаулыларының делегация мүшелерімен Эрмитажды аралап жүргенде, Ағыбай батырдың суретін көреді. Музей басшыларынан рұқсат алып, сол жердегі суретшілердің сұраған ақшаларын беріп, салғызып алады. Елге келгеннен кейін, сол кездегі басшы Д.А. Қонаевқа келіп: «Димаш, маған сүйінші бер, Ақжолтай Ағыбай батырдың суретін тауып елге әкелдім!» - деген екен. Осыдан кейін, Д. Қонаев оған: «Сүйіншің», - деп жеңіл автокөлік (ГАЗ-69) сыйға тартып: «Суретті елге таратыңдар», - деп өзі нұсқау беріпті. Осы оқиғадан кейін Жазылбек атамыздың әйелі (Өлімхан апамыз) Тойшыбай-Қойшыбай деген егіз ұл тауып беріпті.

Белгілі журналист-жазушы Көсемәлі Сәттібайұлының 2014 жылдың 17 сәуірдегі «Егеменді Қазақстан» (№74 (28298) газетінде жарық көрген «Атадан қалған белгі» деген, Еңбек Ері атағына екі мәрте ие болған Жазылбек Қуанышбаев туралы мақаласында былай деп жазады: «...Жазатаның тегін адам емес екенін мына жайттан да аңғаруға болады. Ресей отаршылары қазақ жерінің ту-талақайын шығарып, бөліске салып жатқан тұс болу керек. Ағыбай батыр жер дауымен Батыс Сібір генерал-губернаторы болған Г.Х. Гасфортқа барып, елі мен жерінің тағдыры үшін неден болса да аянбайтынын білдіреді. Абырой болғанда, батырдың талабымен жер дауы шешіліп, ушыққан мәселе дұрысталады. Батырдың көңіл-күйі орнына түскен шақта, генерал-губернатор суретшісін шақыртып, Ағыбай батырдың қайталанбас келбетін сыздыртып алады. Кейін батыр бейнесі түземдіктердің көсемі ретінде Эрмитажға жөнелтіледі. Жазылбек ата құдай берген бақ пен дәулеттің арқасында Ленинградқа барған сапарында сол суретті көріп, батыр бейнесінің қасынан айналсоқтап шықпай қояды. Әрідегі Ағыбай тұрмақ, берідегі Ахмет Байтұрсыновтың суретін көруге зар болған заманда, мына бейне Жазатаға керемет олжа болып көрінеді. Еңбек ері деген атағының беделін халқы үшін осындайда пайдаланбағанда, қай уақытта пайдаланады? Жазатаның қолқасымен Ағыбай

батырдың суретінің көшірмесі жасалады. Елге жеткен сол олжа бүгінде тарихымыздың құнды мұралардың бірі».

Қаракесектің Кәрсөн-Керней болысына, Шұбыртпалы руының қоныстанғаны туралы мына мұрағат құжаты растайды: «1859 года апреля 16 дня, мы ниже приложившие именные печати и свое ручные тамги старшины, бии и почетные киргизы Карсен-Кернеевской волости, в том, что с общего согласия нашего, мы киргизов (қазақтар.- Автор) Чубуртпалинского рода, прибывшие из Каратау, в среду свою принять согласны»

Подпись отбирал управитель Копбай Есетов. Подписку писал и переводил толмач Яшецкий (ҚҰА. 345-қор. 2-байлам. 101-іс. 267-270 беттер). Осы құжатты белгілі 26 би және 9 ауыл старшындары қол қойған.

Сол кездегі Кәрсөн-Керней болысының елі, Ресей империясының заңдары мен жергілікті аға сұлтандарға аса бағына қоймаған, тіпті Патша «қолшоқпарлары» күш көрсетем десе, олардың малдарын айдап кетіп отырған және осы үрдіс Кеңес үкіметі орнаған кезде де, яғни 1930 жылға дейін созылған. Кәрсөн-Керней болысының жігіттерінің әлді болғанын мына мұрағат құжатынан көруге болады.

«Докладная записка Старшего Султана Каркаралинского округа Турсуна Чингизова декабря 1 дня 1841 г. Каркаралы.

В должности Пограничного Начальника Сибирских Киргизов господину полковнику и кавалеру Николаю Францевичу Вишневному.

Вашему Высокоблагородию изъявляя чувство глубокого моего уважения, осмеливаюсь покорнейшее просить обратить на изложенные ниже сего просьбы мои, милостивое Ваше внимание, признаюсь, я частовременно беспокоиваю особу Вашу подобными маловажными просьбами, но, побуждаемый к тому милостивым Вашим дозволением, я надеюсь, что Вы извините меня, всегда молящего творца о Вашем здравии и благоденствии.

В октябре месяце сего года киргизы (қазақтар.- Автор) Карсон-Кернеевской волости, в числе 19-ти человек, отогнали в баранту из моего табуна 65 лошадей. Этих лошадей я бы мог возвратить через содействие сдешного начальства, но думаю, чтобы не встретить через то каких либо для себя неприятностей, я почел за лучшее обратиться об этом прямо к особе Вашей с покорнейшего просьбою о удовлетворении меня за вышепоясненных лошадей учинить зависящее распоряжение.

На все вышеизложенные мои просьбы имею счастье ожидать милостивой особы Вашей резолюции и льщу себя надеждою ожидать всегда со стороны особы Вашей покровительства и защиты от всяких вредных действий не доброжелательных ко мне людей.

К сей докладной записке султан Турсун Чингисов приложил печать (ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 40-іс. 19 беттер).

Кәрсөн-Керней рулары 20 жыл бір болыс болды және халықтың өсуіне байланысты Кәрсөн болысы және Керней болысы болып екіге бөлінді. Кейіннен Кәрсөн болысы Мойынты болысы, ал Керней болысы Ақшатау болысы болып аталды. Оған мына мұрағат құжаты дәлел.

«Каркаралинский окружной приказ от 24.11.1844г. за № 7318 донес, с представлением подписок отобранных от родов Карсоновского и Кернеевской волости заседателем того Приказа Евсевьевым, что киргизы (қазақтар.- Автор) Кернеевской волости причисленным к Куянчи-

Тагаевской волости желания неизъявляют, а просят равно как и Карсоновцы составит из себя отдельных волости.

Пограничное Управление усматривая из настоящего рапорта Каркаралинского окружного приказа и представленных при нем, подписок киргизов Карсен и Кернеев родов, что из них первые согласны на отношение от их рода Кернеевцев и составить из себя особую волость для управления, которой избирают настоящего их волостного управителя Еспергена Садырбаева. Кернеевцы же с допущением к Управителю оной бия Кару Байтыкова. Каждом из разделяемых родов по произведенному заседателем Евсевьевым изчисления оказалось: 1) Карсеновском – 679 киб., 1246 муж., 1279 жен; 2) Кернеевском - 545 киб., 962 муж., 976 жен. Каркаралинский окружной приказ признает из своей стороны неизбежность учредить из этих двух родов особые волости, под названием Карсоновская и Кернеевская» (ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 1563-іс. 7-10 беттер).

Қаракесектің Кәрсөн-Керней, Шұбыртпалы руларының ата қоныстары бірге, жандары аралас, малдары қоралас болған. Қазақстанның орталық бөлігінде орналасқан ұлан-байтақ жерде (ұзындығы 1000 км асады) көшіп-қонып жүрген. Осы рулардан шыққан елімізге белгілі қоғам қайраткерлері, би-батырлары, ақын-жазушылары, шынжыр балақ шұбар төс, мыңды айдаған байлары да баршылық болған. Атап айтсақ, 10 мыңнан аса жылқы біткен Кәрсөн Ершман бай, 17 мың жылқы біткен Керней Адамбай-Тұрсын, ал Қарсыбек көпесКелменбетов, тек дала көпесі емес, тау-кен кәсіпкері болып, Тәшкен мен Томбы арасында кіре тартқан. Дала байларының мал өнімдері қалдығын сауда айналымына енгізген. Қоянды жәрмеңкесінде 60 мың рубльге дейін сауда жүргізіп отырған. Мойынты және Ақшатау болыстықтарының Ақшағыл, Шүмек, Тасбұлақ, Шұбароба кен орындарына иелік жасаған. 1908 жылы Спасск күміс-қорғасын өндіру кенішін көтерме саудаға шығарған. ІІ дәрежелі Құрметті шекпенмен (1885), күміс стақан қойғышпен (1890), ІІ дәрежелі Құрметті шекпенмен (1902) марапатталған.Тәшкенде, Томбыда және Қарқаралыда үйі болған. Ағыбайдың баласы Аманбайға да бірнеше мың мал біткен. Кәрсөн-Шұбыртпалы елінен халқымызға белгілі он күйші шыққан (Қыздарбек, Мақаш, Әбди, Сембек, Кәрібек, Баубек, Әбікен, Бегімсал, Дәулетбек және Итаяқ).

Сарыарқада орналасқан: Бұғылы-Тағылы, Айыртау-Ортау, Тайатқан-Шұнақ, Үлкен бұлақ, Шалтас, Қарасаз, Қайрақтыға дейін жазда жайлауға (Әлтеке-Сарым, Қояншы-Тағай, Дадан Тоб-ықты, Алтай-Қарпық руларымен көршілес), қыстақтары Балқаш көлінің солтүстігіндегі Бертис қойнауынан бастап Шу өзеніне дейін (Найман, Үйсін, Жалайыр руларымен көршілес) көшіп-қонып жүрген. Қыс жылы болғанда Балқаш көлінің жағасында, ал суық болғанда Шу бойын қыс-таған.

Қазақ елін көп зерттеген және тарихи нақтылығымен ерекшеленетін тарихшы А.И.Левшин: «Кәрсөн руы Сарыарқаға жайлауға көшкенде, Шу бойындағы қоныстарын сол жердегі егінші-лерге жалға беріп, күзде қыстақтарына көшіп келгенде, натурамен жердің арендасын арпа-бидай және басқа да өнімдермен алып отырған», - деп жазады.

Жоғарғы атап өткен жерлерде, неше жылғы төңкерістерге, апаттарға және саяси өзгерістерге қарамай, қазірге дейін сол рулардың ұрпақтары тұрып жатыр. Одан басқа, сол жерлерде осы уақытқа дейін сақталып қалған ата-бабаларымыздың бейіттері де айғақ.

Ресей үкіметі, 1822 жылғы жарғы бойынша, Орта жүзді 8 округқа (дуанға), 1824 жылғы жарлығы бойынша Кіші жүзді (Жайық пен Торғай өзендері аралығын) Батыс жақ, Орта тұс және Шығыс жақ деп үш әкімшілікке бөліп тастады. Еділ мен Жайық аралығын «Ішкі Бөкей хандығы» хандығы деп жариялады. Ал, сол кезде Ұлы Жүздің басым бөлігі Қоқан

хандығының ықпалында болатын. Осы жарғыға сәйкес Қазақ даласында 1824 жылы бірінші болып, Қарқаралы дуаны ашылды.

XIX ғасырдың 30-шы жылдары Сібір қазақтарының Омбы облысына қараған Қарқаралы округінде 20 болыс: Дүйсенбай-Шекшек, Қырғыз, Қара-Әйтiмбет, Әлтөбет, Қарауыл, Қояншы-Тағай, Кәрсөн-Керней, Әлтеке-Сарым, Дадан Тобықты, Төлеңгіт, Керей, Тарақты, Көшім, Жалықпас, Байбөрі, Шаншар, Қамбар, Тобықты, Буранайман, Алысай. Одан кейінгі жылдары, халықтың өсуіне байланысты 24 болысқа көбейіп, ел 314 ауылға, 18396 шаңыраққа бөлінген. Осы елдің қарамағында: 217651 жылқы, 75912 сиыр, мыңдаған түйе, миллионнан астам қой болған. Енді қарасақ, әр от басына жылқының өзі, орта есеппен 12 бастан келеді екен, басқа малдарды және кәсіпті санамағанда Олай болса, бұл мәліметтер (1863) қазақ шаруашылығының XIX ғасырдың бірінші жартысында өрлеуде болғанын көрсетеді.

Тарихшы А.И.Левшиннің жазуынша, сол кезде қазақтар Ресейге, Қытай, Бұқара, Хиуа елдеріне жылына 1 миллионға жақын қой, 100 мыңнан аса жылқы сатқан.

Орталық Қазақстан туралы ғылыми деректер жинаған бірінші қазақ Шоқан Уалиханов. 1855 жылы Омск қаласындағы кадет корпусын тамамдаған 20 жастағы Шоқан Батыс-Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфордпен бірге Қарқаралы-Баянауыл жерін аралап, салт-дәстүр мен археологиялық көп мағлұматтар жинайды. Ешкімді мақтамайтын генерал-губернатор Г.Х. Гасфорд Ресей империясының әскери министріне Шоқанға поручик шенін беру туралы былай деп өтініш білдіреді: «В числе представляемых корнет султан Валиханов, который хотя и состоит на службе не более 2 лет, но при совершенном знании оной и киргизского языка, а также и местных киргизских обычаев, он сопровождая меня в киргизскую степь, принес большую пользу».

Екінші рет Шоқан Қарқаралы дуанының жеріне 1863 жылы шекара комитетінің басқарма бастығы И.Е. Яценконың экспедициясының құрамында қазақ әдет-ғұрып заңдарын дайындау үшін келген. Атап айтқанда, сол кезде Омбы қаласында Сібір қазақтарының Шекаралық басқармасында жауапты қызмет атқарған, білікті ғалым ретінде қазақ заңдарының жинағын құрастыруға қатысып, Ресей патшасының әкімшілік және сот реформаларын қатты сынға алып «Сот реформасы жайында хат» деген еңбегінде: «Реформа жөніндегі мәселе терең ойды, байыпты тұжырымды қажет етеді, өйткені халықтың «өмір сүруі, сүрмеуі» соған байланысты.

Ресей Империясының құрамына еніп отырған барлық бұратана тайпалардың ішінде халқы-ның санының көптігінен, байлығы жөнінен біз бірінші орын аламыз. Меніңше алдағы өркендеу де бізге - қазақтардың үлесіне тиеді», - деп көрегендігімен тұжырымдаған.

Шоқанның Балқаш көлі туралы терең зерттеу деректері осы күнге дейін құнды. Ол Балқаш көлінің жан-жануарын да жан-жақты зерттеген, сол кезде көлдегі қамыс арасында жолбарыс, қабан, сілеусін және тағы басқа аңдарға толы болған. Шоқанның пікірі бойынша Балқаш пен Алакөл көлдері бір кездері бір-ақ көл болған. Одан басқа, Шоқан өзінің «Қарқаралы сыртқы округы болыстарының қыстақтары» деген еңбегінде, қыстақтар мен жаз жайлаулардың аттарын, олардың орналасуы мен ара-қашықтықтары, белгілі жерлері туралы құнды мағлұматтар калдырды. Шоқанның деректері бойынша Қарқаралы дуанының жері 135 320 га, онда 220 000 жылқы, 1 164 000 қой, 77 000 қара мал және 32 000 түйе болған.

Арқа қазақтары сол кезде аңшылықпен де жүйелі түрде айналысқан. Сол уақытта, қырда ақбөкендер (киік-сайгак) және тауда арқарлар топ-тобымен өріп жүрді. Ақбөкендердің (киік-сайгак) мүйізі сол кезде де қымбат бағаланған және Қытай көпестері ауыл-ауылды аралап

мүйізді сатып алып отырған. Сол кезде кәсіпқой аңшылар қасқыр мен түлкіні де көптеп аулаған. Зерттеуші А.А. Янушкевичтің (1846ж.) мәліметтері бойынша: «Тюленгутовская, Дадан-Тобык-тинская, Альтеке-Сарымовская и Карсон-Кернеевская волости самый большой доход имели именно от лис. Ловили их разные капканы, травили борзыми и соколами, догоняя на лошадях. Борзых имели отличных. Соколов ценили. За хорошего беркута отдавали верблюда. Каждая юрта в год добывали около ста лисьих шкурок. Их продавали по 3,5 руб., а порой и за 50 руб. За последние два года (1844-1845) лис было немного. Теперь их ожидали множество. Появилась несметное количество мышей, за которыми пришли и лисы.

Не только бай, но и каждый середняк обязательно имел лисий тмак – меховой головной убор, крытый сверху материей и закрывающий шею и щёки».

Белгілі ғалым М.М. Красовский «Область сибирских киргизов» (1868) деген еңбегінде былай деп жазады: «На 1863 год звереловством занимались в Карсон-Кернеевской волости – 111, в Коянши-Тагайской – 28, в Тюнгенгутовской – 34 и в Альтеке-Сарымовской – 35 охотников. Шкурки на месте скупали мелкие торговцы-перекупщики. Карсон-Кернеевскую волость обслуживали 15 разъездных лавок. Продавцами были татары из Каркаралинска – 5, Ташкентцы – 8 и Бухарцы – 2 человека. Оборот торговли в год достигал 20-30 тыс. рублей...

Высотой отмечается скопление гранитных утёсов Бектауаты, где гранитные склоны совершенно обнажены. Образовавшаяся на значительной высоте подмывов вод пещера почитается зимующими здесь аулами карсон-кернеевцев местом священным. В ущельях этих гор часто находят аметист и дымчатый топаз.

Кроме гор Бектауата казахи родов Карсон и Керней зимуют у Балхаша, в верховьях реки Жамши, в урочище Сарыкум, Джантытау, Ишке-ульмес и т.д.».

1909 жылы Қарқаралы уезінде «Русские ведомости» газетінің корреспонденті ретінде белгілі зерттеуші М.М. Пришвин келіп, Сарыарқаны өзі айлап аралайды.

Ол «Путешествие из Павлодара в Каркаралинск» деген еңбегінде былай деп жазады: «Мировой судья прислал мне аксакала Хасена Бижанова для поездки с ним на Балхаш. Я принялся расспрашивать его о том крае. По Тоқырау киргизы (казактар.- Автор) занимаются земледелием. На реке Тоқырау, имеется превосходные арыки прежних времён. Хороший хозяин получает от выборного начальника арыка (Тоган бастыгы) пай из реки Тоқырау на десятину, и хозяин засекает её пшеницей, собирает 5-6 лет урожай и берет новую десятину, поручая ухаживать за ней рабочему. Сам хозяин кочует, как обыкновенный киргиз. Из пшеницы готовят бидай (жареная пшеница). Исключительно земледелием занимаются беднейшие киргизы – джатаки. Там до сих пор есть старики, которые не строят зимовок, у них и скота больше, и скот лучше, потому что скот возле юрты, и он не поручается пастуху. Аксакал (белая борода) – судья обычного права, зажиточный и хороший человек. Может ли он неправильно рассудить? Нет, тогда он не аксакал, а боксакал. Бий – ставленник рода.

Балхаш с этой стороны на версту, на две – до берега в камышах, величиной с дом, потом песчаный берег, и на нём небольшие кустарники саксаула. Птицы там всякой видимо-невидимо. Тигры, дикие кони и фазаны с берегов Балхаша обыкновенны.

Балхаш – великое степное море. Его занимает река Торқырау, где Каркаралинском уезде родит хлеб. Но уезд, всё же, лучший для скотоводства. Это Арка – хребет или пуп земли. Но здесь родится и кара-бидай (чёрная пшеница). Есть куланы. К ним пристаю лошади и

дичают. Местное население другие киргизы (қазақтар.- Автор). Чтобы увидеть настоящих – надо ехать на Балхаш, где кабаны запросто бегают.

Пещера Бехтау-Атау – лучшее Аулие у Балхаша (там холодный родник, мясо резаных лошадей берегут...). Пещера темная, наверху с водой, если переплыть, там другая комната, забраться можно, а вернуться нельзя, там ночуют бесплодные женщины. У пещеры в Бектауата стоят аулы». М.М. Пришвин осы еңбегінде Балқаш қазақтарының жолбарысты қалай аулайтынын жан-жақты жазған.

## **5. Ақжолтай Ағыбай батырдың замандастары, сол заманның қоғам қайраткерлері, әрі халқымыздың аяулы тұлғалары**

Ақжолтай Ағыбай батырдың замандастары, сол заманның қоғам қайраткерлері, әрі халқымыздың аяулы тұлғалары туралы қысқаша мағлұмат беріп кеткенді жөн көрдім.

Сөз атасы бірлік, анасы шындық, деген **Қаздауысты Қазыбек би**(1667-1764) - Қазақтың Тәуке, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандары тұсында мемлекет басқару ісіне белсене араласқан мемлекет және қоғам қайраткері.

Өз Тәуке хан құрған «Билер кенесінің» мүшесі, атакты шешен, Орта жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» аталатын заңдар кодекісін шығарушыларың бірі. Шыққан тегі Орта жүздің Арғын тайпасының Қаракесек руынан.

Дуалы ауыз, әулие Бұқар жырау былай деп толғайды:

Қаздауысты Қазыбек,

Шақшақтан шыққан Жәнібек.

Қаракерей Қабанбай,

Қанжығалы Бөгенбай.

Орманнан көп Орта жүз,

Содан шыққан төрт тірек.

Қаздауысты Қазыбек жүзге келіп қайтыс болғанда, қызы Маңқан былай деп жоқтау айтқан:

Төрт тіректің бірі едің,

Қиын қыстау іс келсе,

Бәрінен де ірі едің!

Өсиет қылдың қазаққа:

Сарыарқа болсын қонысың,

Қытай, сартпен жауықпа.



Өнерсіз өскен ел едің,  
Біреу саған жау болса,  
Паналауға жарайды,  
Мынау көрші орысың.  
Орыспенен жауласпа,  
Есінде болсын бұл ісім!

Сол кездегі Би бабамыздың көргендікпен айтқан осы өсиеті, қазірге дейін өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Қаздауысты Қазыбек бидің арғы аталары – Мейрам сопы, Болатқожа, Шаншар абыз, өз әкесі Келдібек те есімдері елге белгілі ел басшылары, әрі әділ би болған адамдар. Айта кететін бір жайт, «Жақсы жігіт нағашыдан» дегендей Ұлы Абайдың шешесі Ұлжан - Шаншар абыздың, ал әйелі – Ділдә Қазыбек бидің тікелей ұрпақтары. Абайдың немере інісі – өз заманының ғұламасы Шәкәрім де Қаракесектің жиені.

Ел аузындағы әңгіме-аңыздар, соңында шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың салт-дәстүрі мен ауыз әдебиетін, рәсімдері мен ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, алғыр, батыл да батыр адам болғанын айқын аңғартады.

Дана ақсақалдардың айтқан есті сөздерін кішкентай күнінен жаттап өскен ол, ер жете келе өзі де солай сөйлеуге машықтана бастайды. Осы өнерінің арқасында бала биден дана биге айналып: «Қара қылды қақжарған Қаздауысты Қазыбек би», «Алты алаштың ардағы», - деген атаққа ие болады. Содан болар Тәуке хан мемлекет тұтастығына жарықшақ түсірмей, халықты бірлікте ұстау үшін Үш жүзді өзінен шыққан үш биге билету арқылы басқарғанда, Орта жүзге Төбе би қылып, осы Қазыбек биді тағайындайды. Ол ел басқару ісіне араласып, Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясатына елеулі ықпал жасап отырады.

Жоңғар басқыншылығына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болған Қазыбек би елдің азаттық алуы жолында аянбай тер төгеді. Абылай сұлтан жоңғарлардың қолына тұтқын болып түсіп қалғанда, оны босатып алуға белсене араласады. Сондай-ақ ол Қытай, Ресей, Бұхара, Хиуа мемлекеттері арасындағы еларалық мәселелерге де араласып, бейбітшілік пен достықты дәріптеуші мәлімгер болған, аразды татуластырып, алысты жакындастырып отырған.

«Елдестірімек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» деп, ол елшілік қызметті де мінсіз аткарып, беделді дипломатта болған. Оның тұңғыш рет он төрт жасында елшілікке атшы болып барып, басшы болып қайтқаны ел аузында әлі күнге аңыз болып айтылады.

Ал, ел берекесі, ырысы мен ынтымағы қашанда билерінің қолында болған. Аузын айға билеген жаудың өзіне қарсы тұру үшін де, тек жеңін жинақы, бес қаруың сенімді, балашаға күтімді болуы шарт.

Мысалы, Шоқан Уалихановтың деректері бойынша, Қаздауысты Қазыбек (1667-1764) бабамыз 14 жасында Жоңғар Қоңтайджісі Цеван Рабданға елшілікке барғанда:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,

Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.  
Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,  
Найзаға үкі таққан елміз.  
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,  
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.  
Досымызды сақтай білген елміз.  
Дәм-тұзын сақтай білген елміз.  
Асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптай білген елміз.  
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,  
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды.  
Ел мен қызды қаматып,  
Отыра алмайтын елміз.  
Сен қалмақ та, біз қазақ,  
Қарпысқалы келгенбіз.  
Сен темір де, біз көмір,  
Еріткелі келгенбіз.  
Екі еліктің лағын,  
Теліткелі келгенбіз.  
Танымайтын жат елге,  
Танысқалы келгенбіз.  
Қазақ - қалмақ баласы,  
Табысқалы келгенбіз,  
Танысуға келмесең,  
Шабысқалы келгенбіз.  
Сен қабылан да, біз арыстан,  
Алысқалы келгенбіз.  
Жаңа үйреткен жас тұлпар,  
Жарысқалы келгенбіз.  
Тұтқыр сары желіміз,

Жабысқалы келгенбіз.

Берсең жөндеп бітімінді айт,

Бермесен дірілдемей жөніңді айт.

Не тұрысатын жеріңді айт! -

деген екен. «Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан» дегендей, сөзден ұтылған Жоңғар Қоңтайджісі, қазақ елінен шауып әкеткен мал-жанын түп-түгел қайтарып, жас Қазыбектің өжеттігі мен шешендігіне сүйсініп, «Қаздауысты» деген ат берген екен. Сол дуалы ауыз Қаздауысты Қазыбек би 1742 жылы, Жоңғар Қоңтайджісі Галдан-Цэрэнмен келіссөз жүргізіп, Абылай сұлтанды тұтқыннан босатып алады.

Қазақ халқының көсемдерінің бірі, кемеңгер Қаздауысты Қазыбек би де, ат үстінде жүрген 70 жылда, ел тыныштығын, сән-салтанатын ұстаған, азулыларын тұзақтап, әлсізін сүйеп, хандарына ақыл-кеңестерін айтып отырған. Оны пір тұтып, баба жолын жалғастырушылар, оның руластары: Жидебай, Шабанбай, Сеңкібай, Жалаңтөс, Аралбай, Таңыбай, Жаңыбай, Бекболат, Жайық, Алшынбай, Байсейіт, Жанғұтты, Есберген, Сарбас, Көпбай, Ағыбай және тағы басқалар.

Міне, аталарымыздың, қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат деген сөзі шындық. Халықтан шыққан би-батырлар: жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, мылтықпен дәлдеп атып жығуға да болады, сөзбен дәлдеп айтып жығуға болады деген принципті көп жыл бойы берік ұстаған.

1742 жылы Ойраттың Сары-Манжы бастаған отыз мыңдық әскері Орта жүз иеліктеріне шабуыл жасап, Абылай сұлтан қолға түсіп қалғанда, Қазыбек би оны құтқару үшін қолдан келген барлық дипломатиялық айла-әрекеттердің бәрін жасаған. 1742 жылы ерте көктемде Абылайды босатып алуға Қалдан Цэрэнге Қазыбектің өзі барады. Сөйтіп, жоңғар ханы келесі жылы Абылай ханды босатып, қазақтың Сыр бойындағы 33 қаласын Әбілмәмбет ханға қайтарып береді. Сонымен, дуалы ауыз Қаздауысты Қазыбек бидің Жоңғар Қоңтайджісі Галдан-Цэрэнмен жүргізген келіссөзі сәтті аяқталып, тек Абылай сұлтанды тұтқыннан босатып қана қоймай, қазақтың ежелгі бірнеше қаласын қайтарады.

XVIII ғасырдың алпысыншы жылдарында Чин империясы Қазыбекті өз жақтарына тарту мақсатымен оған елші жіберіп, мол сыйлықтар тартады. Бірақ ол Кытайдың қол астына қарауға қарсы болады. Сөйте тұрып, Абылайды Чин империясымен тығыз қарым қатынас жасауға шақырады.

Үш жүздің ішіндегі шешуі қиын, ең күрделі мәселелердің басы-қасында жүріп, хандардың сенімді ақылшысы, халықтың ханға бергісіз биі болған Қазыбек әр кез батыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай ақылымен-ақ жол тауып, ел бірлігінің емшісі бола білген. Әбілқайырды өлтіріп, ел бірлігіне сызат түсуіне себепші болған Барак сұлтанға: «Сылтауратып сытыла алмайсың, не өліп тынасың, не жөніңмен жеңіп құтыласың, екіншісі бірі Барак», - деуі, ақыр соңында оны мойындатып: «Уа, би аға! Айттың сен, көндім кебіңе», - деуге мәжбүр етуі, тек Қазыбектей айбыны ай жасырған текті бидің қолынан ғана келсе керек.

Шокан Уәлихановтың «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» деген еңбегінде: Абылай ханнан «Үш жүздің батырларының ішінен кімді ерекше құрметтейсіз?» - деп сұрағанда, ол: «Бізге дейінгі ерлерден екі кісіге таңқалуға болады. Оның бірі 90 туысын Қалдан Цэрэннің тұтқынынан құтқарған Қаракесек Қазыбек те, екіншісі өзінің сондай

тұтқындағы туысын құтқарған уақ Дербісәлі. Мұның алғашқысы Қалданға өзі барып, сұрап алды. Соңғысы өзінің аулында отырып, жауын қорқытып алды», - деп жазады.

Бұл өз заманында, ақылымен қатарынан озған дана биіне, ел басшысының берген нақта, әділ бағасы еді.

Қазақ жүздерінің басқаруды реттеу ниетімен Тәуке хан Ұлы жүздің биі етіп Төле биді, Орта жүзге Қазыбек биді және Кіші жүзге Әйтеке биді тағайындайды.

Халық ауыз әдебиетінде сақталып қалған аңыздар мен кейбір архивтік мәліметтер бойынша, Қазыбек би Келдібекұлы "Тәуке хан заңдарының жинағын" өңдеуге белсене қатысқан және авторларының бірі.

Ал, енді ондаған жылдар бойы пісіп жетіліп, ел басы би-батырларының ішінде өзара келісіп барып «Жеті жарғы» атанған қазақтың заң ережесі 1710 жылы, бір жағы Ұлытау, бір жағы Торғай, бір жағы Арал теңізі осы үш бұрыштың ортасында орналасқан Қарақұм деген жерде қазақтың үш жүзінің игі жақсылары жиналып қабылдаған. Ол кезде Қаздауысты Қазыбек 45 жаста болған.

«Жеті жарғының» негізгі тұжырымдары мыналар еді:

Қазақтың жүз құрылымы нақты бекітілді. Рулық құрамы орнықты, олардың арасындағы жол тәртібі нақтыланды;

Қазақтың астанасы Түркістан қаласы екендігі, оның қазақ халқына ортақ қасиетті пантеон орыны, шекара белгілері тиянақталды;

Қазақтың мұсылман дінін тұтынатындығы және оған байланысты мұсылман жолы шариғаттың ережелері әдеп-ғұрып заңдары мен қатар мойындайды;

«Жеті жарғының» хан кеңесі қызметі құпталды. Жеті жарғыға көршілес. Одақтас ел есебінде Қырғыз, Қарақалпақ, Қожадан өкіл қосу шешілді;

Мемлекеттің дұрыс өмір сүруіне қажетті алым салық, сыртқы қарым-қатынас мұтажын көтеретіндей шамада белгіленді,

Көршілес елдермен бейбіт, елшілік қарым-қатынастарды нығайту көзделді;

Қазақ ордасының билігіне әр жүзден өкіл сайлап, оны ел ісіне жауапты қылып сайлады. Жыл сайын қазақтың барша жасаққа шығатын азаматының қазға қатысу нақтыланды.

Қаздауысты Қазыбектің «Жеті жарғы» жүйеленген жаңа билік дәстүрлеріне ең бір жауапты адам екендігін және шешуші қызмет атқарғаны сол заманнан сақталған тарихи құжаттармен белгілі. Сонымен бірге Қазыбек өле-өлгенше саясатпен айналысып, тек қана қазақ хандары онымен санасып қоймай, екі жақтағы көрші екі айдаһар Қытай мен Ресейдің билеушілері Қазыбекке тікелей елшілік жіберіп, әр түрлі жағдайлармен кеңесіп отырған.

Сол заманда Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды, оларды жауға қарсы күш біріктіріп, ынтымақтасуға шақырып отырды. Ресей үкіметінің И.И.Неплюев, Д.Гладышев сияқты шенеуніктері арқылы орыс патшасымен бейбіт қарым-қатынас орнатуға ұмтылды.

Тарихи деректер, атап айтсақ 1763 жылғы Сібір губернаторы генерал-майор фон Фрауендорфтың сыртқы істер коллегиясына жазған рапортында: «Средняя орда состоит в четырех главных родах: аргынцы, кипчаки, найманы и уаки-кирейцы. Но понеже из оных

четырёх родов аргинской почитается пред всеми многолюдней и храбрейшей, который разделяется на десять аймаков, т.е. называемых улусов, куда в летнее время из Туркестана приезжат Абулмамбет хан, либо в ином роду имеется самосильнейшей каракисецкой улус, над которым ныне большую власть содержит старшина их Казыбек бий, коего в Средней орде за главного судью почитают и к которому как сам Абулмамбет хан, так и Аблай и прочие улусов салтана и знатные старшины для всякого совету всегда и почти ежегодно приезжают и без его согласия ничего знатного не преемлют».

1762 жылғы Қазыбектің өзінің Ресей мемлекетіне жазған хатында бұдан былай Орта жүздің билігін балалары Бекболат пен Сырымбетке тапсыратынын хабарлайды: «За старостью лет вместо себя ведомства его в Каракисецкосм улусе правление препоручил детям своим: болшому Бекболату да среднему Серембетю биям, он же Казыбек бий, с Каракисецким улусом состоит кочевьем вкамнюю, в называемых урочищах Долбах, в самых вершинах Ишима реки».

Ал, қытай жазбалары бойынша: «Помянутому Казыбек бию от Китайского богдыхана присланы были посланцы с немалыми подарками, как всегда в его, Казыбек бие, яко в середине и впереди состоящие улусах останавливались, покуда от Аблай салтана известия получают, китайский Богдыхан обнадеживал отдать ему, Казбек бию, в завоеванной Жонгорской землеце такое для кочевья место, где он Казбек бий, сам с улусными своими киргизцами выбрать желает».

Қаздауысты Қазыбектің даңқы Қытай және Ресей асып жатқандығының бір көрінісі осы мұрағат құжаттары.

Бидің ұрпақтары: Бекболат – Тіленші – Алшынбай ата-баба жолын қуып, ел сөзін ұстаған парасатты да әділ қазылар атанған. Атақты Мәди ақын да бабаның тікелей ұрпағы.

Қазыбек биге бір адам: «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» - дегенге жауап берінізші деп қиылыпты. Содан атақты би былай деп жауап қайтарған екен:

- 1.Тату болса – ағайын жақын,  
Ақылшы болса - апайың жақын.  
Бауырмал балса – інің жақын,  
Инабатты болса – келінің жақын.  
Сыйлас болса – нағашың жақын,  
Адал болса - досың жақын,  
Еркелейтін немерен жақын,  
Өз ұрпағын шөберен жақын.  
Жан серігін жас кезіңнен,  
Бәрінен де әйелің жақын.
2. Алтын ұян әйелін қымбат.  
Құт-берекен атан қымбат,  
Мейірімді апаң қымбат,

Тату - өскен елің қымбат,  
Кіндік кескен жерің қымбат,  
Ұят пен ар қымбат,  
Өзің сүйген жар қымбат.  
3. Арадан шыққан жау қиын,  
Таусылмайтын дау қиын,  
Шанышқыласа сөз қиын,  
Жазылмаса дерт қиын,  
Іске аспаған серт қиын,  
Ақылыңнан адасып,  
Өзің түскен өрт қиын,  
Тентек болса ұл қиын,  
Не істерінді біле алмай,  
Ашиды сонда бас-миын.

Қаздауысты Қазыбек бидің айтқан сөздері ғасырлар бойы өрелі халқымыз, өнегелі өсиет ретінде естерінде сақтап келеді және сақтай бермек!

Қаздауысты Қазыбек 1764 жылы Далба тауының етегінде қайтыс болып, көктем туғанда баласы Бекболат би бастаған 50 жігіт бабамыздың сүйегін, қасиеті дарыған Қожа Ахмет Яссауи күмбезіне, оның ішіндегі ең үлкен «Хан сарайы» деген бөлмеге жерлейді

**Жидебай батыр Қожаназарұлы** (1718-1813 ж.ж.) – XVIII ғасырда өмір сүрген. Абылай ханның әскер басыларының бірі болған. Қаракесек елінің, Өлтеке руынан. Жас батыр Бұланты, Өлеңті өзендерінің аралығында болған, кейін «Қалмақ қырылған» аталып кеткен шайқаста ханның батасын алып, халықтың көзіне түседі. Ел аузындағы деректерге қарағанда, арнайы жасақталған сарбаздарға басшылық жасайтын мыңбасы болып тағайындалады. Жидекең тілге шешен, сөз шебері де болыпты. Жалаңтөс, Сеңкібай батырлармен, Тобықты Қараменде бимен ерекше сыйластықта, қадірі артқан дос болып өтіпті. Жасы жүзден асып көз жұмған. Оған өзінің айтқан сөзі дәлел бола алады:

Жасымның жүзге жеткені,  
Қара қазақтың алғысы.  
Қос жанардың кеткені,  
Қарақожаның қарғысы.

Бірде Абылай хан «Жеті жарғы» заңын жүзеге асырып отыратын жеті адамнан тұратын «Жеті жарғышы» ұйымын сайлайды. Солардың ішінде Жидекең де болады. Тағайындалғандардан хан: «Түрлі-түрлі жау бар. Солар жайлы не айтар едіңдер?» - деп сұрайды. Сонда Жидекең: «Жау екі түрлі болады. Көрініп келетін қауіпсіз жау бар. Жекпе-жекке шығасын, күшің асса жығасың, олда-өзіңдей адам, несіне бұғасың. Көрінбей келетін қауіпті жау бар. Ол сенен де сақ, ұтып алар амалын тап. Ақылдан түспе, ойланып істе.

Сақтанбасаң солардан, кетеріңе мен кепіл, басыңдағы тұрған бақ», - деген екен. 2004 жылы атақты батырға ас беріліп, мазарына күрделі жөндеу жасалды.

Жидебай батырдың тікелей ұрпақтары: қазіргі кезде Бас Прокуратурада жауапты қызмет атқарған генерал Марат Шабақбаев, «Қазақмыс» Корпорациясында басшы қызметтер атқарып жүрген Амангелді Минигулов, Ішкі Істер саласында жауапты қызмет атқарған, отставкадағы полковник Иmekеш Жомартбеков, «Жидебай батыр қайырымдылық қорының» төрағасы Елжас Аманкұлов, Теміртау және Жезқазған қалаларының Ішкі істер басқармаларының бастығы болған Қайрат Төкішев, Жезқазған аймақтық жасөспірімдер сотының төрағасы Талғат Шакипов.

**Жалаңтөс Жансарыұлы (Құлық)** (1669-1750 ж.ж.) – Жоңғар-қазақ соғысында қаһармандық көрсетіп, ел қорғаудағы еңбегі мен ерліктері аңызға айналған батыр бабаларымыздың бірі. Қаракесек елінің, Сарым руынан. Жалаңтөстің ерлігі мен шешендігін Қазыбек би ерекше бағалаған. Көне көздердің ауыздан-ауызға көшіп бізге жеткен деректерінде оның туған жылы көпшілік қабылданып сеніп жүрген 1669 жылдан әріге, 10-15 жылға шегеріліп айтылады. Соған орай ел қорғаудағы аласапырандарға да ертерек араласыпты. Ел үлкендерінің айтқандарына сенер болсақ, ол осы ортаға қаһармандығымен аты тараған бабаларымыз Сеңкібай, Жидебай, Касабай, Есей, Жарылғап, Байзақ, Жарылғап, Байзақ, Мұртай т.б. батырлардан жасының үлкендігімен ғана ерекшеленбейді. Ертерек іс көрген, ел алқында бедері мен беделі бар, бастаушы аға есебінде бағаланады. Жалаңтөс бабамыздың намысты ту етіп ұстаған ерлік істері, елдікті сақтауды өрнекті тағылымдары мен өсиеттері егемендігіміз жария етілген күндерден бері көптеген қаламгерлердің шығармаларында хал-қадірінше сөз бола бастады. Мысалы, Жеңіс Қашқыновтың «Атыңнан айналайын, атамекен» жинағында «Сарым Жалаңтөс баһадүр», Ақылбек Шайқының «Жалаңтөс батыр» атты деректі кітабы, Мұқамедқали Баймұқановтың «Абылай заманы» тарихи романы, Масғұт Халиоллиннің «Парыз» атты публицистикалық тілмен жазылған танымдық-тәрбиелік кітабы, Кәрімжан Зейнешұлының «Жалаңтөс» дастаны, Қарағанды облысының энциклопедиясы және соңғы Қуандық Максұтовтың «Жалаңтөс батыр ұрпағының шежіресі» атты танымдық еңбектері. Оның өмір белестерінің үзінді-үзіктері аталған қаламгерлердің шығармаларына арқау етіліп, ерліктерінің патриоттық тұрғыда жаңғыра естілуі, оған арналған дастан, өлең-жырлардың баспа бетінде бірінен кейін бірінің жарияланып жатуы баһадүр бабамыздың ел алдындағы еңбектерінің сәл де болса өтеуі деп түсінгеніміз абзал. Аталған еңбектерде оның Түркістанды азат етуде Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Әлтеке Жидебайлармен, табын Бөгенбай, тарақты Байғозы, Олжабай, Жасыбай батырлармен тізе қосып бірге шайқасқаны айтылады. Сондай-ақ Бұланты шайқасында да көптеген жас батырлар шоғырын топтастырып, ерекше ерлік көрсетеді. Осы шайқасқа Жидебай, төлеңгіт Касабай, тобықты Байзақ батырлар қатысады. Білеуіт шайқасындағы ерлігі де тарата баян етіледі. Жалаңтөс ерлікке толы күрес жолындағы батылдық-батырлық әрекеттерінің түп негізі Қанжығалы қарт Бөгенбайдың тәрбиесінің нәтижесі делінеді. Өйткені ол бозбала кезінен бастап атақты батырдың қасында жүріп, одан соғыс өнерінің қыр-сырын меңгереді. Көптеген жорықтарда жанында болады. Ерлік дабысы үш жүзге тараған оны Қазыбек би бір жолы қалмақ ханынан құн даулай барған сапарында ақылшы, айбар есебінде біраз батырлармен бірге ерте барады. Атақты батырдың өзі бас болған жорықтардың бірі – Сарыарқаның құтты өңірі Қарағанды маңында өтіпті. Жан алып жан беріскен кескілескен шайқас кезінде жау садағының жебесі батырдың көзіне қадалады. Сөйтес де айқас тоқтамайды. Соңында жау жеңіліс табады. Қарағанды маңы азат етіледі. Шайқас кезінде бір көзінен айрылған Жалаңтөстің ерлігі мен айбары бұрынғысынан да дабырайта айтылып, «Соқыр батыр» есімімен әйгілене түседі. Содан былай жау садағы тиген

жер-өзен, елді-мекен кейін сала шахта, карьер батырдың құрметіне «Соқыр» атауларын иеленеді. К.Зейнешұлы жоғарыда аталған дастанында:

Жалантөс батыр болған заманында,

Батырдың жан келмеген жанабына.

Болыпты он жеті ұлы бабамыздың,-

деп жырланады

Бар шығар сеңері де, жанары да,- деп ерлік-қаһармандық жолын бекіте түседі. Ол жоғарыдағы ерліктерімен қоса артында тағылымы мол ұлағатты биліктері мен саф алтынға бергісіз өрнекті сөздер де қалдырған.

Бір мысал:

Жасаған жалғыз тілегім –

Еліме берік бірлік бер.

Еріме ерік тірлік бер.

Жеріме биік шынар бер.

Ұлыма адал сыңар бер

Қызыма көрік ақыл бер,

Жан қиысар жақын бер.

Ерімнің басын еңкейтпе.

Алла ажалын ерте етпе.

Тұлпарына қанат бер.

Бес қарулы жарақ бер.

Сұр жебе бұзбас сауыт бер.

Қалғытпайтын қауіп бер.

Байтағым үшін жан пидә,

Қиынға салсаң салып қор ...

Қазақ халқынд «Артамызда сүйек айырсын» деген уәде-серт бары белгілі. Бұл көбінесе қимас достар мен қанды көйлек майдандастар арасында болатын үрдіс. Әкелер арасындағы достық қатынас—сабақтастықпен кейінгі ұрпаққа жалғасып, ендігі байланыс қан алмастыру арқылы ажырамас туыстыққа ұлассын деген жақсы тілек-үміттен туған ұлттық қасиет. Осы үрдісті Жалантөстің өзі де берік ұстанып, Керей Жәнібек батырға бір қызын ұзатады. Бұл, біріншіден, достық пен туыстықты нығайтса, екінші жағынан, тектілікті тұрақтандырып, тұқым тазалығын сақтап қалудың қамы, ұлттық ерекшеліктеріміздің айғағы, ескіртпей еске ала жүретін жәдігерліктің бірі екен. Тазалықтан бастау алатын тектілік қасиеттер Жалантөс батырдың кейінгі ұрпақтарынан да алшақтай қоймапты. Батырлығы мен балуандығы өз кіндігінен тараған Алтай мен Түстемге дарыпты. Шөбересі Ахмет те жауырыны жерге тимеген балуан атанады. Сөз ұстаудағы қасиеті арамыздан кейінде ғана



озған өнегелі ұстаз, шаян тілді сатирик, айтыскер ақын Жабас әкемізге қоныпты. Ұлы бабамыздың есімін жаңғырту мақсатында ұрпақтары 1996 жылы Ақтоғай кенті маңындағы Шатырша тауының сыртында ұлан асыр ас өткізді. Қарағанды қаласының оңтүстік-шығысында батыр жерленген төбе басына зәулім мазар тұрғызылды, ол жер халық арасында «Қаракесек қорымы» деп аталады.

Жалантөс батырдың тікелей ұрпақтары: Қарағанды-Балқаш өңіріне белгілі қоғам қайраткері, қазақтың бір туар, зиялы азаматы Балқаш қаласының профилакториясының 30 жыл бойғы бас дәрігері Елубай Қабыкейұлы Баймағамбетов, Ақтоғай-Балқаш өңіріне белгілі шопан, «Дала академигі» аталған Зікірия Көпбаев, Ақтоғай өңірінде көп жыл бойы басшы қызметтер атқарған, елге сыйлы азаматтың бірі Қауаз Мұқажанұлы, Балқаш қаласының санэпидстанциясында басшы қызметтер атқарып жатқан Тілек Қуанышбаевтар.

**Сеңкібай батыр** (1709– 1786) – Қазақтың айбынды батыры, әрі шешен биі. Сеңкібайдың тегі қазақ шежіресінде былай таратылады.: Арғын-Болатқожадан (Қаракесек) – Ақша, Түйте. Түйтеден – Майқы, Танас. Майқыдан – Өлтеке, Сарым. Танастан – Тымырысқы, Сары (Садақты Сары). Тымырысқыдан – Батышор, Қызшор, Ақшор. Садақты Сарыдан – Түмен, одан Бекбас туады. Бекбастан – Мойнақ, Боркөз, Оразғұл. Оразғұлдан бірінші әйелінен – Сеңкібай, Ақкісі, Желтау, Найза, Қылыш, Ақжол тарайды. Екінші әйелінен – Шой, Тайсары, Қойсары. Осы тоғыз ұлдың ең үлкені «Би ата» аталып кеткен Сеңкібай екен. Сеңкібай 17 жасынан бастап басына дулыға, үстінде сауыт киіп, қолына шашақты найза ұстап, Абылай ханның қалың жасағымен бірге Жоңғар басқыншыларына қарсы шығып, елдің бірлігі мен азаттығы жолындағы қан майданға шыққан батыр. Жау күйрегеннен кейін елге оралған. Сеңкібай батыр қара қылды қақ жарған батагөй би, дуалы ауыз әулие атанған. Сеңкібай батыр жөнінде халық арасында әңгіме, аңыз естелек молшылық. Оның: «Батыр – жауда, дана – дауда білінер», «Бетеге кетер, бел қалар, бектер кетер, ел қалар» деген даналық сөзі бүгінгі ұрпағына жетті. Бір жолы Сеңкібай би жолдастарынмен күн-түн қатып жоғалған жылқыларды іздеп жүріп, қалың жұрт жиналып жатқан бір ауылға ат басын тірейді. Жолаушылар жолыққан бір адамнан сұрастырып көрсе, бұл екі ел арасындағы ұзаққа созылған егеске бітім айтылатын жиын екен. Арнайы тігілген сегіз қанат ақ үйде Бөгенбай батырда бар екенін естиді. Артынан түсіп, Сеңкібай батыр қарт батырға сәлем беріп шығайын деп үйге кіреді. Бөгенбай есіктен кіріп келе жатқан Сеңкібайды көре сала: «Сеңкібай би келді. Сапарың ақжолтай болғай. Жоғары шық», - деп орын ұсынады. Үйдегі адамдарға Бөгенбай батыр: «Мына келген Қарашордың Сеңкібай деген биі. Бүгінгі жер даудың барлық шешіміне, бітіміне түгелдей дерлік сол иелк етсін», - дейді. Сонымен танымайтын қалың жұрт алдында Сеңкібай қазалық жасайды. Көп жылдан бері шешілмей келе жатқан жер-судың дауын шешіп береді. Оның «Қара қылды қақ жарған» әділ билігіне жиналған ел де Бөгенбай батыр да риза болады.

Кейбір деректерде Би ата 8 әйел алып, одан 20 ұл, оннан астам қыз сүйген. Сеңкібай батыр бәйбішесінен: Итен, Саңырақ, Күшікбай, Сарыбай, Қарабай; кіші әйелдерінен: Шабан, Қорлабай, Қасқа, Кекілбай, Түркібай, Нияз, Әуез, Сақы, Бақы, Қақы, Байқуатты, Дәуріш, Жүндібай, Сауран. Дауылпаз ақын Қасым Аманжолов Сеңкібай батырдың бесінші ұрпағы. Сол Сеңкібай батыр дүниеден өткеннен бері бейітіне адамдар түнеп, ас беріп, дұға жасап, ақтық байлайды. Сеңкібай батыр Жоңғар басқыншылықтарына қарсы Ұлы Отан соғысында Нұрадан Алтайға дейінгі аралықты, Созақ, Ташкент жерлерін, қасиетті Түркістанды жаудан босату ұрыстарында ерлігімен көрінген тұлғалардың бірі. Сеңкібай батыр Ресей мен Қытай елдерімен дипломатиялық келіссөз жүргізуге де белсене араласқан. 1994 жылы Қарқаралының Ақөлке жайлауында Сеңкібай батыр – Би атаның дүниеге келгеніне 285 жыл

толуына арналған ас берілді. 1986 жылы ұрпақтары, бүкіл халық Сеңкібай батырдың басына күмбез орнатты. Кейіннен Махмут Әлипбергеновтың қаражатымен күмбез жаңартылды. Сеңкібай бидің тікелей ұрпақтары: Қарағанды-Балқаш өңіріне белгілі қоғам қайраткері, қазіргі кезде Қарағанды қаласының медициналық колледжінің директоры Аманжол Нұрбеков, Қарағанды облысы Приозерск қалалық сотының төрағасы Бағдат Әдепбеков және «Қазақмыс» Корпорациясының бас директоры болған, қазіргі кезде «Алтай полиметалл кен-металлургия комбинатының» бас директоры М.К. Әлипбергенов.

**Жарылғап батыр (1733-1786 ж.ж.)** – Елі мен жерің жаудан қорғаған белді батырлардың бірі әрі бірегейі. Жарылғап көпке көсемдігімен танылған Қаракесек, Керней-Түйтенің баласы. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге сүйенер болсақ, батырдың есімі Қанжығалы Бөгенбаймен өкшелес шыққан. Белгілі зерттеуші Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Жарылғап – батыр Жарылғап атанған, Қаракесекте ірі, дөкей болған. Қанжығалы Бөгенбай батырмен замандас болған. Бөгенбай батырдың кенже қызы Борсылдақты тұнғышы Қырбасқа алып берген», - деп жазады. Бөгенбай батыр 1680-1770 жылдардың аралығында өмір сүрген. Жарылғап батыр Абылай ханның белді қолбасыларының бірі болған, Бөгенбай, Олжабай, Байғозы батырлармен қатарлас өмір сүрген. Тарихи аңыздар бойынша Керней Жарылғап батыр Зайсан, Қалба бойындағы соғыстарда ерекше көзге түседі. Осы соғыста қалмақтың бір батыры жан шыдатпаса керек. Осы кезде Жарылғап батыр Қазыбек биге келіп бата сұрапты. Қазыбек жас батырды өлімге қимаса керек: «Жүр, хан алдына барайық», - депті. Абылай хан: «Атың кім?» - деп жөн сұрапты. «Кернейден Жарылғап деген боламын», - депті. «Ендеше Жарылғабым, Тәңір сені жарылқасын, анау сұмпайыны жер қаптыр!» - дегенде Қазыбек би: «Жазықсыз жас баланың, қараусыз қалған ата-ананың обалы үшін, иә, жаратқан Алла, бүгін бізді жерге қаратпа!» - деп ханға қосарласа бата беріпті. «Иә, Құдай өзің жар бола гөр, атам Керней, бабам Болатқожаның рухы, қолдай көр!» - деп Жарылғап қалмақтың қара батырымен біраз уақыт шайқасады. Ақырында айласын асырып, қалмақ батырын аттан түйреп құлатып жеңіске жетеді. Абылай Қазыбеке қарап: «Мен саған сендім, сен кімге сендің?» - депті. Сонда Қазыбек: «Мен бір Аллаға, одан кейін Жарылғаптың өзіне сендім», - деп жауап беріпті. Батыр туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерінде біраз мәлімет берілген, сондай-ақ, Сапарғали Бегалиннің, Төрехан Майбастың шығармаларында кездеседі. Жазушы Софы Сматаевтың өлеңмен жазылған «Жарылғап батыр» романы батырдың әдеби-көркем бейнесін сомдаған. Жарылғап батырдың тікелей ұрпақтары: «Алматықұрылыс» холдингінің және «Жарылғап батыр» қоғамдық қорының президенті, әйгілі меценат, ұлттық мәдениетіміздің шынайы жанашыры, белгілі қоғам қайраткері Амангелді және Қазақстан Республикасының туризм және спорт министрі болған Талғат Ермегияевтар, елімізге белгілі шежіреші, журналист Төрехан Майбас және Қостанай облысы ішкі істер Басқармасының бастығы генерал Бекет Аймағанбетов аталас ұрпақтары.

**Шабанбай би Қалқаманұлы**, 1753-1838 жылдар аралығында ғұмыр кешкен, атақты би-шешен. Ол Қарағанды облысының Шет, Ақтоғай аудандарының атырабында Ақсу, Қаратал, Нұра, Талды, Қаражал, Маутан, Қызылтас, Қызылтау өңірінде билік құрған. Ата-тегі: Арғын-Қаракесек-Майқы, одан Өтеміс. Өтемістен бірер атадан соң Шабанбайдың әкесі Қалқаман ұрпақтары таралады. Шабанбай би Сарыарқаның Қараменде, Сеңкібай, Жидебай, Боранбай, Жанқұтты сияқты атақты айтулы би-шешендермен замандас, қатарлас, пікірлес, қызметтес, ағайын-жегжат боп араласып жүрген. Замандастарының бағалауында Шабанбай қазақ халқының аса бай халықтық даналығын бойына жиған зерек, зерделі, адамның ой түбін топшылай білу қабілеті аса күшті, көкірегі қазына, ақылға бай, ойы терең, талғамы кең, топшылауы жүйрік, алғыр да, тапқыр, әділ би болған. Сонымен қатар Шабанбай би аса қарапайым, мейірімді адам болған деседі.

Жанқұттының әкесі Ботантай бай ауылының бір ақсақалына:

– Мына баламды Шабанбай шешенге ертіп барып, батасын алып қайт. Сойысқа деп мына тайды босағасына байла,– деп бір тай жетектетіп жіберіпті.

Ол ақсақал Жанқұттыны екі-үш жолдасымен ертіп жолға шығыпты. Олар кештетіп, бір ауыл сыртындағы желі басына барыпты. Бие саудырып жүрген орта бойлы кісіге сәлем беріп, жөн сұрайды:

– Шабанбай бидің ауылы осы ма?

– Иә, осы.

– Ол кісі ауылда ма екен?

– Ауылда.

– Үйі қайсы?

– Анау тұрған боз үй.

Ақсақал жігіттерді ертіп, үй алдындағы кермеге барып аттарын байлайды. Қонақтар үйге кіріп жайғасады. Дастарқан жайылады, сары қымыз сапырылады. Өне-міне дегенде әлгі желі басында жүрген кісі де келеді. Жігіттер бір-біріне сыбырлап:

– Мына келген желі басында бізге жөн айтқан кісі ғой,– деседі.

Оны Шабекең естіп қояды да:

– Иә, іздеп келген Шабанбайың мен боламын, кәне, шаруаларыңды айта отырыңдар,– дейді.

– Шабеке, кешіріңіз,– дейді жігіттерді ертіп келген қария, – сізді танымай қалдық. Осы ауылдың жылқышысы шығар деп едік.

Сонда Шабанбай би:

– Иә, өз үйімде елеусіз жылқышымын. Өзге елде елеулі бір кісімін,– деп бір қояды. Келесі бір сөзінде дәу зерен қымызды дем алмай сіміріп тастапты да:

– Құлша жұмыс істеп, бише қымыз ішу керек,– дейді.

Мұнысы қонақтарына сый көрсетіп, қымызды тартынбай ала отырыңдар дегені екен. Сол жолы Шабанбай шешен әңгіменің дүкенін қыздырып, не бір асыл сөздердің тиегін ағытып, тыңдаушыларын тәнті етіпті.

Шабанбай Жанқұтты балаға бата бермей тұра сынап мынандай сұрақ қойыпты:

– Дүниеде не таза, не ауыр?– деген екен.

Жанқұтты ойланбастан:

– Судан таза еш нәрсе жоқ, су арамды кетіреді. Жерден ауыр еш нәрсе жоқ, жер жаһанды көтереді,– деген екен.

Жанқұттының жауабына риза болған Шабанбай жай қолыңды деп батасын беріпті:

– Аллаға жағамын десең, азанды бол, Ағайынға жағам десең, қазанды бол, Халыққа жағам десең, әділ бол, Судай таза бол, Жердей көтерімді бол, Айналаң толған суат болсын,

Бір сөзің халқыңа қуат болсын, Халқың сені ұлым десің, Құдайым сені құлым десің, әумин! – депті.

Жанғұтты мен оның қасына еріп барған өзі тұстас жастар бұл батаны қомсыныңқырап қайтыпты. Ауылына келген соң батаны естіген ел жақсысы Ботантай қатты риза болып:

– Қабыл болсын, әумин! – депті.

Ботантай батаның мәнін өзінше тұспалдап, бағалаған екен.

Біздіңше оның мәні мынандай болса керек:

– Аллаға жағу дегені – мұсылмандықты берік ұстау: намаз, ораны қаза етпеу, исламның бес парызын қалт жібермей орындап отыру, имандылық, инабаттылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.

Халыққа жағам десең адал бол деуі - билік жүргізсең әділ бол, халықтың ойынан шықсаң, сені басына көтеріп құрметтейді. Білген ақылыңмен жол көрсетсең, қиыншылықта елді аман-есен алып шықсаң, сені нағыз адал ұлы санайды.

Ағайынға жағам десең қазанды бол деуі – кеңпейілділік, қайырымдылық, бай мен кедейге де, ұлық пен кішікке де, үлкен мен кішіге де, ауылдасқа да, жолаушыға да, жетім мен жесірге де есік ашық, төрі жазық, дастарқаны жаюлы, асы әзір болу.

Су тазартпайтын лас жоқ. Судан таза зат жоқ. Жер көтермейтін ауырлық жоқ. Тауды да, тасты да, өзенді де, көлді де, теңізді де, мұхитты да, орманды да көтеріп тұратын – Жер. Адал да, арам да, данышпан да, ақымақ та, қысқасы, он сегіз мың ғалам Жердің мойнында. Соның бәріне қыңқ етіп жатқан тағы да Жер жоқ. Жақсының бағасын, арамзаның сазайын, бір Алла өзі береді. Бұл батаның Шабекен меңзеген бағыты да, міне, осындай болса керек.

Шабанбай бидің аузының дуалы екендігін Жанқұттыға берген батасының түгелдей қабыл болуынан байқауға болады. Шабанбайдың батасы қабыл болып, Жақсы Жанқұтты атанды. Жақсы атануы халыққа жаққандығы. Аллаға жаққандығы – қажылыққа екінші рет барып, тілегі қабылданып Мекке-Мединеде жерленуі. Шабанбай би 85 жасында дүниеден қайтқан. Зираты Шет ауданының Кеншоқы ауылдық округінің жерінде. Шабанбай бидің тікелей ұрпақтары: Ақтоғай-Балқаш өңіріне белгілі шежіре-ақсақал Қайырбек Байсеркин, кезінде Жоғарғы Кеңестің депутаты, сенатор, Конституциялық Кеңестің мүшесі болған, қазіргі кезде Бас Прокуратурада жауапты қызмет атқаратын Қабылсаят Әбішев, елімізге белгілі ақын «Сары тентек» атанған Қуаныш Мақсұтов, елімізге белгілі мәдениет қайраткері Ғабиден Есенбеков және Павлодар облысының денсаулық сақтау Басқармасының бастығы Нұрлан Қасымов.

**Нұралы би ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген - Қаракесек-Шекшек елінің атақты биі. Ел басқарып, билік құрған заманы, шамамен Абылай хан өмір сүрген кезеңмен тұспа-тұс келеді. Аталы сөдері, парасатты істері түрлы болжамдары өмірге сәйкес келген, өз заманында, ел арасында беделі жоғары болған. Жаугершілік заманда Сыр бойын паналаған ағайындарының басын қосып: «Ұлтарактай болса да, ата-қоныс жер артық, ат төбеліндей болса да туып-өскен ел артық, Отаныңнан алшақтап ел іздеме, қотаныңнан алдырып қой іздеме!», - деп ұрандап, Қаракесек елін ата жұртқа – Сарыарқаға қайтып келіп қоныстануға басшы болғандардың бірі. Абылай қайтыс болғаннан кейін, Орта жүзде тақ таласы басталып, елдің шырқы кетеді.**

**Осы уақытта, атақты Барақ сұлтан қайтыс болғаннан кейін, Қоқан бектерінен**

көп қысымшылық көрген Барақтың баласы - жас Бөкейді: «Біздің елге хан боласын», - деп Қаракесектің Шекшек руының Нұралы биі тайға мінгізіп, Қарқаралы жеріне жетелеп келген, дейді қазақ шежіресі. Сол бала Бөкей Орталық Қазақстанда - Қарқаралы жерінде XIX ғасырдың басында пайда болған (1816-1819 ж.ж.) Бөкей хандығын басқарады. Нұралы бидің ұрпақтарына да тақ пен бақ бірге қонып, бірнеше жыл ел басқарады.

Атап айтқанда, 1824 жылдың 8 сәуір күні Қарқаралы дуанына бірінші болып Тұрсын Шыңғысұлы аға сұлтан болып сайланады.

Тұрсын ел ішінде «Жамантай төре» деген лақап атпен белгілі, Бөкейдің немересі, Шыңғыс төренің баласы еді. Қазақ ішінен заседатель (орынбасар) болып Нұралы бидің баласы - Жаманбай Нұралыұлы мен Елдебай Ортауұлы тағайындалады. Ресей империясына адалдықтарын мәлімдеп, өз қызметтеріне кіріседі.

Нұралы бидің текті ұрпақтары: «Ұлттық ғылыми медицина орталығының» бас дәрігері Темирлан Карибеков, Еліміздің «Қазгидромет» және Жер қатынастары Комитеттерінің басшысы болған, меценат Талғат Зейнуллин, «Сарыарқа» Ұлттық Компаниясының басқарма төрағасы Марғұлан Карибеков.

.Қараменде би Шақаұлы (1709-1776) - Белгілі қоғам қайраткері, әрі би. Дадан Тобықты елін Семей жерінен қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының аумағына көшіріп әкелген. Халықтың арасында тараған әңгімеге сәйкес, Қаракесек Жидебай батыр өзінің ел арасындағы абырай-беделін салып, Әлтеке-Сарым жерінен - досы Қараменде биге «ат шаптырым» жер берген. Қазір Қараменденің ұрпақтары Ақтоғай-Балқаш өңірінде өсіп-өнген бір қауым ел. Қараменде көзі тірісінде халық арасында құрметке бөленіп, шешендігімен, әділ билігімен аузына ел қаратып, «Әулие» атанған. Зираты Ақтоғай ауылынан 5-6 км жерде.

Аталас ұрпақтары: Жоғарғы Соттың судьясы Өмірсерік Қожабаев, Қазақстанның Мәдениет Комитетін басқарған, қазір Астана қаласында жауапты қызмет атқарып жатқан Тлеуғали Қишқашбаев, Ресей-Қазақстан Университетінің директоры, ғылым докторы Жұмабай Игембаев, қазіргі кезде Шығыс Қазақстан облысының прокуроры, генерал Құсайын Игембаев, Астана қаласының тұрғын үй инспекциясының басшысы Әлихан Қуатбеков, Балқашет комбинатының директоры Ержан Дайрбаев және «ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Ерболат Қожабаев.

Аққошқар би Ақеділұлы шамамен 1800 жылдары туған, атақты өзі батыр, өзі би тұлға. Қаракесек-Керней-Балта елін көп жыл бойы басқарған. 1824 жылы Ресей патшасының Жарлығымен Қарқаралы дуаны ашылып, орыс шенеуліктері Қарқаралы дуанына қарасты елдің беделді, сол кездегі халқымыздың шынжыр балақ, шұбар төс белгілі 12 би-манаптарына үлкен құрмет көрсетеді, сол билердің ішінде Аққошқар да болған. 1831 жылы орыс шенеуліктері Қарқаралы дуанына қарасты Кәрсөн-Керней болысындағы атақты, халқына қалаулы, еліне елеулі, он екі ел билеуші билердің ішінде Аққошқар би Ақеділовты көрсеткен (ҚҰА. 338-қор. 1-байлам. 539-іс). Аққошқар би елдің бірлігі мен ынтымағы үшін өле-өлгенше қызмет жасап өткен, халқымызға белгілі тұлға. Аққошқар тек әділ би ретінде емес, батырлығымен де аты шыққан. Карсыласын үш кезекке жеткізбей жер жастандыратын орасан күші болған және бір

басына елде жоқ мың шұбар тұлпар біткен. Тарихи деректерде Аққошқар батыр ретінде Кенесары ханмен бірігіп, Ақтау бекінісін шабуға қатысқан және Кенесары көтерілісіне қатысқаны үшін Ресей әскери басшылары оны жазалаған. Атап айтқанда, 1847 жылғы 7 ақпанындағы № 1 құпия құжатта былай делінеді: «Старшина Карсен-Кернеевской волости Аккошкар Акедилов находился за сообщничество с мятежным султаном Кенесарою Касимовым при нападении на Актауское укрепление в 1838 году. По приговору Пограничного Управления Сибирскими Киргизами состоявшимся в 30-го января 1843 года от дела оставлен свободным. Подлинный подписал Пограничный Начальник Сибирскими Киргизами Генерал-Майор Вишневский».

Аққошқар бидің аталас ұрпақтары: Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болған, академик Жамбыл Ақылбаев, елімізге белгілі хирург, Астана қаласының «Жедел көмек» мекемесі бастығының орынбасары Қаржас Омаров, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының санитарлық-эпидемиологиялық-сараптау орталығы Мемлекеттік мекемесінің директоры Қарпық Омаров және Қостанай облысы ішкі істер Басқармасының бастығы, генерал Бекет Аймағанбетов.

Қараменді би Төлемісұлы ХҮІІІ ғасырдың аяғында өмір сүрген - Қаракесек-Қояншытағай елінің атышулы биі. Заманында мырза да, пірадар да атанған тұлға. Жер, жесір дауларында көшелік танытқан беделді тұлға. Жоңғарлармен соғыста асқан ерлігімен көзге түскен батыр. Бидің мүрдесі қасиетті Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген. Қараменді бидің тікелей ұрпақтары: Қазақ Мемлекеттік Университетінің проректоры болған, экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі Яһия Әубәкіров, дүние жүзіне белгілі пианист, Қазақстанның халық әртісі, Алматы консерваториясының ректоры Жания Әубәкірова, кезінде Балқаш қаласының прокуроры болған, қазіргі кезде Бас Прокуратурада жауапты қызмет атқаратын Мұхтар Тілегенов, Қарағанды облыстық сотының судьясы Жұмабай Әбішев, Теміртау қаласындағы «Лира» фирмасының директоры Қуатбек Әлин, Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы және Октябрь аудандарының, Нұра ауданында Салық басқармасының бастығы болған Қайрат Әлин, еліміздің Білім және ғылым Вице министрі Асхат Аймағанбетов, елімізге белгілі шежіреші, Қояншытағай-Қараменді шежіресін жазған Сайран Керімұлы Сакен.

Абылай ханның заманындағы ең беделді сегіз бидің бірі, һәм «семіз би» атанған **Байдалы би Бекшеұлының**(1727-1822) - Ата-тегі Арғын-Қуандық-Алтай-Мойын руы болады. Жас кезінен өзінің әділ билігімен, әрі шешендігімен қазақ даласына аты кең таралған.

1819 жылы Абылайдың үлкен ұлы, Шоқанның атасы - Уали хан қайтыс болғанда, 90 жастан асқан Байдалы би жоқтау айтады. Айғаным ханым оған риза болып, астына ат мінгізіп, иығына Абылайдың алтынмен апталған «қамқа тонын» жабады. Осы теңдесі жоқ, құнды «торқа шекпенді» екі ғасырдай көздерінің қарашығындай сақтап, 2007 жылы Байдалының аталас ұрпақтары – Қамзе мен Кенжебай Сатжановтар Астанадағы Президенттің мұражайына өткізген. Байдалы бидің тікелей ұрпағы - Қазақстанның Мәдениет министрі болған, қазір «ТҮРІКСОЙ» халықаралық ұйымның Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов.

Байдалы бидің бізге жеткен төмендегідей бірнеше нақыл сөздері қалған.

Жақсыны жатқа санама,

Жаманды жанға санама.  
Бір сынаған жаманды,  
Екі қайта сынама.  
Келмеске кеткен дүниеге,  
Көзіңнің жасын бұлама.  
Тіршілікте сыйласпаған туысқа,  
Өлгенде өкіріп жылама.

Ағадағы мал – аспандағы мал,  
Інідегі мал – індегі мал.  
Баладағы мал – даладағы мал.  
Сұраған адам - қайыршы,  
Ұрлаған адам - қарақшы.

Ағасы бардың, жақсы болса жағасы бар,  
Жаман болса, інісіне жабар жаласы бар.  
Інісі бардың, жақсы болса тынысы бар,  
Жаман болса, ағасына берер жұмысы бар.  
Баласы бардың, жақсы болса панасы бар,  
Жаман болса, құдайдың берген пәлесі бар.

**Шоң би Едігеұлы** (1754-1836) - өз заманының алғыр ел билеушілерінің бірі болды. Халық арасында «Едігенің Шоңы, жақсылардың соңы» деген қанатты сөз қалған. Ел билеген әкесі – Айдаболдың Едігесі дүние салғанда, елдің ішкі әлеуметтік жағдайы қарама-қайшылыққа толы, бір жағынан Ресей империясының, екінші жағынан төрелердің өктемдігі басым болған уақыт бола-тын. Шоң елінің бірлігін сақтап қалу үшін, Арғын елінің Сүйіндігінен тарайтын, Құлболды, Жанболды, Қаржас және Орманшы бұтағынан тарайтын ұрпақтарын басын қосып, «Төртұлы» деген Одақ құрады және ұсақ ру атымен ұрандауға тыйым салады. Артынан осы Одаққа сол жерде тұрып жатқан бәсентин, бура найман, тама және қанжығалы рулары қосылады. Шоң осы Одақ құрылғанын, өзінің осы Одақта төбе би екенін және дуан ашыла қалған уақытта, халық осы Одақ жеке бір дуан болғанын қалайды деп, губернаторға хат жолдайды. Орыс саяскаткерлерінің, Уали ханның халық арасындағы беделін түсіру үшін, Бөкейді хан тағына отырғызуға дайындалып жатқанда, оған қарсы болған Шоң: «Бір басқа біткен қос мүйіздің мақсаты бір, ал бір халықтың басына қойылған екі ханда ортақ мақсат болмайды», - деп хат жолдапты. 1816 жылы Нұра жайлауында Бөкейді Орта жүз ханы етіп сайлау салтанатты түрде өтеді. Бірақ, Шоң бастаған «Төртұлы» Одағы Бөкей ханға бағынбай қояды. Осы тартыс, 1817 жылы «Нұра соғысы» деген атпен, Бөкей ханмен Шоңның жақтастарының арасындағы соғыспен бітеді. Осы соғыстан кейін, орыстарға тізгін бермей, өз

беттерімен көшіп жүрген қыруар халық жөнінде хабардар болған қытай елінің басшылары Шоңға бір генералын (анбасын) 300 адам нөкерімен жіберіп, «Төртұлы» Одағын Қытайға қосылуға шақырады. Алайда, Шоң оған: «Қытай отыны қазақ қазанын қайната алмайды», - деген жауап беріп, қайтарыпты (ҚҰА. 229-қор. 348-папка). Төрелер мен қанжығалы елі Ереймен жеріне таласып, дауды шешу үшін екі жақтан билер тобы шығады. Сөз сайыс кезінде, төре жағындағы керей биі Тұрдыбек Көшенев: «Ереймен әуелі Құдайдікі, содан кейін патшанікі, содан кейін губернатордікі, содан кейін төренікі...», - деп бітім айтқанда, Шоң би: «Былшыл-дапсың! Ереймен әуелі Құдайдікі, содан кейін қазақтікі. Басқалары кірме, оларға жер қайда!» - деп өз билерін ертіп, шығып кетіпті.

Баянауыл дуаны ашылғанда, үлкен жанжал да шығып қалады. 1822 жылы Александр 1 бекіткен «Сібір қырғыздарының (қазақтарының. -Автор) уставы» деген Жарғыда, «Қазақ жерінде бұдан былай болыстарды сұлтандар басқарады. Округ аға сұлтаны тек төрелерден ғана сайла-нады. Сұлтан атағы атадан балаға мұра болып қалады» деген баптар (16, 18, 30, 31, 36 баптар) болған. Осы Жарғының баптарына сәйкес, 1833 жылы Баянауыл округін ашу үшін, Омбы облы-сынан арнайы келген подполковник Камаев, Баянауыл округіне аға сұлтандыққа, баламасыз кан-дидат ретінде Тәти сұлтан баласы Бопы деген төрені сайлауға алып келеді. Бұны естіген Шоң мен Шорман, елді белгісіз жаққа көшіріп әкетеді. Халыққа бейтаныс Бопы төремен жалғыз қалған Камаев, Омбы облысының басшыларына хат жолдайды. 1833 жылы қараша айында, Батыс Сібір губернаторының бұйрығы бойынша Шоң Едігеұлы Баянауыл округінің аға сұлтаны, ал Шорман Күшікұлы (Мұса Шормановтың әкесі) оның орынбасары болып тағайындалады. Осылай, тек Баянауыл дуанын ғана төрелер басқармайды және қарапайым қазақтың да ел басқара алатынын дәлелдеп, патша бекіткен Жарғыны бұздырып, аға сұлтан болған тұңғыш халық биі және «Төре - елге Құдайдың берген төбесі» емес екенін нақты ісімен дәлелдейді. Осыдан кейін Шоң салған дара ізбен Күшіктің Шорманының, оның баласы Мұсаның, Сатыбалдының Қазанқабының, Өскен-байдың Құнанбайының, Жайықбайдың Ыбырайының, Зілқараның Мүсетінің, Естеместің Есе-нейінің әр кездерде, әр округқа аға сұлтан болып сайлағандары тарихтан аян. Баянауыл округі ашылғаннан кейін, үш жыл аға сұлтан болған Шоң 1836 жылдың қазан айында 82 жасында дүние салады. Денесін балалары Түркістанға апарып, Әзірет сұлтан мазары іргесіне жерлейді. «Қазақ-тың басқа руларына қарағанда Баянауыл округіне қарасты руларға төрелер ықпал жүргізе алмады. Өйткені, бұларды өте күшті ру басылары – билер басқарды. Халық арасына әсіресе айдабол биі Шоң мен қаржас биі Шорман аты кең тараған еді», - деп жазады Шоқан Уалиханов (Ш.Уали-ханов.Таңдамалы шығармалары. Алматы.1961 жыл. IV Том. 25 бет).

**Жайық батыр Көшекбайұлы** шамамен 1740 жылдары туған, бір ғасыр өмір сүріп, жүз жасаған адам. Жоңғарлармен соғысып, қол бастап, ел қорғауда талай ерліктер көрсетіп, әрі қайсар-қайтпас батыр, әрі әділ би атанған адам. 1822 жылғы Патша жарлығы шыққанға дейін Қаракесек-Кәрсөн елін басқарған. 1824 жылы Ресей патшасының Жарлығымен Қарқаралы дуаны ашылып, орыс шенеуліктері Қарқаралы дуанына қарасты елдің беделді, сол кездегі халқымыздың шынжыр балақ, шұбар төс белгілі 12 би-манаптарына үлкен құрмет көрсетеді, сол билердің ішінде Жайық батыр да болған. 1831 жылы орыс шенеуліктері Қарқаралы дуанына қарасты Кәрсөн-Керней болысындағы атақты, халқына қалаулы, еліне елеулі, он екі ел билеуші билердің ішінде Жайық Көшекбаевты көрсеткен (ҚҰА. 338-қор. 1-байлам. 539-іс). Жайық батыр елдің бір-лігі мен ынтымағы үшін өле-өлгенше қызмет жасап өткен, халқымызға белгілі тұлға. Осы Жайық батырдың халық арасындағы беделіне, осы күнге дейін жеткен мына шумақтар куә:



Сұрасаң руымды Татан-Жайық,  
Отқа салсан жанбайтын,  
Суға салсан батпайтын ағаш қайық.

Батыр туып, қол бастаған,  
Ту ұстап, тұлпар мінген Татан-Жайық!

Жайық батырдың тікелей ұрпақтары – Алты алашқа атағы шығып, шежіре-жыр шерткен Қазі ақын, Балқаш өңіріне сыйлы азамат, көп жыл бойы бас дәрігер болып қызмет атқарып, «Ақ халатты абзал жан» атанған марқұм Тілеубай Бүкібаев, Шет ауданы әкімінің орынбасары Әбілсейіт Қауынбаев, Ақадыр жол жөндеу дистанциясының бастығы Жасұлан Мусин.

1847 жылдың 12 қыркүйегінде бір топ ел басшылары Омбы генерал-губернаторының алдына барып, Қарқаралы мұсылмандары үшін мешіт салуға рұқсат сұраған. Акт жасап, қол қоюшы 16 адам болған. Оның ішінде мына азаматтар бар:

1. Жалықпас болысы – Сұлтан Жәңгір Шамаұлы.
2. Күшік Тобықты болысы – Хорунжий Құнанбай Өскенбаев.
3. Өлтеке-Сарым болысы – Жанқұтты Ботантаев.
4. Нұрбике Шаншар болысы – Тәттімбет Қазанғапов.
5. Кәрсен-Керней болысы – Есберген Садырбаев.
6. Мәмбетей Тобықты болысы – Сұлтан Шалғынбай Бірәліұлы.
7. Тарақты болысы – Боқтыбай Дайырбайұлы.
8. Байбөрі болысы – Алдаберген Еділбайұлы.
9. Керей болысы – Үйсінбай Жанұзақұлы.
10. Қояншы-Тағай болысы – Қадыр Айтпекұлы
11. Қарауыл Қамбар болысы – Тілеген Нұржанұлы.
12. Надан Тобықты болысы – Сармантай Байзақұлы.
13. Дүйсенбай Шекшек болысы – Акберген Дәулетұлы.
14. Қара Әйтімбет болысы – Сұлтан Тәуке Бөкейұлы.
15. Көшім болысы - Бегайдар Құрманұлы.
16. Төлеңгіт болысы – Сұлтан Хұдайменде.

Осы құжат Қарқаралы дуанының аға сұлтаны Күсбек Таукиннің басшылығымен дайындалған.

Мешіт салуға рұқсат 1847 жылы алынып, 1852 жылы Құнанбай Қарқаралыға аға сұлтан болып тағайындалған соң, мешіттің салынып бітіруін ұйымдастырған. Бір айта кететін жайт, мешіт салуға Қарқаралы дуанының барлық халқы ат салысып, әркім өз шамасына қарай

қаражат бөліп, демеушілік жасаған, яғни Қарқаралы мешіті бүкілхалықтық құрылыстың нәтижесі.

Мына осы тарихи құжатта, генерал-губернаторға Кәрсөн-Керней елінің атынан қолын қойып, мөрін басқан және генерал-губернатордың қабылдауында болған, мешіт салуға Кәрсөн-Керней болысын жұмылдырған және өзі де қомақты қаржы бөлген **Есберген Садырбаев**. Төрелерден кейінгі, елдің ішінен шыққан Кәрсөн-Кернейдің бірінші болысы және бұл қызметті бірнеше жыл атқарған, атап айтқанда 1842-1849 жылдары (ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 2545-іс. 74-115 бет-тер).

Есберген, шамамен 1805 жылы туған, Түркияда Ыстамбұлда білім алып, орысша таза сөйлеген. Елдің бірлігін сақтауға, жас ұрпаққа білім беру, мектеп-медресе және мешіт салуға ат салысқан азамат. Өзінің білімділігімен, шешенділігімен және алғырлығымен ерте көзге түсіп, жас кезінен бастап ел басқарады. Әкесі Садырбай да ел басқарған, дәулетті адам болған. Бір көріпкел, әулие сыншыға жас кезінде балалары Есберген, Нұрбай және Қондыбайды сынатты. Сонда, Есбергенді көрген сыншы: «О, мына балаң өте білімді, дәулетті де, сәулетті, өле-өлгенше ел басқарады екен, бірақ бағы мен тағы ұрпағына бұйырмай өзімен бірге кетеді екен», - депті. Екінші баласы Нұрбайды көріп: «Мына балаң да кем болмайды екен, бірақ тағы мен бағы ұрпақтарына көп бұйырады екен», - депті. Үшінші баласы Қондыбайды көріп: «Мына баланның арты улап-шулап тұр ғой, ұрпағы өсіп-өніп көп болады екен», - деп тұжырымдапты.

Шынында, Есберген жас кезінен ел басқарып, өте дәулетті де, сәулетті өмір сүріпті. Хан ордасындай киіз үйлерінің жабдықтары алтынмен көмкеріліп, үйдегі ыдыс-аяқтары да, тек алтын мен күмістен екен. Келген қонақтары қанша тамақ ішсе де, сонша ыдыстармен өзгертіп, бір мезгіл қымыз, не шәй ішкен алтын жалатқан кеселер, екінші ішкенде, басқа түрлі кеселермен ауыс-тырылып отырған. Қонақ болған орыс чиновниктері, Есбергеннің сәулетті тұрмысына өз бағаларын беріп: «Біз қазақтардың қаншама жерінде болғанда бұндай керемет тұрмысты көрген жоқпыз», - деп таң қалады екен. Есберген Шу мен Арқа жеріне егін салғызып, орыс чиновниктері өсіп тұрған арпа-бидай, картошканы көріп өте таң қалыпты. Кейіннен, қартайған шағында болыс-тықтан кетіп, Омбыда генерал-губернатордың өзі қабылдап, өле-өлгенше өзіне кеңесші қылып тағайындапты. Өзінен кейін Кәрсөн еліне (Мойынты болысы) болыс болған Көпбай мен Сарбас, Есбергеннің қол астында болып, тәрбиесін көрген шәкірттері. Генерал-губернатор елге болыс сайлағанда Есбергеннің ақыл-кеңесіне құлақ асып, елде болыс сайлаудың алдында, халық: «Есберген генерал-губернаторға кімнің атын атады екен?» - деп тосып жүреді екен. Бір болыс сайлаудың алдында көп адам таласып, келісе алмай бәрі қартайған Есбергеннің алдына келіпті, сонда Есберген: «Мына Сарбас балам болыс болады!» - деп бір-ақ ауыз сөзбен, Сарбасты болыстыққа сайлатып жіберіпті. Сол Сарбас он жылдан аса болыс болған екен.

Есберген болыстың тікелей ұрпақтары – асылдың сынығы, елімізге белгілі күйші, шертпе күйдің шебері Дәулетбек Садуақасов, Шет ауданында көп жыл бойы басшы қызметтер атқарған Омаров Маркс, Қарағанды темір жолында басшы қызметтегі Омаров Қайыргелді (Қайрош), Республикалық «Кегок» АҚ-да жауапты қызметкер Омаров Қайрат және Шет ауданы, Қайрақты ауылдық округінің әкімі Жұмашев Қазгелді.

**Есберген болыстың аталас ұрпақтары – «Қазақстан Темір Жолы» мекемесінде басшы қызметтер атқарып жүрген «Құрметті теміржолшы», Республикалық «Мерейлі отбасы» конкурсының бас жүлдесінің иегері Кеңтай Ахметов, Республикалық Тұтыну Одағында, Игілік банкіде, Әділет Министрлігінде, Жоғарғы сотта көп жыл бойы**

**басшы қызметтер атқарған, қазіргі кезде Жоғарғы Соттың Шаруашылық Басқармасының директоры, халық арасында «генерал Марал» атанған - Балтышев Марал, «Қазақмыс» Корпорациясының директоры Ардагер Әрінов, Оңтүстік Қазақстан облысының прокуратурасында Басқарма бастығы Рүстем Дүйсенбаев, «Евразия банкінің» директорының орынбасары Алмас Асауов, Балқаш қалалық ауруханасының бас дәрігері Қайрат Бижанов..**

**Бегалы би** - Қаракесек елінің, Кәрсөн руынан, 1770 жылдары қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданында туып (бұрынғы Қарқаралы дуаны), өзінің өткірлігімен, шешендігімен, ақыл-ойы, сауаттылығымен, ұшқыр ойлығымен, жас кезінен ел аузына іліге бастаған. Ол өз заманының әділ биі, от ауызды, орақ тілді шешен адам болған. Бабасы Таңыбай да қазақ еліне танымал қол бастаған батыр, әрі би болған. Әкесі Жәутік пен ағасы Сүгір де әрі шешен, әрі би болған ел басқарған көсемдер. Таңыбай батыр және оның ұрпақтары - Жәутік пен Сүгір де қазақ қауымына белгілі қоғам қайраткерлері жерленетін, қазақ халқына ортақ пантеон Түркістанда жерленген. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, ұрпақ-ғарына да бақ пен тақ дарыған. Атап айтсақ, Қарағанды экономикалық университеттің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, ХЭА академигі Ерқара Аймағамбетов Бегалы бидің тікелей ұрпағы.

1849 жылы Есберген мен Байсейттің Нұрланы Кәрсен-Керней елінің болыстығына талас-қанда, екі елдің игі жақсылары өзара келісімге келіп, екі елге де сыйлы, әрі беделді деп 79 жас-тағы Бегалыны болыстыққа сайлап жібереді.

Бегалы би 1858 жылы Қарқаралы қаласында өткен құрылтайда «Ағыбай батырға Кәрсөн-Керней жерінен жер бөліп береміз, Ағыбай бастаған Шұбыртпалылар біздің елге көшсін!» - деп ұран тастаған және Кәрсөннің Таңыбай елінің жайлауынан жер берген, ал Есберген болыс Кәрсөннің Аралбай елінің қыстағынан жер бөліп берген. Осы жайтты мұрағат құжаттары растайды (1858 жылғы 6 қыркүйектегі Сібір генерал-губернаторының №1835 қаулысы). Одан басқа, Бега-лының қызын Ағыбайдың батыр баласы Аманжол алып, екеуі құдандал болған.

Бегалы болыс болып тұрып, өзінің беделімен Ағыбай батыр қуғыншылықта жүргендекөп көмек жасап, Кәрсөн-Кернейдің жерінен жер бөліп беріп, оны ақтауға ат салысқан азаматтардың бірі (ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 2545-іс. 74-115 беттер).

Атақты ақын Кемпірбайдың:

Алшеке, алтын толған етегіне,

Орыс, қазақ, бәрі ерген жетегіне...,-

деген **Алшынбай Тіленшіұлы** (1790-1868), шамамен 1790 жылдары туған, бабасы Қаздауысты Қазыбектің әруағы көтеріп, Орта жүздің төбе биі болған. Айбике-Шаншар елінің болысы, әрі 1844 жылы Қарқаралы дуанының заседателі болған. Сол шын асылдың сынығы Алшынбай да өз заманында ірі тұлғалы, қоғам қайраткері атанған адам, даланың әкімшілік тізгінін ұстаған. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дегенге сайып, ағымдағы сол кездегі саясатқа орайлас әрекетке көшкен. 1830 жылдың 24 сәуірінде Ресей патшасының арнайы шақыруымен (депутация) Петербургке барған. Аға сұлтан Тұрсын Шыңғысов пен сұлтан Құсбек Таукинмен бірге патшаның қабылдауында болып, Ресей Императорының қолынан бриллиантпен көмкерілген Анненск лентасындағы алтын медаль, қымбат тастармен әшекейленген қанжар және аса бағалы киімдер және 150 күміс рубль алады. Енді сол кездегі 150 күміс рубльдің қанша құнды екенін салыстырма түрде көрсетіп кетейік. Сол Санкт-Петербургке барған 7 адамға 4 сәуірден 26 сәуірге дейін, яғни 22 тәулікте жұмсалған шығын

73 рубль болған. Оның ішіне, олардың сойған қойлары, ішіп-жеген тамақтары, жаққан ағаш пен көмірі, аттарға берген шөптері, жандырған майшамдарының құны кірген. Сол кезде ту биенің бағасы - 20 рубль тұрған. Осы қабылдауда Аға сұлтан Тұрсын Шыңғысов патшадан өзіне Хан дәрежесін беруді, ол дәрежеге мұрагерлік жолымен баласы Төлекті тағайындауды, Бөкейдің тұқымдарына «Князь» деген атақ беруді және тағы да депутацияны басқарып келуді өтінеді. Бірақ ол өтініштерді Патша құптамайды және тәртіп бойынша депутаттарды Патша бір-ақ рет қана қабылдай алатын болған (ҚҰА. 338-қор. 1-байлам. 410-іс. 232-237, 345 беттер).

Алшынбай би басындағы патша саясаты - аға сұлтандыққа тек сұлтандар (төрелер) болсын деген саясатты бұзған адам. Қарқаралы округына (дуанына) өз беделін және төбе би дәрежесін пайдаланып, сол кездегі әлі де болса ел тізгінін ұстап тұрған, ірі шонжарлар, кәдімгі шынжыр балақ, шұбар төс байлар Шыңғыс ұрпақтары – Бөкейханның немерелері бұрын аға сұлтан болып тұрған Құсбек төре мен Жамантай (Тұрсын) Шыңғыс ұлдарын сұлтан етіп сайлатпай, өзінің әрі күйеу баласы, әрі құдасы Абайдың әкесі Құнанбайды сайлатып жібереді. Нәтижесінде Құнанбай Өскенбайұлы 1849 жылы Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып сайланып, Алшынбайдың арқасында қарадан туып, хан болуға қол жеткізеді. Аға сұлтандықта қаламын деп әрекеттеніп, Алшынбайдың аузын алу үшін, Құсбек төре оған төрт мәрте сыйлық жіберіпті(ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 2695-іс. 41-42 беттер).

Куандық-Алтайелінің шежірісін жазған, елімізге белгілі ғалым-жазушы Рашид Каренов өзінің «Қареке Таңшолақ би» деген еңбегінде былай деп жазады: «Әрі би, һәм болыс болып, ел басқарған Алшынбай Куандық Таймас болыстың үйінде қонақта отырып, осы үйге кіріп келген қауғадай қара сақалды Таңшолақты көріп: «Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін Қареке руының Таңшолақ шешені осы ма?» - депті. Бірақ Таңшолақ жауап қайтпапты. Кейіннен Таңшолақтан: «Неге Алшынбайға жауап бермедің?» - деп сұрағанда, ол: «Жауап берем деп ыңғайлана беріп қарасам, Алшынбайдың екі иығында екі періште отыр екен, осыдан кейін тілім байланды да қалды. Екеуі аузыңды ашып көр, тұрған бойында жұтып жібереміз дегендей, маған екі айдаһар болып көрінді», - жауап беріпті.

Алшынбай Ағыбай батырды ақтап алу үшін көп еңбек сіңірген, 1858 жылы Қарқаралыда Ағыбай батырды ақтап алу үшін, Орта жүздің игі жақсыларын жинап «съез» ашып, қазақ халқының атынан 65 болыс қол қойып, Патша ағзамға кешіру хатын Ағыбаймен бірге Омбы гене-рал-губернаторына өзі апарған.

Кемеңгер Қаздауысты Қазыбек ұрпақтарының бәрі де зор болғанын мына әңгімеден көреміз.

Өзі шешен, әрі ісмер, қолөнер шебері болған, Абайдың әйелі Ділдә бір жақсы тон тіккен екен. Құнанбайдың тәрбиесінде болған, Абайдың үлкен баласы Ақылбай тонға қызығып, сұраса Ділдә: «Тонды өз балаларым киеді, сен атамның баласы едің ғой», - депті.

Сонда Ақылбай:

Қазыбек арғы атаң әулие өткен,

Дүниеден фәни жалған о да өткен.

Қиыр шеттен бір адам «баба» десе,

Аруғы сол сағатта келіп жеткен.

Бекболат туып қалған артық заттан,

О дағы карғағанын дереу атқан.  
Орта Жүзді билеген Абылай да,  
Каймығып, ақыл алған Бекболаттан.

Тіленші одан туған ел билеген,  
Одан қорқып Арғынға жау тимеген.  
Алдына барған жанға әділ екен,  
Тентекті, тәртіпсізді нанша илеген.

Алшынбай одан туған орны басқа,  
Ешбір жан сөз асырмас жүйрік қасқа.  
Алқа қотан халқына ақыл айтса,  
Теріс деп, ұзақ тартып шайқамасқа.

Одан соң мырза Жүсіп нағашы атам,  
Сөзімді сөкпеңіздер болса қатам.  
Әрі бері әулетін түгел айттым,  
Анама осы өлеңді тонға сатам,-  
депті өлендетіп.

Осы кезде отырған Абай күліп: «Ділдә, тонның құны жетерлік болды!» - дейді.  
Осыдан кейін Ділдә Ақылбайдың мандайынан сүйіп, тонды өз қолымен кигізіпті.

Алшынбайдан кейін елді көп жыл бойы оның үлкен баласы - Абайдың әйелі Ділдәнің әкесі, шамамен 1817 жылы туған Жүсіп мырза басқарады. Жүсіп мырза Айбике-Шаншар болысын 20 жылдан аса басқарған, одан кейін билікті Алшынбайдың екінші баласы Қақабай алған. Атап айтқанда, Едірей болысын 1887 жылдан бастап, Алшынбайдың екінші баласы Қақабай Алшынбаев басқарады және ол Мемлекеттік думаға депутат сайлаушы болады.

Ділдә Жүсіпқызы (1848-1924) туралы тарихшылар мен зерттеушілер осы күнге дейін бірнеше жаңсақ деректер жариялап келеді. Атап айтқанда, Ділдәнің әкесін Жүсіп емес, Түсіп деп атау және Ділдә Абайдан бірнеше жас үлкен екен деген мағлұматтар жиі кездеседі. Бірақ, 1867 жылғы Қарқаралы округінің аға сұлтаны Шалғынбай Биралин дайындаған ресми анықтамада (формулярный список) Жүсіп мырзаның (барлық мұрағат құжаттарында Юсуп Альчинбаев деп көрсетілген) Айбике-Шаншар болысының басқарушысы, 50 жаста екені, екі әйелі, ұлдары: 20 жастағы Бекжан, 18 жастағы Қадыр, 14 жастағы Надыр, 9 жастағы Сасанбек және қызы 19 жастағы Ділдәнің (мұрағат құжаттарында Тильда деп көрсетілген) бар екені көрсетілген (ҚҰА. 345-қор. 1-байлам. 961-іс. 66-69 беттер). Шындығында Ділдә 1848 жылы туған болса, яғни Абайдан үш жас кіші болғаны. Ділдә Жүсіпқызынан Абайдың

ең дарынды балалары: Ақылбай, Хакімбай, Әбдірахман, Мағауия деген ұлдар, Күлбадан мен Райхан деген қыздар туған.

**Игілік Өтепов** - Қуандық елінің Алтай-Мұрат бұтағынан болады. Шамамен 1770жылдары туған. Арқадағы атақты адамдардың бірі, ол ел тізгінін ұстап, көп жыл бойы аймақтың ең іргелі Шерубай-Нұра болысын басқарған.(ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 1036-іс). Сарыарқа жеріндегі Қуандық елінің атақты екі байы – Игілік Өтепұлы мен Жұман Сармантайұлы ғұлама жазушы Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке» тарихи романының басты кейіпкерлері.

**Тәти Жұманұлы** - Қуандық елінің Алтай-Сармантай бұтағынан болады. Шамамен 1800жылдары туған және 1841 жылдары қайтыс болған. Арқадағы атақты адамдардың бірі, ол ел тізгінін ұстап, көп жыл бойы аймақтың ең іргелі Алтай-Мойынболысын басқарған.Әкесі Жұман Сармантайұлына 10 мыңнан аса жылқы біткен. Қуандық-Алтайелінің шежірісін жазған, елімізге белгілі ғалым-жазушы Рашид Каренов өзінің «Арқаның дана биі Тәти мырза» деген еңбегінде былай деп жазады: «1820 жылдардың аяғына қарай Қуандық рулары Қаракесектердің олардың көптеген шүйгінді жерлерін басып алуына және малдарын барымталауларын тоқтатпауына байланысты, Батыс Сібір генерал-губернаторына бірнеше рет арызданып, олар өздері тұрған аймаққа дербес приказ ұйымдастыруды өтінеді. Осы өтініштерден кейін, Патша әкімшілігі 1832 жылдың 22 тамызында салтанатты жағдайда Ақмола приказын ашады. Бұл приказдың аға сұлтаны болып Сәмеке ханның шөбересі Қоңырқұлжа Құдаймендин, ал Алтай-Мойын болысының басқарушысы болып Сармантайұлы Жұман би сайланады. (ҚҰА. 338-қор. 1-байлам. 533-іс. 221-229 беттер). Әкесі Жұман би қайтыс болғаннан кейін, 1834 жылдан бастап оның баласы осы елді Тәти мырза басқарады. 1838 жылы Кенесары ханның Ақмола бекінісіне жасаған шабуылы сәтсіздікке ұшыраған соң, ханмен бірге Шу бойына қарай көшіп кетеді (Жұлдыз журналы. 2004. № 10. 136-144 беттер).

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде Тәти туралы былай деп жазады: «Бұл Тәти «жақсы Тәти» атанды. Қуандық, Сүйіндікте жалғыз қара болды. Өз тұсында мұның алдына жан түспеді». (Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі.-Алматы. Жалын. 1993. 27 бет).

Қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын Шортанбай жырау:

Жаралған Жәкем едің асыл зат қып,

Өзгеден бір кісі едің ақылы артық,-

деп жырлаған өзі белгілі би, әрі шешен от ауызды, орақ тілді **Жақсы Жанқұтты**(1810-1873), шамамен 1810 жылы туған, кезінде Алшынбай, Шорманның Мұсасы, Ағыбай батыр, Бәйсейіт, Құнанбайлармен үзеңгі қағыстырып, ел бірлігін ойлаған кемеңгер бабамыз және Әлтеке-Сарым елінде бірнеше жыл болыс болып қызмет атқарған (ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 2545-іс. 74-115 беттер).

Ол кісі жас Шоқан мен Абайға бата берген.

Жақсы Жәкем қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқанға:

Адамның басшысы – ақыл,

Жетекшісі – талап,

Шолғыншысы – ой,

Жолдасы – кәсіп,

Қорғаны – сабыр,

Қорғаушысы – мінез, –

деген ғибратты батасы, Абайдың: «Би аға, арзан не, қымбат не, дауасыз не?» - деген сұрағына - Шырағым, арзан - өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік емес пе? – деп жауап бере отырып, жанарыңның оты бар екен, ақындығын шығар, маңдайын жазық екен ойлылығың шығар, халқың-ның қалаулы азаматы бол!» – деген батасында да, Жанқұттының өз заманының тоқығаны көп, өрелі де, зерделі адамы болғаны байқалады.

Жанқұтты бір жылы Құнанбайға: «Меккеге барайық, дайындал», - деп сәлем айтады. Оған Құнанбай: «Жанқұтты биыл тоқтасын, келесі жылы бірге барайық», - деп қайтарады.

Жанқұтты: «Мен тоқтағанмен, ажал тоқтай ма?» - деп, Меккеге сол жылы жүріп кетіпті. Содан Мекке-Мәдинеге барып, аз күн ауырып Меккеде қайтыс болады, табыты Әлбақи-Жанфаниядан (құрметті адамдарды жерлейтін жай) орын алыпты.

Келесі жылы Меккеге Құнанбай да барады. Меккеден қайтарда Жанқұттының басында дұға оқып тұрып: «Жанқұтты, сен жақсы деп мен айтушы едім, Құнанбай, сен жақсысың деп сен айтушы едің, ақыры, шынымен Жанқұтты сен жақсы болдың. Сенің сүйегің Меккеде қалды, мен алдамшы дүниеге қайтып бара жатырмын», - деп егіліпті деген сөз бар.

**Тәттімбет Қазанғапов** (1817-1864), шамамен 1817 жылы туған, Қаракесек Шаншар Бертіс ханның ұрпағы, Шаншар-Нұрбике болысының басқарушысы, әрі елімізге белгілі күйші. 47 жасында қайтыс болған. Атап айтқанда, Тәттімбет 1842 жылдан 1854 жылға дейін болыс болып, өз өтінішімен отставкаға кеткен. 1855 жылдың 24 науырында Ресей патшасы II Александрдың таққа отыру тойына, арнайы шақыруымен Петербургке барып, сол кездегі қазақ зиялылары, оның ішінде аға сұлтандар: Шыңғыс Уалиханов пен Мұса Шормановпен бірге патшаның қабылдауында болады. Еуропаның өнер сүйер қауымының алдында домбыра тартып, күміс медаль иеленеді. Тәттімбеттің бізге дейін жетіп, нотаға түскен 27 белгілі күйі бар. Өкінішке орай, Кеңес үкіметі кезінде шертпе күй бай-шонжарлардың күйі болып саналып, ол күйлерді халық арасында кең таратуға тыйым салынған. Тек, Әбікен Хасеновтың қайсарлығы арқасында, үн таспаға жазылып, бізге дейін жеткен. Кезінде елімізге белгілі күйші Мағауия Хамзиннің: «Жан сақтау үшін, біз төкпе күй мен шертпе күйден «гибрид» жасап, халыққа шертпе күйлерді жеткіздік қой», - деп айтқаны бар.

Тәттімбет белгілі копес Варнава Ботовпен бірігіп, қазақ даласындағы тұңғыш тауар биржасы - Қоянды жәрменкесін ашады. Осыдан бұрын ауыл қазақтары малдарын Қытай мен Ресейге айдап апарып сататын немесе алып-сатарларға арзан бағаға өткізетін. Енді қазақтар ауыл шаруашылық өнімдерін сол жерде саудалап, тікелей өздері пайда тауып отырды. 1913 жылы Қоянды жәрменкесінің айналымы 5 миллион рубльге жетіп, мыңға жуық киіз үй тігілген. Сол кезде ең қымбат мал – бір ту биенің құны 20 рубль болған. Осы Қоянды жәрменкесінің арқасында, сол кездегі қазақ даласындағы ең ауқатты адамдар Орта Жүздің байлары болды.

Тәттімбеттің енді бір қыры – Шығыс Түркістандағы қандастарымызға арнайы барып, тезірек Ресей Империясының қоластына өтуге кеңес бергені. Өйткені, Ресей мен Қытай империясының шекарасы жабылса, қазақтар екіге бөлінетінін сол кездің өзінде сезген еді. Сол уақытта оның шығарған күйлері: «Алшағыр-Шаған», «Қорамжан» және «Жазғы қайғы» осы оқиғаларға арналған. Ол Кенесары ханмен тығыз қатынаста болып, халық көтерілісін белсенді түрде қолдаған. Тәттімбеттің Шығыс Түркістанда болуының басты себебі Кенесарыны Қырғыз жері арқылы Қытай жеріне өткізіп жібермек ойы болған. Бірақ,

Кенесары қолы қапыда Қырғыз жерінде құрған торға түсіп қалады. Тәттімбет сол қайғылы оқиғаға байланысты «Азына» деген белгілі күйін шығарған. 1849 жылғы Қарқаралы дуанына аға сұлтандыққа өтетін сайлауда, басты кандидат Тәттімбет еді. Өйткені, ол қай жағынан болса да, басқа үміткерлерден оқ бойы алда тұрған еді. Бірақ, Омбыдағы генерал-губернатордың Тәттімбеттің кандидатурасын өткізбей тастаған басты себебі, оның Кенесары ханмен тығыз байланыста болғаны.

Тәттімбет қазақ жерінде алғашқылардың бірі болып, кең өңдейтін завод ашқан. Архив құжаттарына сәйкес 1856 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Х. Гасфортқа және Алтай тау-кең заводының басқармасына хат жолдап, алтын кең орындарын барлауға рұқсат сұрайды. Осыдан кейін Батыс Сібір генерал-губернаторы кеңсесінде, алтын кең орындарын барлаушы Тәттімбет Қазанғаповқа арнайы іс ашылады. 1856 жылдың 13 тамызында, Ресей империясының қаржы министрлігінен, Тәттімбет Қазанғаповқа Орталық Қазақстанда алтын және басқа да бағалы металлдарды барлауға және өңдеуге рұқсат қағаз келеді. Бұл рұқсат қағазды Тәттімбетке Томск қаласында орналасқан Алтай тау-кең заводының басқармасының төрағасы арнайы өзі келіп тапсырған. Өмірінің соңына дейін, Тәттімбет өз атағын одан сайын асқақтатқан, әрі сол кездегі басқа да қазақ зиялыларына үлгі боларлық осы кәсіппен айналысқан (ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 2695-іс. 67-68 беттер). Тәттімбеттің жолын ұлы Мұсатай жалғастырады. Мұсатай атақты Шорманның Мұсасының қызын алған.

**Тәттімбеттің аталас ұрпақтары: Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің Консультық істер туралы Департаментінің директоры Ардақ Мәдиев, еліміздің Көлік министрі болған Берік Камалиев, Қарағанды Мемлекеттік Университетінің бірінші проректоры Рымбек Жұмашевтар.**

**Мұса Шорманов**(1818-1881), шамамен 1818 жылдары туған, Ағыбай батырды ақтап алуға көп еңбек сіңірген, өткен ғасырда өмір сүрген халқымыздың зиялы азаматы, Сүйіндік-Қаржас руынан, Шоқанның нағашысы, аға сұлтан, әрі полковник шені болған. Омбы қаласында әскери училищеде оқып, орыс және француз тілін еркін меңгерген, қазақ балаларын оқытатын мектеп ашудың қажеттігін нақты мысалдар арқылы дәлелдей отырып, Сібір қазақтарының облыстық басқармасының жылжымалы гимназиясын аштырған, ел арасының бірлігін, жастарға білім беру, XIX ғасырда қазақ халқына ауқымды деңгейде жақсылық жасаған аздаған адамның бірі. 1855 жылы Александр Платшаның таққа отыру рәсіміне қатысып, Орта жүзден барған 9 қазақ-депутаттарының бірі болған. Осы мәртебелі жиында француз және орыс тілдерінде баяндама жасаған Мұса, Патша ағзамның назарына ілігіп, айрықша ілтипат көрсетеді. Оны жеке қабылдап, тілегін сұрайды. Сонда Мұса: «Маған жабық үйдің кілтін беріңіз!» – дейді. Патша келісім береді, «Жабық үй» дегені абақты екен, Мұса патшаға: «Сол абақтыда жазықсыз жатқан қазақ азаматтарын босат», - дегені екен. Омбыда, Орынборда, Қызылжарда қамауда жатқан, қазақ азаматтарына азаттық алып береді. Мұса мырза қазақ салт-дәстүрлері (этнография), әдет-ғұрыптары мен фольклоры туралы бірнеше құнды еңбектер қалдырған. Атап айтқанда: «Киргизские народные обычаи» (1871), «О скотоводстве у киргизов Западной Сибири» (1880), «Заметки о киргизах Павлодарского уезда (1881). Одан басқа, Мұса мырза құнды, әрі сирек кездесетін жәдігерлерді жинаумен айналысқан. Ол 1881 жылы Ресей империясының астанасы - Москва қаласында өткен көрмеге, қазақтың шеберлерінің қолынан шыққан 32 экспонатты табыс еткен. Өкінішке орай, сол теңдесі жоқ экспонаттар Ресейде қалып қойып, Москва, Санкт-Петербург, Омск қалаларының музейлерінде сақтаулы.

Қарадан шығып хан болған, Мұса мырзаның архив құжат-тарында көрсетілген өмірбаянына тоқталып өтейік. 1833 жылы Мұса мырза 16 жасында болыс басқарушысы болады, 1836



жылы 19 жасында ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дворян деген құрметті атаққа ие болады, 1840 жылы 23 жасында полковник шенін алады, 1841 жылы 24 жасында Баянауыл дуанының заседателі болып тағайындалады, 1845 жылы 28 жасында Ақмола дуанының аға сұлтаны қызметіне сайланады, ал 18 жыл бойы 1850 жылдан бастап 1868 жылға дейін Баянауыл дуанының аға сұлтандық қызметін атқарған. 1868 жылдан бастап аға сұлтандық жойылып, Ресей империясының патшасының Жарлығымен тағайындалатын генерал-губернаторы қазақ елін тікелей басқаратын болды. Мұса мырзаның 14 баласы, 10 ұлы және 4 қызы болған (ҚҰА. 374-қор. 1- байлам. 2154-іс. 18-21беттер).

**Құнанбай Өскенбайұлы** (1805-1885) - өзінің өткірлігімен, шешендігімен танымал болып, әуелі старшын, одан кейін болыс және хорунжий шені болған. Аға сұлтан болып тұрғанда оқу, білім мәселесіне ерекше көңіл бөліп, ел ішінде, ауыл-ауылда мектептер аштыруға ықпал жасаған. Аға сұлтандықтың аяқ жағында көп қиыншылықтар көріп, өзінің руластарының, патша чинов-никтеріне жазған шағымының кесірінен, Омбы қаласында алты ай абақтыда да отырады, ел жақсыларының өтініші бойынша ғана босатылады. Сол кезде Құнанбай: «Қазақ десем өзіме тиеді, соқыр десем көзіме тиеді», - деген екен. 1874 жылы төрт жылға созылған, Меккеге қажылыққа барған сапарында, бірге барған қазақтың бірнеше игі жақсыларымен бірігіп, «Тәкие» деген қонақ үйін салғызған. Осы қажылықтан қайтқаннан кейін, ешқандай да ел арасындағы билік, дауларға араласпай, мұсылмандықжолымен ғана өмір сүрген. Құнанбай қажы қайтыс болғаннан кейін, көп жылдық тарихы бар Кеңгірбай әулетінің басына көп қиыншылықтар түседі (ҚҰА. 374-қор. 1– байлам. 2545-іс. 74-115 беттер).

Осы арада Алшынбай би мен Құнанбайдың арасындағы бір әңгімені келтіре кетейік.

Алшынбайдың қартайып, тұғырдан түсуге таянған шақтары болса керек, ол Құнанбайға: «Екеуміз құдай қосқан құда болдық. Менің де шапағатым тиген шығар, әйткенмен Алла жар болып, қарадан шығып хан болып, аға сұлтандық дәрежеге жеттің, бүкіл дуанды биледің. Енді маған өкпең болмас», - дегенде. Құнанбай: «Алшеке-ай, менде қандай өкпе болсын, аға сұлтандықтың атағы менікі, ал абыройы сіздікі болды ғой. Аға сұлтан бола тұрып, мен бес болыс Тобықтының басын қоса алмадым. Ал сіз ешқандай да лауазым иесі болмай-ақ, Қарқаралы дуанының жиырма төрт болыс елін ашсаң алақанынды, жұмсаң жұдырығыңда ұстадың», - деп жауап берген екен.

1849 жылы Омбыға Сібір генерал-губернаторына Ақжолтай Ағыбай батырмен бірге Алшынбай бастап сегіз кісі барған. Тілмаш ретінде барған, өткен ғасырда өмір сүрген халқымыздың зиялы азаматы, Қарқаралы оязы, Берікқара болысының 20 жылдай болысы болған, «Қара-Шормыз Құдайдан кейінгі зормыз» дейтін Қаракесектің Қара руынан болатын **Ақбай Жандеркеұлы** ел ішінде беделді, орысшаға жүйрік, сөзге шешен болған, генерал-губернатордың да алдында да беделі зор, сенімді адамы болған, онымен Ағыбай батыр туралы көп сөйлесіп, батырдың халықтың арасындағы зор беделін жеткізген. Ақбайдың әкесі Жандерке де 1854 жылға дейін Қарқаралы дуанындағы ресми түрде би атағын алған құрметті қазақтардың тізімінде болған.

Ақбай Жандеркеұлы елімізге белгілі қоғам қайраткері, Алаш мемлекетін құрушылардың бірі, тұңғыш заң магистрі Жақып мырза Ақбаевтың әкесі.

**Шортанбай жырау Қанайұлы** (1808-1881) - жылдар аралығында ғұмыр кешкен елге танымал ақын. Қарқаралы дуанындағы, Жақсы Жанқұты бидің ауылында өмір сүрген және сол кісіге мешіт салдырып, медресе ашқан. Ресей отаршылдығының зорлық-зомбылығын көзімен көріп, жанымен-тәнімен сезінген ақын өзінің: «Зар заман», «Бала зары», «Тар заман», «Опасыз заман», «Өсиет – насихат сөздер», «Келер заман сипаты» және тағы басқа

толғаулары арқылы ақиқаттың астарын ашып көрсеткен.

Ақын елді қанаушылардың жаңа тобының ақшалы байлар, алыпсатарлар мен саудагерлер екенін төмендегідей суреттейді.

Арам арсыз жан шықты,  
Қайыры жоқ бай шықты.  
Сауып ішер сүті жоқ,  
Мініп көрер күші жоқ,  
Ақша деген мал шықты.

Сол кездегі қазақ халқының мүшкіл қал-жағдайының негізгі себепкерін «Жалмауыз болды ұлығың» деп әкімдерді сынайды.

Заман қайтып оңалсын,  
Адам қайтып қуансын.  
Жандарал болды ұлығың,  
Майыр болды сыпайы.  
Айырылмайтын дерт болды,  
Кедейге қылған зорлығың.  
Князді көрдің піріндей,  
Тілімәшті көрдің биіңдей,  
Дуанды көрдің үйіндей,  
Абақты тұр алдында,  
Қазылып қойған көріндей.

Шортанбай жыраудың ұрпағы елімізге белгілі шежіреші, қазақ тарихы мен ауыз әдебиетін зерттеуші, Сарыарқаның жақсылары мен жайсаңдары туралы бірнеше тарихи еңбектердің авторы Кәмел Жүністегі

**Ақтентек сері Бәйтілесұлы** (1807–1903) - Қарқаралы уезінде туған, Қаракесек руынан. Ақтентек – заманында серілікпен аты шыққан, жақсы-жайсандармен табақтас болып, ойын-тойдың базарын қыздырған, бірнеше ән-күй шығарған Арқа өңірінің белгілі өнер саңлағы. Ол кісі сегіз қырлы бір сырлы болған. Ағаштан неше түрлі бұйымдар жасап, әшекейлі домбыра, сегіз қырлы мылтық және күмістелген ер құрған. Арқадағы осы күнге дейін сән-сәулетін жоғалтпаған, жақсылар мен жайсаңдардың мазарларын өз қолымен тұрғызған. Сері өмір бойы таңдаулы домбыра жасаумен шұғылданған және кезінде Арқаның ән-күйшілерінің сері қолынан домбыра алмағаны кемде-кем. Қоянды жәрменкесіне жиі келіп, Арқаны әнге толтырған Біржан салмен Ақтентек сері дос болған. Біржан салдың «Ақтентек» әні, сөзін салдың өзі сәл өзгерткен Ақтентектің әні екені туралы айтылып жүр. Ақтентек сері ас-тойларда халыққа өнерін көрсетіп отырған. Ақтентек басынан аяғына дейін айрықша жұкалап бастырған ақ кигізден арнайы тігілген ерекше киім киіп жүрген. Ол кісінің кісесі, аса таяғы, тіпті атының тұсамысына дейін алтын жалатқан таза күмістен болған.

**Еспай Баймырзаұлы** (1794–1861) - Қаракесек-Қояншытағай елінің атышулы биі. Заманында мырза да, пірадар да атанған тұлға. Жер, жесір дауларында көшелік танытқан қабырғалы тұлға. Ширек ғасыр бойы Қызылтау болысында би болған (ҚҰА. 345-қор. 1-байлам. 1738-іс). Кенесарының ағасы Саржанмен дос болған. Саржан сұлтан Бұғылы тауында орда құрып, Ақмола мен Қарқаралыға бекінген орыс әскерлеріне үнемі шабуыл жасап тұрған. Сол тұста Саржанға осы елдер тірек болған Еспай мырза болған. Тарихтағы «Еспайдың асы» деген Үш жүзге сауын айтып, жайылған дастархан мен қонақтарға тартылған ас көл-көсір болған қазақ даласындағы үлкен астардың бірі. Еспайдың асы, шамамен 1861 жылдары, Бұғылы-Тағылы тауының ішіндегі Сайлаутас деген жерде өткен. Осы асқа Кіші жүздің өзі алпыс үй тіккен дейді. Тек қазақ даласының жақсылары мен жайсаңдары емес, Қырғыздан Шәбден, Ташкенттен Бегдербек қатысқан тарихи ас. Осы асқа мың жарым жылқы, үш мың қой сойылған. Ағып жатқан Қармыс суы, қып-қызыл қанға боялып кетіп, тұншыққан балықтар тайдай тулап, иірім-иірім сулардан қара жерге шығып қалған. «Еспайдың асында жорғаламағанда, атаңның басында жорғалайсың ба?!» - деген Шұбыртпалы Ағыбай батырдың Сәтқозы серісінің сөзін, ел осы күнге дейін мақал қылып айтып жүреді. Еспайдың асында бәйгеге 200-ден аса ат қатысқан және қашықтығы 50-60 км болған. Бірінші келген атқа елу жылқы, бір тайтұяқ алтын және сегіз қанат ақ орда. Екінші келген атқа қырық жылқы, бір тайтұяқ алтын. Үшінші келген атқа отыз жылқы және бір қойтұяқ алтын. Қармыс бойындағы Еспайдың мазарының салынғанына 155 жылдай болады.

Елімізге белгілі «Сұршақыз» әні белгілі ғалым Әлкей Марғұланның деректері бойынша, шамамен 1840-1910 жылдары өмір сүрген Сүйіндік-Айдабол бидің тұқымы, өзі балуан, әрі ән салып, сері атанған Мұса Шорманов барымташы ретінде жанында ұстаған, (1840–1932) жылдары өмір сүрген Арап Байдалыұлының өзі ақылды, әрі сұлу ел арасында «Сұршақыз» атанған - Еспайдың баласы Бөде болыстың қызы Күнбөпеге арналған. Екі ғашық үйленгеннен кейін, Көкшетаудағы Шоқанның туған інісі Жақып төрені паналайды. Бірақ төрелер «Сұршақыз» - Күнбөпе сұлуға қызығып, Арап батырды абақтыға жауып, жер аудартып жібереді. Арап батыр осы оқиға байланысты «Сұршақыз» әнін шығарып, әнде:

Ғашық болып қосылып,

Құмарымды қандырды-ай.

Сөйтіп жүрген Сұршақыз,

Көкшетауда қалдырды-ай,

Ахау, Сұршақыз енді есен бол!

деп, өзінің айдалып кетіп, ал Сұршақыздың Көкшетауда қалуын көрсетеді. Арап батыр Балуан Шолақ және Жаяу Мұсамен дос болған. Тіпті, Жаяу Мұса оған арнап «Арап батыр» деген белгілі ән-өлеңін шығарады. Әлкей Марғұлан: «Сұршақыз» әнінің атақты ақын-сазгер Жаяу Мұсаның еш қатысы жоқ, тек абақтыда отырған Арап батырдың әнін Жаяу Мұса мен Балуан Шолақ халық арасында аздап өзгертіп орындаған болу керек», - дейді.

**Қазақстан Әділет Министрлігінде және Конституциялық Кеңесте жауапты қызметтер атқарған Бейбіт Ибраев Еспайдың аталас ұрпағы.**

**Ершман бай Тасболатұлы** (1800–1900) - Қаракесек-Кәрсен елінің атышулы тұлғасы. Кезінде қазақ еліндегі атақты байлардың бірі болған. Ершманға он мыңнан астам жылқы біткен екен. Ершман өзінің байлығымен де, кісілігімен де, қайырымдылығымен де заманында жұрт аузына іліккен адам. Ершман бай жүз жасаған кісі екен, сол жасы егде

тартқан тұста, балаларын шақырып алып: «Биыл қыс қатты болып, арты жұтқа айналады. Сондықтан биыл малды Шу бойына айдап, сол жерде қыстату керек», - дейді. Бірақ балалары көнбей, малды Арқада қалдырады. «Бай бір жұттық» дегендей, сол жылы Арқада қыс қатты болып, жер жүзін алып жатқан жылқысы қалың қарда қалып, түлегімен опат болады. «Ершманның қалың жылқысы қырылып, сауынсыз қалыпты», - дегенді ұзын құлақтан естіген, сол замандағы кісілігі мол руластары 7 күн ішінде 500 жылқы жинап беріпті. Содан Ершманның малы қайтадан тез өсіп, Кеңес үкіметі орнайтын тұста Ершманның ұрпақтарындағы жылқы саны 8 мыңнан асқан екен. Ершманның балалары – Тұрған мен Сламбек 1901 жылдары Мойынты болысын басқарған. Ершман бай кезінде жетім-жесірге көп қарайласып, малын олардан аямаған екен. Орыстың да дінге-тілге талас астыртын ойын жақсы түсініп, Ақылбек қажының ұрпағы Башар иманды пір қылып ұстап, келер ұрпақтың бұзылмауын қатты қадалаған. Ершман бай мен Райымқұл-Боранқұл Кәрсөн еліне сіңген Тарақты, оның ішінде Қармыстан тараған он екі атаның бірі Әлі ұрпағы Онбайдың жол қаржысын түгелімен көтеріп, қажылыққа жіберген.

Сол Онбай қажы айтты деген мынандай шумақтар бар:

Жас емеспіз, келдік қой талай жасқа,

Күмістей боп ақ түсті сақал-шашқа.

Пенде жоқ бұл фәниде қалатұғын,

Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.

Басымыздан қилы-қилы заман өтті,

Кәрі-жас ажал жеткен бәрі кетті.

Орында бес парызын мұсылманның,

Ойласаң алда болар қиыметі.

Ершман байдың бейіті, Алматыдан Қарағандыға баратын темір жолдың Мойынты станциясына таяу жерінде, алыстан мұнартқан сағымдай бой көрінетін аса биік мазар. Ершманның балалары Туған мен Сламбек Мойынты болысында кезектесіп болыс басқарушы болып қызмет атқарған, ал немерелері Түсіп пен Әнбия бай ретінде кәмпескеге ілініп, жер аударылған. Ұрпақтары Мойынты пен Сарышаған елді мекендеріне өмір сүріп жатыр. Ершманның ұрпағы - Сламбеков Әлиакпар ақсақал Тасаралда көп жыл бойы қызмет атқарып, кейіннен зейнетке шыққаннан кейін ауылдың кітапханасында жұмыс істеді. Сол кісі қатардағы кітапханашы бола тұра, ауыл балаларын білім-ғылымға құштарлыққа тәрбиеледі.

**Ерден Сандыбайұлы** (1808-1862) жылдар аралығында ғұмыр кешкен ел басқарған би. Найман-Бағаналы-Жырық руынан. 1840 жылдан бастап, Терісаққан бойындағы Найман-Бағаналы еліне болыс болған. 1855 жылы Ресей патшасы Александр II таққа отыру рәсіміне делегат болып қатысқан (ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 3892-ic).

Халық арасындағы кең тараған, 1862 жылғы Атбасар дуаны бойынша аға сұлтандыққа сайлауға түскен Шоқан Уалихановты Найман елінің Бағаналы руының болысы Ерден Сандыбаевтың жеңіп шыққаны туралы жаңсақ мағлұмат бар, ал шындығында Шоқан сайлауда басым дауыспен жеңіп тұрса да, өзінің денсаулығына байланысты аға сұлтандықтан бас тартады да, осы себеппен Ерден аға сұлтан болып тағайындалады. Омбыдағы мемлекеттік архивтегі мына құжат соның дәлелі. 1862 жылдың 10-шы

карашасында Батыс Сібір генерал-губернаторы А.И. Дюгамель қол қойған №54 санды бұйрығының мазмұны мынадай: «...О переменах по службе. Приказ генерал-губернатора Западной Сибири. 10 ноября 1862 года № 54 по области Сибирских киргизов. Утверждаются в должности: По избранию Атбасарского округа, хорунжий Ерден Сандыбаев - старшим султаном того округа, вместо штабс-ротмистра Чокана Валиханова, избранного на эту должность большинством голосов, но отказавшегося от принятия оной за болезнью, и султан Кочек Джадаев - кандидатом старшего султана, оба на 3-х летие с 1862 года...». Алайда, Ерден Сандыбаев аға сұлтандық қызметке кіріспестен, аяқ астынан ауырып, кенеттен қайтыс болып кетеді (ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 389-іс).

«...Мен сұлтан сайлауы жайлы ойландым, – дейді Шоқан досы Ф.М. Достоевскийге жазған хатында. – Мен қай жағдайда болса да отандастарыма пайдасы болғанын, олардың шенеуніктерден және бай қазақтардың дәрежелілігінен қорғалғанын тілеймін. Бұл жағдайда мені ойландыратын, олардың өз ұстанымымен жерлестеріне өнеге беретін және білімді сұлтан басқарушы болғанын қалаймын». Бірақ, екіншіке орай, жоғарыда атап өткеніміздей, осы аға сұлтан-андық сайлауда Ерден Сандыбаев аға сұлтан болып сайланады. Бұл тұста оның талай айла-шарғыға барғанын сезінеміз. Одан басқа, Батыс Сібір генерал-губернаторы А.И. Дюгамель Ерденнің Кенесары бастаған халық көтерілісін басу ниетімен, орыс әскерлеріне белсенді көмек көрсеткен еңбегін де елеген болу керек.

**Дүйсенбай би Шуақбайұлы** (1825–1888) - Семей губерниясы Қарқаралы уезінде туған. Қояншытағай елінің атышулы биі. Жер, жесір дауларында көшелік танытқан қабырғалы тұлға. Атап айтқанда, ол 1871 жылы Қызылтау болысын басқарған. Ширек ғасыр бойы Қызылтау болыстығының алтыншы ауылының биі болған. Дүйсенбай би айтты деген шешендік сөздер ел аузында көптеп сақталған. Өткен ғасырда өмір сүрген Дүйсенбай би орыс ұлықтарының өздері мойындаған, ежелден келе жатқан қазақ жолымен, туралығымен, әділдігімен билік еткен адам. Ол кісінің зираты Қойкел өзенінің бас жағында, Аршалы қыстағынан екі-үш шақырым жерде. Отаршылар елді тоз-тоз етуді көздегенде елді бірлікке, тірлікке үндеген Дүйсекеңнің бір сөзін жариялауды жөн көріп отырмыз. Кенесары хан жеңіліп, хан қолына қосылған ел Арқаға қайта оралған. Орыс ұлығы әр тайпа-руға жер кесіп беруді қолына алған. Ұлық осы тұста қазақты тағы бір қорлап қалуды ұмытқан жоқ. Кенесарыны жаппай қолдаған Бесата түгелімен сенімсіздер қатарына жатқызылды. “Шын көңілдеріңмен бағынған болсаңдар патшаға ұйып, намаз оқисыңдар”, - деген талап қойған. Ел қатты абыржыды. Мұсылман Құдайға ұйып намаз оқиды, адамға, оның ішінде кәпір патшасына ұйып намаз оқу ең асқан күнә. Ел толқыды. Ауа көшейік, соғысайық деген сөздер шығып жатты. Ел жақсылары Бәйсейіт, Жанқұтты, Шортанбай, Кәдір, Бөделер жол таба алмай қиналған. Сонда Дүйсенбай:

– Бір ұсынысым бар. Көңілге жақса аларсыңдар, жақпаса қалар, – деген екен, – енді орыспен соғысып жеңбеспіз, ұрпақ тегіс қырылар. Осы далаға ие болар ұрпақты сақтайық. Сол үшін, дінім үшін емес, күнім үшін, кінәлама мұным үшін деп Алладан сұрап, бас ұрайық. Сонан соң үш күн ораза тұтайық. Әрі өйтіп-бүйтіп осы күпірлік намазды түс аударып жасайық, – депті.

– Дұрыс, – деп қостаған Бәйсейіт. Ел осыған тоқтаған.

– Ендеше, – депті жас Жәнібек молда, – мен имамдық етіп, “Жүсіп Рымханның” арабша киссасын оқийын. Қай орыс арабшаны біліпті.

Дүйсенбай Жанқұттымен көңілдес екен. Дүйсекең Жанқұтты үйіне арнайы келіпті.

– Мына дауды орыс әдейі туғызып отыр. Қазылыққа сен ылайық едің, Бесатаны бөріктіріп қойғаны мынау. Менің айтарым:

Даудың басы Қызылтау,  
Ұзақ жатқан ұзын тау,  
Иілсең елін алады,  
Әйтпесе бәрімізді жау алады,—

деген екен.

Сөйтіп Қызылтау Қояншытағайға қалып, Жақсы Жәкең Бесатаға қазы болып сайланған.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болған Сатбек Дулатбеков және елімізге белгілі заңгер-ғалым, Парламент Мәжілісінің депутаты Нұрлан Дулатбековтер Дүйсенбай бидің аталас ұрпақтары.**

**Шонбай Балапанұлы** - шамамен 1810 жылдары туған, жасынан ширақ, әділ би атанып, 1855 жылдан бастап бірнеше жыл бойы, Өлтеке-Сарым еліне болыс болып қызмет істейді, әрі «сөйле-мей шешен, шаппай жүйрік» атанған Шабанбай бидің немересі(ҚҰА. 345-қор. 1-байлам. 961-іс. 48-51беттер).

Ақжолтай Ағыбай батыр, Кенесары көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін, осы Өлтеке-Сарым елінің Тоқырауын, Жамшы өзендерінің бойына көшіп келіп, егіншілікпен айналысқан. Осы жер-лер қазірге дейін «Ағыбай тоғаны» деп аталады. Сол жақтағы елдермен тығыз байланыста болып, қыз алып, қыз берісіп құдандалы болған. Атап айтқанда, Шонбай болыс баласы Бөлкенбайға Ағыбайдың қарындасы Патсайымды алып берген. Бөлкенбай да кейіннен көп жыл бойы болыс болып, ел басқарған. Шабанбай бидің келіні, Балапанның бәйбішесі Ұмсынған Алатаудың белгілі бір қожасының қызы екен. Өзі әулие, әрі зайырлы адам екен. Өзінен туған бес ұлына текті елдерден әйел әперген. Ұзақ жасап, өзінің дүниеден өтетін мезгілін білген. Бір күні төсегінде жатып, келіндерінің атын атап қасына шақырады. Оң алақанын жұмып алып: «Менің алақа-нымдағыны алыңдаршы», - дейді. Патсайыдан басқа төрт келіні келсе, оларға алақаны ашыл-майды. Бесінші болып Патсайы анамыз келгенде: «Мә, қарағым, құт-береке, бақты сен ал, тек сен ғана үмітімді ақтайсың!» - деп, алақанына жұмулы қолын ұстатып тұрып: «Мені енді мұқият тыңда, саған айтатын өсиетім, үлкен үйдің піскен дәміне ешқандай да құлып салма, бекітпе. Үйге кірген адамдар ішіп-жеп кете берсін, оларға таршылық жасама. Алланың өзі берген ырзығы таусылмайды», - деп көзін жұмған екен. Шынында, сол үйге төрт жүзден аса жылқы бітіп, ас үйдегі сабалар қымызға толып тұрыпты. Кім тәңертең ерте тұрып үлкен үйге барса, қолындағы ыдысы толғанша сабада тұрған қымызды құйып алып кетеді екен. Қыста соғымға сойылатын отыз-қырық ірі қараның еті наурыз айына дейін жетпей таусылады екен. Сонымен, Патсайы анамыз, Өлтеке-Сарым еліне өле-өлгенше құт-береке, бақ болып қоныпты.

1895 жылы Шонбайдың баласы Бөлкенбай, ал 1898 жылы оның баласы Сейткали да Нұра болысын басқарған.

Жарылғап батырдың немересі, Қанжығалы Бөгенбай батырдың жиені Керней **Байсейіт** заманында дәулетті жандардың бірі болып, ел ішіндегі билікке араласып, жер-жесір дауында есе бермеген (ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 539-іс. 74-115 беттер).

Байсейіттің жанындай жақсы көретін ұлы Нұрлан мырза ерте дүниеден өтеді. Баласының қазасы жанына қатты батқан Байсейіт, бірнеше күн бойы басын көтермей, жер

бауырлап жатып алса керек. Көңіл айтып, басу айтқан жандарды тыңдамай үнсіз жата береді. Сонда атақты Нарманбет ақынның нағашысы, от тілді, орақ ауызды Керней Бәкі шешен туысы Байсейітке былай деп көңіл айтыпты:

Бұл жалғанның түбінде байлам жоқ,

Оның қызығына ешкім тойған жоқ.

Өмір деген кесік емес пе?

Келер жеріміз бесік емес пе?

Барар жеріміз бейіт емес пе?

Бесікте кетсек шейіт емес пе?

Ажал алмайды сұрап келіп,

Барар жерің жұмақ делік.

Өзекті жанға бір өлім емес пе?

Елі тұрғанда көміледі емес пе?!

Алланың ісінен пендеден айла жоқ.

Мың күндік қайғыдан бір күндік пайда жоқ.

Жасаған біздің елді тауыпты ғой,

Қаза – халықтікі ғой.

Халықтан үлкен бе едің Байсейіт?

Басынды көтер!

Керней Байсейіттің **Нұрлан мырза** атанған баласы шамамен 1818 жылдары туып, 1857 жылдары қайтыс болған. 1851 жылы Кәрсөн-Керней елінің болысы болған, «Кенесары бастаған халық көтерілісіне көмектесті» деген айыппен, атап айтқанда 1824 жылы Кәрсөн-Керней елінің бірінші болысы болған, кейіннен Кенесары көтерілісінің басынан аяғына дейін қатысқан Құдайменде сұлтан Ғазинге көмектесті деген жаламен Қарқаралы қаласында абақтыда болып, 1854 жылы Облыстық генерал-губернатордың бұйрығымен болыстық қызметтен босатылған (ҚҰА. 374-қор. 1-байлам. 251-іс. 1-2 беттер).

Нұрлан Қарқаралыда абақтыда жатқанда, Байсейіт баламды ақтап алам деп, көп әрекеттерге барады, бірақ ешқандай нәтиже шықпайды. Осы уақытта Баянауыл дуанының аға сұлтаны, атағы жер жарып тұрған полковник Мұса Шорманов Қарқаралыда, бір көмек жасаса сол кісінің қолы-нан келеді, өйткені Мұса губернатормен де, Қарқаралы оязымен де жақсы қарым-қатынаста және оның айтқан сөздеріне олар құлақ асады, дегенді естіп, Мұсаны іздеп барады. Байсейіт Мұсаның түскен үйіне келгенде, Мұса атына мініп, еліне қайтып бара жатады. Осы кезде Байсейіт онымен амандасып: «Мұса мырза, барлық жақсылығыңды Баянауылға алып кетесің ба?!» - депті. Сонда Мұса атының басын бұрып: «Ақсақал, маған қандай бұйымтайыңыз бар?» - деп сұрапты. Байсейіт баласы Нұрланның жаламен абақтыда жатқанын және оның ақталуына көмек қажет екенін баяндайды. Осыдан кейін, Мұса мырза Нұрланның ісіне белсене араласып, оны ақтап алады.

Нұрлан мырза өзінің жомарттығымен, кедей-кепшікке малын таратып, жетім-жесірлерге қамқорлығымен халық арасында аты шыққан. Нұрлан мырзаға қатысты халық арасында таралған мына әңгімеге тоқталып өтейік. Нұрлан мырза он екі қанат ақбоз киіз үйінде демалып жатса, есік алдынан шу шығады. Бір бейтаныс әйел: «Мені Нұрлан мырзаға кіргізіңдер», - десе, күзетшілер: «Жоқ болмайды, Нұрлан мырза демалып жатыр», - деп әйелді үйге кіргізбейді. Осы шуды естіген Нұрлан мырза күзетшілеріне бейтаныс әйелді өзіне жіберуге рұқсат береді. Үйге кіргеннен кейін, бейтаныс әйел, өзінің Қуандық елінен Нұрлан мырзаны әдейілеп іздеп келгенін, екі-үш жыл бұрын күйеуінің қайтыс болғанын, басқа жақын туған-туысының жоқ екенін, жұт болып аздаған малынан айырылғанын, енді «Жұт жеті ағайынды» дегендей, таяуда өрт болып киіз үйімен қоса барлық дүние-мүлкі өртеніп кеткенін, көмек сұрап біраз атқамінерлерге барғанын, бірақ ешкім ешқандай да көмек бермеген соң, жетім-жесірлерге қамқор болып отырған Нұрлан мырза деген жігіт бар деп естіп, бірнеше күн жаяу-жалпылап, алдына келіп отырғанын жылап отырып, баян-дап береді. Бейтаныс әйелді тыңдап алып, Нұрлан мырза қасында отырған әйеліне: «Әй, қатын, керек деген киім-кешегіңді ал да сыртқа шық, ал шеше мына үй дүние-мүлкімен сіздікі», - деп үлдемен-бүлдеге бөленген, жабдықтары күмістелінген, сандық-кебежелері алтындалатын ақ боз үйін, дүние-мүлкімен бір көрген, бейтаныс жесір әйелге беріп кетіпті.

«Алматықұрылыс» холдингінің және «Жарылғап батыр» қоғамдық қорының президенті, әйгілі меценат, ұлттық мәдениетіміздің шынайы жанашыры, белгілі қоғам қайраткері Амангелді және Қазақстан Республикасының туризм және спорт министрі болған Талғат Ермегияевтар Нұрлан мырзаның аталас ұрпақтары.

**Кәрсөн Көпбай қазы** шамамен 1817 жылы туған, жас кезінен алғыр болып, басында Кәрсөннің Есберген мен Бегалы болыстарына атқосшы болыпты. Бір күні, Қарқаралы дуанына пошта тасып жүріп, жолында Жақсы Жанқұттының ауылына қоныпты. Жақсы Жәкем онымен бірінші кездескенде, көп сөйлескен екен. Сонда Сарымның ақсақалдары: «Жанқұтты-ау, осы Кәрсөннің поштабай баласымен көп сөйлескенің қалай?» - деген екен. Сонда Жақсы Жәкем: «Е, біле білсеңдер, бұл баланың бір аяғы жерде тұрса, екінші аяғы көкте тұр, нағыз азамат атанып, ел қамын ойлайтын, керемет басшы болады!» - деген екен. Оған батасын беріп, бірінші болып ақ-жолын ашады. Сол кісінің дуалы аузынан шыққан сөзі дәл келіп, кейін бірнеше жыл болыс болып, Қарқаралы дуанына қазы (аға сұлтанның дін мәселесі жөніндегі орынбасары - қазіргі сөзбен айтсақ, облыстық соттың төрағасы) болып сайланады және хорунжий деген шен беріледі. 1867 жылы халықтың қалауымен Қарқаралы дуанына аға сұлтандыққа кандидат болады, бірақ сол жылы аға сұлтандық жойылып, қазақ елі тікелей генерал-губернаторға бағынатын болған (ҚҰА. 354-қор. 1 -байлам. 961-іс. 52-55 беттер).

Сол кезде Мойынты болысы Қарқаралы дуанындағы әлді болыстардың бірі болған және Кәрсөн еліне Шұбыртпалы, Керней мен Қояншы-Тағай елінің біраз рулары өздерінің қалауымен қосылған. Атап айтқанда, 1897 жылғы санақ бойынша Мойынты болысында 17 ауыл, 1483 шаруашылық, 6165 халық болған. Оның ішінде Кәрсөн: Аралбай – 350, Таңыбай – 432, Құлназар 20, Атығұл – 350, Ерназар – 100 және Үш ағайынды – 228 үй; Шұбыртпалы: Көкала – 330 және Күйелі – 200 үй; Керней: Шаң – 130, Балта – 50 үй; Қояншы-Тағай: Асай – 55 және Кешубай – 55 үй, барлығы 2420 үй болған.

Сол кездегі Ағыбай, Жанқұтты, Байсейіт, Құнанбай, Жаманқұл, Тарпаң тәрізді игі жақсылармен ішкі-сыртқы жұмыстарға бірігіп ат салысып отырған. Ағыбай батырды ақтап алуды бастап кеткен Есберген, Байсейіт, Сарбас болыс пен Бегалы билердің жұмыстарын аяқтауға көп ат салысқан азамат.



Көпбайға өңшең жүйрік, әдемі, боз шұбар, бес мың жылқы біткен екен. Сол Көпбайдың жүйрік жылқыларына қызығып, әрі оны сынамақ болып, Үйсін еліндегі атақты Бөлтірік би Көп-байдан ат сұратып жібергенде, былай деп сәлем айтқан екен:

Көпбай мырзаға сәлем де,

Маған бір ат берсін!

Үш жыл міңілмеген құр ат берсін,

Ақтығы Самарқанның бөзіндей болсын,

Жорғасы Жанқұттының сөзіндей болсын,

Сұлулығы (жуандығы) Көпбайдың өзіндей болсын!

Бөлтірік шешен жуан, зор деп Көпбайдың ел ішіндегі беделін, салмағын пайымдап айтса керек және Көпбай өте әділ, қара қылды қақ жарған турашыл болған. Көпбай да бұл сөздің төркінін аңғарып, сөзге келместен бір емес, қос боз жорға сәйгүліктерді жетектетіп жіберіпті. Көпбай ұзын бойлы, аппақ манардай сұлу кісі болған және замандастары оны «Сұлу Көпбай» деп атаған екен. Көпбайдың балалары да, немелері деел басқарып, болыс болған. Атап айтсақ, баласы Садуақас Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің мүшесі, халық ауыз әдебиеті үлгісін жинастырушы, ширек ғасыр бойы (1882-1911 ж.ж) Мойынты болысының билеушісі болып сайланады. 1903 жылғы болған жойқын ашаршылықта, елді аман алып қалуда көп еңбек сіңірген және осы игі еңбектері үшін «Құрметті қазақ» деген атақ берілген. Ал, Көпбайдың баласы Садуақас 1892, 1895, 1897, 1899, 1905, 1907, 1909 жылдары Мойынты болысын басқарған. Немелері Мақаш пен Хасен екеуі де көп жыл бойы ел басқарып, һәм күйші болған және Кәрсөн руынан шыққан атақты сегіз күйшілер тобына кіреді

1923-1924 жылдары Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып, ел аралап жүрген Сәкен Сейфуллин Мақаштың немере інісі, атақты күйші, әрі досы Әбікен Хасеновтың ауылында қонақта болғанда, бір көргеннен ғашық болып: «Маған тұрмысқа шық», - деп қолқа жасайтын, осы Мақаш болыстың Гүлбадан (Гүлсім)сұлу деген қызы болатын. Сәкеннің «Тау ішінде» деген әні мен «Лашын әңгімесі (Түс)» деген өлеңі осы Гүлбадан (Гүлсім) сұлуға арналған деген деректер бар. «Лашын әңгімесінің» бір шумағы:

Бала лашын ұшуға,

Оңтайланды қанатын.

Тектісінен сүйіскен,

Болмады тіпті қалатын.

Біздің жас кезімізде ауылдың ақсақалдары: «Біз кезінде, нағыз қып-қызыл Совнарком Сәкенге де қызымызды берген жоқпыз!» - дегендерін талай естігенбіз. Сонда таң-тамаша болып: «Қалай да, қалай. Сәкенге қыз бермеу мүмкін бе? Бұл шалдардың өздері шығарып алған аңыздары ғой»-, деп ойлайтынбыз.

Шындығында солай болған екен. Ел арасында кеңінен тарап кеткен әңгіменің бірі – атағы жер жарып, дүрілдеп тұрған уақытында Сәкен Гүлбадан (Гүлсім) сұлуға: «Маған тұрмысқа шық!» - деп сөз салғанда, атақты Сәрінжіп ақын былай деген екен:

Қыранша қонып Шалтасқа,

Қарғаша бұқтың жартасқа.

Қызымыз саған бармайды,

Опасыз дейді жолдасқа.

Сәрінжіп ақын Гүлбадан (Гүлсім) сұлудың «ер десе, ере бермейтін» текті жерден екенін, қазақтың салт-дәстүрімен құда түсіп, ата-анасынан алдынан өтіп, солардың рұқсатымен ғана тұрмысқа шығатынын және Сәкеннің сол кезде басқа әйелі бар екенін меңзесе керек. Одан басқа, Гүлбадан (Гүлсім) сол кездегі Орта жүздің ғана емес, қазақ даласындағы атақты байлардың бірі Адамбай-Тұрсынның Топай деген болыс баласына атастырып қойған болатын.

Атақты күйші, әрі Сарыарқаның Тәттімбеттен бастап, барлық атақты күйшілерінің күйлерін алғашқы рет нотаға түсірген ҚазССР-нің еңбек сіңірген әртісі Әбікен Хасенов, Көпбай қазының шөбересі. Қызыл империя заманында, Көпбайдың ұрпақтары репрессияға түсіп, көп қиыншылықтармен, бас сауғалап, байтақ еліміздің әр жеріне көшіп кеткен. Қазір де көп ұрпақтары Қырғыз елінде тұрып жатыр. Елімізге белгілі қоғам қайраткері, көп жыл бойы Жоғарғы Соттың судьясы болған Кеңес Жалмұханбетов, Атырау облысы Ішкі Істер Басқармасының бастығы болған, генерал-майор Арман Жалмұханбетов және дүние жүзіне белгілі суретші, кезінде Шу қаласының әкімі, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары, Жамбыл теміржолының бастығы, «Қазақстан Темір Жолы» мемлекеттік компаниясының кадр Басқармасының бастығы болған Асқар Сәрсенбеков Көпбай қазының аталас ұрпақтары.

**Шыңғыс төре Уалиханов**(1811–1895) - Төре елінен, Абылай ханның немересі. 1834 жылдан бастап Аман-Қарағай, Құсмұрын және Көкшетау дуандарында көп жыл бойы аға сұлтан болып қызмет атқарған. Полковник шені болған. Шоқанның әкесі. Омск қаласындағы мектепте білім алған. Қазақ қоғамындағы ықпалы зор болып, Кенесары қозғалысына қолдау көрсеткен. Қазақтың салт-дәстүрін терең зерттеп, ол кісінің жинаған құнды деректерін орыс ғалымдары: И.И. Ибрагимов, А.К. Гейнс, А.К. Крохалев, М.В. Ладыженский, Н.Ф. Костылецкий және Г.Н. Потаниндер өздерінің ғылыми еңбектерінде жан-жақты қолданған. Шыңғыс төренің көп жылдық жинаған еңбектері мен экспонаттары Москвада өткен 3 халықаралық ориенталистер көрмесінде таныстырылған. Сол құнды заттар осы күнге дейін Москва, Санкт-Петербург, Гамбург және тағы басқа қалалардың музейлерінде сақтаулы.

**Қияштың Нұрланы**- Қуандық елінің, Алтай-Қареке бұтағынан болады. Шамамен 1860жылдары туған. Арқадағы атақты адамдардың бірі, ол ел тізгігін ұстап, көп жыл бойы аймақтың ең іргелі Шерубай-Нұра болысын басқарған. Жалпы Нұрлан болыс елағасы, ескінің соңы, көненің көзі ретінде, қазақ даласындағы жаңа заман, жас буын – Алаш ардагерлеріне бата беріп, қолдау көрсеткен. 1917 Әлихан Бөкейханов жинаған екінші жалпықазақ Съезінің 48 делегатының бірі.

Ұрпақтары Кеңес заманында атағы шыққан бай-болыс тұқымы болғандықтан заман қыспағына түсіп, қуғын-сүргінге түссе де, жауапты қызметтер атқарған. Атап айтсақ, Қазақтың байтағы мен байрағының қорғаны болған Жұмабек Тәшенов Нұрланның тікелей ұрпағы. Нұрланның немересі Мұқыш Қарағанды облыстық сауда басқармасын басқарса, ал шөбересі Әбілов Болат елімізге белгілі кәсіпкер. Бұл әулеттің дүние-мүліктерінің мәжбүрлеп тәркіленуіне (конфискация ) қатысты мұрағат құжаттары сақталып қалған. Оқиға 1928 жылдың 27 тамызында Бұрқан қыстағында болған. Отбасы барлығы 8 бас, 3 ер, 5 әйел адам деп көрсетілген. Отағасы Әбіл 48 жаста, анасы Зылиха 74 жаста, әйелі Кәукер 31 жаста, қыздары: Раушан 16 жаста, Таутан 14 жаста, ұлдары: Мұқыш 8 жаста, ал Ақмет 6 жаста

болған. Тәркіленуге іліккен мал-мүлкі ретінде: 254 жылқысы, 26 сиыры, 6 түйесі, 334 қойы, 35 дес. шабындығы, 2 егіс танабы, 5 текеметі, 3 кілемі, 1 түскиіз, 1 іс машинасы, 3 әбідресі, 2 самауыры, бірнеше қазан-ошақтары мен аяқ-табақтары тіркелген.

Қарағанды облысы ішкі істер Басқармасының бастығы, генерал-майор Мергенбай Жаппаров және Қарағанды облысы ішкі істер Басқарма бастығының орынбасары Қайрат Дүйсенбеков Нұрланның аталас ұрпақтары.

**Ыбырай Жайықбаев**(1801–1872) - Құлан Қыпшақ елінен. 1852 жылдан 1868 жылға дейін, яғни 16 жыл бойы Ақмола дуанының аға сұлтаны қызметін атқарған. Аталары Қошқарбай батырдың қамқорлығында болған. 1869 жылғы мұрағат деректерінде Ыбырайға байланысты мына мәліметтер белгілі: Ақмола облысы бойынша Әскери Губернатордың жанындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі кіші шенеулік, полковник Ыбырай Жайықбаев 68 жаста, 1827 жылы 2 сәуірде С. Броневскийдің ұйғарымымен старшын болып, 3 дәрежелі Станислав орденін алған. 1830 жылы Баянауылдағы ағайын арасын келістіргені, 1836 жылы болыс ұйымдастырғаны, 1842, 1851 және 1852 жылдары Ұлы жүздегі Іле сыртындағы Байжігіт еліндегі бітімгершілік экспедициясына қатысқан жұмыстары ерекше аталған. 1852 жылдың 8 қазанында Ақмола округінің аға сұлтаны болып сайланған. 1855 жылдың 31 қазанындағы Патша ағзаммен кездесудегі депутация құрамында болған. 1856 жылы 30 қыркүйекте алтын медаль алған. 1859 жылы майор, 1864 жылы подполковник, 1868 жылы полковник шенін алып, дворян әулеті деген атақ алған. 1868 жылғы жаңа заң бойынша отаршылдық басқару жүйесі өзгертіліп, аға сұлтандық қызмет қысқартылған. Енді елді тікелей Генерал-Губернатордың өзі басқаратын болды. Мына мұрағат құжатына назар салайық.

**«1864 г. 1 июля. Донесение Военного губернатора Сибирских казахов генерал-губернатору Западной Сибири о строительстве старшему султану Акмолинского округа И. Джаикпаеву селения, училищ и мечети.**

Ст.Султан Акмолинского округа майор И. Джаикпаев просит дозволить ему с детьми на занимаемом им нынче месте построить селение из 15 домов с прислугами и мечеть с училищем.

Из собранных сведений видно: 1) Места вниз по течению р. Ишима по обе стороны, на которых Джаикпаев предполагает построить селение, имеют начало от пикета Карамендинского до Колутонского и по распоряжению начальства отведены под зимовые стойбища киргизам Кулан-Кипчакской волости, в котором он, Джаикпаев, состоит; 2) На постройку селения, мечети и училища на принадлежащих Джаикпаеву местах по р. Ишиму, называемых Акпан, обществом трех соседних волостей изъявлено согласие и выдан приговор; 3) Содержание мечети и нужного при ней духовенства Джаикпаев с детьми принимает на свой счет; 4) Оренбургское духовное собрание отзывалось, что на постройку мечети препятствий не имеет, но с тем, чтобы соблюдались были правила, изложенные в 261, 264 и 265 ст. XII Уст. Строит; 5) При мечети будет находиться то число душ как установлено XII уст. Строительного... Проекты на постройку селения и мечети с училищем при сем прилагаются». Ыбырайдың үш әйелінен 11 ұл, 4 қызы болған. Балалары да болыс болып, ел басқарған. Ыбырайдың ұрпағы Сабыр Біләлұлы Ниязбеков Қазақ ҚСР-і Жоғарғы Кеңесі Президумының төрағасы болған.

**Тұрсын (Жамантай) Шыңғысов** - Төретұқымынан, Бөкейдің немересі болады. Шамамен 1788 жылдары туған. 1824 жылы Қарқаралы дуаны құрылғанда аға сұлтан болып сайланып, сол қызметте 1843 жылға дейін, яғни 20 жыл бойы Қарқаралы дуанының аға сұлтаны қызметін атқарған. Екі рет (1817, 1830 ж.ж.) Патша ағзаммен кездесудегі депутация

құрамында болған. 1827 жылы подполковник шенін алып, 1843 жылы дворян әулеті деген атақ алған. Қарқаралы бекінісінің орнығуына және қазақтардың отырықшылдыққа көшуіне көп еңбек сіңірген. Кенесары көтерілісі кезінде бейтарап саясат жүргізген.

**Қоңырқұлжа Құдаймендин** - Төретұқымынан болады. Шамамен 1797 жылдары туған. 1832 жылы Ақмола дуаны құрылғанда аға сұлтан болып сайланып, сол қызметте 1852 жылға дейін, яғни аздаған үзіліспен 20 жыл бойы Ақмола дуанының аға сұлтаны қызметін атқарған. 1834 жылдың 18 сәуір айында Патша ағзаммен кездесудегі депутация құрамында болған. 1840 жылы полковник шенін алып, дворян әулеті деген атақ алған. Ақмола бекінісінің орнығуына және қазақтардың отырықшылдыққа көшуіне көп еңбек сіңірген. Кенесары көтерілісі кезінде Патша өкіметінің саясатын асыра сілтеп, орыс жазалаушы әскеріне қосылып алып, ел-жұртқа қасқырдай тиген. Соның салдарынан Кенесары хан Ақмола бекінісіне шабуыл жасап, Қоңырқұлжаның барлық дүние-мүлкін тонап, малын айдап әкетеді. Ақмола бекінісін тастап қашып кеткені үшін Генерал-Губернатор оған сөгіс жариялап, қызметінен босатады. 1841 жылғы мұрағат құжаттарына сәйкес, оның 4 әйелінен 6 ұлы, одан басқа мына мал мен дүние-мүліктері: 8 үйі, 4025 жылқысы, 261 түйесі, 124 қара малы, 2615 қойы және 100 ешкісі бар екені туралы мағлұмат бар.

**Барақ сұлтан Солтабайұлы** - Төретұқымынан болады. Әбілпейіз сұлтанның немересі. Шамамен 1813 жылдары туып, 1862 жылы қайтыс болады. 1861-1862 жылдары Аягөз округінде аға сұлтан болып сайланып, сол қызметті қайтыс болғанға дейін атқарған. Барақ жас кезінен сайысқа түсіп батыр атанып, кереметтей күштің иесі болып, күреске түсіп балуан атанады. Барақ сұлтан өте зор денелі адам болған. Мәселен, қазақ даласында ұзақ айдауда болған поляк революционері Адольф Янушкевич 1846 жылы Аягөз жерінде болып Барақпен кездескенде: «Барақ сұлтан Шыңғыс ханнан тарайтын сұлтандардың бірі. Бұл жүзінен нұры төгілген және бойын кереметтей күш билеген айбынды адам. Оның бойына табиғат асқан ақыл мен мен қайсар мінездің үстіне, жүрек жұтқан батылдықты да сыйлаған. Садақты одан ешкім дәл атпаған, асауларды одан тез ешкім үйретпеген, ауыр тасты одан гөрі ешкім оңай көтермеген. Қазір ол 35 жасында зеңбіректі дөңгелегімен қоса бір қолымен қозғайды...», - деп жазады. Барақ сұлтан Кенесары ханның көтерілісін басуға белсенді түрде қатысып, Ресей шенеуліктерінің қолшоқпарына айналуына байланысты, жергілікті халық одан өздерін аулақ ұстап, аға сұлтандыққа сайлау кезінде, оны бұл қызметке келтіруді қаламаған. Тек, 1861 жылы Омбы генерал-губернатордың қабылдауында болып, Бараққа орыстың үш әскери адамын өлтірген «барымташаларды» тауып, жазалауды тапсырады. Осыдан кейін Барақ сұлтан қазақ-орыстардың көмегімен Керей елінің «барымташаларын» қатал жазалайды. Осы оқиғадан кейін, яғни 1861 жылы Омбы генерал-губернаторының ықпалымен, ол аға сұлтан болып сайланады, бірақ ол қызметті бір жылға жетер-жетпестей атқарып, 49 жасында мезгілсіз қайтыс болып кетеді.

Барақ сұлтанның Кенесары ханның көтерілісін басуға белсенді түрде қатысқандығы, мына әңгіме дәлел бола алады.

Кенесары бастаған көтеріліс жеңіліс тапқан соң: «Ағыбай батырды соғысып жеңіп, ауылын жаулап, атымызды шығарамыз!» - деп, бұрынғы жаулары оған қарсы бірнеше рет жорыққа шыққан.

Соның бірі, Семей-Аягөз өңірлеріне белгілі өзі батыр, өзі балуан Барақ сұлтан екен. «Барақ сұлтан Ағыбай аулын шаппақ боп жорыққа шықты» дегенін естіп, Ағыбай батыр Көкбестісін ерттеп, бес қаруын алып, жалғыз өзі Барақ сұлтанға қарсы шыққан екен. Жекпе-жекте Ағыбай батыр, шауып келе жатқан Барақ сұлтанды екі жеңінен қоса түйреп, ат үстінен

көтеріп жерге тастағанда, Барақ орнынан тұрып, шауып келе жатқан жігіттеріне: «Токтандар!» - деп белгі береді. Екі батыр жөн сөзге келіп: «Ағыбай ерекше найзагер дегенге, менен артық дейсің бе деп едім? енді арман бітті», - дейді Барақ. Ағыбай: «Жарайды, Барақ батыр, енді ауылға жүріп, мейман боп кет», - дейді. Барақ күліп: «Найзаның ұшында жығылып жатып, қайдан барып төріңе жата қалайын, достың түбін қыз айырады, деп еді. Не қыз ал, не қыз бер», - дейді. Ағыбай: «Қызым жоқ еді, қыз алайын», - деп Барақтың туысы Үкілі Аманжолдың Кұнайым деген қызын немересі Тәтиге әпереді.

Ағыбай батырдың жоқтауын сол Кұнайым шешей айтқан екен.

**Тұрлыбек Көшенов**- Күрсары Керей елінен, шамамен 1784 жылдары туып, ұзақ жыл ел басқарған. Атап айтқанда, Ақмола дуанының Күрсары Керей (1832) болысында болыс, Үшбұлақ (1833) округінде қазы (заседатель), Үшбұлақ (1839) және Баянауыл (1847) округтерінде аға сұлтан, 1850 жылы Сібір қазақтары шекара басқармасынды кеңесші (советник) қызметтерін атқарған. Подполковник шені, 4 ұлы және 4 қызы болған. Мұрағатта Көкшетау округінің аға сұлтаны Ғұбайдолла Уалихановтың мынадай рапорты бар: «Согласно данной мною великому Государю присяги доложу, что я очень подробно узнал, что Учбулакского дивана заседатель Курсары Киреевской волости Турлубек Коченов, когда Кенесары Касымов подезжал к Акмолам, то он Турлубек был с ним, разезжал и дал ему обещание к нему прикочевать ...».

**Сапақ Тәңірберліұлы**(1770–1840) - Қуандық елінің Қарпық-Тоқа бұтағынан болады. Кенесарының жүргізген саясатының сол кездегі қазақ қауымына игі ықпал еткенін мына мысалдан көруге болады. Ақмола округінің Айтқожа-Қарпық болысының алғашқы билеушісі болып 1832 жылдың 3 қыркүйегінде 10 мың жылқы біткен атақты би Сапақ Тәңірбергенұлы сай-ланады. 1833 жылы 2 сәуірде Сапаққа капитан шені берілді. Алайда, Сапақ орыс патшалығының үмітін ақтамай, 1837 жылы Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді жақтаушысы болды. Сапақтың бастауымен Енең-Тұңғатар, Айтқожа-Қарпық, Тінәлі-Қарпық болыстары толы-ғымен көтеріліске шықты. Оларды және басқа да Кенесарыға қосылған қазақ руларын райдан қайтару үшін, 1837 жылдың соңында патша үкіметінің арнайы тапсырмасымен келген, Омбы мұс-ылман мешітінің имамы Мұхамбет Шәріп Әбдірахмановқа Сапақ жылы лебіз білдірмей, кейін қайтарады.

Сапақтың Кенесары көтерілісіне қосылғанын дәлелдеу үшін ҚР Орталық мұрағатында сақталған Сібір кеден округінің бастығының 1838 жылы 20 наурыздағы құпия хатынан үзінділер келтірейік: «...Кенесары и соучастник Сапак еще перед истреблением отряда Рытова (начальник Актауской крепости) сделали заговор, чтоб напасть на Акмолинский приказ, истребить его и весь тамошний казачьей отряд и потом атаковать самое укрепление Актау, лишенное таким образом помощи из Акмолов...».

...Сын Сапак набежал с шайкой киргиз на наш казачий пикет 3-й по линии от Акмоллов к Актау, где три казака ранены, но спаслись бегством, успев захватить одного киргизского маль-чика, который говорит, то шайка Сапака отдельно от той, которая находилась под предводительством Кенесары...».

Еліміздің Премьер-Министрі болған Серік Ахметов Сапақ бидің аталас ұрпағы.

**Сайдалы Сары Тоқа (Тоқа Шоңманов)**- Қуандық елінің, Алтай-Сайдалы бұтағынан болады. Шамамен 1822 туып, 1902 жылдары қайтыс болған. Тотаңның Сайдалы Сары Тоқа деп аталу тарихын көнекөз ақсақалдар былай деп түсіндіреді. Жанаарқа жерін Қуандық елінің Алтай, Қарпық рулары қатар жайлаған. Қарпықтың ішінде, ұрпағынан небір дүлділ

азаматтар шыққан Тоқа деген ру бар. Осы елмен шатастырмау үшін «Сайдалы» екендігін ерекшелеп, кескініне қарап, «Сары» деп атаған. Өзі де ақсары, ұзын бойлы, ашандау, саусақтары салалы, екі көзі көк, орақ мұрын, қасы көзіне түскен, келбетті адам болған. Алтай-Сайдалы елінде 11 жыл болыс болған (ҚҰА. 354-қор. 1-байлам. 2545-іс. 169 бет).

Сайдалы Сары Тоқа елімізге белгілі, дүйім жұртқа аса танымал күйші-композитор. Тоқа Тәттімбеттің күйшілік дәстүрінен тәлім алған, сол үрдісті өзіндік жолмен дамыта білген шебер күйші. Тоқа толғауларының бүгінгі саны жиырмаға жуық. Атап айтқанда, «Сарыжайлау», «Теріс-қақпай», «Қосбасар», «Ерке қыз», «Бозайғыр», «Азамат», «Белшешер», «Жалғық ішек», «Аққу», «Тоғыз тарау», «Жолды қоңыр», «Төрт толғау», «Сары өзен», «Алшағыр», «Айдос» сияқты күйлерін жұртшылық мейлінше ұйып тыңдаған. Әрине, Сайдалы Сары Тоқаның замандастары сөз болғанда, оның көзін көріп, дәмдес болып, бойындағы буырқанған ұлы өнерін, жанымен түсінген әйгілі өнерпаздарды айтпай кету мүмкін емес. Олар мына дүлділдер: Тәттімбет, Ықылас, Дайра-бай, Қыздарбек, Мақаш, Әбди, Сембек, Ақмолда, Кәрібек, Баубек, Итаяқ, Аққыз, сол сияқты Арқаны жайлап, Шу бойын, Қаратау өңірін қыстаған елдің ішінен Бапыш, Әлшекей, Байсерке және Сүгір. Сайдалы Сары Тоқаның көп тіресіп, айтыс-тартысқа түскен замандарсының бірі Аралбай Құтжан қажы. Ақтаудың шұрайлы, оты-суы мол алқымын қатар қоныс еткен Сайдалы Сары Тоқа мен Құтжан арасындағы, дау-дамайдың сылтауы ел қонысына, мал өрісіне қатысты өршіп отырған. Құтжанға өңшең көк мойын 4-5 мың жылқы біткен екен. Ал, Тоқа дүние-мүлік, мал жинамаған адам. Бірде Тоқаның ауылының үстін, Құтжанның қалың көк мойын жылқылары қаптай басып, ауыл арасында айқай-шу көтеріліп, Құтжан мен Тоқа сөзге келісіп қалады. Сонда Тоқа: «Құтжан-ау, әуе ашық, күн жарықта малыңның аяқ асты ететіндей, бұл қай қорлағаның?» - дейді. Сонда Құтжан: «Саған жер не үшін керек?» - деп, Тоқаның малының жоғына тиісе тіл қатады. Бұған шыдайтын Тоқа ма: «Әй, Құтжан, сен сырты түкті, іші бокты көк мойындарына көкірек керемісің, жоқ әлде иесіз көк мойындарына көкірек керемісің?!» - деп, Құтжанның баласының жоқтығын бетіне басып, қатты кетеді. Құтжан бұл ауыр сөзге қапаланып, ауылына келіп, ешкіммен сөйлес-пестен, бір жеті теріс қарап жатып алады. Сонда Құтжанның ақылды бәйбішесі: «Тұр Құтжан, бұлай Тоқаға өкпелеп жатқаның болмайды, бәрі де орнына келеді, саған өзім тоқал дайындап қойдым», - деп, Құтжанды тоқалға өзі үйлендіріпті. Осыдан бір жыл өткеннен кейін, Құтжанның тоқалы Иманмұса, Әлімұса деген егіз ұл туып, Тоқадан сүйінші сұратқан екен. Сонда Тоқа шын қуанып, сүйіншіге үкілеген қос ат беріп: «Құтжанға айтып барыңдар, көңіліне көлеңке сақта-масын, перзент көрмей жүргенін Құдайдың есіне мен салмасам, мұндай қуаныш болмас еді», - деп, бұрын айтқан ауыр сөзі үшін, Құтжаннан кешірім өтінген екен. Сәкен Сейфуллиннің қолдауымен, 1930 жылдары Сайдалы Сары Тоқаның күйлерін алғашқы нотаға түсіріп, күйтабаққа жаздырған, өзі де қуғын-сүргінде жүрген Әбікен Хасенов. Сәкеннің Тоқа күйлеріне айрықша ден қоюында бірнеше себептер бар. Алдымен, Сәкен бала кезінен Тоқаның күйлерін құлағына сіңіріп, бар өнердегі қасиеттерін танып өскен. Тоқаның қыстауы мен Сәкеннің туған жұрты – Қарашіліктің арасы қой өрісіндей ғана жақын жер. Тоқа мен Сәкеннің ауылы бұрыннан бір-бірімен қыз алысып, қыз берісіп, жекжат-жұрағат болып кеткен. Мәселен, Тоқаның Жалмағамбетінен туатын Хамит деген немересі Сәкеннің жиені. Хамит Жаңаарқа жерінде Кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқан азамат. Сәкеннің «Бандыны қуған Хамит» атты повесі, өмірде болған, осы Хамиттың басынан өткен шынайы оқиғаның негізінде жазылған.

**Телқозының Шоңы**(1828-1901) - Қуандық елінің Қарпық-Тоқа бұтағынан болады. Шамамен 1828 жылдары туып, 1901 жылдары қайтыс болған. Басында, Ақмола округі аға сұлтанының хат-шотын жүргізуші қызметін 11 жылдай қызмет атқарған (ҚҰА. 374-қор. 1-

байлам. 1425-іс. 1-2 беттер). 1854 жылы Ақмола округінің Қарағаш болысын басқарады және сол қызметін 1884 жылға дейін, яғни 30 жыл бойы үздіксіз қызмет атқарған. Балалары – Оспан мен Ахметжанда ел билеп, болыстық қызмет атқарған (ҚҰА. 345-қор. 2-байлам. 72-іс. 1 бет). 1900 жылғы санақ бойынша Шоң биде 303 жылқы, 61 сиыр, 52 түйе, 560 қой және 69 ешкі болған.

Халық арасында Шоң айтты деген мына сөздер қалған: Бақ деген әркімнің басына қонады, тек оны ұстап тұру үшін қолақпандай көт керек. Қаламның ұшы екі айыр. Құл құтырса, құдыққа қармақ салады. Көмейі тесік пе екен? (шенеулік пара ала ма екен деген мағынада). Оқуын бітіріп келген Шоң Сармантай елінің, орта шаруасы Азынанның қызы Әйімгүлге көңілі кетеді. Атақты, әрі малы көп байлармен құда болуды армандаған Телқозы, оған қарсы болыпты. Сонда Шоң жұлып алғандай: «Телқозыға мал керек, Шоңға қатын керек!» - деп үш рет қайталап, үйден шығып кетіпті. Ерте есейіп, ақылы кемелденген, оқымысты баласының бетінен қайтаруға шамасы жетпеген Телқозы, осы сөзден кейін өз райынан қайтыпты. Шоңның Аралбай елінің бір жылпос құрдасына айтқаны: «Таңсәріде талықсып ұйықтап жатып бір қолыма сайтанды, ал екінші қолыма Аралбайды қатты қысып жатыр едім, оянып кетіп көзімді ашып қалсам, сайтан қолымда қалып қойыпты да, Аралбай босанып шығып кетіпті», - деген екен. Шоңкене елдің ала ауыздығын қалай қойдырып, заңға бағындыру керек дегенде: «Закон алды, көт қысқан!» - деп қайтарыпты. Бір тойда Шоңның баласы ән айтыпты, сонда Шоң: «Нар баласы бақырмас болар!» - деген екен. Сізден кім ақыл сұрамады, дегенде Шоң: «Кеттебек кесірлігінен, Қаңтарбайдың Исасы ұрлық-шылығымен, Бодыханның Тойшыбегі оқымыстылығынан», - депті. Шоңкеннің айтып кеткен нақыл шумағы:

Бұл күнде арба-шана дүлдүл болды,

Жиылып қарға-құзғын бұлбұл болды.

Қосқанмен қанша басты біткен іс жоқ,

Ішінде бір қайнауы дүмбіл болды.

Орнына былғарының сірі қалды,

Таусылып ұсақ ақша, ірі қалды.

Деген сөз «ал», «бер» деген екі ағайын,

«Ал» өліп, «бер» деген сөз тірі қалды.

**Ақмырзаның Омары** - Қуандық елінің Қарпық-Тоқа бұтағынан болады. Шамамен 1864 жылдары туған. Телқозының Шоңы қайтыс болғаннан кейін, Қарағаш болыстығына сайлауға түсіп, Шонның балаларын бірнеше рет жеңіп шығады. Атап айтқанда, 1902-1909 жылдары Ақмола округінің Қарағаш болысын басқарады. 1909 жылы Қарағаш болысы екіге бөлініп, сол жылдан Кеңес өкіметіне дейін Көнек болысын басқарады. Аталары Тоқаның «бес берені» атанған: Қорысбай, Қопа, Мықты, Жарқын және Сапақ. 1844 жылғы мұрағат деректерінде немере ағасы Сапақ Тәңірбегенов, 81 жаста, бай, 1832 жылдан болыс және капитан шені бар. Сапақ би Ақмола сыртқы округі ашылғанда, қол қойып, келісім берген ел ағаларының бірі және Кенесары көтерілісіне қаржылай көмек берген. Қарағаш болысында болған болысты сайлау дауы туралы 1907 жылы тіркелген тарихи құжатқа - Қарағаш болысының 2, 3, 4, 7 және 8-ші ауылдарының өкілдерінің шағымдарына көз жіберейік: «Карагачская волость в настоящее время состоит из 8-аульных обществ, составляющих в общем 1092 кибитки... Когда честный общественный служитель Чонь Телгозин почувствовал за собой старость, тогда он объявил выбирать волостным управителем его старшего сына

Оспана Чонова. Таким образом, Оспан Чонов был избран волостным управителем. Когда в 1902 году Чонь Тельгозин умер... Оспан Чонов стал совершенно не узнаваемым... во время выборов на трехлетие 1905-1907 г.г. на должность волостного управителя большинством избирателей был избран Омар Акмурзин... братьям Чоновым такое действие большинства не понравились..., что стали обвинять ни в чем неповинного Омара Акмурзина в подкупе выборных... Прошло три (1905-1907) славных под управлением избранника народа Омара Акмурзина... чувствуя над собою всю ярость Чоновых... доверители наши остановились на разделении Караагачской волости на две...». 1916 жылы Патшаның «Қазақ жастарын қара жұмысқа аламыз» деген Жарлығы шыққанда, Омар болыс Нұра жеріндегі халық көтерілісін басқарады.

Біздің заманымыздағы Омар тектінің ұрпағы, ақ халатты абзал жан, денсаулық саласының үлкен ұйымдастырушысы, әрі үздігі Әбілхәкім Ақмырзин. Әбекең «Алматы», «Алтын масақ» және жоғарғы дәрежелі «Окжетпес» санаторийлерінің көп жыл бойы бас дәрігері болып, абыройлы қызмет атқарды.

**Оспанқұл Меңаяқов**- Қарқаралы болысы, Шұбартау болысының Төлеңгіт елінен болады. Шамамен 1856жылдары туған. Шындығында руы Арғын-Алтай-Куандық-Сайдалы-Мамадайыр-Мамашық руы. Оның өзіндік тарихы бар. Ертеде жаугершілік заманда, Мамадайыр-Мамашық руының батырлары төрелермен бірігіп, жауға тойтарыс береді. Кейіннен төрелермен қоныстас болып, Шұбартау-Аягөз өңірін жайлап, Ақтау-Ортаудағы ағайын-туыстан ажырап, төлеңгіт атанып кетеді. 1884 жылғы санақ бойына Шұбартау (Төлеңгіт) болысында барлығы 1775 түтін болған, оның ішінде: Қалмақ руы – 450 түтін, Қосшы руы - 350 түтін, Сабаншы руы – 162 түтін, сұлтан Абулфайздың ұрпақтары - 13 түтін. Мамадайыр-Мамашық руының бұтақтары: Ақтөс - 250 түтін, Жалаңтөс – 300 түтін, Боран - 250 түтін, барлығы 800 түтін болған. Оспанқұлдың әкесі – Меңаяқ та кезінде ел билеп, 11 жыл бойы болыс болады. 1867 жылғы мұрағат құжатында ол кісі 57 жаста, Төлеңгіт болысының болысы. Балалары - Әлпи 10, Оспанқұл 1 және қызы Ұлбосын 11 жаста. 1878 жылы Төлеңгіт болысы Шұбартау болысы болып аталып, Меңаяқ 68 жасында болыс болып тағайындалады. 1892 жылдан бастап Оспанқұл әкесінің ісін жалғастырып, ел билей бастайды. 1905 жылға дейін болыс болып қызмет атқарады. 1906 жылы ол Мемлекеттік Думаға мүше сайлауда Шұбартау болыстығы халқының атынан өкілеттік алған екі адамның бірі. Кеңес өкіметіне дейін елді Оспанқұлдың балалары да басқарады. Оспанқұлдың ұрпақтары байдың тұқымы, болыстың балалары, Алашорданының белсенді мүшелері деген неше түрлі жала жабылып, қуғын-сүргінге түседі. Осы қорлыққа шыдамай, жаппай елден қашып, Қырғызстанға көшіп кетеді. Нығмет Әлпиев туралы мынадай мұрағат құжаттары бар: «Альпиев Нигмет Альпиевич, он же Оспанкулов – Минаяков Мурасиль, он же Джумагулов Абдығали, 1898 года рождения, уроженец аула №5 Чубартауского района, Семипалатинской области, Казахской ССР, происходит из семьи бывшего волостного управителя, казах, гражданин СССР, беспартийный, с незаконным высшим образованием, в 1930 году судим по ст.ст. 58-7, 58-8 и 58-II УК РСФСР к 5 годам ИТЛ, срок наказания не отбыл, женат до ареста работал преподавателем киргизского языка в средней школе №6 в гор.Фрунзе, в том, что будучи в контрреволюционной организации и отбывая наказание в апреле 1931 года из Карагандинского лагеря ОГПУ совершил побег и до марта 1953 скрывался под вымышленными фамилиями...». Кейіннен ақталып шыққаннан кейін, ол кісі Қырғыз елінде абыройлы қызмет жасап, жемісті еңбек етеді. Оспанқұл болыстың ұрпақтары аталарының өнегелі жолын жалғастырып, еліміздің әр түрлі саласында абыройлы қызмет атқарып жатыр. Осы әулеттен шыққан айтулы азаматтардың бірі – марқұм Алтынбек Әлпиев еді. Ол нарық заманына сай, бірнеше ірі сауда орындарын ашып, аса маңызды қоғамдық-мәдени шараларға



атсалысып, ата-бабасының ата жұрты – қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына қарасты Айыртас ауылына көмек қолын созып, сол ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажын бір өзі шешкен ауялы азамат еді. Ал бір ұрпағы – Төлеубек Әлпиев Астанадағы К. Бәйсейтова атындағы Опера және балет театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

**Белгілі кәсіпкер, Балқаш қаласының сүт заводының директоры Қадыр Қаспақов, Балқаш қаласының жүк тасымалдау кәсіпорының директоры Қуанышбек Әділбеков және Бас Прокуратурада Департамент директорының орынбасары болған марқұм Рамазан Ынтықбаевтар Оспанқұлдың аталас ұрпақтары.**

**Тарпаң Наймантайұлы** - Кәрсөн елінің Наурызымбет бұтағынан тарайды. Шамамен 1800 жылдары туған. Ақжолтай Ағыбай батырдың замандасы. Тарпаң отыз жыл бойы аулаған бағалы аң терісін, киік, бұғы мүйіздерін тек алтынға айырбастап, ешкімге айтпай, жасырын ұстап «Түйе мойнаққа» жинай берген. Түйе мойнақ дегеніміз түйе малының мойын терісінен жасалаған «қапшық-қоржын». Өзі дүние-мүлік жинамаған, әрі жомарт, әрі адал адам болған. Керней Жарылғап батырдың ұрпағы Байсейіттің жалғыз баласы Нұрлан мырзаға жала жабылып, Қарқаралыдағы абақтыға жабылады. Орыс шенеуліктері Нұрланды босату үшін тек алтынмен есеп айырысуды сұрайды. Байсейіт қысылып, сол кезде алтын тек Тарпаңда ғана бар екенің білген соң, сенімді жігіттерін Тарпаңға жібереді. Тарпаң келген қонақтарының бұйымтайын естіген соң, алтын толған «Түйе мойнағын» ортаға шығарып: «Мен алтынды ел қамы үшін жинағанмын, мына алтыннан керегінше алыңдар», - деп жомарттық көрсеткен. Осыдан кейін Байсейіттің жігіттері қомақты алтын алып, Шорманның Мұсасының көмегімен Нұрлан мырзаны абақтыдан шығарып алады. Тарпаңның балалары – Иманбай, Ыбырай және Күсебай 1872, 1880, 1887, 1889 жылдары Мойынты болысын басқарған.

«Астана-моторс» корпорациясының президенті, елімізге белгілі меценат Нұрлан Смағұлов, белгілі ақын Саттыбаев Рамазан сері Тарпаңның ұрпақтары.

**Қарсыбек көпес Келменбетов** - Семей губерниясы Қарқаралы уезінде туған. Құрметті қазақ (қырғыз). Дала көпесі. Тау-кен кәсіпкері. Тәшкен мен Томбы арасында кіре тартқан. Дала байларының мал өнімдері қалдығын сауда айналысына енгізген. Қоянды жәрмеңкесінде 60 мың рубльге дейін сауда жүргізіп отырған. Мойынты және Ақшатау болыстықтарының Ақшағыл, Шүмек, Тасбұлақ, Шұбароба кен орындарына иелік жасаған. 1908 жылы Спасск күміс-қорғасын өндіру кенішін көтерме саудаға шығарған. III дәрежелі Құрметті шекпенмен (1885), күміс стақан қойғышпен (1890), II дәрежелі Құрметті шекпенмен (1902) марапатталған. Тәшкентте, Томбыда және Қарқаралыда үйі болған.

**Құлжанбек болыс Ақсейітұлы** (1820-1913) - Қарқаралы уезінің Ақшатау болыстығының оныншы ауылында туған. Құрметті қазақ (қырғыз). Заманында он бір болыстық Бошанның сөзін ұстаған, Мәшһүр Жүсіп Көпейдің сөзімен айтқанда «Қарқаралыдағы бар болыстықтың алды болып тұрған». Керней болыстығының соңғы, Ақшатау болыстығының алғашқы болысы, ширек ғасыр бойы сайлаусыз болыстық құрған. Атап айтқанда, ол 1872 жылдан бастап, 12 жыл бойы Ақшатау болысын басқарған. Орыс переселендерімен, Қуандық пен Қаракесек арасындағы жер дауында шешуші тұлға болған. Балалары мен аталастарының білім алуына барынша жағдай жасап отырған. Баласы Қаппанды, сол тұстың өзінде Ресей империясының алдыңғы қатарлы техникалық оқуына түсіреді. Уфада оқыған Тоқтарбектің Айсасына қаржылай көмек көрсетіп отырады. Алашшыл Ахметтің Бодаубегі де сол кісінің шапағатын көреді. Дияқажының қажылық сапарына қолдау жасап, беделқажы атанады. Басы қазіргі Ақшатау кентінің іргесінде –

Жыландыбұлақ деген жерде. Дала губернаторының бұйрығымен Мақтау қағазымен (1874), II дәрежелі Құрметті шекпенмен (1878), күміс шығырлы күміс сағатпен (1890) марапатталған. Шешендік сөздерімен ел жадында қалған. Ол сөздері түрлі академиялық жинақтарға енген.

**Тұрсын би Шолақұлы** (1845-1904) - Қарқаралы уезінің Ақшатау болыстығының төрт сайлау бойы биі болған (1883-1892). Құрметті қазақ (қырғыз). Дала банкирі. Арқадағы 17 мың жылқы біткен Шолақ байдың баласы және Бесата ішіндегі елге ырыс болған қазақ даласындағы ірі байлардың бірі. Көзі тірісінде Тұрсын мырза атанған. Бір жолы соғым сұрап келген бір ағайынға «жетелеп кет» десе, ол құр жаяу екен, осыны көріп, астына тағы бір ат мінгізіп аттандырыпты. Император ағзамның «Ерік-жігері үшін» күміс медалімен марапатталған. 1928 жылғы Кеңестік қызыл зомбылыққа балалары Кәріғұл мен Әбдіғали ұшырап, мал-мүлкі тәркіленіп, Қостанайға жер аударылған.

**Кезінде Жаңарқа, Абай аудандарының әкімі болған Аманбек Әбдіханов, Жоғарғы Соттың судьясы Моряк Шегенов, Қарағанды облысының бірнеше аудандарында әкім болған, қазіргі кезде Сенат депутаты Рысқали Әбдікерев, Қарағанды облыстық қаржылық бақылау инспекциясының бас бақылаушы-тексерушісі Кенжеғұл Түсіпханов, Қарағанды облысы, Қазыбек би аудандық сотының судьясы Руслан Мұқатаев Тұрсынбидің аталас ұрпақтары.**

**Адамбай болыс Шолақұлы** (1855-1934) - Қарқаралы уезінің Ақшатау болыстығының басқарушысы болған. Атап айтқанда, 1883, 1887, 1889, 1892 жылдары, яғни ол 12 жыл бойы болыс болған.

Құрметті қазақ (қырғыз). Дала банкирі. Арқадағы 17 мың жылқы біткен Шолақ байдың баласы. Көзі тірісінде Адамбай мырза атанған. Дала губернаторының бұйрығымен III дәрежелі Құрметті шекпенімен (1887, 1896), Мақтау қағазымен (1892), 1902 жылғы ашаршылықтан Қотанбұлақ, Бақанас және Балқаш өңірі қазақтарына қаржылай, астықтай және малдай көмегі үшін, Император ағзамның Станиславский таспасындағы Алтын медалімен (1904) марапатталған. Өспен кенішіне иелік жасаған ағылшын алпауыт-тарының өзін несиелендіріп отырған. 1928 жылғы Кеңестік қызыл зомбылыққа ұшыраған Шет ауданының он екі жақсының бірі. Баласы Топатайдың да мал-мүлкі тәркіленіп, Қостанайға жер аударылған. Адамбайдың Шаяхмет, Нұрахмет деген балалары білімді қазақ зиялы қауымымен біте қайнасқан. 1932 жылы Ахмет Байтұрсынов Алматыға қапастан босап келгенде, бай баласы ретінде қуғын-сүргінде жүріп, өз басындағы тауқыметіне қарамай, Шаяхмет өзінің баспанасын Ахаңа босатып берген.

Кезінде Қазақ ҚСР-нің Оқу министрі болған Сембаев Әбдіхамит және Қазақстанның Премьер министрінің бірінші орынбасары және Ұлттық банкінің төрағасы болған Сембаев Дәулет осы Шолақ байдың ұрпақтары. Қазіргі кезде бір ұрпағы Чехия елінде министр болып қызмет ақтарады.. Тіпті, былтырғы жылы ел Президентінің сайлауына қатысты.

**Хасен Бижанов** (1858-1934) - Дадан Тобықты елінің беделді адамдарының бірі, өзі би, өзі болыс, әрі сол аймақтағы бірінші фельдшер. Сол кезде, тері-терсек өңдейтін завод ашып, балық аулайтын бригадалар ұйымдастырған. Сол уақытта, Дадан Тобықтылары 8 ауылдан тұрған, оның ішінде 1311 киіз үй, 2226 еркек, 1943 әйелдер болған. Кейіннен халықтың өсуіне байланысты және Хасен Бижанов пен Нарманбет Орманбетовтың белсенділігі арқасында Дадан Тобықты Балқаш және Қотан-Бұлақ болысы болып екіге бөлінген. Хасен 1911 жылы Қотан-Бұлақ болысын басқарған. Хасеннің ұрпақтарының қолдауымен, 2006 жылы белгілі өлкетанушы ғалым, қазақ тарихын терең зерттеуші, қазақ даласы туралы құнды деректерге толы бірнеше кітаптардың авторы, әрі Қарқаралы қаласының құрметті азаматы,

қазіргі кезде Ресейдің Санкт-Петербург қаласында (Ленинград) тұрып жатқан Ю. Попов «Хасен Бижанов. Окружение, дела и встречи» деген кітап шығарған.

**Қара би Бәйтікұлы**, Қарқаралы уезінде 1800 жылдары туған. Құрметті қазақ (қырғыз). Мәмілегер. Кенесары қозғалысын жақтаушы. Қаракесек-Керней болыстығының алғашқы болысы. Дала губернаторының бұйырығымен алтын сағатпен, пәуескемен марапатталған. Омбы фельдшер мектебінің курсын бітірген. Семей облысының дәрігерлік инспекциясының Қарқаралы уездік Ақшатау, Мойынты, Қызылтау, Шу, Балқаш, Нұра болыстықтары қараған үшінші телімінің жұқпалы аруларға қарсы егушісі болған. 1831 жылы орыс шенеуліктері Қарқаралы дуанына қарасты Кәрсөн-Керней болысындағы атақты, халқына қалаулы, еліне елеулі, он екі ел билеуші билердің ішінде Қара би Бәйтікұлын көрсеткен және 1854 жылға дейін Қарқаралы дуанындағы ресми түрде би атағын алған құрметті қазақтардың тізімінде болған (ҚҰА. 338-қор. 1-байлам. 539-іс).

«Көкбөрі Керней Баба» қайырымдылық қорының Президенті Мәжит ағамыздың балалары: Парламент Мәжілісінің депутаты, заң ғылымдарының докторы Нұрлан Әбдіров, Оңтүстік Қазақстан облысының прокуроры Нұрғалым Әбдіров, Қарағанды облысы Қазыбек би аудандық сотының төрағасы Шақатбек Әбдіров және Жезқазған облысының Ішкі Істер Басқармасында басшы қызметтер атқарып, «қара полковник» деп аталған Нөкеш ағамыздың балалары: Президент әкімшілігінде қызмет атқаратын, заң ғылымдарының докторы Арыстан Ақпанов, Бас Прокуратурада жауапты қызмет атқаратын Жанна Ақпанова, Қарағанды облыстық сотының судьясы Алма Ақпанова Қара бидің текті ұрпақтары.

Ағыбай батырды ақтап алу жұмыстарын бастап кеткен Есбергеннен кейін Кәрсөн еліне көп жыл бойы болыс болған Сарбастың балалары: **Райымқұл мен Боранқұл** - Ата-баба жолын қуып ел басқарған. Атап айтқанда, 1880, 1883, 1885, 1887 жылдары Сарбас Мойынты болысын басқарған.

**Райымқұл болыс** (1872-1935) -Кәрсөн-Аралбай тегінен. Орысша оқыған, өте сауатты, білімді адам болған. Оның айғағы, Райымқұл сол кездегі Ресей империясының астанасы - Петербург қаласының заң институтында оқыған, бірақ оны денсаулығына байланысты бітірмеген. Қызметін дуан (уезд) басы Қарқаралыда тілмаш болып бастаған. Көп жыл бойы ел басқарып, болыс болған. Мұрағат құжаттарында Райымқұл 1905 жылдан бастап, бірнеше жыл бойы Мойынты болысын басқарған және «Құрметті қазақ» деген мәртебе алған. Ол Мемлекеттік Думаға мүше сайлауда Мойынты болыстығы халқының атынан өкілеттік алған екі адамның бірі.

1905 жылдың шілде айында Дала аймағының генерал-губернаторы Сухотин Мемлекеттік Думаға сайлауға қазақтардың қатысуына тыйым салады. Осыған байланысты, Ресей патшасы II Николайдың атына жазылған әйгілі Қоянды (Қарқаралы) петициясына қол қойған, сол кездегі белгілі 42 қазақ зиялы қауымының өкілдерінің бірі.

Халықтың арасында жүргізген игі істері үшін бірнеше рет патша ағзамның Мақтау қағазымен марапатталады. Кеңес төңкерісінен кейін Қарқаралы уезі бойынша алқасот мүшесі болып тағайындалған. Қарқаралыда қыр қазағы түсетін жеке меншік ағаш үйі болған. Мал тұқымын асылдандырумен шұғылданған. Жақып Ақбаевпен бірігіп, қазақ даласында бірінші болып Қарқаралы Тұтынушылар Одағын құрған. Қазақ үкіметінің 27.08.1928 жылғы «Қазақ байларының мал-мүлкін конфискалау туралы» Декретіне сәйкес, 1929 жылы ұлы кәмпескеге ілігіп, басында Қостанайға, одан әрі Башқорстанға жер аударылады. Содан туған жеріне орала алмай, Қырғызстан жерінде қайтыс болады.

Ал, екінші баласы **Боранқұл** патша саясатына онша көңілкіремей, өз қарамағында қарулы әскер ұстаған, бірте-бірте жер, жесір дауына араласып билік, төрелік айтып, қазақ еліне белгілі болған. Өзінің батырлығымен, турашылдығымен және мырзалығымен аты шыққан «даланың көкжалы Боранқұл» атанған. Алдына бай келсе де, кедей келсе де әділ төрелігін айтады екен. Мырзалығы сол өзіне түскен қонақтарға шеніне қарамай ат мінгізіп, шапан жабады екен. Сонда ағасы Райымқұл болыс: «Ей, Боранқұл, саған малды Алла береді, сен елге таратасын, маған осы кім береді?!» - дейді екен.

Кейінгі 1917 жылдың Кеңес төңкерісінен кейінгі аласапыран кезеңде: «Бұның ағы не, қызылы не, бәрі бір кәпір!» - деп даламен өткен әскерлерді қыра беріпті. Архив деректеріне сүйенсек, басында Кеңес үкіметінің Қазақстан тәуелсіз мемлекет болады деген саясатын қолдап, болыстық сайлауға түсіп жеңіп шығады, бірақ сол кездегі Совдептің шектен шыққан зорлық-зомбылығын, Қызыл әскердің жазықсыз адамдарды аяусыз қырғанын көрген Боранқұл Сарбасов: «Кеңес үкіметіне қызмет жасамаймын», - деп 1919 жылы болыстықтан бас тартқан (ҚРМОА, 15 қор, 1-тізбе, 1767-іс).

Боранқұл сол кездегі қазақтың игі жақсыларымен иық тиістіріп дос болған, әсіресе қоғам қайраткерлері: Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев, Нарманбет Орманбетұлы, Уғар Жәнібеков және Мәдимен дос-жаран болып, тығыз араласып, қарым-қатынаста болған.

Оңтүстік Үйсін еліне қонаққа бара жатып атақты Балуан Шолақ нөкерлерімен Кәрсөн еліне бірнеше күн қонақ болып, мықтымын деп күреске түсіп жүрген жігіттерді сынайды, кететін күні Боранқұлға: «Осы сені жұрт батыр дейді ғой, кел күш сынасайық», - деп өзінің белбеуінің бір ұшын Боранқұлға ұстатып: «Ал, мықты болсаң тарт!» - деп екінші ұшын өзі тарта бастайды, екеуі бір-біріне беріспей, біраз уақыт тартысып, мықты «нар белбеу» дәл ортасынан қақ бөлінеді, сонда Балуан Шолақ: «Енді көзім жетті, нағыз батырға тән күш бар екен!» - деп өз әділ бағасын береді.

Боранқұлдың баласы – Сарбасов Әкбар Боранқұлұлы, жазушы, әрі белсенді Алашордашы болған. Сауатын ауыл молдасынан ашады. Соңынан Қарқаралының педтехникумын бітіріп, Орынборда оқиды. Алматыда біраз уақыт баспа орындарында жұмыс істейді. Қазақстан Жазушылар одағында кеңесші және С. Мұқановтың хатшысы болған. Жиырма-сыншы жылдардың аяғындағы, Шет өңіріндегі Кеңес комиссарларына қарсы болған халықтың қарсылығына, Дияқажының баласы Мұхамедкәріммен бірге белсене араласқан. Ақбайдың Жақыбымен тығыз қарым-қатынаста болған. Қазақ зиялыларының Жаңа Тройцкіде өткен жасырын жиналысына Алматыдан өкіл болып қатысқан. Бай ата тұқымы ретінде көп жыл бойы қуғын-сүргінде жүріп, ауыр науқастан қайтыс болады. «Сарыала шейіт» атты кітап жазған.

Боранқұл-Райымқұлдың жақын туыстары да көп қуғынға түсіп, ақыр аяғында «Кәрсөн көтерілісі» деген атпен тарихта белгілі Кеңес үкіметіне қарсы болған халық көтерілісіне қатысады. Атап айтқанда, Алаш партиясының белсенді мүшелері - Садық Сарбасұлы, ағалары Мүсірәлі Сарбасұлы және Мұқаш Нұрқанұлымен бірге - бай ұрпақтары, Кеңеске қарсы көтеріліске қатысқандар деген жаламен, ешқандай да тергеу-сотсыз 1931 жылы Шет ауданында атылған. Бұл деректер «Азала кітапта» толықтай жазылған. Қызыл комиссарлардың осы «Кәрсөн көтерілісіне» қатысқандардың бала-шағасына дейін өте қаталдықпен жазалауынан кейін, Кәрсөн елінің бетке ұстар игі жақсыларының көпшілігі шетел асып кетеді. Қазіргі уақытқа дейін олардың ұрпақтары Қазақстаннан тыс жерде өмір сүріп жатыр. Атап айтқанда, қасқырдың бөлтірігіндей болған бір ұрпағы – Серік Әкімқұлов

Ресейдегі Кемеров облысында қызмет атқарып, сол жерде қайтыс болды. Аталас бір ұрпағы Смайылов Қажымбай тағдырдың тәлкегімен Түркияда тұрып, сол жерде үйленіп, бақуатты өмір сүрген. Кейіннен балаларына сапалы білім беру үшін Америкаға қоныс аударып, сол жерде қайтыс болды. Қазіргі кезде балалары Түркияда тұрып жатыр. Аталас ұрпақтары - Балқаш қаласының санэпидстанциясында басшы қызметтер атқарған, өзі әрі сазгер Көбен және Қарағанды облыстық мәдениет басқармасының орынбасары Айдос Бекмағамбетовтар. Боранқұл-Райымқұлдың жиені – елімізге белгілі сазгер Наурызбай Бейсекеев.

1929 жылдары НКВД-нің адамдары ашық соғысқа күштері жетпей, Боранқұлды у беріп өлтірген дейді. Боранқұл қайтыс болғанда, Өлтеке Тәшен ақын қазақтың сол кездегі игі жақсы-ларының тілегімен ағасы Райымқұлға мынадай деп көңіл айтыпты:

Иә, шырағым, Райжан,

Не іс болса құдайдан.

Патша болған тәжділер де өткен,

Жарлық қылған хандар да өткен,

Нарлық қылған Қамбар да өткен.

Кереметті пірлер де өткен,

Аты мағлұм ерлер де өткен,

Жердің жүзін сайран еткен,

Сауық құрған серілер де өткен.

Жақсы менен жарлы де өткен,

Арманы көп зарлы да өткен.

Алды-арты жоқ,

Жалғыз да өткен.

Он екі айда байғыз да өткен.

Өткен сұлтандарымыздың

Бақи жолы ізгі болсын,

Өзіз рухы нұрға толсын.

Қалғандарыңызға,

Ғайыптың құсы қонсын.

Ел сүйсінген туысына,

Қазақ сыйған уысына,

Естіген жан риза болған,

Қырық жыл қылған жұмысына.

Қанбазарда қазақтан асқан,

Нұр сипаты тасқан.  
Орыс-қазақ бас қосса,  
Таразысы басқан.  
Абылайдай атты болған,  
Дұшпандарына қаһары қатты болған.  
Досына балдай тәтті болған,  
Дүниеге мырза болған.  
Дос-дұшпаны ырза болған.  
Берсе қолы ашық,  
Алса жолы ашық,  
Жақсыларға жанасып,  
Нашарларға қарасып,  
Аш-араққа жем берген.  
Аз бен көпті теңгерген,  
Ақыл-қайраты тең келген.  
Алтын менен күмістей,  
Қалайыға өң берген.  
Қап тауындай жуанды,  
Қайырып мойына өңгерген.  
Үш жүзден алым алған,  
Өз еркімен салым салған.  
Қойдай ықтырған,  
Қояндай бұқтырған,  
Жалындай шарпытқан,  
Киіздей қарпытқан.  
Қайратымен қорқытқан,  
Бермейтұған сараңды,  
Қорғасындай балқытқан.  
Ебін тауып енші алған,  
Алтай менен Қарпықтан.  
Сасқанда сабыр болған,

Қорыққанға қорған болған,  
Ашқа азық болған,  
Ауғанға қазық болған.  
Адымы алыс болған,  
Азуы қарыс болған,  
Өнерлімен таныс болған.  
Алымы қайтпаған,  
Ешкім кейін жұт деп айтпаған.  
Еш нәрседен атының басын тартпаған,  
Екі жүзді наркескен.  
Жау келгенде саспаған,  
Нөкер жиып қасына,  
Жүз тұлпарды баптаған.  
«Сені ме, бәлем» деп келсе,  
Орыс пен қазақ батпаған.  
Ауыр жұмыс келгенде, айлық жолды аттаған.  
Әйнекті кескен ақ болат,  
Қап түбінде жатпаған.  
Ниеті бірге жолдасын,  
Дүниеге сатпаған.  
Ақтың арнасын бұзған,  
Орыстың ордасын бұзған.  
Қарсы тұрып қасқарған,  
Халқының жолын басқарған.  
Айтқан жерден табылған,  
Қайратын халқы сағынған.  
Дұшпаны келсе жауар бұлттай жабылған,  
Досы келсе сый-сияпатпен жағынған.  
Жақсыларға жар болған,  
Не тілесе бар болған.  
Қайырлы болсын өткен ер,

Мұратына жеткен ер.  
Қара жерден басқадан,  
Қауып қылмай өткен ер.  
Тарқаттым базар арманым,  
Разымын кең Алланың,  
Елу екі жасында,  
Жатты-ау жұтып парманын,-  
деп жоқтау айтқан екен.

**Қыздарбек күйші** Төребайұлы (1850-1922) - Арқадағы шертпе күйдің атақты шебері. Шет ауданының тумасы. Кәрсөн руынан. Әкесі Төребай орта шаруа иесі болған. Жастайынан өнер соңына түсіп, ел аралап, күй өнерін жоғары сатыға көтерген, шебер орындаушыдан парасатты күйшіге жеткен. Арқа өңірінің күй атасы Итаяқтан бата алған. Тек аршадан ғана құрастырылып жасалған домбырасы 1934 жылы Тасаралда қайтыс болған Қажыкей дейтін ұлының қолында сақталып келген. Қыздарбек күй арқылы Итаяқпен қағысып, Тоқа Шоңманұлымен өнер жарыстырған. «Сылқым қыз» күйі жеңіл ырғақты болса, «Өткінші өмір» күйі өкінішті арманға толы. «Жұбату» күйі шәкірті Әбдидің жалғыз ұлы қаза болғанда дүниеге келсе керек. Бірнеше «Қосбасары» бар. Арқаның Ақмолда, Сембек, Әбди, Мақаш, Кәрібек, Рысқұлбек, Әбікен, Бегімсал сынды арқалы күйшілері Қыздарбектің шәкірттері болып табылады.

Сәрінжіп ақын(1870–1934) - Сол кездегіСемей губерниясы (қазіргі Қарағанды облысы), Қарқаралы уезінің Мойынты-Сарыбұлақ болысында дүниеге келген. Кәрсөн-Аралбай тегінен.

Әкесі Әзбергеннің үш әйелі болыпты. Үш әйелден көпке дейін ұл болмай, бірнеше қыздан кейін Сәрінжіп туған екен. Есімі Сәрінжіп болуының себебі - осы сәбиді ата-аналары сар-ғайып, ұзақ күтуінен болуы керек. Сәрінжіп деген сөз, қазақ тілінде Қытай елінен келетін жібек құртынан тоқыған өрмегі деген ұғым береді. Өзі нәзік және жалғыз ұл болған соң, үш анасы Сәрінжіпті жеті жасқа дейін көз тимес үшін, әкесінен басқа адамға көрсетпей, тығып өсіреді. Жеті жасқа келгенде тойын, ырымын жасап, әкесі ұлына әдемі арнайы ер-тоқым салынған құнан сыйлап, елге алып шығыпты. Содан бастап, Сәрінжіп ылғи да әкесімен бірге ел аралап өскен екен, сегіз жасынан молладан оқыған. Арабша оқуды, жазуды өте жақсы білген. Сәрінжіп хат танысымен, он жасынан бастап өлең жазған, көп алдында іркілмей сөйлейтін адам екен. Ер жете келе, өте дарынды, төкпе ақын болыпты. Атамыз адам өмірін, салт-сана, тұрмыс-тіршілігін, табиғат сұлулығы мен байлығын суреттеуде, артықша елеулі мұра қалдырған ақын. Сәрінжіп сын, сатиралық және жоқтау өлеңдерін де жазған. Қазан төңкерісінен кейінгі «ақ қашып, қызыл қуған» аласапыран заманда, Кәрсөн-Керней-Шұбыртпалы елінің біразы, ақтардың (Колчактың) жазалаушы отрядынан қорқып, Оңтүстікке, Шу бойына, Қырғызстанға қоныс аударуға мәжбүр болады. «Кір жуып, кіндік кескен туған жерді» кимай бара жатқан ел атынан Сәрінжіп ақын әйгілі «Сарыарқа» өлеңін толғаған екен. Сол өлеңнен үзінді келтірейік:



## САРЫАРҚА

Қолыма біссіміллә деп алдым қалам,  
Бере көр өзің медет хақ тағалам.  
Көргенше қайта айналып кім бар, кім жоқ,  
Кетейін амандасып Арқа саған.

Бұл жерде бала туып, ержеткен де,  
Көк шалғын, ұшан теңіз кер бетеге.  
Амалсыз біз кеттік қой бұл Арқадан,  
Аман бол, біздің сұлу есіл дарқан.

Кәрсөннің қалды-ау кейін жайлаулары,  
Балауса шөбі - шүйгін, суы – дәрі.  
Қозылар қызғалдақты қызыға жеп,  
Жабысқан бүлдіргенге балалары.

Арқаның тауы биік, сайы аласа,  
Ағады өзендері тайталаса.  
Көк қасқа таудан аққан бұлақтары,  
Сылдырап, ыңырсиды жас балаша.

Сарыарқа, қалғаның ба, қайран мекен,  
Көре алмай біржолата кетер ме екем.  
Үшқойтас, Сарыоба мен Мұқыр өзен,  
Сендерді қайта айналыш көрер ме екем?

Күн шалған ұшар басын, Қартабайым,  
Шөбіңнің тугін тартсам, шыққан майың  
Тоймаушы ем қызығыңа, қайран мекен,  
Құлпыра түсуші едің әр күн сайын.

Егін жай, нан жегізген есіл жерім,  
Калдың-ау жетімсіреп кең мекенім.  
Жеткенше асығушы ек Наршөккенге,  
Жайлаудай Наршөккендей жер жеткен бе?

Жөнкіліп жаудан үркіп аумаса ел,  
Еркімен жерін тастап ел кеткен бе?  
Қайтушы-ек жыла қонып күзге қарай,  
Жаз бойы ойын сауық құрып талай.

Қалдырып жер жаннатын артымызда,  
Бетпаққа көшуіннің мәні қалай?  
Көкөзек, Нілді менен Тілеуберген,  
Алтын, күміс, мысты да солар берген.

Малсыз кедей – жарлы мен жақыбайлар,  
Кәсіп етіп сол жерде күнін көрген.  
Тағылы Бұғылымен егіз биік,  
Қыс қыстап, жаз жайлаумен түгел сыйып.

Сай басы бір-бір ауыл қонып алып,  
Маялап алушы едік шөбін жиып.  
Биігі Тағылының Қоңысбайы,  
Қоңысбаймен басқа биік жарыспайды.

Қанша биік болса да Қоңысбайдан,  
Жолдан шыңы тіпті қалыспайды.  
Ақадыр, Бірназар мен Ойран, Еспе,  
Босаға, Қарашоқы, Ешкіөлместе.

Масабай бидайығы, Жүнді, Айыртау,  
Тарпанның Қосдоңғалы тұрады есте.  
Шәлдембай, Сырғашоқы, Екібарақ,  
Жатыр-ау Үңіректе малым тарап.

Жалтырап Айнабұлақ Домалақ та,  
Көрген жоқ қандай қыста қары борап.  
Ақсарылы бауырын қара, сыртың күңгей,  
Тоймадым қызығыңа бір күнгідей.

Келседе неше мың қой бауырыңа,  
Қар теппей шығушы еді жазғы күндей.  
Бүркітгі, Жалпақпенен Шүмек өзен,  
Жаз жайлап, қайтушы едік алып күзен.

Халқыма ырыс болып, қыдыр қонып,  
Қалайша бұл мекеннен күдер үзем.  
Қаратал, Бидайық пен Қызылеспе,  
Қызығы бұл жерлердің тұрады есте.

Қымызға қанып алып күңіменен,  
Сайрандап жүруші едік ерте-кеште.  
Тазбапы, Ақсай менен Аңдас бұлақ,  
Аяғы кетуші еді Жалпақ құлап.

Өзіннің қатарың жоқ әңгіме айтар,  
Хасен де өз үйінде жатыр сұлап.  
Ханкелді, Жыланды мен Талды бұлақ,  
Аяғы қосылады Шуға құлап.

Есекең «шөлшіменен», Шатырмола,

Азырақ толғанайын осыны ойлап.  
Мойынты, Кепе менен Күреңбелім,  
Мекендеп қоныс еткен қалың елім.

Арқарлы, Жерүй менен Керегетас,  
Айналып Шешенқара онан кейін.  
Сарыюпы, Ершекеннің Көкталы да,  
Ажырық ат бойы Науалы да.

Қалың тал нарқамыстай неше алуан,  
Бұлттары мезгіл-мезгіл жауады да.  
Күн түскен бұлт жабылып Қартабайым,  
Сап-сары сарала боп шығар майың.

Шөладыр, шөбің шүйгін, малға нәсіп,  
Ойнақтап тай-жабағы, тоқты қашыш.  
Қатарласа көшкен ел, бірге қонып,  
Бірімен-бірі тұрған араласып.

Киікбай, Желшоқы мен Жер-Қараша,  
Байқасаң басқа таудан көп аласа.  
Айналып иісінен мал кетпеген,  
Күн шалған асулар да бар тамаша.

Басыңнан айналайын Ақсаралы, Арап,  
Тұрады Ұйтас, Жүнді оған қарап.  
Қартабай, Шөладырмен малға жайлы,  
Кетейін Итазуды бірге санап.

Айыртау, Ешкіөлмес пен шіркін Ойран,  
Артықша жазғы самал, қысқы пайдаң.

Шаруақор ел адамы шөбін шауып,  
Суық қысқа мал қамын сайлап қойған.

Қос Арап, Босаға мен Шөл Қараоба,  
Көрік беріп тұрсың-ау сар далаға.  
Осындай қызықты жер артта қалды.  
Алдымыз толған адыр, толған оба.

Сарғайып Еспе тұрар бір жағында,  
Халық ауып болмай тұр ғой би тағында.  
Бақ-дәулет бірдей қонған Еспем едің,  
Сенің де болмай тұр ғой сол шағың да.

Шолақтау, каласың-ау, шіркін Шалтас,  
Тамақтан, еске түссең, өтпейді ас.  
Молла әкем мешіт салып бала оқытқан,  
Әр елден оқысын деп алғызып жас.

Сарыөзен, Ұзынжалдың Сары обасы,  
Ала-құла да жердің бір тамашасы.  
Алақұлан, Үшқызыл, Тікенекті,  
Мойынты көрші ауылдың шекарасы.

Тайтқан жердің шеті Шолақ екен,  
Қойлыбай бауыры толған бұлақ екен.  
Арғы өлке Дуанадан өзен ағып,  
Мойынты Сарыбұлаққа құяды екен.

Қапалтау, қаласың-ау, Келіншегім,  
Бапы, Жалпақ сенде де жүруші едім.  
Құйрық-жалы төгілген ат-айғырдың,

Сұлуын, қыз-келіншек, мінуші едің.

Бүркітті, Жүнді менен, шіркін Көсе,  
Құс салдық, ит жүгіртіп әлденеше.  
Арқаның неше түрлі қызықтары,  
Мақтауға жарасады, не десе де.

Жосалы, Айыртау мен Жаман Сарысу,  
Сай-сайдан жарысып кеп қосылып ну.  
Шық тұрып қалың сазға мұнарланып,  
Аспанға будақталып шығады бу.

Сарыадыр, Қаратоқты, Қанжығалы,  
Бір күндей қыс болмайды жаралғалы.  
Қары жоқ, қарасын боп ұлан қысқа,  
Сыйғандай бір топ елдің барлық малы.

Ақтау, Ортау, , Кенелі, Қанжығалы,  
Жалпақтан сабырлатып мал жинады.  
Көп айтып өзге тауды неғылайын,  
Шет жақта Бектауата, Әулиені.

Тағылы, Бұғылымен өрде тұрар,  
Арқалық, Иманақпен белде тұрар.  
Болғанда Айтбай, Опан, Қармыс, Шопан,  
Жарықтық қос Сарысу жолда тұрар.

Арқанын шекарасы Шешенқара,  
Ет жеуші-ек бір табақтан екеу ара.  
Осындай қызықты жер артта қалды,  
Пешенеге жазылса, бар ма шара?!

Әр жақта сен де қалдың, қайран жайлау,  
Өмір ғой артқа қарап, алдынды ойлау.  
Ақсуда біз той тойлап, ат шаптырып,  
Өнге сап қайтушы едік күзге таяу.

Бір тайпа ел, көш билігін беріп шалға,  
Секіріп бала мініп құлын-тайға.  
Шалғында керегенің басын жапқан,  
Қуатын қашағанды қызық кайда?

Арқаның әні - тауы, сазы - дала,  
Өзені жатады ағып, неше сала.  
Түрлі жемісі піскен кезде,  
Үйіне қызығынан келмес бала.

Сарыарқа, қош аман бол сайыңменен,  
Сарғайдым түбі терең уайымменен.  
Кір жуып, кіндік кескен шіркін мекен,  
Күдер үзгім келмейді менің сенен.

Арқаның, қош аман бол, бұлақтары,  
Жайқалған ернеуінде құрақтары.  
Сәлем де бізді іздеген азаматқа,  
Ел алды Шуға барып тұрақтады.

Сарырка, қалдың кейін Кербетеге,  
Себепсіз мекенінен ел кете ме?  
Қош енді, қайта айналып көргенімше,  
Туған жерге жалғанда жер жете ме?!

Сәрінжіп 1928 жылдары конфискация уақытында елді аман сақтап қалу үшін, халықты тұрақтандыру мақсатымен, колхоз ұйымдастырушылардың бірі болған. Сол мақсатпен,

Тағы-лы тауының терістік жағында Қаражартас деген жерде «Жас терек» атты Мойынсерік колхо-зын ұйымдастырған.

Кейінірек Қарақұдық деген жерге колхоз орталығы ауысып, «Жас терек» колхозы «Октя-брьдің 40 жылдығы» атындағы совхоздың құрамына кіреді.

1931 жылы Найзакескен деген жерде, «белсенділер» «бай тұқымы» деп, сол кездегі игі жақсыларды атқанда, іздеп барған Сәрінжіптің айтқан мына бір жоқтауынан үзіндісінде, акынның нағыз елім деп еңіреген ер екенін анық көреміз:

... Көрмейін де депедім,

Шыққыр көзім не көрдің?

Қайран қазақ баласы,

Ажалыңнан өлмедің.

Біреуге себеп болар ма едім,

Ерте неге келмедім.

Осынша қазақ баласын

Бір оқпенен атады деп, айтқандарға сенбедім.

«Әке көрген оқ жонар» дегендей, Сәрінжіп акынның ұрпақтары да, қазақ еліне белгілі қоғам қайраткерлері. Атап айтқанда, өз баласы Хасен Сәрінжіпұлы, Арқа жеріндегі белгілі ұстаздардын бірегейі, қиын-қыстау кезеңде мектептер ашып, қазақ балаларын оқытқан, сол мектептегі жемісті қызметі үшін «Еңбек қызыл Ту» орденін алады, кейіннен Шет ауданында партия-кеңес ұйымдарында басшы қызметтер атқарады. Техника ғылымдарының докторы Сәрінжіпов Маркус Хасенұлы «Қазақвзрывмпром» ААҚ Президенті болған. Сәрінжіпов Бакен Хасенұлы «Қазауылшаруашылық сыртқы сауда» АҚ Вице-Президенті қызметін атқарған. Сәрінжіпов Аслан Бакенұлы «Назарбаев Университеті» АҚ атқарушы кеңесінің төрағасы қызметін атқарып, еліміздің Білім және ғылым министрі болды.

Мәшһүр Жүсіп Көпей (1858–1931) - Сол кездегі Баянауыл уезі, Қызылтау болысында дүниеге келген. Мәшһүр Жүсіп қазақ тарихы мен ауыз әдебиетін зерттеуші, шежіреші, әрі ақындығымен көзі тірісінде аты шыққан. Жүсіптің 9 жасында Баянауыл округінің аға сұлтаны, атақты Мұса Шорманов оның аңыз-әңгімелерді көп білетіне таң қалып, мына бала «Мәшһүр» екен депті. Осыдан бастап, ол халықтың арасында Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді. Мәшһүр арабтың «белгілі» деген сөзі екен. 15 жасына дейін Камараддин хазірет деген ғұламадан білім алады. 1872-1874 жылдары ол Бұхарада оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгеріп алады. 1887, 1895 және 1907 жылдары Орта Азия елдерін аралап, Түркістан, Бұхар, Ташкент және Самарқанд қалаларында білімін тереңдетіп, әрі халық арасында аңыз-әңгіме, жыр-дастандарын жинайды. Ол шығармашылығын ерте бастайды. 1865 жылы «Ер Олжабай батыр» деген эпосты жазып шығарады. 1880 жылдан бастап, жүйелі түрде «Дала улаяты», «Түркістан улаяты» және «Айқап» газет-журналдарында мақаласын жариялап отырады. Орыс шығыстанушы-тюрколог және этнограф В.В. Радловпен кездесуінен кейін, қазақ фольклорын жинап, тыңғылықты зерттей бастайды. 1905 жылдардағы Ресей империясында болып жатқан саяси ахуалда оны бей-жай қалдырмайды. Сол жылы «Қанды жексенбі» деген шығармасы жарыққа шығады. 1907 жылы Қазан қаласында «Сарыарқа



кімдікі екен», «Хал-ахуал» және «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген кітаптары басылып шығады.

Өзі көзі тірісінде: «73-ке келгенше балталасаң да өлмеймін, 73-тен асқан соң майға бөлеп қойсаң да өмір сүрмеймін», - дейді екен. Сол сөзі бойынша, 72-ден 73-ке қараған шағында, яғни 1930 жылы өзіне екі бөлмелі зират салдырады. Ауызғы бөлмеге ыдыс-аяқ, кітап-құрандарын, ер-сайман, кілем тағы басқа күнделікті тұрмысқа пайдаланған заттарын түгел қойғызады. Ал төргі бөлмесіне өзінің мүрдесін ашық қояды өтінеді. Мәшһүр Жүсіптің мүрдесін ашық жерлеуге өсиет етуі осы күнге дейін жұмбақ ретінде қалып отыр. Өзі: «Мен өлгеннен кейін қырық жылға дейін денем бұзылмайды. Тірі адамдардың көзі көреді. Тек жаздың ыстық айларында, ақыретімді айырбастап отырындар, ал қыста керегі жоқ. Сонда көздерін жететін болады», - деп, үлкен баласы Шәрәпиденге шырақшылыққа өсиет етеді. 1931 жылдың жаз айында өзіне ас беріп: «Мәшһүрмен қоштаса берулеріңе болады. Асымды өз көзіммен көріп, батаға қатысайын «Тұрымтай тұсында деген заман» болады, келесі жылы зұлмат аштық болады, тойып алындар, кімнің қандай жағдайда болары белгісіз», - деп, өзі ас соңынан бата жасайды. Өмірден өтуіне бір жеті қалғанда қожа-моллаларды шақырып, дұға оқытып: «Өзін ақ жуып, арулап қояды», - тапсырады. Өзі өле-өлгенше көңілі сергек, ешқандай да науқастың белгілері болмаған. Мәшһүр Жүсіп 1931 жылдың күз айында қайтыс болады. 1952 жылы Кеңес үкіметінің қолшоқпарлары Мәшһүр Жүсіптің көрін ақтарып, үйін талқандап, бұзып тастағанға дейін, оның денесі еш бұзалмай, сол қалпында тұрған, яғни мүрде 21 жыл бойы еш бүлінбеген. Зираттың өзі де еш күтсіз, сылаусыз ешбір жері шетінемей, жақсы күйде сақталып келген. Оны сол уақытта көздерімен көрген адамдар бар. 1946 жылы белгілі жазушы Сабит Мұқанов та зират басында болып, ішіне түскен екен. Кеңес үкіметі де Мәшһүр Жүсіптің осы құпиясын көп жыл бойы тексеріп, ақыры жауабын таба алмайды. Мәшһүрдің келер ұрпаққа қалдырған рухани мол олжасы - «Мес» атты еңбегін баласы Шәрәпиден 1934 жылы Қазақ Ғылым Академиясының қорына өткізген. Қазіргі күні оның баға жетпес зерттеу еңбектері бірнеше том болып жарық көрді.

Ақайдың Қасені (1859–1931) - Атақты Қаракесек Бертіс ханның ұрпағы. Сол кездегі Қарқаралы уезінің, Қу болысында 16 жыл бойы болыс басқарушысы болып, халыққа адал қызмет атқарады. Атап айтқанда, ол 1895, 1898, 1902, 1905, 1908 жылдары, яғни қатарынан 5 рет болыс болған. Ел арасында білім мен өнерді қолдаушы болып, «Атымтай Жомарт» атанған асыл азамат. Қоянды жәрменкесінің өркендеуіне – орыс, татар және өзбек көпестерімен сауда-саттықтың дамуына көп күш салған. Дүкен ұстап, қыр қазағының өнеркәсіп өнімдеріне сұранысын өтеуге тырысқан. Егін егіп, мал тұқымын жақсартумен айналысқан. Европалық үлгідегі қазақ-орыс мектебін ашып, оны үздік бітіргендерді өз қаражатымен Қарқаралы, Семей және Омбы оқу орындарында оқытқан. 1905 жылғы Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі. Патша үкіметі 1910 жылы Қазақстанды Ресей империясынан бөліп алуға үгіттеді деген айыппен жазалаған. 1917 жылдың 16 наурызында Қарқаралы уезі қазақ комитетінің мүшесі болған. 1917-1920 жылдары Алашорда мемлекетінің елдегі басты қолдаушылардың және қомақты қаржылай көмектескен қоғам қайраткері. Алашорда мемлекеті тарағаннан кейін, 1921-1922 жылдары Кеңес органдарына елге сыйлы азаматтардың сайлануына ықпал жасаған. Аштыққа ұшыраған Торғай, Семей өңірлеріне жәрдем ретіне жал жинап, қаржылай көмектескен. Тіпті, 1916 жылдары Қазан қаласында аштықтан өлейін деп жатқан 10 жетім татар қыздарын асырап алған. Олар бойжеткенде жасауымен, дүние-мүлкімен, көрпе-жастығымен, алдына мал салып, қазақ жігіттеріне өз қыздарындай ұзатыпты. Ел оларды «Қасеннің қыздары» деп атап кетіпті. Сол асыл азамат 1927 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, алдымен Қызылжар, одан әрі Башқұртстанға жер аударылып сонда қайтыс болады.

Әсет Найманбайұлы(1867–1923) - Сол кездегі Семей губерниясы (қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылы), Қарқаралы уезінде дүниеге келген. Қаракесек-Шор-Майлық тегінен. Көрнекті ақын, әнші, сазгер. Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қоянды жәрмеңкесі – Әсеттің халыққа өзінің өнерін тарататын, насихаттайтын негізгі ортасы болды. 1916 жылғы патшалық Ресейдің «Маусым Жарлығына» сәйкес, қазақтарды әскерге «қара жұмысқа» алу әрекетіне қарсы, бірнеше халық көтерілісі болып өтті. Сол Қарқаралы-Қоянды көтерілісінің басшыларының бірі болған Әсетті Патша үкіметі қудалай бастайды. Осыдан кейін, 1916 жылы Әсет Шығыс Түркістанға біржола қоныс аударады. Қытай жерінде Әсет жергілікті қазақтардың арасында зор абыройға ие болады. Оның көсемдігі жергілікті басшыларға ұнамай, 1923 жылы қастандықтың құрбаны болады. Шығыс Түркістанның қазақтары оны арулап жерлеп, басына үлкен кесене тұрғызады. Ол жер кейіннен жергілікті қазақтардың «тәуап» ететін жеріне айналған. Қытай жерінде Әсеттің даңқы бүгінгі күнге дейін өшпеген.

Оның жас кезінде шығарған «Інжу-Маржан» әні - ән өнерінің үздік үлгісі. Одан басқа мына әндері: «Әсет», «Мақпал», «Майда қоңыр», «Гауһар қыз», «Қоңыр қаз», «Қисмет», «Әпиток» және тағы басқа әндері халық арасында кеңінен таралған. «Салиха-Сәмен», «Ағаш ат», «Перизат», «Үш жетім қыз», «Нұғыман-Нағым», «Мәлік-Дарайым», «Жәмсақ», «Кешубай» және «Француз» сияқты бірқатар қисса-дастандары бар.

Елімізге белгілі заңгер, 25 жасынан судьялық қызмет атқарып, Ақтоғай-Шет аудандарының, Сатпаев-Жезқазған қалаларының, Астана қаласының Алматы ауданының төрағасы болған, бір туар, ақсұңқар азамат Бақытбек Қапанұлы Сыздықов Әсеттің ұрпағы. Бақытбек бауырымыз Әсеттің мол мұрасын насихаттауда қыруар жұмыс атқарып жүр.

**Ахметжан Сармантайұлы** (1862-1930) - Белгілі қоғам қайраткері, әрі күйші. Дадан Тобықты-Мандар руынан. Дадан Тобықты елінде 17 жыл бойы болыс, әрі би болған. Әкесі Сармантай да белгілі би, әрі болыс болған. Ахметжан Дадан Тобықтыларын Кеңес үкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастырды деген айыппен, үштіктің үкімімен 1930 жылдың 22 қыркүйегінде 58 баптың 2,10-ны тармақтары бойынша атылған. Бізге «Қосбасар», «58» деген күйлері жеткен.

1853 жылғы санақ бойынша Дадан Тобықты елінде: 8 ауыл, 993 отбасы, олардың 1837-сі еркектер, ал 1561-і әйелдер болған. 9065 жылқылары, 1128 сиырлары, 57 305 қой-ешкілері болған (ҚҰА. 3-қор. 2-байлам. 2808-іс).

XX ғасырдың басында Қазақстанның қоғамдық-саяси, құқықтық ой-пікірінің дамуы Алаш Орданың басшылары: Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков, Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев тағы басқа да көзі ашық, көкірегі ояу қазақ халқының сол кездегі зиялы азаматтардың есімдерімен тығыз байланысты. Олардың саяси көзқарастарының ең негізгі өзегі – қазақ халқының ұлттық санасын ояту, саяси ойларын, арман-мұраттарын өздерінің публицистикалық еңбектері арқылы ғасырлар бойы ұйқыда жатқан халқын оянуға шақырды. Олардың алдарына қойған саяси талаптары да осы тұрғыда айқын байқалды. Олар патша өкіметінің қазақ мемлекеттігін қулық-сұмдықпен біржола жойып, жүргізіп отырған отарлық саясатын және жергілікті қазақтарды қанауға бағытталған қызметтерін, империялық шовинизмнің негізінде адам құқығын аяққа таптап отырған қимыл-әрекеттерін батыл сынға алды.

**Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейханов** (1870-1937) - Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Қызыларай тауының бөктерінде туған. (Ата-тегін таратсақ ұлы Шыңғысхан әулетінің үлкен баласы Жошыханнан тарайтын,

атақты Көкжал Барақтан Бөкейхан туады. Бөкейханнан Батыр туса, оның Мырзатайының Нұрмұхаммедінен 1866 жылы Әлихан туады). Әкесі Нұрмұхаммед билікке жетудің жолы білімде екенін түсініп, тоғыз жасар ұлын Қарқаралыға апарып, жеке молланың қолына оқуға береді. Бір жылда ескіше сауатын ашқан Әлихан зеректігімен өз бетінше ізденіп барып, қаладағы үш кластық орыс тіліндегі бастауыш мектепке ауысып алады. "Бастауышты" тәмамдап Қарқаралының төрт жылдық техникалық училищені "өте жақсы" деген бағамен үздік бітірген алғыр шәкіртке училище директоры Санкт-Петербургте оқуын жалғастыруды ұсынады. Дала генерал-губернаторы кеңесінің ұсыныс хатын алып, қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясымен Ресей астанасы Санкт-Петербургте Орман шаруашылығы институтына түседі. Студенттік өмірдің басталуымен саяси, әдеби, экономикалық үйірмелерге қатысып озық ойлы жастармен араласады. Студенттік толқуларға қатысады. 1885 жылы институттың бірінші курсын бітірген Әлихан Сарыарқадағы еліне жазғы демалысқа келеді. Санкт-Петербуртен Ағыбайдың атына қанық танысып, батырлығын естіп, Семейге келгенде Жидебайдағы Абай ауылына соғып, Абаймен кездеседі. Әлиханды болмысынан таныған, көзі ашықтығын ұққан Абай оқу білімге көкірегі ояу, зерделі баланы екі-үш күн қонақ етеді. Мағауиясы мен Абдрахманы аурулы болып көңілі жасып отырған Абайды хал қадірінше жұбатып, ұзақ әңгімелескен шақтарында Кенесары-Наурызбайдың, Ағыбай батырдың жүргізген ұлт азаттық соғысына баға беріп, әкесі Құнанбайдың Кенесарыны қолдағанын айтып әсіресе, Ағыбай батырдың аңыздай ерліктерін сүйсіне әңгімелегенін Әлихан жадында сақтап бір көріп, батасын алуға құштарланады. Елге барып Жанқұты биді ертіп Тайатқан-Шұнақ тауын жайлап отырған Ағыбай аулына баруды мақсат тұтады.

Қызыларай тауындағы ауылына келіп, біраз күн сағынышын басып, ел адамдарымен амандасып болған соң көлік дайындатып жол серіктер іздейді. Жанқұты би қажылыққа - Меккеге кетіп, таяу арада оралмайтын біліп, елден сұрастыра келе, Кернейдің бас ақыны Балтадан тарайтын Қазгелдінің Жуасбай ақынын (1854-1918 ж.ж.) жолбасшылыққа алу керектігін жөн санайды. Ауылдан атқосшылыққа төрт-бес жігіт алып, «Аяқшиде» отырған Жуасбай аулына келіп түстенеді. Әлихан жол сапардың жөнін айтқан соң көктен іздегенін жерден тапқандай қуана қоштап, Байсейіт бидің тоқсанға жасы жетіп салт атты сапарды көтере алмайтынын білсе де барып сәлем беріп, Ағыбай аулына баратынын айтып батасын алады. Өнші Ақтентек серіні ала кетуді жөн көріп, ауылына барса ол да қартайып, жол жүруге жарамайтынын айтқан соң қобызшы, әрі өнші інісін қалап ертіп алады.

Тайатқан тауының Есентай өзегінде отырған Ағыбай аулына келсе, батырдың жүргенінен жатқаны көп, кәрілікті мойындап, келімді-кетімді кісілермен әңгіме дүкен құрып өсиет батасын беріп, кісілерді қабылдап жатыр екен. Көптен атын білетін, ақындығына қанық «Жуасбай келді» дегенді есітіп өзі жатқан ақ боз үйге кіргізеді. Ағаш төсекте қазанның кара күйесіндей қасқырдың терісінен тігілген мол ішікті аяғына жауып жатқан Ағыбай батыр төсектен аяғын түсіріп, келген қонақтардың сәлемін қабыл алады. Қонақтарды төр көрпеге жайғастырып, ел амандығын сұрастырып, танитын қатарларының атын атап атақты Байсейіт бидің сырқат екенін, Жанғұты бидің қажылыққа кеткенін естігенде: «Жылдан асып қалды, екеуі де хабарласқан жоқ еді, арыстарым аман болсын», - деп мұңайған қалып танытады. Ағаш төсекте жантайып жатып ішетіндей биікше кең столға шай дастарханы жасалып жатқанда, Ағыбайдың емеурінімен есік алдына әкелінген жабағыға Жуасбай ақын бата жасайды. Шай іше отырып, Ағыбай батырдың жұмсақ мінезіне қаныққан Әлихан өзін таныстыра келе: «Батыр ата, дейді де салмақпен сөзін бастап - жол жөнекей Сізден үш сұраққа жауап іздеп, батаңызды алуға ниет етіп келдім», - дейді. «Сұра, балам», - деп Ағыбай батыр орнынан қозғалақтап, оңтайланып жатып, бетін Әлиханға қарай бұрып көтеріле отырады. «Ердің аруақтысын көрдіңіз бе? Аттың тұлпарын көрдіңіз бе? Әйелдің

сұлуын қайдан көрдіңіз? Осыларды білгім келеді»,- дейді Әлихан. Сонда: «Айтайын, балам. Оны неге сұрадың?» - депті Ағыбай батыр. «Нағыз батырлар осының үшеуінен шет болмаса керекті еді!» - дейді Әлихан. Осыдан кейін батыр арқаланып: «Тыңда, балам! Осы өзің қатарлы жас кезім еді, Қасым төренің қоластына барып, Саржан батырмен танысып, жасағына еріп жүрген адуынды шағым. Ертеңгісін Саржан батыр жатқан жерінен ұшып тұрып: «Ағыбайжан, қайдасың? Жау келіп қалды ғой. Тез, атқа мініңдер. Мына тауды бұрын алмасақ, жау бізді алады. Тауды бұрын алайық!» - деді. Жанталасып Ақбастауға келіп шықсақ, арғы жағында дала толған кісі, қаптап келеді екен. Саржан: «Шыққыр көзім, шықпасаң, дұрыс болжа, - деп бір шола қарап - Апыр-ай! Ағыбайжан-ай, 600 кісі екен ғой! - дегенде: «Қайда жүріп болжап қойды?» - деп қарасам, бұрынғы көзіме тым қораш көрініп жүрген батырым өзімнен анағұрлым өсіп кеткен екен. Сол жерде: «Ердің әруақтысы Саржан батыр!» - екен деп мойындадым.

Екінші сұрағыңа: «Атамекен Бұғылы-Тағылыда найза ұстап, қынабынан қылыш суырған, жиырмадағы камал бұзар шағым»,- деп, Ағыбай сөзін жалғастырды. Астымда Көкбесті деген атым бар. Осы кезде: «Менен артық жігіт, Көкбестіден артық ат жоқ!» - деп жүргенде бір күні ауыл сыртына көп адам келіп: «Сөйлес-ау!»,- деген соң өзім шығып сөйлестім. «Мен Саржан батырмын»,- деп дыбыстады. 60 қаралы адам екен, үй тігіп, түсіріп қонақ еттім. Саржан батыр аты шыққан ер болғанмен, көзіме өзі де, аты да атағына сай емес қораш көрінді. Ертеңгісін: «Ағыбайжан келсін»,- деген соң барып едім: «Ағыбайжан, «Арқада жолдас болуға жарайтын сен»,- деп іздеп келдім. Ақбастауды орыс алып, қазақтарды күнде шабатын көрінеді. Мен 60 адам, сен 40 жігіт қасыңа ерт, 100 кісі болып соған барайық»,- деді. «Жарайды»,-деп келісіп, жорыққа жүз кісі аттандық. Жер шамасына барған соң: «Ағыбайжан, жау тақау, бүгін ат терін алайық»,- деді. Содан соң шабатын аттарды қалдырып, өзіміз алға оздық. Ол кісінің астында тайдай ғана Аққасқа аты бар. Ілгері ұзап шыққан соң, мінген аттарымыздың қарымын байқау үшін бір жүгіртіп алуды ойладық. Атқа шабатын жігіттерді сайлап, керме тартып, ат қостық. Мен ойладым: «Аман болса, Көкбесті атым келер»,- деп. Өлден уақытта бағанағы тайдай ғана ат Саржаның Аққасқасы келді. «Апыр - ай! Көкбесті ат жығылды ма, қалай болды, неге қалып қалды?» - деп мазаландым. Бір мезгілде аман-сау менің атым да келді. Атымды байлап: «Неліктен болды екен?» - деп кермеге барсам, Саржанның тайдай Аққасқасы Көкбесті аттан анағұрлым өсіп, шоқтығы биіктеп кетіпті. «Аттың тұлпары екен ғой, бойын жасырып тұратын!» - деп бағалап сабама түстім.

Үшінші сұрағыңа айтарым: «Қазақ пен өзбек көп шабысқан ел ғой. Ұлдары - құл, қыздары- күң болып екі ара теңдіксіз болып тұрды емес пе? Найман руына берген қарындасым бір шапқыншылықта өзбекке қолды болып кетті. «Бұл болмайды екен»,- деп қырық кісі алып бітімге бардым. Өзбектің Әлімқұл деген ханы бар екен. «Қазақтың Ағыбай батыры бітімге келе жатыр екен»,- дегенді естіп: «Оған кім теңлік береді, мені сейілге кетті» деген сылтаумен қайырып жіберіңдер!» - деп үйінен кетіп қалыпты. Мен барған соң шатыр тігіп: «Сонда түсесіз?» - деп еді, «Хан ордасынан басқа жерге түспеймін!» - деп Әлімқұлдың ордасына түстім. Үйге кіріп келгенде есікті ашқан бір әппақ әйел маған жалт қарады. Сол күнде менің сан кісіден бетім қайтпайтын уақытым еді, әйелдің көзіне көзім тұрақтамай тайықсып кетті. Бұл Әлімқұлдың ақ тоқалы екен. Оның да назары маған ауған сияқты. Әйел де мені ұнатқан сыңайлы болған соң, елге ақ тоқалды да алып кетпекші болған жеңілтек ой басымда шыңылдап тұрып алды. Сол жерде ойлана келіп: «Қой, келген жұмысымды тастап, бір ұрғашыға қызыққаным болмас»,- деп өзімді өзім тоқтаттым да, асығыс Әлімқұлды шақырттым. Әлімқұл да келіп: «Бұл маңқа қазақ не іздеп жүр, сонау Арқадан?» - деп үйге кіре берді. Сол сәт: «Мә, саған маңқа қазақ!» - деп Әлімқұлдың басын шаппаққа

қылышымды суырып алып тұра ұмтылдым. Сонда Әлімқұл: «Дат, Ағыбай батыр! «Ер шекіспей бекіспес, достыққа - төсім!» - деп құшағын жая ұмтылды. Өз кінәсін мойындап кішірейген ханға кешіріммен қарап қылышымды қынабына салдым. Сонымен, қазақ - өзбек мал шабысса да, адамды тұтқынға алмауға, ұлын - құл, қызын - күң студі тоқтатуға уағдаластық. Содан бері қолға түскен адам болса, өзбек - қазаққа, қазақ - өзбекке қайтаратын болды. Мына қазақ ішіндегі өзбектер бұл бітімнен бұрынғылар екен. Әйелдің сұлуын сонда көріп Әлімқұлмен достасып қайттым. Нәтижесінде, 1864 жылы Түркістанды қорғауға, Генерал Берепкин (Веревкин) дегеннің әскеріне тойтарыс беруге батыр деп жүрген Сыпатай қашып кеткенде, Әлімқұл ханның әскеріне қол ұшын беріп көмекке келдім. Міне, балам үш сұрағыңның жауабы», - деген екен батыр. «Рахмет, ата! Үш жауабыңызда да батырлықтың, ерліктің салтанаты биік тұр. Енді біздерге айтар өсиетіңізді айтыңыз, батаңызды беріңіз! Бар бұйымтаймыз осы», - деп Әлихан орынынан тұрып барып, қос қолдап құшақтап, қос жауырынан қағып-қағып: «Нағыз батыр сіз екенсіз!» - деп екі үш қайталап, орынына отырады.

Батыр тершіген маңдайын сүртіп, денесі бусанып, Жувасбайдың домбырасын қолына алып бірер қағып жібереді де, қарлыққан қоңыр даусыменен сөздерін анық естіртіп, ұзақ термелеп, іштегі шерін шығара аңда-саңда бір демалғандай кең тыныстанып, шерін тарқатыпты.

Көңіл сұрай келдіңдер,  
Жан тапсырарда Аллаға.  
Естігің келсе Өсиет,  
Ризамын адал қазаға.

Тілім сайрап жатқанда,  
Басымды көтерт, жастық қой.  
Көсемім болып хан Кене,  
Асудан талай астық қой.

Айналайын, Науаным,  
Қолдан шығып кетті ғой.  
Бірге өлем деп Ағаммен,  
Өлімге басын тікті ғой.

Серік боп бірге ермеді,  
Қол жинап қайта келуге.  
Әуселесін қырғыздың,

Сыпатаймен қосып көруге.

Науан қолға түспесе,  
Кенекем ажал таппас ед.  
Қазақтар қайта шабад деп,  
Ханның басын шаппас ед.

Аңғалдығы батырдың,  
Себеп болды ажалға.  
Найза бокқа қадалды,  
Кенекем ажал тапқанда.

«Ақке, көке» деуші еді,  
Жас баладай еркелеп.  
Туар ма, шіркін, Науандай,  
Қыздарымыз енді еркек.

Осы өкініш жүректе,  
Кетіп барады өртеніп.  
Азаттық үшін хан Кенем,  
Күрескен еді серт етіп.

«Ақжолтай» деп ардақтап,  
Қол бастатқан қамалға.  
Сатқындықтан сан соғып,  
Хан Кенем кетті арманда.

Мың жігітпен аттандым,  
Ақ найзамды қолға ұстап.  
Қасиетті Түркістанды,  
Азат еттім қол бастап.

Сол алпыс үш жасымда,  
Жолбарыстай қайратты ем.  
Кәрілік жеңді қайтейін,  
Арыстандай айбатты ем.

Ал енді бата берейін,  
Қарсыласпаңдар орыспен.  
Күшті ел болды қарулы,  
Жеңе алмайсыңдар соғыспен.

Әлихан балам Абайды,  
Қастерлейді - Хақім деп.  
Өлеңдері жыр емес,  
Тұнып тұрған ақыл деп.

Даналар туса Абайдай,  
Батырлар туса Науандай.  
Арта берер бақтарың,  
Азаттық таңы атқандай.

Пірәдірім Мамытқа,  
Айшықтап күмбез соққыздым.  
Ұмытпаңдар мені де,  
Жақындай түсті соңғы күн.

Өніп өссін, қазағым,  
Жауын жеңген қалмақтай.  
Үш жүздің басын қосатын,  
Хан туар ма, Абылайдай.

Құл-құтан болып тозбандар,  
Ерліктер жолы жалғассын.  
Әлихандай ұлың бар,  
Басқарар қазақ Ордасын.

Қазақтың жерін қазаққа,  
Сатты орыстың Госпорты.  
Шұбыртпалының жері деп,  
Алынды құжат-Паспорты.

Соғысқа салды хан Кенем,  
Барша қазақ жері үшін.  
Қартайғанда алыстым,  
Өлгенде жатар жер үшін.

Қой үстіне бозторғай,  
Жұмыртқалар ма, даламда.  
Оқыған елдей қазағым,  
Қоныстанар ма, қаламда.

Сәлемде барша қазаққа,  
Зейнетін тапсын еңбектен.  
Мен салдырған қос тоған,  
Зая кетпесін тер төккен.

Найза, қылыш заманы,  
Өтті білем біздермен.  
Оқу, білім заманы,  
Басталады сіздермен.

Кенекем мені ардақтап,



Ақжолтай батыр атады.  
Қайратыма шыдамай,  
Сөгілді жаудың қатары.

Елім үшін қан кештім,  
Ерлігімді асырып.  
Мадақтады ақындар,  
Шашуына жыр шашып.

Қара жер суық екен деп,  
Қашамыз ба, ажалдан.  
Туған соң өлмек бар екен,  
Тіршілік еткен заманнан.

Біріңді бірің сиғандар,  
Жұдырықтай жұмылып.  
Ынтымақ, бірлік сақтаңдар,  
Ел қатарлы ұмтылып.

Қазақ деген нар халық,  
Мың өліп мың тірілген.  
Жауына есе жібермей,  
Өз орнын алған өмірден.

Кенекем маған салмақ сап,  
Ақыл, кеңес сұрады.  
Батырлар құптап қол бастап,  
Орындалды мұраты.

Ертекке қосты ел мені,  
Тірісінде көзімнің.

Үлгі етті ұрпаққа,  
Мәйегін алып сөзімнің.

Соғыстырды қалмақпен,  
Абылай туы астында.  
Ақауыз атым астымда,  
Уатып өтер тасты да.

Жекпе жекте өлтіртті,  
Қолба деген батырын.  
Аузына қақпақ қоям ба?  
Айналайын халқымның.

Бағымды бастан асырды,  
Азаттық үшін соғыста.  
Бұғыбай, Иман, Жанайдар,  
Серік боп жүрді қасымда.

Бұқарбай, Жәуке, Төлебай,  
Ұмытам қалай Шәкірді.  
Найза, қылыш, сойылмен,  
Жауына салған зікірді.

Жау емес маған Үйсiнiм,  
Сүйiнбай, Жамбыл шыққан ел.  
Жырларын сусап тыңдадым,  
Ерлікке үлес қосқан ел.

Сыпатайды батыр деп,  
Жырына Жамбыл қоспаған.  
Қатағанды жеңген Сүйiнбай,

Арқа сүйерім деп айтпаған.

Жекпе жекте Бөлтірік,  
Ағыбайды жеңді деп,  
Айтылып жүрген қауесет,  
Сыпатайдың сөзі тек.

Үш рет аттан түсіріп,  
Шыбын жанын сауға еттім.  
Ер кезегі - үш рет,  
Енді өлерін ескерттім.

Бөлтірікті өлтірсем,  
Белі сынар Үйсіннің.  
Табасына қалармын,  
Қалған көзі тірісінің.

Сыпатайды шақырттым,  
Түркістанды қорғауға.  
Бас сауғалап қашты ол,  
Қарсы шықпай қас жауға.

Шаппақшы болдым ауылын,  
Қайта қозып ескі кек.  
Баласын алдым кепілге,  
Өзі іздеп келер деп.

Өзі іздеп келмеді,  
Ажал тауып жат жерде.  
Үйлендіріп баласын,  
Қайтардым малмен еліне.

Озық туған бала екен,  
Қасындағы Әлихан.  
Көңіл сұрай келіпті,  
Бата алам деп атамнан.

Үш сұрағы бойдағы,  
Бар сырымды ақтарды.  
Көп болса екен осындай,  
Қазағымның жастары.

Кернейдің бас ақыны,  
Тасболатұлы Жуасбай.  
Жауап қатты жыр толғап,  
Таудан аққан бұлақтай.

Тарқатып шерін Батырдың,  
Тілегін айтты халқының.  
Ағыбай қайта тумас деп,  
Шыңына шыққан ғасырдың.

Хан Кененің ақыны,  
Дауылпаз жырды жырлаған.  
Нысанбайдың мақамы,  
Ұранға қосқан отты ұран.

Көтеріп рухын сарбаздың,  
Алдыңғы саптан табылған.  
Хан Кененің аманатын,  
Жеткізіп елге толғаған.

Сол мақамды Жуасбай,

Есіне салды батырдың.  
Елестетіп бейнесін  
Талай-талай асылдың.

А-ей, Сарыарқадай ел қайда,  
Ағыбайдай ер қайда?  
Демей ме халқым ертең-ақ,  
Ағыбай айтқан сөз қайда?

Қаза болған хан Кене,  
Кекілік деген жер қайда?  
Жасындай болған жауына,  
Құрыш білек, нар кеуде,

Найзасын қанға боятқан,  
Наурызбайдай ер қайда?  
Торқа болсын топырағы,  
Пейіш болып қабыры,

Жаны болсын Жәннәтта.  
А - ей, Кенесары - Наурызбай,  
Деп жырлайды бұл күнде.  
Жанардан көз жас төгіліп,

Қосылып қобыз үніне.  
Құлақ тосып тыңдаймыз,  
Көз ілмей ұзақ түндерде.  
Ағакем менің - Ақжолтай,

Батыр деп арқа тұтамыз.  
Ән мен күй арнап өзіңе,

Етеміз әлі Сізді аңыз.  
Бұл аурудан айығып,

Сауықсын ләйім жаныңыз.  
Бізді бастап келіп тұр,  
Әлихандай балаңыз.  
Ел тарихын зеріттеп.

Дейді кітап жазамыз.  
Азаттық үшін алысып,  
Петерборда оқып жүр.  
Қонамын деп күн болып,  
Қараңғы қазақ көгіне.

Абайменен сырласып,  
Қанат қағып білімге.  
Ел боламыз деп ерікті,  
Артынан ерлер еріпті.

Батырлар төккен ыстық қан,  
Бостандық үшін төгілгей.  
Хан Кененің аманаты,  
Жеңістерге жеткізгей.

Өзіңіз айтқан өсиет,  
Ұран болсын біздерге.  
Өзіңіз берген Ақ бата,  
Нысана болсын біздерге.

Бар баласы Алаштың,  
Алдыңа келер әлі де.

Өсиетінді естіп бата алып,  
Таратар қазақ жеріне.

Баталы күн, бақ күндер,  
Орнар әлі-ақ төріме.  
Сол күндерге жеткізер,  
Ерлігіңіз Сіздердің.

Кенесары - Наурызбай,  
Бұғыбай, Иман, Жанайдар,  
Бұқарбай, Жәуке, Төлебай,  
Шәкір, Дулат, Меңдібай,  
Асып туған ерлерді,  
Ардақ тұтып еске алып,  
Атап бата жасармыз,  
Айқара ашып тәуелсіз,  
Егемендіктің есігін,-

деп тоқтаған Жуасбай ақынның иығына батыр зерлі шапан жабады. Әлиханның елім деп соққан жүрегінің дүрсілін сезгендей Ағыбай батыр төсегінің тұсында ілулі тұрған күміс қынды, күміс сапты қылышын өз қолымен: «Өркенің өссін балам!» - деп сыйға тартады. Ағыбай батыр жол серіктерін де риза етіп, бір-бір жылқы жетектеттіріп шығарып салғызады. Ағыбай батырдың «Өсиет-батасы» - Жуасбай ақынның өлеңі 1923 жылы жазылып алынғанға ұқсайды.

**Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейханов** - Жан-жақты адам болған, ірі саяси қайраткер, әрі ғалым-этнограф. 1906 жылы 1-ші Мемлекеттік Думаның депутаты болған. 1917 жылдың шілде айында құрылған «Алаш» партиясының және 1917 жылдың желтоқсан айында құрылған Алаш Орда мемлекетін ұйымдастарушылардың бірі және басшысы. 1903 жылы «Исторические судьбы Киргизского края и культурные успехи» деген бірінші ғылыми туындысы 17 томдық «Россия. Полное географическое описание нашего отчества» жинағында жарыққа шықты. 1896-1905 жылдары Ф.А. Щербин және С.П. Швецовтың қазақтың салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, экономикасын және қазақ даласының табиғатын ғылыми түрде зерттеуге шыққан экспедицияларға қатысып, бірнеше құнды ғылыми еңбектер жазған. Кенесары ханның көтерілісін де зерттеп, «Киргизы», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» деген тарихи еңбектер жазған. 1909 жылы Абайдың шығармаларының жинағын Санкт-Петербург қаласында шығарған. 1920 жылы Алаш Орда мемлекетін большевиктер таратқаннан кейін, ғылыми жұмыспен айналысқан. Дүниежүзіне белгілі бірнеше классик жазушылардың еңбектерін қазақ тіліне аударған. 1927 жылдан 1937 жылға

дейін, яғни он жыл бойы Москва қаласында үй қамауында болған. 1937 жылдың 27 қыркүйегінде Москва қаласында атылған.

**Жақып Ақбаев** (1876-1934) - Қарқаралы уезінің Берқара болысы, қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы Қарқаралы тауының бөктерінде туған. Сарыарқа өңіріне аты мәлім, атақты Ақбай әулетінен шыққан. Әкесі Ақбай Берқара болысының басқарушысы болып қызмет атқарып, елге сыйлы азамат болған. Атап айтқанда, Ақбай Жандеркин 1884, 1892, 1898, 1901 жылдары Берқара болысын басқарған. Жақыптың інісі Ыбырай да болыс болған. Алаш Орданың үш арысы - Әлихан, Жақып және Әлімхан бір топырақтың тумалары.

Жақып Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1903 жылы «заң магистрі» деген ғылыми дәрежеде ойдағыдай бітіріп, 1903-1905 жылдар Омбы Сот палатасында палата хатшысы, бітістіруші судья қызметін атқарады. 1905 жылдың шілде айында Дала аймағының генерал-губернаторы Сухотин Мемлекеттік Думаға сайлауға қазақтардың қатысуына тыйым салады. Осыған байланысты, сол кездегі белгілі 42 қазақ зиялы қауымының өкілдері қол қойып, Ресей патшасы II Николайдың атына жазылған әйгілі Қоянды (Қарқаралы) петициясының авторы. Петиция 47 тармақтан тұрды. Петицияның талаптары қазақ қоғамының XX ғасырдың бас кезіндегі өмірлік маңызы бар күрделі проблемаларын толық қамтыды. Петицияда өлкені әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот ісін қазақ тілінде жүргізуді заңды түрде бекіту, отаршыл аппарат шенеуніктерін қысқарту, жоғары билік органдары мен Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын сайлауға қатыстыру талаптары қойылды. Онда мынандай жолдар бар еді: «Мал бағумен айналасқаны үшін қырғыздар сайлау құқығынан неге айырылу тиіс? Сауда-саттықпен, егіншілікпен, балық аулаумен және басқа да кәсіптің түрлерімен айналасушылар сайлау құқығынан айырылып отырған жоқ қой!». Қарқаралы петициясында жергілікті халықтың құқығы мен ар-абыройың аяқ асты етуге жол бермеу, патша әкімдерінің жүгенсіздігіне тыйым салу, халықтың ана тілінде білім алуын ұйымдастыру, қоныстандыру саясатын тоқтату, тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтару сияқты талаптар қойылды. Петицияның мәтіні Ресей патшасының атына ғана жолданып қойған жоқ, көшірмелері «Сын Отечества» және «Русские ведомости» сияқты орталық газеттерде жариялану үшін олардың редакцияларына да жіберді. Қарқаралы петициясы сол замандағы отаршыл өкімет билігінің атына жолданған ірі көлемде, әрі мазмұнды петициялардың бірі.

Осы Қарқаралы петициясы Ресей империясының «шовинистік» саясатына қарсы болғандықтан, Жақып сот саласынан заңсыз қуылып, Сібірге жер аударылады. Бірақ қазақ халқының жанашыры ретінде, қаншама қиыншылық көрседе, өз көзқарасынан бас тартпаған.

1906 жылы 30 наурызда Семей түрмесінде жатып, ол Санкт-Петербург университетінің профессоры, белгілі заңгер Л.И. Петражицкийге жазған хатында, қазақ зиялылары арасында бірінші болып қазақ өлкесінің дербес автономия алуы мәселесін ұсынады. 1909 жылы Якутияда айдауда жүргенде сенатор граф Паленге хат жолдап, онда отаршылдық жағдайдағы Қазақстанның саяси-экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары терең талдау жасап, өлкенің ауыр халін баяндайды. Бұл баяндама да алқашқы ғылыми талдау деп айтуға болады. 1917 жылдың шілде айында құрылған «Алаш» партиясының және 1917 жылдың желтоқсан айында құрылған Алаш Орда мемлекетін ұйымдастарушылардың бірі және Әділет Министрі болып тағайындалады. Жақып Алаш Орда мемлекетінің Жарғысын, мемлекеттің басқару формасын басқа да құқықтық құжаттарды дайындаушы. Алаш Орда мемлекеті тарағаннан кейін, Қарқаралыда қазақ комитетін басқарады. Одан кейін Семей губревкомының заң бөлімінің меңгерушісі және губерния халық соттарының кеңесінің мүшесі болады. 1927 жылдан бастап Ж. Ақбаевты



Кеңес үкіметі үздіксіз жазалау-қудалауын бастайды. Осы көп жылдық азаптан кейін, 1934 жылы ауыр науқастан қайтыс болады. Бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. 1927 жылы Жақып «Қазақ халқының шығу тегі туралы» деген құнды тарихи кітап жазып қалдырған.

**Әлімхан Әбеуұлы Ермеков** (1891-1970) - Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Қызыларай тауының бөктерінде туған.

Қаракесектің: «Қара-Шормыз, Құдайдан кейін зормыз!» - дейтін текті атасынан. Кезінде әкесі Барақ сұлтан қайтыс болғаннан кейін, қуғын-сүргінге ұшырып, Қаракесек елінен көмек сұрап және пана тауып, «бала төре» болып келген Бөкейдің ұрпақтары, естерін жинап, қандай жағдайда келгенін, елдің оларға жасаған жақсылығын ұмытып, асып-тасып, төрге шығып алып, төске өрлегенде, оларды орнына қойған осы Ермековтар әулеті. Атап айтқанда, Әлімханның әкесі Әбеу 1881, 1884, 1887, 1905, 1908 жылдары, яғни 20 жыл бойы Темірші болысын басқарған.

Әлімхан «Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысының жетекшілерінің бірі және басшылардың ең жасы, өзі ғалым-математик, әрі ұстаз. Томск технолоия институтын бітірген. 1919-1920 жылдары Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің мүшесі, әрі коллегия төрағасы болған. Сол жылдары Ресей Федерациясы күшпен қосып алған Қазақстанның солтүстігіндегі, батыс пен шығысындағы ең шұрайлы, әрі қомақты жерлерді қазақтарға қайтару жұмыстары барысында, Москваға қазақ делегациясын басқарып барады. Сол кездегі Қызыл империяның басшысы В.И. Лениннің өзін терең білімділігімен және жан-жақты дайындығымен тәнті етіп, мойындатқан. В.И. Лениннің өзі басқарған бұл келіссөздер бірнеше айларға созылып, қызу талас-тартысқа айналады. Ресей басшыларының қарсылығына қарамай, қазіргі Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Көкшетау, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарының жерлері, сол Әлімханның өжеттілігінің арқасында, В.И. Лениннің шешімімен қазақтарға қайта қайтарылады. Осындай келіссөздер арқылы, бейбіт жолмен бұрын да, одан кейін де, қазақ басшыларының ешқайсысы қазақ жерлерін басқа елден қайтара алмаған. Тіпті, одан сорақысы Қазақстанның құрамындағы Автономиялық Республика болған Қарақалпақстанды және Оңтүстік облыстың бірнеше аудандары мен қалаларын Кеңестер Одағының кезінде Өзбекстанның қанжығасына байлап жіберіп, сол қазақтың қаны тамқан жерлер, ешқандай да сұраусыз Өзбекстанда қалып қойды.

Әлімхан 1935 жылы қазақ зиялыларының қатарынан тұңғыш рет математика саласынан профессор атағына ие болып, сол жылы қазақ тілінде «Ұлы математика курсы» деген кітабын және «Қазақ тілінің математика терминдері» атты түсіндірме сөздігін шығарған. 1930 жылдан бастап қуғын-сүргінге түсіп, түрмеге қамалып-ақталып біраз жыл сергелдеңге түседі. 1939 жылы 10 жылға сотталып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерьлерінің біріне айдалады. 1947 жылы тұтқыннан босап, ұстаздық кәсібін жалғастырмақ болғанда қайтадан жала жабылып, түрмеге түседі. Осыдан тек 1957 жылы ғана толығымен ақталады. Сол жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Қарағанды тау-кен институтында (қазіргі ҚарМТУ) адал ұстаздық етті. Әлімханның ғылыми-зерттеу еңбектерінің негізгі бағыттары – ықтималдық теориясы, математикалық статистика, теориялық механика, математикалық терминология мәселелері.

**НарманбетОрманбетұлы** (1859-1918) - Қарқаралы уезінің Дадан Тобықты болысы, қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Саға деген жерде туған. Белгілі қоғам қайраткері, әрі ақын. Дадан Тобықты елінде бірнеше жыл бойы болыс, әрі би болған. Руы Тобықты-Қалдау-Балтабай. Атасы Байжомарт пен әкесі Орманбет Дадан Тобықты елін

басқарған (ҚҰА. 338-қор. 1-байлам. 539-іс). Нарманбет байлығымен емес, ата-әкесінің қолынан билік кетпеген, шешендігімен, әділ билігімен аузына ел қаратқан әлді тұқымнан тарайды.

Қарқаралы уезі ашылғанда, Дадан Тобықты арасында болыстыққа таласып, ел арасында жанжал, дау-дамай көбейіп, ел арасы ашылады. Әсіресе, Қалдау елінің басшысы - «Қалдау қасқыры» атанған Байжомарт пен Манастың басшысы Жантас арасы шиелінісіп кетеді. Осы жайдың куәсі болған Мұрат ақын былай деген екен:

Ауылдан ә дегенде тайпақ шығар,  
Қасынан алты қасқыр жанай шығар.  
Даданның екі қошқары сүзісіпті,  
Біреуінің маңдайы қанап шығар.

Осы тартыста Манас Жантас билікке жетіп, арпалыста билікке қолы жетпей тауы шағылған Байжомарт өзіне қарасты ағайындарын бөліп алып, Семейдегі Тобықтыдан бөлініп көшкен Қараменде би сияқты, Сыр бойына бет алады. Байжомарт көші жолай Кәрсөн-Керней елін басқарып отырған Кәрсөн Көпбай қазыдан (Қарқаралы уезінің бас биі. Қазіргі облыстық соттың төрағасы дәрежеде) келісім алып, сол елдің жеріне қыстап шығады.

Жаз шыға Байжомарт райынан қайтып, елдің бетін қайыра бұрғызуға бел буады. Қайтарында Көпбай қазыға жолығып: «Бабаларым Шыңғыстаудан Сырға беттегенде, сіздің елге қыстап пана тапқан еді. Бізді жатсынбай, аз күн болса да жер беріп, елдік жасадыңыздар, рахмет! Басында өзім бастағанмен аяқтауға тәуекелім жетпей, көш басын кейін бұрдым», - деген екен. Байжомарт осындай көп кешікпей, сол Көпбай қазыға құда түсіп келіп, 47 қарасын матап беріп, әйелінің үстіне Кәрсөн-Керней елінің бір қызын алады. Осыдан бастап Кәрсөн-Керней елі мен Балтабай-Байжомарт ұрпақтарының арасында қыз алысып, қыз беріскен сарысүйектік қатынас түпкілікті орнап, тіпті осы күнге дейін жалғасты және осы құдандалық Байжомарт ұрпақтарын билікке қолын жеткізді. Атап айтқанда, Орманбет 1874, 1878, 1881, 1883 жылдары, яғни төрт мерзім бойы Балқаш болысын басқарған.

Байжомарт Бәкі шешеннің қызы Балбырауынды Орманбетке, інісі Көшеннің үлкені Доспанбетке Аққошқардың үлкен қызы Әдеміні алып береді. Осы құдалық Орманбет тұсында да жалғасады. Аққошқардың кіші қызы – Мәликені Нарманбетке, Қәдірбекке Санбайдың қызы – Зарияны, Ысқаққа Мәликенің туған ағасы Құлжанның қызы Қатжанды сүйек жаңғырту жолымен алып беріп, қан-жыны араласып кетеді. Қазіргі заманның өзінде, Байжомарттың ұрпақтары сол үрдісті жалғастырып, Балқаш өңірінде басшы қызмет атқарып, елгі сыйлы болған азамат – Терлікбай ағамыз Гакула апамызды, ол Терлікбайдың баласы Мұрат Ермек апамызды алып отыр. Тіпті бай баласы деп қуғынға түскен Асылмұраттың баласы Терлікбай ағамыз Кәрсөн-Керней нағашыларының тегімен – Нұрақов болып кеткен. Дүние жүзіне белгілі өнер шебері, Санкт-Петербургтың Маринин опера-балет театрының прима-балеринасы Асылмұрат Алтынай, Терлікбай ағамыздың балалары - Алматыда тұрып жатқан елімізге белгілі кәсіпкер Асқар және Балқаш қаласының бас архитекторы Болат Нұрақовтар, Ақтоғай, Шет аудандық газеттерінің бас редакторы, Жезқазған облыстық газетінің жауапты хатшысы болған Қасым Орынбетов - Орманбет-Нарманбеттің ұрпақтары.

Нарманбеттің шешесі атақты Кәрсөн-Керней Бәкі ақынның қызы Балбырауын да жасынан ауыл арасындағы қыз-жігіттермен айтысқанда, суырылып салма өз ойын қолма-қол айтатын «Ақын қыз» атаныпты. «Жақсы жігіт нағашыдан» дегендей Нарманбеттің ақындығы – нағашысы Бәкі ақыннан жұққан дейді.

Нарманбет нағашысы болып келетін Керней Жуасбай ақынмен былай деп айтысады:

Мен өзім қайдан шықтым? Дадан шықтым,

Асусыз асқаралы таудан шықтым.

Нағашым – Балта, Түйте екі темір,

Қажымас қара болат жаудан шықтым.

Болмай ма талдан жуан қайың, терек?

Пайымды жігіт мұны білсе керек.

Парық бар ма аз бен көптің арасында,

Кернейге беріп пе еді Кәрсөн ерік !

Нарманбет басында Қари деген молдадан ескіше, кейіннен ел аралап бала оқытып жүрген Хасен деген жігіттен жаңаша білім алады. 1873 жылдары Қарқаралыдағы екі класты орыс мектебінде оқыған. Осыдан кейін оны әкесі ел билеу ісіне баули бастайды және сүйек жаңғырту жолымен Кәрсөн-Кернейдің атақты байы, әрі биі Аққошқардың қызы Мәликені алып береді. Мәлике өзін еркін ұстайтын, ешкімнен қаймықпайтын, адуын болып, тіпті Нарманбеттің өзін де тежеп ұстапты. Нарманбет болыстыққа түсіп, он жыл бойы Дадан Тобықтыға болыс болған. Атап айтқанда, Нарманбет 1890 жылдан 1911 жылдар арасында Балқаш болысында болыс болып қызмет атқарып, 1906 жылы Мемлекеттік Дума мүшелерін сайлауға Балқаш болысынан сайлаушы ретінде қатынасқан.

Нарманбет байлық пен билікті былай деп пайымдайды:

Байлықта да мұрат жоқ,

Салауаты болмаса.

Кедейлікте ұят жоқ,

Қиянаты болмаса.

Бай болып сараң болмасаң,

Бек болып арам болмасаң,

Тәңірге болдың адал құл.

Тоқырауын өзенінің Балқаш көліне жетпей, көлге дейін жер астымен ағатын жер - «Асанқойбас» немесе Саға деп аталатын жер Дадан Тобықтының бір бұтағы Құланшы руының жері екен. Осы малға жайлы, суы мол, шөбі шүйгін жерге қызыққан Орманбет

болыс болып тұрғанда, Құланшыларды зорлап Дересін деген жерге көшіріп жіберіпті. Орманбет кейін осы адырлы өлкенің биігіне көтеріліп тұрып, жанындағы балаларына қарап: «Мен алған жерді көрмейсіңдер ме, ол шеті мен бұл шеті көз жеткісіз!» - деп мақтаныпты. Сонда әкесіне Нарманбет: «Атам Байжомарт ел алып еді, сіз билікпен жер алыпсыз. Жер табылады-ау, ел табылмай жүрмесе. Құланшыға қиянат жасаған екенсіз», - деген екен.

Шындығында да әкесі Орманбет қайтыс болғаннан кейін, ағайын арасының араздығы күшейіп, ел ішінде дау-тартыс молаяды. Тобықты ішінде Ақсақ руының атақты Ахмет байдың балалары ел тізгінін алып, көп жыл бойы билікті ешкімге бермей қояды. Осы шиелініс туралы Нарманбет былай деп жырлайды:

Жазғаным Ахметтей бай болмадым,  
Бораншы, Құланшыға май болмадым.  
Науқастың зардабынан қатыса алмай,  
Ішінде партияның бар болмадым.

1917 жылдың 16 наурызында Қарқаралыда уездік комитет ашылып, оның басқару органы – Кеңес құрылған. Кеңестің төрағасына Жақып Ақбаев, оның орынбасары болып Нарманбат сайланады. Қазан төңкерісінен кейін қазақ жерінде құрылған тұңғыш «Алаш» мемлекетінің басшыларының бірі болады. Одан кейін, Қарқаралы қаласының сотының төрағасы болып қызмет істейді. Сол жылы аяқ астынан ауырып, кенеттен қайтыс болады. Жақып Ақбаев өзі бас болып, туған жеріне арулап жерлейді.

Нарманбет өзі туралы былай деп жырлайды:  
Дүние-ай базарында арзан нарқым,  
Болса да арзан нарқым, қымбат даңқым.  
Қадір жоқ тіршілікке Нарманбетте,  
Өлген соң әттеген-ай дерсің, халқым.

Нарманбет ақын елге белгілі: «Сарыарқа», «Балалық күй», «Білім туралы», «Жастарға», «Ауыл қайғысы», «Партия туралы», «Жігіттер», «Кер заман» және тағы басқа бірнеше жыр жауһарларын мұра етіп қалдырған.

**Құрманұлы Әубәкір** (1867-1916) - Семей губерниясы, Қарқаралы уезінде туған. Алашордашы. Фольклоршы. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырушы. Бастауыш білімді Қарқаралыдан алады. Одан кейін Омбы малдәрігерлік оқуын бітіріп, фельдшер болып қызмет атқарады. Қоянды жәрмеңкесінің мал дәрігерлік қызметін басқарған. Жануарлар қамқоршысы, Ресей қоғамы Қарқаралы бөлімшесінің мүшесі. Сол тұстағы Қарқаралының саяси өміріне белсене араласады. Кейіннен Петербургтің заң университетін бітіреді. 1906-1907 жылдары Семейдің қазақ тұрғындарынан Мемлекеттік дума депутатын сайлауда Қарқаралы уезінен өкіл болып қатысады. Зиянды әдебиеттер таратты деп Ақбайдың Жақыбының ісі бойынша ұсталып, жауапқа тартылады. Жақып Әубәкірдің Зүбайда есімді қызын алған. Зүбінән деген қызы атақты Ақайдың Қасеніне ұзатылған. Орыс жазушысы М. Пришвиннің 1909 ж. Қарқаралыға келген сапарында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» қиссасын өз аузынан жаздырған, басқа да көптеген мәліметтер берген.

Оның құлпытасына Нарманбет ақын бір ауыз өлеңін жаздырған:

Топтың гуіліндей,

Жорғада кеттің сүрінбей,

Қараңғыда жол тапқан,

Қапияда сөз тапқан

**Мәди Бәпиұлы** (1880, қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Мәди ауылында - 21.02.1921, Қарқаралы қаласында) – Өнші-композитор, ақын. Қаздауысты Қазыбек бидің ұрпағы: Қазыбек-Бекболат-Тіленші-Алшынбай-Бәпи-Мәди. Арқа сал-серілері мектебінің ең соңғы өкілдерінің бірі. Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса тәрізді санлақтар дәстүрін жалғастырушы. Зорлықшы бай-болыстар мен патша отаршыларына қарсылық көрсетіп, қуғынға ұшыраған. Қарқаралы, Атбасар, Семей, Кереку түрмелерінде отырған. Еркіндікті, ел мен жерді сағынып шығарған: «Қарқаралы», «Қаракесек», «Үшқара», «Шіркін-ай» әндері халық арасына кеңінен тарады. Мәдидің «Қаракесек» әнін Е.Г.Брусиловский «Ер тарғын» операсында (Тарғынның ариясы), «Шіркін-ай» мен «Үшқара» әндерін «Қыз Жібек» операсында (Бекежанның ариясы) пайдаланды. Мәдидің әлі де жинақталмаған әндері мен өлендері бар. Олардың кейбірі табылып та жатыр. Мәдидің шығармасы туралы А.Жұбанов зерттеу еңбектер, Ө.Әбішев «Найзағай» (1969) деген роман, Ө.Бектасов (1973) және Е.Балташұлы (2008) «Мәди» атты деректі кітаптар жазды. 2005 ж. С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театры Е.Балташұлы мен С.Жұмағалидың «Мәди» драмасын (режиссері Р.Баймағанбетов) қойды. Мәдидің есімімен Қарқаралы қаласында мектеп пен көше, Егіндібұлақ ауылында көше, ауданда ауылдық округ аталған.

**Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас)** (1894-1938) – Көрнекті жазушы, қоғам қайраткері. XX ғасырдағы Қазақ ұлттық әдебиетінің жаңа жолмен дамуына үлкен үлес қосқан қаламгердің бірі. «Езілгендер мен қаналғандарды қатарға қосамыз, қоғамның қожасы етеміз», - деген идеяға сеніп, қызмет етті. Сондықтан ол өзінің қоғамдық қызметімен де, шығармашылық еңбегімен де Қазақстандағы Кеңестік құрылыс ісіне белсенділік танытты және оны батыл жырлаушы болды. Сөйтіп, Кеңестік әдебиетінің негізін салушы ретінде тарихқа кірді. Сәкен жиырмамыншы жылдардың өзінде көрнекті ақын болып қалыптасты. Оның «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағы, «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары жеке кітап болып басылды. Кейін ақынның «Домбыра», «Экспресс», «Тұрмыс толқынында», «Көкшетау», «Альбатрос», «Қызыл ат», «Социалистан» атты өлең-поэмалары жарық көреді. Проза жанрында Сәкен «Тар жол, тайғақ кешу» романын, «Жер қазғандар», «Айша», «Жемістер» атты повестермен көптеген әңгімелер жариялайды. Сәкеннің «Асығып тез аттандық», «Кел, жігіттер» атты өлеңдері Кеңес дәуіріндегі азаматтық, саяси лириканың басы болып табылады. Ақынның «Жас қазақ марсельезасы», «Жолдастар» өлеңдері төңкеріс жылдары халық арасына кең тараған. Шығармаларының көбін еліміздегі жаңаруды бейнелейтін адамзаттық пафосқа құрғанымен, Сәкен қазақ поэзиясындағы көрнекті лирик ақындарының бірі болып саналады. Осының дәлелі ретінде ақынның «Тау ішінде», «Біздің жақта», «Жазғы түнде» өлеңдері мен «Аққудың айырылуы», «Ақсақ киік», «Сыр сандық» сияқты лирикалық шығармаларын атауға болады. Жан-жақты талант иесі Сәкен жас әдебиеттің барлық жанрында қызмет етіп, проза, поэзия және драматургия саласында елеулі шағармалар қалдырды. Сәкен: «Ру басы, би болған адамдар жасынан сол ескіліктен қалған екшенді, қорытынды тәжірибе сөздерін зерттеп, «ескі сөз» білетін адамдардың сөздерін көп тыңдап, соларды жадында тоқитын. Сондай, ескі тұрмыстан қалған тіл, сөз, өнеге мұрасына ие болып, «үлгі», «өнеге». «нақыл», «заң», «ереже» сөздерін әдемілеп айтуға дағдыланып,

ысыла беретін»,- деген еді. С.Сейфуллин қазақ әдебиетінде «шешендік сөз» терминін алғаш айналымға енгізуші.

**Қажымұқан (Мұқан Мұңайтпасов) (1871–1948)** – Қазақтың атын дүние жүзіне паш еткен атақты балуан. Грек-рим күресінің шебері. Қажымұқан бұла күшімен жастайынан жүрген ортасына танылған. 1901 жылы Омбы қаласында өткен чемпионатта орыстың атақты да тәжірибелі балуаны И.Злобинмен кездескен. Петербургке барып, Ресейге «Ваня ағай» деген атпен әйгілі болған И.В. Лебедевтің мектебінде цирк балуандарының өнерін үйренеді. 1908 жылы Ресейдің ірі қалаларында әлем чемпионы Г. Лурих ұйымдастырған чемпионаттарға қатысып, «Ямогата Муханура» деген бүркеншік атпен аренаға шықты. Қажымұқан 1909 жылы Рига қаласында өткен дүние жүзілік біріншілікте 1-орын алды. 1910 ж. Мәскеу, Петербург т.б. қалаларда болып, П. Янковский, Г. Лурих, А.Аберг т.б. балуандармен белдесті. Қажымұқан осы жолы Оңтүстік Американы аралады. 1911 жылы Варшавада ұйымдастырылған әлем чемпионатында Қажымұқан Кіші алтын медаль иеленді. 1913 жылы Троицк қаласында өткен аса ірі халықаралық чемпионатта 18 балуанмен күресіп, бәрін жеңіп шықты. Қажымұқан Париж, Лондон, Берлин, Варшава, Будапешт, Стокгольм т.б. қалаларда өнер көрсетті. 1909-1911 ж.ж. Шығыс елдерін аралап, ирандық, түрік балуандарын жеңіп қайтқан сапарында ол «Қажы» деген атақ иеленді. Қажымұқан Кабулда, Тегеранда, Харбинде «Қара Иван» деген атпен күресті. Ол орыстың үш Иваны – Поддубный, Шемякин, Зайкинмен қатар тұрды. 1926 жылы Ташкентте Қажымұқан атақты орыс балуаны Клементий Бульді жеңеді. 1927 жылы Орынборда өткен КСРО чемпионатында қарсыластарының бәрін жер қаптырып, 1-орын алады. Осы жолы Қажымұқанға Қазақстан Орталық Атқару Комитеті «Қазақ даласының батыры» деген атақ береді. 1930 жылдары оған Кеңес өкіметіне қарсы әрекет жасады, яғни «Алаш» мемлекетін қолдады, Ресей Патшасының палуаны болған деген айып тағылып, Өзбекстан жеріне бас сауғалап қашуына тұра келді. Ұлы Отан соғысы басталғанда, Оңтүстік Қазақстанға қоныстанып, ел аралап, күш т.б. цирк өнерін көрсетеді. Барлық жинап-терген қаражатына әскери ұшақ сатып алып, майданға жібереді. Бірақ Кеңес үкіметі кешірім жасаған жоқ. Жасы ұлғайған кезде, мемлекет тарапынан не зейнетақы, не басқа да ешқандай да көмек болмай, тұрмыс жағдайы төмендеп, өмірінің соңы көптеген қиындықпен өткен.

Қажымұқан өз өмірінде 48 алтын, күміс және қола медальдар жеңіп алды. Алматы, Семей т.б. қалаларда оның атын иеленген көшелер бар. Астанадағы спорт кешеніне Қажымұқанның аты берілген.

**Балуан Шолақ, Нұрмағанбет (Нұрмұхаммед) Баймырзаұлы (1864-1916)** – Қазақтың айтулы сал-серілерінің бірі, халық композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпаз, күш өнерін көрсеткен, жауырыны жерге тимеген атақты палуан. Оның халық ортасына кең тараған лақап аты – Балуан Шолақ. Нұрмағанбеттің Балуан Шолақ атану себебін ел арасындағы әңгімелер былай түсіндіреді. Сағынайұлы Нұрмағанбет екі рет қажылыққа барған, ел ағасы болған, паң атанған керейдің ірі байы болған. Бір аста түйе балуанды жеңген балуан жігіттің жөнін паң Нұрмағанбет сұрағанда, «оның аты да Нұрмағанбет» дейді қасындағылар. Сонда паң Нұрмағанбет: «Ойбай-ай, жаман күшіктің атын бөрібасар деп қояды деуші еді, бұның аты енді Балуан Шолақ болсын», - деген екен дейді. Нұрмағанбеттің бір саусағы кем, шолақ болған екен. Балуан Шолақ Сарыарқаның тумасы, Ұлы жүз Дулат тайпасының Сәмбет руының өкілі. Баймырза Көкшетау өңірінде, Атығай-Қарауыл елінде ағаш шебері болған. Сол жерлерде Нұрмағанбет те туып-өскен. Анасы Қалампыр қарулы кісі болған Балуан Шолақ та осы анасына тартып, теңдессіз алып күштің иесі болған. 14 жасынан бастап күреске түсіп, ат құлағында ойнаған спортшы болған,

шауып келе жатқан ат үстінде әр түрлі күрделі жаттығулар орындаған: жүйткіп келе жатқан ат үстінде түрегеліп, не басымен тұруы, аттын бауырынан өтуі, бір аяғын үзеңгіге қыстырып, шалқалап жатып шабуы бойындағы жойқын күшті, ептілікті шебер игере алатындығын, қазақтың далалық цирк өнерінің іргетасын қалағандығын айтақтайды. Он төрт жасынан бастап өзінен ересек келген балуандарды жыққан. Омбы қаласында, Қоянды жәрмекесінде өнер көрсеткен, түйе палуандардың қабырғасын сындырған. Көкшетау қаласындағы үлкен жиындарда 51 пұт (816 кг) кірдің тасын көтеріп, дүйім жұртты таң қалдырған. 1899 жылы орыс Иван Корень деген балуанның қабырғасын сындырғанда Балуан Шолақ 35 жаста болған. Балуан Шолақ ән-күйге жасынан құмар болып, ел аралап, салдық құрады. Оның қасында үнемі әнші-күйші, палуан, өнерлі жастар жүреді. Балуан Шолақ Қарқаралы, Көкшетау, Баянаула, Семей, Қараөткелде болып, Сарысу, Нұра бойындағы елдерді түгел аралайды. Біржан сал, Ақан серіні ұстаз тұтып, олардың шығарған тамаша әндерінің орындаушысы болған. Сарыарқаның әсем әндерін Жетісуда жүріп орындаған. Өзі де өлендетіп ән шығарады. Балуан Шолақ қазақтың әншілік өнерінің дамуына үлес қосқан композитор. Халық ортасында кеңінен тараған әндері - «Ғалия» мен «Сентябрь». Сондай-ақ «Ашылы-айырық», «Балуан Шолақ», «Желдірме», «Дікілдек», «Көкшетау», «Қосалқа», «Қос барабан», «Қос перне», «Құлан кісінес», «Кенже қоныр» сияқты әндері бар. Оның әндерін орындаушылар - Ж. Елебеков, М. Көшкімбаев, М. Тырбаев, Ж. Кәрменов, Қ. Байбосынов және басқа белгілі қазақ әншілері. Балуан Шолақтың көптеген әндерін Жетісуда Кенен Өзірбайұлы үйреніп, халыққа таратады. Сарыарқаның жұртын көркем сазды әуенімен тербеткен Балуан Шолақ, халыққа өнерімен қызмет еткен. 1916 жылы болған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан Нұрмағанбет Баймырзақұлы 1916 жылы Өзектісайда дүниеден өткен. Қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов Балуан Шолақтың өмірі мен шығармашылығын деректі әрі көркем түрде суреттейтін еңбек жазған. Алматыдағы спорт сарайы Балуан Шолақ есімімен аталады.

**Шашубай Қошқарбайұлы (1865-1952) - Қарқаралы уезінің Дадан Тобықты-Ақсақ руынан. Халық ақыны, әнші, әрі композитор. Өнер қайраткері. Ел арасында «Ақ қайын», «Майда қоңыр», «Жетім қыз» және басқа әндері кең тараған. «Ақтанберді», «Қамар», «Сұраншы-Бөкей» жыр-дастандары бар. Суырып салма айтыс ақыны ретінде Жамбылмен айтысқан. Қоянды жәрменкесінде өнер көрсеткен. Атап айтқанда, шауып келе жатқан ат үстінде көрсеткен өнеріне халық көп жиналған. Сырнайда өте шебер ойнаған. Өзінің тілегі бойынша Бектаутада (Әулиеата) жерленген.**

Шашубай ақынның аталас ұрпақтары да, қазақ еліне белгілі қоғам қайраткерлері. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінде жауапты қызметтер атқарған, генерал Совет Жақыпбеков, Астана қаласының кітапханалар жүйесінің бас директоры Сапарғали Медеубеков, еліміздің Мәдениет және Спорт Министрлігінде Басқарма басшысы Еренай Даржибаев, Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінде Басқарма басшысы Берікбол Құрманбаев, Қарағанды облыстық сотының судьясы Наурызбай Бесембаев, Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің зейнеткері Өмірбай қажы Исатаев.

Ақтоғай өңірінде көп жыл бойы басшы қызметтер атқарған, елге сыйлы азаматтың бірі **Қауаз Мұқажанұлы** ағамыздың аузынан жазылып алынған, Қаракесек ішіндегі Сарым-Құлық руынан болатын **Құлеке мен Бабеке** батырлар туралы төмендегідей әңгімені толықтай ұсынып отырмын.

Кенесары-Наурызбай көтерілістерінің бас қолбасшысы Ағыбай Қоңырбайұлы жорық жолында келе жатып қасындағы батыр серіктестерінен нағашыларын сұрапты. Нелер ығай-

сығай сол замандағы қазақтың әр руынан шыққан батырлар өздерінің батыр, данағөй нағашыларын айтып мақтанысыпты. Тек, Құлеке мен Бабеке ғана үндемеппі. Сонда Ағыбай: «Бабеке, Құлеке неге үндемейсіңдер?» - десе, Бабеке: «Біздің нағашыларымыз нашарлау, кедей адам», - депті де қойыпты. Себебі, Бабекенің тілінде аздап тұтықпалық бар екен, содан аз сөйлейді екен. Бірақ, Құлеке сөзге жүйрік болыпты, соны білетін Ағыбай: «Құлеке, сен айтшы», - депті. Сонда Құлеке: «Біздің нағашыларымыз жерімізден жырақта, Атығай-Қарауыл елінде, аты Сәрке», - деген екен. Ағыбай ат үстінде ұшып кете жаздап: "Ей, сендерге алып күш қайдан келді десем, Сәркеден келген екен ғой! Мен басқа әңгімені айтпай-ақ қояйын. Бірде ауылын жасақталып келген 50-60 жау шауып, бір ата елдің еркек кіндігін тегіс сойылға жығып кеткенде, 93 жастағы Сәрке желі басында қалып қойған кәрі биені жайдақ міне салып, құдық басындағы қауғаны алып, жаудың артынан қуып барып, бәрін жеңіп, елдің жылқысын қайтарып әкелген. Оны сендер неге айтпайсыңдар, сендер соған тартқан екенсіңдер ғой», - депті. Екі батырдың әкесі Қармыста егі тірі, батыр жігіт болыпты, уақытында арқаның теріскейінде, башқұрттар мен орыс казактарының зорлық-зомбылығына қарсы, қазақ жасақтары жорықтарына қатысып жүріп, Атығай-Қарауылдан қалыңдық алыпты. Қалыңдығы Атығай-Қарауылдың атақты батыры Сәркенің қызы болған екен.

Сәрке батыр туралы 1960-1980 жылдар көлемінде "Қазақ әдебиеті" газетінде бір қысқаша мақалада басылған еді. Ол кезде жете білмегендіктен, ескермеген едім. Тек, Сәрке Балқадіша (Ақан серінің әнінің кейіпкері) Қарауыл елінен екен деген мазмұны жадымда қалыпты. Кейін үлкендерден Сәрке батыр туралы естігенде, сол кісі шығар деп ойлады. Анамыз ерекше денелі, сары кісі болыпты, аты әкелеріміздің жадында болмады, аузы үлкен адам екен, содан қайындары "Балықауыз" атап кетіпті. Артылған жүкті түйе болдырып көтере алмағанда, жүгін арқалап жүре береді екен. Бала туғанда бір қойдың етін бір өзі жеп, сорпасын бүтіндей ішіп, белін буып, отынға жүре береді екен. Басқа әйелдердей орауда отырмайды екен, алып күш иесі болыпты. Қаракесек ішіндегі Сарым- Құлық руынан болатын Қармыстан үш ұл туған. Олар Бабеке (1812-1905), Құлеке (1815-1907) және Тілменбет. Бабеке жүзі сары, көзі көк, ортадан жоғары бойлы, мойыншұйдесі, иығы тұтас біткен, өз атынан басқа ат көтере алмайтын, жаяу жүгірсе бәйге аттан қалыспайтын, Ертіс өзенінен ерсілі-қарсылы кесіп өтетін, балықша жүзетін, ат үстінде түрегеп тұрып та, қолынмен тұрып та, бауырынан айналып та, өнер көрсетеді екен, табиғаты ерекше жан болыпты. Аты болдырса, арқалап жүріп кетеді екен, қолына қару ұстамайды екен. Ағыбай бір жорықта: "Бабеке, қаруың қайда, өткен жолы да қаруың болмады, қалай?" - десе, "Тәйірі-ай, барған соң біреуі бермей ме?" - деген екен және ұрыс барысында жауды жұдырығымен ұрып жығып, тартып алады екен. Құлеке қызыл шырайлы, екі көзінің ағы қан қызыл, кірпігі көзін жұмғанда бетінің ортасына дейін жететін ұзын бойлы, аттылы кісінің биіктігімен бірдей, ұзын, ағасындай емес ашандау адам болыпты. Сөзге шешен, өлең де, ән де шығаратын зор дауысты әнші, домбырашы болыпты. "Алыс жолдан елге кайтқанда "Әуез-ай, әнім менің" деген әнін айтып келуші еді, ол әнді қазір басқа атпен, басканың әні деп радиодан беріп жүр. Басқа ән-күйлерін де халықтікі деп, не басқа адамдардың атымен береді", - дейтін батырдың көзін көрген данағөй ақсақалымыз Сымахан Нұрмұқанбетұлы (Әлихан Бөкейханның кенже інісі). «Аққу», "Бозайғыр", "Қоңыраала қаз" деген күйлерін жүзге тақап, 1974 жылы қайтыс болған Исаның Өмірбегі тартып отыратын. Тілменбет шешен, біреудің дауын мал беріп сатып алып, жоғын жоқтайтын тапқыр, өте ширақ адам болыпты. Бабеке, Құлеке ер жеткен кездерінде Қарауыл ішіне барып жүргенде сол кезде патшаға қарсы көтеріліске шыққан Есенгелді, Саржанның қарамағына да ілігіп, көтеріліс 1836 жылы басылғаннан кейін, 1837 жылы басталған Кенесары-Наурызбай соғысына қатысып кеткен дейді. Бұл соғысқа біздің Тоқырауын бойынан осы екі кісі, Боқсары Барлыбай руынан Теңізбайұлы Тәттігүл қатысыпты. Тәттігүл екі батырдың қос иесі болған адам екен, өзі әлжуаз, аласа бойлы, өлеңші, әңгімешіл, күлдіргі, домбырашы болыпты, сол соғыста жүріп оңтүстіктен қырық өтірікті, тазша баланың әңгімесін үйреніп келіп,



елге таратқан екен. Осындай қисынсыз әңгімелері үшін оны ел "Жынды, есуас" деп атап, мазақ етеді екен. Бірде көтеріліс басылып, ел тынышталған кезде Ағыбай батыр Сарым Шабанбай би ұрпағы Шоңбай құдасының үйіне келіпті. Шоңбайдың Бөлкенбай деген баласының үшінші әйелі Патсайы Ағыбай батырдың қарындасы екен. Кешке қонақтар үйге жайғасқан соң, даладан айқай-ұйқай шығып, "Кет, жынды, кірме!"- деген ұрыс-керіс сөздер айтылып жатыпты, бір уақытта есік ашылып, жұлқысқан адамдар үйге кіреді. Ағыбай батыр жүзін көтеріп қарапты да, орнынан атып тұрып, жүгіріп барып: "Құтым-ау, қайдан жүрсің?"- деп, Тәттігүлді бауырына басып, қолынан жетектеп, қасына отырғызып, амандығын сұрапты. Ан-таң қалған, отырған ақсақал, қарасақалдарға: "Бұл Тәттігүл біздің құтымыз еді, бұл күзетке шыққанда жылқыларымыз аман болатын, ере шықса жолымыз болатын, шаршағанда түрлі ойын көрсетіп, ән салып, домбыра тартып, күлдіргі әңгіме айтып, көңілімізді көтеруші еді",- деп ойланып қалыпты, содан Бабекені, Құлекені сұрапты. Тәттігүл: "Бабеке Сібірге, итжеккенге айдалып кеткен. Құлеке соғыстан келген жоқ",- депті. Құлеке 1847 жылы соғыс болған жерден біраз үзеңгілес жігіттермен елге қайтпай, Ташкент жаққа кетіпті. 1847-1856 жылдар аралығында Ташкентте болған әртүрлі бұлғақ қақтығыстарға қатысыпты. Содан 1857 жылы елге келіпті. Келген соң, елдің есебіне ілігу үшін және жер алу үшін Омбы әскери-губернаторына өтініш беруге міндет болған. Себебі, Құлеке 20 жылдай елде болмаған, есепке алынбаған. Осы өтініштің арабша 1857 жылы 10 қыркүйекте жазылған қазақша нұсқасымен қатар, орысша аударылған нұсқасының ксеро-көшірмесін біздің елдің белгілі азаматы, ғалым Әбішев Қабылсаят Әзімбайұлы Қазақстанның Мемлекеттік архивінен (Ф 345 ОП 1 25.XI. 1857 №2026) алып келді. Құлекенің осы өтінішін растап, қазіргі Ақтоғай, Шет аудандарының елінен сол уақыттағы белгілі ел басшылары, игі жақсыларынан 44 адам, оның ішінде Тоқырауын болысы Шоңбай, батыр Ағыбай Қоңырбайұлы да бар, қол қойып, мөрлерін басып, куәлік жасаған екен. Осы өтініш қаралып, Омбы әскери-губернаторы 11.XI.1857 жылы №5615 шешімімен (шығыс №2356 15.XI. 1857ж.) өтінішті қанағаттандырыпты. Бабеке айдауда дегенде Ағыбай терең күрсініп: "Шіркін, Бабеке бақсыз батыр ғой, мен ғұмырымда ондай батыр, мен көрген адамзатта ондай күш иесін көргенім жоқ. Ақмоланың бекінісін бірінші бұзып кірген Бабеке еді. Сол үшін Кенехан "Қабан" батыр деп атақ беріп еді. Оның адамгершілігі де керемет еді. Біз Кекілік тауында қоршауда қалдық, күші бірнеше есе көп жау әскері біздерді қоршап ықтыра бастады, күш сарқылып әскер қаша бастады, біз де жан аямай соғысып келеміз. Бір уақытта "Акке, Акке" деген Наурызбайдың дауысы (мені «Акке» деуші еді) шықты, қарасам бір биікте Кенесары отыр, қасында қылышын көтеріп қорғап Наурызбай тұр. Менің бұрылуыма мүмкіндік болмады. Осы уақытқа дейін Науанның дауысы құлағымнан кетпейді. Сол уақытта атым да оққа ұшты, жаяу қалдым, артта келе жатқан Бабеке атынан түсіп, атын көлденең тартып: "Мін!"-деді. Өзі аттың құйрығынан ұстап, бір қолымен соғысып келе жатқанда, ат бір өзеннен секіріп, Бабеке сол жерде қалды. Содан Бабеке өзенге секіріп, өзеннің қамысына кіріп, бір қамысты тістеп, судың астында отырыпты. Жаулар қамысты өртеп, Бабекені таба алмай қайтып кетіпті. Атын кейін елге кайтып келген соң әкетті. Бабеке елге келген соң тұтқындалып, түрмеде бетіне "өте қауіпті жау" деген таңбаны күйдіріп басқан екен. Үш рет итжеккенге айдалған, үшеуінде де қашып келген. Сібірде айдауда жүріп, үшінші рет қашқанда, темір кісендегі аяғын босату үшін, өз майтабаның өзі өткір пышақпен кесіп тастап, көп қиыншылықтарды басынын өткеріп, бірнеше айдан кейін ғана елге жетіпті. Сондықтан да, Бабекенің басын не өлідей, не тірідей әкеп бергенге патша үкіметі бәйге тағайындапты. Бірақ, туған елі оны бірнеше жыл бойы тығып ұстапты. Тіпті, Бабеке өлгеннен кейін де сүйегін аламыз деп арнайы адамдар екі рет келіпті. Бірақ, ұрпақтары, туыстары Молдаш деген қыстақтың жанындағы өзінің Балсұт деген қызының бейітіне жерленген жерінен казып алып, қыстың күні Монша қыстағындағы Жақсылық деген баласының үйінің қабырғасының астына қойып, жаз шығысымен елеусіз бір сайға апарып, жасырып жерлепті. Менің әкем Мұқажан, батырды көзі көрген ағалары Құдабай, Өмірбектің көрсетуімен 1946 жылы қабірін

көтеріп, жөндеген екен. Мен 1991 жылы батырдың басына шойыннан құйдырып ескерткіш орнаттым. 1838 жылы Нұра өзенінің басында Сарым елінің Өтеміс тармағынан шыққан батагөй Шабанбай би мазарын тұрғызып жатқанда Кенесары әскері Ақмола бекінісін алды деп хабар жетіп, ел сол мазарды бітірмей көше жөнеліпті. Мазардың күмбезі бітпей қалыпты. 1993 жылы ол кісінің мазары қайыра салынғанда, ескі мазары сол күйінде ішінде қалды. Ақмоланы алу Кенесары әскеріне оңай болмапты. Өйткені, Ақмола орыс үкіметінің қазақ жеріндегі жан-жақты жабдықталған күшті тірегі болған. Сондықтан да, Ақмоланы алу Кенесары әскері үшін, қазақтар үшін үлкен маңызы болған. Осы бекіністі алуға Бабеке де, Құлеке де қатысыпты. Соғыстың бір сәтінде қарша бораған оққа қарамай, Бабеке өзінің «Көкаламойын» деген атымен бекіністі бірінші болып бұзып кіріпті. Соғыстан соң осы ерлігі үшін Хан Кенесарыдан "Қабан батыр" деген атақ алыпты. Ағыбай айтқан екен, соғыстан қайтқан соң Бабеке менен «Көкаламойын» атын алып кетті. Сол ат мені жаудан құтқарып еді. Атына бір жақсы ат қосып және шымқай қара аладан салған бір үйір қысырақты қосып беріпті. Бабеке оған қатты риза болып аттанған еді. Осы Шоңбай ауылында кездесуден кейін Тәттіғұлды да елі жынды деуді қойып, өлгенінше сыйлап өтіпті. Батырдың «Көкаламойын» аты ерекше ат болса керек. Өмір бойы тіпті, қартайып өлер шағында да: "Шіркін, Көкаламойыным-ай!" - дейді екен. Бірде сапар шегіп келе жатқанда бір үйір құлан кезігіп, «Көкаламойынымен» қуып жүріп, бұғалық салып айғырын ұстап алып, елге алып келіпті. Құланның айғырын қазақтар "әңгі" десе керек, әңгіні семіртуге жіберілген бір жуан тұғыр атқа қосақтап, үйірге қосып жіберіпті. Екі-үш айдан соң жылқышылар үйренген шығар деп күн көтеріле босатып жіберіпті. Әңгі ойнақтап, үйірді үш айналып, қаша жөнеліпті. Жылқышылар қуып жете алмай, ауылға келіп, батырға айтыпты. Бабеке атына ер салып, сусынын ішіп, құланың бағытына қарай жүріп кетіпті. Ауылдан ұзасымен аттың басын қоя береді, түс ауа әңгінің қарасы көрінеді. Содан қуып жетіп, тақымға басып, ел орынға отырарда ауылға жетіпті. Аттың жағдайың қазақтар осылай сынаса керек. Сөйткен «Көкаламойын» бір жорықта биік жардан секіргенде мойны үзіліп өлген екен. Бұл кісілердің жорықтары, ерліктері ел ішінде көп айтылады, аңыз әңгімелері көп. Ата-анамыз олар туралы үлкендер әңгімелегенде, біздің тыңдауымызға, тіпті, "ұрпағымыз" деп айтуға рұқсат етпеді. Біз солай өстік және уақыт та солай болды. Солардың тұқымдары көп қудаланды. Бабеке ұрпақтарынан ел ішінде ешкім қалмады. Үлкені Жақсылықтан жалпы ұрпақ жоқ. Бабеке жерленген соң, Есенкелді, Тілеулі деген балалары Қарқаралы, Қарағайлы, одан әрі Семейге кетіпті. Тілеулінің ұрпақтары қазір Талдықорғанда, Алматыда тұрады. Есенкелдіден ұлы Қоғабай, Сия, Қалам деген екі қыз болыпты, ешқайсысы елге жолай алмапты. Бұл батырлар туралы Орынбордың, Омбының, Семейдің және Алматының архивтерінде құжаттары болуы тиіс. Енді ғана еліміз егемендік алып, бодандықтан құтылған соң ғана еркін демалдық. Бұл екі бабамыз ел бостандығы үшін ақысыз, пұлсыз бастарын бәйгеге тігіп, жандарын шүберекке түйіп, сүйектерінің қайда қалатынын керек қылмай, бүкіл ғұмырын, тіпті кейінгі ұрпақтарының келешегін де бағыштап жіберді-ау. Қаншама ұрпақтары жазықсыз жапа шекті, тоз-тоз болды. Енді артқы ұрпақтарына Алла жақсылық нәсіп етіп, өздеріне Алла иман байлығын бұйыртсын. Біздің тілек-арманымыз сол.

Ақжолтай Ағыбай батыр өзінің саналы өмірінде ержүректілігімен, баһадүрлігімен, көрегендігімен, аты көзі тірісінде ұранға айналып, өле-өлгенше, еліне елеулі, халқына қалаулы болып, кейінгі ұрпаққа өшпес үлгі болып қалды.

Ақ сұңқар құстың баласы,

Ұяда алтау болмас па.

Ұяда алтау болғанмен,

Оның ішінде біреуі-ақ алғыр болмас па?!

Алғырының белгісі,

Ұзақтан жемді ілмес пе.

Бірге туған ұялас,

Бізге сауға демес пе.

Өзі аштан өлсе де,

Айырып жемін бермес пе ?!

Сөйтіп жүрген кезінде,

Алғырынан айрылса,

Қанаты түптен қайрылса,

Құс жаманы жапалақ,

Оған да қор болмас па.

Адамзаттың баласы,

Атадан алтау тумас па,

Атадан алтау туғанмен,

Оның ішінде біреуі арыстан болмас па?!

Арыстанның барында,

Жорғасы болса мінісіп,

Торқасы болса киісіп,

Толғамалы қамшы алып,

Толағай да, толағай дәурен сүрмеспе?!

Сөйтіп жүрген кездерде,

Арыстаннан айырылса,

Қанаты түптен қайырылса,

Ел ішіне жау келсе,

Өтініп оны ала алмай,

Алдына келген жақсының,

Қадірін оның біле алмай,

Қадір-құрмет қыла алмай,

Артында қалған жамандар,

Бас-басына тозбас па?! -

делінетін Бұқар жыраудың ұлы толғауы Ақжолтай Ағыбай батыр сияқты, елдің елдігі мен еркіндігі үшін күрескен халқымыздың асыл ұлдарына арналған.

## **6. Ақжолтай Ағыбай батырдың ақжолындағы атқарылған игі іс-шаралар**

Қазақтың соңғы ханы Кенесары бастаған ұлт-азаттық күресінің бас қолбасшысы, әрі қаһарманы, өзі көсем, өзі би, әрі шешен болған атақты Ақжолтай Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойы 2002 жылы Қарағанды облысында аталып өтті. Тойға ешқандай да жергілікті бюджеттен ақша бөлінбей, халық пен батырдың ұрпақтарының жинаған қаражатымен ұйымдастырылып, өте жоғарғы деңгейде өтті.

Облыс зиялы қауымының (соғыс, еңбек ардагерлері, облыс орталығындағы ақын-жазушылар, ғалымдар, профессор-академиктер, барлық жоғарғы оқу орындарының ректорлары) өтінішіне байланысты, Қарағанды облысының әкімінің Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойын әзірлеу және өткізу туралы 12.02.2002 жылға № 28 шешімінің №№ 6,7, 8,13 іс-шараларының пункттеріне сәйкес мерейтойды өткізу жоспарында: Балқаш қаласында Ағыбай батырға ескерткіш орнату, батыр кесенесін қалпына келтіру жұмыстары мен Ағыбай батыр есімін Қарағанды қаласының бір орталық көшесіне беру де енгізілген болатын. Бірақ бұл игі істер, көп жыл бойы тек қағаз жүзінде қалып, атқарылатын іс-шаралар «қаржы тапшылығына байланысты» деген қала, облыс шенеуліктерінің «сыныққа сылтауымен» көп жыл бойы іске аспай қалды. Кезінде, Кеңес үкіметінің қыспағына қарамай, Қаныш Сәтпаев пен Әлкей Марғұланның қолдауымен, 1949 жылдан бастап Ақжолтай Ағыбайдың кесенесі халқымыздың мәдени мұрасы ретінде мемлекетіміздің қарауына алынған (Памятник культовой архитектуры и истории. Памятник республиканского значения. Пост. Сов. Мин. Казахской ССР №133 от 17.02.1949 г.). Өкінішке орай, Кеңес дәуірі кезінде белгілі-белгісіз себептермен 40 жылдан астам, осы тәуелсіздік алған 12-13 жылдың ішінде оған ешқандайда жөндеу жұмыстары жүргізілмей, көп жыл бойы өз шешімін таппай қойды.

Көп жыл бойғы, халқымыздың мәдени мұраларына жанашыр республикамыздың зиялы қауымының жоғары жаққа жазған бірнеше өтініштері ескерусіз қалып, ешқандай да жауап болған жоқ.

Жоғарыда көрсетілген қиыншылықтарға қарамай, Ақжолтай Ағыбай батырдың қазақ халқына сіңірген еңбегін дәріптеуге арналған бірнеше игі іс-шаралар атқарылды.

Сондықтан, оқырман қауымға «Ағыбай батыр қайырымдылық қорының» қай жылы және қалай құрылғанын, қордың құрылуына қандай себептер түрткі болғанына тоқталып өтейін.

1998 жылы Балқаш қаласында апта сайын шығып тұратын орыс тілді «Пульс» газетінде Т. Тоқтамысовтың Ағыбай батырды даттаған мақаласы шықты. Т. Тоқтамысов деген азамат - өзі кезінде Балқаш қаласындағы «Кен-металлургиялық техникумының» көп жыл бойғы директоры болып қызмет атқарған белгілі адам еді және бұл мақала басқа ұлттың белсенділерінің тапсырысы бойынша жазылған болатын. Оның себебі, сол уақытта Балқаш қаласындағы бұрынғы көшелердің аты өзгертіліп, қазақ халқына сіңірген еңбектеріне қарай, атақты азаматтардың аттарымен атала бастап еді. Атап айтқанда, Балқаш қаласының орталық, әрі ұзын көшелерінің бірі Матросов көшесі Ағыбай батыр көшесі болып аталып еді. Осы көшенің атының өзгертуіне қарсы болған басқа ұлттың топтары Т. Тоқтамысовты алға салып, астыртын шабуылға көшкен еді. Ал, Т. Тоқтамысов осы мақала арқылы өзін басқа ұлттың өкілдерінің арасында көп білетін тарихшы ретінде «авторитет» жинап алғысы келді. Бір айта кететін жайт, осы мақаладан кейін Балқаш қаласының игі жақсыларының бәрі

Тоқтамысовты жек көріп, теріс айналып кетті. Тіпті, «Пульс» газетінің бас редакторы Старожуктің өзі газет арқылы Т. Тоқтамысов үшін және газетке жалған деректі мақаланы жариялағаны үшін, Балқаш қаласының халқынан сол газет арқылы кешірім сұрады. Мен ол кезде Балқаш қаласының ішкі істер басқарма бастығының орынбасары едім. Сол уақытта менің жұмыс орныма Ақжолтай Ағыбай батырдың ұрпағы - Зәрукүл апай келіп: «Қарағым, Жұмағұл, мен сені сыртынан танимын. Өзін бізге жиен, әрі атақты Ағыбайдың Тасаралының тумасы екенсін, «Пульс» газетіндегі Т. Тоқтамысовтың Ағыбай батыр туралы жазған теріс пиғылды мақаласын оқыған шығарсын. Менің өмірімнің мәні мен сәні Ағыбай бабама арналған. Сондықтан, бірнеше жыл бойы республика-облыс көлеміндегі басшы шенеуліктердің табалдырын тоздырып келемін, бірақ ешқандай да нәтиже жоқ. Олардың бәрі: «Апай, Ағыбай батырды жақсы білеміз, іс-шаралар ұйымдастырамыз, ал енді бара беріңіз деп», - шығарып салады да, одан кейін ешқандай хабар-ошарсыз кетеді. Ал енді, Жұмағұл мен саған үлкен сенім артып келіп отырмын, Ағыбай бабаға арналып атқарылатын барлық іс-шараларды өзін басқар және бұл іс-шараларды ұйымдастыру тек сенін ғана қолыңнан келеді. Ал, мына Т. Тоқтамысовқа қалай жауап беретін туралы да өзін қолға ал. Менің қолымнан ештеңе келмейді», - деп маған аяқ астынан қолқа салып, үлкен жүк артты. Мен Зәрукүл апайға, маған сенім артқанына үлкен рахмет айтып, ойлануға уақыт беруін сұрадым. Ал Т. Тоқтамысовқа келсек, ол адам Балқаштың белгілі азаматтарының «халықтан газет арқылы кешірім сұра» дегендеріне, көнбей отыр. Сондықтан, тек сотқа шағымдану керек екенін баса айттым.

Осыдан кейін мен бірнеше күн ойланып-толғандым. Өйткені, Ағыбай бабаға арналып атқарылатын іс-шараларды басқару өте ауыр жауапкершілік болатын. Одан басқа, мен мемлекеттік қызметкер едім. Бірақ, азамат ретінде мен дайын едім. Оның бірнеше алғы шарттары бар еді.

Біріншіден, мен Ақжолтай Ағыбай батырдың ауылының тумасы едім; Екіншіден, мен ес білгелі Ағыбай батыр туралы аңыз-әңгіме-жырларға қанық болатынымын. Тіпті, біз бесік жырының орнына Ағыбай батыр жырын тындап, тәтті ұйқыға кететін едік; Үшіншіден, осы батырдың ерлігі туралы жыр шумақтар Тасаралдың жас ұрпақтарына екі еселеп күш-қуат, рух беріп, үлкен сенім арқалататын. Жастардың бәрі Ағыбай батырға ұқсап нағыз ер болғысы келетін; Төртіншіден, 1994 жылы тұңғыш қызым – Меруерт кенеттен қайтыс болып, үлкен қайғыға душар болғанда, нар тұлға, айтулы азамат, ағам – Кеңтай Ахметов Тайатқан-Шұнақтағы Ақжолтай Ағыбай батырдың күмбезіне дұға оқып, оның аруағына сыйынып, әулиелігіне зиярат етіп қайту үшін арнайы апарып еді. Бізбен бірге Өмірбай қажы да барды. Мен сол Ағыбай батырдың басына түнеп шыққаннан кейін, бабамның ақ батасын алып, өмірге деген көзқарасым өзгеріп, ол жерден орасан күш-қуат алып, өле-өлгенше бабама қызмет қыламын деп ант берген едім. Сол 1995 жылы менің де жолым ашылып, асыл қызым – Ағжан дүниеге келді және он жыл бұрын, яғни 1985 жылы қызметті қатардағы тергеушіден бастаған, Тоқырауын ауданының жаңадан құрылған Мемлекеттік Тергеу Комитетінің бастығы болып тағайындалдым. Бір жарым жылдан кейін, Балқаш-Приозерск қалалары мен Ақтоғай-Шет аудандары қарайтын Балқаш аумақтық Мемлекеттік Тергеу Комитетін басқардым. Бірақ, бұл осы күнге дейін ешкімге айтпай келген құпия сырым еді. Ал енді бұл болған оқиғаны қазіргі кезде барша халыққа айту керек деп шештім. Өйткені, елдің арасында мен туралы әр түрлі «қитұрқы» әңгімелер болды. «Піскен асқа жеуші көп, біткен іске сыншы көп», - дегендей, жеуші де, сыншы да көбейіп кетті. Тіпті: «Батырдың ескерткіші мен күмбезін менің қаражатым мен еңбегімнің арқасында жасалды», - деген бірнеше «алаяқтар» пайда болды. Одан сорақысы, ешкімнен ұялмай-қызармай, халықтың алдында өтірікті шындықтай айтып отырған адамдарды өзімнің құлағым естіді.

Ал, шындығы бүгінгі күні сол уақытта алға қойған мақсаттарыма жеттім деп ойлаймын. Атап айтқанда, Ақжолтай Ағыбай батырға арнап баспадан үш кітап жарыққа шықты. «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кенесары хандығының саяси құрылымы және Ақжолтай Ағыбай батырдың қазақ әскерін басқаруы мен жүргізген биліктерінің қазақ мемлекетін қалыптастырудағы саяси-құқықтық маңызы» атты ғылыми-зерттеу тақырыбына 12.00.01. – мемлекет және құқық теориясы мен тарихы мамандығы бойынша заң ғылымдарының кандидаттығына ізденуші болып тіркелдім. Екі мақалам елімізге белгілі ғалым-академик, «заң саласының атасы» атанған С. Зимановтың басқаруымен жарық көрген он томдық «Қазақтың ата заңдары» атты ғылыми жинақтың IX-X томдарына кірді. Одан басқа, бірнеше мақалаларым ғылыми конференцияларды оқылып, бүгінгі күнге дейін газет-журнал беттерінде тұрақты түрде жарияланып келеді.

2007 жылы Балқаш қаласындағы бабама арналған салт атты ескерткішті Елбасының өзі келіп ашып кетті және кесене-күмбезі екі рет күрделі жөндеуден өтіп, басына қонақ күтетін екі үй салынды. Осы жауапты іс-шаралардың бәрінің басы-қасында өзім жүрдім және оған барша халық куә.

Бірнеше күндер өткеннен кейін, маған Зәрукүл апай тағы да келді. Мен бірінші кезекте Алматыдағы «Ағыбай батыр қорына» хабарласып, сол қордың атынан Балқаш қалалық сотына Т. Тоқтамысовтың мақаласына талап арыз дайындауды және тез арада газет-журнал беттеріне Ақжолтай Ағыбай батыр туралы мақалалар жариялауды ұсындым. Осыдан кейін, мен өзім Балқаш қаласындағы газет-журналдарға бірнеше мақалалар жарияладым. Алматыдағы қорды басқарып отырған азамат: «Қорды қаражат жоқтығынан жапқалы жатырмыз және Балқашқа келіп сотқа қатыса алмаймыз, керек болса қордың атынан сотқа қатысу үшін бір адамға сенім хат берейік. Сондықтан, Балқаш қаласынан жаңа қор ашқандарыңыз дұрыс», - деп шындықты айтты. Осыдан кейін ақылдаса келіп, Балқаш өңіріне белгілі өзі сазгер, әрі ақын ағамыз Көпболсын (Көбен) Бекмағанбетов сот отырысына қатысатын болып шешілді. Бірнеше рет сот отырысы болып, Балқаш қалалық, Қарағанды облыстық соттарында және Жоғарғы Сотта Т. Тоқтамысов ұтылды. Осыдай кейін көп ұзамай, Т. Тоқтамысовтың өзі белгісіз жағдайда кенеттен қайтыс болып кетті.

1998 жылы осы жолдардың авторының ұйытқы болуымен Балқаш қаласында «Ағыбай батыр қайырымдылық қоры» ашылды. Сол жылдан 2002 жылға дейін қайтыс болғанға дейін Исабеков С. қордың төрағасы болып сайланып, біраз іс-шаралар атқарылды.

2000 жылы мен қызмет бабымен Қарағанды қаласына ауыстым. Қарағанды қаласына келген бетте, Қарағанды облыстық мәдениет басқармасының бастығы Омарбекова Рымбала апамызға жолығуға бардым. Бірақ ол кісі командировкада екен, хатшы қыз Қарағанды облыстық мәдениет басқарма бастығының орынбасары Қайырбек Садуақасовтың орнында екенін айтты. Қайырбек Садуақасовтың кабинетіне кіріп, амандасып қандай шаруамен келгенімді айтқан кезде, ол кісі орнынан атып тұрып, мені құшағына алып: «Апырай, міне Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойына екі-ақ жыл қалды, ол кісінің артынан іздеуші азаматтар табылмағаны ма?» - деп, күнде ойға батып отыратын едім. Сенің мынау алға қойып отырған азаматтық парызына көп рахмет. Бірақ осы іс-шараларды облыстың әкімінің қолдауы екі талай. Одан басқа, Қарағанды қаласы әлі орыстар басым қала, қазақтары да орыстанған. Сондықтан бізге біраз тер төгіп, газет-журналдарға көптеген мақалалар дайындау керек болады. Рымбала Кенжебалақызы командиров-кадан бірнеше күннен кейін келеді. Мен ол кісі келген бетте осы мәселе туралы алдын-ала сөйлесемін, содан кейін өзін келіп, үшеуіміз не істеу керек екенін нақтылап алайық. Мен бүгін жақсылап тұрып ұйықтайтын болдым. Іске сәт!» - деп мені Қайырбек ағам есік алдына дейін шығарып салды.

Бірнеше күн өткеннен кейін Қайырбек аға хабарласып, Рымбала апай екеуі мені тосып отырғандарын айтты. Рымбала апамызды бұрыннан танитын едім, ол кісі Тиышбала жеңгеміздің (бір туар азамат, марұм Бүкібаев Тілеубай ағамның әйелі. -Автор) бала күнінен бірге өскен жан құрбысы болатын. Рымбала апай мені жылы қарсы алып: «Қайырбек ағаң барлық іс-шараларды баяндады. Менін өзім қолдаймын, бірақ оңай шаруа емес, біріншіден Қарағанды облысының әкімі К.Е. Мұхамеджановтың қолдауы қажет. Сондықтан Қарағанды қаласының игі жақсыларының атынан облыстың әкімінің атына хат дайындау керек, ал бұл жауапты міндетті өзін атқар және облыстың әкімі қолдау жасаған уақытта тағы кездесейік. Бүгіннен бастап, Қайырбек ағаң іс-шаралардың тізімін дайындай береді», - мені шығарып салды. Осыдан кейін мен досым – «Болашақ» Университетінің ректоры Нұрлан Дулатбековке жолығып, ақыл-кеңес сұрадым. Нұрлан Орынбасарұлы Қарағанды қаласының игі жақсылары – ақсақалдар, белгілі ақын-жазушылар, ғалымдар мен ректорлардың тізімін атап, облыстың әкімінің атына хаттың қандай түрде жазу керектігі туралы ақыл-кеңесін тәмпіштеп айтып берді. «Жасыратыны жоқ, облыстың әкімі ағасы Мәлік Имашевті («Тайный советник вождя») көп тыңдайды, сол кісіден бастағанын жөн», - деп маған дұрыс жол сілтеді. Мен бір жеті бойы үндеу хатты дайындағанда, қол қойғызатын тізімде қала бойынша 25-30 азамат болып шықты. Нұрлан досым айтқандай бірінші болып Мәлік ағамыздан бастадым, ол кісінің жұмыс орны «Шахтер» стадионында екен. Мәлік ағамыздың кабинетіне келіп, амандасып болып, келген шаруамды айтқанда, ол кісі маған: «Қош келіпсің, біз осы бір жеті бұрын ғана Ақжолтай Ағыбай батырдың басында болып, дұға оқыдық. Найман Қаратай батырды білесің, оның кесенесі Ағыбай батырға жақын жерде жатыр ғой, соған 5-6 автомашинамен барғамыз, Қазақстанның түкпір-түкпірінен ұрпақтары жиналды, Камалтин де (облыстың әкімі К.Е. Мұхамеджанов. - Автор) қатысты. Мен өзім Шет ауданың бірнеше жыл бойы басқарғам, сондықтан Ағыбай батырдың тарихын жақсы білемін. Ақжолтай Ағыбай батырдың мерейтойын республикалық көлемде міндетті түрде тойлап қана қоймай, бірнеше іс-шаралар өткізу керек. Мен бұл туралы облыстың әкімімен сөйлесем және ол кісі қолдайды», - деп, жылы-жылы лебіздер айтып, хатқа қолын қойып берді. Айналасы бір-екі айдың ішінде барлық 25-30 азамат бірауыздан қолдап, бәрі бір адамдай хатқа қол қойып берді. Осыдан кейін бұл хатты мен Қарағанды облыстық әкімдігінің кеңсесіне тапсырдым. Біраз уақыт өткеннен кейін, мені Рымбала апай шақырып, облыстың әкімінің «Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойына» арналған іс-шаралары туралы шешім жобасын дайындауға нұсқау бергенін және шешім жобасы мен іс-шаралардың жоспарын Қайырбек ағамыздың дайындап жатқанын, қосымша пікірлерді сол кісімен ақылдасу керектігін айтты. Осыдан кейін мен Қайырбек ағамызбен бірнеше рет кездесіп, екеуара келісіп, шешімнің жобасы облыстың әкіміне бекіту үшін жолданды. Бірақ, шешім жобасы көп уақыт бойы облыстың әкімдігінде жатып қалып, тек 2002 жылдың 12 ақпанында облыстың әкімі К.Е. Мұхамеджанов № 28 шешімге қол қойды. «Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойын әзірлеу және өткізу туралы» шешімді орындау үшін, құрамында он адамдық комиссия құрылып, алқа төрағасы және басты жауапты тұлға ретінде Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Е.Л. Тоғжанов бекітілді. Осыдан бастап, мен бірнеше рет Ералы Тоғжановпен кездесіп, алға қойған іс-шараларды пысықтап отырдық, тіпті екеуміз бірнеше рет ұрысып та алдық. Бірақ, Ералы Тоғжанов жан-жақты, іскер басшы екенін көрсетіп, барлық іс-шараларды жоғары деңгейде өткізді.

Атап айтқанда, 2002 жылы Балқаш қаласында Ақжолтай Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойына арналған республикалық айтыс ұйымдастырылды. Шет өңірінде батырға ас беріліп, оның арты бар қазақтың басы қосылған үлкен тойға айналды. Айта кететін бір жайт, 1992 және 2002 жылдардағы Ақжолтай Ағыбай батырдың 190 және 200 жылдық мерейтойына арналған республикалық айтыстың бас жүлдесін, елімізге белгілі ақын

Баянғали Әлімжанов екі мәрте жеңіп алды. Баянғали ағамыздың баласы - елімізге белгілі актер, әрі әнші Нұрлан Әлімжанов.

2002 жылдың тамыз айында мен Қарағанды облысының әкімінің орынбасары Ералы Тоғжановпен кездестім. Осы кездесуде Балқаш қаласында өтетін республикалық айтыс қалай ұйымдастырылатыны және Шет ауданындағы болатын той жан-жақты талқыланды. Қордың атынан айтыстың бас жүлдесіне және аламан бәйгенін бас жүлдесіне екі автомашина қоятын болып шешілді. Одан басқа, біз өз қаражатымызбен Балқаш қаласында және Шет ауданында бірнеше киіз үй құрамыз деп міндеттеме алдық. Осыдан кейін, мен Шет ауданының мен Балқаш қаласының әкімдерімен жолығып, іс-шаралардың бәрін пысықтап алдық. Айтыстың бас жүлдесін елімізге белгілі азамат «Алматықұрылыс» холдингінің және «Жарылғап батыр» қоғамдық қорының президенті, әйгілі меценат, ұлттық мәдениетіміздің шынайы жанашыры, белгілі қоғам қайраткері, бір туар азамат Амангелді Ермағияев өзінің қаржысымен алынған «Волга» автокөлігін табыс етті. Айтыстың екінші жүлдесіне «Қазақмыс Корпорациясының» қаржысына «Жигули» автокөлігі тапсырылды. Бас жүлдені жоғарыда айтқанымыздай Баянғали Әлімжанов, екінші-үшінші орындарды елімізге белгілі ақиық ақын, Ағыбай батырдың жоқтаушыларының бірі Аманжол Әлтаев және Айнұр Тұрсынбаевалар жеңіп алды. Шет ауданында өткен ат жарыстың бас жүлдесін Айсаның тұлпары жеңіп алып, азаматтардың жинаған қаржысына «Жигули» автомашинасы табыс етілді. Атап айтқанда, 600 000 теңге қомақты қаржыны Марфуға Мусина аударды. Одан басқа, мына азаматтар: Қабылсаят Әбішев, Рахман Алшанов, Барс Жаппаров, Марат Смағұлов, Бақытбек Сыздықов, Күмісбек Акишев және Талғат Зейнуллиндер өз үлестерін қосты.

Ағыбай батырды дәріштеуде көп еңбек сіңірген, тіпті небір кеудесін соққан, ер азаматтар жасамаған қызмет атқарған, қазақтың нағыз қайсар, бір туар қызы Марфуға Қасабекқызы Мусинаны ерекше атап өту керек.

Қорыта айтқанда, Ақжолтай Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар жоғарғы деңгейде өтті. Облыс орталығы Қарағанды қаласында басталған ұлы той бірнеше күнге созылды. Батырдың тойына еліміздің барлық өңірінің ақын-жазушылары мен игі жақсылары қатысып, белсенділік көрсетті.

Осы «Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойынан» кейін Ералы Тоғжанов Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары болып тағайындалып, қызметі жоғарылап кетті.

2002 жылдың қыркүйегіне дейін қорға 3 000 000 теңгеден асатын қаржы жиналды және қорға 700 000 теңгеден астам қаржыны аударған, сол кезде Қарағанды темір жолының бастығы болып қызмет атқарған Кеңшілік Абдрахмановтың еңбегін ерекше атап өту керек.

Бірақ, өкінішке орай, 2002 жылдың қыркүйегіне дейін қорға жиналған 3 000 000 теңгеден асатын қомақты қаржы талан-таражға салынды. Сол кездегі Балқаш қаласындағы «Ағыбай батыр қайырымдылық қорының» төрағасы С. Исабековтің айтуы бойынша «Алтын көрсе періште жолдан таяды» дегендей, Балқаш қаласының әкімі Қ. Ахметовтың нұсқауынан кейін, қордың басқа мүшелерінен рұсат сұрамай, қордағы барлық қаражат бізге белгісіз есеп-шоттарға аударылып жіберілген. Сол қомақты қаржы қандай мақсатқа жұмсалғаны жұмбақ күйінде қалды. Осы оқиғадан кейін қордың төрағасы белгісіз себептерден кейін қайтыс болып, Қ. Ахметовтің өзі де аяқ астынан жұмыстан қуылып, қуғын-сүргінге ұшырап, көп ұзамай қайтыс болды.

Той жақсы өтті, бірақ әлі алда басты мақсаттар: Ағыбай батырға ескерткіш орнату



пен кесенесінің күрделі жөндеуі күтіп тұр еді. Сондықтан, енді қордың төрағалығына ыңғайлы адам іздеу керек болды. 2003 жылдың басында Балқаш қаласында қырық жыл бойы жауапты қызметтер атқарған, кезінде еліміздің еркін және қазақша күрестен чемпион болған ағам - Сағыжан Аманжоловтың үйіне келіп, алдымызда тұрған атқаратын іс-шаралар туралы баяндап, «Ағыбай батыр қайырымдылық қорының» төрағасы болуға ұсыныс жасадым. Ол кісі: «Ия, мен қордағы ақшаның талан-таражға түскенін естідім. Естуім бойынша қазір қорда бір тиын да ақша жоқ. Айтуың бойынша аумақты іс-шаралар атқару керек екен. Бірақ қомақты қаражат болмаса ешқандай да жұмыс алға баспайды. Төраға деген жауапты жұмыс және Ақжолтай Ағыбай батыр аруақты кісі, ол кісімен ойнауға болмайды. Балқаш қаласында қырық жыл басшы қызметтерде болғаным рас, бірақ қазіргі басшылардың бәрі жас жігіттер, олар зейнеткердің тілін алмайды ғой», - деп бірден бас тартты. Сол жылдың жазында Сағыжан ағамызға екінші рет соғып: «Осы төрағалық жұмысқа сіз лайықсыз. Әлі де болса күш-қуатыңыз жетерлік, зейнеткермін деп үйде жату сізге жараспайды. Осы іс-шараларды бірігіп атқарамыз, Ақ үйде қолдайтын ағаларымыз бар. Менің пайымдауым бойынша, сіз осы істі абыроймен орындайсыз. Тіпті Елбасының қолың ұстайсыз және Ақ үйге шақырту аласыз. Осы алға қойған іс-шаралар аяқталған соң, мен күрестен сіздің атындағы турнир ұйымдастырамын деп уәде беремін», - деп едім. Үйдегі Зоя жеңгеміз: «Мына Жұмағұл қайным саған екінші рет келіп отыр және айтқандарының бәрі рас. Менде Ағыбай батырдың аянымен туғанмын. Жүрексіңбей келісім бер!» - деген соң, ағамыз келісімін беріп, жұмысқа белсеніп кірісіп кетті. Қордың есеп-қисабын Балқаш қаласының белгілі азаматы, Ішкі істер саласының зейнеткері Тәңірберген Шалов жүргізіп отырды. Бар-жоғы 3-4 жылда қыруар жұмыстар атқарылды. Әрине, басында көп қиыншылықтар болды, екеуміз бірнеше рет Қарағанды облысының және Балқаш қаласының әкімдігіне болдық. Олар қолдау көрсете қойған жоқ. Сонымен 2003 жыл еш нәтижесіз аяқталды. Қарағанды облысының әкімінен ешқандай да көмек болмағаннан кейін, мен 2004 жылдың 23 қаңтарында сол кездегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы И.Н. Тасмағамбетовке бірнеше беттік хат жолдадым. И.Н. Тасмағамбетов көп кешіктермей, сол кездегі Мәдениет министрі Д. Қасейнов пен Қарағанды облысының әкімі К.Е. Мұхаметжановқа «Ағыбай батырға қатысты іс-шаралар орындалу керек» деген жазбаша нұсқау берді. Осы нұсқаудан кейін ғана облыстың әкімдігі қозғала бастап, ескерткіш сомдауға керек қаржыны іздестіре бастады. Ақырында, Ағыбай батырдың ескерткішін сомдауға қомақты қаржыны «Қазақмыс» Корпорациясы беретін болып шешілді. Бірақ, бұл қаржы жеткіліксіз болатын. Сондықтан, Балқаш қаласында орналасқан «Түсті метал өңдеу зауыты» Акционерлік Қоғамының Президенті Ермек Хафизовпен келіссөз жүргізуге тура келді. Ол кезде Ермек Хафизов Ресейде тұрып жатқан болатын және Балқаш қаласына жылына бір-екі рет қана келетін. Ол кісімен бұрын бір кездескенде: «Жұмағұл, егер Ағыбай батырдың ескерткішіне «Қазақмыс» Корпорациясы 100 000 АҚШ долларын берсе, мен соның жарты ақшасына ешқандай ақысыз қола беремін», - деп уәде берген болатын. Бір күні Ермек Хафизовтың Балқаш қаласындағы хатшысы қоңырау соғып, ол кісінің мен қабылдайтынын жеткізді. Мен қасыма Сағыжан ағамды ертіп алып, Ермек Хафизовтың жұмыс орнына келдім. Аман-саулықты білгеннен кейін, Ермек: «Ескерткішке қанша тонна қола керек?» - деп менен сұрады. Мен: «6,5 тонна қажет», - деп едім. «Ой, мынау тым көп қой, бізге 3. Церетелидің (Дүние жүзіне белгілі, ресейлік скульптор. - Автор) өзі қолаға тапсырма береді, негізгі салт атты ескерткішке 4,5-5 тонна қола кетеді ғой», - деп таң қалды. Мен оған батырдың ескерткіші негізгі стандарттан үлкен болып шыққанын, сондықтан 6,5 тонна кететінің Қарағандыдағы заводтың берген дайын құжаттарын көрсеттім және ол қоланы 10-15 күнде Қарағандыға жеткізіп беру керек екенін айттым. Осыдан кейін Ермек өзі отыра қалып, есеп-қисабын жүргізіп: «Жарайды, мен уәдемде тұрамын, 10 тонна болса да босатамын», - деп, заводтың атқарушы директоры мен

бас бухгалтерін шақырып алып, 6,5 тонна қоланы бір жетінің ішінде Қарағанды қаласына жеткізіп беруге тапсырма берді. Міне, осылай нағыз азамат басшы – Ермек Батырқаирулының көмегімен 6,5 тонна қола, батырдың ескерткішін сомдауға ешқандай да ақысыз босатылды.

Сонымен, Ақжолтай Ағыбай батырдың қоладан құйылған ескерткішіне қаржылай көмек көрсеткен заңды және жеке тұлғалар: «Қазақмыс» Корпорациясы, «Түсті метал өңдеу зауыты» Акционерлік Қоғамы, «Алматықұрылыс» холдингінің және «Жарылғап батыр» қоғамдық қорының президенті, әйгілі меценат, ұлттық мәдениетіміздің шынайы жанашыры, белгілі қоғам қайраткері, бір туар азамат Амангелді Ермегияев, Астана қаласының провизорлар гильдиясының төрағасы Марат Смағұлов, Жоғарғы Оқу Мекемелер Ассоциациясының Президенті, академик Рахман Алшанов, Қазақстан ғылым-білім компьютер жүйесін пайдаланушылар ассоциациясының бас директоры Борис Жаппаров, Жезқазған аймақаралық Халық Банкінің директоры Марфуға Мусина, Балқаш қаласының белгілі кәсіпкері, әрі меценат Берік Арынов. Осы азаматтардың қаржылай көмегінің арқасында бюджеттен бір тиында жұмсалмай, ақшалай бағасы 250 мыңдай АҚШ доллары тұратын қоладан құйылған ескерткіш өте сәтті сомдалды.

Ал, ескерткішті сомдауының қалай басталғанының өзі бір хикая. 2000 жылы мен қызмет бабымен Қарағанды қаласына ауысып барғаннан кейін, «Азия-Транзит» журналының сол кездегі бас редакторы Айтбай Саулебектегімен танысып, журналға Ағыбай батыр туралы мақалалар бере бастадым. Сол кезде журналист ағамыз азаматтық жасап, түгелдей бір номерін Ағыбай батырға арнады. Ол кісіге мен алға қойған іс-шараларды баяндай отыра, Ағыбай батырға қоладан құйылған ескерткіш орнатуға мақсат қойып отырғанымызды жеткіздім. Бір күні жұмыстан кейін, Айтбай ағамыз мен орналасқан жатақханаға елімізге белгілі қарағандылық мүсінші, Қаздауысты Қазыбек бабамыздың қоладан құйылған ескерткішін дайындаған Жаубасар Қалиевті ертіп келіп: «Жұмағұл, мына Жаубасар ағаңнан артық мүсінші жоқ және бұл кісі батырдың ескерткішін қазір бастасаң да дайын», - деп мүсіншінің біраз мақтауын жеткізді. Біз танысып болғаннан кейін: «Жаубасар аға, шынымды айтайын, қазіргі кезде қорда бір тиын да қаражат жоқ, мен облыстың әкімі К.Е. Мұхамеджанов «Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойын әзірлеу және өткізу туралы» шешімін шығару үшін, Қарағанды қаласының игі жақсыларының қолдары бар үндеу дайындап жатырмын. Сондықтан, бүгінгі күні алға қойған іс-шаралардың бәрі менің қиялым ғана. Бірақ, алға қойған мақсаттар іске асады мен сенемін. Егер менің азаматтық сөзіме сенетін болсаңыз, бүгінгі күннен бастап, жұмысты бастап кетуге екеуара келісім шартқа қол қойып, келіскеніміз», - деп ойын-шынын араластырып, бар шындықты айттым. Жаубасар да ойланбастан бірден келісті. Осылай Жаубасар ағамыз іске кірісіп кетті, екеуміз бірнеше рет облыстың әкімінің алдында болдық, сан мәрте Балқаш қаласының әкімдерінің де табалдырығын тоздырдық. Оның арасында бірнеше рет республикалық көркемдік-сынақ комиссиялардан өтіп, қатаң сыннан мүдірместен өттік. Осылай арпалыс-айқаспен жеті жыл да өте шықты. Мен де бірнеше жыл бойы күндіз-түні басшыларға маза бермедім, Жаубасар ағамыз да шаршамай-шалдықпай Ағыбай батырдың мүсінін өте жақсы деген бағаға сомдап шықты. Ескерткішті көрген дос-жарандар: «Жұмағұл, ескерткіштің бет әлпеті саған ұқсап кеткен сияқты», - деп әзілдейді. Мен оларға: «Ұқсаса ұқсаған шығар, біріншіден батыр бәріміздің бабамыз; екіншіден Жаубасар ағамыздың жеті жыл бойы күнде көретін адамы мен ғана болсам, басқа кімге ұқсау керек», - деп күлемін.

Ағыбай батырдың ескерткішін басында Қарағанды қаласына орнату жоспарланып еді. Бірақ, Қарағанды қаласының әкімі ыңғайлы жер тауып бере алмады. Сондықтан Балқаш

қаласына орнатылатын болып шешілді. Балқаш қаласының әкімдері де жеті жыл бойы ескерткіш қоятын жерді нақтылап шешіп бере алмады. Тек, Қарағанды облысының әкімі Нұрлан Нығматулиннің қала әкіміне ескерткіштің қазіргі тұрған жері – Тәуелсіздік алаңына қою керек деген нұсқауынан кейін ғана оң шешімін тапты.

Осы оқиға былай болған еді. 2007 жылдың ақпан айында Қарағанды облысының әкімі болып тағайындалған Нұрлан Зайруллаұлы Нығматулин Балқаш қаласының басшыларымен және қала тұрғындарымен алғашқы кездесуін өткізбекші болып, бәрімізге алдын ала хабарланды. Мен бұл туралы «Ағыбай батыр қайырымдылық қорының» төрағасы Сағыжан Аманжоловқа хабарласып: «Ағатай, Қарағанды облысының әкімі Н.З. Нығматулин ертең қала әкімдігінің мәжіліс залында кездесу өткізеді. Балқаш қаласының әкімінің айтуына қарағанда, облыс басшысы Ағыбай батырдың ескерткіші туралы проблеманы да талқылайды. Сондықтан, сіз міндетті түрде қатысып, ескерткіш туралы шешілмеген іс-шаралар туралы баяндаңыз. Әсіресе, Ағыбай батыр ескерткішін Тәуелсіздік алаңына қою керек деп нақтылап айту керек», - дедім. Сағыжан ағам: «Маған хабарласқанын дұрыс болды. Міндетті түрде қатысып, барлық проблемаларды облыстың әкіміне жеткіземін», - деп уәдесін берді. Қарағанды облысының әкімі Н.З. Нығматулин кездесуге тыңғылықты дайындалып келген екен. Бірінші болып халықтың алдында облыс әкімінің барлық орынбасарлары мен басқарма басшылары және қала әкімі Қ. Токушев есеп берді. Бұл жиынға Республика, облыс бойынша барлық бұқара ақпарат құралдырының өкілдері, оның ішінде республикалық барлық телевидение тілшілері қатысты. Кездесудің соңында, Нұрлан Нығматулин облыс және Балқаш қаласының қордаланып қалған мәселелерін қалай шешу жолдарын баяндай келе: «Мен, таяуда Президенттің алдында есеп бере отырып, Балқаш қаласында Ағыбай батырға арналған ескерткіштің сомдалып жатқаны туралы баяндағанда, Елбасы өте дұрыс шара деп құптады және Ағыбай батырдың ескерткішін өзім барып ашамын», - уәдесін берді деп, – енді осы Ағыбай батырдың ескерткіші туралы қала тұрғындарының қандай сұрақтары бар?» - деді. Осы маңызды кездесуге Сағыжан ағамыз белгісіз себептермен мәжіліс залына келмей қалды, әрі мобильді телефоны да сөндірілген. Еріксіз өзім орнымнан тұрып: «Нұрлан Зайруллаұлы, Сізге Ағыбай батырдың ескерткішін қолдағаныз үшін көп рахмет! Бірақ, сол ескерткішті орнататын орын әлі нақты белгіленген жоқ», - деп едім. Облыстың әкімі: «Сізде қандай пікір бар?» - сұрады. Мен: «Батырдың ескерткішін Тәуелсіздік алаңына қою керек және біз сол жерге байланысты эскиз жобасы мен металдық құжаттардың бәрін дайындап қойғанмыз», - деп едім. Облыстың әкімі: «Ескерткішті Тәуелсіздік алаңына қоюға болмайды ғой», - деп қайырды. Мен де қоймай: «Неге болмайды, Ағыбай батыр нағыз Тәуелсіздіктің батыры, қазақ елі үшін жан аямай қан төкті», - деп едім. Нұрлан Нығматулин қасында отырған Балқаш қаласының әкімінен: «Мына жігіт кім өзі?» - деп сұрады. Қала әкімі: «Бұл жігіт Ағыбай батырдың жоқтаушысы. Көп жыл бойғы Ағыбай батырдың басты жанашыры. Ескерткіш осы азаматтың басшылығымен, бюджеттен бір тиын де бөлінбей, меценаттардың қаражатына сомдалып жатыр. Өзі де батыр жігіт, аты да нағыз батырдың аты, қала тұрғындарының бәрі біледі», - деп еді, залда отырғандардың бәрі ду күлді. Жұрттың күлуінің себебі, әкем жас кезімде: «Мен білсем осы балам, ешкімнен қорықпайтын қайсар-қайтпас нағыз Ер Чапай болады!» - деген екен, осыдан кейін ауылдастырым мені «Чапай» деп атап кеткен. Нұрлан Зайруллаұлы да көңілденіп: «Олай болса жарайды. Қазір бәріміз қаланы аралап көрейік, содан кейін ғана шешім қабылдаймыз», - деген соң, бәріміз сыртқа шықтық. Қала әкімі ескерткішті орнатамыз деп белгіленген бірнеше жерді көрсетті, бірақ облыстың әкіміне ол жерлер бірден ұнамады. Осыдан кейін ғана облыстың әкімі: «Ал, енді Тәуелсіздік алаңына барайық, сол жерді көрейік», - деген соң, бәріміз алаңға келдік. Келген бетте, облыстың әкімі: «Мына тұрған не ескерткіш, қандай мағына береді, шаңырақтан басқа ештеңе жоқ, не көркемдік өнер жағынан, не сәулеттік тұрғыдан ешқандай да құндылығын

көріп тұрған жоқпын. Сондықтан мына шаңырақты басқа жерге жылжыту керек. Ал, Ағыбай батыр ескерткішінің ыңғайлы орыны осы жер екен. Алаңды көркемдеу үшін және сәулеттік-құрылыс жұмыстарын жүргізуге қомақты қаржы керек, ал ол жұмыстарға осы жылғы облыстық, не қалалық бюджетте бұл қаражат қарастырылмаған», - дегенде. «Қазақмыс» Корпорациясының жаңадан тағайындалған бас директоры Э. Огай: «Ерлан Зайруллаұлы, мен Балқаш қаласына бірінші басшы ретінде алғаш келіп отырмын. Сондықтан Тәуелсіздік алаңының құрылысын өзімнің мойныма аламын, менің де Ағыбай батыр мен қала халқына қосқан үлесім болсын. Тек, қанша уақытта дайын болу керек екенін айтыңыздар», - дегені. Облыстың әкімі қуанып кетіп: «Міне, бәрі тез арада шешілді. Ал, енді ескерткішті аяқтау үшін қанша қаражат керек болса да өзім шешемін. Облыстың басқарма басшылары бүгіннен бастап, іске бел шешіп кірісіңіздер. Маған жұмыс барысы туралы жеті сайын баяндап тұрыңыздар. Іске сәт!» - деп қызу жұмысты өзі бастап кетті. Осылай Ағыбай батырдың ақжолы сәтін салып, барлық проблемалар бір мезгілде шешілді.

Тәуелсіздік алаңындағы сәулеттік-құрылыс жұмыстарын жүргізген өзіміздің бауырымыз - Ақшатаудың тумасы, Балқаш қаласының бас дәрігері болған, нар тұлға азамат, марқұм Бөгенбай Ашықбаевтың балдызы, «Юникс-строй» фирмасының жетекшісі Нұргелды Ғынаятұлы Қасымов. Осы өте жауапты іске ол белсене кірісіп, аз уақыттың ішінде жақсы деген бағаға бітіріп шықты. Алаңда құрылыс аяқталғаннан кейін, Тәуелсіздік алаңы Балқаш қаласының ең сәулетті жеріне айналды. Бұл күндері қаланың барлық маңызды іс-шаралары осы алаңда өтеді және халықтың дем алатын сүйікті орыны.

Ақжолтай Ағыбай батырдың ескерткіші Қарағанды қаласында сомдалып, 2007 жылдың қыркүйек айында Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың өзі салтанатты түрде ашты.

Осылай «Талаптыға нұр жауар» дегендей», біздің көп жылдық шаршамай-талмай атқарған еңбегіміздің арқасында, ұлтжанды меценаттар мен жомарт спонсорлардың көмегімен, барлық жұмсалған қаржысы 500 000 АҚШ долларынан асатын қоладан құйылған әсем ескерткіш пен көркем алаң Балқаш қаласының халқына сыйға тартылды.

Сол 2007 жылдың қыркүйегінде Балқаш қаласында Ақжолтай Ағыбай батырдың ескерткіші ашылу салтанатына жиналған 200-ден асатын құрметті қонақтарды күтуге, біздің заманымыздың нағыз «Атымтай жомарттары» қолдау көрсетті. Атап айтсақ, бірінші күні меймандарға қонақасын берген Руслан ініміз, екі күн бойы, бір сөзге келмей, еш ақысыз 200-дей адамды өзінің «Тұлпар» демалыс орнына орналастырған Көбен Бакиров ағамыз, қонақүйлерінен бірнеше люкс бөлмелерін тегін берген Тлеугерей Маканалин мен Автангил Сванадзе және «Қарагөз» мейрамханасында 400 адамға ас берген Мұратбек Ошақбаевтар.

Той өткеннен кейін, Көбен ағамыз маған келіп: ««Тұлпар» демалыс орнын екі жыл бойы сата алмай жүр едім. Ағыбай батырдың ескерткіші ашылғаннан бір күннен кейін, сатып алушылардың өздері іздеп келіп, менің сұраған қомақты қаржыны, ешқандай да саудаласпай санап берді. Менің өзім осындай үлкен ақшаға сатамын ойлаған жоқ едім. Міне, енді Ағыбай батырдың нағыз «Ақжол» екеніне көзім жетті!» - деп ағынан жарылды.

Қарағанды облысының әкімінің «Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойын әзірлеу және өткізу туралы» 12. 02. 2002 жылғы № 28 шешімінің №№ 6,7, 8,13 іс-шараларының пункттері сәйкес мерейтойды өткізу жоспарында: Балқаш қаласында Ағыбай батырға ескерткіш орнату, батыр кесенесін қалпына келтіру жұмыстары мен Ағыбай батыр есімін Қарағанды қаласының бір орталық көшесіне беру де енгізілген болатын. Балқаш қаласында Ағыбай батырға ескерткіш орнатылды және батыр кесенесін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Ал, енді Ағыбай есімімен Қарағанды қаласының бір көшесін атаудағы облыс әкімінің шешімі, іске аспай қалды. Басында Қарағанды облысының зиялы қауымының өтінішіне облыс басшылары қолдау көрсетіп, шындығында осы Қарағанды қаласының 70 жылдық тарихында бірде-бір көшесіне қазақ халық батырларының есімі берілмепті деп, арнаулы шешім қабылдап, қала әкіміне жазбаша нұсқау береді. Болды осымен іс бітіп, ол қағаз жүзінде қалды. Біраз уақыт өткеннен кейін, облыс әкімінің шешімі қағаз жүзінде қалып, қала әкімі оны орындау түгілі, бұл шешім туралы естігісі келмейтінін білгеннен кейін, облыс зиялыларының: «Қашан Ағыбай батырдың есімі қаланың бір көшесіне беріледі?» - деген сұрағына, басында өздері шығарған шешімді естен шығарып, облыс басшылары: «Қаланың көшелерін жеке адамдардың есімін беруге 2-3 жылға мораторий берілді», - деп жауап беріп, жабулы қазан жабулы күйінде орындалмай қалды..

Ағыбай батыр кесенесі Шет ауданының, Киік станциясынан 45 шақырым жерде орналасқан. Ескерткіш XIX ғасырдың соңында шикі кірпіштен салынып, осы кезге дейін екі рет күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Құрылысы даланың сәулет өнерінің ерекше үлгісімен салынған мазарды сақтау ұрпақтар үшін қажет-ақ. Мазар қасында әлі ғылыми түрде зерттелмеген, бірнеше шақырымға созылып жатқан сақ, ғұн заманынан қалған қаланың, тастан салынған қорғандардың орны бар. Одан басқа, көпшенділердің мәдени мұрасының ізі - Сарыбұлақ өзенінің екі жағындағы ұзыннан-ұзақ орналасқан жартастарға ойып салынған әр түрлі бейнелер бар таңбалы тастар бар. Бұл таңбалы тастар да өзінің зерттеушілерін тосып жатыр.

Ақжолтай Ағыбай батыр мазарының қасында қазақ халқының тарихы іспеттес, мемлекетіміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін құрбан болған, еліміздің тарихи мұрасына кіретін қазақтан шыққан атақты бірнеше би-батырлардың мазарлары орналасқан. Осы жерде сонау жойқын шапқыншылық - «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» заманында, қазақ әскерінің бірінші рет қалмақ-жонғарларды ойсырата жеңген жер «Қалмаққырған» орналасқан. Сол қанды айқастан аман қалған қалмақ-жонғар-ларды қуып отырып, қазіргі Жамбыл облысында орналасқан «Ақсүйек» және «Қаңшеңгел» жерінде қалмақ-жонғар әскерін қазақ сарбаздары толығымен жойып жібереді. Осы айқастан кейін, қалмақ-жонғарлар қазақ даласына шабуылын тоқтатыпты.

Сонау, 1992-1993 жылдары «Казрестраврация» ғылыми жобалау институты кесенені қайта қалпына келтіру-жөндеу жұмыстарының жобасын жасаған болатын (авторлары: Т. Төрекұлов, Н. Төрекұлова). Қаржыландару мәселесінің шешілмеуіне байланысты бұл жоба кезінде жүзеге асырылмай қалды. 2002-2003 жылдары күмбез-кесенені қайтадан жан-жақты зерттеу барысында жаңадан жоба жасалып, оны қалпына келтіру құны 7,5 млн. тенге болды. Кесене кезінде құлап қалу алдында тұрды, күрделі жөндеу болмағанда, бір-екі жылда құлап қалу қаупі бар еді. Осы кесененің тез құлауы даланың қолайсыз ауа-райы десекте, басты себебі Сарышаған әскери полигонының және Байқоңыр космодромының жақын орналасуы болып табылады. Осы әскери полигонның 1952 жылдан бастап, әр түрлі жер үсті, жер асты әскери сынақтары, космодромнан көп жыл бойы үздіксіз ғарыш ұшақтарын ұшырудағы дүмпуі, осы космодром мен полигонға жақын орналасқан Ақжолтай Ағыбай батырдың кесенесін құлатып бітірді. Батыр өле-өлгенше орыс отаршыларымен соғысып өтсе, енді «қара жер хабар бермесін» кесенесі де орыстардан қуғын-сүргінге ұшырады.

1710 жылдардағы қазақтың үш жүзінің игі жақсыларының жиналып, Қарақұм (Ұлытау маңайында) құрылтайында қабылдаған қазақ мемлекет және құқық заңдар жинағы «Жеті жарғыны» қабылдауымен бірге, сол кездегі қазақтың астанасы Түркістан қазақ халқының ортақ «пантеон» екенін, яғни сол кезден бастап қазақтан шыққан атақты хан, би-батырлары Түркістанға жерлене бастаған. Абылай ханның, Қаздауысты Қазыбек бидің, Бөгенбай батырдың, тағы басқа да қазақтан шыққан бірнеше атақты адамдардың сол жерге жерленуі осының айғағы. Ағыбай батырдан, баласы Аманжол батыр: «Ағаке, патшадан сізді Түркістанға жерлеуге рұқсат бар, сол жерге жерлейміз ба?» - деген сұрағына. Ағыбай батыр: «Халқымның тілеуін тілеп жатайын,

өзімнің жайлауым болған Арқадағы Тайатқан-Шұнаққа жерлендер», - деп соңғы өсиетін айтқан екен. Міне, Ағыбай батырдың кесенесінің атақты би-батырлардың ішіндегі бірде-бір белгілі «әулиелі, киелі жер» екенінін дәлелі. Ал, қазақ тарихынан белгілі, аттары алтын әріппен жазылатын, атақты хан, би-батырлардың, оның ішінде, Ағыбайдың үзеңгілестері, әріптестері, әрі ұлт-азаттық күрестің көсемдері: атақты Кенесары ханның, Наурызбай, Ержан сұлтандардың, Иман батырдың (Амангелді Имановтың атасы) басқа да би-батырлардың қай жерде жерленгені бізге беймәлім.

Ағыбай батыр кесенесі, еліміздің түкпір-түкпірінен қысы-жазы бір толастамай ағылып келіп жатқан, халықтың «тәуап» етіп баратын жері. Кенесары хан бастаған халық көтерілісінің бас қолбасшысы, өзі батыр, өзі би, әрі көріпкел, көзі тірісінде аты ұранға, ісі аңызға айналып, «әулие» атанған Ақжолтай Ағыбай батырдың кесенесіне қысы-жазы халық ағылып, Қазақстандағы Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи (Әзірет сұлтан) мен Маңғыстаудағы (Оғлан) Бекет әулиелердің кесенелеріне тәуап етіп баратын адамдардан көп деп айтуға аузымыз бармас, бірақ аз да емес.

XX ғасырдың басында Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов, сол кездегі қазақтан шыққан бір топ зиялылармен бірге Ағыбай күмбезінде «Өтіп бара жатқан, әдейі келген жолаушылардың ойлары, тілектері жазылып қалып, ескерткіш болсын» деп еске алу альбомын ашқан екен. Бірақ, 20-30 жылдардағы аласапыранда жиналған көп альбом жоқ болып кеткен. 1940 жылдары Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұлан ағаларымыз бұл «еске алу» альбомды қайтадан ашқан екен. Бірақ, елуінші жылдардағы Кеңес өкіметінің көсемінің «бір басына табыну» кезінде екінші рет қуғын-сүргінге ұшыраған. Сексе-нінші жылдары батырға үшінші рет еске алу альбомы ашылған. Оның басына қойылған ақ мәрмәрдан жасалған «құпытасты» да ұлтжанды, ұлтқанды көзі ашық бір топ азамат, 1980 жылдардың басында өз қаражаттарына жасатып, биресми жағдайда орнатқан. Қазіргі кезде де Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған адам Ақжолтай Ағыбай батыр күмбезіне келіп, дұға оқып, оның аруағына сыйынып, әулиелігіне тәуап етіп, ол жерден орасан күш-қуат алып, сан адам ауруынан жазылып кетіп жатыр. Ақжолтай Ағыбай батырдың кесенесінің осындай қадір-қасиетін, орталық телевидение арнайы деректі фильм түсіріп, республикалық газет-журналдардың бәрінде де көптеген мақалалар жарыққа шыққан. Алайда, көп шенеуліктердің, он жыл бойғы елді заржақ қылған «қазынада ақша жоқ» деген жаттанды жауаптары, республикамызға белгілі, мемлекетіміздің айрықша қорғау қарамағына алынған осы ерекше күмбезді құлатуға айналдырды.

Осы кейінгі жылдары Ақжолтай Ағыбай мазары басында болған халқымыздың мақтаныштары, қоғам-мемлекет қайраткерлері, ақын-жазушылар: С. Сматаев, А.Әшімов, С. Мәуленов, О. Бөкеев, С. Қирабаев, Ә. Нұрпейісов, Қ. Мұхаметжанов, Ж. Алтайбаев, М. Мағауин, А. Сейдембеков, З. Ахметов, Т. Кәкішев, Ж. Қашқынов, Ж. Молдағалиев, А. Жексенбайұлы, С. Жүнісов, Е. Асқаров, Ш. Әбілтаев, К. Жүнісов, А. Әлтаевтар, олардан басқа өзі батыр, әрі ғарышкер-ұшқымыз Т. Әубәкіров, мәжіліс депутаты Е. Нығматтуллин, министрлер: М. Алтынбаев пен Д. Қасейновтар және тағы басқа азаматтар.

Ақжолтай Ағыбай батыр мазарын күрделі жөндеуден өткізуге көп жыл бойы қаражат бөлінбей қойды және жоғарыда көрсетілгендей қомақты қаржы керек еді.

2003 жылдың күзі болуы керек, бір күні Ағыбай батырдың жиені, Қарағанды облыстық қаржылық бақылау инспекциясының сол кездегі бастығы К.Ш. Акишевке келсем: «Жұмағұл, осы таяуда облыстық маслихаттың депутаттары келесі жылғы бюджетті бекітейін деп жатыр, тезірек қимылдамасақ болмайды, сенде И. Тасмағамбетовке жазылған хаттың көшірмесі бар ма?» - деп сұрады. Мен: «Ия, мына папкада, облыстың әкіміне жазған бұрыштамасы да бар, тіпті облыстың әкімінің де Е. Тоғжанов пен Р. Омарбековаға берген нұсқаулары да бар», - деп едім. Күмісбек: «Онда жолымыз болатын болды, менің бұрын бірге жұмыс істеген кісі, қазір облыстық бюджетті жоспарлау басқармасының бастығы. Ол менің

сөзімді жерге тастамайды, жүр кеттік»,- деп, мені облыстық бюджетті жоспарлау басқармасының бастығының кабинетіне алып кірді. Ол кісі ұлты басқа, орта жастағы әйел кісі екен. Күмісбек екеуі құшақтасып амандасып болғаннан кейін. Мені «Ағыбай батыр қайырымдылық қорының» төрағасы деп таныстырып, келген шаруасын бірден айта бастады: «Сонау, 1992-1993 жылдары Ағыбай батырдың кесенені күрделі жөндеу - қалпына келтіру жұмыстарын «Казрестраврация» ғылыми жобалау институты кесенені қайта қалпына келтіру-жөндеу жұмыстарының жобасын жасаған болатын. Бірақ, қаржыландару мәселесінің шешілмеуіне байланысты бұл жоба кезінде жүзеге асырылмай қалды. 2002-2003 жылдары күмбез-кесенені қайтадан жан-жақты зерттеу барысында жаңадан жоба жасалып, оның құны 15 млн. тенге болып отыр. Ағыбай батырдың кесенені күрделі жөндеу - қалпына келтіру жұмыстарын қаржыландыру мәселесін, И. Тасмағамбетовтың өзінің нұсқау берген және облыстың әкімінің қолдайды. Нақтырақ дәлел керек болса, міне құжаттар»,- деп құжаттар мен хаттарды көрсетті. Бастық әйел біраз ойланып отырып: «Күмісбек, сен менен ештеңе сұрап көрген жоқсың. Бірақ бұл шаруа, жай емес бас кететін іс. Мен бюджетке кіргізуін кіргізейін, тезірек осы хаттың көшірмесін бізге жолдандар. Ал, енді облыстың әкімі мені жұмыстан қуса, Күмісбек сен маған жұмыс тауып бересің»,- деп күлді. Осылай бұл жоба сәті түсіп, Күмісбектің көмегімен бюджетке кіріп, облыстың маслихат депутаттары бірауыздан қолдады.

Сонымен, Ағыбай батырдың кесенені күрделі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына қомақты қаржы - 15 млн. бөлініп, Қарағанды облыстық мәдени Департаментінің басшыларының өткізген тендерінің қорытындысы бойынша, күмбез-кесенені күрделі жөндеуді алматылық «Күмбез» (директоры Т. Төрекұлов) фирмасы ұтып алады. Сол уақытта Қарағанды қаласында Т. Төрекұловпен кездесіп, жөндеу жұмыстарының жоспарын және қандай құрылыс материалдарын пайдаланатынын сұрадым. Ол: «Аға, маған сеніп тапсырған жұмысты ойдағыдай орындаймын, өйткені осы салада көп жыл бойғы тәжірибем бар. Кесененің кірпіштерін, зертханада жан-жақты тексеріп, құрамын анықтап қойғанбыз. Сондықтан, сол жердің топырағынан лай жасап, саман кірпіш құйып, кесенені қайта қалап шығамыз, бәрі дұрыс болады және кесене тағы жүз тұрады»,- деп мені сендірмекші болды. Мен оған: «Ағыбай батырдың кесенесін саман кірпіштен қалаған уақытта, қазіргі сапалы кірпіштер жоқ болатын, егер сол заманда осы кірпіштер болса, тек осы кірпіштен қаланатын еді. Жасыратыны жоқ, сен менімен бірінші кездескенде осы жөндеу жұмысына басында 5 млн., одан кейін 7.5 млн. теңге жетеді дегесін. Ал, шындығында 15 млн. ақшаның 7.5 млн. кесененің жөндеуіне, ал 7.5 млн. ақша Ағыбайдың ескерткішіне кету керек еді. Бірақ, енді барлық 15 млн. ақша тек кесенені жөндеуге жұмсалатын болды. Егер менің қарапайым есебім бойынша, қазіргі ең сапалы кірпіш 50 теңге тұратын болса және құрылысқа ең көп дегенде 50 мың кірпіш кететін болса, 2 500 000 теңге ақша кетеді. 2 500 000 теңге көлік тасымалына жұмса, 2 500 000 теңге айлықтарын болса, ал қалған 7.5 млн. ақшаға кесененің қасына қонақұй салындар»,- деп өзімнің уәжімді жеткіздім келді. Сонда ол: «Аға, егер біз қазіргі сапалы кірпіштен қалайтын болсақ, кесененің тарихи-мәдени құндылығы кетіп қалады. Сондықтан, біз жергілікті топыраққа бұрын қолданған қоспаларды араластырып, кірпіш құямыз. Ол саман кірпіш, тағы да жүз жылдан аса тұрады. Мен оны Сізге дәлелдеп шығамын",- деп бой бермей қойды.

Ағыбай батырдың күмбез-кесенесін күрделі жөндеу кезінде араб әрпімен жазылған 12 (он екі) кірпіш табылған.

Өкінішке орай, осы «Күмбез» фирмасы, кесененің күрделі жөндеуіне тыңғылықты дайындалмай, қалай болса солай, өте сапасыз құрылыс жүргізді. Атап айтқанда, жергілікті жерден саман кірпіш құйып, кесенені бұзып, сол саман кірпіштен қайта қалап, іші-сыртын сылап шықты. Осыған байланысты, күрделі жөндеу бітті деген уақыттан бір жылға жетер-жетпестен, кесененің сыртқы сылақтары түсе бастап, ішкі жағына су кіріп, ол жердің де

сылақтары түсе бастады. Құрылыстан қалған ақшаға менің талабым бойынша, Қарағанды облыстық мемлекеттік тарихи-мәдени мұраны қорғау инспекциясының бастығы Түлкібай Төлеуовтің қолдауымен кесененің қасына қонақүй салынды.

Осы Ағыбай кесенесінің құрылысының сапасыз жасалып жатқандығы туралы, республикамыздың түкпір-түкпірінен зиялы қауым, батырдың ұрпақтары және ақын-жазушылар бірнеше жыл бойы дабыл қақты. Атап айтқанда, осы мәселе бойынша Айтбай Сәулебектегі, Кемел Жүністегі тағы басқа да жазушы-журналистер, республикамыздың газет-журналдарына бірнеше сын мақалалар жариялады. Одан басқа, 2010 жылдың 23 маусымында Айқын газетінің № 111-де, елімізге белгілі ақын, қоғам қайраткері Несіпбек Айтұлының «Ағыбай батырдың кесенесі құлағалы тұр» деген ауқымды мақаласы жарық көрді. Осы мақаладан кейін, республикамыздың зиялы қауымы дүр сілкінді

2010 жылдың күз айында Қарағанды облысының әкімі Серік Нығметұлы Ахметовтің көмекшісі маған қоңырау салып: «Ағыбай батырдың кесенесіне байланысты, Сізді облыстың әкімі қабылдайды. Бірақ Ағыбай батыр туралы жазған кітап болса облыстық әкімдікке тезірек жеткізіңіз», - деп хабарласты. Бірнеше күннен кейін Серік Нығметұлының көмекшісі тағы да қоңырау салып, қабылдаудың күні мен уақытын айтып нақтылады. Келіскен күні қасыма Ағыбай батырдың күйеу баласы, досым Бақытбек Сыздықовты алып, Қарағанды облысының әкімі Серік Нығметұлы Ахметовтің қабылдауына бардық. Ол кісі бізді жылы қабылдап: «Ағыбай батыр туралы кітабыңды оқып шықтым. Ол кісі туралы көп деректер бар екен. Шыныменен ол кісі нағыз аңыз адам болған екен ғой», - деп бастап, бізбен бір сағаттай пікір алмасты. Кездесудің соңында: «Ия, Ағыбай батырдың құрметіне арналып біраз жұмыстар атқарылған екен. Ағыбай батырдың кесенесінің күрделі жөндеуіне арналған ақша талан-таражға салыныпты. Жарайды, кеткен ақша кетті, осының бәрі тарих болып қалсын. 2011 жылдың облыстық қаржы көзінен 10 млн. ақша қарастырамыз», - деп бізді шығарып салды.

Міне осылай, «Аруақ риза болмай, тірі байымайды» дегендей, сол кездегі Қарағанды облысының әкімі Серік Нығметұлы Ахметов осы мәселеге өзі белсене кірісіп, Ағыбай батырдың кесенесінің күрделі жөндеуіне 2011 жылдың облыстық қаржы көзінен 10 млн. ақша бөлгізді. Осы қомақты қаражаттың арқасында «Казрестраврация» құрылысшылары күрделі жөндеуді 2011 жылдың қазан айында бітірді.

Одан басқа, Серік Нығметұлы өзінің тарапынан «Ағыбай батыр» жырын «Алтын қордан» алғызып, 2000 дана ұнтаспа шығартып, халыққа таратты.

Қарағанды облысының мәдениет басқармасының бастығы болған Рымбала Омарбекова мен Қарағанды облыстық мемлекеттік тарихи-мәдени мұраны қорғау инспекциясының бастығы Түлкібай Төлеуов басынан бастап Ағыбай батырға арналған іс-шараларды белсене қолдап, іске жұмыла кірісті. Он жылдан аса шаршамай-талмай көптеген құжаттар дайындап, қыруар жұмыстар атқарды. Бұл кісілердің атқарған қызметтері көзге көрінбейтін қағаз жұмыстары болғандықтан, көп сын да айтылды. Шындығында, олар аянбай қажырлы еңбек етті.

Жоғарыда аталып өткен Ақжолтай Ағыбай батырға арналған көп жылғы игі істердің басы-қасында болып, жан-жақты қолдау көрсетіп, бәрімізге бағасыз көмек көрсеткен Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің бастығы, белгілі қоғам қайраткері, біртуар, нар тұлға Махмұт Базарқұлұлы Қасымбековтің сіңірген ерен еңбегін ерекше атап өту керек.

2013 жылдан бастап, Балқаш қаласындағы «Ағыбай батыр қайырымдылық қорын» басқарып отырған Мұсабеков Ғабит ініміздің алдында: Бірінші кезекте Мойынты және Киікті ауылдарынан Ағыбай батыр кесенесіне дейінгі жолды жөндеу және су мәселесін шешу; Қысы-жазы «Ақжолтай Ағыбай батырдың батасын аламыз» деп ағылып келіп



жататын адамдардың жатын орындарын, төсектері мен ыдыстарын жаңартып отыру; Жыл сайын қонақүйлерді жөндеу жұмыстары сияқты, бірнеше кезек күттірмейтін жұмыстар күтіп тұр. Ғабит ініміздің осы аталған іс-шараларды іске асыруына сәттілік тілеймін!

## **Қорытынды**

Қазақстан халқы, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталатын мемлекетке, қол жеткізгенге дейін ұзақ та күрделі тарихи жолдан өтті. Осы жолда түрлі саяси-құқықтық, әлеу-меттік-экономикалық қатынастар орын алды. Қазақ жерінде ертедегі сақ тайпалары: үйсін, ғұн, қыпшақ мемлекеттерінен, бүгінгі Қазақстан Республикасына дейін бірнеше мемлекеттер шаңырақ көтерді. Кейбір тарихи кезеңдерде, бірнеше мемлекеттік құрылымдар қатар өмір сүрді. Құқықтық қатынастар да, әдет-ғұрып құқығынан, демократия мен нарықтық қатынастарды реттеуге бағыт-талған бүгінгі кезеңдегі құқыққа дейін эволюциялық даму жолынан өтуде.

Осы жолда, қазіргі Қазақстанның территориясы қалыптасты, қазақтар халық және ұлт ретінде топтасты, көпұлтты Қазақстан халқы қалыптасты. Құқықтық қатынастар осы құбылыс-тарды реттеп, рәсімдеп отырды.

Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқық тарихының терең тамыры бар екенін көрдік. Қазақстан жерінде тарихи, саяси-құқықтық қатынастардың сабақтастығының үзілмегеніне көз жеткіздік. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы фактілерінің байлығы, оқиға-ларының молдығы жағынан, басқа елдердің осындай тарихынан ешқандай кем емес екендігі, біздің көңілімізге мақтаныш әкеледі. Бұлар бүгінгі Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы және ертеңгі болашағына, шешуші ықпал ететін факторлар болатыны даусыз.

Ұлы дала – Қазақ даласы адамзат жаралғаннан бері қилы-қилы заманалардың, әлемдік тарихтың өзегіне айналған небір айтулы оқиғалардың отаны болған кең байтақ кеңістік. Жұмыр жердегі құрылықтың 1,8 пайызынан артық көлемін алып жатқан бүгінгі Қазақстан Республикасының осынау құтты қонысы – бұдан мыңдаған жыл бұрын қазақ этносын қалыптастырған баба-ларымыз қазіргі Қазақ атты әлем таныған мемлекеттің негізін қалап отырған, әлемдік өркениетте өзіндік ерекшелігі, салт-дәстүрі мен таным-тағылымы бар халықты талбесікте тербетіп, атқа қон-дырған ұлтымыздың ақ отауын тігіп кеткен алтын аймақ.

Ата-бабаларымыздың мұра етіп қалдырған осынау Ұлы даланың әрбір сынық сүйемі біз үшін жанымыздан да қымбат. Қазаққа қазақ жерінен құнды, қазақ жерінен қасиетті ештеңе жоқ. Өйткені біз ұлт ретінде де осы шалқар кеңістік, байтақ аймақ – Ұлы даламен біте қайнасып қалыптастық, бірге жаралдық.

Ұзыннан-ұзақ созылып, кербез жатқан қазақтың Ұлы даласының табиғаты қандай бай болса, ол небір аңыз бен шежіреге, адам таңғаларлық таңғажайып кереметтерге де толы.

Елімізде енжар дамып келе жатқан салалардың бірі тарих ғылымының теория-методологиясы мен философиясы десек, ешқандай да қателелеспейміз. Оның айқын дәлелі – соңғы тәуелсіздік алған 20 жылдың өзінде, осы сала бойынша әлемдік деңгейде жаңалығы бар

бірде-бір ірі ғылыми еңбек жарық көрмеіті. Керісінше, тарихи оқиғаларды әркім өзінше зерттеп, бір тарихи деректің өзіне бірнеше тұжырымдар жасалып, халықтың арасында қарама-қайшы пікірлер туғы-зып отыр. Зерттеулердің ғылыми жүйесі жоқ. Әсіресе, қазіргі мүмкіндікті пайдаланып, мұрағат құжаттары, тарихи қолжазбалар мен археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесін жан-жақты, кешенді түрде зерттеп, түркі мәдениеті мен өркениеті турасында жаңа көзқарас, тың пікір айтқан ғылым иелерін, өкінішке орай, өз ортамыздан көре алмай отырмыз. Әлбетте, барлық ғалымдар ұжымына топырақ шашқымыз келмейді, өткен ғасырымыздың белгілі бір кезеңдерін жан-жақты зерделеп, өзіндік тұжырым жасаған талантты азаматтар мүлде жоқ емес, сирек болса да бар-шылық. Бірақ әлемді дүр сілкіндіріп, өзіміздің төл тарихымыздың шындығын бүкіл елге паш ететін кешенді жаңа ғылыми байламдар жасалған жоқ. Өйткені «Түркілерде өркениет болған ба, болмаған ба?!» және еуроцентристер айтып жүргендей, түркілер шын мәнінде «варвар» болған ба, жоқ әлде, керісінше олардың өзіне сол кездегі алдыңғы деңгейдегі мәдениет әкеліп, өркениет иелері болды ма?! деген күрделі мәселе ғылымда әлі күнге дейін басы ашық күйінде қалып отыр.

Мысалы, Мөде қаған (б.з.б. 174 ө) жарты әлемді жаулап алған ұлы жиһангер болып, Шығыстағы Тынық мұхиттан Каспий теңізіне дейінгі аралықтағы 36 мемлекетті жаулап алған-дығы айтылады (Қазақстан тарихы. -Алматы, 1998. I том. 245-246 беттер).

Біздің жыл санауымызға дейінгі II ғасырда сақ тайпаларының одағын жеңген хұндар дәуірлеп, осы заманның алғашқы ғасырларына дейін үстемдік жүргізді. Хұндардың бір тобы бағзы заманда қазіргі қазақ даласын жайлап, жергілікті ұлыстармен біте-қайнасып, сіңісіп кеткен. Олар Тәңірге сеніп, Күнге табынған, түркі тілінде сөйлескен.

Хұндар туралы жазылған батыс пен шығыс тарихшыларының жазбаларын салыстырса, бір-біріне сәйкес келеді. Қытай шежіресі Сыма-Цянь хұндар туралы біздің жыл санауымызға дейін былай деп жазды: «Әр тайпаның өз көсемі бар, жүздеген көсемдердің басы бір жерге жиі қосылса да тұтас мемлекет құрмаған. Шөптің шүйгінін, судың тұнығын қуалап, малдың өрісіне орай көшіп жүреді. Тұрақты қонысы жоқ. Есігі шығысқа қаратылып тігілген дөңгелек киіз үйде тұрады. Етпен қоректеніп, қымыз ішеді, киімдерін әртүрлі жосамен бояған жүннен не теріден жасайды. Билік мұрагерлікке қалмайды. Ақсақалдарынан бастап, ең кіші отау иелеріне дейін өз малын өзі бағады, бір-бірін жалшылыққа алмайды... Әрбір істі атқаруға келгенде, әйелдерінің ақылына құлақ асады, тек әскер мәселесін еркектердің өздері шешеді».

Рим тарихшысы Аммиан Марцелли (V ғасырдың ортасы) хұндарды былай сипаттайды: «Олар мығым да шымыр денелі, мойындары жуан, олардың түрлерінің қорқыныштысы сон-дай - екі аяқты аң ба деп қаласың. Тау мен даланы қапталдай көшіп жүрген олар суыққа, аш-тық пен шөлге бесіктен бастап үйренген. Олар ат үстінде күнін өткізіп, ат үстінде тамақ ішіп, жатаған жылқының жалына жармасып алып ұйықтайды».

Бұл жазбалардан ежелгі замандағы хұндар мен бертінгі XV-XIX ғасырлардағы көшпелі қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде айырмашылық жоқтың қасы деуге болады.

Көшпелі хұндар 24 тайпалық одақ болып, дәурені жүріп тұрған кезде бүкіл Европа, Азия құрлықтарында оларға қарсы тұратындай, терезесі тең келетіндей бірде-бір ел болған емес. Бірақ дүниені дүр сілкіндірген хұн одағы басқа сақ, сәнби, үйсін мемлекеттік құрылымдары сияқты бір-бірімен қырқысумен болды. Соның нәтижесінде ежелгі көшпелі елдердің өзара жіктері ашылып, ұсақ ұлыстарға ыдырап, ірі-ірі мемлекеттердің құрбаны болғаны белгілі. Хұндар мемлекетінің де ішіне жік түсіп, осындай тауқыметтің азабын тартты. Олардың шығыс бөлігі (қытай жазбалары бойынша әуелі 58, кейін 73 рулық бірлестік) Қытай

мемлекетінің ішіне енеді. Бұл жерде хұндарды шүршіттер басқа тайпалардың көмегімен ойсырата жеңеді. Бірақ хұндардың өз елдігін сақтауы үшін күресі толастаған жоқ. Оған Көкбөрі, Оғыз қаған, Жабағы, Бумын қаған сияқты батыр көсемдерінің ерліктері дәлел бола алады («Дауа» газеті, № 1-19, 1991 ж.). Ал Қытай мемлекеті бүкіл Шығыс Түркістан, Орталық Азия-ның шығыс жағын, сонау Ферғанаға дейін өзіне бағындырды.

Хұндардың екінші (батыс) бөлігі жаппай босып, Сыр бойынан Еділ (Волга) барып, одан Қап тауының маңындағы аландармен соғысып өздеріне қаратады. 370 жылдары Оңтүстік Шығыс Европаның кең даласына тұтқиылдан кірген хұндар қыстың күні Керіш бұғазының мұзының үстімен өтіп, Боспор патшалығының бай қалаларын басып алады. Қара теңіз жағалауын, Днестрге дейінгі жерлерді қоныстанған сармат, алан және гот тайпаларың бірер жылда-ақ тізе бүктіреді.

IV ғасырдың аяғы, V ғасырдың басында жауынгер хұндардан қауіптенген Рим империясы Константинопольді айналдыра Феодосия қорғанын салуға, ал Византия хұндарға алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болады. Айта кететін жағдай, Батыс хұн қағанаты Шығыстағы хұндарға қысылғанда қол ұшын беріп, үнемі қарым-қатынас жасап тұрған.

Әділ(Аттила) (410-453 жылдар). Француз тарихшысы А.Тверридің пікірі бойынша: «Аттила есімі адамзат тарихындағы ұлы адамдар - Александр Македонский мен Юлий Цезарьдің қатарынан орын алады».

Хұн мемлекетінің ұзақ ғұмырында әлемді аузына қаратып, аты тарихта аңыз боп қалған үш адам бар. Олар: Шығыста – Мүде (Мөде), Түркі қағанатында - Естемі, Батыс хұн ордасында - Әділ (Аттила) патша. Мүде ханның тікелей ұрпағы Әділді европалықтар «Бич божий» деп атаған, оның қазақшасы «Құдайдың шыбыртқысы, Құдайдың қамшысы, Құдайдың күші немесе Құдайдың қаһары» деген мағынаны білдіреді. «Бич божий» аталуының басты себебі, сол замандағы жер жүзіндегі ең күшті, әрі ең ірі мемлекет - құл иеленуші Рим империясын 422 жылы құлатып, бүтіндей бір қоғамды тежеген алып империяны жоюға басты себепкер болды. Италия, Греция, Франция, Германия, Венгрия мемлекеттерінің байырғы тұрғындарының ата-бабаларын Рим езгісінен құтқарып, өз бетімен тұтас ұлт есебінде қалыптасуына жағдай туғызған Әділ қаһарманның орны мүлде бөлек.

453 жылы Әділ патша қаза тапқан соң көп кешікпей хандық таққа таластан кейін, хұн ордасы екіге бөлінді. Шығыс қағанат (кейіннен Хазар хандығы) - Хунгурия мен Қара теңіз жағалауын бағындырған Адакердің ордасы (кейін Уархұн қағанаты). Италияда 17 жыл король болған, Рим сарайының алтын тағында отырған Адакер 493 жылы қаза тапты. Ал Уархұн қағанаты IX ғасырға дейін өмір сүрді. Уархұндар аталары - Әділ патша билік құрған бір ғасырдан кейін, яғни 1450 жылдары ежелгі туыстары Геродот жазған далалық түркілермен бірігіп, күшейіп, Византия империясын өздеріне бағындырып алды. Дәлірек айтсақ, 1453 жылдың 29 мамырында Сұлтан Мехмед Фатих ежелгі Грек және Рим империясының жалғасы, ғасырлар бойы «шаһарлардың шаһары» болған Константинопольді жаулап алып, Осман империясының орталығына айналдырды. Бұл қала - қазіргі әлемге әйгілі Ыстамбұл қаласы. Бастапқы аты Исламбол, кейіннен Стамбулға айналған. Шіркеулер мешітке айналып, Шығысқа деген қызығушылықтың қызғаны соншалық, төрткүл дүниенің ағы да, қарасы да бір шаңырақ астына жиналды. Түркі мемлекеті – Осман империясы сол кезде, бүкіл Еуразияға үстемдік жүргізді десек артық болмас және бұл үстемдік тек 50-100 жыл емес, 600 жылға созылды. Осман империясы (624 жыл билік құрған), тек екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан 1920 жылдары ыдырап, тек 1923 жылы Мұстафа Кемал Ататүріктің басшылығымен ұйымдастырылған, басқыншыларға қарсы ұлт-азаттық көтерілістің

арқасында ғана Түрік Республикасына айналды. Олай болмаса, биліктері дүние жүзіне жүріп тұрған, Европаның сол кездегі күшті мемлекеттерінің басшыларының ұйғаруымен, бірнеше ғасыр бойы Евразияға үстемдік құрған Осман империясы жер жүзінен мүлдем жойылмақ еді.

Сонымен, кезінде Сұлтан Мехмед Фатих ежелгі Грек және Рим империяларының жалғасы, Византияны жаулап алып, ғасырлар бойы «шаһарлардың шаһары» болған Константинопольді Осман империясының астанасы етіп, түркілердің даңқын жер жүзіне асқақтатса, ал Османдардың 20-шы сұлтаны Мехмед VI Осман империясын ыдыратып, өзі елден қашып кетеді.

Осман империясы 600 жыл дәуірлеп тұрғанда Мекке мен Мединеге де иелік еткені белгілі. Ал, Шыңғыс ханның тасасында қалғаны болмаса, моңғолдардың қаһарлы Шыңғыстың өзінің көзі тірісінде, ол моңғол емес, қыпшақ тармағына жататын, яғни қазақтың бір тайпасы меркіт дейтін Жошы ханның қазақ әйелдерінен туған Қытайда Юань патшасын құрған Құбылай мен Алтын Орданы құрған Батый ханның ұрпақтары Еуразияны 300 жыл уысында ұстағаны және Алтын орданың астанасы қазақ даласында болғаны баршаға мәлім. Тіпті, қазіргі дүние жүзін таң қалдырып отырған, Ресей астанасы Москвада орналасқан, бүгінгі күнге дейін Ресей басшыларының ең басты резиденциясы – Кремль Алтын Орданың астанасы Сарайшық қаласының жобасымен салынған.

Керей мен Жәнібек хандар құрған Қазақ хандығын Алтын Орданың мұрагері деп атауға толық негіз бар.

Біріншіден, Қазақ хандығы Алтын Орда мемлекетінің аумағын қамтыды;

Екіншіден, хандықтың негізін қалаған әулет Жошының кіндігінен, ал оларды қолдаған халық Алтын Орданың негізін құраған ру-тайпалар болды;

Үшіншіден, Жошы мен оның айбынды ұрпақтары, оларды қолдаушы би-батырлардың мәңгілікке тыныстаған жерлері: Ұлытау, Қаратау, Алатау, Шу бойы, Сарайшық, Жетісу, Алтай және қасиетті Сарыарқа жері Қазақстан территориясында орналасқан;

Төртіншіден, Алтын Орданың құрамындағы басты роль атқарған ру-тайпалар Қазақ хандығының ұйытқысына айналды;

Бесіншіден, шаңырақ көтерген хандық пен халық құдыретті империяның салт-дәстүрлерін, сол заманға сай жаңғыртуға ұмтылды.

Сондықтан, Алтын Орданың мұрагерлері қазақтар – Қазақ Хандығы болғанын тарихшылар да, саясаткерлер де біледі. Қазақ елінің толерантты мінезі Алтын Ордадан қалған қасиетінің бірі болса керек. Міне, осы себепке байланысты да Шоқан кезінде: «Қазақтар өздерін Алтын Орданың ұрпақтары ретінде есептейді», - деп жазған болатын. Осы Шоқанның 150 жыл бұрын айтып кеткен тұжырымын, таяуда ешкімнен тайсалмай, шындықты бетке айтатын Беларусь Республикасының басшысы Александр Лукашенко: «Алтын Орданың мұрагерлері қазақтар, сондықтан олар бүкіл Ресей мен Шығыс Европаның жерінің иесіміз деп айта алады», - деп дүние жүзіне жария етті.

Алтын Орданы XII ғасырдың екінші жартысында Батый хан құрған еді және дипломатиялық, мемлекеттік тілі – қыпшақ тілі еді. Алтын Орда мемлекетінде қала құрылысы, металл өндіру мен өңдеу, қолөнер, сауда, алтын, күміс, мыс, керамика жасау, тері бұйымдарын шығару мен тоқыма өндірісі, жеміс-жидек пен мал шаруашылығы дүрілдеп дамыған болатын.

Алтын Орданың (тарихи әдебиетте Қыпшақ Ордасы деп қосарлана жазылады) бірінші астанасы Батый хан негізін қалаған – Сарай Бату. 1395 жылы тек қыпшақтардың емес, бүкіл түркі халықтарының өркендеуін 100 жылға тежеп кеткен Ақсақ Темір жауыз жермен жексен етіп қиратқан. Ресейдің Астрахань қаласының солтүстік бетінде 140 шақырым жерде, осы күнгі Селитренное қаласының орны. Екінші бас қала Берке хан негізін қалаған – Сарай Берке. Бұл қазіргі Волгоград қаласының күнгейінен 70 шақырым жерде, яғни Царев елді мекені. Бұл қаланы да Ақсақ Темір қиратқан. Сонымен бірге Алтын Орданың сол кездегі көркем қалалардың бірі – Үкек деген қаласын да (Саратов қаласына жақын жерде) Ақсақ Темір жермен жексен еткен. Үшінші астанасы – Сарайшық. Жеті ханға Сарайшықтың топырағы бұйырған. Олар: Мөңке Темір (1266-1280), Тоқай (1290-1312), Жәнібек (1343-1353), Әмір Оқас (1440-1447), Қасым хан (1511-1518), Шах Мамай (1542-1549) және Жүсіп (1519-1554).

Сол кездегі мәдениет пен өркениеттің бесігі болған көркем де, сәулетті шаһар Сарайшықты 1580 жылдың 27 тамызында Дешті Қыпшақтың түбіне жеткен Ресей патшасы - қандықол Иван Грозный талқандаған. 1845 жылы белгілі жазушы, орыс ойшылы, бірнеше тілде еркін сөйлеген Н.Г. Чернышевский: «В Саратовской Губернии было главное становище Золотой Орды», - деп жазып, Губернияда 365 топонимдық атау татар (түркі) тілінде екеніне назар аударған. Тіпті, Алтын Орда мемлекетінің іздері, халықтың ой сілемдері тарихи-географиялық атауларда осы күнге дейін көрініс табады. Шоқан Уәлиханов тарихи тұлғалардың батырлық-қаһармандық ерліктерін екпіндете-түйдектете жырлаған қазақтың эпикалық жырлары XIV-XV ғасырларда, яғни Алтын Орда дәуірінде туған деп тұжырым жасайды.

Шындығында да, Шыңғыс хан заманында керей, қаңлы, дулат, қарлық, меркіт, найман, чорас, барлас және басқа да түркі тілдес тайпаларды татарлар, ал сол тайпалар өмір сүріп жатқан кеңістікті Татан даласы деп атаған еді. Шыңғыс, Жошы және Батыйдың Батысқа жасаған жорықтарына қатысқан әскердің басым көпшілігі, жоғарғы айтып кеткен түркі тілдес тайпалар - татарлар болатын. Осы уақытқа дейін, сол жорықтарды батыс және орыс тарихшылары «татарское нашествие», «татарское иго» деп келді. Орыстар 300 жылдан астам алым-салық ғана төлеп тұрмай, олардың ел басқаратын басшыларын да, тек Алтын Орда тағайындап отырды. Орыстардың халықтың арасында кең тараған мынандай: «Кез-келген орыстың бетін тырнасаң, әр жағынан татар шығады», - деген тарихи мақалы бар.

Сол дәуірдегі өркениеттің геосаяси және геоэкономикалық кіндігі болған Жерорта теңізіне қожалық ету түріктерге көшкенде, батыстағыларға Шығыспен қатынас жасаудың балама жолдарын іздеуден басқа амалы қалмады. Сондықтан, шығыстағы Үндістанға батысқа тез-ақ жетуге болады деген ертеден қалған навигаторлық болжамдар еуропалақтарды теріс бағытқа сілтеді. Сөйтіп жүріп, Х. Колумбтың батыс арқылы жеткен жері Үндістан емес, Америка құрлығы болып шығып, қазіргі кездегі дүние жүзінің ең күшті әміршісі Америка (АҚШ) мемлекетін құруға негіз болды. Теңіз жолдарының дамуынан, бір замандарда Шығыс пен Батыс арасын қатынап тұрған керуендер тоқтап, ғасырлар бойы кедендік-логистикалық қызмет атқарып келген еуразиялық сәнді шаһарлар өз жарықтарын сөндірді. Керуендер кел-меске кетіп, кемелер дәуірі басталды. Батыстың осы кезеңнен бастап, тасы тауға өрмеледі.

Отарлау саясаты Орталық Азияға жетіп, Британия мен Ресейдің арасында Түркістанға таласқан «үлкен ойын» басталды және неміс ғалымы Александр фон Гумбольдтың 1843 жылы жарық көрген «Орталық Азия» атты кітабынан кейін қыза түсті. Бірнеше жылға созылған теке-тірестен кейін, Орталық Азия ағылшын арыстаны емес, орыс аюының құшағында кетті. 1893 жылы дат ғалымы Вильгельм Томсон Орталық Азияны мекендеген түркілердің тілі

болған, дүниежүзіне «Орхон-енисей» деген атпен белгілі жазулардан «Тәңір» деген сөзін оқып шығып, жер шарына жария етті. VII-IX ғасырларда түркі жұрты арасында, бүгінгі біздермен туыстас түркі тектес халықтардың бәріне ортақ алғашқы әдеби дәстүрлер қалыптаса бастаған. Оған ақындық тәсіл мен салт-дәстүрлердің ең ертедегі туындысы болатынын Орхон жазбалары дәлел бола алады. Тасқа қашалып жазылған Күлтегін, Тоныкөк туралы жырларды сол дәуірдегі жазба әдебиетінің жарқын белгілері деп қарастыруға болады. Осы ескерткіштердің жанрлық сипатын дұрыс анықтап, алғашқы пікір айтқандар халқымыздың асыл ұлдары, академик Әлкей Марғұлан мен ұлы жазушы Мұхтар Әуезов болатын. Ә. Марғұлан 1957 жылы шыққан «Қазақ ССР-ы тарихы» I томының 117 бетінде: «VI-VIII ғасырлардағы халық фольклорында эпостық поэзияның Орхон ескерткіштерінде жазылып қалған ең ертедегі ақындық тәсілдері мен дәстүрлері белгілене бастаған. Бұл поэзияның элементтерін Күлтегін мен Білге ханның басындағы құлпытастарына жазылған жазулардан көруге болады. Бұл жазулардың тексі эпостық әңгіме стилінде жазылған», - деп көрсеткен еді. Ал Мұхтар Әуезов 1952 жылы бүкілодақтық конференцияда: «Орхон жазулары деген не? Бұл күнге дейін оларды тіл тарихының ескерткіші ретінде зерттеп жүр. Соған қоса ол фольклордың мейлінше көне үлгілердің де ескерткіші емес пе? Сол жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар ғой», - деген болатын. Орхон жазуларын-дағы Күлтегін, Тоныкөк туралы мұраларды атақты орыс ғалымдары В.В. Радлов пен С.Е. Малов тағы басқа ғалымдар қарасөз түрінде аударған. Күлтегін мен Тоныкөк жазбаларын арнайы зерттеген ғалым И.В. Стеблева Мәскеуде 1965 жылы шыққан «Поэзия тюрков» деген монографиясында: «Туған елінің тәуелсіздігі мен құлдыққа қарсы күресін, халқына және оның ерлеріне деген сүйіспеншілікке ақындық шабытпен жазған Орхон текстілерін жалаң тарихи (тарихи-өмірбаяндық) деректемелерге жатқыза қоюға болар ма екен?. Керісінше, белгілі бір ақындық дәстүрдің ортасында туған осы жазуларды тарихи-ерлік поэма деп тану әлдеқайда орынды болар еді», - деп тұжырым жасайды. Бірақ, осы зерттеулер Ресей, Кеңес Империясының дәуірі жүріп тұрған кезде зерттелген және сол кездегі саясат бойынша түркі мәдениетінің дүние жүзіне паш ететін тарихи елеулі деген ескерткіштерін дәріптеуге тыйым салынған болатын. Өйткені, Орхон ескерткіштерін зерттеу нәтижелері, қазақ әдебиті көкжиегін он екі ғасырдан әріге кеңейткен болатын. Одан басқа, 1906 жылы ағылшын Марк Стейн Жібек жолының басы болған Дуньхуан жеріндегі құм астында қалған кітапханадан Қытайды ғана емес, Орталық Азияны мекендеген түркілер мен монғолдарды, тибеттіктер мен тағы басқа да көптеген халықтардың тарихын тануға қажетті құжаттарды тапты. Ол құжаттар ағылшындар мен француздардың, америкалықтар мен ресейліктердің, кейінірек жапондардың қолында кетті. Қазіргі кезде «Халықаралық Дуньхуан жобасы» арқылы қайта жинақтауға талпыныстар жасалып жатыр.

Осман империясынан кейінгі бірнеше жылдар бойындағы Жапония, Еуропа мен АҚШ-тың басымдылығы, олардың жаңа технологиялар мен жаңа стандарттар саласында озық тұруымен байланысты. Кімде-кім жаңа технологияларды игерсе, ол қашанда жаңа стандарттың қожасы болып қала бермек. Бұл жерде ғылыми-технология және инновациялық өнімдер мысал бола алады.

Бүкіл әлем осы күнге дейін біздің ата-бабаларымыздың көшпелі мәдениеттің өкілдері ретінде танып келді. Расында да, хұндардың ізбасарлары қыпшақтардың басым көпшілігі көшпелі ғұмыр кешті. Бірақ, көшпелі өмір дегеніміз тек жабайылықтан тұрмайды. Біз көшпелі өмір сүргенімізбен, африкалық сияқты жалаңаш немесе америкалық үндістер секілді бұтымызға жапырақ байлап, лашық пен күркеде тұрған жоқпыз. Біздің көшіп-қону салтымыз бен киіз үйіміз өз заманында жоғары мәдениетке ие болатын. Сондай-ақ, көшпелі ғұмырдың негізгі тіршілік көзі – мал шаруашылығынан тұрған. Әсіресе, басында Татан, кейіннен

Дешті-Қыпшақ қауымы интенсивті түрде мал шаруашылығын дамытуға назар аударған. Тегінде, адамзат баласы ықылым заманнан бері мал шаруашылығымен шұғылданып келеді. Адам атаның бір баласы Қабыл отырықшы өмір сүруді тандап алса, ал Абыл мал шаруашылығын кәсіп еткен (Пайғамбар қиссасы. -Алматы, 2010. Кәусар-Саяхат баспасы. 33-36 беттер). Яғни мал шаруашылығы сонау арғы бабамыз Абылдан қалған асыл мұра кәсібіміз десек, әсте қателеспейміз. Сол заманнан бүгінгі күнге дейін мал шаруашылығы тіршілігіміздің маңызды бір саласын құрап келеді. Ет, сүт, май секілді күнделікті тағамдардан басқа, күнделікті киім кию мәдениетіміздің, сондай-ақ, кейбір медициналық дәрі-дәрмектердің және құрал-жабдықтардың да шикізатын мал өнімдерінен ала-мыз. Осылай мал өнімдерінсіз тіршілігімізді көз алдымызға елестету мүмкін емес.

Түркілердің шаруашылығы мен кәсібі тек мал шаруашылығын дамытудан тұрмаған. Оларда сол заманға сай қала мәдениеті мен кен байыту кәсібі де біршама дамыған. Тіпті түркілер көне Мысыр перғауындары секілді аспанмен тілдескен биік пирамидалар да тұрғызған. Дәлірек айтсақ, түрік зерттеушісі Октан Келеш Қытайдың Шяньши провинциясының орталығы Шянь қаласынан 100 шақырым жерде орналасқан ежелгі пирамидаларды зерттеп, бұл тарихи кешендерді түркілерге тән деп дәлелдеп шыққан. Ол 2009 жылы осы пирамидалардың біріне бас сұғып, бірнеше мумияланған денелер мен ескерткіштерді көргенін, ескерткіштің біріне «ай жұлдыз, қасқыр басылары» деген жазу бар екенін, үш метрге тақау гранит тасынан жасалған бір ескерткішті қытай жолбасшысы: «Бұл – сіздердің бабаларыңыз Оғыз қаған», - деп таныстырғанын жазады.

Қытайдағы түрік пирамидаларын II Дүниежүзілік соғыс кезінде американдық ұшқыш Жамес Гауссман Үндістаннан Қытайға ұшып бара жатқанда байқап қалып, бұл жаңалықты тұң-ғыш рет бүкіл әлемге таратқан болатын. Бұдан кейін бұл тарихи кешенді германиялық зерттеуші Харлвиг Хаус Дорф зерттеді. Оның деректеріне қарағанда, осы жазықта ірілі-ұсақты 100-ге тарта пирамида бар екен (М. Исахан. Қытайда түркілерге тән пирамида табылды. Қазақстан-Заман. 2010. №13). Сөз жоқ, бұл ғылыми жаңалықтар тарихта түркі өркениетінің болғандығын дәлел-дейді.

Зерттеушілердің көпшілігі көне Орталық Азияны «Трансоксания» деп атайды. Белгілі тарихшы Зәки Валиди Тоған «Оксус» деп Амурдария мен Сырдария жағалауы айтылатынын, бұл сөздің түбірі «Өгіз» сөзінен шығатынын айтады (З. Валиди Тоған. Аму Дария. - Ыстамбұл. 1950. 419 б.).

Трансоксания мәдениетін зерттеген тарихшы-археологтардың көпшілігі бұл өлкеде ірі-ірі қалалардың болғандығын көрсетіп өтеді. Археолог-ғалымдар К. Байпақов пен А. Нұржанов Сыр-дария жағалауын «Оғыз даласы» дей келіп, Түркістан алқабындағы Қарашықтың көне атауы Өгіз қаласы деп аталғанын айтады және өз зерттеулерінде Оғыз даласында Ортағасырлық жүзге жуық дамыған қалалардың атын атайды. Қалаларда шахристан, рабад, мешіт-медресе, сауда орындары, сондай-ақ, ғажайып тарихи ескерткіштердің тұрғызылғандығын, тұрғындардың бәрінің үйіне орталықтандырған сумен қамтамасыз етілгендігі, тіпті кәріз (канализация) жүйесін де пайдаланғандығын жеткізеді. Қала тұрғындарының қолөнер, сауда-саттық, егіншілік және кен қазу жұмыс-тарымен шұғылданғандығын дәлелдейді (Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және Ортағасырлық Қазақстан. -Алматы. 1992. 80 б.). Ал оғыздардың мекені осы Сырдария жағалауы, саяси орталығы бүгінгі Қазалы қаласының төңірегіндегі Жаникент қаласы болғандығы тарихшы қауымға аян (Қазақстан тарихы. -Алматы. 1998. I том. 314-321 беттер). Осы дәлелдерден кейін, ата-бабаларымыздың отырықшы-қала мәдениетін де дамытқанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Өркениеттің белгісі саналатын жазу да түркілерде болған. Тіпті сол заманда түркі тілі қазіргі ағылшын тілі сияқты халықаралық тіл болған. Оның дәлелі Ашина-Көкбөрі, Бумын, Естеми, Қабаған, Білге, Күлтегін, Тоныкөк, Мөде, Оғыз қағандардан бастап, одан кейін Әділ патша, Шыңғыс хан мен Ақсақ Темір дәуірлерінде, одан кейінгі кезеңдерде де, яғни бірнеше ғасыр бойы Евразияда халықаралық тіл - түркі тілі болған. Кен өндіру саласы да өзгелерден көш ілгері дамыған. Жоғарыда аты аталған түркі қағандарының жарты әлемді басып алуының басты себебі, сол заманда түркі әскерінің қару-жарағы мен сауыт-саймандары темірден болғандығы. Сол заманда темір қару иелену, қазіргі атом бомбасы - ядролық жойқын қаруына ие болумен теңбе-тең еді. Мал шаруашылығымен қатар, отырықшылық пен қала мәдениеті де біршама өркен-деген. Түркістан өлкесі, әсіресе Амудария мен Сырдария аралығындағы құнарлы жерлер ежелгі замандардан-ақ суармалы жер өңдеу, диқаншылық кәсібін дамытты. Жергілікті тұрғындар, отырықшы тұрмысқа тез бейімделіп, күмбезді ғимараттар тұрғызып, Тараз, Баласұғын, Мерке және Түркістан сияқты сәулетті қалаларда өмір сүрді. Түркістан арқылы салынған керуен жолдары дүниенің төрт бұрышын қосып жатты. Орта Азия бүкіл әлемдегі ең ірі сауда орталы-ғының біріне айналды. «Жібек жолы» деп аталатын халықаралық керуен-сауда жолы арқылы келген үнді, иран, қытай тауарлары көшпелілерге малға, мал өнімдеріне (тері, жүн, былғары т.с.с.) айырбасталды және Еуропаның ірі сауда орталықтарына тікелей жол ашты.

Бір заманда, бүкіл Еуразия халықтарын көшпенділер империясы жаулап алып, Шыңғыс хан ұрпағы Құбылай Бейжіңді хан ордасы Ханбалық деп атап, Юань империясын құрды. Дүние жүзінде бұрын-соңды осындай алып, өте күшті мемлекет болмаған. Бейжің қазір Қытайдың астанасы, ал юань мемлекеттік ақшасы. Мәліметтер бойынша Бейжің қаласының бірінші қазығын қағып, бас сәулетшісі болған біздің қандасымыз. Сол кездері, біздің Алатауды аспанмен теңеп, Балқашымызды «Көкше теңіз», Алакөлімізді «Желді теңіз» деп атап кеткен, жер жүзін шарлаған атақты жиһанкездер: Рубрук, Николло мен Марко Пололар еліміз-жеріміз туралы қаншама құнды деректер қалдырған десеңші! Бірақ, өкінішке орай бұл тарихи деректерді ғалымдарымыз зерттей қойған жоқ. Ал көне замандағы «Кодекс Куманикс» деген атпен белгілі, қыпшақ тілінің сөздігі және қыпшақ даласының әдет-ғұрып құқықтық құжатын жалпы жұрт тіптен білмейді. Қолжазба 82 беттен тұрған, кімнің, қандай жерде және қашан жазылғаны белгісіз. Бірақ қолжазба табылған бетте Батыс ғалымдары көп көңіл аударған. Қазіргі кезде Венециядағы Әулие Марк шіркеуінде сақтаулы. «Кодекс Куманикс» алғашқы кітап болып, 1303 жылы Әулие Джон шіркеуінде шыққан. Бес рет басылып шығып, латын, француз, неміс, парсы және орыс тілдеріне аударылған.

Өркениетті қоғамның бастау-бұлағы болуы тиіс Хақ Елшісі де түркілерге келген. Оның дәлелі Құран-Кәрімдегі «Ескертуші пайғамбар келмеген ешбір үмбет» жоқ деген аятты негізге алсақ (Фатр, 24), біздің ата-бабаларымызға да Алла Елшісінің келгені хақ. Жалпы, Құран-Кәрімде жиырма бес пайғамбардың ғана есімі аталғанымен, Алла Елшісінің хабарлауына қарағанда, адамзат баласына жүз жиырма төрт мың нәби, үш жүз он бес елші жіберілген (Ахмат ибн Ханбал, Мүснад, 5/266. Суюти, әд-Дурул-Мәнсүр, фит-Тафсирил-Мәсур, 1/126). Түркілердің өмір сүру заңдылықтары, яғни ар-ұжданды ұлықтайтын әдет-ғұрып құқықтық нормалары осы илаһи ілімінен бастау алған. Демек, біздің ата-бабаларымыз да белгілі бір өркениетті қоғамда ғұмыр кешкен. Түркілер бұл өркениетті заманды - «Алтын ғасыр», «Жерұйық», «Жиделі байсын» және «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заман» деп атаған. Осы өркениетті заманның дәлелдері ретінде Алматы облысындағы Есік қаласынан, Қарағанды облысындағы Қарқаралы қаласынан (Кент) табылған дүниеде теңдесі жоқ алтын әшекейлі адамдар, Шығыс Қазақстан облысындағы Берел елді мекенінен табылған адам айтса наңғысыз, көне жәдігерлерді мақта-нышпен айтуға болады. Ең



өкініштісі, осы жоғарыда көрсетілген тарихи жаңалықтарды бүкіл дүние жүзіне паш ете алмай отырғандығымыз.

Ал, жанның рухани байлығы жайында айтсақ болсақ, ол мүлдем бөлек әңгіме болар еді. Батыста қоғамдық ой шіркеумен шектеліп жатқан теологиялық орта ғасырда ғылыми жаңалық ашқан Коперникті жынды санап, Галилейді терең білімі үшін соққыға жыққан уақытта, Шығыста білім мен ғылымға ешқашан ешқандай да шек қойылмаған. Құран Кәрімнің 670 жерінде ілім-білімнің маныздылығы жайында айтылған. Олай болса біздің қалайтынымыз, білім алу тек сол қасиетті жазуларды жатқа айтуға құштарлықпен шектелмей, техника және технологиялық жаңалықтар ашу мен жаңа заттар шығаруға деген құштарлықпен ұштасып жатса. Қазіргі кезде жастарымыздың бірі Батысқа бас ұрып, екіншілері біздің тек шариатпен өмір сүріп, халифатта тұрғанымызды қалайды.

Бір айта кететін жайт, арабтың құрайыш тайпасынан шыққан, жастайынан жетім қалған Мұхаммед пайғамбардан араб әулетінде ұрпақ қалмаған, тек жалғыз қызы Бәтимадан тараған 36 ұрпағы қазіргі Иранда тұрады. Солардың бірі Иранның рухани көсемі аятолла Хаманей.

Ақиқатпен бірге жалған ақпарат жармаса жүретіні жасырын емес. Өкінішке қарай, білім мен даналықты ұштастыра алмаған кейбір адамдар амалдары арқылы білместікпен Ислам жайлы жағымсыз пікір қалыптастыруда. Исламның кеңшілігін кемшілікпен жеткізуде. Онсыз да кемел дінді келемеждеп көрсеткісі келетіндер үшін бұл іздегенге сұраған болды. Біреулердің білімсіздігі Исламға кір келтіруде. Осындайда адасқан ағымдардың кесірінен кейбір адамдар дінге үрке қарауда. Ағымдар жайлы айтқанда, оның шығу төркіні мен тарихына тоқталған дұрыс. Осы мәселені жіті зерттеген ғалымдардың пікірінше, XVIII ғасырда Нежд өлкесінде дүниеге келген Мұхаммед ибн Абд әл-Уаһһаб негізін қалаған діни-саяси ағым оның атымен «уаһһабилік» деп аталған. Уаһһабилік идеология өкілдері өздерін «салафиміз» деп атағандықтан осы атпен таныла бастайды. «Салаф» сөзі Қасиетті Құранның бір-неше жерінде кездескенімен, ол «алдыңғы өткендер», «бұрынғылар» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан салафи мұсылмандардың алдыңғы үш толқынына берілген атау. Олар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабалары, табиғиндер (сахабаларды көргендер) мен табаға табиғиндер (табиғиндерді көргендер). Заманымызға өздерін «салафи» санаушылар Исламның әуелгі үш ғасырындағы өмір сүргендерге теңеуде. Бұрынғы салафилер шынайы ислам жолын ұстанушылар болса, қазіргілер олай емес. Еліміздегі кейбір бұл ағым өкілдері әһли сүннет жолын ұстанушы 4 мазһабтын біреуін де ұстанбайтын көрінеді. Алайда, әһли сүннет жолын ұстанушы Ханафи, Шафиғи, Малики, Ханбали мазһабтары екендігі шындық. Шынайы салаф жолын ұстанушылар қоғам бірлігі мен ынтымағына сызат түсіретін оғаш қылық көрсетпейді. Аталмыш ағым өкілдері болса, өздерін салаф санағанымен ғалымдарымыз рұқсат беріп, қаншама ғасыр бойы жалғасын тауып келген кейбір діни мәселені бидғат санайды екен. Мәселен, дүниеден қайтқан кісі үшін Құран оқуға, құдайы ас беруге, намаздан кейін тәспі тартуға, бет сипауға, мазһабпен жүруге, марқұмның жетісін, қырқын, жылын беруге қарсы. Бірақ, «Өлі разы болмай, тірі разы байымайды» дейтін, аруақ аттамайтын қазаққа ата-анасының, жақынының жетісін, қырқын, жылын беруге болмайды деп уағыз айту, кесе-нелерді қиратуға шақыру күпіршілік емес пе? Дәстүр де ұлы күш қой. Олардың баз бірі ғұла-ма ғалымдар деңгейінде қарастырылатын діни мәселелерді қарапайым мұсылмандар шешетін мәселе секілді дауға айналдырған сыңайлы. Сонымен қатар, намаз оқымаған жағдайда мейлі ата-ана болсын, ағайын-туыс болсын мұсылман емес деп қарам-қатынасты үзуде екенін еміс-еміс естіп қаламыз. Өкінішке орай, бұл ағым өкілдері ислам дінін жақсы жағынан ғана таныту орнына қатыгездік пен дөрекілік арқылы ата дінімізге

залалын тигізуде екенін жұрт жақсы біледі. Қала берді, исламның отбасын құру мәселесін ұят жағдайға дейін жеткізді деседі. Исламның көп әйел алу кеңшілігін дұрыс пайымдамай, үйлену мен ажырасуды нәпсі қалау-ларына сәйкес жасап, діннен хабары аз жұртшылықты исламға үрке қарауға апаратындарын көрген халық шошуда. Салафилік идеология Кеңес өкіметі құлағаннан кейін Орта Азияға, соның ішінде қазақ жеріне де келе бастады. Олар елімізде алғашқы кезде қайырымдылық қорлар ашып, сауат ашу курстарын, араб тілін үйретеміз деген желеумен бірқатар жастарды адастырды. Қала берсе, орыс тіліне аударылған тегін діни әдебиеттер таратумен діни сауаты жоқ қандастарымызды қатарларына тарта білді. Тоқсаншы жылдары көптеген жастар діни білім алу мақсатымен мұсылман жұрттарына ағылды. Соның ішінде осы идеологияның шырмауына іліккендер оқуын тәмамдап, елге оралған соң сол діни ағым ұстанымдарын жаюға кірісті. Бірте-бірте халқымыз сан ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі Ханафи мәзһабына тіл тигізді. Ата дәстүрі мен әдет-ғұрыпты мойындамау, оған құрмет көрсетпеу, мәдени және тарихи ошақтарды зиярат етуді дінде жоқ деу, ата-баба зираттарын қирату сияқты жәйттер көрініс бере бастағанын теледидардан көріп, газет-журналдардан оқып жүрміз. Көпшілік жұртты: «Құранымыз бір, пайғамбарымыз бір, ұлтымыз бір, тіліміз бір, бола тұра неге салафизм, таблиғи жамағат, ахмадия секілді т.б. ағымдарға бөлінеміз, ислам бөлінуге қарсы емес пе?» - деген сауал жиі мазалайды. Екі дүниенің бақытына жетелейтін Қасиетті Құранда «Бақара» сүресінде «Лә тафәррақу», яғни «бөлінбелдер» делінген. «Бөлінгенді бөрі жейді» деп атамыз қазақ текке айтпаған.

Ислам білімге үндейтін ілім және озық ой мен прогресс діні ретінде қай кезде де ғылыми-ағартушылық бағытты негіз етіп алды. Сондықтан да алғашқы күннен адамзатты білімге, оқуға үндеді. Құранға үнілумен қатар мына алып ғалам кітабын да қоса зерделеуге шақырып, Ұлы Шебердің құдіретіне саналы түрде бас идірді. Қасиетті Құранның алғашқы аяты «Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы!» - деп басталуы да ойланғанға ғибрат. Құрандағы «Біле-тіндер мен білмейтіндер тең бе?» («Зұмар» сүресі, 9-аят), «Бұлардың ішіндегі ғылымға бойлағандарға зор сый береміз» («Ниса» сүресі, 162-аят), «Шын мәнінде құлдарынан ғалымдар Алладан қорқады» («Фатыр» сүресі 28-аят), «Раббым, білімімді арттыра ғөр!» («Таһа» сүресі 11-аят) деген аяттарды, сондай-ақ, «Ғалымдар – пайғамбарлардың мирас қорлары» (Әбу Дәуіт), «Тал бесіктен көр бесікке қорлары» (Әл-Ажлуни), «Білім мұсылман әйелге де, ерге де парыз» (Ибн Мажә), «Ілім үйренуге шыққан адам Алла жолында» (Мус-лим) деген секілді хадистерді көкейге түйген мұсылмандар ілім үйренуге талпынып, сауат-тылықты барынша кең жаюға тырысқан. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) он мұсылманға оқу-жазу үйреткен тұтқындарды босатып, суффа сахабаларын мешітке жинап, тек қана іліммен шұғылдануға жұмылдырған.

Исламдағы алғашқы ілім ошағы әл-Масжиду-л Набауимен басталған. 830 жылы халифа әл-Мамун тұрғызған Бағдаттағы әйгілі «Бәйту-л хикма» осының бірі. «Бәйту-л хикма» (оқу-ағарту үйі) аударма орталығы, кітапхана, сондай-ақ алғашқы жоғары оқу орны рөлін де атқарған. Тіпті «Бәйту-л хикмаға» қарасты арнайы обсерватория да салынған. Бұл кезеңде тараған обсерваториялар бір жағы астрономия пәнін үйрететін мектеп қызметін де атқарған. Бағдатта уәзір Низаму-л Мүлк тұрғызған «Низамия» медресесі сол кезеңнің ең озық, ең ірі оқу орны міндетін атқарған. Андалусиялық эмауилер мен Бәни Ахмар мемлекетінде де оқу-ағарту жұмыстарына көңіл бөлінген. Аббасилер кезеңінде білім басты назарда болған. Халифа һарұн ар-Рашид Анкараны өзіне қаратқан кезде, сондай-ақ халифа әл-Мамун Византия императоры Мишель III-ті жеңгенде, екі халифа да төлем ретінде ақша емес, көне жазбаларды талап еткені ой саларлық. Әсіресе, Умеядтар кезеңінде Иран, Үнді, Сирия, грек тілдерінен көптеген еңбектер арабшаға аударылған. Ежелгі грек тілінен Аристотель, Птолемей, Пифагор, Евклид, Гиппократ, Платон, Архимедтердің өлмес-өшпес шығармалары, пар-

сы және санскрит тілдерінен де терең ой, парасатқа шақыратын талай асыл дүниелер араб тіліне аударылды. Оларға түсіндірмелер жасалды. Аударма жұмыстары Аббасилар көне мәдениеттерімен кеңінен танысқан мұсылман ғалымдары бұл мәліметтерді өз білімдерімен байытып, жетілдіре түскен.

Ислам әлемінде ғылыми жұмыстар мәселесінде Андалусия эмауилері озып шыққан. Бағдат пен Кордовадан бастап, Ислам әлемінің қалаларында кітапханалар мен медреселер көптеп бой көтерген. VIII-XII ғасырларда ғылымның дамуы тұрғысынын мұсылмандарға жетер ешкім болмаған. Еуропадағы мәдениеттің қалыптасуына, ренессанс пен реформалық қозғалыстарға Ислам мәдениеті зор үлес қосқан. Мұсылмандар тәпсір, қирағат, фикһ, қалам, хадис секілді ислами білімдерді дамытқан. Тәпсірде әт-Табари, әз-Замахшари, Ибн-әл-Араби, Фаһр ад-дин әр Рази, Ибн әл-Касир сынды ғалымдар көзге түссе, фикһта Әбу Ханифа, Имам Малик, Имам Шафиғи, Ибн Ханбал секілді білімге ерекше терең бойлаған ғалымдар шыққан. Қалам саласында Имам әл-Ғазали, Ибн әл-Арабилер өз қолтаңбасын қалдырса, хадис сала-сында Имам әл-Бұхари, Имам Тирмизи, Имам Муслим, Малик ибн Анас сынды білгірлер алдына жан салмаған. Мұсылмандар ислами ілімдермен қатар медицина, математика, астро-номия, химия, философия, тарих, география секілді жаратылыс пәндерін де дамытқан. Әсіре-се халифа һарұн ар-Рашид пен әл-Мамун кезеңдерінде мұсылмандар білімде ешкімге ат оздырмаған. Әр салада әлем мойындаған озық ғұламалар жетілген. Айталық, медицинада Әбу Бәкір ар-Рази, Ибн Сина, математикада әл-Хорезми, Ибн Жамшид, әл-Бируни, Омар Хайям, химияда Жабир ибн Хайян, әл-Мақсиди, пәлсапада Әбу Насыр әл-Фараби, әл-Кинди, астрономияда әл-Баттани, Али Кушжи, тарихта ал-Масуди, әт-Табари, Ибн Халдун, геогра-фияда Ибн Баттута, Ибн Хаукал тағы басқалар ерекше еңбек еткен.

Тарихқа үнілсек, батыстықтардан бұрын көптеген ғылыми жаңалықтарды шығыстан шыққан мұсылман ғалымдардың ашқанына куә боламыз. Айталық, алғаш күн сағатын ойлап тапқан Жабир ибн Әфлаһ (орта ғасырда), атом бомбасы жайлы алғаш түсінік берген Жабир ибн Хайян (721-805), автоматтық жүйені алғаш ойлап тапқан Жазари (1136-1206), зоологиялық энциклопедия кітабын жазған Мұхаммед ибн Мұса (1349-1405), тригонометрияға тангенс, котангенс, синус және косинус заңдылықтарын қосқан Әбул Уафа (940-998), алгебра кітабын жазған әл-Хорезм (780-850), агрономия саласында тұңғыш еңбек жазған Ибн Аууам (XII ғ.), алғашқы қағаз фабрикасын құрған Ибн Фазыл (739-805), ішек, құрт микробын тапқан Камбур Уасим (?-1761), жер шарының диаметрін алғаш өлшеген Мұхаммед ибн Мұса, алгеб-радағы «Бином» формуласын тапқан Омар Хайям (?-1123), қазіргі дүние жүзі картасына өте жақын кейіпте дүние жүзі картасын Пири Рейс (1465-1554), алғаш ұшақ жасаған Ибн Фирнас (?-888), тұңғыш рет компасты ойлап тапқан Қабажаки (XIII ғ.), тарих ғылымын алғаш жүйелеген Ибн Халдун (1332-1406), химия саласында Кантитаф тәсілін ашқан Әбул Қасым әл-Қаши (?-1436), 1000 жыл бұрын майда тамырларды тауып, алғаш рет рак ауруына опера-ция жасаған Әли ибн Аббас (994) секілді жүздеген ғалымдар мұсылмандар еді. Бұлар жайын-да Қ. Жолдыбайұлының «Күдікпен күрес» деген кітабында жан-жақты жазылған. Бірақ өкі-нішке орай, мұнын талайын әлі толық дәлелдеуге, талайын тиісінше қосымша насихаттауға тура келеді. Мысалы, алгебра ұғымын Хорезми енгізгенін, арабтың «аль-джеб» сөзінен шық-қанын, алғашқы қағаз фабрикасын арабтар құрғанын, біздің даламыздағы Атлах шайқа-насында тұтқынға түскен қытай шеберлерінен қағаз жасаудың құпиясын меңгергені сияқты біраз жайды білеміз.

Қазақ халқы исламды тек қабылдаушы ғана болып қалған жоқ, сонымен қатар біз ислам өркениетін байытуға үлес қосқан халық. Ислам дінінің тарауы арқылы қазақ жерінде де

ғылым дами түсті. Тіліміздегі «қалам, дәптер, кітап, мектеп, ұстаз, мұғалім, медресе» сынды ғылымға қатысты сөздердің араб тілінен енгендігі исламның жерімізде ғылымның дамуына қаншалық оң әсер еткендігін аңғартса керек. Ислам діні келгеннен кейін еліміз аумағында көптеген әлемге атақты ғалымдар шықты. Мысалға айтқанда, Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан даналар ішінде: Әбу Нәсір әл-Фараби (870-950) - ғылымның барлық саласы, Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048) - әсіресе география, Әбу Әли Ибн Сина (980-1037) - медицина, Ұлықбек (1394-1449) - астрономия, Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби (957-) мен Исмайл әл-Жауһари әл-Фараби (-1002) - араб тіл білімі, Мұхаммад Хайдар Дулати (1499-1561) - тарих, филология ғылымдарына өзіндік үлес қосса, бұлармен қатар Исфиджаб-Сайрам, Йасы-Түркістан, Тараз бен Сығанақтан шыққан асыл перзенттеріміз де мұсылман заңы мен хадистану, тәпсір секілді ислами ілімдер саласына қалам тербеп, ислам мәдениеті мен ғылымынан өзіндік орын алды. Бұл біздің даламызға тән Ислам жолының басым бағыттарының бірі ғылыми-ағартушылық бағыт болатынын көрсетуде. Түркі даласына Исламның жетуі мен тарауында Йасыдан шыққан ғұламалардың ішінде түркі әлеміне танымал Қожа Ахмет Йасауидың (993-1167) орны бөлек. Тарихқа қарасақ орта ғасыр Ислам өркениеті мен мәдениетінің ықпалы күшейген кезең екенін көреміз. Хорасан аймағынан бастау алған сопылық бағыт қазақ жерінде де қанат жая бастады. Осы тұста өмір сүрген Қожа Ахмет Йасауи бүкіл күш-қайратын ізгілік жолына арнап тек қана ақиқатты жырлады. Бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеді. Сол арқылы түркі халықтарының ақиқатқа көзін ашып, Аллаға деген құр-метін арттыра түсті, Исламға деген танымын кеңейтті. Сондай-ақ сопылық жолдың да негіз-дерін дұрыс түсіндірді. Шарифат, тариқат, ақиқат, мағрифат ұғымдарының маңыздылығына тоқталды. Йасауи өз хикметтерінде тасаууф ілімі туралы кең мәлімет беріп, оны шың мәніндегі ілім ретінде жоғары бағалады. Түркі тілдес халықтар арасында Ислам діні сопылық жол арқылы кең тарады. Сопылық жол да өз арасында бірнеше тариқаттардан тұрды. Әрине шынайы сопылық жолды ғалымдарымыз қолдаған. Қожа Ахмет Йасауиді ешкімнің жеке-лендіруіне және Йасауи жолын жеке пайданы діттейтін, жікке бөлу секілді теріс мақсатқа пайдалануға жол бермеу керек.

Жасырсак та, жасырмасак та дәл қазір ислам әлемінде тұтас бірлік жоқ екені рас. Христиан дініндегілерді де тұтастық жоқтығын қосып айту керек. Ана жылы дүниеден өткен Рим Папасы Иоанн Павел II-нің әлемнің жүзден астам елін араласа да, Ресей жеріне табанын тигізе алмағанын бәріміз білеміз. Діни соғыстар мұсылмандардан гөрі христиандар тарихында көбірек екенін білеміз. Енді біздегі бөлінушілікке байланысты айтайық. Табиғиндер (сахабаларға ерушілер) дәуірінде мұсылмандар арасында пікір қайшылықтары да кездеспей қалмады. Сүннетті ұстану жолынан байқамай адасқандар да кездесті. «Әһли сунна уа жамаға» (сүннет пен жамағат иелері) жолынан тайып кеткен Харижилер (бөлініп шығушылар) шиалар секілді бағыттарға бөлінушіліктер осы кезеңге тән. Әрине басы ашық нәрсе: күллі мұсыл-манның Құраны бір, Пайғамбары да бір. Алайда, Ислам тарихынан бастау алған мұсылман-дардың сунниттер және шииттер деген атауымен қос топқа бөлінуі туралы түрлі пікір бар. Тіпті одан саяси астар іздейтіндер да табылып жатады. Осы оқиғаның тарихына тоқталып, ара жігін ажыратайық.

«Ши» деген не? «Ши» деген сөз араб тіліндегі «партия,» «жақтаушылар», «тараптас болу» деген мағыналарды білдіреді. Сондықтан үшінші халифа хазіреті Османның (656 ж.) шаһид етілуінен кейінгі ішкі жанжалдар кезінде хазіреті Әлиді халифалыққа лайық көріп, әсіре жақтаушылар «Ши-и Әли» (Әлидің жақтастары) деп аталды. Ши бағытының тарихы осылай басталған. Хазіреті Әли жырма жылдан астам өзінен бұрынғы үш халифаға бой ұсынып, олардың билігі бойынша өмір сүрді. Түсінген жаңға бұл да біраз жайттан хабар берсе керек. Жалпы алғанда, ши бағытының пайда болуына хазіреті Әлиге деген шектен

тыс махаббат жол ашты. Дәлірек айтсақ, бұрынғы екі үлкен мемлекеттердің бірі сасандықтар мұрагері ирандықтар арабтардың өздеріне билік жүргізуін іштей қалады. Нәтижесінде Әлиді жақсы көру деген желеумен арабтардан бөлініп, өздерінше діни бағыт қалыптастырды. Бірақ бұл діни бағыт толық салтанат құра алмады.

Бүгінгі таңда әлемдегі мұсылмандардың шамамен 90 пайызы Исламның сунниттік бағытын ұстанады. «Суннит» араб тіліндегі «Әһлу сунна уәл-жамағат» (Сүннет пен жамағат иелері) тіркесінен алынған. Негізінде, сүннет («сунна») деп ардақты Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жолын айтамыз. Исламның алғаш пайда болған кезеңдегі саңлақ сахабалар, олардың соңынан ерген табиғиндер (ерушілер) және табиғиндерге ілесушілер осы сунниттік бағытта болды. Олардан кейінгі ғұламалар «халафи садықийн» (кейінгі шыншылар) деп аталды. Олар да сунниттердің жолын ұстанды. Қысқасы, суннизм – сонау VII ғасырдан бүгінге дейін алтын тіндей үзілмей жалғасып келе жатқан ислам жолы. Сунниттер төрт әділ халифаның заңды билігін мойындайды, алты негізгі хадис (Бухари, Муслим, Тирмизи, Әбу Дауд, Нәсаи, Ибн Мәжа) жинақтарына күмән келтірмейді, сенім тіректері жағынан имам Матуруди, Әшғари мектептерің басшылыққа және төрт құқық мектебінің (мәзһабына) біріне тиесілі болады. Қазақ халқы да сан ғасырлардан бері осы сунниттік жолдың ішіндегі Ханафи мәзһабын ұстанып келеді.

Исламдағы төрт мәзһаб туралы тоқталайық. Мәзһаб – жол, мектеп, бағыт деген мағынаны білдіреді. Шариғат тұрғысынан алғанда, арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран мен сүннеттен шығарылған үкімдер мен Ислам ғұламаларының көзқарастар жиынтығын мәзһаб дейміз. Мұсылмандар өміріндегі намаз, ораза, зекет, қажылық, сынды діни іс-амал-дардың барлығы мәзһаб ғұламалары анықтаған үкімдерге сай атқарылады. Исламның алғаш-қы дәуірінде мұсылмандар арасында діни қайшылықтар бола қоймайды. Өйткені, хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз қасиетті Құран және өзінің даналығымен мәселенің шешімін айтып, дер кезінде алауыздықтың алдын ала білді. Уақыт өте мұсылмандардың саны көбейе түсті, жаңа мәселелер туындай бастады. Өйткені, өмір мен тіршілік үнемі өзгеріп, өркендеп, жаңарып, дамып отырды. Мұндай жағдайда, сахабалар өз білімдеріне сүйеніп, шариғат шеңберінде ондай өзекті мәселелерді шешіп отырды. Кейінірек Ислам діні өзге халықтар, ұлыстар арасына тарады. Олар араб тілін де, дінін де біле бермейтін. Діни үгіт-насихат пен тағылым істерін оларға жеткізу сахабалар үшін оңай емес-ті. Бұл ретте сахабалар ислам дінінің бүге-шігесіне дейін үйренемін дегендерге ұстаздық етті. Сол ұстаздар қатарына хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың ұлық төрт халифасын, сондай-ақ Абдулла ибн Масъуд (590-653), Абдулла ибн Омар (612-692), Абдулла ибн Аббас (619-687), Абдулла ибн Әмр ибн Ас (615-684), Зәйд ибн Сәбит (615-665), және хазіреті Айша (613-678) анамызды жатқызуға болады. Олар өз заманының дара, әрі дана адамдары еді. Абдулла ибн Аббастың (р.а.) үйі «білім ордасы» аталған. Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз оларға: «Сахабаларым аспандағы жолшы жұлдыздар іспетті. Оларға ілессендер, хақ жолын табасындар», - деп жоғары бағасын берген. Сахабалар кезінде түрлі діни көзқарастар пайда болды. Уақыт өте фикһ (мұсылман заңы) саласы бойынша Мүбәрак Құран аяттарын дұрыс талдау және хадистерді зерттеу арқылы шариғатты дамытып, жалған мектептерге қарсы күресуші, олардың қателіктерін паш етуші Әбу Ханифа (699-767), имам Малик (717-795), имам Шафиғи (767-820), Ахмад ибн Ханбал (780-855) секілді ислам ғұламаларының мәзһабтары дүниеге келді. Бұлар ислам әлемінде ресми мәзһаб саналып, 1300 жылдан бері өз ұстанымдары бойынша амалдарын жүргізуде. Ол мәзһаб иелерінің әрқайсысы мүжтаһид (білгір) ғалымдар еді. Солардың біріне мойынсұну арқылы, осы заманға дейінгі әртүрлі қай-шылықтардың алды алынып келді. Сондықтан бұл төрт мәзһабтың бірін ұстану қазіргі заман талабы да. Өйткені, олар Құран Кәрім мен сүннет

жолына лайық болғандықтан «әһлу сунна уәл-жамаға», яғни хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың сүннет жолын ұстанып, көпшіліктен бөлінбей, бірлік-ынтымақты жақтаушы қауым мәзһабтары атанды.

Исламның төрт құбыласын тең қылып тұрған төрт мәзһаб ішіндегі қарға тамырлы қазақтың жүрегі мен табиғатына, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпына жақыны, әрі жалпақ даланы желіп өткен бабаларымыздың ықылым заманда-ақ таңдағаны имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы. Негізінен Үндістан, Пәкстан, Ауғанстан, Түркия, Ресей, Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан жұртына кеңінен тараған Ханафи мәзһабы, тұла бойы адамгершілік пен бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарға бай. Күні кеше Қызыл империя салған 70 жылдық зобалаңнан кейін, атеистік уыттан әлі айыға қоймаған, түрлі діни ағымдар шапанының астынан алмай жүрген, діни білімі мен танымы кемшендеу кейбір бауырларымыздың: «Әбу Ханифа мәзһабын ұстанудың не қажеті бар?» – деген қитұрқы сауалдарын құлағымыз шалып жатады. Ондай сауалдарға бұл мәзһабты ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанған, сонысымен де ол уақыт сынынан өткен, қазаққа жаққан деп қарапайым жауап беруге болатын сияқты. Әйтсе де, біріншіден, Әбу Ханифа мәзһабың мән-маңызың ұғынып, сарабал сырларына үнілуге кеңес берер едік. Екіншіден, олар бұл құқықтық майталман мектепті ата-бабаларымыз неге ұстанғанын, оның өміріміз бен қоғамыздағы алар орны мен рөлін бағамдағаны ләзім. Үшіншіден, әлем мұсылмандарының жартысынан астамы неге осы мәзһабты ұстанады? Себебі, бірлік пен ынтымақ адамзат баласы үшін құнды қазына. Исламдағы бір мәзһабты ұстанудың артықшылығы – халық біртұтас, ынтымағы мен бірлігі күшті, ұйымшыл болады. Орта Азия мен Қазақстанда қанша ғасырлардан бері діни алауыздық шықпай, халықтардың діни ұрыс-керіс, дау-жанжалдан іргесін аулақ салуының да бірден-бір сыры осында. Әйтпесе өз мақсаттары мен мүдделерін іске асыру үшін аянып қалмайтын түрлі сенім өкілдерінің тасамыздан тас алып жүргені де жасырын емес. Соңдықтан бірауыздан үн қатып, бірлесе отырып, бір мәзһабта тізе қосып алға жылжысақ, ешкімнің бізге тісі бата қоймасы анық. Өйткені құлшылық амалдарының бір болуы ондай жат пиғылдың тууына жол бермейді. Убу Ханифа мәзһабы өзге діни мектептерімен салыстырғанда өз жамағатына көп жеңілдік беруімен, әрі демократиялығымен де ерекшеленіп тұрады. Біздің жартылай көшпелі халқымыздың бұл мәзһабты қабылдауының тағы бір себебі - өз дүние танамы, бітімі мен болмысы, жүрегі мен діліне оның тонның ішкі бауындай жақындығында.

Бүгінгі қым-қуыт дүниеде бейбітшілік пен ынтымақ күшейіп, дамуы үшін дәстүрлі діндераралық үнқатысу мен төзімділіктің мән-маңызы жоғары. Әлемдік тарихта бұрын-соңды бір үстелдің басында көптеген дін басшылығының бас қосып, үн қатысуы, өздерін толғандырған ойларын ортаға салуы, бір-бірін сабырлылықпен тыңдап, түсінісуіне біздегідей мүмкіндік аз туған. Қазақ халқының бүкіл әлем алдындағы биік беделінің тағы бір көрінісі. Еліміздегі дәстүрлі дін өкілдері арасындағы ортақ келісімдер мен басқосулар осындай ерекшелігімен құнды. Өркениет аралық үндесулердің дамуы мен конфессия аралық диалог мәдениетінің қалыптастырудағы бұл оң бастама алдағы уақытта да еліміздің діни жолындағы басымды бағыт болып қала берері сөзсіз.

Ислам діні сан ғасырлардан бері мемлекеттің тірегі ретінде ақыл мен парасаттың, озық ғылым мен ұлы өркениеттің, мәдениет пен татулықтың діни қызметін атқарып келеді. Ата-бабаларымыз таңдаған ұлы жол қай кезде да елді бірлік пен ынтымаққа шақырып, тәрбие мен өнегеге бастады. Салтымызға сіңіп, дәстүрімізге айналды. Қыз ұзату, шілдеhana, тұсаукесер, сүннет той, келін түсіру, баланы қырқынан шығару секілді салттарымыздың қай-қайсысы да мұсылмандық таныммен әдемі үйлеседі. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Ата

тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без», «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық» сынды тәрбиелік мақалдардың көпшілігі мұсылмандық этикамен тығыз астасып жатыр. Сондықтан ұлт тәрбиесінің мәйегі болған дініміз алдағы уақытта да осы жүрісінен жаңылмақ емес. Баршамыз мақтаныш тұтатын кешегі өткен Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби әл-Туркистани (1286-1357), Ибатулла әл-Тарази, Хусам ад-дин әс-Сығнаки және басқа да Сығнақ пен Кердер ғалымдары, Тараз бен Отырар ғұламалары, берісі Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпей т.б. – бәрі де фикһта Ханафи мәзһабын, ақидада (сенімде) Матуруди мектебін ұстанған. Сондықтан о бастан сунниттік екеніміз, іс-амалда Ханафи мәзһабы мен сенімде Матуруди жолын тандауымыз ұлт ретінде ұйысып, мемлекет ретінде дамуымызға тың серпін берген. Ендеше бүгінгі күні дінде де ата-бабамыз салып кеткен сара жолды ұстануымыз аса маңызды.

Алдағы уақытта да ғылыми-ағартушылық бағыттан таймау, ел тыңыштығын күзетіп, діни төзімділік негізінде өзге дәстүрлі дін өкілдерімен де жарастыққа өмір сүру, тәуелсіздігіміздің тұғырын бекіте түсуге жұмыс жасау - біз ұстанатын діни жолдың негізгі бағыты, һәм асыл мақсаты болмақ.

XIX ғасырда, Қазақстанда қазақ халқының, Кенесары бастаған патшаға қарсы көтерілісі, ол алға тартқан саяси талаптар бойынша прогресшіл көтеріліс еді. Мұны ең әуелі, Кенесарының ру аралық жауласуды және феодалдық бытыраңқылықты жойып, орталықтандырған біртұтас күшті мемлекет құруға талаптануынан көреміз және оны Ағыбай бастаған халықтан шыққан батырлар қолдаған еді. Әскери тарихшы Середа Н. «Бунт киргизского султана Кенесары Касымова» деген көтерілісті жан-жақты зерттеген еңбегінде: «Кенесары өз жасағының мәртебелі әміршісі бола білді. Кенесарының қолы жорықтарда, камал алдында бөгелмейтін. Қайта бөгеттер оның қайтпас еркін қайрай түсетін, мақсаттарына жету жолында кездескен кедергілерді жайра-тып, қаһарлы күшті тасқындататын. Көтеріліс қолбасшылары, өз басына түскен небір қиын-шылық, күйзеліс, қуғын-сүргінге қарамай, жауына бет қаратпай дауылдай тиюші еді», - деп Ағыбай сияқты Кенесарының батырларына әділ бағасын береді.

Ұлт-азаттық қозғалыс, Ақжолтай Ағыбай батырдың тарих сахнасында шығуына және ұлттық саяси аренада халық батыры ретінде сомдалуына жол ашты, бірақ халық арасында зор құрметке ие болса да да, билеуші топтар көп жыл бойы, батырға арналған халық ақын-жыршы-ларының бірнеше жыр-дастандарын, басқа да патшалық, кеңестік жазушылардың әдеби-тарихи туындыларын жарыққа шығармай қойды.

Әр дәуірдің рухани құндылықтарға деген өз сұранысы және өз талабы болады. Ал, әдеби, мәдени мұрадағы сұраныс, тұтас бір халықтың басындағы аса бір тарихи, қоғамдық құбылыс-тармен тығыз байланыста болып келеді де, тарихилық ұғымын дүниеге келтіреді. Тарихилық (историзм) категориясы дегеніміз, белгілі бір тарихи жағдайдың, оқиғаның, аса ауқымды өмір құбылысының көркем шығармаға өзек болуы, яғни түрлі жанрдағы шығарманы дүниеге келтіруі. Сайып келгенде, руханият мұрасының, тек бір сәтте белгілі бір тарихи оқиға, құбылыс негізінде тууы бар да, уақыт өте келе, жаңарып, жасарып, толыға түсетіні де заңдылық.

Қазақстанның XIX ғасырдағы болған аса ауқымды тарихи оқиға - Кенесары хан Қасымұлы бастаған бүкілхалықтық қозғалысы. Сол тұстағы қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік, әдет-ғұрып құқығы мен саяси жағдайларды толықтай зерделегенде, бірнеше жәйтқа назар аударғымыз келеді:

Біріншіден, Кенесары бастаған қозғалыс алғашқы зерттеу еңбектерінде «ұлт-азаттық

көте-рілісі» деп аталды, келе-келе, әсіресе, кеңестік дәуірде бұл түсініктеме өзгертіліп, орыс патша-сына қарсы, халқының тәуелсіздігі үшін күрескені белгілі болғанда, «ескілікті көксеген, реакция-шыл, кертартпа қозғалыс» деген атауға ие болды. Шын мәніндегі осынау ірі тарихи оқиғаның қыр-сырын ғылыми тұрғыдан зерттеген, тарихи шындыққа ғылыми, әділ бағасын бергендігі үшін, ғалым Е. Бекмахановтың еңбегі де, өзі де қандай қуғын-сүргінге ұшырағаны белгілі.

Екіншіден, патшалық үкіметті тағынан тайдырып, билік басына келген большевиктер партиясы, сөз жүзінде қалың бұқараны уысынан шығармау үшін, небір саяси ұрандарды ұтымды пайдаланса да, келе-келе, «езуші тап», «езілуші тап» деген жіктеуге арқау болған идеологияның арқасында, иісі орыс адамына айтылған кейбір пікірлерге тосқауыл қоя бастады, сөйтіп, ұлы державалық шовинизм бой көтерді. Ат төбеліндей жұртшылықтың сеніміне ие болған, тота-литарлық жүйе өз дегенін істеді. Әкесі баласымен, ағасы інісімен жауласты. Осы тұста және бір айта кететін мәселе - әлем ойшылдарының пікірінше, адамды еш уақытта да наным-сенімі үшін, үміті үшін, одан да өткен сорақысы, өз халқының тәуелсіздігі үшін болған күресі үшін, ешқандай да кінәлауға және қудалауға болмайтын еді. Өкінішке қарай, өз халқының, өсіп-өркендеп, дамуы жолында бар күш-жігерін жұмсаған, алайда сол мақсатқа жету үшін, әр түрлі жолды ұстанған қазақтың біртуар перзенттерін бір-біріне қарсы қою, бірін қаралап, екіншісін көкке көтере мадақтау, соңғы жылдары белең алып келе жатқаны өкінішті-ақ.

Үшіншіден, XIX ғасырдың орта тұсындағы Кенесары, Ағыбай бастаған қозғалыс, тек ұлт-азаттық қозғалыс ғана емес, қазақтың мемлекеттігін сақтап қалуға бағытталған, жанкешті оқиға еді деуге толық негіз бар. Себебі, сол ғасырдағы Ресейдің күш-қуатын Кенесары, Ағыбайлар білген. Біле тұра, күреске шықты. Мерт болды. Ендеше, тек ел басына күн туғанда ғана, шынайы ерлер тарих сахнасына шығады, ал, сол ерлердің соңынан халық ере білетіндігін, көне тарих әлде-қашан дәлелдеген.

Төртіншіден, осы қазақ халқының Ресей империясына қарсы қарулы көтерілісінен кейін, патша шенеуліктері қазақ қоғамын тек төрелер ғана басқару керек деген көп жылдық саясатын түп-түгел өзгертеді. Бұл өзгеріс тарихи реформа, өйткені бұл бетбұрыс Шыңғыс хан заманынан келе жатқан бірнеше ғасырылық қазақ даласын басқарудың жаңа жолы және сол заман талабына сай еді. Оның дәлелі Батыс Сібір губернаторының бұйрығы бойынша Шоң Едігеұлы Баянауыл округінің аға сұлтаны, ал Шорман Күшікұлы (Мұса Шормановтың әкесі) оның орынбасары болып тағайындалады. Осылай, Баянауыл дуанын төрелер басқармайтын болып және қарапайым қазақтың да ел басқара алатынын дәлелдеп, патша бекіткен Жарғыны бұздырып, аға сұлтан болған тұңғыш халық биі. Осыдан кейін Шоң салған дара ізбен Күшіктің Шорманының, оның баласы Мұсаның, Сатыбалдының Қазанқабының, Өскенбайдың Құнанбайының, Жайықбайдың Ыбырай-ының, Зілқараның Мүсетінің, Естеместің Еснейінің және Сандыбайдың Ерденінің әр кездерде, әр округқа (дуанға) аға сұлтан болып сайлағандары тарихтан аян. Осы қарадан шығып, хан болған қоғам қайкаткерлері «Төре - елге Құдайдың берген төбесі» емес екенін нақты істерімен дәлелдейді.

Алаштың көсемі, белгілі ғалым Әлихан Бөкейханов өзінің «Материалы к истории Султана Кенесары Касымова» деген шығармасының алғы сөзін былай деп жазады: «Түркістан тарихы туралы жазылған әртүрлі еңбектерде даланың шын баласы сұлтан Кенесары Қасымов туралы аз жазылған. Түркістанның тарихшылары сұлтан Кенесары Қасымов туралы жай ғана атап өте шығады, оның өзінде «хандық билікті қалпына келтіргісі келді» деп қана көреді. Сұлтан Кене-сары Қасымовты даланың еркіндік сүйгіш, барлық қимыл-істерімен, орыс үкіметін жаулау әрекет-теріне қарсы, халықты біріктіргісі келген



тұлға ретінде көру дұрысырақ болады».

Бұл аталмыш проблеманың бір жағы болса, екінші мәселе - Кенесары мен Ағыбай сияқты, оның атақты батырлары жайлы дүниеге келген, руханият мұраларының күні бүгінге дейін елдің рухани қажеттілігін өтеп келе жатқандығы.

Баһадүрлігі мен ержүректілігі, шешенділігі мен қара қылды қақ жарған биліктері аңызға айналған Ағыбай батыр туралы халық арасында небір қызық әңгіме-қиссалар, жыр-дастандар туған. Ерлігіне ақылы сай, бастаған іс қашан да халық тілегінен шығып, жақсылықпен бітіп отырған. Сондықтан да, ел оны бірауыздан «Ақжолтай батыр» атап кеткен. Ал, жауға шапқан қазақ сарбаздары «Абылаймен» қатар, «Ағыбай» атын ұранға айналдырған. Ісі аңызға, аты ұранға айналған батырдың есімі алты алашқа белгілі болған.

Халқымыздың тарихында өшпес із қалдырған, Ақжолтай Ағыбай батырдың биік тұлға-сына, қазақ қаламгерлері де әрқашан да үлкен ілтипатпен назар аударып отырған. Бірақ, бұл ізгі ниет, басында патша, одан кейін социалистік түсініктің соққысына ұшырап, басында тек қана ұлы орыс халқына ғана, одан кейін жеке басқа табы-ну, тоқырау жылдары кезінде қанатын кең жайып кете алмаған. Бұған батыр туралы жазылған шығармалардың осы уақытқа дейін кең қолдау таппай, жарыққа шықпай келгендігі дәлел.

Сонау, патша заманындағы, 1914 жылы Алаштың көсемі Ә. Бөкейхановтың шығармасы-нан бастап, Кеңес өкіметі кезіндегі С. Сейфуллиннің, И. Байзақовтың, М. Әуезовтың және басқа да жазушылардың, батырға арналған шығармаларының, қазіргі ұрпаққа жетпей, жойылып кетуі де осыны аңғартады.

Абылай хан бір бас қосуда, Бұқар жыраудан: «Асан Қайғының «қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» дегенін естіп едім, мәніне бара алмадым, бұл қандай сөз?» - деп сұрапты. Сонда би қырын қарап, көзіне жас алып, қамшысын ер қасына іліп: «Ай, хан-ай, бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді!» - деп, мына толғауды айтыпты:

Ханға жауап айтпасам,  
Ханның көңілі қалады.  
Қандыра жауап сөйлесем,  
Халқым не деп айтады.  
Хан Абылай, Абылай,  
Қайғылы мұндай хабарды,  
Сұрамасаң не етеді.  
Сұраған соң айтпасам,  
Кісілігім кетеді.  
Енді айтайын тындасаң,  
Маған қаһар қылмасаң.  
Қарағай судан қашып,  
Шөлге біткен бір дарақ ағаш,

Шортан суға шыдамсыз,  
Балықтан шыққан бір қарақ.  
Ойлама шортан ұспас деп,  
Қарағайға шықпас деп.  
Күн батыстан бір дұшпан,  
Ақырда шығар со тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Орыстар келер ғалым боп.  
Әулиедей көрінер,  
Діндәрінің аты - поп.  
Поптары болар сазандай,  
Кітабы болар қазандай.  
Күншығысқа қарайды,  
Шашын алмай, тарайды.  
Құдайды білмес, діні жоқ,  
Жамандықта міні жоқ.  
Ауыз-басы жүн кәпір,  
Жаяулап келер жұртыңа.  
Жағалы шапан кигізіп,  
Балды май жағар мұртыңа.  
Жебірлерге жем беріп,  
Ел қамын айтқан жақсыны,  
Сөйлетпей ұрар ұртыңа.  
Бауыздамай ішер қаныңды,  
Өлтірмей алар жаныңды.  
Қағазға жазар малыңды,  
Есепке салар барыңды.  
Еліңді алар қолыңнан,  
Әскер қылар ұлыңнан.  
Тексізді төрге шығарып,  
Істетер сұмдықты ұйғарып.

Сондай заман жеткенде,  
Шаңырағын тұл болар.  
Еліңе қауіп төнгенде,  
Ата ұрпағың құл болар.  
Қараларың қас болар,  
Қаскөйлерің бас болар.  
Ақыретке барғанда,  
Ақсүйекті қор тұтқан.  
Басына ол күн туғанда,  
Теңдік тимес қолыңа.  
Сорлы болған қазағым,  
Татарсың сонда жазанды-ай!

Шынында да, кемеңгер Бұқар жырау бабамыз Ресей бодандығын көрегендікпен болжап, қазақтың басынан өтетін қиын-қыстау тағдырын дәл айтқан.

Ал енді, өткен тарихқа көз жіберсек, Ресей патшасы уақыты түгілі, бүкіл Кеңес үкіметінің 70 жылдық тарихында, қазақтан шыққан неше бір ақиық азаматтарымыз, бір ғана «би-батыр» болды деген атының өзінен шошып, олардың өнегелі істері, аталы айтқан сөздері, жабулы қазан жабулы принципімен зерттелмей қалып, көп жыл бойы жарық көрмеді.

Ресей империясы мен Кеңес үкіметінің идеологиясы бір болды. Орыс халқын ғана дәріп-теп, қалған халықтардың ешқандай да тарихы түгілі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары болған жоқ деп қаншама ұрпақтардың санасына сіңгізді.

«Хан дегеніміз - халықтың қанын сорушы, би дегеніміз - хан мен байлардың сойылын соғушы, батыр дегенің - бар болғаны барымташы, олар өмір сүрген кезде қазақта тарих болған жоқ, қазақтың тарихы ұлы Октябрь төңкерісі жеңгеннен кейін басталды...», - деген идеология басым болды.

Дүние жүзі халықтарының кейінгі ұрпаққа қалдырып отыратын киелі тарихи мұрасының бірі - энциклопедиясы. Бұл кітапта елдің кейінгі ұрпағы үшін тарихнама, көне шежіренама түрін-де айрықша маңыз атқарып, өмір ғылым, қоғам, дүниетаным, атақты адамдар, салт-дәстүр, әдет-ғұрып секілді сан-саладағы мағлұматтарды нақты, кең баяндап отырды.

Қазақстанда 1972-1978 жылдары аралығында жарық көрген «Қазақ Совет Энциклопедиясының» он екі томдары, Кеңес үкіметінің дәуірлеп Коммунистік партияның, ақ дегені - алғыс, қара дегені - қарғыс боп, ауыздан қағып аяқты кісендеп, жеке-дара үстемдік етіп отырған шағын-да дүниеге келгенді. Тіпті, 1991 жылы Қазақстанда тәуелсіз мемлекет кезінде шыққан «Қазақ Со-вет энциклопедиясы» талап биігінен бүгінгі көзбен қарағанда және тарихи шындыққа сәйкес кел-мейтін, көптеген сыңаржақ қорытындылар жасалған еңбек.

Бір ғана мысал, өзіміз зерттеп отырған билер жөніндегі берілген анықтамаға көз жүгіртсек: «Би - әлеуметтік категория ретінде қазақ халқының тарихында ерте заманда шыққан үстем тап өкілі... Әлеуметтік қатынастардың дамып шиеленісумен бірге билердің көпшілігі қанаушы тап-тардың уәкіліне айналды. Билердің әдет-заң нормаларын талқылауда, билік шығаруда, бұл билік-тің орындалу әдістерін белгілеуде кең праволары болды, өкілдіктің мұндай өктем болуынан зорлық-зомбылық туып отырды... Билер соты Октябрь революциясына дейін қылмыстық және азаматтық істердің көпшілігін қарайтын ресми орган болып, құн, барымта, қалың мал, әмеңгерлік, көп әйел т.б. патриархтық кертартпа қалдықтарды қорғап келді».

Міне, советтік саясаткерлердің би дегенге бұдан артық баға беру мүмкін еместі. Совет өкі-метінің алғашқы жылдарында-ақ би-батырлар, халықтан шыққан көсемдер туралы көркем шығар-маларында баяндалған оқиғаларға байланысты заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтен бастап, тарихшы Е. Бекмахановтың, жазушы І. Есенберлиннің тағы басқа да көптеген ақын-жазу-шыларымыздың қуғын-сүргінге ұшырағаны баршаға мәлім. Одан басқа, Абай Құнанбаевтың 20 жасынан билікке араласып, 40 жылдай ел басқарғанын, атап айтқанда тоғыз жыл бойы болыс және тоғыз жыл би болғанын, оның үш әйелінен 20 баласы, 1000 жылқысы және 2000 қойы болға-нын көп жыл бойы жасырып келді.

Қазақ қоғамында, бидің алатын орнының айрықша екенін, Ресей патшасының саясаткерлері өзінің Қазақстанды отарлау саясатының алғашқы жылдарында-ақ түсініп, қайткенде де, оларды өз жағына тарту мақсатын көздеумен бірге, олардың рөлін төмендетуге жанталасып бақты. Өйткені, өздерінің жаратылыстанушы, суретші, халық мұрасын жинаушы, саудагер деген секілді жалаумен қазақ даласына жіберген жансыздары, тыңшылары арқылы хан, сұлтаны, би, батырлардың қазақ жұртын басқару саясатын барынша терең зерттеп үлгерді. Сөйтіп, ел басқаруда билердің орны ханнан кем еместігін, тіпті ханның өзін «Билер кеңесі» сайлайтынын біліп алды.

Ал, қарауындағы бодан елдің күшті хандықтардан тұруы, ондағы билердің кей жағдайда хандардан да, беделді күшті болуы Ресей империясының отарлау саясатын ойдағыдай жүзеге асы-руына айрықша кедергі еді. Сондықтан да, әуелі 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы уставын» қабылдап, қазақ жерінде хандықты жойылды деп хабарлады. Қазақ жерінде, губерния, округ, бол-ыстықтар ашылып, билер тек сайлау арқылы тағайындалатын болды. Алайда, «қазақ халқын ыды-ратып басқару» саясаты мұнымен шектелмейді. Өйткені, кезінде, кей жағдайда ханның өзін алдына телмендетіп қоятын билер, «Билер кеңесі» сақталып қалғанды. Енді, Ресей әкімшілігі, билердің басшылық рөліне біржолата балта шабуды көздеп, 1868 жылы қабылдаған «Уақытша Ереже» бойынша қазақ даласында сұлтандық пен билік басқарудың соңғы жүйесі жойылды.

Сол кездегі алдыңғы қатарлы ғалым, әрі өзі сол Ресей үкіметінің, Батыс Сібір облыстық шекара басқару басқармасында жауапты қызмет істеген Шоқан Уалиханов та, қазақ ағартушысы, өзі «Қарамола Ережесі» деген атпен белгілі қазақ әдет-ғұрып құқықтық құжатын дайындаған, сол кездегі қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың білгіші, кеменгер Абай да, осы саясатқа қарсы пікір айтқан.

Тап осындай пікірлерді, қазақ даласын көп кезіп, ауыз әдебиетіміз, әдет-ғұрып, салт-сана-мыз туралы көптеген еңбектер жазған - Ә. Диваев, А. Васильев, Н. Рычков, Д. Самоквасов, Л. Словохотов, А. Левшин, Н. Середа және В. Радловтардың шығармаларынан да, көптеп кездестіре-міз. Басқаны былай қойғанда, жат жұрттың өкілдерінің өздері «Би үстем таптың өкілі, ол тек қана хан-сұлтандардың, бай-манаптардың сойылын соғып,

халықты қанаушы», - деген пікірді бірде-бірі жазбапты.

Белгілі қоғам қайраткері, XX ғасырдың басында «Оян, Қазақ!» деп ұрандаған, Алашор-даның арысы Міржақып Дулатов былай деген екен: «Бір кездегі өткен түс секілді, көрген күнің көр секілді еді. «Баяғыны» сағынушы едің, «қазіргіге» қамығушы едің. «Өттең Тәңірімен» күнің өтті. Тілің шықса, үнің шықпады. Үнің шықса, күнің шықпады.

Қазақ деген халық едің. Еділ-Жайық, Есіл, Нұра, Арқа, Сыр, Ертіс, Орал, Алатау, Алтай мекенің еді.

Осылардай ұжмаққа меңзес жерлерің бар еді.

Айдын шалқар көлдерің бар еді.

Ту ұстап, тұлпар мінген ерлерің бар еді.

Ердің құнын, екі ауыз сөзбен бітіретін билерің бар еді.

Дұшпан күндерлік күйлерің бар еді.

Ел бастайтын көсемің бар еді.

Сөз бастайтын шешенің бар еді.

Ақ кигізге көтерген хандарың бар еді.

Ізгі қария шалдарың бар еді.

Сауық-сайран жиының бар еді.

Бақ-береке ұйымың бар еді.

Кедейің жоқ, бай едің.

Төрт түлікке сай едің.

Сол күндерде арманың бар ма еді?

Жоқ секілді еді.

Сонан да, қазақ, айырылдың!

Онан қымбат нең бар еді?

Мойнына бұғалық түсті бұлқынбадың.

Құрық көтеріп еді, қолға тұрдың.

Арғымақ едің, жабы болдың.

Жүгенсіз мінді, қақпалап жүрді.

Ерқашты қылды, көне бердің.

Баяғы дәурен көзіңнен бір-бір ұшты.

Қамықтың, жабықтың.

Біздің қазақтың басшылары тана, моншаққа қызығып, жер жүзінде еш халық дәреже көр-меген болыстықты зор абырой, бақыт көріп адасты. Талас қаңына сіңді. Атадан балаға мирас болып қалды.

Ер адасса, ел адасушы еді.

Ерлеріміз адасып еді, еліміз де адасты.

Сол адасудан әлі беті оңға бұрылған жоқ.

Енді біз қашан жұрт боламыз?

Адасуды әлі де қоймасақ, істің түбі неге соғар?

Алаштың азаматы, осыны ойлайық!

Ардақты ақсақалдар, атқа мінген ағалар, ел билеген жақсылар!

Талас-тартысты енді қойыңдар!

Ынтымаққа қайтыңдар!

Құдайдан қорқыңдар!

Жұртты ойлаңдар!

Нәсіл-несіптің көз жасына қалып жүрмеңдер!»

Міне, М. Дулатовтың айтқан сөздері жанды сөздер, оның өткен заман, қазақ қоғамы тура-лы толғаныстары шындыққа айналып, қазіргі уақытқа дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

Ұлтының саналы да сауатты халық санатына қосылуы жолындағы Ахмет Байтұрсыновтың тынымсыз еңбегі, ол көтерген «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек!» ұраны өміршең етті. «Жанған жоқ па әлі ұйқың, Ұйықтайтын бар не сиқың?!» деген «маса»-күйініш Ахмет Байтұрсыновты күллі алаш жұрты үшін ағартушы-ұстаз етті, ғұлама- ғалым, лингвист-маман, журналист-зерттеуші, әдебиетші-аудармашы, қоғам және мемлекет қайраткері жасады. Қазақтың осындай бір туар, аяулы ұлы тіл саласындағы: «Оқу құралы» (1912, 1913, 1914), «Тіл құралы» (1914, 1914, 1923) оқулықтарын, әдіскер-ұстаз ретіндегі: «Баяншы» (1920), «Сауат ашқыш» (1926), «Әліп-би», «Тіл жұмсар» (1928) деген кітаптары халқымызға осы күнге дейін таусылмайтын азық, ортаймайтын мұра. «Ғылым, өнер турасында біздің жайымыз арлының халі сықылды. Ғылымның жаңа жолын табуды іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ. Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасында білім жайылуына, әуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға һәм халық арасында көп жайыларға керек», - деген «Ғасырдың Ахметінің» сөзі, ғылым мен білім басы бар аяғы жоқ, таусылмайтын «реформалардан» шатқаяқтап тұрған бүгінгі кезеңде, араға көп жылдар салып, қайта өзінің өзектілігін білдіргендей.

Кеңес өкіметі келіп, қазаққа жұмақ орнатады деп күткен халықты, керісінше, бірде-бір оқ отпай, қолдан жасалған «ашаршылық» деген нәубетті ұйымдастырып, қырып салды. Тарихшыларымыздың жазуынша, Голощекиннің қанды қолы арқылы әдейі ұйымдастырылған бұл нәубеттің мақсаты – өз жерінде «бұратана» деп аталған қазақтардан босатып алу екен. Бұның айғағы Роберт Конквестің «Жатва скорби» атты кітабынан келтірілген мына бір деректің дәлел болары анық. Сол еңбекте: «Аштық жылдары Қазақстанда басшылық қызметте болған Голощекиннің аштан қырылып жатқан қазақтарға дәрігерлік көмек көрсетуге қатаң тыйым салған жасырын нұсқауы болған», - деп жазылған. Тұтас бір халыққа қарсы бағытталған бұдан асқан зұлымдық бола ма?! Айта берсе, осындай

тарихи деректер жетерлік. «Малым жанымның садақасы», - дейтін қазақ төрт түлік малын түгелімен тартып алғанда да біріне-бірі: «Сабыр, сабыр», - деп, елді тыныштыққа шақырды. Соңынан қызыл комиссарлар халықтың ар-ожданың таптап, жан дүниесіне дүрбелең салғанда «Жаным арымның садақасы» деп, намысы бары қолына қару алды. 1928-1930 жылдары еліміздің түгел аумағын қамтыған 372 халық көтерілісі болып өтті және оған 80 мыңдай адам қатысты. Коммунистер көтерілісшілерге қарсы зеңбірек, пулеметпен қаруланған атты әскерді, тіпті ұшақ қолданды. Алайда, әбден ашынған халық, ажалға тура шауып, енді Кеңес өкіметі олармен келісімге келуге мәжбүр болды. Араға адамдар салып: «Соғысуды қойып, қаруың тапсырса, ешқандайда жазалау болмайды, талаптарын түгелімен орындаймыз», - деп сендіріп бақты. Берген уәдеге сенген халық, соғысуды қойып, қару-жарағын тапсырып болғанда, жазалаушы әскер халықты жаппай атып-асуды бастады. Соңғы демі таусылған ел, бас сауғалап шетелге қаша бастады. Бес томдық «Қазақстан тарихы» еңбегінің 4-томында көрсетілгеніндей, осы тілге тиек етіп отырған ашаршылық, қуғын-сүргін жылдары қазақ халқының 42 пайыздары шейіт болған немесе жер ауып кеткен. Одан да өткен сорақы жағдай, елімізде саяси науқан басталып, нағыз халық жанашырлары - қазақтың марқасқалары қолдан ұйымдастырылған қырғын кезінде «халық жауы» деген жаламен атылып кете барды. Ел енді ес жинай бастағанда екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Сонымен, 1919 жылы еліміздегі халықтың 90 пайызын құраған қазақтар, 1959 жылғы санақта 29 ғана пайызын құрады.

Кеңестік биліктің алғашқы жылдарында Қазақстанды, бүкіл Одақты кімдер басқарды, жалпы Москвадан - орталықтан арнайы жіберілген «қолшоқпарлардың» шынайы келбеті қандай болған еді? деген сұрақтарға осы күнге дейін ашық ақпараттар жоқ. И. Сталин тек діни семинарияда оқып, оның өзін толығымен бітірмеген, одан кейін басшы болған Н. Хрущевтың да жоғарғы білімі болған деген мәлімет жоқ. Белгілі ғалым, академик Кеңес Нұрпейістің: «... В.И. Ленин құрған партияның басқару аппаратындағы жетекшілердің кейбіреулерінде тіпті орта білім де жоқ екен, мысалы С. Орджоникидзе бар болғаны бір жылдық ветеринар курсын бітірген. Ал, Алашорда үкіметінің басқару аппаратындағы он бес адамның сегізінде жоғарғы білім бар және білім болғанда қандай!» - деген сөздері осыған дәлел. Ал, С. Орджоникидзе Кеңес үкіметінде екінші адам болып, барлық сыртқы-ішкі саясатты жүргізіп отырған.

«Шынайы марксист», «нағыз лениншіл» және «интернационалист» деп аталған партия қызметкерлері өздерінің білімсіздігіне қарамай, айналасына мейірімсіз, адамдарға өте қатыгез болған. Мысалы, Москваның шешімі бойынша 1917 жылы Қызылордадағы (бұрынғы Перовск-Ақмешіт) билік, жасы 20-ға жетер-жетпес білімсіз, революцияға дейін жай хат тасушы болған Иосиф Гержод деген «бұзақыға» бұйырды. Ол соғыстан қайтқан солдаттар мен тылда қалған «суық қарулы» адамдарды соңынан ертіп, «банда» құрып, Сырдың бойын паналаған. Оның басшы ретіндегі бірінші қадамы «қызыл террордан» басталып, сол баяғы «бұратана», яғни қазақтарды «халықты қайта тәрбиелеп, адам қылу» деген жалған идеялардан құрылды. Мыңдаған ақмешіттіктер Гержодтың «қанды қол тырнағына» жазықсыз ілікті, ал қалғандары шет елдерге ауып, жан сауғалады. Тек, Алашорданың басшыларының тікелей араласуымен ұсталып, тергеу-тінту жұмыстары кезінде, оның үйінен көп мөлшердегі алтын қоры табылған. 1919 жылы Иосиф Гержод Ташкент Совдепінің шешімімен ату жазасына кесіледі. Бірақ, Қиыр Шығыстағы (Иркутск) оның жақтастары «нағыз революционерді» шұғыл түрде алдыртып, сол күні-ақ өз еркіне босатып жібереді. Ең сорақысы, 1967 жылы Иосиф Гержод Қызылордаға қайтып оралып, ұялмай «шынайы марксист» ретінде қаланың бір көшесіне есімін беруді сұрайды. Оның 260 беттік қолжазбасында Қазан революциясының «кереметтері» туралы ойлары жазылған.

Келесі Москваның Қазақстанға жібергені «нағыз лениншіл» - Филип Исаевич Голощекин (шын есімі Шая Ицкович) еді. Ол 1925-1933 жылдары, яғни елді 8 жыл басқарды. Даңғаза, өте қатыгез, қандықол Голощекин Қазақстанда «Кіші қазан» деп өзі атаған саясатын іске асырды. Қазақ зиялыларын «Алашордашылар», «Сейфуллиншілер», «Мендешевшілдер», «Сәдуақасовшы-лар» деп бөліп, бәрін қуғын-сүргінге түсіріп, ақырында ешбір жазықсыз атқызып тынды. Сол кезде болып-толып отырған қазақ халқының жартысы аштыққа ұшырап, жаппай қырылып, халықтың үштен бірі бас сауғалап шет ел асып кетті. Бұл Москваның саясаты деп түсіну керек, Голощекиннің бір өзінің «тұтас халықты қырып тастауға күш-жігері жетті» дегенге кім сенеді! Голощекиннің өзі де көп ұзамай «халық жауы» ретінде атылып кетеді.

Қазіргі мұрағат құжаттары Голощекиннің «еректің еркекпен құмарлануы ауруына» шалдыққан, яғни арсыз, азғындаған «қызтеке» адам болғанын дәлелдейді. Бұл туралы 1939 жылдың 24 сәуірінде, басында Қазақстанда, одан кейін Москвада Бүкілодақтық ОГПУ-НКВД-ні (Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы) басқарған «қандышенгел» Николай Ежов мынадай мәліметтер береді: «В 1924 году в Семипалатинск со мной поехал мой давний приятель Дементьев. С ним у меня были в 1924 году несколько случаев педерастии. В 1925 году в г. Оренбурге я установил педерастическую связь с Боярским, тогда представителем Казахского облсовпрофа. В том же 1925 году состоялся перевод столицы Казахстана из Оренбурга в Кызылорду, куда на работу выехал и я. Вскоре туда приехал секретарем крайкома Ф.И. Голощекин. Приехал он холостяком, без жены, я тоже жил на холостяцком положении. До своего отъезда в Москву (около 2-х месяцев) я фактически переселился к нему на квартиру и там часто ночевал. С ним у меня также вскоре установилась педерастическая связь, которая периодически продолжалось до моего отъезда. Связь с ним была, как и предыдущие взаимноактивная» (Петров Н., Янсен М. «Сталинский питомец – Николай Ежов. М., 2009, Центральный архив ФСБ. Ф.3, опись 6., д.3. 420-423 л.л.). Партияның ең жоғарғы сатыдағы басшыларының келбеті, рухани дүниесі, бет-бейнесі міне осындай болған.

Голощекиннен кейін, 1933-1938 жылдары Қазақстанды И. Сталиннің ең жақын достарының бірі Мирзоян Л.И. басқарды және оның қазақтарға көрсеткен «жауыздықтары» Голощекиннен асып түспесе, кем түскен жоқ. Осы күнге дейін Л. Мирзоянды жергілікті халық жақсы көргеннен «Мырза жан» деп атады, яғни ол кісі қазақтарға жақсы қарады деген жаңсақ пікір бар. Шындығында, мұрағат құжаттары Л. Мирзоянның да «қандықол» басшы болғанын дәлелдейді және оны жақсы көргендіктен емес, қазақтардың оның фамилиясын өздерінің тіліне ыңғайлы «Мирза жан» дегені ғана. Ол басқарған жылдары «халық жаулары» ретінде қазақтың барлық бетке ұстар зиялы қауымы дерлік атылып, айдалып кетті. 2010 жылы Москва қаласында жарық көрген Юрий Жуковтың «Иной Сталин» деген туындысында төмендегідей мұрағат құжаттары бар. Л. Мирзоянның Қазақстанды басқару стилі И. Сталин-нің өзін ашуландырған. Атап айтқанда, 1937 жылдың 5 наурызында Орталық Комитеттің Пленумында қорытынды сөз сөйлеген И. Сталин былай деп сын айтады: «Что значит правильно подбирать работников и правильно расставлять их на работе? Это значит подбирать работников, во-первых, по политическому признаку, т.е. заслуживают ли они политического доверия, и во-вторых, по деловому признаку, т.е. пригодны, ли они для такой-то конкретной работы... Взять, например, т.т. Мирзояна и Войнова. Эти люди в нашей стране не последние работники. А как они подбирают работников? Первый из них является секретарем краевой партийной организации Казахстана, и перетащил в Казахстан из Азербайджана, где он раньше работал, 30-40 «своих людей» и расставил их на ответственные посты в Казахстане... Разве нельзя было подобрать работников из местных людей,



руководствуясь известным большевистским правилом и о подборе и расстановке людей из местных».

1937 жылдың 1 желтоқсанында Л. Мирзоян Москваға мынандай шифротелеграмма жолдаған: «Москва. ЦК ВКП (б). тов Сталину. По антисоветским элементам нам было предоставлено право репрессировать по первой категории 8 тысяч человек, и по второй категории 8 тысяч человек. Сейчас эти лимиты почти полностью использованы – мы должны к 10 декабря окончательно зачистить и покончить с активным антисоветским элементом. По этим двум категориям активного повстанческого, диверсионного и шпионского элемента нами изъято по ликвидированным организациям и группам на 1600 человек больше установленного лимита. Для полной зачистки остатков мы просим разрешить нам дополнительно репрессировать по первой категории 600 человек и по второй категории 1 тысячу человек. Первый секретарь ЦК КП (б) Казахстана Мирзоян».

Міне, осы дәлелді құжаттар Л. Мирзоянның шын бет-пернесін ашады. Қазақтың сол кездегі бірнеше мың оқыған-тоқыған, алдыңғы қатардағы, нағыз патриоттарын ешқандай да тергеу-сотсыз мал сияқты атуға «лимит» өтініп, оларды өзі бастап атқызған, қолында бірнеше мың жазықсыз адамдардың қаны бар адамға, қалайша еліміздің қалаларына, оның ішінде бас қаламыз - Астанаға көше атауын беріп, марапаттауға жатады?!

1956 жылы И. Сталиннің орнына келген Н. Хрущев Қазақстанның оңтүстігіндегі Бостандық ауданы мен 500 мың гектарға жуық жерлерін Өзбекстанға беріп жіберді. Одан сорақысы, Қазақстанның солтүстік алты облысын Ресейге қосып алмақшы болып, қазақ халқына қарсы ашықтан-ашық саясат жүргізді.

Соғыстан кейін Кеңестер Одағы дүниежүзіндегі мемлекеттерге өз ықпалын күшейту үшін АҚШ-пен текетіресіп, бар-күшін салып жанталасып бақты. Бірақ, 1980 жылдары КСРО-ның (Кеңестер Одағы) социалистік идеологиясы мен экономикасы бәсекеге қабілетсіз болып, компартияның беделі түсті.

Кеңестік-Москвалық басшылардың ең ауыр қылмысы – эксперимент арқылы ұлттарды жойып, «біртекті кеңес халқын» құру болатын. Миллиондаған адамдардың ана тілі мен тарихи тамырлары жойылып, қойыртпақтанған «кеңес ұлты» пайда бола бастады. Мұның астарында «орыстандыру» жатқанын Одақ басшылары жасырған жоқ және ашық айтып отырды. Мысалы, Одақтың соңғы «жігерсіз» басшысы М. Горбачев қазақтарды ашықтан-ашық жек көрді. 1986 жылы Қазақстанның басшысы етіп, Ресейдің Ульяновск қаласынан Г. Колбинді әкелгенде, бейбіт шеруге шыққан жастарды әскердің күшімен қырып-жойып, тіптен бірнеше жазықсыз боздақтар қаза болды. Желтоқсан көтерілісінен кейін, қазақтар нағыз қуғын-сүргінге ұшырады. Бірнеше жүз адам сотталып, жоғарғы оқу орындардың басшылары жұмыстан, ал студенттер оқудан қуылды. Тіпті шеруге қатысты деген жастардың ата-аналары, жақын туыстары да жаппай жұмыстан шығарылып, ешқандай да кінәсіз жапа шекті.

М. Горбачев қазақтан шыққан бірнеше Ауған соғысының батырларын жоғарғы атаққа ұсынғанда, оларға қатысты Жарлыққа қол қоймай, қайтарып отырды. Тіпті, Совет Одағының батыры Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшқанда, екінші мәрте батыр атағын бергізбей тастады. Осы жағдай, 1961 жылдан бері келе жатқан үрдісте (традиция), Кеңестер Одағының ғарыш тарихында бірінші және соңғы рет болған екен.

М. Горбачевтің «жігерсіз» басшысы дейтініміздің себебі, ол Қазақстаннан кейін Одақтың саясатына қарсы шыққан Прибалтика және Кавказдық республикалардың да

халқын қанға бөледі. Одан сорақысы, Чернобыль атом станциясында болған жойқын жарылыс туралы шындықты жасырып, бар күшін салып халыққа дер кезінде дұрыс ақпарат бергізбеді.

Таяуда Беларусь Республикасының бұрынғы басшысы С. Шушкевич «Аргументы и факты» газетіне берген сұхбатында: «А за что Вы Михаила Горбачева обозвали «трусом»?» - деген тілшінің сұрағына былай деп жауап береді: «За «кровавый» разгон мирных демонстраций с большим количеством жертв в Тбилиси (в 1989 г.), в Вильнюсе и Риге (в 1991 г.) М. Горбачев говорил, что непричастен, и делал вид, что ничего не знает об этом. Но самом деле он как достойный политик должен был покаяться и сказать: «Да, я причастен к этому. Но мне казалось, что такой вариант будет лучше, если мы остановим это в зачатке». Нельзя политику такого уровня так мелко врать... Для предводителей СССР определяющим был принцип безоговорочного подчинения руководству: «Ты – начальник, я – дурак» (Аргументы и факты газеті. № 49, 4.11.2014 ж.). Бұл көпті-көрген саясаткердің оған өзінің көзі тірісінде берген объективті бағасы және М. Горбачев билігінің тарихта қалған шынайы бет-бейнесі

Ал, енді Кеңестер Одағының ән ұранында (гимнінде) айтылатын «ешқашан бұзылмайтын», бір кездегі Кеңестер Одағына ерікті-еріксіз түрде біріккен 15 республиканы - жер жүзіндегі ең алып Империяны бірде-бір оқ атқызбай, бір-ақ күнде, бейбіт жолмен: «Кеңестер Одағының енді қажеті жоқ, өздерін жеке-жеке отау, тәуелсіз мемлекет болыңдар!» - деп таратқан Борис Николаевич Ельцинге бәріміз рахмет айтып, бас июміз керек! Дәлірек айтсақ, 1991 жылдың 8 желтоқсанында Б. Ельциннің басшылығымен Ресей, Украина және Беларусь басшылары Беловеж келісіміне қол қойып, тарихи келісімді желтоқсанның 10-12-нде осы елдердің парламенттері бекітті (ратифицировали). Осы тарихи келісімнің бір данасы БҰҰ-ның (ООН) бас штабында сақтаулы.

Тағы да сол Беларусь Республикасының бұрынғы басшысы С. Шушкевич «Аргументы и факты» газетіне берген сұхбатында: «Вы заявили где-то о том, что, если бы не подписали Беловежское соглашение, в СССР началась бы гражданская война. Какие для этого были предпосылки?» - деген тілшінің сұрағына былай деп жауап береді: «Об этом многие говорили. Когда Карл Бильдт, премьер-министр Швеции, попросил риксдаг рассекретить переписку дипломатов с Министерством иностранных дел, оказалось, что все шведские дипломаты предрекали: в СССР грядёт гражданская война. Позже об этом говорили и Киссинджер, и Буш-старший, и Миттеран, и многие другие. СССР был «тюрьмой народов» - это факт. Так, что мы, можно сказать, совершили чудо, содействуя тому, чтобы распад произошёл мирно» (Аргументы и факты газеті. № 49, 4.11.2014 ж.). Саясаткердің бұл айтқандарының бәрі шындық еді.

Осындай көпұлтты, алып мемлекетті бейбіт жолмен тарату, адамзат баласының көп жылғы тарихында бұрын-соңды болып көрмеген ғажап құбылыс және бұл тәуелсіздікті Алланың берген сыйы, деп түсінуіміз керек. Сол Б. Ельцин Ресей Федерациясының басшысы ретінде 1991 жылдың тамызында КОКП-ны таратып, Коммунистік партия өз қызметін тоқтатты. Сол жылдың қыркүйек айында Қазақстан Коммунистік партиясы да таратылды. Осылайша, 1991 жыл тарих қойнауына маркстік-лениндік эксперименттің аяқталу кезеңі ретінде енді. Коммунистік партия мен М. Горбачев Кеңес Одағы халықтарына жасаған қиянаттары үшін не кешірім сұрамай, не қоштаса алмай, сол күйімен тарих аренасынан шықты. Аса баса айтатын жағдай, Кеңес Одағының халықтары ішінде, осы партиядан ең зорлық-зомбылықты көп көрген қазақ халқы еді және Кеңестер Одағының күйреуіне алғашқы түрткі болған да, Қазақстанда 1986 жылдың желтоқсан айында болған Желтоқсан

көтерілісі.

Қазір, Қазақстан республикасы - әлемдегі 216 елдің жер кеңдігі жағынан ең ірі он елдің тоғызыншысы (2 млн. 717 мың шаршы шақырым). Қазақстанның құрамында: екі республика-лық дәрежедегі қалалар және 14 облыс, 160 аудан, 39 облыстық дәрежедегі және 45 аудандық дәрежедегі қалалар, 181 поселкалар және 7680 ауылдар мен селолар бар. Халқы саны жағынан Қазақстан 51-ші орында, қазіргі халық саны 17 миллионнан асты, еліміздегі бүкіл халықтың жартысынан аздап көбі, дәлірек айтсақ 10 миллионы, яғни 65% пайызы қазақтар. Деректер бойынша, 1932 жылы қазақ саны осындай болған, яғни 77 жылдан кейін ғана жетіп отырмыз.

Ал енді, 1917 жылы қазақтардың саны 6 миллионнан асып, сол кездегі тұрып жатқан этностардың 90 пайызынан асатын еді. Қазіргі уақытта Қазақстан ТМД мемлекеттері арасынан халқы жағынан - Ресей, Украина, Өзбекстаннан кейін төртінші орында. 1916-1946 жылға дейін 4 миллионға жуық қазақ әртүрлі қазаға ұшырады деген деректер бар (1916-1917 жылдары 100 мыңнан аса адам қырылған, 1921-1922, 1931-1933 жылдардағы аштықтан, Қазақстаннан Қытай, Монғолия мен Ауғанстанға дүркіреп көшкен елдің, 1928-1938 жылғы конфискация мен репрессияда 3,5-4 миллионнан астам өлген, 1941-1945 жылдары соғыста 500 мыңнан аса қазақтар қаза тапқан). Жоғарыда айтқан мәліметтерді дәлелдей түссек, демограф Мақаш Тәтімовтың айтуы бойынша, жаппай жайлаған ашаршылық негізінде 1930-жылдардың басында республикада 2 миллион 220 мың адам өліп (халықтың 51 пайызы), 1 миллион 100 мың адам ата-мекенінен безіп кеткен. Қазір әлемнің 44 елінде 4,5 млн. қазақ қоныстанған. Содан кеп, 1959 жылдың санағында қазақтар саны 30 пайызға әрең жетті, яғни ғасырдың басында халықтың 3/2 қазақтар құраса, ғасырдың ортасында, бар жоғы 50 жылға толмай, қазақтар халықтың 3/1 жетпей қалды. Көшпелі елдің халық шаруашылығының бірден бір негізгі саласы - мал шаруашылығының жағдайы да тым мүшкіл болды. Айталық, 30-жылдардың басында - жалпы саны 34 миллионнан небары 5,5 миллион ғана мал қалды. Жәй ғана салыстырма мысал, 1917 жылға дейін халқы қазақтардан аз болған Өзбекстанның халқы қазір 30 миллионнан асып отыр. Халқымыздың 1,5 миллионы Кеңес үкіметінің әдейі жасаған ашаршылықтан өлді, енді дүние жүзіне Ресей үкіметі осы жағдайды ресми түрде мойындасын деп жар салып жатқан Украина халқы қазір 50 млн-ға жетіп отыр. Еліміздің шекарасы 15 мың шақырымнан асады. Оның 12 мың шақырымы құрлықпен, ал 3 мың шақырымы су (Арал және Каспий теңіздері) арқылы өтеді. Батыс, солтүстік-батыс және солтүстігіміздегі көршіміз Ресей Федерациясы болса, оңтүстік-шығыс және шығыста Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Оңтүстік және оңтүстік-батыстағы шекараластарымыз: Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстан Республикасы.

Кеңес империясы кезінде, яғни 1917 жылдан бастап 1990 жылға дейін Қазақ тарихында ешкіммен соғыспай-ақ, қитұрқы саясаттың арқасында халқымыз ешқандай да теңеуге келмейтін қасіреттерге ұшырады. Тағы да ресми фактілермен көрсетейік және осы Кеңес Одағынан көрген қасіреттерді сәл ғана, үстірт сыдыртып, еске салып өтейік.

“Қазан (Октябрь) революциясы” жеңіп, қызылдар өкімет басына келгелі қазақ не көрмеді? Алдымен, ұлтымыздың бір миллионға жуығын жалмаған 1921-1922 жылдардағы аштық болды. Бұл былғары курткалы комиссарлардың “соғыс коммунизмі” деген саясатын жүргізіп, малды, азық-түлікті “национализациялау”, “реквизациялау” сияқты содыр істерінің кесірінен болған еді. Одан Голощекиннің зұлматы келді. “Кіші Октябрь” деп жүргізген оның саясатынан 1931-1932 жылдары қазақтың 2 миллиондайы қырылып, 1 млн. 100 мыңдайы алыс-жақын шетелге босып кетті. Адамзат тарихында бір халықтың басына үйірілген мұндай сұмдық сойқандар сирек болған. Соның ішінде біз бармыз, дәлірек айтсақ, Кеңес аумағында

ресми деректер бойынша 7 млн. адам аштықтан өлсе, оның 2,5 млн-нан 3 млн-ға дейін қазақ пен украин халқы екен, басқа 300 ұлт пен ұлыстарға 1 млн. ғана келеді. Қазіргі кезде украин халқы 50 млн-нан асса да, Украинаның зиялы қауымы халқымыз «геноцид» саясатына түсті деп дүние жүзіне жар салып жатыр.

Ашаршылықтың басты себебі, басқа халықтарды аштан сақтап қалуы үшін, қазақты малынан айырылды, малынын айырылған қазақ, әсіресе Орталық Қазақтанның қазақтары босып, 80 пайызы қырылып қалды. Американы жаулаушылар ер жүрек үндіс халқын соғысып ала алмай, оларға бір ақылшы «үндістердің басты тамағы бизонның еті, бизондарды қырсаңдар, үнділер де өзінен өзі қырылады» деген екен. Осыдан кейін, жаулап алушылар бизондарды түгелімен қыра бастайды, осыдан кейін ғана үндістер аштан қырылып, жеңіліс табады.

Сұмдық аштықтан есін әлі жинап үлгермеген елге 37-нің зұлматы келді. Халықтың сүт бетіне шығар қаймақтарын “халық жауы”, “жапон шпионы” деп жоғарыдан түсірілген “разнарядкамен” атылды. Егер 1937 жылы КСРО бойынша тұтқындалған барлық 936750 адамның 353074-і атылса, 1938 жылы тұтқындалған барлық 638509 адамның 328618-і тағы оққа байланған. Соның ішінде 66 мыңнан астам қазақ та бар. Осы “ұлы террор” халықтың еңсесін әбден езіп, қатты басып кетті. Сол кезден бастап қазақ дыбысын шығарып, қатты сөйлеуден қалды. Міне, бұл да “Октябрь революционерлерінің” ісі...

1941-1945 жылдарғы соғыста тура және жанама шығындарын қосқанда қазақ халқы 700 мыңнан астам адамынан айырылды. Бұл өз жерінде соғыс болған үлкен елдер Франция (520 мың), Италия (400 мың), Англия (320 мың), Чехословакия (364 мың) т.б. шығындарынан бір де кем емес еді. Ол, ол ма, соғыс жылдарында чешендер мен үңгүштер, қарашайлар мен малқарлар, қырым татарлары мен месхет түріктері, гректер мен күрдтер - барлығы 890 698 адам қазақ жеріне күштеп көшірілді, одан басқа соғыс басталмай тұрып, орта саны 100 000 жуық Қиыр Шығыстан корейлер мен сол 100 мыңға жуық Волганың бойындағы немістер, соғыс жылдарындағы соғыс өрті шарпыған жерлерден бас сауғалап қашқан қанша екенінің жалпы санын ешкім білмейтін босқындар, жерінен, үй-орманынан, жиған дүниесінен айырылып, ашынған халықтардың ашу-ызасы да қазақтарға оңай тиген жоқ. Өзі аш халықтың аз нәпақасына арып-ашыған олар да ортақ болды. Одан басқа, 1949 жылдан Абай-Мұхтар жерінде 40 жыл бойы 470 ядролық жарылыс болған, одан басқа да 11 әскери ядролық полигондар. Атап айтсақ біз білетін, Сарыарқада осы күнге дейін «күпия» сынақтар жүріп жатқан дүние жүзіндегі ең үлкен Сары-Шаған әскери-ғылыми сынақ полигоны, «Азғыр», «Капустин Яр» полигондары, «Байқоңыр» космодромы, «халыққа зияны бар ма, әлде зияны жоқ па?» деп тексерілмей, ешқандай да күзетілмей, елдер құрылыс материалдарын тонап алып жатқан бұрынғы «күпия» болған бірнеше әскери полигондар, сол бетінде жабылмай қалған 118 «уран» рудниктері қаншама қасірет туғызып отыр. Мыңдаған адамдар мүгедек болды, аурулы, кемтар болып, өмірден қыршын кетіп жатыр. Оның зардабы әлі де жазылар емес.

Ал, 1954 жылы Тың көтеруді сылтау қылып, 597 мың келімсек қаптады.

Солтүстік облыстарда мектептерді, газеттерді жауып, түгел орыстандырып жіберді. Қағылған-соғылған, көбісі өз елдерінде ұры-қары болған “тың көтерушілердің” ел қорғайтын азаматтарынан соғыста айырылған қазақ ауылдарына жасаған қысастықтары әлі айтылып жүр...

Елді 1953-тен 1964-ке дейін билеген Хрущевтің Қазақстанға деген қысастығын, оны республика ретінде жойып жібергісі келіп, неше түрлі қиямпұрыстық әрекеттер жасағанын

қазір жақсы білеміз. Елдің аумағын бірнеше “крайға” бөліп, оларды Ресейге қоспақ болған ойы әйтеуір орнынан түсіп қана іске аспай қалды. Соның өзінде оның озбырлығы қаншама жүйкені тоздырып, қаншама жанға қасірет шектірді.

“Мақта бер де, мақта бер” деп нәр алатын дарияларын буып тастап, әлемдегі ең әдемі теңіздердің бірі - Аралымызды құртып жіберді. Қазір оның жағалауында тұратын қалың қазақ экологиялық апатқа ұшырап отыр.

Ел қиыншылықтарды ұмытып, енді ғана есін жия бастаған 1979 жылдан бастап “Ауғанстандағы интернационалдық борыш” дегенді шығарып, КСРО көрші жатқан тәуелсіз елге басып кіріп, онда 10 жыл бойы соғыс жүргізді. Талай аналар әскерге баратын баласын соғысқа жіберіп қалмас па екен деп ішкені ірің, жегені желім болғанын ұмыта қойған жоқ шығар. Талай қыршын елге қорғасын табытпен қайтты. Қол-аяғы балғадай қаншама жас қалған өмірінде мүгедек болып, өксіп қалды.

1986 жылғы Горбачевтің салған жарасы да әлі жазылып біткен жоқ. 8500 адамды ұрып-соғып ұстады, 99 адамды соттады, ал қаза болғандардың толық саны әлі де белгісіз.

1. Тургенс кая	1489
2.Кенсуйская	2038
3.Турайгырская	886
4.Тюпская	1221
5. Семизбельская	987
6.Улахольская	1522
7.Чиштюбинская	1899
В.Джувань-Арыкская	904
9.Онъ-Арчинская	1477
10.Барскаунская	751
11.Заукинская	836
12.Тонская	1427
13.Джетыюгузовская	1631
14.Шаркратминская	1293
15.Кунчей-Аксаиска	915
16.Бурукчинская	1392
17.Саяковская	1085
18.Поринская	1157

**Лепсинскій уѣздъ**

1.Алакульская	1391	
2.Чербактинская		1053
3.Каракольская	1559	
4.Барлыкская	1127	
5. Акчаулинская	1825	
6.Эмельская	1342	
7.Кыскачь-Садыровская		2298
8.Маканчи-Садыровская		2684
9.Чинжилинская	2698	
10.Арганатинская	3035	
11.Аягузская	1891	
12.Мурзатай-Карасуйская	1388	
13.Баскань-Сарканская	2206	
14.Балхашъ-Лепсинская	1815	
15.Урджарская	2046	
16.Сарытавская	1609	
17.Нижне-Аксуйская	1093	
18.Біень-Аксуйская	1255	
<b>Итого</b>		<b>32315</b>

**Всего Волостей -116**

**Кибиток-146975 Дворов-11574**

**\*) В число 1626 и 2100 дворовъ Карасуйой и Карамской Таранчинских волостей  
заключается: въ первой 19, а во второй 92 дунганских дворовъ. Всего по степному  
генерал-губернаторству: -волостей (54+84+116) = 254- кибиток (дворов) =  
(73030+120138+146975+11574) = 351717 774**

**Списки киргизских волостей степного генерал-губернаторства с указанием количества кибиток в каждой волости и аулов.**

## Штамп

МВД

**Семипалатинской  
Области**

В канцелярию господина степного генерал-губернатора. Во исполнение предложения, от 6-го сентября сего года за №5268 имею честь при семъ представить въ Канцелярію Его Высочайшаго Превосходительства списокъ волостей Каркаралинскаго уѣзда, съ показаніемъ количества кибитокъ и ауловъ. За уѣзднаго Начальника помощник, Штабсъ-капитанъ Подпись.

На 20 ноября 1896 года. Список Волостям Каркаралинского уезда съ показашемъ количества кибиток и ауловъ.-

Название волостей	Число ауловъ	Количество
1 . Абралинская	13	2034
2. Аксаринская	8	1599
3. Акчетавская	8	1218
4. Акботинская	10	1253
5. Беркаринская	8	1371
6. Бюрлинская	7	1175
7. Балхашская	10	1393
8. Дегеленская	11	1824
9. Дагандельская	14	2534
10. Кентская	11	1618
1 1 . Кувская	11	1710
1 2. Кызылтавская	6	1048
13. Котань-	7	1292
14. Моинтинская	9	1490
15. Нуринская	10	1264
1 6 Сартавская	6	966
17. Токраунская	10	1390
1 8. Темирчинская	14	1983
19. Чуйская	9	1594
20. Чубартавская	12	1956
2 1 . Эдрейская	12	2053

**За Каркаралинского Уездного Начальника Помощник, штабсь-капитан**

**ПОДПИСЬ.**

## Список киргизских волостей Семипалатинского уезда.

№	Наименование	Число аулов въ волости	Число кибиток въ 1 896	Примечани
1	Арчалинская	12	1460	
2	Аккумская	17	1979	

3	Айгырджальская	12	1534	
4	Бельгагачевская	16	2010	
5	Бишкапагайская	10	1243	
6	Бугулинская	8	959	
7	Лельбегетейская	7	865	
8	Канлыгатайская	7	870	
9	Кентюбекская	8	1189	
10	Коконьская	13	1486	
11	Кызылмулинская	13	1435	
12	Малыбаевская	9	1193	
13	Мукурская	12	1368	
14	Семитавская	8	1025	
15	Сейтеновская	9	1047	
16	Чаганская	13	1443	
17	Чингизская	10	992	
18	Энрикейская	11	1234	
	Итого	195	23341	

За уездного начальника Письмоводитель подпись Лукина

Канцелярия Степного Генераль-Губернатора Директора Первого Департамента Министерства Юстиции, свидетельствуя совершенное свое почтение Его Превосходительству Владимиру Степановичу, имѣть честь препроводить при семь двѣ справки по возбужденнымъ Степнымъ Генераль-Губернаторомъ вопросамъ:

1. Об отмянъ тѣлесного наказанія для крестьянъ Степного края (отношеше отъ 13 Июля 1895г. за №3224) и
2. О наказуемости ростовщичества среди киргизовъ по русскимъ законамъ (отношеніе отъ 24 декабря 1896г. за №7476).

№31854 М.В.Д. Зайсанскій 10 декабря 1897г. Его Превосходительству В.С. Лосевскому  
Уездный Начальникъ 21  
Сентября 1896 г. №2282  
г.Зайсанъ

#### Списокъ

киргизских волостей Зайсанскаго уезда Семипалатинской области съ показа-шемъ количества ауловъ и кибитокъ въ каждой волости.

Списки киргизских волостей степного генерал-губернаторства с указанием количества кибиток в каждой волости и ауловъ.

Штамп В канцелярію господина степного генерал-губернатора. Во  
МВД исполнение предложения, от 6-го сентября сего года за №5268  
Семипалатинской имею честь при семь представить въ Канцелярію Его  
Области Высокопревосходительства списокъ волостей Каркаралинскаго  
уезда, съ показашемъ количе-ства кибитокъ и ауловъ. За  
уездного Начальника помощник, Штабсъ-капитанъ Подпись.

На 20 ноября 1896 года. Списокъ Волостямъ Каркаралинскаго уезда съ показашемъ количества кибиток и ауловъ.-

Название волостей	Число ауловъ	Количество
1. Абралинская	13	2034
2. Аксаринская	8	1599
3. Акчетавская	8	1218
4. Акботинская	10	1253
5. Беркаринская	8	1371
6. Бюрлинская	7	1175





**области съ показателемъ количества ауловъ и  
кибитокъ въ каждой волости.**

№	Названіе волостей	Количество ауловъ	Количество	Примечані
1	Манракская	7	1259	
2	Чоргинская	8	1427	
3	Майтерекская	7	1299	
4	Лабинская	6	1328	
5	Багасовская	5	1171	
6	Нарынская	9	1862	
7	Кокпектинская	1	2055	
8	Базаровская	5	1000	
9	Кумъ-Кульская	5	1015	
10	Терсъ-айрыкская	6	1013	
11	Карабугинская	8	1868	
12	Черно-Иртышская	7	1272	

14	Чиликтинская	8	1380	
15	Кенлерлыкская	10	1758	
16	Кальджирская	7	1351	
	Итого	118	22795	

За отсутствіемъ уезднаго Начальника, и.д. городского пристава (подпись) И.д.  
Письмоводитель

(подпись)

**Списокъ всехъ киргизскихъ волостей Павлодарскаго уезда съ  
показателемъ количества ауловъ и кибитковъ въ каждой волости**

**М.В.Д. Павлодарскаго Уезднаго Начальника Семипалатинской**

№	Названіе	Число кибитокъ по окладнымъ	Число кибитокъ по	Число
1	Баянъ-аульская	1135	1135	8
2	Аккульская	1213	1213	7
3	Аккелинская	1412	1400	9
4	Алкагульская	2447	2255	11
5	Карамолинская	1533	1532	10
6	Кызыл-	1980	1983	10
7	Мараллинская	2034	2034	15
8	Уркуковская	1467	1467	12
9	Чакчанская	1434	1433	12
10	Акпетытавская	1119	1132	6
11	Аксерекская	1005	1002	9
12	Атагожинская	882	880	7
13	Кызылтавская	1298	1300	8
14	Лалбинская	1148	1148	7
15	Алтыбаевская	1573	1764	14
16	Теренгеевская	1947	1944	13
	Итого	23627	23622	158

**Примечаніе:** О неверности числа кибитокъ по окладнымъ листамъ казенной палаты съ действительнымъ состояніемъ - заверена Переписка с Палатой отъ которой еще не последовало ответа. За Павлодарскаго уезднаго начальника помощник, подполковник (подпись) Письмоводитель (подпись)

**М.В.Д. Лепсинскаго Уезднаго Начальника Семипалатинской** Списокъ всехъ киргизскихъ волостей Лепсинскаго уезда съ показателемъ количества кибитковъ въ каждой волости

Начальникъ 17 сентября 1896 г.

№4813 Семиреченской волости

№	Назвате волостей	Количество кибитокъ	Число аулов
1	Алакульская	1391	7
2	Арганатинская	3035	12
3	Акчаулинская	1825	10
4	Аягузская	1891	8
5	Барлыкская	1127	7
6	Басканъ-Сарканская	2206	12
7	Балхашъ-Лепсинская	1815	8
8	Каракольская	1559	7
9	Кыскачъ-Салыповская	2298	11
10	Маканчи-Салыповская	2684	15
11	Мурзатай-Карасуйская	1388	7
12	Чербактинская	1053	4
13	Чинжилинская	2698	14
14	Урджарская	2046	11
15	Эмильская	1342	7
16	Сарытавская	1609	7
	Нижне-Аксуйская	1093	5
18	Буюнь-Аксуйская	1255	5
	<b>Итого</b>	<b>32315</b>	<b>157</b>

За и.д. Лепсинскаго уезднаго Начальника Письмоводитель (подпись)

(подпись)

Письмоводитель

Ұлы Абай мен оның әкесі Құнанбайға қатысты мұрағат құжаттары

Фонд 374 опись 1, дело 710

О выдаче киргизам похвальных и старшинских листов и серебряных медалей на 1840 г.

445/241 4 февраля ст.13

Его Высокоблагородію,

Господину Правящему должность Пограничнаго Начальника Сибирскихъ киргизовъ,

Полковнику и кавалеру Михаилъ Васильевичу Ладыженскому  
Веденія Каркаралинскаго приказа Кучукъ-

Тобуклинской

волости старшинъ Кунанбая Ускенбаева и Божея

Иралина

Прошеніе

Въ 1831 году, поступивъ въ составъ Каркаралинскаго Округа, мы съ подведомственными нам киргизами на другой же годъ были обложены ясахомъ, который до сие уплачиваемъ бездоимочно, и притомъ имея значенія лучшихъ людей въ своей волости, по влиянію на прочихъ киргизъ, всегда и во всякое время употребляемъ стараніе поселить въ нихъ уваженіе къ начальству и повиновеніе установленнымъ властямъ, такъ что при всемъ усиліяхъ въ прошедшіе три года мятежнаго султана Кенесары Касымова и его сообщниковъ, наши киргизы ни малейшей не оказали къ нимъ приверженности и не были во все съ ними въ

сообщеніємъ. До этого мы достигли единственно нашимъ усердіемъ къ Россійскому Правительству и всегдашней осторожностью противъ внешнихъ враговъ.

Почитая долгомъ эти наши дѣйствія довести до сведенія Вашего высокоблагородія, какъ непосредственно Главного надъ нами Начальника, осмеливаемся нижайше Васъ просить, обратить милостиво вниманіе на услуги наши и удостоить, для отличія насъ въ награде, назначеніемъ или исправленіемъ, представителствомъ, Вашимъ, где следуетъ, соразмерныхъ намъ наградъ, къ сему прошенію старшина Ускунбаевъ своеручно приложилъ тамгу, а Иралинъ именную свою печать.

Декабря 18 дня 1839 года длина 5 см(круглая печать Кунанбая)

Ф 374 оп. 1 д. 710

8 февраля

Каркаралинскому Окружному приказу

1840 г. Предписываю окружному приказу по порученіи сего донести мне въ возможной скорости; поль-

№362 зуются ли уваженіемъ народа старшины Кунанбай Ускунбаев и Божей Иралинъ и не оказали ли

они каких-либо услугъ правительству во время происходившихъ в степи безпорядковъ отъ мятежника Кенесары Касымова.

Подписаль Полковник Ладоженский Верно Толмачъ (подпись)

Фонд374оп.1 д.339

Дело

по прошение бѣев и старшин Манбетей-Тобыклинской волости Каркаралинскаго округа «о самовольныхъ дѣйствіяхъ Толмачей и казаковъ» (31 декабря 1839г.15 декабря 1840г. на 2 листах)

Его Высокоблагородію Господину Правящемудолжность Пограничнаго Начальника Сибирскихъ КиргизовъПолковнику и КавалеруМихаиле Васильевичу Ладыженскому

Веденія Каркаралинскаго округа Мамбетей-Тобуклинской волости

Біевъ Бурсукбая Карамурзина, Утегеня Текебаева и Старшины Кула

Кунакаева

Прошеніе

Частовременно командируются по нашимъ волостямъ Толмачи и Казаки по деламъ службы и въ эти проезды берутъ мучить лошадей прямо изъ табуновъ, случается даже такъ, что после и не возвращаютъ ихъ, а между темъ бываетъ и то, что требуютъ или самовольно употребляютъ себе въ пищу барановъ. По сему нижайше просимъ Ваше Высокоблагородье волею Вашего предписать Приказу о прекращеніи этихъ безпорядковъ, и подтвердить, что бы посылаемые такимъ образомъ къ намъ люди и въ особенности Толмача Бубенновъ въ чемъ до насъ будетъ относиться надобность обращалась бы къ Волостнымъ управителямъ или Аульнымъ старши-намъ.

Къ сему прошение просители руки и тамгу Приложили. Декабря 30 дня 1839 года

**(лист 4) Въ Семипалатинское Областное Правленіе Сергипольского Внешняго  
Окружного Приказа**

**Рапортъ**

Вследствие Указа Областнаго Правленія отъ 14 іюля сего года за № 4434, Приказъ  
предписываль 25 то-

го іюля за № 2761, заседателю Костырко выслать въ Каркаралинской Округъ Старшинъ Бусурмана Сегизбаева и Наданбая Делекеева, съ подведомственными имъ киргизами въ числе 300 кибитокъ, укочевавшихъ отъ туда въ Кучукъ Тобуклинскую волость. На что Заседатель Костырко отъ 26 августа за № 155 донесъ Приказу, что въ летнее время киргизы Каркаралинскаго округа въ числе 300 кибитокъ кочуютъ въ своемъ округе, въ зимнее время по нахожденію ихъ зимнихъ' стойбищъ въ Кучукъ - Тобуклинской волости, действительно зимуютъ въ этой волости, вследствие чего они и просятъ перечисленія ихъ въ Кучукъ - Тобуклинскую волость. О чемъ ок-ружный Приказъ имеетъ честь донести Обласному Правленію.

**Председатель Приказа Секретарь № 3274 Сентября 4 дня 1867г. Отделомъ  
исполнит. Ст. 7**

Ұлы Абайдың билік қызметі

Мұрағат құжаттары Ұлы Абайға байланысты бірнеше тың деректерді жарыққа шығарды.

Атап айтқанда, Абайдың үш әйелінен жиырма баласы болған. Балаларының бәріне өзі білім берген. Тек ұлдары емес, қыздары да орысша оқып, жаза білген. Өзі де білім-ғылыммен терең түрде айналысқан. Кітап, газет-журналдар жаздыртып, алып отырған. Ауқатты тұрмыс құрып, бір мың жылқысы мен екі мың қойы болған. Одан басқа, Абай 1903 жылы 60 толған болса, ол 1843 жылы туған болып шығады.

Ұлы Абайды Патша басшы шенеуліктері, халық арасында көп жыл бойы патша өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізеді деп сезіктеніп, оның жүріс-тұрысын аңдып, құпия тексеріс жүргізіп отырған.

Абайға байланысты мұрағат құжаттары, бұрынғы Абайтанушылардың Абай ешқандай да билік қызметтер атқармаған, тек қана шығармашылықпен айналысқан деген жаңсақ пікірлері, әдебиет пен бұқара ақпараттарда кең таралған болатын. Бұл пікір Кеңес үкіметінің саясаты бойынша таралып, Абайды тек бұқара халықтан шыққан ақын қылып көрсету үшін, қолдан жасалған пікірлер деп тұжырым жасауға болады. Ал шындығында, Абай 16 жасынан бастап билікке ара-ласқан. Атап айтқанда, 9 жыл бойы Шыңғыс болысын және 3 жыл бойы Мұқыр болысын басқар-ған. Одан басқа 6 жыл бойы би болып сайланған. 1885 жылы Семей қаласынан 70 шақырым, Шар өзенінің жағасында, Қарамола деген жерде Павлодар, Қарқаралы, Семей және Өскемен уездерінің билерінің съезінде, Семей уезінің Шыңғыс болысының биі ретінде қатысқан Абай төбе би және съездің төрағасы болып сайланады. Осы съезде Абайдың жетекшілігімен, 96 баптан тұратын «Қарамола заңдары» деген атпен елімізге

белгілі, сол заманға сәйкес әдет-ғұрып заңдары қабылданады. Заңды қабылдауға 40 болыстың беделді билері қатысқан. «Қарамола заңдары» Қазан қаласында қазақ және өзбек тілдерінде жарық көрген және Кеңес төңкерістеріне дейін қазақ даласында кең көлемде қолданылған.

Бірнеше мың жыл бойы Еуразия көшпелілерінің жуан ортасында Алаш туының астында болған қазақ руларының өз бетімен мемлекет құрған уақыты 15 ғасырдың ортасы. Керей мен Жәнібек хандардың кезінде мемлекеттік идеяның өміршеңдігі үшін күрескен қазақ рулары Жәнібек баласы Қасым хан кезінде мемлекетті нығайту, заң ережелерін бір қалыпқа келтіру, ішкі және сыртқы саяси ахуалға заңдарды ыңғайлау мәселесіне кіріскенге ұқсайды.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы мынадай бастаулар негізінде қалыптасты: а/ әдет – ғұрыптар - адат; б/ билер сотының практикасы; в/ билер съездерінің ережелері; г/ шарият нормалары.

Ауызша әдет-ғұрыптар ең көне заманнан, рулық қауымның қалыптасуынан бастау алады. Құқықтың бұл түрі қазақ қоғамының талаптары мен ерекшеліктеріне сай келді. Көшпелі қоғам жағдайында ұзақ уақыт сақталып қалған рулық қатынастар, патриархалдық отбасы, көшпелі мал шаруашылығы т.б. қатынастарды реттеудің бірден-бір тиімді жолы әдет-ғұрып құқығы болып табылады.

Қазақ хандары әдет-ғұрып құқығының нормаларын жүйелеп жетілдіріп, қоғамның талап-тарына орай өзгерістерге ұшыратып, оларға ресми сипат беріп отырды. Қасым ханның кезіндегі (1510-1523) «Қасым ханның қасқа жолы», Есім ханның кезіндегі (1598-1628) «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның кезіндегі (1680-1718) «Жеті жарғы» атты заңдар жинағы.

Оларда негізінен мынадай қылмыстарға зор мән беріледі: кісі өлтіру, ұрлық жасау, тонау, бүлік шығару, зинақорлық, денеге, адам мүшелеріне зақым келтіру, әйел зорлау, әйел алып қашу, діннен безу, біреудің қонысын иелену т.б.

Қазақта «қылмыскер» деген сөз болмаған. Халық ондай адамдарды «жаман іс істеуші», «пері соққан» деп атаған.

Тәуке ханның кезіндегі «Жеті жарғы» атты заңдар жинағы 1700-1715 жылдары қабылданып, 34 баптан тұрған.

«Жеті жарғы жайлы» деп аталатын еңбегінде академик С. Зиманов пен Н. Өсеров: «Біздің пікірімізше» «Жеті жарғы», «Жеті жарлық», «Жеті дау», «Жеті шешім» деген ұғымды білдіреді. Оларға жер дауы, құн дауы, барымта, айып-жаза, алым-салық т.б. кірген», - деп жазады.

«Жеті жарғының» алғашқы толық қағазға түскен нұсқасы атақты тарихшы А. Левшиннің 1832 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Писание киргиз-казацких или киргиз-кайсацских, орд и степей» атты кітабында көрсетіледі. Бұл нұсқа 34 фрагменттен тұрады.

Міне, «Жеті жарғыдан» кейін қазақ даласында, әдет-ғұрып құқығының нормаларын жүйелеп жетілдіріп, қоғамның талаптарына орай өзгерістерге ұшыратып, оларға ресми сипат берген «Қарамола заңдары». Бұл жинақ қазақ билерінің ең ауқымды және соңғы қабылдаған әдет-ғұрып заңдары.

Ұлы Абай: «Бізге ата-бабаларымыздан мұра болып қалған заңдардың жиынтығын – Қасым салған қасқа жолды, Есім салған ескі жолды, Тәуке ханның «Жеті жарғысын» білу

кажет», - деген.

(фонд 64 оп.1 д.938)

Секретно

Военный  
Губернатор

Господину Степному Генераль-Губернатору

Семипалатинской  
области

часть секретная

23 сентября 1903 г.

№206

г. ....

На предложенный отъ 1 августа сего года за №124 имею честь представить Вашему Высокопревосходительству, что киргазъ Чингизской волости Ибрагимъ Кунанбаевъ имеетъ отъ роду 60 летъ, женатъ на трехъ женахъ: отъ которыхъ имеетъ 20 человекъ детей: обладаетъ сравнительно большимъ состояніемъ (около 1000 лошадей и 2000 баранов). Кунанбаевъ человекъ весьма развитой и умный: онъ служилъ два трехлетия біемъ. Три трехлетия управителемъ Чингизской волости, а за темъ, по назначенію отъ Правительства, прослужилъ три года Управителемъ Мукурской волости. Служба Кунанбаева отличалась разумнымъ управлениемъ испол-нительностью, энергіею, преданностью Правительству и отсутствіемъ фанатизма. Одинъ изъ сыновей Кунанбаева по окончаніи курса Михайловскаго Артиллерійскаго Училища былъ произведенъ въ офицеры и будучи на службе, умеръ въ Туркестанскомъ округе. Ныне замужняя дочь Кунанбаева окончила курсъ наукъ въ киргизскомъ интернате, все остальные дети его пишутъ и читаютъ по-русски. Грамоте обучал ихъ отецъ. Кунанбаевъ весьма интересуется русской литературой, выписываетъ книги, газеты и журналы.

Въ прежнее время онъ пользовался громаднымъ вліяніемъ среди инородческаго населенія степи, но въ настоящее время вліяніе его далеко не то. Онъ постарелъ, отяжелелъ, вовсе не вмешивается въ киргизскіе дела. не принимаетъ на себя руководства въ партіяхъ, хотя главари ихъ часто обращаются къ нему за советомъ. Въ разговорахъ и сужденіяхъ своихъ съ лицами местной администраціи Кунанбаевъ обнаруживаетъ полное понимание государственныхъ интересовъ и правильные взгляды на культурную миссію нашего отечества въ Азіатскихъ владеніяхъ. Онъ съ негодованіемъ осуждаетъ попытки мусульманъ фанатиковъ противодействовать Правительству въ его стремленіяхъ. Искренность высказываемого имъ убѣжденія, полагаю, достаточно доказывается его поведеніемъ.

Эти данные указываютъ, что Кунанбаевъ въ политическомъ отношеніи не внушаетъ никакихъ опасеній, и долженъ быть причисленъ къ числу лицъ вполне благонадежныхъ.

От Генеральнаго штаба Генераль-Маіоръ Галкин (подпись) Чиновникъ  
Особыхъ Порученій (подпись)

### Шоқан саясаткер, әрі құқыктанушы

Еліміз егемендікке жетіп, дербес мемлекет атанып отырған халқымыздың ұлттық мақтанышы Шоқан Уәлихановтың қай ісі болса да, мадақтауға лайық, ұмытылмайтын өнеге. Туған елінің мәртебесі мен бүгінгі болашағы үшін соңғы демі қалғанша тер төгіп еңбектенген ғалым рухын жаңғыртып, оның атқарған мәңгілік істеріне тағзым ету баршамыздың борышымыз болып табылады.

Ұлтымыздың мақтанышы Шоқан Уәлихановты біз ағартушы, саяхатшы, этнограф, фольклорист, Қазақстан, Шығыс Түркістан және Орта Азияның тарихы мен мәдениетін зерттеушісі ретінде ғана біліп келдік.

Алайда күні бүгінге дейін Шоқанның адамдық болмысы, саясаткерлігі мен

құқықтанушылығы жайлы ертелі-кеш дүниеге келген рухани мұралар түбегейлі зерттеліп, саяси-құқықтық тарихы тұрғысынан біртұтас ғылыми еңбекке арқау бола қойған жоқ деп ойлаймын.

Ресей патша үкіметінің қатыгез отаршылдық саясаты мен сол кездегі қазақ даласын басқарып отырған әскери-қанаушы басқарушылардың аяусыз қыспағына да, қарамай, өзі де қазақ даласын басқару аппаратында жауапты қызмет атқарса да, отаршылардың солақай саясатына қарсы шығып өзінің көрқарасын ашық жариялаған. Ғалымның отаншылдық-ұлтжандық идеяларын, дербес мемлекетті, тәуелсіз, еркін халқымызды және әділетті теңдікті аңсаған армандарын ешкім тұншықтыра алмады.

Шоқан 30 жыл-ақ өмір сүрді. Өзінің дарынды ғылыми ізденістері мен шығармашылық толғаныстарға толы қысқа өмірі ішінде Шоқан тарих, георгафия, этнография, лингвистика, археология, құқықтану ғылымдары саласында жемісті еңбек етіп, қазақ халқына аса бай, бағалы мұра қалдырды. Оның артында 128 еңбегі, оның ішінде 12 өзі жазған хаттары қалды. Оның «Абылай», «Жоңғария» очерктері, «Қазақтың шежіресі», «Қазақтар туралы жазбалар», «Сот реформасы туралы жазбалар», «Қазақтағы шаман дінінің сарқыншықтары», «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының Баиыс провинциясы мен Құлжа қаласы» тағы басқа зерттеулері – шығыстану ғылымына қосылған зор үлесі болды. Шоқанның атақты Қашғар сапарының жемісі – «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегі Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, географиясына, әлеуметтік құрылысына арналып, заман талабының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы болатын, ол шын мәніндегі георафиялық жаңалық деп танылды. Шоқанның Қашғарға барған сапары Марко Поло заманынан, яғни XIII ғасырдан кейін, Орталық Азияның зерттелмеген түкпірін дүниежүзінің ғылыми қауымдастығына таныстырып, жан-жақты сипаттама берген алғашқы ғылыми еңбек болды. Осылай Шоқан небәрі 23 жасында кәсіби барлаушы ретінде, оның алдына қойған өте ауыр тапсырманы ойдағыдай атқарып келді.

Бұл туралы белгілі орыс ғалымы, ботаник, географ, әрі дипломат Ф.Р. Остен-Сакен Шоқан Уәлихановты еске алу деген еңбегінде былай деп жазады: «1858 жылы біздің қырғыз шекара халықтарына кері әсерін тигізген Шығыс Түркістандағы үздіксіз толқулар мен көтерілістерге байланысты аймақ туралы нақты мәліметтер жинауға және Орта Азияның бұл бөлігіндегі сауда жолдарын зертеуге барынша сенімді адамды жіберу керек болды. Тапсырма қауіпті болғандықтан оны орындау үшін сенімді, әрі бақылаушылық қабілеті жоғары, өзі татар тілін білетін, сондай-ақ Шығыстың салт-дәстүрінен де хабардар адам баруы тиіс еді. Өйткені, азиялықтарша киінуге тура келді. Мұндай шарттарға Уәлихановтан артық лайық адам болмады. 1858 жылы маусымда ол өзін керуенбасының туысқанымын деп жариялап, Семейге аттанды. Сол жылы қыркүйекте кереуен Зауқы өткелінен асып, Қашқарияға жетті. Уәлиханов онда бірнеше ай болды және көптеген қиындықтар мен қауіп-қатерден соң, 1959 жылы сәуірде Верный бекінісіне аман-есен оралды. Бұл сапар өзіндік географиялық ерлікке толы, Марко Полоның заманынан бері Қашқарияны, осы қалада өлтірілген Адольф Шлагинтвейті санамағанда, бірде-бір еуропалық зерттемеген» (Алғаш рет 1865 жылы Орыс географиялық қоғамының есебінде жарияланды. СПб., 9-11беттер).

1860 жылы Шоқанды Сыртқы істер министрлігінің Азиялық Департаментіне қызметке сол кездегі Ресей Империясының Патшасы II Александрдың бұйрығымен тағайындаған. Оған мына мұрағат құжат дәлел: «15 маусым 1860 жыл. Жоғары мәртебелі император өзінің Патшалық сарайында 1860 жылы маусымның 15 күні төмендегідей бұйрық беруге әмір етті: Армиялық кавалериядағы штабс-ротмистр III. Уәлиханов армиялық



кавалерияда тұрса да, Сыртқы істер министрлігі Азиялық департаментіне тіркелсін. Қол қойған Әскери министр генерал-адъютант Сухозанет». Тұпнұсқада жоғарғы мәртебелі императордың өз қолымен «Орындау» деп жазған жазу бар. Шоқан өлгенше сол Сыртқы істер министрлігінің Азиялық Департаментінде қызмет істейді. Шоқанның 1864-1865 жылғы Жетісу облыстық әскери губернаторы Г.А. Колпаковскийге жазған Тезек төренің қарамағындағы қазақтардың, Қытайдағы, Шығыс Түркістан мен Кіші Бұқарадағы саяси ахуалы туралы баяндамалары куә және соңғы баяндаманы ол 1865 жылдың 19 ақпанында жазған. Ал, 1860 жылдың қыркүйегінде Шоқанға берілген қызметі мен жетістіктері туралы № 2 формулярлық тізімде, оның басшылардан құпия бұйрықтар алып отырғаны жазылған.

Шоқан туралы алғашқы мәліметті, белгілі ғалым К.К. Гутковский 1857 жылы «Письмо из Омска» деген мақаласында жазады (Гутковский К.К. Письмо из Омска. Рус, инвалид, 1857, 10 марта). Сол жылы Шоқан Орыс географиялық қоғамының мүшесі болады. Шоқанның Орта Азия мен Шығыс Түркістан туралы тарихи зерттеу еңбектерін бүкіл дүниежүзілік ғалымдар мойындаған. Оның еңбектері орыс, ағылшын, неміс, француз және тілдеріне аударылып, ғалымдар өздерінің еңбектерінде Шоқанға сілтеме жасап отырған. Атап айтқанда, 1865 жылы ағылшын тілінде Шоқан туралы мақала шығады (Валиханов Ч.Ч. The Russians in Central Asia. –London. 1865 ). Шоқанның еңбектерін бірінші рет жинақ ретінде дайындаған Ресей Ғылым Академиясының кеңесші хатшысы Н.И. Веселовский (Сочинения. Под редакцией Н.И. Веселовского. Спб., 1904. XII+532+XXII с, портр. –(Зап. Рус. геогр. о-ва по отд-нию. этнограф. Т. 29 ). Қазақ тілінде Шоқан туралы бірінші мақала 1894 жылы Дала уалаяты газетінде жарияланған (Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Дала уалаяты газеті, 1894, № 18, 8 мамыр). Кеңес үкіметі кезінде Шоқан туралы тек 1940 жылы мақала шыққан, оның өзінде Шоқанның туғанына 125 жыл толуына байланысты (Әділгереев Х. Шоқан Уәлиханов. Социалистік Қазақстан, 1940, 19 қараша. Ш. Уәлихановтың 125 жыл толуына байланысты өмірі мен қызметі жайында).

Шоқанды сол кездегі Ресей Империясының жоғарғы шенді басшыларының өзі үлкен ілтипатпен құрмет көрсеткен. Мысалы, **Ресей Империясының Сыртқы істер министрлігінің Азиялық Департаментінің директоры И.П. Игнатьевтің өзі Батыс Сібір генерал-губернаторы А.О. Дюгамальға мынандай хат жазады:** «Аса құрметті Александр Осипович мырза! Жоғарғы мәртебелі патшаның әмірімен Азиялық Департаментіне есепке алынған, армия кавалериясы бойынша тіркелген штабс-ромистр сұлтан Ш. Уәлиханов Сібір қырғыздары (қазақтары. -Автор) аймағына іссапарға (қызмет бабымен) жіберілді. Аталған құжат (қызмет бабымен) Ш. Уәлиханов мырзаға еліне барып, қымызбен емделіп, нашарлаған денсаулығын қалпына келтіру үшін Департаменттен берілді.

Жоғарғы мәртебелім, Сіздің назарыңызға осы жас офицерді ұсына отырып, оның қабілеттігі мен қызметке келтіретін пайдасына өзім куә бола отырып, Сізден оған жақсы ниетті ілтипатыңызды, қажет болған жағдайда рақымшылығыңызды көрсетсеңіз деп өз тарапынан қиыла сұраймыз. **Директор генерал-адъютант И. Игнатьев».**

Шоқанның замандастары да Шоқан туралы жақсы пікірлер қалдырған. Атап айтқанда, **белгілі шығыстанушы ғалым П.П. Семенов Тянь-Шанский «Путешествие в Тянь-Шань 1856-1857г.г.» кітабында былай дейді:** «... Омбыда менің көңлімді ерекше аударған екінші бір тұлға – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Ол аса көрнекті қабілеттігімен көрінген Омбы кадет корпусын үздік аяқтап, кейін Петерборда менің ықпалымен университетте дәрістер тыңдады, француз және неміс тілдерін жақсы меңгергені сонша, Шығыс тарихы бойынша, әсіресе қырғыздармен (қазақтармен. -Автор) тайпалас халықтардың тарихы бойынша керемет білгір жанға айналды. Егер өкпе ауруынан келген ажал оны тым ерте, жиырма сегіз

жасында арамыздан алып кетпегенде, одан керемет ғалым шығар еді...».

Белгілі ғалым Н.М. Ядринцев 1865 жылы Орыс географиялық қоғамының есебінде жарияланған мақаласында Шоқан туралы былай деп жазды: «... Ш. Уәлиханов өз елін зерттеп, оны орыс халқына таныстыруды басты мақсат етті және оның ойынша қырғыз (қазақ. -Автор) халқымен етене танысу онымен тікелей қарым-қатынастағы орыс халқының ой-пікірінің ізгілікті тұрғыда өзгеруіне көмектесер еді, ал екі ұлттың өзара байланысын зерттеу соңғы кезде орыс әдебиетінде туындаған өркениет игілігі үшін деп жасалатын адам нәсілдерінің құқығына қатысты қайғылы да, келеңсіз жағдайларды түсіндіруге себепкер болады деп сенді.

Ш. Уәлихановтың тағы бір ойы – халыққа білім беру еді. Сол кезде Қоқан мен Бұқарадан келген татарлар салған мектептер көбейе бастады. Бұл мектептерде оқу діни бағытта болды. Ислам дінін жамылып келген Бұқара молдалары халыққа еуропалықтарға деген жәдіғой жауыздық мен оларды жеккөрушілікке үгіттеді. Қырғыз халқына кері әскер еткен бұл сыңаржақ үгіт-насихаттары жою үшін, халық тәрбиесін тілмәштарға арналған мектептер мен басқа да әкімшілік қажеттіліктер емес, Еуропа ғылым мен ілімін халық арасында таратудың толық жүйесін құру қажет деп білді. Оның екі тілегі осы еді. Ол екі арманына да қол жеткізе алмады...».

**Орынбор облыстық қазақтарды басқару аппаратында бірнеше жыл жауапты қызмет атқарған Л.Н. Плотников 1860 жылы былай деп жазады:** «Небольсин мырзаның очеркіндегі Тәукин сұлтан (Орал маңындағы қазақтардың аға сұлтаны. -Автор) мен Бабажанов қожаны (Бөкей қазақтарының өкілі, Орыс географиялық қоғамының қызметкері. - Автор) көптеген адамдар танымайды. Олар құрметке толықтай лайық адамдар ретінде, асыра мақтауға тіпті де мұқтаж емес. Сондықтан аса бір әсірелеусіз адамгершілік сипатқа лайық еді. Егер ол екеуіміз штабс-капитан Уәлихановты салыстырмасақ, екеуі де ұтылмайды, мен Уәлихановпен Петербургте көзбе-көз танысып, бірнеше жайлы кештерді бірге өткізген едім. Шоқанның қабілеттері мен білімінің өлшеміне ол екеуі түгіл, тіпті, біз Небольсин мырза екеуіміз жете алмайтын едік. Шоқан Шыңғысұлы – қырғыздардың арасындағы қайталанбайтын дара феномен, енді мұндай құбылысты біздің орынборлық өлкеде, бәлкім, әлі де ұзақ күтуге тура келер».

Шоқанға ескерткіш орнатуға және оның еңбектерін жарыққа шығуына сол кездегі Түркістан генерал-губернаторы, генерал-адъютант фон Кауфман мен Жетісу облыстық әскери губернаторы, генерал-лейтенант Г.А. Колпаковский көп еңбек сіңірген екен. Екеуі ара ескерткіш орнатылғанға дейін бірнеше рет хат алмасқан. Сол хаттардың біреуін көрсетейік. **Түркістан генерал-губернаторының Жетісу облыстық әскери губернаторына қатынас хаты, 26 қараша 1871 жыл, № 3415:** «1865 жылы қайтыс болған ротмистр Уәлихановтың бейітінің басына қойылуға тиісті жазуды Сіздің мәртебелі құзырыңызға жөнелте отырып, маған Жаман-Алтынемелден В.П. Кузнецов дайындап беруге уәде еткен мәрмәр тақтаға орыс және қырғыз (қазақ. -Автор) тілдеріндегі жазуды ұқыпты да, қатесіз ойып жазып бере алатын шеберді іздестіруге бұйрық беруіңізді Сізден сұрау мәртебесіне ие болып отырмын. Осы жұмыс аяқталған кезде, тақтаны орнына қоймас бұрын жазуды мұқият тексеруге бұйрық беруіңізді сұраймын. Барлық жұмыстың қанша тұратыны туралы маған мәлімдеуді өтінемін. **Түркістан генерал-губернаторы, генерал-адъютант фон Кауфман».**

Шоқанның бейіті сол кездегі Жетісу облысының Қапал уезінің, Қоянкөз бекетінен бес шақырымдай жерде, Көшен тоған шатқалында, көптеген басқа да сұлтандардың арасында орналасқан. Ескерткіш күйдірілген кірпіштен тұрғызылған төр бағанадан тұрған, олардан

жоғары күмбез көтерілген, бірақ қазір олардың ізі де қалмаған, төрт бұрышты биіктіктің үстіндегі ақ мәрмәр тақтада, қазақша аудармасымен мына жазулар бар: «Мұнда 1865 жылы қайтыс болған Шоқан Шыңғысұлы Уалихановтың мәйіті жерленген. Түркістан генерал-губернаторы, генерал-адъютант фон Кауфманның тілегі бойынша, Уалихановтың ғылымға сіңірген еңбегін ескеріп, осы ескерткішті 1880 жы генерал-губернатор Г.А. Колпаковский орнатты».

Дала генерал-губернаторы Г.А. Колпаковскийдің Ғылым Академиясының кеңесші хатшысы Н.И. Веселовскийге жазған хаты, 1889 жылғы 15 маусым, № 332, Санкт-Петербург: «Қайырымды тақсыр, Костантин Степанович! Шоқан Уалихановтың артында қалған жазбаларын бастыруды, жоғарғы мәртебелім, Сіздің өз міндетіңізге алғаныңызды Императорлық Орыс географиялық қоғамының мүшесі, есаул Потаннин хабарлады. Ал менің бұл іске тигізер жәрдемім үш жүз сом көлемінде материалдық қолдау көрсету болып табылады. Сіз дайындайтын басылымға толық қолдау көрсете отырып, осы бір аса көрнекті қырғыздың (қазақтың. -Автор) еңбектері барынша тезірек баспа бетіне шығуын тілей отырып, осы аталған сома жеткілікті ме және оны қайды жіберуім керектігін маған хабарлауыңызды басымды иіп сұраймын. Құрметпен және нағыз адалдықпен, қайырымды тақсыр, Сіздің бағынышты қызметшіңіз болу мәртебесіне ие болып отырмын. **Гер. Колпаковский**». Сол кездегі базарда семіз ту биенің құны 25 рубль болса, 300 рубль қомақты қаржы саналады.

Шоқаннан қалған мұраның тағы біреуі бейнелеу өнері саласындағы еңбектері, одан 150 сурет қалған. Бұлар оның қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі болғанын танытады. Шоқан негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс-салтын бейнелеу жанрымен айналысқан.

Шоқан бірнеше саланың меңгерген тұңғыш қазақ. Атап айтсақ, Омбыдағы кадет корпусын бітірген бірінші қазақ, кәсіби әскери қызметкер, кәсіби дипломат, ғалым, бірінші кәсіби барлаушы, тарихшы, географ, этнограф, лингвист, құқықтанушы.

Біздің еліміз болашаққа болжам да жасап, көпжылдық өміріміздің жан-жағын қамтыған жоспар қабылданды. Мемлекетіміз ұзақ жылға созылған ұйқыдан оянып, құлдық, бейжайлық санадан біздің реформалар алға шығарып, Еуразиялық геополитикалық кескінін өзгертіп келе жатыр.

Қазақ саяси-құқықтық тарихының бастауы алдымен көшпелі рулардың тарихы, ал көшпеліліктің өзегі азаматтық қоғам болады. Сонымен қатар, қазақ саяси-құқықтық тарихын зерттеу үшін, оның шежіресін пайдалану, шығыс, қытай, орыс және басқа да шетел деректеріне көңіл аудару қажет екендігі анық болар. Осы тарихқа қатысты мәселені тапшылыққа, отаршылдыққа, еуропоцентристік идеяларға бой ұрмай өз тарихымызға байсалдықпен қарағанымыз жөн. Өзіміздің тарихымызды және ата-бабаларымызды өзгеден биік қылып көрсетпек болып тыраштанудың да ғылым үшін зияны болмаса, пайдасы болмайды.

Шоқанның сол кездегі Қазақ даласындағы саяси-құқықтық ахуалы туралы еңбектеріне шолу жасап, қысқаша тоқталып өтейік.

Шоқан Уәлиханов өзінің «Қазақ шежіресі» деген әйгілі еңбегінде: «Қазақтардың әрбір ру басылары өз ру-тайпасының шежіресін - шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып заңдарын, ескі жарлықтарын, халықтың басынан өткен тарихи жайларды көп жасаған ақсақалдардан иждаһатпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шындауда көптеген аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайды.

Сондай дайындығы бар билердің аузынан шыққан сөздерді халық ұйып тыңдайды, ол нақыл сөздердің мәні өмірдің бар саласын қамтитындай өсиет-өнерге, тәлім-тәрбиелік, патриоттық мазмұнда болып келеді», - деп, сол кездегі ел басқарған тұлғалар тек рубасы ғана емес, ол бүкіл халықтық құрметке ие болған би болғанын дәлелдейді.

Шоқан Абылай ханға арналған зерттеу еңбегінде XVIII ғасырды «Век казахского рыцарства» деп атайды. Қазақ хандығы Еуразияда бірнеше мың жыл үстемдік еткен көшпелі өркениеттің, мәдениеттің, далалық демократиялық мемлекеттің соңғы үлгісі еді. Ресей патшасының отарлау саясатынан кейін, XIX ғасырдың басында ол да аяқталды.

Абылай хан секілді сол кездегі батырларда, билер мен шешендерде, ата-бабаларымыз негізін қалаған далалық демократияның көрнекті өкілдері болып табылады

Тәуелсіздік халқымызға аспаннан түскен құдіреттің сыйы емес. Ол ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының, дабылды-дауылды күресінің заңды жалғасы. Жатса түсінен, тұрса есінен бір сәт кетпеген бабалардың ғасырлық арманы. Жүректерін батпандаған мұң, қатпарлаған қасірет тоң болып қатып, шер болып басып жатпады ма?!

Қаншама елдің ардагер перзенттері осы тәуелсіздіктің өзі емес, тек сәулесі үшін қанын төкті, жанын пидә етті десеңші! Тәуелсіздік емес-ау, сол Ресей империясының құрамды бөлігі – территориялық автономия алудың өзіне қанағат еткен бір ғана алаштың реформаторлар ұрпағының тағдыры не болды?

Тереңнен ойлап, тебірене толғансаң - халқымыздың барша тарихы осы тәуелсіздік үшін, елдік үшін, халықтың бас бостандығы үшін күрес.

Қазақ жері - Отанымыз. Ал халқымыз Ресейге тәуелді болған шақта, ол өгей Отанға ие болды, тоқалдан туған баладай, «Ұлы ұлттың», «Кіші ұлттың» деген кеңестік принциппен өмір сүрдік. Жатқа бағындық, неше түрлі өгей әкеге табындық. Сөйтіп мәңгүрт болып, ғасырлар бойы бас еркіндігінен айырылып, қанатымыз қайырылды.

Ресей өкіметінің әкімшілік және сот ісін қайта құру шараларын III. Уәлиханов сол кезде Орталық Қазақстанда орналасқан дуандардың орталықтарында болып, осы дуандарға жататын болыстардың жер қонысын белгілеп, қыс-қыстағы, жаз жайлауларының атын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жан-жақты зерттеп, былай деп жазады: «Соңғы кезде біздің әкімшілік және сот ісін қайта құрумен жіті айналысып, халық ағарту ісіне де ерекше назар аударды.

Россия тумаларының ішінде байырғы орыс тұрғындарының өмір тірлігіне қарама-қарсы тіршілік ететін, әдет-ғұрпы, әрісі славян тайпасының әдет-ғұрпынан өзгеше, кереғар келетін діні, тегі өзге халықтар аз емес. Бұл жәйтке жүгінгенде, жоғарыда келтірілген себептерді ескергенде христиандарға, отырықшы орыс тұрғындарына арналып жобаланған әкімшілік өзгеріс, егер Россияның Европалық, Азиялық бөлігінде көшіп-қонып жүрген бұратана халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, онда мұндай өзгерістен ешқандай да пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді...

Азаматтық дамудан қалтқысыз үміткер адамдардың өздерін орыстармен отандас бауыр санап, орыстың қол астында өз еркімен қосылған миллиондаған адамдардың тағдыры менінше үлкен қамқорлықты қажет етері даусыз, яғни мұндай үзілді-кесілді мәселеде Шекспирдің не өлім, не тірлік деген ойы туады. Мешеулігіне байланысты өзін-өзі қорғау жолын дұрыс игере білмей, енжарлық, селқостық ұялауы патша үкіметі тарапынан біздерге аса сергектікпен, өте сақтықпен қарауды қажет етеді... Сібір қазақтарының облысындағы сот

реформасы жайындағы біздің жұмысымыздың жоғарыда келтірілген деректеріне қарап, жалпы халықтың қалың көпшілігі, билер сотының ежелгі тәртібінде қалуын қалаған, ал шенді, мәнсапты, ауқатты қазақтар керісінше, билер сотына сол негізде өзгеріс енгізу жағында болғаны аңғарылады... Комитет бұл пікірлерге қарап, беделді ордалықтардың айтуымен жасалған сот реформасымен, билер сотын қайта құру ережесі бүгінгі қазақ халқының әлеуметтік өсу жолын толық қанағаттандыра алмайтыны бай-қалды, ал өзімізге келсек бұл іске тікелей араласып, өз көзімізбен көргендіктен бұл пікірлердің қаскүнемдік пен баламалы ниетті, бір жағынан селқостық пен енжарлықты, енді бір қырынан білімсіздік пен тағылықты аңғардық».

Ш. Уәлиханов: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітумен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттық істегі патентке Европадағы ақындар, ғалымдар, адвокаттар сияқты билердің де маңызы жеке беделге негізделген. Шекспир мен Гетені әлейім халық ұлы ақын санайды, бірақ олардың ұлылығы туралы пікір үкіметтің декретімен немесе хат сайлауына сәйкес негізделмеген. Халық қалағанда ғана би билік жүргізе алады. Билер тек оған жеке адамдардың билікке жүгінгенде ғана іс қарауға кіріседі және өз шешімінің орындауына қатыспайды. Өз ұйғарымымен іс бастау қазақ биіне қолайсыздық туғызады. Мұндай право қазақ биін сотқа, полицей тыңшысына айналдырып, олар «би ақыны» көбірек алу үшін жұрттың қытығына тигіш, тым міншіл қазымыр болса, ал би шешімін орындатуға қатысу белгілі жағдайда олардың қолына билік те береді. Соның салдарынан ол адал жеке сот практикантынан полицейдің тыңшысына айналып кетер еді. Осындай жалған жағдай да соттың негізгі мақсатына тікелей қайшы келеді», - деп елдің арасынан шығып, халық беделіне ие болып би атанған Қаздауысты Қазыбек сияқты шешен билердің бұрынғы өткен билердің жақсы дәстүрін жалғастырушылар екенін түйіндейді.

Міне, аталарымыздың, қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат деген сөзі шындық. Халықтан шыққан би-батырлар: жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, мылтықпен дәлдеп атып жығуға да болады, сөзбен дәлдеп айтып жығуға болады деген принципті көп жыл бойы берік ұстаған.

Бұдан кейінгі жылдары тәуелсіздік үшін болған азаттық көтерілістер де нақ осыны айғақтайды. Халықты орыс отаршыларына қарсы бастап шыққан халық батырлары: Сырым, Исатай, Махамбет, Жанқожа, Таймас, Есет, Ағыбай тағы да басқа батырлар. Демек, сыртқы жаулармен болған ірі қақтығыстар кезінде өздерінің ержүректігімен көзге түскен ерлерді «батыр» деп атаған. Қазақ халқы өздерінің қаһармандық қиссаларында жыр етіп, батырлардың бейнелерін ғасырлар бойы қастерлеп келді. Батырлар белгілі бір билеуші әлеуметтік таптардың мүддесі емес, олар қай уақытта болса да халықтың қорғаушысы болған. Сондықтан, олар өздеріне бағынышты руларда толық билік жүргізді. Олар салық жинады, айыпты болған тумаластарын жазалады, басқа қазақ руларымен келіссөз жүргізді. Сол кездегі қазақ қауымындағы жоғарғы орган - Хан кеңесінің басым көпшілігі батырлар болып, елеулі ықпалға ие болды. Хан сайлауынан бастап, барлық мемлекеттік шешімдер, тек батырлардың қолдауымен ғана іске асырылып отырды. Сөйтіп, батырлар көп жылдық тарихы бар Қазақ мемлекетінің даму барысы мен қоғамдық өмірінде жетекші тұлғалар

болды.

Бұл туралы ғалым Шоқан былай деп жазған болатын: «Батыр – қазақтарда ру басы сұлтаннан кейінгі ең маңызды, әрі көрнекті тұлға. Ол - ең беделді адам, оның ақыл-кеңесімен халық әрқашан есептесіп отырған».

Ш. Уәлиханов өзінің еңбегінде: «Біз барымтаны қазақтың өз ұғымымен түсіндіріп көрейік. Қазақта барымтаға кейде заң жүзінде рұқсат етіледі. Ұрлыққа, тонауға, мал айдап кеткенге айып төленеді, ал барымтаға ештеңе төленбейді. Барымта дегеніміз - қайтарылатын қалың мал, төленетін құн үшін, құныкер адамның малын, немесе затын, жалпы өзгенің жеке меншігін тартып алу. Ертеде былай да болғанды, күшті рулы қазақ өзінен әлсіз қазаққа кісі өлімі үшін, құн немесе тіл тигізіп қорлағаны үшін айып төлемеген, кісі өлтіріп құныкер бола тұра немесе кешірілмес қастық жасай отырып, сотқа шақырғанда келмегенде. Сонда ру мәжілісінің ұйғарымы бойынша, қор-ланған, зәбірленген адам барымта алуға аттанып, ауылын шауып, менменсіген өр көкіректі бас идіреді. Екі жақ келісімге келгеннен соң, ешқандай айыпсыз, барымталанған малының шырқы бұзылмай қайтарылады...», - деп тұжырымдайды.

Халық арасындағы кең тараған, 1862 жылғы Атбасар дуаны бойынша аға сұлтандыққа сайлауға түскен Шоқан Уәлихановты Найман елінің Бағаналы руының болысы Ерден Сандыбаевтың (1808-1862) жеңіп шыққаны туралы жаңсақ мағлұмат бар, ал шындығында Шоқан сайлауда басым дауыспен жеңіп тұрса да, өзінің денсаулығына байланысты аға сұлтандықтан бас тартады да, осы себеппен Ерден аға сұлтан болып тағайындалады. Омбыдағы мемлекеттік архивтегі мына құжат соның дәлелі (Мем. Архив, 374 қор, 1-тізбе, №389 іс), 1862 жылдың 10-шы қарашасында Батыс Сібір генерал-губернаторы А. И. Дюгамель қол қойған №54 санды бұйрығының мазмұны мынадай: «...О переменах по службе. Приказ генерал-губернатора Западной Сибири. 10 ноября 1862 года №54 по области Сибирских киргизов. Утверждаются в должности: По избранию Атбасарского округа, хорунжий Ерден Сандыбаев - старшим султаном того округа, вместо штабс-ротмистра Чокана Валиханова, избранного на эту должность большинством голосов, но отказавшегося от принятия оной за болезнью, и султан Кочек Джадаев - кандидатом старшего султана, оба на 3-х летие с 1862 года...». Алайда, Ерден Сандыбаев аға сұлтандық қызметке кіріспестен, аяқ астынан ауырып, кенеттен қайтыс болып кетеді.

Шоқанның өзі осы аға сұлтандыққа сайлау туралы 1862 жылдың 15 қазанында дүние жүзіне белгілі жазушы, досы Ф.М. Достоевскийге жазған хатында былай дейді: «... Мен сұлтан болсам деп ойлап едім, ондағы ойым өз еліме қызмет етіп, оларды шенеуніктер мен бай қырғыздардың қатал қысымынан қорғау еді. Әсіресе, өз қызметімді үлгі етіп, оқымысты сұлтанның қандай пайдасы барлығын жерлестеріме көрсетпек едім. Осы арқылы орыс шенеуніктерінің қылықтарына қарап, орыс тәрбиесі жөнінде теріс түсінік алған қырғыздар, шын оқымысты адам мен жай шенеуніктің нарқы бір емес екендігін білген болар еді. Сол мақсатпен мен Атбасар округінде аға сұлтан болып сайлануға риза болған едім, бірақ сайлау шенеуніктердің түрліше қылықтарын аттап өте алмады. Болысты төңіректеген ұлықсымақ мырзалар пен приказныйлар маған түгелімен қарсы болды. Неге өйткенін білесіз бе? Мен аға сұлтан болсам, болыс әкімдері аға сұлтандардан алатын мыңдаған ақшасынан айырылар еді. Байқайсың ба, бұл шенеуніктер үшін «болу не болмау» сияқты нәрсе. Шенеуніктер байлар мен баққұмар қырғыздарды маған өшіктіріп, Уәлиханов сұлтан болса, сендерге сор болады, ол теңдік деген ұғымды ұстаған адам, сондықтан сендерді руға, байлыққа қарап бағаламайды, бір туған қырғыз деген ағайыншылықтан айырыласыңдар деп қорқытты және оларға мені Құдайға сенбейді, Мұхамедке өш деп өсек таратты. Әлбетте, бұл секілді

әрекеттер шала, тағы, өз әдет-ғұрпына берілген халыққа әсер етпей қалмайтындығы түсінікті. Әсіресе бұл өсектерді таратқан орыс майорлары (қырғыздар орыс шенеуніктерін түгел майор деп атайды) болғандықтан, әсері тым күшті. Менің жерлестерім, өзіңе мәлім, мүмкін Шығыстың сыпайылық салты бойынша болар, әрқашанда орыстардың құсқауына құлақ асады...». Шоқан сол жылы досы Ф.М. Достоевскийге тағы бар хатында: «Нашар денсаулығына байланысты Петербургте түпкілікті тұруға болмайтындығынан, Қашқардағы консульдық орнын алғысы келетінін», - жазған.

«Қазақтар туралы, олар көне түрік әлемінің бүкіл соларға тән әдет-ғұрпымен, ойын-тойымен, тарихи жырлардың орасан зор қорымен, әр заманда өмір сүрген ақындардың өлеңдерімен, музыка мен ойын-сауыққа әуестігімен, құқықтық ел ұрпақтарының үлкен кодекстерімен жазба - билік жолыменен сақталып қалған қазынасы деп кесіп-пішіп айтуға болады», - деп Шоқан Уалиханов қазақ ауыз әдебиетінің құндылығы туралы ойын тұжырымдаған.

1864 жылы Омбы қаласында Сібір қазақтарының Шекаралық басқармасында жауапты қызмет атқарған Шоқан қазақ заңдарының жинағын құрастыруға қатысып, Ресей патшасының әкімшілік және сот реформаларын қатты сынға алып «Сот реформасы жайында хат» деген еңбегінде: **«Реформа жөніндегі мәселе терең ойды, байыпты тұжырымды қажет етеді, өйткені халықтың «өмір сүруі, сүрмеуі» соған байланысты.**

**Ресей Империясының құрамына еніп отырған барлық бұратана тайпалардың ішінде халқының санының көптігінен, байлығы жөнінен біз бірінші орын аламыз. Меніңше алдағы өркендеу де бізге - қазақтардың үлесіне тиеді»,** - деп көрегендігімен тұжырымдаған.

Міне, 150 жыл бұрын ғұлама Шоқанның небәрі 29 жасында айтып кеткен сәуегейлік сөзі толығымен іске асып, Тәуелсіз Қазақстан жасампаздықтың жиырма жылы ішінде мол табысқа қол жеткізіп, әлемдік қоғамдастықта демократиялық, зайырлы және алдыңғы қатарлы дамыған мемлекет ретінде танылды. Осы жылдары Қазақстан сыртқы және ішкі саясатта болсын, экономикада болсын, әлеуметтік салада болсын өзгелерге үлгі болатындай дәрежеде алға дамыды. Ел, қоғам өзгерді, заманға деген, келешекке деген көзқарас өзгерді, жаңа ой, сана-сезім қалыптасты. Еліміз дүние жүзі қауымдастығы алдында алды-артын ойлай білетін, келешегін болжай білетін, әлемдегі болып жатқан әртүрлі құбылыстарды талдай білетін, құнды идеялар мен алдыңғы қатарлы ұсыныстарды қолдай білетін, өз шекарасы бар, өзінің бет-бейнесі, ұстанымы, экономикалық үлгісі, саяси бағыты бар, қиын кезеңдерге қор жинаған, әлем елдері мойындаған, ұлтаралық достығы мен саяси тұрақтылығы берік орнаған мемлекет болып мойындалды.

Қазақ елінің толерантты мінезі Алтын Ордан қалған қасиеттің бірі болса керек. Міне, осы себепке байланысты да Шоқан кезінде: «Қазақтар өздерін Алтын Орданың ұрпақтары ретінде есептейді», - жеп жазған болатын. Осы Шоқанның 150 жыл бұрын айтып кеткен тұжырымын, таяуда ешкімнен тайсалмай, шындықты бетке айтатын Беларусь Республикасының басшысы Александр Лукашенко: «Алтын Орданың мұгагерлері қазақтар, сондықтан олар бүкіл Ресей мен Шығыс Еуропаның жерінің иесіміз деп айта алады», - деп дүние жүзіне жария етті.

Қазақ елі енді жаңа да тың серпіліске, әлем өркениетінің жоғарғы белесіне, жаһандану кезеңінде кез келген қауіп-қатерге төтеп бере алатын әлемнің дамыған 30 елі қатарына еруге батыл қадам жасады.

**«Родоплеменной состав и расселение казахов» кітабынан үзінді**

(В.В. Востров, М.С. Муқанов, Издательство Наука– 1968 г.-стр.170-174).

Каркаралинский уезд располагался в западной части области, занимал обширную территорию, простирающуюся от западных отрогов Чингизского хребта до р. Моинты и пределов Агадыря, от оз. Балхаш до границы Баянаульского района. Таким образом, на востоке он граничил с Семипалатинским уездом, на западе с Акмолинскими степями, на севере с Павлодарским уездом, на юге с Аягузским, Капальским, Талды-Курганским, Аулиеатинским и Алма-Атинским уездом.

Основное население уезда было представлено казахами Среднего жуза (Каракесек, таракты, керей, туленгуты). По данным 1897 г., в уезде проживало 104 569 человек казахского населения.

Уезд состоял из следующих волостей: Кызылтавская, Кентская, Абралинская, Акботинская, Сартавская, Нуринская, Токраунская, Борлинская, Эдрейская, Аксаринская, Темирчинская, Дегеленская, Кувская, Котанбулакская, Западно-Балхашская, Моинтинская.

*Я тоже занимаюсь исследованием историко-правового и социально-политического устройства казах-ского общества первой половины XIX века и в период до 1930 года XX века. Автор монографии "Акжолтай Агыбай батыр" 2002 года выпуска, соискатель степени кандидата юридических наук по специальности 12.00.01 "Теория государства права и истории ". Полковник в отставке.*

*Мое генеалогическое древо: Аргын - Каракесек - Бошан - Карсен - Аралбай - Кошекбай - Татан - Кожабай - Шахай - Шожен - Ныгмет - Жумагул - Даниар.*

*Мои предки жили в Моинтинской (до 1878 года в Карсен-Кернеевской, потом в Карсеновской) волости.*

*Меня интересуют архивные материалы об известных людях этой волости, а именно о бие Жайыке Кошекбаеве. По некоторым данным, он в 1824 (или 1822) году в Каркаралинске представлял Карсен-Кернеевскую волость в числе пяти самых знатных биев Каркаралинской волости. Инте-ресны материалы о волостных управителях, биях, стариинах Моинтинской (Карсен-Кернеевской) волости начиная с 1824 года, о старших султанах Каркаралинского уезда, все материалы о Агыбай батыре (бие) Конурбаеве (1802-1885). Во всех архивных документах его называют Агыбай бием, он с 1849 года жил сперва в Алтеке-Сарымовской волости, потом с 1858 года Карсеновской, а потом вновь созданной Сарыбулакской волости.*

*С уважением,*

*Шуженов Жумагул Ныгметович.*

*Познакомимся поближе с Агибай батыром (1802-1885). В энциклопедии "Караганда. Карагандинская область" (2008, с. 105) он предстаёт как полководец хана Кенесары Касымова. За храбрость и умение в сражениях против отрядов императорской России в Каркаралинском округе прозван "Акжолтай батыром". Сохранял непокорность до 1849 года. Получил прощение и доживал свои дни в Карсен-Кернеевской волости. Его дети пользовались уважением в Степи.*

*Особенно преуспел Аманжол Агибаев. Он занимал должности заместителя волостного управителя. С 1878 года аул Аманжол Агибаева отошёл к Моинтинской волости. С 30 января 1878 года по 17 декабря 1883 года и с 22 августа 1887 года по 29 сентября 1892 года Аманжол Агибаев - бий аула № 13.*

*В 1892 году аул № 13 вошёл в состав Чуйской волости. Волостным управителем утверждён Аманбай Агибаев, заместителем - его брат Сопы (Сана, Сопа, Сан) Агибаев. В составе Чуйской волости было 9 аулов, 1614 кибиток и 6998 душ населения. Братья Аманбай и Сопы управляли волостью до 10 июля 1899 года. За усердную деятельность отмечены Степным губернатором Похвальными листами: Аманбай - 19 ноября 1896 года, Сопы - 28 марта 1898 года. Сопы (аул № 5) 28 мая 1899 года награждён и серебряными часами на серебряной цепочке.*

*С 10 июля 1899 года аулы Агибаевых отнесены к Сарыбулакской волости. Агибаевы, теперь уже дети Аманбая - Ахмет, Ыбиш и Абдурахман, здесь на первых ролях, исполняя должность волостного управителя. Ахмет - 2 срока (1899 - 1905), Ыбиш - 2 срока (1905 - 1911), Абдурахман - также 2 срока (1911 - 1917). Сопы Агибаев, 1847 г.р., жил в ауле № 1 и в 1906 году был выборщиком по избранию члена Государственной Думы.*

*Такой вот получился у меня календарный ряд в деятельности детей и внуков Агибая батыра.*

*Как у меня отмечено в дневнике, имя Агибая батыра я впервые услышал 18 марта 1989 года в Алматы. Собеседником моим был заслуженный деятель искусств Казахской ССР, народный художник республики Аубакир Исмаилов. Мастер встретил меня приветливо, мы оказались земляками. Аксакал родился в 1913 году близ Долинки, урочище Инжар, род Алтай-Кареке.*

*И разговор наш бродил по знаковым для нас местам: Караганда, Коянды, Каркаралы, Балхаиш... Вспомнили Аппака Байжанова, отметили странствия Чокана Валиханова по Сарыарке, передвижения войск Кенесары Касымова, в рядах которого сражался бесстрашный Агибай батыр. Оказывается, Аубакир Исмаилов как художник зримо ощущал черты своих героев, делая эскизы, наброски...*

*Прошло 20 лет. Подшивка "Казахстанской правды" (1940, 3 декабря) вновь напомнила давнюю встречу. Корреспондент газеты К. Васильев писал из Москвы: Из Казахстана в столицу прибыл молодой художник Аубакир Исмаилов с альбомом рисунков. Это эскизы для цикла картин "Восстание Кенесары Касымова". Портрет Кенесары исполнен акварелью. Изображены сцены походной жизни мятежников, нападение на укрепления Акмолы, образы соратников и врагов. По правую руку от Кенесары мы видим его*

самых преданных воинов: брата Наурызбая, степного полководца Агибая и храбреца Бугыбая.

Исмаилов объяснил журналисту - в Москву он прибыл для консультаций. Помощь ему оказали художник С.В. Герасимов, академик Е.Е. Лансере, историк А.В. Шестаков. В планах художника - поездки в Акмолинск и Боровое, на места сражений Кенесары Касымова. Завершение работ запланировано к XXV годовщине Октябрьской революции для выставки "Наша Родина".

17 октября 2008 года в Балхашском городском музее я познакомился с почитателями балхашской истории. Среди них был и Жумагул Шуженов, инициативный, очень общительный человек. С ним мы прошли на площадь, где сфотографировались у памятника Агибая батыру. Так я узнал, что 200-летие батыра отмечалось в 2002 году. Открытие памятника состоялось в 2007 году с участием Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева.

Но блистательная судьба Кенесары Касымова продолжается и продолжается. 25 августа 2009 года из Астаны мне написал Т.С. Мухтаров. Его родовые корни в Нуринской волости Каркаралинского уезда.

Здравствуйте, уважаемый Юрий Григорьевич!

Я, Мухтаров Талгат Сабитович, мне 43 года, родился в г. Темиртау Карагандинской области, последние 10 лет живу в г. Астане. Моя родословная Сарым, Конырбай, Койайдар, Булгак, Тасыбек, Каскар, Арын, Мухтар, Сабит и я - Талгат.

По рассказам стариков, Койайдар воевал в войске хана Кенесары, возглавлял одно из подразделений, был доблестным батыром.

Про Булгака и Тасыбека ничего неизвестно, а вот сын последнего - Каскар (Каскыр, Каскара), по вашим же данным, был в течение свыше 20 лет бием в ауле № 4 Нура болыс Каркаралинского уезда Семипалатинской губернии.

В этом же ауле жил и был бием после него его сын Каскаров Арын (Арин, Арынбек, Орынбек).

Последнего в 1932 году, в период т.н. малой революции Голощекина, раскулачили, отобрали весь скот и изгнали с места жительства. Арин вместе со своими тремя сыновьями Мухтаром, Мекеем и Тлеукешем и женой Данишой (якобы она потомок известного казахского юриста Жакыпа Акбаева) вынуждены были выехать в южные регионы Прибалхашья.

По пути скитания, во время пересечения озера Балхаш на пароме, он умер. Его жена Даниша, чтобы не дать выкинуть тело в воду, завернула его в кошму и под видом домашнего скарба вынесла на берег, где его и захоронили. После этого она вместе с сыновьями добралась в Чимкентскую (Южно-Казахстанскую) область и там поселилась. Двое сыновей со временем женились, от них остались трое сыновей, но сами они погибли в Великой Отечественной. Аринов Мухтар пропал без вести в октябре 1942 года, всего через 3 месяца после призыва в возрасте 28 лет.

*После этого наша бабушка Даниша, боясь органов, ничего не рассказывала про историю своей жизни. Выросло новое поколение, то есть мы, которые практически ничего не знали о своих предках.*

*Это все я рассказываю, чтобы показать, насколько для нас важны сведения, которые Вы нашли в архивах и передали нам!*

*Мы Вам глубоко благодарны!*

*С огромным уважением, Т. Мухтаров.*

*25.09.2009.*

**(Данная статья опубликована 30 октября 2010 года №126 (20989) в газете Индустриальная Караганда).**

**РКП(б) Қырғыз (Қазақ) облыстық комитетінің, ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылары:**

- |     |                    |             |
|-----|--------------------|-------------|
| 1.  | Пестковский С. С.  | 1920        |
| 2.  | Акулов И. А.       | 1920—1921   |
| 3.  | Мұрзағалиев М.     | 1921        |
| 4.  | Костеловская М. М. | 1921        |
| 5.  | Коростелев Г. А.   | 1921 — 1924 |
| 6.  | Нанейшвили В. И.   | 1924—1925   |
| 7.  | Голощекин Ф. И.    | 1925—1933   |
| 8.  | Мирзоян Л. И.      | 1933—1938   |
| 9.  | Скворцов Н. А.     | 1938—1945   |
| 1.  | Борков Г. А.       | 1945—1946   |
| 2.  | Шаяхметов Ж.       | 1946—1954   |
| 3.  | Пономаренко П. К.  | 1954—1955   |
| 4.  | Брежнев Л. И.      | 1955—1956   |
| 5.  | Яковлев И. Д.      | 1956—1957   |
| 6.  | Беляев Н. И.       | 1957—1960   |
| 7.  | Қонаев Д. А.       | 1960—1962   |
| 8.  | Юсупов И.          | 1962—1964   |
| 9.  | Қонаев Д. А.       | 1964—1986   |
| 10. | Колбин Г. В.       | 1986—1989   |



**Қазақстан Республикасының Президенті:**

1. Назарбаев Н. Ә. 1991 жылдан қазіргі уақытта дейін

**Қарағанды облысы** – Қазақстандағы өндірісті-индустралды, орталық облыстардың бірі. «Қазақ АКСР-інде жаңа облыстар құру туралы» 1936 жылғы 29 шілдеде БОАК Президиумының қаулысы шықты. Қаулы бойынша Қазақстанда бірнеше жаңа облыстар құрылды. Оның ішінде жаңа шекарасы белгіленіп, орталығы Қарағанды қаласы болған Қарағанды облысы да кірді. Құрамына 14 аудан (Ақмола, Баянауыл, Вишнево, Еркіншілік, Жаңаарқа, Қарқаралы, Қарсақбай, Қоңырат, Қу, Қорғалжын, Новочеркасск, Нұра, Тельман, Шет), Қарағанды қаласы және Прибалхашстрой енді. 1936 жылы қыркүйекте БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті мен Қаз ОАК-нің қаулысына байланысты БК(б)П Өлкелік комитетінің Ұйымдастыру бюросы құрылды. Оның хатшысы болып (өлкелік к-тің бюро мүшесі және Қаз ОАК-нің мүшесі) Г.И.Пинхасик, ал Қарағанды облысы бойынша Қаз ОАК-нің ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып БОАК-нің, Қаз ОАК-нің мүшесі – А.Асылбеков тағайындалды. Орт. Қазақстанда орталығы Қарағанды қаласы болған жаңа облыстың құрылуы экономиканы түпкілікті түрде өзгертудің, халық шаруашылығының барлық салаларында социалистік. Өндіріс тәсілін нығайтудың нәтижесі болып табылды. Қарағанды көмір бассейні еліміздің 3 көмір базасына айналды. Облыста металлургия, машина жасау және т.б. өнеркәсіп салалары, ұжымдық ауылшаруашылық, өндіріс, ғылым мен мәдениет дами басталды. Бұл ҚАКСР-інің Қазақ Кеңесік Соц. Республикасы болып қайта құрылу кезінде дәл келді. Облыстың құрылуы Қарағанды, Балқаш, Жезқазған сияқты объектілердің салынуына және өнеркәсіп аудандарына таяу өңірдегі ауылшаруашылық салаларының дамуына зор ықпал етті. Қазақстан КП Қарағанды облысы комитетінің 1-хатшылары болып: Г.И.Пинхасик (1937-38), Н.П.Садовников (1938), Х.М. Пазиков (1938-1942), Л.Г. Мельников (1942-44), Г.С. Галайдин (1944-47), Г.И. Абабков (1947-1952), С.Я. Яковлев (1952-58), П.Н. Исаев (1958-59), М.С. Соломенцев (1959-1962), Н.В. Банников (1963-68, 1963-64 ж. өнеркәсіп обл. комитетінің 1-хатшысы), Б. Әшімов (1963-64, селолық обл. комитетінің 1-хатшысы), В.К. Акулинцев (1968-1979), А.Г. Коркин (1979-1986), В.И. Локотунин (1986-89), Е.Ф. Башмаков (1989-1990), В.С. Гаркуша (1990-91) сайланды. Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағалары болып: Ә. Мақатов (1937-38), А. Қазақпаев (1938), З. Сеитов (1938-1940), Ш. Жәйлібеков (1940-42), Е. Ергебеков (1942-44), Б. Серікбаев (1944-49), Х. Байұзақов (1949-51), Ф. Кәрібжанов (1951-52), І. Еділбаев (1952), Ш. Қалкенов (1952-59), В.Т. Шибаев (1959-1961), Б. Әшімов (1963-65), Ф. Серғазин (өнеркәсіптік, 1963-64), Я.А. Пазенко (а.ш. 1963-64), Ж. Жанғозин (1967-69), С. Досмағанбетов (1969-1982), З. Іңкәрбаев (1982-88), И. Тоғайбаев (1988-1992) қызмет атқарды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылдың 13 қаңтарында «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы әкімдер институты енгізілді. Жергілікті әкім қызметі тағайындалған кезден бастап тиісті халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің өкілеттілігі тоқтатылды. 1990 жылдардың бастап жаңа басқару жүйесі әкімдер сайлана бастады. Содан бері де Қарағанды облысының әкімі болып: П.П. Нефедов (1992-97), М.Т. Есенбаев (1997-99), К.Е.

Мұхамеджанов (1999-2006), Н.З. Нығматулин (2006-2009), С.Н. Ахметов (2009-2013), Б.Т. Әбдішев (2013-2014), 2014 жылдан бастап облыс әкімі Н. Әбдібеков.

**Балқаш** – Қазақстандағы ең үлкен көл. Балқаш – Алакөл ойысының терең шараларының бірінде, теңіз деңгейінен 342 м биіктікте орналасқан. Ауданы 18,2 мың шаршы метр. Жағасының ұзындығы 2,4 мың км. Орташа тереңдігі – 6 м (ең терең жері – 27 м). Су көлемі – 106 мың текше км. Балқаш атауы жөнінде бірнеше ғылыми – лингвистикалық жорамал бар. Ертедегі тарихи деректерде Балқаш, Батпақкөл, Көкшетеңіз түрлерінде айтылған. Е.Қойшыбаев өзінің бір еңбегінде С. Толстов айтқан «Балқаш атауының бірінші сыңарындағы «бал бар көне түбір» деген пікірді қуаттай отырып, балқаш атауын балық (көне түркіше су мағынасында) сөзіне гидронимикалық аш қосымшасының көмегімен субстантивтенген сын есім түріндегі атау деп жорамалдауға болады. Сонымен Балқаш – «су шалқыған өңір» мәніндегі көне түркі сөз тіркесі деген пікір айтады. Балқаш атауы мен «Балқаш» сөзінің этимологиясы жайлы пікірді Ә.Қайдаров зерттеуінен де көреміз. Ғалым пікірінше: «бал (ва) – сулы, балықты» батпақты балқаш - бал+қаш-балықты жер, саз, балшық < бал + шық – сыйық, жабысқақ, сулы дымқыл. Бұл пікірге қарағанда, Балқаш сөзінің негізгі мағынасы сулы, балшықты, батпақты деген мағынаны білдіріп отыр. Ертеректе Балқаш бойының тұрғындары көлді Ақ теңіз және Жұмбақ көл деп екі түрлі атап келген. Ақ теңіз деп көлдің батыс жағалауын мекендеген жұрт атаған. Оған себеп: негізгі өзендер Іле, Ақсу, Көксу, Тентек және толып жатқан жер асты сулары көлге батыс жағынан құяды да, ондағы көл суының жартысы тұщы болып келді және сырт көрінісі мөлдір ақ түсті болды. Ал көлдің оңтүстік-шығысын мекендеген ел «Жұмбақ көл» деп ат қойған. Бұл тұстан көлге Лепсі, Аягөз өзендері құяды, жер асты сулары бұл жағынан көлге қосылмайды. Қазыбек би заманындағы қазақ-жонғар шайқастарының біршамасы Балқаш көлінің солтүстік жағалауында өтті, осы шайқастарда батырлар өздерінің ерліктерімен көзге түсті.

**Ұлытау** - өңірі, табиғи географиялық жағдайымен ерекшеленетін ұлан-ғайыр аумақты қамтиды. Солтүстігінде Арғанаты таулары, Терсаққан өзені, батысында Қарақұм, Торғай, Ырғыз өзендері, шығысында Сарысу, оңтүстігінде Бетпақдала шөлі мен Шу өзенінің алқабы аралығын алып жатқан аумақтың ортасы Ұлытау таулары болып табылады. Ұлытау өңірінің Қазақстанның барлық бөліктерін байланыстыруы, оның саяси орталық ретінде қалыптасуының бірден бір себебі болды. Өңірдің саяси бірлесуге қолайлы болғандығын Жошы ханның ұлыс орталығы ретінде Ұлытаудың таңдауы, Орда-базар қалашығында Әбілқайыр хан тұсында «көшпелі өзбектер» мемлекетінің орталығы болуы, қазақ хандары - Қасым ханның ордасын құруы, Абылай хан тұсында үш жүз бас қосатын орталық болуы көрсетеді. Шежірелерде айтылатын Қарахан-Алаш ханның Ұлытау аумағында билік құруы да өңірдің қазақ тарихындағы саяси ескерткіштер мемлекеттің символы, ал тарихи орында шешуші оқиғалардың куәсі, ортағасырлық қалашық, бекіністердің орны далалық өркениеттің көрінісі, XIX ғ. тұрғызылған күмбездер, қоғамның дағдарысқа ұшыраған кезіндегі тарихтың белгісі болып отыр. Осыдан келіп, Ұлытау атауы қазақ халқының түсінігінде таудың биіктігін емес, жердің халық үшін тарихи маңыздылығын көрсетеді. Ұлытау аумағын географиялық ерекшелейтін маңызды фактор су көздері-өзен, көл, тау баурайларындағы бұлақтар өңірдің адам тіршілігі үшін экономикалық тұрғыдан маңыздылығын анықтайды. Жезді, Кеңгір, Терісаққан өзендері халық шаруашылығына қолайлы болды. Солтүстіктен оңтүстікке қарай Бетпақдаланы кесіп өтетін Сарысу өзені Орта Азия елдерін Қазақстанның солтүстік өңірлерімен байланыстыратын керуен жолдарының қалыптасуына септігін тигізді. Ортағасырлық авторлар Жүзжани, Хафиз Таныштың Ұлытауды «қыпшақ даласындағы ең жақсы жер» деп сипаттауы табиғат пен

адамның шаруашылық іс-әрекетінің тығыз байланысын көрсетеді. Ұлытау өңірінің географиялық орналасуы мен табиғи ресурстары ірі жорықтарды ұйымдастыруда көп әскерлердің шоғырлануына, жаудан қорғану кезінде халықтың тығыз қоныстануына жағдай жасады. Сондықтан да, Алтын Орда дәуірінде Шығыс Еуропаны, Қазақ хандығы дәуірінде оңтүстіктегі қалаларды жаулап алуға бағытталған ірі әскери жорықтардың Ұлытаудан басталғанын тарихымыздан білеміз. Жоңғар шапқыншылығы кезінде аумақты жаудан азат ету үшін күрес жүргізіліп, Орта жүз халқының негізгі мекені болуы, Кенесары көтерілісі кезінде халықтың осы араға көшуі Ұлытау жерінің табиғи ерекшелігінен туындады.

#### **IV. Тарау. Ағыбайдың Тасаралы туралы мәліметтер және ауылға арналған жыр-дастандар**

##### **Ағыбайдың Тасаралы туралы мәліметтер**

Тасарал ауылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында, Балқаш қаласының оңтүстік-шығыс бағытында 113 шақырым, ал Сарышыған станциясының шығыс бағытында 41 шақырым жерде, қасиетті Балқаш көлінің солтүстік жағалауында орналасқан құтты елді мекен. Ақжолтай Ағыбай батырдың өмірімен тығыз байланысып, оның есімімен аталып, ата-бабалардың аруағы желеп-жебеген, халық арасында «Ағыбайдың Тасаралы» деген атпен белгілі киелі жер. Ал, «Тасарал» атауы - Тасарал ауылының оңтүстік-шығыс бағытында, ауылдан 8 шақырым жерде орналасқан «Тасарал» аралымен байланысты. Аралдың жағалауында үлкен жартастар орналасқан, яғни аралдың жағасы тасты болып келеді. Тарихи мәліметтерде «Тасарал қамалы» деген атпен белгілі.

1925-1928 жылдаға дейін Тасарал қыстақ ретінде Қарқаралы уезіне қарасты Мойынты болысының аумағында орналасқан еді. Кеңес үкіметінің орнауына байланысты Мойынты болысы жабылып, енді Шет ауданының 14 ауылы болып аталды. 1928 жылғы басталған саяси қуғын-сүргін, байлардың мал-мүлкін конфискациялаудан кейін Сарыарқаны қоныстанып отырған қазақтар, жан сақтау үшін Балқаш көлінің жағасына ағылып, балық аулап күн көріп, ашаршылықтан аман қалады. 1930 жылдың басынан 1937 жылға дейін Тасарал Жамбыл облысы Шу ауданына қарады. Шу ауданы Тасаралдан 400 шақырым қашықтықта болғандықтан, халықтың тілегімен 1937 жылдан бастап Балқаш қаласының қарамағына беріледі. 40 жыл бойы, яғни 1977 жылы Жезқазған облысы, Приозерный ауданы ашылғанға дейін, Тасарал Қарағанды облысының Балқаш қаласына қарады. Ал, 1997 жылы Жезқазған облысы, Тоқырауын (бұрынғы Приозерный ауданы) ауданы жабылғаннан кейін, Тасаралдан 250-300 шақырымдай жерде орналасқан Ақтоғай ауданының қарамағына өтті. Жасыратыны жоқ осы уақыттан бастап, ауыл тұрғындарына аудан орталығына барып-келу қиямет-қайың қиындығы басталды. Ащы шындықты айта кету керек, Ақтоғай ауданына қарағаннан бастап, Тасарал халқы «тоқалдың баласының» кейпін көріп отыр. Ал, Тасарал Ақтоғай ауданы бойынша халқы мен жергілікті экономикасы жылдан-жылға өсіп отырған бірден-бір ауылды мекен. Осы жылдары ауылдан бірде-бір адам басқа жаққа көшіп кетпеген, тіпті бұрынғы кезде басқа үлкен қала-ауылдарға көшіп кеткен азаматтар, ауылға қайтадан көшіп келіп жатыр. Ауылдың отбасылық-демографиялық ахуалының жақсарғаны мына мысалдан білуге болады. Егер, қазіргі уақытта Қазақстанның барлық ауылдарында мектептер жаппай жабылып жатса, ал Тасаралда керісінше биылғы жылы мектепке баратын бала саны артып, бұрын орташа (9 жылдық) мектеп болса, қазір орта мектеп болып қайта ашылды. Ауылдағы мектепті, 1959 жылы «Сарышыған әскери-сынақ полигонының» басшылары көмек ретінде салып берген. Алпыс жыл бұрын салған мектеп ескіріп, қазіргі заманның талаптарына сай келмейді. Ал, Алматы-Екатеринбург халықаралық автотрассада ауылға дейінгі 12 шақырым жол бірде-бір күрделі жөндеуден өтпеген. Ауыз су мәселесі де сын көтермейді.

Осы өмірдегі кездесетін келеңсіздіктер мен көптеген қиыншылықтарға мойымай, өздерінің жан аямай, жатпай-тұрмай жасап жатқан қажырлы еңбектері мен

еңбекқорлықтарының арқасында, ауыл тұрғындарының жалпы әл-ауқаты, тұрмыс деңгейі мен материалдық жағдайлары жаман емес.

1937 жылдары Тасарал селолық Кеңесінің құрамына: Бурыл-Байтал, Қашқан теңіз, Қоржынтүбек (қазіргі Приозерск қаласы), Сарымсақты (қазіргі Сарышыған станциясы), Мойынты, Киікті, Босаға, Соқырқой (Гүлшат руднигі ашылғанда тұрғындарының басым көпшілігін Соқырқойдың азаматтары құрады) елді мекендері кірді. Сол елді мекендерде балық қабылдау пунктері тұрақты түрде жұмыс істеп тұрды. Сол уақытта селолық Кеңестің есебінде 3-5 мыңға тарта адам болған. Тасарал ауылында «Қызыл қазақ» балық аулау мекемесінен басқа, 1940 жылдан бастап Тасарал балық қабылдау және оны өңдеу заводы, одан басқа «Тасарал артель-соль» ұжымы және мал шаруашылығы фермасы болған. 1947 жылы Мойынты-Шу темір жолының ашылуына байланысты, көп балықшылар: Қашқан теңіз, Шығанақ, Бурыл байтал, Мыңарал, Сарышыған, Мойынты, Киікті, Босаға, Ағадыр станцияларына көшіп кетеді. Одан басқа, 1956 жылы Қашқан теңіз, Қоржынтүбек, Ақмамық, Майлыбай, Талтүбек балық аулау учаскелері орналасқан жерлерге, дүние жүзіне белгілі «Сарышыған әскери-сынақ полигонының» орналасуына байланысты балық аулау бригадирлері таратылады. Сонымен, 1958 жылы Қоржынтүбек балық қабылдау пункті жабылып, балықшылардың көбі сол әскери полигонның балық аулайтын қосалқы шаруашылығына жұмысқа орналасады.

Одан басқа, Қоқымбаев Қисаның колхоз басшысы болып тұрғанда заңдастырылған Балқаш көлінің оңтүстік жағалауында орналасқан Алматы облысына қарасты: Ахмет суаты, Қосағаш, Бозарал, Наурызбай, Сарытұмсық, Майтан балық аулау учаскерлері және Наурызбай балық қабылдау пункті болды. 1963-1968 жылдары Ахмет суатында балықшыларға арналған 4 үй және монша салынды. Одан басқа, Тасаралмен байланыс жасайтын рация және радиоқабыл-дағыш жұмыс істеп тұрды.

Сондықтан, Тасаралдың аласапыран мен ашаршылық кездерінде, елін аман сақтаудағы орыны ерекше. Сол қиын-қыстау кезде, дәлірек айтсақ 1929 жылы ұйымдастырылған балық артелінен, кейіннен елдегі азаматтардың ортаға соңғы мүлік-малдарын салып, ұжым (колхоз) құрғаннан бастап, Қызыл (Кеңес) империяның қылышынан қаны тамып тұрған уақытының өзінде де, өзінің дербестігін сақтап қалған, еліміздегі бірден-бір ірі шаруашылық болатын.

Бір уақытта Тасаралда балық өндірісі жақсы дамып, тіпті 16 жыл бойы жемісті жұмыс жасап тұрған балық заводы - өз заманының ірі өндірісі болған. Бірақ, 1956 жылы басшы қызметтегі адамдар, өздеріне сеніп тапсырған заводтың дүние-мүлкін талан-таражға салып, жасаған қылмыстарын жасыру үшін, қиянат жасап, заводты өздері қасақана өртеп жіберген деген халық арасында қауесет бар.

1934 жылы ауылда бастауыш мектеп салынып, оған оқу жасына толған ұл-қыз балалардың бәрі қамтылған. Сол кездің өзінде оқушылар саны 250-дей болған. 1941 жылы ауылдан сұрапыл соғысқа екі жүздей азамат аттанып, 100-ден аса қыршын жігіттер қан майданнан қайтпай қалған, тіпті кейбір отбасы үш бірдей боздағынан айырылған.

Бір айта кететін жайт, «соғысқа бармаймыз» деп «қашқын» атанғандар да болған. Сол көтерілістің басшысы - ауылдың бірнеше жігіттерін қасына ерткен, ел арасында өзінің аңшылық мергендігімен, әрі палуандығымен көзге түсіп жүрген Дауылбай деген батыр шалыс жігіт. Егер Орта Азиядағы соңғы «басмашы» 1939 жылы, ал Украинадағы соңғы

«бандеровшы» 1949 жылы жойылды десек, ал Дауылбай «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей, 30 жыл бойы бой тасалап, не НКВД, не милиция қызметкерлеріне ұстатпай, 1969 жылы қайтыс болған. Тіпті, Дауылбай батыр Қытайдағы Шыңжан өлкесінде дербес Шығыс Түркістан Республикасы атты тәуелсіз мемлекет құрылып, сол жердегі қазақтар тәуелсіздікті сақтап қаламыз деп Қытай әскеріне қарсы соғыс ашқанда, сол көтерілістің қолбасшысы Оспан батырдың әскерінің қатарында соғысады. Дауылбай – қазіргі кезде Дүние жүзінің алдыңғы қатардағы мемлекеттердің саясаткерлері «Екінші Дүние жүзілік» соғыс деп атап кеткен, ал Ресей саясаткерлерінің «Ұлы Отан» соғысы деп жүрген майданға барудан бас тартып, яғни әскер қатарына барудан қашқан адам. Ашаршылықты, кәмпелескелеуді, елді зорлап колхоз ұжымдастыруды, халықты бай-кулак пен «халық жауларынан» тазартуды, саяси қитұрқылықтар мен асыра-сілтеушілікті көзімен көрген Дауылбай мен оған ерген жігіттердің соғысқа бармай қалуының сыры осында жатса керек. Дауылбайдың «бандасында» отыздай ғана адам болған. Қарапайым жұртқа ешқандайда зәбір көрсетпей, мазасын қашырмаған. Қайта керісінше, бар тапқан-таянғанын, жолда алғанын аш-жалаңаш ауылдастарына таратып, қарайласып, елге бар көмегін аямаған адам. Ауыл-ауыл арасында түнделетіп жортқан Дауылбай, атып алған киік, арқардың еттерін белгілі жерге тастап кетіп: «Аш отырған халыққа бөліп беріндер», - деп хабар айтып кетеді екен. Ал, Шайкен ұста оқ-дәріні далада өсетін шөптерден өзі дайындаған.

Осы арада тарихи шегініс жасайық. 1942 жылы Қытай өкіметінің зорлық-зомбылығына шыдамаған Алтай аймағының қазақтары көтеріліске шығады. 1944 жылы осы көтерілістің нәтижесінде, Қытайдағы Шыңжан өлкесінде дербес Шығыс Түркістан Республикасы құрылады. Шыңжан өлкесінің Кеңес Одағы мен Қытай үшін үлкен стратегиялық маңызын баса айта кету керек. Атап айтқанда, мұнда 2000 км ортақ шекара мен аймақтың астанасы Үрімжінің КСРО-ға өте жақындығы ерекше есепке алынды. Сондықтан, Шыңжан өлкесіндегі тұрақтылық КСРО мен Қытайға ауадай қажет еді. Өзінің ішкі-сыртқы саясатында панисламизм мен пантюркизмге өлердей қас Совет Одағы аймақтағы мұсылман халықтарының ұлт-азаттық жолындағы күресін басып-жаншуда, өлкедегі Қытай өкіметіне үнемі жан аямай көмектесіп отырды. Себебі, дінге қарсы Кеңес өкіметіне Қытаймен ортада пайда болатын мұсылман мемлекетінің еш қажеттігі жоқ еді. Өйткені, сол кезде өлкенің 80 пайызын мұсылмандар құрап, ал қытайлар өлке халқының тек 12 пайызын құраған еді.

Сонымен, Дауылбай батыр жай ғана соғысып қоймай, соғысты қатардағы жауынгерден бастап, майдан алаңында бірнеше ерліктер көрсеткеннен кейін, Оспан батырдың қасындағы ең сенімді, ең жаужүрек 10 батырдың біріне айналады. Тек, 1951 жылы Кеңес Одағы мен Қытай әскерінің екі жақтан қыспағынан кейін, Қытай қазақтарының тәуелсіздік жолындағы күресі нәтижесіз аяқталып, көтерістің соңғы басшысы - Оспан батыр опасыздықпен ұсталғаннан кейін, Қытай әскері көтеріліс мүшелерін қатаң жазалай бастайды, сол кезде Дауылбай батыр елге қайтады. Көп жыл бойы НКВД-дан бой тасалап, елге ешқандай да зиянын келтірмей, жапан далада аңшылықпен айналысады. Өзі «Құралайды көзінен атқан» мерген болған адам екен. Милиция қызметкерлері бірнеше рет Дауылбайды ұстамақ болып, көп жыл бойы ізін андыған. Дауылбай қуғыншылар таялғанда, олардан бой тасалап отырып: «Әй, бауырым, мен сенің қаныңды мойныма артқым келмейді, бала-шағаңа аман-есен қайт!» - деп дауыстайды екен. Артынан қалмаса, бірінші атқан оғын ердің басынан, екінші рет атқанда, қуғыншының басындағы бас киімін дәлдеп атып, ұшырып жібереді екен. «Қу жан деген тәтті ғой», сонда ғана милиция қызметкерлері кері қайтады

екен. Бірде милиция қызметкерлері көп уақыт бойы андып жүріп, Дауылбайдың келіп жүретін бір жақсы досының үйінде отырғанда, үйге кіріп келеді де: «Дауылбай қашқын сен ұсталдың, қолыңды көтер!» - дегенде. Дауылбай саспастан: «Әй балалар, арттарында тұрған қамшымды алып беріңдерші», - дейді. Милиция қызметкерлері жалт беріп арттарында қараған мезетте, Дауылбай көз ілеспес шапшандықпен, киіз үйдің керегесін көтеріп жіберіп, артында тұрған атына міне сала қашып кетіпті. Сөйтсе, барлық уақытта Дауылбайдың сенімді аты киіз үйдің артында ерттеулі дайын тұрады екен.

Ел ішіндегі құймақұлақ қариялардың айтуы бойынша, Дауылбай қасиетті адам болған екен. Қарағанды облысы, Шет ауданы, Босаға ауылының тұрғыны, Тарпаң байдың ұрпағы, жүзге келіп қайтыс болған Ғайнолла ақсақал (Боржай) Дауылбайдың өлімі туралы мына әңгімені айтып кеткен болатын: «Дауылбай қара халыққа ешқандай да зиян келтірген жоқ, қайта пайдасы ғана болған. Өйткені, өзі аулаған арқар-киіктерінің еті мен қасқыр-түлкілерінің терісін халыққа таратып беріп отырған. Оның күнделікті киетін сыртқы киімдері, өз қолымен тіккен аң терісінен тігілген киімдер болатын. Бір күні сол кездегі Ақадыр станциясының темір жолдағы милиция бастығының баласы далада аң аулап жүріп, аң терісінен жасалған сырт киімі бар Дауылбайды аң екен деп байқамай атып алады. Дауылбай киелі адам ғой, сол бала үйіне келген бетте, өзін-өзі атып тастаған. Ал, Дауылбайды ат теуіп өлтірді деген әңгіме шындыққа сәйкес келмейді. Сол милицияның баласының жасаған қылмысының ізін жасыру үшін жасалған жалған дерек».

Қазақ тарихында есімі елеусіз қалған, аты мен атағы оғаш қылықтарға, өнегесіз тірліктерге телініп келген тұлғалардың тарихын қайта саралау, қазіргі тәуелсіз қазақтың ойымен, көзқарасымен баяндау міндеті алдымыздан шығып отыр. Кезінде «банды атанған» тұлғаларымыз қазақ тарихының әр түрлі кезеңінде, түрлі заманында ғұмыр кешкен, әрі сол уақыттың ірі тұлғасына айналған адамдар болған. Ежелден қазақ халқында «жау жүрек» деп атанған батыр тұлғалар көп болған. Бірақ осындай оғландарымыздың қадыр-қасиетін әлі дұрыс саралай алмай келе жатқан сияқтымыз. Бұрындары өзге елдің көзқарасына сай, ол тұлғаларды: «бандит», «қарақшы», «ұры», «қашқын» деп бағаласақ, ендігі жаңа кезеңде, тәуелсіздік елге айналған шағымызда ақты – ақ, қараны – қара дегізерлік нақтылыққа жетуіміз шарт емес пе?

1929 жылы балық аулау «Артель» деп аталған ұжым, 1930 жылы «Қызыл қазақ» балық аулау колхозы болып құрылады. Колхоздың «Қызыл қазақ» атануының бір себебі, алғаш балық аулау бригадасының басшылары Шөжен Шахаев, Төтім Ахаев, Қазі Саулебаев, Еркебай, Еркебек Жақыповтар (Бегімбеттің Қамзасының нағашылары) ұзын бойлы, зор денелі, қызыл шырайлы адамдар екен және сол маңайдағы қазақтар оларды «Қызыл қазақ балықшылар», ал орыстар «Красные казахи» деп атап кеткен екен. 1965 жылы «Қызыл қазақ» балық аулау колхозы, Октябрь Революциясының 50 жылдығына орай «Октябрьдің 50 жылдығы» балық аулау колхозы болып аталады. Кейбір жылдары балықшылар 500 000 центнерге дейін балық аулаған. Сол уақытта, Тасарал балықшыларының табыстары артып, атақ-даңқтары жер жарып, дүрілдеп тұрған, тек Қазақстан ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағына белгілі, алдыңғы қатарлы ұжым еді.

Балық аулау кәсібі ұжымдық өндіріс. Тасаралдың балықшыларының бәрі ыстық-суыққа, қысы-жазы көп қиыншылықтарға қарамай, қажырлы еңбек етті. Көк мұз, ақ қарлы қысты күндері болатын қақаған аяздарда, ат құлағы көрінбейтін борандарда мұздың үстіне жүріп балық аулау, ал жаз айларындағы ыстық аптаптарға, теңіз үстіндегі қатты дауылдарда,

жауын-шашындарда айлап-апталап кемеде өмір сүріп, балық аулау тек нағыз жігіттерге тән және қайтпас-қайсарлықты талап етеді. Сондықтан, ешкімді бөліп-жармай, балықшылардың бәрі еңбек ерлері, кәсіби мамандар және өз ісінің майталмандары болды деп ауыз толтырып айтуға болады.,

1990 жылдың ортасында Тасарал ауылындағы «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы колхозда 600-ден аса жылқы, 100-ден аса түйе, 1 тоңазытқышы бар үлкен кеме, 1 үлкен теңіз кемесі, 15 мотобот, 1 К-700, 1 «Казахстанец», 1 ЮМЗ, 3 МТЗ-50 тракторлары, 1 «УРАЛ», 1 «КАМАЗ», 6 «ГАЗ-66», 1 бензовоз «ГАЗ-53», 1 су таситын «ЗИЛ-130», 2 өрт сөндіретін «ГАЗ-53», 3 жүк таситын «ГАЗ-53», 1 кран «ЗИЛ-130» автомашиналары болған. Балық тоңазытуға арналған тоңазыту және ыстау цехтары болды. Одан басқа, ауылда Мәдениет үйі, сауда үйі, монша, радио торабы, мектеп, машина-трактор паркі, ау-сүзекі тоқитын цехтар жұмыс істеп тұрды. Бір өкініштісі, қазіргі уақытта ауылда бірде-бір техника, ғимарат немесе дүние-мүліктері жоқ. Өйткені, 2002 жылы «іштен шыққан жау жаман» дегендей, алдау-арбаудың күшімен балықшылар колхозы жабылып, «Балқашбалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қарамағына өтті және колхоздың барлық техникасы, ғимараттары мен дүние-мүліктері осы серіктестің төрағасы Ахат Құспаевтың жеке меншік иелігіне өтіп кетті.

Осы күні жүзден аса түтіні бар ауылдың тарихына, ел ауызына түскен азаматтарына шолу жасайық.

«Азаматына қарап ауылын таны» дегендей осы қасиетті, құтты мекеннен кімдер шықты, кімдер тарады! Сол өңірдегі Балқаш, Приозерск қалаларының, Сарышаған, Мойынты, Киікті, Босаға, Гүлшат, Мыңарал, Шығанақ, Бурылбайтал елді мекендерінің негізін қалаушылар Тасарал азаматтары.

Атап айтқанда, атақты шертпе күйдің шебері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі Әбікен Хасенов, белгілі сазгер, КСРО-ның халық әртісі Сыдық Мұхамеджанов, көрнекті қазақ жазу-шысы, драматург, Қазақ Ұлттық Кітап Палатасының директоры болған Софы Сматаев, Қазақ-станның Геология министрлігінде жауапты қызмет атқарған Рахымбеков Мәди, Республикалық Ішкі Істер Министрінің орынбасары болған генерал Біләл Омаров, Жоғарғы Соттың судьясы болған, қазір де сол жерде жауапты қызмет атқаратын Кеңес Жалмұханбетов - осы өңірден шыққан азаматтардың ұрпақтары.

Бүгінде мемлекетіміздің білім, ғылым, мәдениет, өнер, мемлекеттік қызмет және де басқа жауапты салаларда, елімізге танымал көптеген азаматтар қызмет атқарып жатыр.

Ауылымыздың мақтаныштары - ғалымдар: Қарағанды Экономикалық Университетінің ректоры, экономика ғылымының докторы, ХЭА академигі Ерқара Аймағамбетов, Астанадағы Еуразия университеті жанындағы жоғары білім беру проблемалары институтының директоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Мәтібай Жамбеков, Ұлттық гигиена және эпидемиология ғылыми орталығының бас директорының орынбасары, НАК академигі Марат Сыздықов, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің факультет деканы, биология ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Сапаров, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеттің кәсіподақ ұйымының төрағасы, профессор Болат Әбенев, Қостанай Қазақ-Ресей халықаралық университеттің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Мағауия Мұқымбеков, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, математика ғылымдарының докторы, профессор Дәулет Әлибиев, тарих ғылымының докторы, профессор Сәрсенбаев



Шекті, математика ғылымдарының кандидаттары: Мұқыр Ахметов пен Бейбіт Әлтаевтар, химия ғылымдарының кандидаты Майдагүл Мұқымбекова, тарих ғылымдарының кандидаттары: Даулет және Бибігүл Әбенбеттер, филология ғылымдарының кандидаты Майкотова Ғалия және тағы басқалар. Шет елде білім алған, заң ғылымдарының кандидаты, Түркия мемлекеттік университетінің құқықтық-заң факультетінде докторантурада болған Бейбіт Құлмағанбетов. Ауылымызда бүкіл қазақ еліне үлгі боларлық отбасылар да жетерлік. Атап айтсақ, біздің үйдің елу жыл көршілері Әбенбеттер отбасынан төрт бірдей ғалым – екі профессор және екі доцент шығып отыр.

Аймағымыздағы ардақты, еліне елеулі, халқына қалаулы ағаларымыз: Тасаралдан шыққан тұңғыш металлург, Кеңестер Одағының бірнеше жоғарғы орденімен марапатталған, әрі Кеңестер Одағының құрметті металлургі, Тасарал-Сарышығаннан бастап, Мойынта-Ағадыр өңіріннен Балқаш қаласына келген қонақтарға бірнеше жыл тегін, әрі жайлы «қонақүй - жатақхана» болған, өзінің адал еңбегінің арқасында, атағы жер жарып, «Тасаралдың генералы» атанған Көшен Боқанов, алғыр-білімділіктерімен көзге түсіп, Балқаш өңірінде бірнеше жыл бойы басшы қызметтер атқарған: Берліғали Жүнісбеков пен Қамажан Қарашолақов, республикамызға танымал қоғам қайраткері, 10 жылдай Тасарал колхоз басқармасы, 1967 жылдан бастап, 20 жылдан аса Іле (Қапшағай) балық заводының бас директоры болған Қиса Қоқымбаев, көп жыл бойы Балқаш өңірінде жауапты қызметтер атқарған, «Ақжолтай Ағыбай батыр» қорының президенті Сақтай (Сағыжан) Аманжолов, Сайлау Тұрғанбеков, Мұқыш Сатыбалдинов, 30 жылдан аса Ақтоғай өңірінде басшы қызметтер атқарған аяулы апамыз Дәркен Жұмағұлова, ақ киімді абзал жан, Балқаш қаласында бас дәрігер болып қызмет атқарған, бір туар аяулы азаматымыз Тілеубай Бүкібаев, Балқаш қаласының санэпидстанциясында басшы қызметтер атқарған Көбен Бекмағамбетов, ауыл мектебінің көп жылғы (40 жыл) директоры, елімізге еңбек сіңірген қызметкер, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы Боқай Найманбаев, Республикалық «Қазцветметремонт» мекемесінің Президенті болған Қуандық Әрінов, «Қазахмыс» корпорациясында басшы қызметтер атқарған: Малшыбай Тиесов, Шағжанов Серікбол және Кеңесқали Садықов, Ауыл шаруашылық және Ішкі істер Министрлігінде жауапты қызметтер атқарған Сепбол Шағжанов, «Қазақстан Темір Жолы» мекемесінде басшы қызметтер атқарып жүрген «Құрметті теміржолшы» Кентай Ахметов, Республикамыздың Қорғаныс Министрлігінде көп жыл бойы жауапты қызмет атқарған, полковник Жұматай Боқанов, Алматы облысында бірнеше жыл қатар мектеп директоры болып қызмет атқарып жүрген Әуесхан Тұрабаев, Балқаш қаласының салық Басқармасында көп жыл бойы жауапты қызмет атқарып жүрген Ошақбай Әлтаев, Тоқырауын ауданы әкімінің бірінші орынбасары болған Бекен Ахаев, Ауған соғысының ардагері, Қызыл Жұлдыз орденінің иегері, кезінде көрсеткен ерлігі үшін Совет Одағының батыры атағына ұсынылып, бірақ Совет Одағының сол кездегі Президенті қазақ халқын «өте жақсы» көретін М. Горбачев аяқсыз қалдырған, полковник Байғали Қоқымбаев және тағы да көптеген аты аталмай қалған азаматтар. Сол Байғали батыр Ауған соғысына аттанар алдында: «Егер мен соғыста қайтыс бола қалсам, сүйегімді Тасаралға жерлендер», - деп қолхат жазып, өсиет еткен екен. Бір айта кететін жайт, сол Байғали Тасаралда туса да, 10 жасында әкесінің қызмет бабымен - Қапшағай балық заводының бас директорлығына тағайындалуына байланысты, Тасаралдан Алматы қаласына көшіп кеткен еді және Ауған соғысына аттанарда Тасаралда 20 жылдай болмаған екен. Міне, нағыз батырдың туған жерге деген ыстық махаббаты!

Республикалық Тұтыну Одағында, Игілік банкіде, Әділет Министрлігінде, Жоғарғы сотта көп жыл бойы басшы қызметтер атқарған, қазіргі кезде Жоғарғы Соттың Шаруашылық Басқармасының директоры, халық арасында «генерал Марал» атанған - Балтышев Марал,

Жезқазған аймағындағы Халықтық банктің директоры Марфуға Мусина, Приозерск қаласының әкімі Нұрлан Бікіров, Нұра ауданының салық Басқармасының бастығы Тасыбай Күлмағанбетов, Қарағанды Экономикалық Университет баспасының директоры Фатима Найманбаева, Алматы қаласындағы «Тасарал» мейрамханасының иесі Дәулет Асанов, Абай аудандық салық Басқарма бастығының орынбасары Тлеш Дүйсенбаев, Приозерск қаласының салық Басқармасының бастығы болған Айдар Қарашолақов, Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың Республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, жаңа латын әліпбиі нұсқасының авторы Ербол Тілешов, Балқаш қаласының жолаушылар тасымалдау мекемесінің директоры Нұрлан Қысанов, «Ақ халатты абзал жандар» Мағираш Шағжанова мен Қайрат Бижанов, «Қазахмыс» корпорациясында басшы қызметтер атқарып жүрген Ардагер Әрінов, «Карэнергосбыт» мекемесінің бас директоры болған Берік Бүкібаев, Балқаш қаласының прокуроры Рүстем Дүйсенбаев, Сарышығанда жауапты қызметтер атқарып жүрген Әбүйір Әлжанов, Қарағанды облыстық Мәдениет басқармасының орынбасары Айдос Бекмағамбетов және тағы басқа азаматтар.

Тасарал жері өнер адамдарынан да құр алақан емес, суырып салма ақын Қази атамыз, әуесқой сазгер-ақын Көбен Бекмағамбетов, елімізге белгілі әуесқой сазгер Наурызбай Бейсекеев, әуесқой сазгер-ақын Мейрам сері және тағы басқалар.

Елімізде тойлар болса ешкімге дес бермей, жауырыны жерге тимеген палуандар да бар-шылық. Балқаш-Ақтоғай өңірінде Тасаралдың палуандары ешкімге дес бермей, финалдық айкастарға тек тасаралдық саңлақтар күресетін еді. Балқаш қаласында болған бір үлкен жарыста түйе палуандыққа (абсолюттік) Тасарал ауылынан жеті бірдей палуан шыққан еді. Олар, әкелі-балалы - Төлеухан-Кеңтай Ахметовтар, ағалы-інілі - Сүйіндік-Сағындық Әріновтер, Көбентай Бижанов, Марат Қосымханов, Тілеукеш Майкотов. Сол кезде Төлеухан әкеміздің 50 асқан кезі, ал Кеңтай ағамыз 16-18 жасөспірім бала.

Тіпті, сол кездегі бірнеше халықаралық жарыстардың жеңімпаздары және дүние жүзіндегі ең алып держава – Кеңестер Одағының (СССР) кілемдеріне күресіп, жеңімпаз атанған саңлақтар та бар. Дүние жүзіне «Кеңестер Одағы - спорттық держава» деген атаққа ие еді, оның ішінде халықаралық жарыстарда, палуандар ешкімге дес бермейтін еді.

Атап айтсақ, Республиканың қазақша және еркін күрестен неше дүркін чемпионы Сағатай (Сағыжан) Аманжолов 1957, 1958 жылдары елімізге белгілі палуан, жауырыны жерге тимеген Ә. Айхановты екі рет жеңіп, еліміздің екі мәрте абсолюттік чемпионы атанған және Орта Азия және Қазақстанның студ жастар ойынының жеңімпазы.

Сол уақытта Ә. Айханов дүние жүзіндегі ең мықты палуандардың бірі болатын. Оның дәлелі, ол кісі кезінде еліміздің чемпионатында Кеңестер Одағының бас палуаны атақты, дүние жүзілік жарыстарда жауырыны жерге тимеген А. Медведті жыққан болатын. Ал, А. Медведь Олимпиаданың 3 дүркін, дүние жүзінің 7 мәрте чемпионы еді. Есімі аңызға айналған, Алаштың баһадур палуаны - Әбілсейіт Айханов өзінің естелігінде: «Мен Қазақстанда тек балқаштық Сағыжан Аманжоловтан бір емес, екі мәрте жығылдым. Бірақ Кеңестер Одағының палуандарын бәрін жықсам да, мені Москвада отырған басшылар ашықтан-ашық қысым көрсетіп, не Олимпиада, не дүние жүзінің чемпионатында жібермей қойды. Сондықтан мен Сағыжанды мақтамаймын, онымен мақтанамын», - деп батырға тән мінезбен шындықты мойындайды.

1959 жылы Москва қаласындағы СССР халықтарының II Спартакиадасында, СССР халықтарының ұлттық күресінің әдіс-тәсілдері мен ерешеліктерін насихаттау жарысында Қазақстан палуандарының ішінен іріктеліп алынған Сағыжан ағамыз және еліміздің бірнеше дүркін чемпионы Жәкен Татиев өнерлері бірінші орынға ие болған. Бұл көрсеткіш СССР халықтарының II Спартакиадасы туралы шыққан 2-томдық Энциклопедиясында және «Қазақ күресінің ережесінде» жазылған. Моквадағы «Лужники» спорт кешеніндегі Советтер Одағының спортының мұражайының көрмесінде екеуінің фотосуреттері, көрсетіп жатқан әдіс-тәсілдерін баяндайтын мағлұматтарға бүтіндей бір қабырғаға орын берілген. Осындай қазақ күресінің іргетасын қалауға белсенді түрде атсалысқан алғашқы қарлығаштардың бірі – Сағыжан ағамыздың сіңірген зор еңбегінің арқасында, қазіргі заманда «Қазақ күресі» дүниежүзілік аренаға шықты. Тіпті «Қазақ күресінен» Әлем чемпионаттары өткізіле бастады. Былтырғы өткен Әлем чемпионатында бірнеше елден палуандар келіп, бас жүлдені Кубалық саңлақ ұтып алғанын білеміз. Міне, елімізде бірнеше жыл бойы қомақты жүлде қаржысы бар «Қазақстан барысы» тұрақты түрде өткізіліп келе жатыр. Осы жарысты былтырғы жылы дүние жүзінің жүздеген елінің жанкүйері тамашалады. Сағыжан ағамыз осы жарыстардың тек құрметті қонағы ғана болмай, 2014 жылғы жарыстың батасын беріп, Қарағанды облысынаң шыққан палуан А. Барменовке күміс жүлдені табыстау мәртебесіне ие болды.

Сағыжан ағамыз екеуміз «Ағыбай батыр» қоғамдық қорын құрып, қыруар жұмыс атқардық. Атап айтқанда, мемлекет бюджетінен бір тиын алмай, демеушілердің көмегімен Балқаш қаласының төрінен Ағыбай батырға ескерткіш орнатып, жас ұрпақтарды отандық патриотизмге тәрбиелеуге лайықты үлес қостық. Одан басқа, бір ғасырдан аса ешқандай жөндеуден өтпеген Ағыбай батырдың күмбезін күрделі жөндеуден өткіздік және басына қонақүй салғыздық.

Осы жолдардың авторының мұрындық болуымен Балқаш қаласында спорт және еңбек ардагері Сағыжан Аманжолұлының жүлдесі үшін еркін күрестен жасөспірімдер арасында республикалық турнир өтіп тұрады.

Еліміздің қазақша және самбо күресінің бірнеше дүркін чемпионы, бірнеше халықаралық жарыстардың жеңімпазы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы, елімізге белгілі бірнеше палуандар тәрбиелеп шыққан, халықаралық төреші Сүйіндік Әрінов. Қазақша күрестен еліміздің чемпиондары: Сайлау Тұрғанбеков пен Мәтібай Жамбековтер. Өр түрлі күрестен елімізде өткізілген түрлі деңгейдегі жарыстардың жеңімпаздары: Сармантай, Еркебек Көккөзовтер, Нұрғазы, Нұрлан Бікіровтер, Марат Қосымханов, Көбентай Бижанов, Серікбол Шағжанов, Төрехан Сағындықов, Аманбек Әлтаев, Төлеухан, Кеңтай Ахметовтер, Ұлан Қысанов, Тілеукеш Майкөтов және елімізге белгілі боксер Мақсұт Мақашевтар!

Елімізге белгілі палуан, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, «Қазақстан барысының» күміс жүлдегері Ержан Шынкеевтің атасы мен әкесі осы Тасаралдың тұғындары, олар кейіннен ғана Босаға ауылына көшіп кеткен. Атасы Кеңған ақсақал аттың құлағында ойнайтын нағыз «циркач» болатын.

Атап өтетін жайт, Тасаралда кейінгі жылдарға дейін, екі жастың үйлену тойының арты үлкен ұлттық спорт ойындарына ұласатын еді. Атап айтқанда, «аламан» бәйгі, көкпар, түйе жарысы, жаяу жарыс, палуандар күресі және басқа да бірнеше ұлттық ойындар міндетті түрде өткізілетін еді. Осы тойларда Кеңған ақсақал шауып келе жатқан ат үстінде тұрып

бірнеше ойындар көрсетсе, Бақыш ақсақал тұрған нар түйенің үстінен бақанмен секіріп өтетін, ал «желяк» Касен ағай жаяу жарыстан алдына жан салмайтын.

Бүгінде республикамыздың барлық өңірінде әр түрлі салада басшы, жауапты қызметтерде жүрген Ақжолтай Ағыбай батырдың Тасаралының ұл-қыздарын жұртшылық жақсы біледі.

Тасарал ауылынан 6-8 шақырым жерде «Екісор» деген жер бар. Сол жерде қазақтың соңғы батырларының бірі Сәулебай атамның қыстағы болған және ол жер «Сәулебайдың кара төбесі» деп аталады. Сол заманның өзінде, осы жерде аталарымыз тұз өндірісін жақсы дамытқан. Тұз тасушы кірешілер, тұзды Қазақ елінің әр түкпіріне тек Сәулебай батырдың рұқсатымен ғана тасыған. Кеңес өкіметі кезінде де бұл жерде тұз өндірілді. Бірақ, 1949 жылы Балқаш көлінің су деңгейінің көтерілуіне байланысты, тұз өндіріс орны тұзды көлге айналады. Қазіргі кезде ЖОО «Балқаштұз» бірнеше жыл бойы тұз өндіріп жатыр. Осы жерде тұз өндірісінің қайта жандануына өзімнің үлесім тигенін баса айта кетейін. Сонау 1990 жылдың қиын-қыстау заманында «Балхашгеология»-ның бастығы Н. Кулишкинге: «Темір алтын іздегенше, ақ алтын - тұз өндірісіне көш және ақ алтынды іздеп керегі жоқ, Тасаралдың жанында «Екісор» деген жер бар, ата-бабаларымыз сол жерден тұз өндірген, сол жерді зерттеп, тұз өндірісін ашқан жөн, сен тек Тасарал ауылына тапқан пайданның елу пайызың беріп отырасың», - деп оған шарт қойып едім, Н. Кулишкин оған бірден келісті. Осыдан кейін мен оны Тасарал ауылына әкеліп, ауыл және колхоз басшыларымен кездестіріп, олар бұл бастаманы (идеяны) бір ауыздан қолдады. Тоқырауын ауданының сол кездегі әкімі Байыз Төлеубайұлы Мейірмановтан келісім алғаннан кейін, Н. Кулишкин жұмысының бәрін тастап, тек тұз өндіруге керек құжаттарды дайындауға қызу кірісіп кетті. Бас-аяғы 2-3 айда барлық керек құжаттарды дайындап, тұз өндіруге кірісіп кеткен еді. Алғашқы ғылыми және лабораториялық зерттеулердің қорытындысы бойынша, тұздың сапасы өте жоғары болып, оның қоры 100 жылға жететіні және тұз қорының табиғи жағдайда үздіксіз толығып отыратыны белгілі болды. Осы кезде сол кездегі Тасарал ауылының басшылары: «Тұзды өзіміз өндіреміз, ешқандай да «Балхашгеологиямен» бірікпейміз», - деп аяқ астынан ат-тоңдарын ала қашты. Шындығында, сол уақытта колхоз басшыларына тұз өндіруге керекті құжаттар дайындау мүмкін емес еді. Оның бірнеше себептері бар еді. Біріншіден, колхоздың басты кәсібі балық аулау болатын; Екіншіден, «Екісор» жері мемлекеттің қорындағы жер, яғни Тасарал ауылының территориясына жатпайтыны белгілі болды; Үшіншіден, сол кезде тұз өндіру үшін рұқсат құжаттарды (лицензия) Қазақстан Республикасының Геология Министрлігі беретін еді және рұқсат «Балхашгеологияға» беріліп қойған еді. «Балхашгеология» жұмыскерлері тұз өндіруде жақсы табыстарға жетіп, атақтары еліміздің түкпір-түкпіріне жете бастады. Осы кезде «Балхашгеологияға» жан-жақтан «инвесторлар» келе бастады. Сол «инвесторлардың» біреуі тұз өндіретін ірі завод саламыз, басқа да неше түрлі «жақсылықтар әкелеміз» деген желеумен «Балхашгеологияның» акциясын түгелімен сатып алып, оның заңды иесі болып шыға келді. Олардың алдау-арбауына шын сеніп қалған «Балхашгеологияның» бұрынғы бастығы Н. Кулишкинді бір-екі жылдан кейін қуып шығып, қазіргі дейін өздері тұз өндіріп жатыр. «Бәрінен де бар жақсы» дегендей, тұз өндірісінің Тасарал ауылына тиген пайдасы - ауылдың бірнеше жігіттері жұмысқа орналасып, қазіргі кезде өндірістің атқарушы директоры Көбен ағамыздың баласы – Арман Бекмағамбетов болса, ал жұмысшылардың бригадирі Мұсадық әкеміздің баласы – Берік Бекмағамбетов.

Ал енді сол жердегі емге шипа – емдік саз туралы да айтып кеткен дұрыс шығар. Бұл жердің емдік қасиеті туралы көптеген аңыз-әңгімелер бар. Сонау Кеңес үкіметі кезінде Москвадан, Алматыдан ғалым-дәрігерлер жан-жақты зерттеп, ғылыми және лабораториялық зерттеулердің қорытындысы бойынша, емдік саздың сапасы өте жоғары болып, Одақ бойынша алдыңғы қатардағы емдік сазбен емделетін шипажай ашамыз деп, бірнеше ресми құжаттар дайындалған болатын. Бірақ өкінішке орай, Кеңестер Одағы аяқ астынан тарап, бұл игі ұсыныс қағаз жүзінде қалады. 1995 жылы мен қоғам қайраткері, қазақтың бір туар, зиялы азаматы Балқаш қаласының профилакториясының 30 жыл бойғы бас дәрігері Елубай Қабыкейұлы Баймағамбетовті осы жерге әкеліп, ем-шипа-сазды көрсеткен болатынмын. Осыдан кейін ол кісі осы жердің сазын Алматыдағы Республикалық зерттеу институтына жан-жақты зерттеуге жіберген болатын. Ғалым-зерттеушілер саздың емдік қасиетіне жоғары баға беріп, сол уақыттан бастап, осы күнге дейін Балқаш қаласының профилакториясы, мыңдаған демалушыларға емдік сазбен емдеу жолымен ем-шипа алып жатыр. Демалушылардың пікіріне сүйенсек, емдік саздың емдік қасиеті өте жоғары.

Осы жылдан бастап, Приозерск қаласында ашылған Президенттік Шаруашылық Басқармасына тікелей бағынатын «Балқаш» шипажайы да осы емдік сазбен демалушыларын емдеп жатыр.

Пай! Пай! Пай!

Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдетіп өткен жер.

Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,

Ғашықтар бір-бірін өпкен жер.

Сарылып сал-сері кеткен жер.

Бас иіп, иіскеп топырағын,

Тағзым жасамай өтпеңдер!

Гүлденсе ауыл - гүлденеміз бәріміз дегендей, Ақжолтай Ағыбайдың аруағы желеп-жебей берсін!

### **Балық аулау қолхозының басшылары**

1. Волоткин Иван Андреевич (1928-1931).
2. Аралов Бедер (1931-1933).
3. Базарбаев Молдағали (1933-1937).
4. Мұқашев Түскей (1937-1939).
5. Ахаев Мұхамедия (1939-1941).
6. Сатыбалдинов Әлікүл (1941-1947).

7. Қырбасов Еркеш (1947-1951).
8. Бекмағанбетов Мұсадық (1951-1955).
9. Қоқымбаев Қисса (1955-1961).
10. Күлмағанбетов Шайкен (1961-1968).
11. Әлібиев Бөдеш (1968-1994).
12. Аймағанбетов Ерғали (1994-1999).
13. Шөженов Аман (1999-2002).

#### **Тасарал ауылдық Советінің басшылары мен әкімдері**

1. Бейсен Омарғалиев (1932-1939).
2. Тұрар Құлатаев (1939-1941).).
3. Үміт Онбаева (1941-1944).
4. Жарас Болғанбаев (1944-1947).
5. Сатыбалдинов Әліқұл (1947-1957).
6. Оспанов Тәжі (1957-1965).
7. Ержанов Бакен (1965-1967).
8. Қарашолақов Қамажан (1967-1977).
9. Шымырбаев Әкімжан (1977-1979).
10. Аймағанбетов Ерғали (1979-1994).
11. Түсіпбеков Машрупбек (1994-2003).
12. Бейсекеев Әубәкір 2003 жылдан қазіргі уақытқа дейін.

#### **Тасарал ауылы мектебінің директорлары**

1. Батпанов Бейсенбек (1933-1937).
2. Нұрмұханбетов Қасымхан (1937-1942).
3. Жақыпбаев Қынаят (1942-1945).
4. Нұрмұханбетов Қасымхан (1945-1950).
5. Ғалиев Жақсырахым (1950-1954).
6. Найманбаев Боқай (1954-1980).

7. Қасенова Ағлипа (1980-1995).
8. Аймағанбетов Мейрам (1995-2000).
9. Аймағанбетов Ерғали (2000-2013).
10. Найманбаев Махмут 2013 жылдан осы күнге дейін.

## Тасарал аралы туралы мәліметтер

Тасарал аралы, Тасарал ауылының оңтүстік-шығыс бағытында, ауылдан 8 шақырым жерде орналасқан. Аралдың ұзындығы солтүстіктен оңтүстік бағытында 10 шақырым, ал ені 6 шақырым болады және Балқаш көліндегі ең үлкен арал болып саналады. Тасарал аралы тарих деректеріне тұңғыш тұр.

Тасарал аралын адам баласы сонау көне заманнан бері, бірнеше ғасырлар бойы мекендеген. Оның айғағы, 2008 жылғы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің жанындағы Сарыарқа археология институтының ғылыми қызметкерлері басқарған археологиялық экспедициясының зерттеу қорытындылары дәлел бола алады. Аралдан Б.д.д. II мыңжылдықтың қола дәуіріндегі тастардан қаланған 13 қорған қоршауларымен табылған. Атап айтқанда, тоғыз қорған «Беғазы-Дәндібай» мәдениетіне жатса, қалғаны «Андрон» және «Нұра» мәдениеттеріне жатады. Қорғандар тас жәшіктерден, тік қойылған плита қоршаулардан, қорған-қоршаулардан және топырақтан үйілген қорғандардан тұрады. Қазіргі кезде 10 қоршау зерттелген. Бір айта кететін жайт, осы Тасарал аралындағы қорғандарды зерттеуге өзімнің де үлесім бар екенін мақтанышпен айта аламын. Тасарал аралын зерттеу менің кішкентай кезімнен алға қойған мақсатымның бірі еді. Орталық Қазақстанның бірнеше ғылыми қызметкерлері мен Қарағанды облыстық мемлекеттік тарихи-мәдени мұраны қорғау инспекциясының бастығы Түлкібай Төлеуовке: «Тасарал аралында бұрын зерттелмеген бірнеше қорғандар бар, археологиялық экспедиция шығарып зерттеу керек», - деп алғаш айтқанда мен едім және ұзақ жылдар бойы аралды зерттеу керектігін ғалымдар мен зерттеушілерді сендіріп, иландыра білдім. Зерттеу нәтижелері ғылымға қомақты үлес қосарына сенімім мол. Қазірдің өзінде экспедиция материалдары мұрағаттық және де басқа ғылыми материалдармен толықтырылып, жеке басылым ретінде шығарылды және сол жерден табылған кейбір құнды жәдігерлер облыс музейіне қойылды. Бұл зерттеулер, бүгінгі күні өткен тарихымызды танып білуімізге, оның қыр-сырының жете ашылып, ежелгі тарих қойнауына барынша терең бойлай түсуімізге мүмкіндік береді және ұлттық мұратымызды, тарихымызды, болашағымызды шыңдап, жаһандану дәуірінде ұлттық ерекшелігімізді сақтап қалуға жол ашып, бүгінгі жас ұрпақ санасында патриоттық сезімін, отаншылдық рухын оятады.

Арал 1959 жылға дейін, менің жақын туған-туысқандарымның құтты мекен-жайы болған. 1959 жылы аралдың соңғы тұрғыны - менің нағашы әкем Көпбай қазының жиені - Майлыаяқұлы Боқан ақсақалды Кеңес үкіметінің қолшоқпарлары күш көрсетіп, еріксіз түрде Тасарал ауылына көшірген.

Тасаралға байланысты халық арасында кең тараған бірнеше аңыз-әңгімелер бар.

Тасарал аралының соңғы тұрғыны және аралды 1928 жылдан 1959 жылға дейін мекендеген, «Алтын алқаның» иегері, Балқаш өңірінің «Әжесі» атанған, ардақты анам - Үлпен әжемнің айтып берген әңгімелері.

Бұрынғы заманда Тасаралды Қарақожа деген әулие адам мекендепті, өзі емшілікпен шұғылданып, бірнеше аң-құстың тілін білген дейді. Сол кезде аралда ұялы жыландар көп болыпты. Қарақожа әулие сол жыландарды дұға оқып, адамдарға ешқандай да зиян



келтірмейтін етіп тастаған дейді. Осыдан кейін жыландар адамдарды шақпай, Қарақожамен бірге жатып, бірге тұрып, жүрсе артынан өріп жүреді екен. Бір айта кететін жайт, Тасаралда осы күнге дейін жыландар көп, бірақ адамдарға ешқандай да зияны жоқ және шақпайды.

Бір жылдары Арқада қатты жұт болып, елдің барлық малы қырылып, Үш жүзге белгілі Арғын-Қаракесек-Өлтеке Жидебай батыр, ел-жұртың аман алып қалу үшін мал іздеп жорыққа шығады. Көп жерді аралап, Балқаш көлінде орналасқан Тасарал аралының жанынан өтіп бара жатып, аралда жайылып жүрген көп жылқыны көріп қалады. Жидебай батыр жігіттерінен: «Мына жылқы кімдікі?» - деп сұраса, бұл аралды білетін бір жігіт: «Бұл аралды Қарақожа деген кісі жайлайды, мына жылқы сол Қарақожанікі», - деп жауап береді. Сонда Жидебай батыр: «Қарақожа жай кісі емес, білетіндер оның әулиелігі бар деуші еді, қой ол кісінің жылқысын айдап кеткен бізге жараспас», - деп атының басын кері бұрыпты. Осы кезде қасына ерген нөкерлері: «Батыр-ау, сен ешкімнен қорықпайтын едің, мына Қарақожадан әулие екен деп қаймыққаның қалай?» - деп Жидебай батырдың намысына тиіп, күлкіге айналдырыпты. Осы сөзден кейін батыр намыстанып, жігіттеріне Қарақожаның жылқысын айдап кетуге бұйрық беріпті. Сонда Қарақожа әулие: «Көзің шыққыр Жидебай!» - деп қарғаған екен. Жидебай батыр жүз жасапты, бірақ екі көзі көрмей қалыпты, сондағы Жидебай батырдың айтқан сөздері: «Жасымның жүзге жеткені қара қазақтың алғысы, екі көздің кеткені Қарақожаның қарғысы».

Кенесары көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін, Ақжолтай Ағыбай батыр аман қалған әскерімен осы Тасарал аралын паналаған. Орыс жазалаушы әскері батырды көп уақыт бойы іздеп, таба алмай Омбыға қайтқан екен. Тасарал Ақжолтай Ағыбай батырға құтты қоныс болып, батыр осы аралда қайтыс болыпты. 1928 жылғы аласапыранға дейін батырдың ұрпақтары да осы аралды мекендепті. Сол жылдары Тасарал аралында Ағыбайдың баласы Аманбай байдың баласы өзі болыс, өзі бай Ыбыш байдың қыстағы болған және тастан, кірпіштен қалап салған бірнеше жақсы үйлері болған екен. Батырдың ұрпақтарын Кеңес үкіметі қудалауын бастағанда, олар үдіре көшіп, шетел асып кеткен. Кеңес үкіметін 30 жыл басқарып, қазақ халқының тарихында бұрын-соңды болмаған көп қасырет әкелген, атап айтқанда, бір оқ атпай қазақ халқының 3/2 аштықтан қырып (деректер бойынша 3,5-4 млн адам), қазақ жерінің 3/1 бірін Ресей мен Өзбекстанға беріп жіберген, сол кездегі қазақтан шыққан көзі ашық, білімді де, зиялы азаматтарын «халық жауы» деп атқызып тастаған қаныпезер Сталин қайтыс болғаннан кейін, Кеңес үкіметінің саясаты өзгереді. Сол кезде, яғни 1956 жылдары шетелден Ыбыш байдың баласы Кәріғұл Тасаралға оралып, атасы мен әкесінің аралға тығып кеткен баға жетпес алтын қазыналарын алып кетпекші болады. Қолында тек әкесі Ыбыш байдың сызып берген аралдың схемасы және онда алтын қазына жатыр деген жердің орындары белгіленген. Осыдан кейін аралдың сол кездегі тұрғындары қағазда көрсетілген Ыбыш байдың алтын қазына тыққан жерлерін 2-3 ай, яғни жаз бойы қазады. Бірақ қазынаны таба алмайды және оның себебін осы күнге дейін ешкім білмейді. Бұл деректі Ағыбайдың Қырғыз елінде тұратын ұрпақтары растады.

Тасарал аралында «Айдаһар жартасы» деген жер бар. Бұл жер көл жиегінің терең жерінде орналасқан ұзыннан-ұзақ үңгір тас. Халықтың арасында судың терең жерінде шөккен түйенің үлкендігіндей алтын жатыр және «Айдаһар» (Дракон. - **Автор**) сол алтынның күзетшісі деген аңыз-әңгіме бар. «Айдаһарды» көргендер де бар және олардың айтуынша, оның ұзындығы 3-4 метр, екі құлағы бар, түр-келбеті түйеге ұқсайды. Мен, өзім 1990 жылдары «Балхашгеологияның» бастығы Н. Кулишкиннен: «Тасарал туралы халық арасында кең тараған осындай аңыз-әңгіме бар, геологтар Тасарал аралын зерттеді ма?» - деп

сұрағанда. Ол кісі: «Геологтар Тасарал аралының тау-кең байлық қорын зерттеген, шынында да Тасарал аралының жиегінде, судың терең жерінде қомақты алтын қоры бар, бірақ қазіргі кезде ол алтынды сыртқа алып шығаратын техника жоқ», - деп жауап беріп, Тасарал аралында алтын қордың бар екенін растаған болатын.

2006 жылы елімізде еңбектеген баладан бастап, еңкейген шалға дейін Қытай елінде түсірілген «Шыңғыс хан» көп сериялы киносын жатпай-тұрмай тамашалау үстінде еді. Сол жылы жазда Алматыдан Тасарал ауылына бірнеше қытайларды ерткен 2-3 қазақ жігіті келеді. «Аңыздары» Шыңғыс хан қытай деректері бойынша осы Тасарал аралында жерленген-мыс, мына қытай ғалым-оқымыстылары сол деректерді бірнеше жылдар бойы арнайы зерттеп жүр екен. Олар Тасарал ауылына келгеннен кейін, бірден біздің үйге келіп, менің анаммен көп сөйлеседі. Басында өздерін Шыңғыс хан туралы зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдар ретінде таныстырып, әжемді сұрақтың астында қалдырады. Бірақ барлық сұрақтарының төркіні – Тасарал аралында көп алтын қазына бар дейді, сол деректер рас па? егер рас болса ол аралдың қай жерінде екен? қағазға түсіріп бере ала ма екен? тағы да сол алтын қазына айналасында бірнеше сұрақтар қояды. Анам сөздің төркіні алтын қазына екенін түсініп, Тасаралда қашқан байлардың алтын қазынасы қалғанын естігенін, бірақ ол рас па, аралдың қай жерінде екенін білмейтінін және оны енді алтын қазына туралы сұрақтармен мазаламауды сұрайды. Осыдан кейін «зерттеуші-ғалымдар» әжемнің алтын қазына туралы ешқандай да мағлұмат бермейтінін білген соң, ауылдың балықшыларына қомақты ақша беріп, аралға апарып тастауларын сұрайды. «Зерттеуші-ғалымдар» аралда бірнеше күн болып, Алматыдан көмекке тағы да 5-6 жігітті техника мен қару-жарақтарымен шақыртады. Балықшыларға: «Біз аралда 2-3 күн боламыз, жұмыс біткенде өзіміз шақыртып аламыз», - дейді де, аралда қалып қояды. Бірақ олар 2-3 күннен кейін хабарласпайды. «Зерттеуші-ғалымдар» аралдан бірнеше күннен кейін із-түзсіз жоқ болып кетеді. Олардың кімдер екені, аралдан алтын қазынаны тауып қазып әкетті ме, аралдан қашан және қалай шығып кеткені, осы күнге дейін жұмбақ күйінде қалды.

Бірақ бұл топтың ұйымдасқан қылмыстық топ екені және олардың өте бағалы қазынаны іздегендері айдан анық. Оның дәлелі, олар Тасаралға келгеннен бастап, әр басқан қадамдарын Алматы ма, әлде Астанада отырған «үлкен бастықтарына» телефон арқылы баяндап отырған. «Зерттеуші-ғалымдардың» да өз «бригадирлері» Балқаш қаласынан күнде келіп, олардың не жұмыс атқарғандарын тексеріп, ішетін тамақтарын, керек-жарақ заттарын күнделікті әкеліп отырған. Олар өз маршруттарын тек телефон арқылы рұқсат алғаннан кейін ғана өзгертіп отырған. Олардың «бригадирлері» балықшылармен сөйлескенде: «Бізде ақша жетеді, қанша ақша болса да береміз, бірақ іздеген затымызды таппай кетпейміз», - деп қайталап отырған. Бірақ қандай құнды затты іздегендері туралы тіс жармай кеткен.

## **ИССЛЕДОВАНИЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ ОСТРОВА ТАСАРАЛ НА ОЗЕРЕ БАЛХАШ**

Плановые археологические раскопки на острове Тасарал, начались в 2008 года в рамках выполнения Карагандинской областной региональной программы «Культурное наследие 2008-2010 гг.», по инициативе патриота, исследователя Агыбай батыра, юриста Шуженова Жумагула Ныгметовича. Сам остров находится в акватории озера Балхаш, в бкм

восточнее рыбацкого поселка с одноименным названием и административно относится к Актогайскому району, Кара-гандинской области.

Остров имеет вытянутые в меридиональном направлении пропорции. Максимальная длина с севера на юг порядка 12 км, а наиболее широкий участок с востока на запад 6 км. На его территории отмечаются невысокие пологие сопки, скальные выходы, почвенный покров представлен светло-серой супесью с полупустынной растительностью. Обрывистые скалистые берега чередуются с песчаными пляжами (фото1). В настоящее время остров используется местным населением для круглогодичного и сезонного выпаса верблюдов, крупного и мелкого рогатого скота (фото2).

Могильник Тасарал был открыт разведочным отрядом Карагандинской областной госу-дарственной инспекции по охране историко-культурного наследия в 2005 году, в результате плановых мероприятий по выявлению памятников истории и культуры Северного Прибалхашья. Расположен на относительно ровной площадке вдоль западного берега южной оконечности острова в 8,5 км юго-восточнее рыбацкого поселка Тасарал, в 39 км северо-восточнее железно-дорожной станции Сарышаган.

2008 году впервые проводились археологические раскопки могильника Тасарал, архео-логическим отрядом Сарыаркинского института археологии при КарГУ им. Е.А.Букетова. В рамках выполнения Карагандинской областной региональной программы «Культурное наследие 2008-2010 гг.». Впервые начаты раскопки уникальных островных памятников, прежде никогда не изучавшихся.

В исследованном в 2008 г. могильнике Тасарал, относящемся в целом к эпохе бронзы, раскопано 10 оград, одна из которых относится к Нуринской культуре, а остальные 9 к Бегазы-Дандыбаевской. Наблюдалось устройство грунтовых могильных ям с последующей забутовкой, а также сооружение каменных ящиков из крупных плитообразных камней. Разнообразие типов погребальных камер, на фоне общей для этого периода тенденции к уменьшению параметров оград, предполагает смешение двух культурных тради-ций: Саргаринско-Алексеевской и Бегазы-Дандыбаевской.

В то же время обращает на себя внимание, не характерная для позднее-бронзовых памятников ориентировка большинства могил по линии «юго-запад – северо-восток», тогда как обычно отмечается южная ориентация. Подобное, на первый взгляд выходящее за рамки традиционных норм, отклонение, возможно, маркирует собой тонкую грань смены андроновских культурных традиций позднебронзовыми – Бегазы-Дандыбаевскими и Саргаринскими.

Обращает на себя внимание такой факт, как тотальное отсутствие в погребениях костных останков, вещевого инвентаря и керамики. Несомненно, большинство захоронений подверглись ограблению, что документируется достаточно определенно. Однако часть оград сохранила забутовку, не потревоженную грабителями, что может указывать на особый статус этого могильника, а именно на использование острова для устройства кенотафов для сородичей, умер-ших на стороне (утонувших?).

Таким образом, основная часть могильника Тасарал относится к позднебронзовым культурам Центрального Казахстана и датируется последней четвертью II тысячелетия до н.э. Единственная Андроновская ограда более всего характерна для Нуринской культуры и может быть датирована серединой II тыс. до н.э.

В 2009 году на основании государственной лицензии Министерства культуры и информации Республики Казахстан на проведение археологических исследований на территории Карагандинской области, в рамках региональной программы «Культурное наследие 2008-2010 г.г.», Областной историко-краеведческий музей продолжил археологические раскопки памятников Тасарал, на озере Балхаш.

Методика вскрытия курганов стандартная, с послойным с удалением грунта, зачистка, вертикальная и горизонтальная фиксация на полевых чертежах, фотофиксация, регистрация находок, первичная камеральная обработка. Основные экспедиционные исследования – раскопки и разведки. Полевые работы проводились в августе – сентябре 2009 года.

Запланированные виды и объемы работ на памятнике в 2009 году, определенные научно-исследовательской программой полностью выполнены.

Объектом исследования был выбран могильник Тасарал 2, расположенный на вершине каменной сопки, вытянутой с севера на юг, в двух километрах к северу от береговой полосы. Могильник Тасарал 2 состоит из двух каменно-земляных курганов, вытянутые цепочкой по линии С-Ю; насыпь курганов сверху покрыта панцирем из крупного, мелкого колотого камня. Курган 1 – северный, курган 2 – южный (фото 3). Расстояние между насыпями курганов, составляет 10 метров. Размеры курганных насыпей: курган 1 северный – диаметр 11 м, высота 0,6 м. Курган 2 южный – диаметр 10 м, высота - 1,5 м. Насыпь округлой в плане формы, задернована и поросла караганником.

Объектом исследования в 2009 году стал курган 2 – южный (фото 4). Насыпь кургана в плане округлая с плоской вершиной, диаметром 10 м, высота 1,5 м. У северных и южных основаниях кургана прослеживались 2 жертвенника. Жертвенник 1- северный, в форме круга, диаметр 1,5 м, высота 0,2 м. Жертвенник 2 – южный, в форме круга, диаметр 1 м, высота 0,2 м (фото 5,6).

На кургане был разбит поквдратный раскоп, со сторонами квадрата 3\*3 (фото 7). Для вертикальной фиксации составлена одна центральная бровка, ориентированная по линии З-В. Проведена нивелировочная съемка объекта.

Исследование кургана 2 могильника Тасарал 2 началось со вскрытия верхнего дернового слоя, что потребовало больших физических усилий и трудозатрат из-за поросших караганником камней (фото 8). Зачистка камней выявила каменный панцирь, состоящий из 2-3 слойного камня, уложенного на грунтовую насыпь кургана, возведенную над могилой (фото 9). При зачистных работах на кургане с северной стороны в каменном панцире между камнями был найден железный черешковый трехлапастный наконечник стрелы, размером 10 см (фото 10). Для выявления мощности каменного панциря, стратиграфического и планиграфического контроля, были проведены работы по удалению южной половины насыпи. Насыпь удалялась горизонтальными срезами послойно: по 20 – 30 см, с последующей зачисткой после каждого слоя (фото 11,12,13).

Контрольная зачистка на уровне материка выявила контуры могильной ямы (фото 14,15). Размеры грунтовой погребальной камеры составили: 2,5\*1,5 м, глубина 1,6 м. Стенки ямы прямые, слегка сужающиеся к придонной части. Могила ориентирована по линии З-В (фото 16). На дне могилы зафиксирован костяк женщины среднего возраста, рост которой предположительно составлял 180 см (фото 17,18). Сохранность скелета

неудовлетворительная. Из-за высокой влажности почвы, кости чрезвычайно хрупкие и местами превратились в труху. Голова скелета покоилась на каменной подушке, что вероятно говорит об определенных религиозных верованиях жителей острова в этот период. У основания шеи черепа найдены 3 небольшие бусины из полудрагоценных камней, предположительно, из бирюзы и сердолика, округлых в форме.

Реконструкция последовательности первоначального устройства под-курганного захоронения и сооружения насыпи выглядели следующим образом: выбор площадки для захоронения, рытье могильной ямы, помещение умершего в могилу, забутовка могильной ямы землей и камнями, сооружение курганной насыпи и обкладкой курганной насыпи каменным панцирем. Отсутствие кольцевого рва, из которого обычно бралась земля для устройства насыпи, свидетельствует о том, что землю брали на стороне.

Коллекция находок из кургана малочислена:

Найден железный трехлапастный черешковый наконечник стрелы, видимо случайно попавший в насыпь кургана. Общая длина – 10 см, ударной части наконечника - 2 см, черешка - 8 см (фото 19).

Погребальный инвентарь в виде украшений состоит из трех бусин:

1. Цилиндрическая изготовлена из бирюзы светло зеленого цвета, длина 7 мм., диаметр 3-4 мм (фото 20).

2. Округло усеченной формы изготовлена из сердолика янтарного цвета, длиной – 6 мм, шириной – 3 мм (фото 21).

3. Округло усеченной формы изготовлена из сердолика янтарного цвета, длиной - 7 мм, шириной – 3-4 мм (фото 22).

Все бусы имеют сквозные отверстия диаметром 1-2 мм.

## **Археологические разведки острова Тасарал**

Для целостного изучения территории острова Тасарал, были проведены археологические разведки южной части острова. В результате поисково-разведочных работ, было зафиксировано 13 объектов, относящихся к категории памятников историко-культурного наследия.

### **Могильник Тасарал 2.**

Находится в Актогайском районе, Карагандинской области, в акватории озера Балхаш, на острове Тасарал.

координаты: N46\*15,653

E 074\* 03,869

A389 м.

Могильник расположен на вершине каменной сопки вытянутой с С-Ю в 8 км западнее от поселка Тасарал, западней 2 км от восточной береговой полосы оз.Балхаш, в 150 км южнее от г.Балхаша, в 39 км северо-восточнее от железнодорожной станции Сарышаган.

Курган 1 сооружен из крупного и мелкого природного камня, диаметром 11 м и высотой 0,6 м. Курган сильно задернован (фото 23-24).

Курган 2 сооружен из крупного и мелкого колотого камня, диаметр – 10 м, высота – 1,5 м. Курган сильно задернован (исследован) (фото 25).

### **Могильник Тасарал 3.**

Находится в Актогайском районе, Карагандинской области, в акватории озера Балхаш, на острове Тасарал.

координаты: N 46°15,310

E 074° 05,399

A 371м.

Могильник расположен на относительно ровной поверхности юго-восточней от поселка Тасарал 11,5 км, западней 0,8 км от восточной береговой полосы оз.Балхаш, в 150 км южнее от г.Балхаша, в 39 км северо-восточнее от железнодорожной станции Сарышаган.

Курган 1 сооружен из крупного и мелкого природного камня, диаметром 20 м и высотой 1 м. Курган слабо задернован (фото 26).

Курган 2 сооружен из крупного и мелкого колотого камня, диаметр – 20 м, высота – 0,3 м. Слабо задернован (фото 27).

Курган 3 сооружен из камня, диаметр – 20 м, высота – 0,5 м. Слабо задернован (фото 28).

Курган 4 сооружен из камня, диаметр – 10 м, высота – 0,7 м. Курган имеет кольцевую ограду, диаметром 18м из вкопанных в землю плитовидных камней. Сильно задернован (фото 29).

Курган 5 сооружен из крупного и мелкого природного камня, диаметр – 10 м, высота – 0,5 м. Курган окружен каменной кольцевой оградой, диаметром 15 м. (фото 30).

### **Могильник Тасарал 4.**

Находится в Актогайском районе, Карагандинской области, в акватории озера Балхаш, на острове Тасарал.

координаты: N 46°15,200

E 074° 05,522

A 343м.

Могильник расположен на относительно ровной поверхности юго-восточней от поселка Тасарал 12 км, западней 0,3 км от береговой полосы оз.Балхаш, в 500 м восточней от

могильника Тасарал 3, в 150 км южнее от г.Балхаша, в 39 км северо-восточнее от железнодорожной станции Сары-шаган.

Курган 1 сооружен из крупного и мелкого природного камня белого цвета, диаметром 16 м и высотой 1,2 м. Курган сильно задернован. Окружен кольцевой оградой из крупных белых камней диаметром – 39 м (фото 31).

Курган 2 сооружен из крупного колотого камня белого цвета, диаметр - 10 м, высота – 0,8 м. Сильно задернован. Окружен кольцевой оградой из крупных камней диаметром 22 м (фото 32).

Курган 3 сооружен из камня белого цвета, диаметр – 2 м, высота – 0,5 м. Слабо задернован. Имеет кольцевую ограду из крупных камней диаметром 12 м (фото 33).

Курган 4 сооружен из камня белого цвета, диаметр – 18 м, высота – 1 м. Курган имеет кольцевую ограду диаметром 32 м из крупных камней. Сильно задернован (фото 34).

Курган 5 сооружен из крупного и мелкого природного камня белого цвета, диаметр – 8 м, высота – 0,5 м. Курган окружен кольцевой оградой из крупных камней диаметром 15 м. Сильно задернован (фото 35).

Курган 6 сооружен из крупного камня белого цвета, диаметр – 20 м, высота - 1,5 м. Курган окружен кольцевой оградой из крупных камней, диаметром – 40 м. Сильно задернован (фото 36).

Курган 7 камено-земляной, диаметр – 10 м, высота - 0,5 м. Курган окружен двойной кольцевой оградой, из крупных камней белого цвета, диаметром – 18м. Сильно задернован (фото 37).

Курган 8 сооружен из крупного камня белого цвета, диаметр – 8 м, высота - 0,5 м. Курган окружен кольцевой оградой, из крупных камней, диаметром – 23 м. Сильно задернован (фото 38).

### **Проведение археологических исследований памятников озера Балхаш**

**в августе 2013 года сотрудниками Карагандинского областного историко-краеведческого музея**

Памятники Северного Прибалхашья, могильник Тасарал 3, Актогайский район, Карагандинская область. Остров имеет вытянутые в меридиональном направлении пропорции. Максимальная длина с севера на юг порядка 12 км, а наиболее широкий участок с востока на запад 6 км. Могильник Тасарал 3 был открыт разведочным отрядом Карагандинского областного историко-краеведческого музея в 2009 году, в результате плановых мероприятий по выявлению памятников истории и культуры Северного Прибалхашья. Расположен на относительно ровной площадке вдоль южного берега северной оконечности острова в 14 км юго-восточнее рыбацкого поселка Тасарал, в 39 км северо-восточнее железнодорожной станции Сарышаган.

Курган округлой в плане формы, с наличием каменной ограды. Диаметр кургана – 6 м, ограды – 14 м. Курган состоял из небольших камней. В северо-западной части кургана, обнаружен жертвенник, диаметр жертвенника – 3 м. Жертвенник подвергся обследованию, инвентарь, кости отсутствовали. На кургане, проведена нивелировочная съемка, где за условный ноль принята наиболее высокая точка кургана. Снятие насыпи проводилось послойно по 15-20 см с последующей зачисткой. Для выявления мощности каменного панциря, стратиграфического и планиграфического контроля, были проведены работы по удалению южной половины насыпи. Насыпь удалялась горизонтальными срезами послойно: по 20–30 см, с последующей зачисткой после каждого слоя. На глубине 0,45 м обнаружены контуры могильной ямы, ориентированная С-Ю. Длина ямы 1,8 м, ширина – 0,8 м, глубина – 0,6 м. На глубине 0,6 м обнаружены фрагменты человеческих костей, в хаотичном состоянии. Инвентарь отсутствовал.

### **Могильник Тасарал 3, курган 5.**

Курган округлой в плане формы, с мощным каменным панцирем, с наличием каменной крепицы. Диаметр кургана – 16 м. В южной части кургана обнаружен жертвенник прямоугольной формы, длина – 4 м, ширина – 3 м. В Восточной стороне кургана жертвенник прямоугольной формы, длина – 2 м, ширина – 2 м. В северо-восточной части кургана, так же обнаружен жертвенник, прямоугольной формы, длина – 2 м, ширина – 2 м, при зачистке жертвенника между камней обнаружены железные удила. На кургане, проведена нивелировочная съемка, где за условный ноль принята наиболее высокая точка кургана. Снятие насыпи проводилось послойно по 15 – 20 см с последующей зачисткой. Для выявления мощности каменного панциря, стратиграфического и планиграфического контроля, были проведены работы по удалению южной половины насыпи. Насыпь удалялась горизонтальными срезами послойно: по 20 – 30 см, с последующей зачисткой после каждого слоя. На глубине 0,5 м, обнаружены контуры могильной ямы. Ориентированные С-З, длина - 3,5 м, ширина – 1,7 м. На глубине 0,8 м обнаружены кости человека, в разбросанном состоянии. В нижней части скелета обнаружены – золотая подвеска, с плетеной цепочкой и с 4-х гранной подвеской, а также обнаружена золотая пронизь с отверстием.

### **Могильник Тасарал 3, курган 6.**

Курган округлой в плане формы, с мощным каменным панцирем, с наличием каменной ограды. Диаметр кургана – 9 м, диаметр ограды – 24 м. В северо-западной части кургана обнаружен жертвенник округлой в плане формы, диаметром – 4 м. В северной части кургана также обнаружены 2 жертвенника, округлой в плане формы, диаметром - 2 м и 3 м. Жертвенники были исследованы кости, инвентарь отсутствовал. На кургане, проведена нивелировочная съемка, где за условный ноль принята наиболее высокая точка кургана. Снятие насыпи проводилось послойно по 15-20 см с последующей зачисткой. Для выявления мощности каменного панциря, стратиграфического и планиграфического контроля, были проведены работы по удалению южной половины насыпи. Насыпь удалялась горизонтальными срезами послойно: по 20 – 30 см, с последующей зачисткой после каждого слоя. На глубине 0,6 м обнаружены контуры могильной ямы, ориентированная С-З. Длина – 2,5 м, ширина – 1,5 м, глубина – 0,5 м. На



глубине 0,5 м обнаружен скелет женщины, в полном анатомическом порядке. С левой стороны черепа обнаружен каменный жертвенник, грубой работы и фрагменты железного предмета, предположительно ножа в неудовлетворительном состоянии. В нижней части подбородка обнаружены 19 различных, полудрагоценных камней-бус. Предположительно из агата, сердолика и пасты. В височной части черепа обнаружена пара золотых серёг с подвесками.

Памятники Северного Прибалхашья, могильник Тасарал 3, по особенностям погребальной конструкции, по материалам могильника по строению относится к эпохе раннего железа – VI – VII вв. до нашей эры.

## ТАСАРАЛ ДАСТАНЫ

Сапарғали Бегалин Ысқақұлы, 1895 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Дегелең ауылында туған. Қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын, әрі жазушы. Сапар-ғали Бегалин алғаш ауыл молласынан оқып хат таныған. 1913 жылы Семей қаласындағы орыс-қазақ училищесіне түсіп, сонда оқыған. Жасында жыршылардан терме, салт жырларын, айтыс өлеңдерін ауызша жаттап, елге айтып таратқан. Соның әсерімен, шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған. Оның “Қазақ қыз-бозбалалары” деген тұңғыш өлеңі 1914 жылы “Айқап” журналында басылған. “Қыран кегі” (1943), “Цимлян теңізі” (1953), “Таңдамалы” (1956), “Сырлы қайнар” (1963) т.б. өлеңдер мен поэмалар жинағы жарық көрген.



Сонымен қатар балаларға арналған прозалық шығармалар, “Замана белестері” атты роман (1975 ж) жазған. Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, зерттеу саласында ұзақ жылдар еңбек етті.



«Тасарал» дастаны 1940 жылы жазылған. Хан Кенеге ілескен қазақ қолын түгелімен жойып жіберуге аттанған, Ресей мен Қоқан әскерімен қыр-ғыз манаптарының біріккен қолынан құтылуда көрсеткен Ақжолтай Ағыбай батырдың ерлігі сөз болып, оның халықшылдық, адамгершілік тұлғасы сомдалып, дастанда Кенесары заманының шежіресі жыр төгеді. Кенесары көтерілісіне қатысты тың деректер кездеседі және дастанда кездесетін Кенесары көтерілісіне қатысты деректер зерттеушілерді қызықтырады сөзсіз.

Балқаштың айдынында дауыл тұрып,  
Көл жарып, бұйра толқын жалп-жалп ұрып.  
Аспандап атой беріп жарқ-жұрқ етіп,  
Жартасты құшақтап кеп жатты жұлып.

Тәкәппар кәрі жартас күле қарап,  
Толқынға келемеждеп жатқан сабап.  
Түбекте түн күзеткен кәрі батыр,  
Сияқты баққаны оның үлкен алап.

Қақ жарып дүлей айбын толқын тауын,  
Жартасқа тура беріп омырауын.  
Бұрқылдап суды тіліп жүйткіп катер,  
Келеді таң болғанда ала кеуім.

Катердің ролін ұстап жас Жәнібек,  
Қасқайып толқын десе жиғандай кек.  
Катерді тілеп ұшқан тұз қырандай,  
Катер де толқынды ұрад қарыштап кеп.

Алдына прожектор сәуле тастап,  
Тасарал қайдасың деп көшін бастап.  
«Бұлаңдап жортқан Ағыбай түлкісіндей»,  
Айдында сәуле ойнайды, от жарқылдап.

Катердің отырғанда арт жағында,  
Көз салып суда ойнаған от жалынға.  
Теңіздің соқпақ қылған тұңғиығын,  
Байсалды балықшыдан кеңес тыңда.

Дегендей үлкен көзін бір төңкеріп,  
Ширатып ұзын мұртын қасын керіп.  
Кірісті Кенжеқара бір кеңеске,  
Ұйқы ашар жолдастарға сөзден беріп.

Деп бастап: мынау Ағыбай Тасаралы,  
Ер Ағыбай қоныстауға осы араны.  
Келгенде әкем Таубай қасында екен,  
Атамыз бәріміздің Шұбыртпалы.

Үркердей Шұбыртпалы болған кірме,  
Арқаға Каракесек жайғанда ірге.  
Құмдағы көп Қуандық жуан сойыл,  
Өзге елді ығыстырып жібергенде.

Келіпті батыр сонда Тасаралға,  
Жан-жағы теңіз қамау осы аралға.  
Бір үйір азғана елге мекен түбек,  
Болады деп жайлы қоныс малға-жанға.

Қыс болса жел жортпайтын қалың қорық,  
Жаз болса айдын қоршап қамау болып.  
Өшіккен жау да батып келе алмайды,  
Деп батыр мекендепті бас боп қонып.

Аяғы басылмаған аламанның,  
Кезі екен кеселі көп кер заманның.  
Сыпатай, Рүстемдер тісін қайрап,  
Әмірін күтулі олар Орман ханның.

Патшаның қуғындап ед ұлықтары,  
Кене мен патша арасы улыққалы.  
Ағыбайға тым ерекше өшіккенді,  
Осы еді қорқыныштың күшті жағы.

Айырылып арыстаннан Алатауда,  
Ер Кене, барыс Науан түсіп жауға.  
Ерлерден сонау кеткен хабар алмай,  
Қайтқанға басын батыр етіп сауға.

Көретін үлкен қорлық соны өзіне,  
Жас келіп жарқылдаған от көзіне.  
Түксиіп жар қабағы ұртын шайнап,  
Кененің тоқталатын бір сөзіне.

Қашқанда қалың Дулат жауға тастап,  
Тінәлі қастық қылып теріс бастап.  
Өткелсіз өзенге әкеп ұрындырып,  
Аз батыр қалың жаумен айқасқан шақ.

Елестеп көз алдына сонау бір кеш,  
Қалмаған жан қысылып, толғанар ес.  
Арты - жау, алды - өткелсіз тұңғиық су,  
Асты лай атты тартып, кешу бермес.

Ұрысып ұзақ күнге жолын кернеп,  
Көк сүңгі, алдаспанды қатар сермеп.  
Жауменен жағаласып жалын кешіп,  
Қырандар ат болдырып, қиналып ед.

Бұхарбай, Бұғыбайлар жараланып,  
Толыбай, Шәкір, Жәуке қолда қалып.  
Ағыбай, батыр Науан, Құдайменде,  
Сан рет шепті бұзып шықса да алып.

Қазақтың сан қыраны ұшып оққа,  
Шоқтай ер төтей алмай жойқын топқа.  
Күн де батып, қажығанда қалған батыр,  
Кенекен әмір беріп деген тоқта.

Денелеп Орман қолы омыраулап,  
Артынан Жантай тобы және қаулап.  
Келгенін көргеннен соң ойшыл Кене,  
Түскенді бір биікке жолдан аулақ.

Үстіне шықты дағы бір жартастың,  
Орнығып салмақпенен қойып астын.  
Жан-жаққа бір түнеріп қарады да,  
Астынан көзі сөніп биік қастың.

Отырды ұзақ уақыт ойға кетіп,  
Жер шарын жүйрік ойы дөңгелетіп.  
Жортып ед жол таппады құтылатын,  
Қолынан Орман, Жантай басқан жетіп.

Сатылып патшаның шен-шекпеніне,  
Қырғыздың Орман, Жантай бектері де.  
Рүстем, Сыпатайлар іштен жау боп,  
Қамауға тастап бүгін кеткенінде.

Алдады артына ерген қалың Дулат,  
Өткен түн қайтқан қаздай қашты шулап.  
Тінәлі қарасорға қамады әкеп,  
Аз батыр айналамда, туды бұл шақ.

Дейді де кенеттен ер есін жиып,  
Тұғырда сілкінгендей түнде ақиық.  
Саңқ етіп батырларын қасына алып,  
Отырды көп түнеріп айтпай қиып.

Деп бастап: – Мен ырзамын батырларым,  
Еш қайсың жаудан ығып тартынбадың.  
Арқадан артыма ерген өңкей қыран,  
Майданда алдаспандай жарқылдадың.

Ризамын, тағы ризамын, көкжалдарым,  
Паналап ерген қаста көп жандарың.  
Солардың не болмақшы көрер күні,  
Егерде түссең жауға сендер бәрің.

Патшаның арланындай қарғы таққан,  
Ахмет пен Сұлтанғазы бізге шапқан.  
Талтүсте Тайманды ұстап анау Мұса,  
Шен үшін өз ағасын байлап атқан.

Артта аз ба сонау қалған қалың елді,  
Азғындар арам құлқын шенге сатқан.  
Солардан елді қорғап ес болыңдар,  
Қазаққа киіз түңілік малын баққан.

Қашпауға мен Орманнан істедім серт,  
Байладым басты ажалға болуға мерт.  
Қаныма Орман, Жантай сусындасын,  
Ер Науан тым жас едің сен дағы кет!

Дегенде тұрды орныннан батыр Науан:  
- Бұл сөзді қалай айттың маған данам?!  
Қалдырып жау қолына жалғыз сені,  
Жеңгеме жер үстімен не деп барам?!

Деп және Арқадағы ардақты елім,  
Бейіштей сонау Көкше туған жерім.  
Көргенше жеңбей жауды майданда өлмей,  
Барғанда тірлігімді ел не дер менің.

Ер ағам мен кетпеймін өз қасыңнан,  
Көруші ем өзінді артық өз басымнан.  
Не көрсем бірге көрем өзіңменен,  
Өлтірсін бізді бірге Жантай, Орман.

Батырлар бәрі келіп қатар тұрып,  
Қия алмай ер Кенені мысы құрып.  
Қалайша қалдырмақшы ерін жалғыз,  
Қайтпақшы не деп елге бетін бұрып.

- Не дейміз ел сұраса Сізді бізден,  
Жер болып, от шықпай ма жүзімізден.  
Болса да қандай пәле алдық күтіп,  
Боламыз біз де бірге өзіңізбен.

Жақындап Кенесіне келді Ағыбай,  
Аяғын салмақпенен басты да жай.  
Сұп-сұр боп аш жүзінен қаны қашып:  
- Хан данам, қоштастық па шын осылай?!

Жас құрбы, жанда тұрғы қатар өскен,  
Халық үшін қатар жортып, қамал кешкен,  
Майырылып қалғаның ба жау қолында,  
Оңқыңнан омырылып ер наркескен.



Шын сенен айырылып аттанам ба,  
Өлсем көр, шықсам төбе бірге дескен.

Дегенде қаны қашып Кене жүзі,  
Жалын боп жарқылдады отты көзі:  
- Мен жалғыз қалың қазақ жатыр қырда,  
Соларды ойлаңдаршы – болды сөзі.

Халықтың өлерде де ойлап қамын,  
Халқы үшін оқ өтіне ұстап жанын.  
Жолбарыс маңдай төсеп қалды шөгіп,  
Қайтарып ел қамы үшін батырларын.

Кенемен қоштасарда өңкей қыран,  
Нысанбай төкті зарын қобызынан.  
Солқылдап жылап тұрып кетті жырлап,  
Үнінен мұңды қобыз күңіренді маң.

Нысанбай жырлағанда қобыз зарлап,  
Көзіне жас алмаған болмады жан.  
Жалғыз-ақ көк сұрланып отыр Кене,  
Зар тыңдап Нысанбайдың қобызынан.

Таң таяу, жау мен ара жарты көш жер,  
Ұйлығып ерді қимай бөгелгенде ел,  
Ақырғы хан жарлығын берді Кене:  
- Бұйырам, енді шапшаң жөнеліңдер!

Деді де төмен қарап қалды шөгіп,  
Қасында батыр Науан жалын сөніп.  
Туысы бір хан қаһарын қалды күтіп,  
Жолбарыс жүректі оққа тосқан көніп.

Қарайып көпке дейін көз ұшында,  
Қос қыран екі төбе секілденіп.  
Түнеріп күн мен түн боп қала берді,  
Жалғыз-ақ айналада жортқан желіп.

Жүйрік жел сумаң қағып күңіренеді,  
Қобызынан Нысанбайдың зарлы үн келіп.  
Батырлар елді бөліп ұрандасып,  
Жөңкіліп Арқа, Сырға жөнелді асып.

Айырылып арыстаннан Алатауда,  
Түнеріп, түн жамылып көңіл жасып.  
Сыпатай Кенені алдап тастап жауға,  
Патшадан шен алуға жасап сауда,  
Жанқараш, Жантай, Орман, Рүстеммен,  
Сөз байлап, мерт қылуға Алатауда.

Кенені жолсыз таумен барған бастап,  
Қиынға қай-қайдағы салған қастап,  
Жау қолын жансыз салып, әкеп жауып,  
Азғырып Дулат қолын алып қашпақ.

Болғанын сезіп қалып ер Ағыбай,  
Айтса да Кенеге кеп күні екі ұдай.

Боп қалды ұстасуға Сыпатаймен,  
Онан да түсір қолға амалдап жай!

Дегенде екі етер ме Кене әмірін,  
Анықтап Сыпатайдың білген сырын,  
Ағыбай айламенен аңдығанда,  
Сыпатай сезіп қалып онан бұрын.

Жөнелген Дулат қолын бөліп алып,  
Дулаттың қолын ірітіп жансыз салып.  
Ағыбайға бұрынғыдан қатты өшіккен,  
Алдыңнан тосармын деп жолыңды алып.

Ағыбайға әуелден-ақ қайрап тісін,  
Күншілдік күйдіретін үнемі ішін.  
Әруағы Ағыбайдың асқан сайын,  
Сыпатай сан сайлап ед қастық ісін.

Ағыбайды ардақтаса Кене сүйіп,  
Сыпатай өртенетін іштен күйіп.  
Бақ құмар, жауға жалтақ Сыпатайды,  
Хан Кене сан жерлеген қабақ түйіп.

Кек қылып, ішке жиып соның бәрін,  
Кенені шенге сатып, төгіп қанын.  
Патшаның жансызымен қол ұстасып,  
Айтқанын орындап боп манаптардың.

Сыпатай сол бетінде шолғыншы сап,  
Отырды Кенелердің хабарын ап.

Қайтқанда тамам батыр Кене қалып,  
Ағыбайдың жолын тосты тосқауылдап.

Арқа алыс, Шұбыртпалы аз артына ерген,  
Ат қажып, жаралы өзі талай жерден.  
Бір алар Ағыбайды кезең осы,  
Талқандап талмау кезде аулақта елден.

Деді де жатты тосып батыр жолын,  
Бекітіп бір ауыздан барлық қолын.  
Бұл жолдан сезіктенген ер Ағыбай,  
Құлап ед таудың тауып басқа жолын.

Ағыбай бетін қойып Алакөлге,  
Басшы боп Арқа ұранды қайтқан елге.  
Сол түнде суыт жүріп кетті құлап,  
Таң атпай ілінбек боп Итжон белге.

Алған соң көңілі суып Кенесінен,  
Асқан соң Кекілік таудың белесінен.  
Жолбарыс бетін түзеп жортып еді,  
Шығармай Кенесі айтқан елді есінен.

Суылдап таң алдында самал желі,  
Алыстан көлбелеңдеп Итжон белі.  
Түскен соң кең жазыққа бойын жазып,  
Көсілді Ағыбайдың тұлпар кері.

Жортып ед ауыздығын қаршылдатып,

Күдірейіп көтеріліп көкке белі.  
Қолының алдын созып, жолын бастап,  
Артымнан жау қуад деп елемеді.

Қол құлап Алатаудан төгілгенде,  
Тұяқтан тау көбесі сөгілгенде.  
Бір тобы Арқа елінің шанжаулатып,  
Қуалай бір өлкені жөнелгенде.

Тұңғышы жеткіншегі Ағыбайдың,  
Оғындай жарқылдаған түсер жайдың.  
Он беске биыл шыққан жас көкөрім,  
Аманжол қолында өскен Меңдібайдың.

Аулаған қадірлеумен көке көңілін,  
Жандай боп бағыстаған барлық өмірін.  
Жасынан бала болған үлкен үйге,  
Ағыбайды әкем деуді көрген өлім.

Аттаныс тырнақалды ұзын жолға,  
Семсерін Байғозы ердің беріп қолға.  
Әжесі үлкен үйден аттандырған,  
Барсын деп бағын сынап осы жолда.

Ішінде о да барды бөлек қолдың,  
Жобасын абайламай жүрер жолдың.  
Бөлініп Ағыбайдың жобасынан,  
Бір сайды жортты құлдай жамылып түн.

Қол шағын, ат қажыған жортуылдан,

Алайда жазыққа өтпек білінбей таң.  
Қойнауы Алатаудың қорқыныш боп,  
Кайтқан ел сескенулі жол тосудан.

Шатқалдың жолы қиын, ойында су,  
Сыңсыған екі жағы жел өтпес ну.  
Желпінтіп қол алдында көк мойынын,  
Аманжол ойнақтайды қолында ту.

Шатқалдың жалғыз ауыз қыспағынан,  
Өтуге қол шоқтай боп атқанша таң.  
Түйіліп келген кезде қиқу салып,  
Жау қаптап қоя берді тұтқиылдан.

Жарқылдап айбалталар, найза, қылыш,  
Қайрат қып азғана қол салса да ұрыс.  
Қалың жау қапы жерден қаптап берген,  
Жазыла қимылдауға бермеді күш.

Суырылып Көкмойынмен жас Аманжол,  
Ойнатып көк сүңгісін қорғады қол.  
Бір өзі қалай төзер қалың жауға,  
Самсаған сойыл, найза оң менен сол.

Көкмойын көтеріліп шапқан сайын,  
Аузынан қанды көбік аққан сайын.  
Алысып ауыздықпен жерді сүзіп,  
Аманжол көк сүңгісін найзадайын.

Ойнатып жан-жағына кезек толғап,  
Барыстай бала батыр ұмтылды тап.  
Сейіліп жаудың қолы жарылады,  
Кей кезде қимылдайды ортасын ап.

Бір кезде ақ боз атпен зуылдатып,  
Найзасын көкке сермеп суылдатып.  
Сақалын желпілдетіп қолдан шыға,  
Ат қойды Сыпатайлап құйындатып.

Екпіні дауылдай боп дүрілдеген,  
Дауысы өзендей боп күрілдеген.  
Астында арыстандай ақ боз аты,  
Қияда арқарша орғып сүрінбеген.

Айқасты бара қарсы жас Аманжол,  
Толғады көк сүңгіні шыныққан қол.  
Денелі ақ боз атты үлкен батыр,  
Найзаны кесе қақты қылышпен зор.

Көк сүңгі ортасынан опырылып,  
Қайың сап қапылыста кетті сынып.  
Сермеді енді найза ана батыр,  
Алғанша қыннан қылыш бала жұлып.

Түйреген болат найза сумаң етіп,  
Сауыттан көктей өтіп етке жетіп.  
Топшыдан көк етіне іліккенде,  
Аманжол ақ семсермен шапты кертіп.

Найзасы оның дағы сынып түсті,  
Қарт батыр жас баладан көрді күшті.  
Алайда Аманжолдың оң жақ қолы,  
Салбырап көтерілмей төмен түсті.

Сол кезде кәрі батыр Сыпатайлап,  
Ұмтылды Аманжолға көзі жайнап.  
Бұрып ап Көкмойынның басын бала,  
Зымыратып ойға қарай жөнелді айдап.

Жабыла қуса дағы қаптаған қол,  
Жатса да алдында жар өткелсіз ор.  
Орғиды Көкмойыны көлденеңнен,  
Артына бір қараса енді Аманжол.

Қалыпты әлде қайда жау қарасы,  
Алдында Шудың жатыр кең даласы.  
Тежеді аттың басын батыр бала,  
Есіне тағы түсті көп жолдасы.

Қапыда душар болдым қалың жауға,  
Болмады бойын жаза қимылдауға.  
Қайырылып барғанменен оларды алып,  
Шығарлық қайраты жоқ құр жан сауға.

Еткенім сүйегіме таңба болып,  
Кетпей ме жалғыз өзім барам қайда?  
Дейді де ойға езіліп жас Аманжол,  
Ауырлап көтертпейді жаралы қол.



Салбырап жорта берді ойды бетке ап,  
Арқаға бетін түзеп жобалап сол.  
Бір кезде көз ұшынан шаң бұрқырап,  
Жөңкіліп бара жатты бір қалың нор.

Жіберді аттың басын соған қарап,  
Болар деп осы Ағыбай бастаған қол.  
Таныды таянғанда қолдың туын,  
Қол жөңкіп бара жатыр неше буын.

Аманжол артқы топқа киліккенде,  
Басқандай жым-жырт еді қол да шуын.  
Қушықтай Аманжолдан ешкім сұрап,  
Білген жоқ қайдан келді жалғыз құлап.

Қол әлі жоқтаған жоқ қалған тобын,  
Түгендеу жүргізген жоқ басын құрап.  
Намысқып жауға тастап жолдастарын,  
Шыққанын жалғыз өзі сақтап жанын.

Ешкімге Аманжол да білдірген жоқ,  
Байлатты жарасының жуып қанын.  
Алаң боп көз жазғанға Аманжолдан,  
Жеке өзі бөліне алмай қалың қолдан.  
Меңдібай тыным таппай қолды аралап,  
Жалғыз сол Аманжол деп ойран болған.

Бір кезде Аманжолға көзі түсіп,  
Өңінен сезіктеніп бір қолы ісік.

Сұрады қайда қалып, қайдан келді,  
Оңаша алып шығып сырын қысып.

Намысқып шүү дегенде айтпай бала,  
Адастым қалғып қаппын жалғыз ғана,  
Десе де жалтартқызбай қоймай сұрап,  
Меңдібай қолың қалай болды жара.

Деген соң айтты болған соғыс жайын,  
Жол тосып, қолды алғанын Сыпатайдың.  
Жеткізбей жалғыз өзі құтылғанын,  
Қалғанын құтыла алмай бір топ қолдың.

Меңдібай Аманжолды қасына ертіп,  
Ағыбайға оқшау жортқан келді жетіп.  
Айтып еді оқиғаны бастан-аяқ,  
Ағыбай Аманжолды ұрсып зекіп,

Қалдырып жан сауғалап жолдастарын,  
Қорғаған жұрт болар ма адам жанын.  
Қауқылдақ Сыпатайдан найзаға ұшып,  
Жаралы жаман шірік кеп тұрғаның!

Дейді де теріс қарап сұп-сұр болып,  
Кек қайнап екі көзі жасқа толып.  
Айтқаны одан әрі бір ауыз сөз,  
Меңдібай көріп еді жауап торып.

Жағалап келед тартып Шудың бойын,  
Ел қамы мазалайды батыр ойын.

Аз ауыл Шұбыртпалы жатыр алда,  
Алда мал, аузында ас жоқ етер тойым.

Не болмақ көрер күні келешекте,  
Кірме ауыл аз аталы жүрген шетте.  
Қолайлы қоныс тауып орнықтырсам,  
Алданар алдағы мал барған бетте.

Қазылып ойлағанда осыларды,  
Есіне алып еді Тасаралды.  
Тулаған балығы тайдай Балқашты емген,  
Болар ма қашан болсын халқы жарлы.

Қонысқа бұдан артық жер болар ма,  
Әрі азық, әрі бекініс сақтар жанды.  
Қондырып қосты Балқаш қабағына,  
Балықты сүздіріп қол тамағына.  
Дүкенді құрғызды да ұстасына,  
Соқтырып көк жебені садағына.

Аттарын жайып Балқаш қорығына,  
Ағыбай дайындалды жорығына.  
Ешкімге айтпай сырын жатты батыр,  
Кектеніп Сыпатайдың қорлығына.

Кенені қысылшаңда жауға сатып,  
Халыққа осыншалық қаны қатып.  
Сыпатай Рүстеммен қол ұстасып,  
Ел шауып ен олжаға жатыр батып.

Ел қор боп ерін тастап күңіреніп,  
Басшысын жау қолына қолдан беріп.  
Қайтқанда қолды тосып олжа іздеген,  
Сойқанын Сыпатайдың отыр теріп.

Жол тосып, лай судан балық аулап,  
Қапыда қара түнек елді жаулап.  
Сыпатай сан ауылды тағы шапқан,  
Ағыбайға сан қуғыншы келді зарлап.

Алған соң ел тынығып, ат күйленіп,  
Ағыбай қолға бір күн хабар беріп.  
Жинап ап жорық жайын түсіндірді,  
Қырық-ақ ер қасыма ер деп іріктеліп.

Байланып ер Кененің берген туын,  
Сырыққа желек байлап жеті буын.  
Ұстатып кенже інісі Меңдібайға,  
Аттанды өрлеп батыр Шудың суын.

Алыста тұрды Алатау бұлтқа оранып,  
Жортқанда ер Ағыбай бетіне алып.  
Көзіне елестеп ед ер Кенесі,  
Сол тауда ажал күтіп қойған қалып.

Сонда да бұлтқа оранып сол Алатау,  
Төккендей тау басынан Кенеге жау.  
Тұрмап па еді осы қалпы өзгерместен,  
Бүгін де кекірейіп тұрғаны анау.

Күле ме әлде асқар тау Ағыбайға,  
Барасың батырым деп тағы қайда?  
Кетпеп пе ең күні кеше көрместей боп,  
Қалдырып ер Кенені анау сайға.

Жоқ әлде күйзеле ме Кенені ойлап,  
Өрінде күні кеше салған ойнақ.  
Ойнатып қиясында жауға алдаспан,  
Жолбарыс жас Науанын жасынша ойнап.

Шапқанын түсіре ме естеріне,  
Алып тас асқар қия аспан бойлап.  
Томсарып тұр ма салып әлде жүрген,  
Жас бұлттай көкте көшкен желмен ойнап.

Ой басып қорғасындай ер денесін,  
Сергиді ауық-ауық жинап есін.  
Алқымдап келіп қалды Алатауға,  
Болғанда күн еңкейіп кіші бесін.

Түсіріп бір далаға батыр қолды,  
Қалдырып көп Дулатқа кірер жолды.  
Тап басар Сыпатайдың бекінісін,  
Білуге екі жігіт жүрмек болды.

Ағыны атқан оқтай Ақ лақпен\*,  
Шіркейді ат үстінен тартқан жақпен\*.  
Алсары атқа мінді қасына оның,  
Шаңтимес қосылып ед Кер қаңбақпен.

Бұларға тапсырғаны Ағыбайдың:  
Бейкүнә мен ешкімге соқтықпаймын.  
Ауылын, жылқы өрісін дәл біліп кел,  
Және өзі қайда екенін Сыпатайдың.

Сөз қысқа, батыр айтты барлаушылар,  
Жыландай жылыстаған мініп тұлпар.  
Бұта өңдес, ай ажарлас ақ пен керді,  
Кезек сап ел жағына жортты бұлар.

Төсінде Ешкіліктің қанат жайып,  
Көп Дулат аламанмен алған байып.  
Бел қылып Сыпатайын сырттаным деп,  
Жатыр ед жауды ойлайтын ойдан айық.

Тұяғы тас қаға ма Ақ лақтың,  
Басқанын ит сезер ме Кер қаңбақтың.  
Кісідей жалаң аяқ шөп сындырмас,  
Тұяғы тіктеп басқан бұл екі аттың.

Екі ер Дулаттың қалың елін,  
Қақ жарып ырғайлының төстек белін.  
Ауылын Сыпатайдың шалды келіп,  
Кірер жол, бөгет болар бекіндерін.

Айнала күзет салған ауылы сақ,  
Самсатып кермесінде байланған ат.  
Ордасын Сыпатайдың ортаға ала,  
Жылқысын бағады екен тұйыққа сап.

Бақылап алды зерттеп барлық сырын,  
Болсын деп осы жолы олжаға ырым.  
Шаңтимес алды екі атты кермесінен,  
Қиды да сулығынан қыл шылбырын.

Сақ иті, сан күзетші қалды сезбей,  
Екеуі таудан түсіп таңнан бұрын.  
Батырға хабар берді күтіп жатқан,  
Болад деп әлде қандай, алмай тыным.

Ағыбай арыстандай атып тұрып,  
Қолына тез аттан деп әмір қылып.  
Тиеміз үрпек басты найза қағып,  
Тәуекел қимылдаймыз, қапыда ұрып.

Дегенде кім бұзады батыр сөзін,  
Көргенде қатуланған кәрлі жүзін.  
Иекте тікірейіп селдір сақал,  
От шашқан жарқабақтан жалын көзін.

Кезеулі керін батыр жанып-жанып,  
Алғанда жерді сүзіп ойнақ салып.  
Қарғылап көкке шапшып түссе де ырғып,  
Шайнайды ауыздығын қаршыл қағып.

Ойнатып тұлпарларын ескен желдей,  
Екпіні Алатаудан құйған селдей.  
Шоқтай боп Бесмойнақтың төскейінен,  
Түскенде батырың сыр білдірмеді.

Түскен кез жылқышы аттан, шолғыншы ойға,  
Ит жатып, күйіс тартқан түйе, қой да.  
Мөлдіреп күміс кірпік жасыл шалғын,  
Боялып таң шығымен ауыл ойда.

Алсары Шаңтимеспен алда жүйткіп,  
Құйындай құбылады қол жарысса ұйтқып.  
Жылқының өр жағынан шығарды әкеп,  
Биіктен құлай тиген құланша орғып.

Кененің көтере ұстап берген туын,  
Он оннан қолды бөліп төрт-ақ буын.  
Болды да дүрілдетіп кетті тиіп,  
Көтере қақты найза көңіл шуын.

Дүрілдеп қалың жылқы ойға осылды,  
Будақтап аспанға ұшып шаң жосылды.  
Жылқыны алға салып, артта Ағыбай,  
Кес-кестеп қуғыншыға жол тосылды.

Үрейді ап үрпек бастан шыққан аттан,  
Сап-сақ ел қолдағы атқа міне шапқан.  
Құйылып қуғыншы да келе жатыр,  
Ат қойған өзі білген әруақтап.

Сыпатай көңілі орнығып шешіп белін,  
Ақылмен қорғадым деп айқаста елін.  
Қондырып төскейдегі төрге ауылын,  
Жатыр ед таудың алып бекін жерін.



Кененің атын сатып елді олжалап,  
Жазықсыз момын жұрттың малын талап.  
Өрісін жылқы кернеп, қорасын қой,  
Қол артып сүйенгені Жантай манап.

Енді жоқ мені алар жау, мен алмасам,  
Түсірдім Кенені орға алдап қашан.  
Қаңғырып қалған батыр қайтты еліне,  
Дейді олар енді кіммен қарсыласам.

Осы оймен мейманасы іштен асып,  
Жайланып жан бар демей көңілі тасып.  
Қол артып Рүстемге ойын қосып,  
Орманға жатыр іштей жақындасып.

Шыққанда өрден қиқу, ойдан аттан,  
Тұрып ед Сыпатай да бейғам жатқан.  
Қолына ап найза, қылыш, киіп сауыт,  
Белдеуден ақ боз атын міне шапқан.

Жеткенін қуғыншының түйреп тастап,  
Қорғанып қол тигізбей үнмен жасқап.  
Ағыбай көлденеңдеп алдын бөгеп,  
Жылқыны өңгелері қуған бастап.

Жылқының жел қабызы іріктеліп,  
Тай-тулақ, көбең, шойыр\* зорға желіп.  
Созылып қырқаяқтап қала берді,  
Саңлақтар алға түсті желмен еріп.

Қиқулап найза қаққан қырық бөрі,  
Дүрілдеп Қарғалының Тастақ өрі.  
Бұлт шаңға, шаң бұлтқа араласып,  
Ел мен жау бір-біріне көрінбеді.

Сібірлеп көтерілді көктем таңы,  
Сәулесі аспанды өрлеп тарамдалды.  
Шығысын Алатаудың шымылдықтап,  
Өрттей боп қанатын бұлт нұрға малды.

Алыстан тарақталып шұбар белі,  
Андыздап ақар-шақар төбелері.  
Шыңдары шырқап көкке тұрды қарап,  
Шыққандай қарауылдап әлде нені.

Жылқының алды ойнақтап түсті етекке,  
Ағыбай жалғыз өзі ел жақ шетте.  
Қияда қуғыншының алдын бөгеп,  
Келгенін шаншып тастап жекпе-жекте.

Сияқты қойға кірген аш арыстан,  
Ақырса көп қуғыншы қайта ығысқан.  
Кешуілдеп кер тұлпармен көлденеңдеп,  
Жол бермей жолбарыстай алдын тосқан.

Ағызып ақ боз атпен, найза үйіріп,  
Сыпатай жеткен еді шапқан түріп.  
Ақырып жау қайдалап шықты алдына,  
Ұйлыққан қуғыншыдан шыға ұмтылып.

Ағыбай да қолға кірмей тоса шауып,  
Кер тұлпар аузы арандай жерді қауып.  
Құйылды көлденеңдей Сыпатайға,  
Салуға көк сүңгіні ебін тауып.

Көтеріп көк сүңгіні, басын тежеп,  
Кезеулі керін жанып, алды безеп.  
Қосылған жау қайдалап Сыпатайға,  
Ақырып арыстандай ұмтылған ед.

Жарқылдап жасыл желек ақ найзасы,  
Қояндай ақ боз атты қолдың басы.  
Желкілдеп екі иінін сақал жауып,  
Ағыбайға ұмтылғанда қарама-қарсы.

Жалтарып орын емес бетін бұрар,  
Кезең бе өткел айтып, кезек сұрар.  
Бетпе-бет кетті айқасып а дегенше,  
Сартылдап қарулары екі көкжал.

Екеуі бірін-бір кезек түйреп,  
Дарытпай найзаларын қағысты кеп.  
Шабысты алдаспаннан от жарқылдап,  
Тамаша өзгелерге бұл жекпе-жек.

Ағыбай бір айқаста Сыпытайды,  
Түйреп ед найза бармай ұшы тайды.  
Қалшылдай тұла бойын ашу кернеп,

Кезеулі Керге басты дыраубайды.

Алды да Кер тұлпарын жанып-жанып,  
Түк көрмей екі көзі тұманданып.  
Ақырып Сыпатайға салды найза,  
Көк сүңгі сумаң етіп кірді барып.

Найзасын Сыпатайдың сол қолменен,  
Қаққанда түсті қырқып қайқы берен.  
Сырғытып түсірді аттың сауырынан,  
Бүкжитіп Сыпатайды бір қолменен.

Ақ бозы ойнақ қағып шыға берді,  
Сыпатай найза ұшымен құшты жерді.  
Іліп ап шылбырынан атты Ағыбай,  
Меңдібайдың жетегіне әкеп берді.

Қамалап Сыпатайдың қалың қолы,  
Ағыбай түсіргенде шаншып оны.  
Көтеріп алды жерден жатқызсын ба,  
Мінуге қосардағы ат дайын болды.

Көп Дулат үйірілді шуын басып,  
Ағыбайдың Сыпатайдан қайраты асып.  
Көрген соң түсіргенін жекпе-жекте,  
Иірілді үрей ұшып, құты қашып.

Ағыбай ақырып көп қалған жауға,  
Шық былай Сыпатайдан әуре болма.  
Бар болса қапырығы\* қалсын алып,

Елде емес менің кегім жалғыз сонда.

Ер болса шықсын былай жекпе-жекке,  
Мен келдім басты байлап үлкен кекке.  
Мал үшін ерді сатқан, елді шапқан,  
Арамның күшін көрем жекпе-жекте.

Көп Дулат Сыпатайдан басқаларың,  
Бар болса көп жылқыда кеткен малын.  
Ұрыссыз қан төкпей-ақ қайтарып ал,  
Сендердің керек емес бір тайларың.

Алмайсың мені қуып күшпен жеңіп,  
Талтүсте найза қаққан ортаңа еніп.  
Қан қылам қарсы тұрсаң сертім осы,  
Онан да қайт қырылмай әуре болып.

Аттандым Сыпатайға әдейі арнап,  
Келген соң алдан шұбап халық зарлап.  
Арқа мен Сыр бойының елін үштеп\*,  
Кенені күні кеше сатқан алдап.

Қанішер Рүстеммен қара жүрек,  
Орман мен жауыз Жантайға арқа тіреп.  
Қазақтың ер Кенесін, елін сатқан,  
Азғынды Сыпатайдай шығар бөлек.

Шық былай жазықсыз көп іріктеліп,  
Малыңды ал, шыныңды айтып, танып, теріп.

Құрдымда Шу аяғы түсер жерім,  
Ел малын екі сөз жоқ кетем беріп.

Көнбесең оған егер салам ойран,  
Сан жаудың мен Ағыбай басын жойған.  
Қырқыңды қылышпенен бір-ақ тартам,  
Сан кісің садағым мен тартсам ойдан.

Саудырап сүйектері жатар жусап,  
Көк сүңгі көбе бұзып жанды бойдан.  
Суырап суылдатып мен түйресем,  
Біріңді жер бетіне тірі қойман.

Дегенде қуғыншының үрейі ұшып,  
Сүмірейіп Сыпатай да сұлқы түсіп.  
Иіріліп жерге кіріп қала берді,  
Ағыбай қойша иіріп тұрды қысып.

Қуғыншы тұрып қалды иіріліп,  
Ағыбай аттың басын ойға бұрып.  
Әрі сөз, әрі күшпен бірдей жерлеп,  
Жөнелді Сыпатайды жерге тығып.

Қуат жоқ қолдан шығар суырылып,  
Апшысы Ағыбайдан қуырылып.  
Сыпатай қара басып қалды тұрып,  
Ағыбай борт-борт желіп кетті жүріп.

Сыпатай аулына қайтып келіп,  
Сол түнде көп Дулатқа хабар беріп.

Көріп ед Ағыбайды кумақ болып,  
Шыққан жоқ қорыққан ел қуғынға еріп.

Жөнелтті Рүстемге шапқыншысын,  
Көрдім деп Ағыбайдан үлкен қысым.  
Орманға, Жантай, Шәбден шапты кісі,  
Берсін деп мылтық сайман, патша күшін.

Ағыбай жайылмасын Шуды құлдап,  
Жылқысын бой жиғызып қорыққа сап.  
Қалдырып қарауылын неше жерден,  
Отырды арт жағынан хабарын ап.

Қария сөз байлаған топ ішінен,  
Шоқтай боп іріктеліп аз кісімен.  
Артынан жетті келіп Ағыбайға,  
Жеріне сөз байлаған тосам деген.

Екі сөз болған емес Ағыбайда,  
Құрмайды халықты алдап амал-айла.  
Басқаның Сыпатайдан барлық малын,  
Қайтарып берді тимей жалғыз тайға.

Қарт қайтып қоштасарда Ағыбайға:  
Батырым, қатты сақтан, қапы қалма.  
Жантайға, Орман, Рүстем кетті кісі,  
Барса да қоймаймын деп сені қайда!

Рүстем Алакөлден сені тоспақ,

Сол жерде Сыпатаймен басын қоспақ,  
Балқашқа тіреп тұрып алдан қамап,  
Әкетпек малдан бұрын өзінді ұстап.

Ылажын тапсаң баспа Алакөлге,  
Не қайта көл жағалап Ілені өрле.  
Ер едің ер сарқытын елден ішкен,  
Қолына жауыздардың түсе көрме.

Дейді де қадірлі қарт жайып қолын,  
Болсын деп қайда жүрсең батыр жолың.  
Бір тайды Сыпатайға берме батыр,  
Қайнатқан қара жүзге елдің сорын.

Қарт қайтты, қалың ойға батты Ағыбай,  
Аунатып құм, құраққа атты Ағыбай.  
Құрдымда Шу аяғы Қызылқұмда,  
Ат күйлеп екі күндей жатты Ағыбай.

Түнерген қара бұлттай қара тұман,  
Басқандай Ағыбайды иығынан.  
Бүктеліп ойға кетіп жатты батыр,  
Сонау қарт қоштасарда айтқан бұған.

Ескерту ойлы қарттан тіпті текке,  
Айтылған жел сөз емес желпілдетпе.  
Алды көл, арты қуғын, жан-жақ қамау,  
Ашылмай тұр түйіліп барар бет те.

Алайда ойды жеңіп, орынынан,



Ағыбай тұрды дағы жасатты қам.  
Төрт кісі екі екіден аттандырды,  
Бірі Іле, бірі Алакөл қиығынан.

Келуге жолды шалып, жауды барлап,  
Солардан хабар алып бетті бармақ.  
Шешуге барлады да айтты батыр,  
Қолына қам жасатты жүріске арнап.

Шолғыншы қос-қос атпен құйындатып,  
Бірі Іле, бірі Алакөл кетті тартып.  
Келуге ертең түсте осы жерге,  
Батырдан алысып ед қысқа жарлық.

Тіселген алды қамау – көл Балқашқа,  
Іле мен Алакөлден жүрер басқа.  
Жолы жоқ, екі жақтан тосқауылды,  
Салуға Сыпатай да жанталасқа.

Түсіп ед, қайтқаннан-ақ сонау түнде,  
Жіберіп шапқыншысын Рүстемге.  
Орманнан, Жантайдан медет сұрап,  
Шығып ед о да аттанып келер түнде.

Ағыбай күтті асығып шолғыншысын,  
Ешкімге әлі айтқан жоқ көрген түсін.  
Атасы батырлардың ер Жидебай,  
Жіберген басшы қыл деп жол түлкісін.

Сол түнде нағашысы ер Байғозы,

Түсінде сөйлесіп ед келіп өзі.  
Жидекең бата берді қор болмайсың,  
Балқашқа түс тайсалмай болды сөзі.

Осылай екі батыр кезек келіп,  
Екеуі кезек-кезек бата беріп.  
Қысылма, қор болмайсың, алмайды жау,  
Жолыңды біз бастаймыз медет беріп.

Деді де екі батыр болды ғайып,  
Оянса таң Балқашқа қанат жайып.  
Айдында құлпырады қызыл шапақ,  
Түн жатыр батыс жақта қоңырайып.

Таң желі сыбдырлатқан қалың қамыс,  
Айдында балық ойнап салған жарыс.  
Жарқылдап шортандары суда шоршып,  
Жағада шабақ қуып салады алыс.

Жатыр деп Іле бойда бір қалың қол,  
Аралас орыс, қазақ қаруы мол.  
Арқадан аттанып ед Кенені іздеп,  
Поручик Құнанбай дейд бастаған жол.

Қарулы қазақ, орыс әскерлерін,  
Самсатып шыққан бастап, елдің ерін.  
Ұстауға Алатауға Кенелерді,  
Орманнан Шәбденменен алған сенім.

Қайқайса Іле барлап бұлар тоспақ,

Қалмады батыр өтер қырдан бос жақ.  
Алды көл, арты Алатау асу бермес,  
Батырға барар жол жоқ түсті қыспақ.

Ертеңге қалса жүріс, өмірі ғайып,  
Жан-жақ жау қамау салған қанат жайып.  
Қасында қалың елі халі мүшкіл,  
Ағыбай ауыр ойда ел мұңайып.

Отырды көпте сөз жоқ, ерде лебіз,  
Күтуде не десе ер біз дайынбыз.  
Дегендей демі ішінде қалың қату,\*  
Барамыз кәні батыр бастаңыз сіз.

Ағыбай жауап күткен қарап көпке,  
Ойлы көз төңкеріліп төңірекке.  
Түнеріп бір түйіліп алды-дағы,  
Түсті айтты, үнсіз тыңдап отыр көп те.

Ақжолтай Абылайға әуелде ерген,  
Жидебай әрі батыр, әрі мерген.  
Жорықты жортпай тұрып, түспен болжап,  
Абылайға алдағы істен хабар берген.

Сәуегей басшы болған билеп жолын,  
Бастаған сан жорықта қалың қолын.  
Балқаштан бастап өткен өткелі бар,  
Тұсында аян беріп айтқан соның.

Жолына осы кеште түсем бастап,  
Нағашым ер Байғозы жолымды ашпақ.  
Жалғыз-ақ қазір бәрің тал кесіндер,  
Артыңдар он айғырға ершік тастап.

Дейді де өзі бастап мінді атына,  
Тал кесіп алды қиып он айғырға.  
Елде үн жоқ екі етер ме ер жарлығын,  
Суылдап толқын көшіп жатыр суда.

Шұбыра қалың жылқы қамыс жарып,  
Ағыбай өзі бастап келді суға.  
Тұңғиық түбі зымиян суға келіп,  
Ағыбай қарайды да бір түнеріп,  
Дүлейі көл Балқаштың жатты тулап,  
Айдында ақбас толқын ашу беріп.

Қиырсыз көзден ұшып көл қабағы,  
Түн басып тұр түнеріп арғы жағы.  
Кер тұлпар ауыздығын қаршылдатып,  
Арандай аузын ашып қарғылдады.

Ойланып көп тұрмауын ат тіледі,  
Кер тұлпар жерді сүзіп жүрші деді.  
Айқайлап суға бастап кетті түсіп,  
Ел де кеп түсті, ешбір жан іркілмеді.

Жетектеп шыбық артқан он айғырды,  
Меңдібай туды қолға ап бірге жүрді.  
Шұрқырап қалың жылқы шұу дегенде,

Айдынға аяқ салмай иірілді.

Қиқу сап елдің үні қамалаған,  
Арқырап тамам айғыр жетекке алған.  
Шақырып үйірлерін кезек-кезек,  
Сол үнмен жылқы түсіп кете барған.

Айдынға барған сайын су төмендеп,  
Жел тынып толқын көшпей, басылған леп.  
Аяқтап\* қалың жылқы кетті жүріп,  
Жылқы артта, алда Ағыбай жүріп келед.

Шұбырта талды шаншып өз қолымен,  
Жүргізіп тамам жұртты өз жолымен.  
Соқпағын су бетінен тартты батыр,  
Бет қойып Тасаралға төтеменен.

Басқаға көрінбепті Ағыбайдан,  
Бұлаңдап қызыл түлкі анадайдан.  
Ағыбайдың алдын бастап жортқан екен,  
Ізіне соның Ағыбай шыбық салған.

Сол түлкі Тасаралға тартқан тура,  
Сәуле ойнап құйрығынан айдын суға.  
Ағыбай соның ізін белгі қылып,  
Жүріпті бір күн, бір түн осы суда.

Шығыпты бір тәулікте Тасаралға,  
Кездеспей ешбір бөгет малға, жанға.  
Жылқының алды келіп шыққан екен,

Жартастан сонау тұрған келер таңда.

Ағыбай әрі батыр, әрі жолды,  
Есті екен ерте болжар оң мен солды.  
Айтатын елдің түрлі аңызы бар,  
Баспайтын батыр ед деп қазған орды.

Біреуі көп аңыздың осы жорық,  
Жан-жақтан жау қысқанда қамап торып.  
Қақ жарып Балқаш көлін елді бастап,  
Алыпты Тасаралға келіп қонып.

Рүстем Сыпатаймен соғып санын,  
Ағыбайдың бұл қамаудан құтылғанын.  
Арманғып өмір бойы кетіпті деп,  
Айтушы ед Тәукем бізге үлкен сырын.

Түйіліп Тасаралға бірнеше рет,  
Сыпатай қолын жиып келсе керек.  
Еліне жау айғайын салдырмаған,  
Жазасын батыр талай берсе керек.  
Кезеулі Керін мініп, көк сүңгісін,  
Көлденең ұстап талай желсе керек.

Еңіреген елдің ері ер Ағыбай,  
Ертеде ел қорғаған талай-талай.  
Сыпатай сан түйіліп келсе-дағы,  
Бермепті сол жылқыдан тағалы тай.

Әкелген Сыпатайдан сонау малды,

Бірдей қып малы кеткен ел бөліп алды.  
Құм қызыл, бұйра шұбар шауқарлардың,  
Тұқымы біздің елде сонан қалды.

Дейтін де аяқтайтын шал кеңесін,  
Демеңдер айтып отыр оны несін.  
Көкті жол, суды соқпақ етсек деген,  
Айтқаным ертедегі ел дәмесін.

Итіншек ертеден-ақ ел қиялы,  
Су жолын, аспан сырын сүйген жаны.  
Ардагер Ағыбайдай батырына,  
Берген бір қасиетті сыйы-дағы.

Елінің адал туған баласына,  
Сыйымды сыр қалдырған санасына.  
Оқ өтпес, суға батпас сипат беріп,  
Кеңес қып кеткені ғой даласына.

Кеңесін аяқтады Кенжеқара,  
Толқытып таң шұғыласын киіп қана.  
Шығыста ақша бұлттар алуан түспен,  
Тотының құйрығындай тарамдала.

Тоқсырып толықсыған сұлу шолпан,  
Кішірейіп, өңі қашып атқанда таң.  
Оранған көк торғынға ақ арудай,  
Алыстан көзін қысып жымыңдаған.

Кеткенде көкке сүңгіп өңге жұлдыз,

Жалғыз сол күнді күтіп тұрып қалған.  
Айдыңға төгілгенде таң шапағы,  
Алуан түс көз қытықтап құлпырады.

Толқындар таудай болып үйірілсе,  
Ойын сап алабұға айдындағы.  
Жарысып катерменен жарқ-жұрқ етіп,  
Балықтар сауық құрып сайрандады.

Жартастың дәл түбінен шықты катер,  
Манаурап малы оралып аралдағы ел.  
Жадырап көтерілген көл буына,  
Бөленіп күміс шықпен тершіген жер.

Балбырап жасыл шықпен жайқалады,  
Ескенде қоңыр самал айдыннан жел.  
Алуан құс алуан түрмен ән сызылтып,  
Күй төгіп көмейінен жүз құбылтып.  
Басталар сан нақышпен симфония,  
Келеді құйқылжыса уілдетіп.

Үйрек, қаз сұңқылдаса, айдында аққу,  
Жер сабап сусылдайды сылдырап су.  
Колхоздың төрт түлігі таңмен өріп,  
Қуанып алтын таңға көтерген шу.

Аралдың әсем тоғай гүлдерінде,  
Өмірдің шаттық лебі үндерінде.  
Сызылтып тәтті сазын бұлбұл, торғай,  
Нұрына таңның шырлап жүзгеніне.



Сап түзеп командамен сауыт киген,  
Сатырлап қару-жарақ бойына ілген.  
Қайықты қатар мініп түсті суға,  
Батырлар сүзгіні алып қайыққа үйген.

Бәріне жас Жәнібек команданы,  
Бергенде саңқылдайды айбынды үні.  
Аралдың осы өмірін қоштағандай,  
Алыстан тағы естілед завод күйі.

Балқашпен мыс қайнатып Қоңыраттан,  
Күніне шығаратын сан мың батпан.  
Ерлерге азық үшін ақ сазанды,  
Команда үйден шыққан көлден тартқан.

Тулатып алабұға, ақ қайранын,  
Туырылтып бұйра қазы ақ сазанын.  
Тартқанда Тасаралдан балықшылар,  
Аралап алар ерлер таңдағанын.

Балқаштың аты шулы алып кенін,  
Кенелтіп керек азық, аспен елін.  
Тасарал азық жиған қоймасындай,  
Балықтың бал татыған еттерінің.

Тасарал тамаша, әсем, кең жазира,  
Балқашта бұл бром, мыс сан қазына.  
Ашылған әсем өмір сарайының,  
Ұқсайды судан салған су бағына.

Өсірген ел байлығын, жер байлығын,  
Тамаша тапқан талай кен байлығын.  
Дәуірінде толықсыған гүлстан боп,  
Тасарал құлпырады міне бүгін.

### **Түсініктемелер:**

«Тырнақалды» – алғашқы олжа деген сөз.  
«Ақ лақ» – жылқы аты.  
«Жақ» – садақтың түрі.  
«Шойыр» – шойнақ, ақсақ деген мағынада келген.  
«Үптеу» – тонау деген мағынада айтылады.  
«Қату» – қаһарлы, ызалы, ашулы деген сөз.  
«Аяқтау» – кешу, кешіп өту деген сөз.

## **ТАСАРАЛДЫҚ ӘУЕЗҚОЙ АҚЫН-САЗГЕР КӨБЕН БЕКМАҒАМБЕТОВТЫҢ ӘНДЕРІ**

Аяулы ауылым Тасарал

Сақтаған елін жұт, шерден,  
Халқына береке-құт берген.  
Ертеде ерлер жайлауға,  
Тасарал сені құп көрген.

### **Қайырмасы:**

Бабалардан бата алған,  
Ағыбай жері аталған.  
Таңым боп атқан,  
Шапағын шашқан,

Құшағын ашқан – Тасарал.

Ақжартас, Ағалық, Ескі алаң,  
Бәрі де сенің айналаң.  
Аялап бізді өрбіткен,  
Қасиетіңнен айналам.

**Қайырмасы:**

Бабалардан бата алған,  
Ағыбай жері аталған.  
Жастық шақ жырым,  
Маххабат сырым.  
Назым мен мұңым –Тасарал.

Айдынды шалқар мекенім,  
Өзіңді мақтан етемін.  
Алыстап кетсем біраз күн,  
Сағынып, аңсап жетемін.

**Қайырмасы:**

Бабалардан бата алған,  
Ақжолтай елі аталған.  
Әкемнің демі,  
Анамның лебі,  
Жанымның емі – Тасарал.  
Аяулы ауылым Тасарал.  
Ауылымның оты өшпесін

Ерлікпен бастан өткізген,  
Тағдырдың талай дауылын.  
Ұрпағын өрге жеткізген,  
Армысың, асқар ауылым.

Қатпары көп тарихтың,  
Сен де бір өшпес көзісің.  
Мекендеп кеткен халықтың,  
Аманат айтқан сөзісің.

Ұмытылмас із қалған,  
Қасіретті сол тұстардан.  
Ашаршылық ызғардан,  
Еліңді аман құтқарған.  
Кезіккен тағы белеңнен,  
Жазмыштың даяр қойғаны.  
Түнеріп түсті төбеңнен,  
37-нің ойраны.

Аттандырып айқасқа,  
Азамат – асыл қауымын.  
фашисті қырығын шайқаста,  
Жайратқан да сен, ауылым.

Қыспақтан шығып халқыңа,  
Арайлы таңын атырдың.  
Жарасып тұрдың қалпына,  
Жиырмасыншы ғасырдың.

Шығарып шыңға атыңды,

Еңбекпен даңққа бөлендің.  
Өсіріп сазгер, ақынды,  
Ордасы болдың өнердің.

Өзіңнен алды бастауын,  
Ұстаз да, дәрігер, ғалым да.  
Жемістен жатыр жас қауым,  
Әлі де сенің бағында.

Бүгінде келіп кездессе,  
Нарықтың қатал талабы.  
Бірігіп жұртым елдессе,  
Бұл да бір із боп қалады.

Сағынған кезде түстерден,  
Әсем көркіңді көремін.  
Бабаларға күш берген,  
Қүдіретіңе сенемін.

Мен үшін саған тең келмес,  
Москва, Париж, Астанаң.  
Қасиетіңнен өзгермес,  
Өзіңмен ғана мақтанам.

Алтын ұя – бақ тұрақ,  
Жасарып қайта көктесін.  
Алауы мәңгі жарқырап,  
Ауылымның оты өшпесін.

Тасарал – ата мекенім

Аталар құрып өткен өз тұрмысын,  
Дүниенің таңғажайып бір бұрышы,  
Дарияның ортасында дара тұрған  
Тас-Арал табиғаттың ескерткіші.

**Қайырмасы:**

Тасарал ата мекенім,  
Атағың алысқа жетеді.  
Еңбекшіл ұрпақ өсірген,  
Мен сені мақтан етемін.

Жайлаған жағалауын көлдің елім,  
Тасарал кіндік кесіп туған жерім.  
Ауылымның қайда жүрсем сағынамын,  
Сипайтын маңдайымнан самал желін.

**Қайырмасы:**

Еңбектің үздік шығып жарысында,  
Бөленген халқымыздың алғысына.  
Теңізді бағындырған батырларым,  
Қуанам балықшымның табысына.

**Қайырмасы:**

Ауылым көк жиектен көз тартады,

Жайылған әрқашан кең дастарханы.  
Көркейіп, дәулеттенген Тасаралым,  
Ұл-қызың өзіңе арнап ән айтады.

**Қайырмасы:**

## **ТАСАРАЛДЫҚ ӘУЕЗҚОЙ САЗГЕР НАУРЫЗБАЙ БЕЙСЕКЕЕВТІҢ ӘНДЕРІ**

### **Көк толқын**

Сөзі: Мейрам Аймағамбетовтікі

Әні: Н. Бейсекеевтікі

Ыстық-ау жердегі бір тасың сенің,  
Мерейің неге бізге басым сенің.  
Тасарал ата-бабам мекенісің,  
Талайға куә осынау асыл көлім.

**Қайырмасы:**

Көк толқын тербетілер көлбетінде,  
Барма көл Балқашымдай жер бетінде.  
Сан сырда сақтап жатыр тұңғиықта,  
Жоғалмай жата берші сол бетінде.

Шағала, аққу, қаздар ән салады,  
Сезімін көлге деген жар салады.  
Жағанда ұрпақтарың-тебіреніп,

Бас иіп құдіретіңе табынады.

**Қайырмасы:**

Тұрсаң да елден оқшау дара жерде,  
Балығың байлығың боп тарады елге.  
Жақсылар Тасаралдан шыққан талай,  
Ақ адал еңбегімен аян елге.

**Қайырмасы:**

Ақ әже

*Сөзі: Жұмағұл Шөженовтікі*

*Әні: Наурызбай Бейсекеевтікі*

Арнаған бар мейірімін балаларға,  
Өзің бізге қамқоршы да, пана да.  
Ақ сүт беріп, аялаған әлпештеп,  
Өмір бойы қарыздармыз жан ана.

**Қайырмасы:**

Айналайын, асыл әже, ақ әже,  
Алтын діңгек, құт-береке, бақ әже.  
Ақ жол тілеп ел-жұртына ақ әже,  
Ақ батаңды ұрпағына бер әже.



Жасқауына жылдардың жасымаған,  
Жақсылықтың жылуын шашқан анам.  
Бар әлемге арнаған махаббатын,  
Тәңірімдей тағзым етем, асыл анам.

**Қайырмасы:**

Ақ батасын алып, әулие атамыздың,  
Ақжолтай еліне әже атандыңыз.  
Құт-бағы болып, киелі аулымыздың,  
Бақытты өмір сүріп, жүз жасаңыз.

**Қайырмасы:**

**Тасарал вальсі**

*Сөзі: Жұмағұл Шөженовтікі*

*Әні: Наурызбай Бейсекеевтікі*

Тулайды асау толқындары,  
Қалықтайды ақ шағала.  
Көкте ойнаған құстың әні,  
Сылдырлаған судың сәні.  
Самал желі дертке дәрі,  
Табиғаттың сыйы бәрі.

**Қайырмасы:**

Ару Балқаш жағасында,

Алтын ұя туған жерім.  
Ақжолтай елі атанған,  
Киелі Тасаралым.

Арбап кетті тұла бойды,  
Сиқырлы әуен қилы-қилы.  
Көлде ойнаған аққу биі.  
Жаздың әсем шаттық күйі,  
Жер мен көктің барлық сыйы,  
Тасаралым саған сиды.

### **Қайырмасы:**

Ару Балқаш жағасында,  
Алтын ұя туған жерім.  
Ағыбай жері атанған,  
Аяулы Тасаралым.

Жау жүрек, білімді ұлдары бар,  
Сымбатты сұлу қыздары бар.  
Жастық шақ пен махаббат та,  
Құт-береке, бірлігі бар.  
Татулық, сән- салтанат та,  
Тасаралымнан табылар.

### **Қайырмасы:**

Ару Балқаш жағасында,  
Алтын ұя туған жерім.

Ата-баба батасымен,  
Жайнай бер Тасаралым.  
(Ақжолтай елі атанған,  
Киелі Тасаралым).

### **Арман қала Астана**

*Сөзі: Жұмагұл Шөженөвтікі*

*Әні: Наурызбай Бейсекеевтікі*

1. Есіл бойын орын тепкен өр қала,  
Сәніменен көрінесің сен дала.  
Сарыарқам, қасиетті, алтын қоныс,  
Күн де саған төгіледі нұрлана.

#### **Қайырмасы:**

Астана жүрегімсің

Мерейің көтерілсін.

{	Гүлді Астана а-а-а	
	Нұрлы Астана	2 рет
	Сырлы Астана.	

2. Ар жарқын қауым, тату ұлт,  
Ардақты киелі жер, асыл жұрт.  
Біз ұрпақтар ел мекені өзіңдей,  
Бақыт тауып айбынына бас идік.

#### **Қайырмасы:**

3. Ұлт достығы бұзылмаған қаймағы,  
Ұлы мекен өнегелі жайдарлы.  
Асыл қалам құтты болсын мерекең,  
Самға көкке қанатыңды жай дағы.

**Қайырмасы:**

**Ағжаным**

*Сөзі: Жұмагүл Шәженовтікі*

*Әні: Наурызбай Бейсекеевтікі*

Құтты болсын туған күнің,  
Қанаттарың талмасын.  
Өмірдегі ауыр жүктер,  
Саған жете алмасын.

**Қайырмасы:**

Ай-керімім, ақ қызым,  
Айым болып тудың сен.  
Қуанышым, арай жүз,  
Күнім болып тудың сен.

**II**

Таудай сенің талабынды,  
Періштелер қолдасын.  
Орындалып армандарың,

Биікке жетші боташым.

**Кайырмасы:**

**III**

Көк аспанда күнің тұрсын,  
Биіктерге ұмтылсын.  
Қуаныштың бесігінде,  
Қыр гүліндей құлпырсын!

**IV**

Әрқашанда Аллам қолдап,  
Бағың жансын жан қызым.  
Қызғалдақтай құлпыра бер  
Аяулым-ау, Ағжаным!

**Кайырмасы:**

**Досым Жұмағұлға (Чапай)**

Азан шақырып Жұмағұл Шөжентегі,  
Жастайыңнан атадық Чапай сені.  
Едірейген мұрт, кең маңдайың,  
Чапайдан айнымайтын кәдігімгі.

Жігіт кезде алаңғасар ерке едік,  
Жұмағұлды ұмытып Чапай дедік.  
Үстіндегі формамен жүрген кезде,

Біз сені кәдігімгі Чапай - дедік.

Көп оқып, көкірегің заң кернеген,  
Білімдікті саралап көпті елеген.  
Адамдардың дағдырымен ойнамай,  
Сабырлықпен шештің жіптің күрмеуін.

Ағыбай тарихына жол салдың,  
Әруағына басты иіп қолға алдың.  
Талайлардың өңешіне тас болып,  
Талайлардың үміттерін жалғадың.

Сен көтердің ұлылардың істерін,  
Қаншама рет архивтерді шарладың.  
Шаң-шаң басқан ұлы тарих беттерін,  
Шаршамастан ақ қағазға жалғадың.

Ерінбей еңбек еттің халқың барда,  
Әруағы бабалардың қолдады-да.  
Сен жүрсің ұлы болып алты алаштың,  
Қырандай самғай берші, көк аспанда.

**Сапарғалы Медеубеков**

**Астана қаласының кітапханалар жүйесінің бас директоры.**

**Астана, 2014 жыл**

### Пайдаланған әдебиеттер мен мұрағаттық қорлардың тізімі:

1. Дулати М. Х. Тарихи-и-Рашиди. –Алматы, 1999.
2. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. -Алматы, 1995.
3. Артықбаев. Ж.О. Қазақстан тарихы. -Астана, 2000.
4. Көпеев М.Ж. Екі томдық. -Алматы, 1992.
5. Сүлейменов Р., Қасымбаев Ж. Кенесары көтерілісі, көне шындыққа жаңа көзқарас, //Қазақстан коммунисті, 1991.
6. Назарбаев Н. Қазақстан халқына үндеуі, //Ақиқат журналы, 2000. №1.
7. Зиманов С. Состояние и задачи разработки обычного права казахов //Проблемы казахского обычного права. -Алматы, 1989.
8. Бөкейхан Ә. Тандамалы шығармалар, -Алматы, 1995.
9. Уәлиханов Ш. Тандамалы шығармалар, -Алматы, 1985.
10. Ленин В. И. Тандамалы шығармалар, -Москва, 1971.
11. Витевский В. Н., Неплюев И. Н. Оренбургский край в прежнем составе до 1758 года. Т.1. -Казань, 1889-1892.
12. История государства и права Казахской ССР. Часть 1. -Алматы 1982.
13. История Казахской ССР. -Алматы, 1943.
14. Моисеев В.А. Сулейменов Р. Б. Из истории Казахстана XVIII века. -Алматы, 1988.
15. История Казахской ССР в древнейших времен до наших дней. -Алматы, 1979. т.3.
16. Есмамағанбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. -Алматы, 1994.
17. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана в конце XVIII и первой половине XIX в.в. -Алматы, 1960.
18. Коншин Н. Дала өлкесі тарихына арналған материалдар, 6-7 беттер. Семей облысының естелік кітапшасы. ІУ кітапша, 1900.
19. Костюрин В. Батыс Сібірді аралаганда. Омбы-Семей. Новое время, 1832, №2391
20. Материалы по историко-статистическому описанию Оренбургского каза-чьего войска. Вып. 1, -Оренбург, 1903.
21. Витевский В. Н., Неплюев И. И. и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Ист. Монография. Вып. 1-2, -Казань, 1889-1890.
22. Елагин А. С. Казактар қашан келген. //Қазақстан коммунисті, 1991.
23. Макашев А. И. Исторический обзор Туркестана. СПб., 1890.
24. Рябинин А. Материалы для географии и статистика России. Уральское казачье

войско, ч. 1-2, 1866.

25. Россия полное географическое описание нашего отечества. Т. 18.
26. Военно-статическое обозрение Российской империй. С. Петербург, 1848, Т. 14, ч. 3. стр. 99.
27. Статистическое описание Сибирского войска. С. Петербург, 1879.
28. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства, СПб, 1865.
29. Қазақстан коммунисі, 1991, №3.
30. Ақиқат, 1994, №2.
31. ҚРҒАӘИ, 31 бет, 1900 жыл, Титақов Түліктің - Абылаев Қасым, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай және басқалар жөнінде тарихи мәліметтер
32. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. -Алматы, 1994.
33. Есенберлин І. Көшпенділер. -Алматы, 1998.
34. Вяткин М. П.- Қазақ КСР тарихының очерктері. ОГИЗ, 1941.
35. Бартольд В. В. Қырғыздар (Тарихи очерк). -Фрунзе, 1927.
36. Солтынбаев Б. Қырғыз тарихының материалдары, ҚРҒА кітапханасының қолжазба қоры.
37. Степняк К. Сұлтан Кенесары Қасымов тарихына материалдар. -Ташкент, 1923.
38. Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздык. -Алматы, 1992.
39. Григорьев В. В., Веселовский Н. И., СПб, 1887.
40. Қазақ ҚССР тарихының материалдары. /1785-1828/, 1У том, 1940.
41. Середа Н. //Вестник Европы, Бунт Кенесары Касымова. Кн. VIII,серия Н. 1870.
42. Тынышпаев М. История казахского народа. -Алматы, 1993.
43. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, СПб., 1832.
44. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. —Алматы, 1994.
45. Бартольд В. История изучения Востока в Европе и России. -Москва, 1925.
46. Златкин И. Я. История Джунгарского ханства (1635-1758 г.г.). -Москва, 1983. //Ақиқат журналы. 1994, №66.
47. Усов Ф. Статистические описания сибирского казачьего войска, СПб, 1879.
48. Казахско-русские отношения в XVІІ-XVІІІ вв. -Алматы, 1961.
49. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. -Алматы, 1960 V. 2-6, оп. 1, д. 225, - 3-15.
50. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1, -Алматы, 1960.



51. Красовский М. Сібір қырғыздарының облысы, СПб, 1868
52. Ақжолтай Ағыбай батырдың 200 жылдық торқалы тойына арналған «Арқаның ардақты тұлғалары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. –Қарағанды, 2002.
53. Барон У-р. Отечественные записки, 1830, 42 бөлім.
54. Крафт И. И. Положение об управлении в степных областях. -Оренбург, 1899.//Ана тілі, 1992, 2 шілде.
55. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Т. 1. -Алматы, 1972.
56. Письма А. М. Панкратовой.// Вопросы истории, 1988, №11.
57. Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. –Алматы.
58. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған Ақжолтай Ағыбай батыр жинақ кітабы, Алматы, 2002, -583-585 б.б.
59. Середа Н. Н. Бунт киргизского султана Кенесары Касымова. // Вестник Европы, 1870. -№8
60. Жүністегі К. Қол бастаған Ағыбай батыр //Заман, №33, 07. 09. 2002.
61. Чормонов М. Казахские народные обычаи. - Караганда, 2000.
62. Үш пайғамбар. -Алматы, 1992.
63. История государства и права Казахской ССР . -Алматы , 1982.Часть 1.
64. Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары . -Алматы, 1996.
65. Марғұлан Ә. Х. Қасым ханның қасқа жолы // ҚСЭ. - Алматы, 1975.
66. Кенжалиев З. Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет (теориялық мәселелері, тарихи тағлымы). -Алматы, 1997.
67. Гродеков Н. И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области Юридический быт. -Ташкент, 1889 .
68. Зиманов С., Өсеров Н. «Жеті жарғы жайлы»// Проблемы казахского обычного права. -Алматы, 1989.
69. Бельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях со Средней Азией со времени кончины Абулхаир хана (1748-1765). -Уфа. 1853, выпуск 1 и 2.
70. Кенжалиев З.Ж. Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары. -Алматы, 1996.
71. Культелеев Т. М. Уголовное обычное право казахов. -Алматы, 1955.
72. Материалы по казахскому обычному праву. -Алматы, 1948.
73. Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. -Москва, 1986.
74. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі.// Абай журналы, 1989,


№12.

75. Радлов В.В. образцы народной литературы Северных тюрских племен. Казахские наречия С.-П.1970.
76. Мелиоранский М.П. Краткая грамматика казах-киргизского языка. СБ. 1894. Ч. 1.
77. Малов С.Е. К истории казахского языка. ИЗВ. АН КазССР, 1941 вып.3.
78. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. // Жалын, 1979.
79. Адамбаев Б. Жарқынбекова Т. Ел аузынан: шешендік сөздер, акындық толғамдар, аңыз әңгімелер. -Алматы, 1985.
80. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. в 5 томах, Т.1, 1962.
81. Көпейұлы М. Ж. Абылай хан дәуірі // Абылай хан. -Алматы, 1993.
82. Назарбаев Н. Тарих тағылымы. -Алматы, 1999.
83. Сұлтангазин Д. //Дала уалаяты газеті, №55. 1888.
84. Назарбаев Н. Қалың елім қазағым. -Алматы, 1997.
85. Құнанбаев А. -Алматы, 1961.
86. История государства и права Казахской ССР. -Алматы, 1982.
87. Зиманов С. Общественный строй казахов первой половине XIX века. -Алматы, 1958.
88. Абай, Қара сөз. -Семей, 2001.
89. Шахматов Г. және Броневский А. Орта Орда қырғыз-қайсақтарының егін егушілігі туралы ескертулер. //Земледельский журнал, №6, 1832.
90. Даль В. И. -Шығармалары, VIII том, СПб, 1884.
91. Жамбыл Омари. Қаздауысты Қазыбек. -Астана, 2000.
92. Бес ғасыр жырлайды. -Алматы, 1989.
93. Янушкевич А. Айтыс //Ақ Орда, 1992, № 1.//Қазақ әдебиеті газеті, № 50, 29 қазан, 1993.
94. Қазақ совет энциклопедиясы. -Алматы, 1991. Т. 2. // Қазақ әдебиеті, 1993, 29 қазан, №50.
95. Тілеке Ж. Шежіре. -Павлодар, 1995.
96. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. -Алматы, 1994.
97. Салғарин Қ. Хандар кестесі. -Алматы, 1992.
98. Зиманов С. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. -Алматы, 2008.
99. Зиманов С. Қазақтың ата заңдары. -Алматы, 2009.
100. Кенжеахметов С. Жеті қазына. -Алматы, 2007.

101. Попов Ю. Хасен Бижанов: Окружение дела и встречи. -Караганда, 2008.
  102. Насенов Б. Абыралы Сарыарқаның кіндігі. –Новосибирск, 2002.
  103. Байпаков К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және Ортағасырлық Қазақстан. – Алматы, 1992.
  104. Валиханов Э. Кенесары. Молодая гвардия. –Москва, 2004.
  105. Касымбаев Ж.К. Последний поход хана Кенесары и его гибель. –Алматы, 2007.
  106. История Каркаралы в документах и материалах. – Алматы, 2009.
  107. Қазақстан тарихы. -Алматы, 1998.
  108. Тараз мемлекеттік Педагогикалық институтының хабаршысы, 2011 жыл, № 6.
  - 109.Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова (Сборник документов). Составители Галиев В.З, Жанаев Б.Т. Алматы, 1996.
1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық архиві (ҚРМОА), 345 қор, 1 тізбе, 540 іс, 62 бума.
  2. ҚРМОА, 345 қор, 1 тізбе, 2121 іс, 62 бума.
  3. ҚРМОА, 338 қор, 1тізбе, 539 іс.
  4. ҚРТА, 320 қор, 1 тізбе, 182 іс, 124-125 парақтар.
  5. ҚРОММ, 374 қор, 1 тізбе, 2058 іс.
  6. Омбы облысының мемлекеттік архиві. 366 қор, 1 т, 34 іс, 2 п.
  7. ҚСРО, Ғылым академиясының архиві, Ш.Уалихановтың 23 қоры, 8 іс, 24 парақ.
  8. Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры, п. 139.
  9. ҚСРО, Ғылым академиясының архиві, Ш.Уалихановтың 23 қоры, 8 іс, 24 парақ.
  10. ҚРҒАӘИ-ның қолжазба қоры.Титаков Т., 1900.

## Фотобейнелер







**2009 жылдың қазан айында Санкт-Петербургтан келген Қазақ елін зерттеуші -Ю. Поповпен бірге болған сәт**



**Ауылым – алтын бесігім**







2008 жылдың тамыз айында туған ауылым - Тасаралда Балқаш көліне шомылу сәті.



Емдік қасиеті бар Екісөр көлі





**Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің жанындағы Сарыарқа археология институтының ғылыми қызметкерлері басқарған археологиялық экспедициясының Тасаралдағы тарихи қамалдарды зерттеу сәттері  
(2008-2012 жылдар)**





**1.Алтын салқыншақ**

**2.Алтын сырғалар**



3.Алтын үзбе



4.Тас құрбандық ыдысы



5. қорған



6.қорған





## **7. қорған**



**Темір ауыздық**



**Түрлі пішіндегі моншақтар**



**Ағыбай батыр күмбезінің жанындағы Сарыбұлақ өзенінің бойындағы таңбалы тастар (петроглифтер)**



**Ағыбай батыр күмбезінің жанындағы емдік қасиеті бар сырғанақ тастар**



**Ағыбай батыр күмбезінің жанындағы бірнеше шақырымға созылып жатқан Беласар асуындағы тас қорымдар**









**2012 жылдың тамыз айындағы Бақытбек досымның Әсет Найманбаев атасына арнап берілген астағы көріністер**





## Отбасы, туған-туыс, дос-жарандар













Мен, Шөженов Жұмағұл Нығметұлы, 1959 жылдың 15 қаңтарында Балқаш өңіріне белгілі Ағыбайдың Тасаралы атанған киелі жерде дүниеге келіппін.

1984 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің заң факультетін ойдағыдай бітірдім. Еңбек жолын Жезқазған Ішкі Істер басқармасының тергеушісінен бастадым. Бір жыл қызмет атқарған соң, Басқарма басшылары маған үлкен сенім білдіріп, сол кездегі



Приозерный (кейіннен Тоқырауын) ауданына тергеу бөлімшесінің бастығы етіп тағайындады. Сол жерде 10 жыл қызмет атқарып, 1995 жылы құрылған Мемлекеттік Тергеу Комитетінің осы аудан бойынша бастығы болып қызмет атқардым. Екі жылдан кейін Балқаш аймақтық Мемлекеттік Тергеу Комитетінің бастығы болып жұмыс атқардым. Осыдан кейін, Қарағанды гарнизоны бойынша әскери-тергеу басқармасының бастығы, Балқаш аймақтық салық полициясының

бастығы, Қарағанды облыстық қаржы полициясының бөлімі бастығы болып қызметтер атқардым. 2004 жылдың сәуір айынан бастап, Президенттің Жарлығымен Сәтбаев қаласының судьясы, 2006 жылдың 3 мамырында Ел басшының Жарлығымен Балқаш қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы, ал 2010 жылдың 26 ақпанында Ел Президенттің Жарлығымен Нұра аудандық сотының төрағасы, 2015 жылдың 18 ақпанында Ел басшының № 1004 Жарлығымен Жезқазған қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы болып тағайындалдым. Жезқазған қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының жабылуына байланысты, 2016 жылдың ақпан айынан бастап, Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы соттың судьясы болып қызмет атқарып жатырмын. Полковник шенім бар.

Жұбайымның аты Гүлнара. Ұлым – Данияр Бұқар жырау атындағы қазақ-түрік лицейінің түлегі. Қытайдың Шанхай Университетінің (Қытай) үздік бітіріп, қазіргі кезде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ қызметте. Данияр бес тілде, ал Астанадағы Назарбаев зияткерлік мектебін бітірген қызым - Ағжан бес тілде еркін сөйлеп, қазақ күйлерін шебер орындайды және бұл құбылыс, қатарлас азаматтардың көбіне үлгі боларлық жайт. Қазіргі уақытта Ағжан Шанхай (Қытай) Университетінің студенті.

Мен, өзім көп жыл бойы елімізден шыққан би-шешендер мен батырларды зерттеумен шұғылданып келемін.

Сөз өнерін игеріп, «Саржан-Кенесары-Наурызбай» бастаған, қазақ халқының бодандыққа қарсы ХІХ ғасырдың ортасында жүргізген ұлт-азаттық соғысының қаһарманы, кейінгі ұрпаққа батырлықтың бейнесі, символикасы ретінде жеткен Ақжолтай Ағыбай батыр туралы 2002 жылы «Ақжолтай Ағыбай батыр», 2009 жылы «Ақжолтай Ағыбай батырдың биліктері», 2010 жылы «Арғын-Қаракесек-Кәрсөн-Аралбай», ал 2014 жылы «Аңызға айналған ақиқат» деген деректі кітаптар жарық көрді. 2013 жылы жарық көрген Қарағанды облысы, Шет ауданының энциклопедиясының редакция алқасының мүшесі болдым. Одан басқа «Бегалы би», «Көпбай қажы», «Есберген болыс», «Боранкүл батыр», «Дарабоз күйші Әбікен Хасенов» «Дара жұлдыз - Шоқан», «Абайдың біз білмейтін қырлары» және Жоғарғы Соттың көп жыл бойы судьясы болған Кеңес Жексенбекұлы Жалмұханбетов туралы тарихи очерктердің де авторымын. Арқа өңірінен шыққан дуалы ауыз би-шешендер, сот-құқықтық саласындағы реформалар, сот жүйесіндегі түбегейлі проблемалар туралы тұрақты түрде газет-журналдарға мақалалар жариялап тұрамын. «ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Кенесары хандығының саяси құрылымы және Ақжолтай Ағыбай батырдың қазақ әскерін басқаруы мен жүргізген биліктерінің қазақ мемлекетін қалыптастырудағы саяси-құқықтық маңызы» атты зерттеу тақырыбына, 12.00.01. - мемлекет және құқық теориясы мен тарихы мамандығы бойынша заң ғылымдарының кандидаттығына ізденуші болып тіркелгем. Екі мақалам академик С. Зимановтың басқаруымен жарық көрген өте құнды, терең зерттелген, теңдесі жоқ, оң томдық ғылыми жинақ «Қазақтың ата заңдарының» ІХ-Х томдарына кірді. Қазақстан журналистер Одағының мүшесімін. Сот-құқықтық саласындағы проблемаларға арналған бірнеше ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, бірнеше баяндамалар жасадым.

Одан басқа, елімізге белгілі сазгер досым, әрі жерлесім Наурызбай Бейсекеевпен бірлесіп төрт ән жарыққа шықты. 2016 жылдың жазында, талантты әншілер – Мирас пен Құралайдың орындауындағы «Тасарал вальсі» әні бейнетаспаға (клип) түсіріліп, халық әнді өте жақсы қабылдады.